In 2015, the archaeologists of the Issyk Reserve-Museum opened a new monument - the Ornek burial ground, with its local peculiarity, both in the constructions of burials and in clothing material. According to the results of archaeological research, the following pattern was revealed. Almost all burials were carried out in cysts-underground funerary buildings (the grave pits of which were covered with medium-sized stones) oriented along the west-east line, sometimes with some deviations (Тулегенов, 2016, с.930-935). The buried people laid their heads to the west. The standard set of accompanying equipment included ceramic vessels in the majority of round-bottomed shape, offerings in the form of parts of animals (horses and rams), as well as jewelry (gold plaques, pierce), weapons (minting, arrowheads). A low mound of soil was erected above the graves. In most cases, in the profiles above it, a layer of yellow clay of a dusty structure is read, which, in all probability, has an inflatable or imported origin since. The territory of the cemetery was subjected to intensive reclamation for several years. For the most part, embankments do not show complexity in their internal structure, which is largely determined by their small size.

The second chain of mounds was a distinctive feature - they all had a pre-barred platform ring with a width of one meter and a half from light blue stone. Apparently, the stone was not of local origin, but was brought in

from the outside, in texture it differs from river pebbles from the channels near the lying rivers (Issyk, Turgen). The place of origin of the blue stone has not yet been clarified. From the inner part of the ring encircling the mound embankment, about half of the segment of the embankment stood masonry of the same blue stone. Thus, the ring could have a double meaning as a bypass corridor and as a crepe masonry shell.

The burial field of the burial ground consists of two chains (hereinafter referred to as PC – the first chain of two barrows and - the second chain of 14 barrows), oriented along the north-south axis. The first chain consists of two barrows, the second of fourteen. For four field seasons, nine barrows - 1, 2 PCs and 2-6, 8, 10 were investigated. The designs of the investigated mounds of several types, but judging by the clothing dating material, belong to the classical Saka period of the 5th-4th centuries BCE. All mounds have a rounded shape, those buried in them are oriented with their heads to the west with slight deviations. Nevertheless, there are serious differences that are associated with the status of the deceased and possibly with seasonal fluctuations in weather conditions. So the mounds 1, 2, and mound 10 of the were unpaved, without crepe and small size (up to 1 m), gravel pits were also not deep 0.6 - 0.8 m. All the others had a constructive-semantic element crepe and pre-barbed platform of blue stone. A similar color stone calibration for the construction of crepe and rings was noted at the Turgen burial ground, investigated in 2016 by the Archaeological Expertise.

The breadth of the platform is proportional to the size of the mounds from 1 to 1.5 m. The “shirt” of all stones and fortified covers 30-40% of the body of the soil embankment. Similar constructions with an incomplete covering with a stone carapace Segments of a phosphorous embankment were recorded by K. Akishev at the Kyzylauz III burial ground and date back to the 3rd c. BC. (Акишев, Кушаев, 1963, с.80). Meetings and during excavations at the Rakhat burial ground of 2017 of the same period. This indicates some continuity in the pursuit of the more ancient population of Zhetysu. However, it should be noted that some barrow structures have internal differences. For example, in two kurgans - 4.10 from underground burial chambers.

It should also be noted that the storage depth varies from 0.6 m in the 10 EC embankment to 3.4 m in the 8 EC embankment.

The deepening of the burial and the presence of filling the cyst with a laid stone (a backing) is presumably associated with the creation of an obstacle to the penetration of potential robbers, which already speaks of the value of the inventory and a special attitude to the deceased.

Two mounds are especially distinguished among the studied mounds, one of them 2 PCs had a second altar cyst with traces of cremation, the second (elitist) 2 CCs had an unusually large 4x6 m cyst and pair burial. Design features of the Orneka embankments include the presence of sand tracks in three of them 1, 2 PCs and 5 SS, the functional purpose of which is being studied (as an option, this is a formalized approach to burial in the rainy season or during the snow melts). The labor costs of washing and delivering sand, as well as the presence of silt beneath it, indicates a long time (a week or more) of the functioning of the passage, which indicates a temporary gap between the creation of the burial chamber and the embankment of the mound. For five field seasons, interesting material was collected at Ornek cemetery not only in the form of artifacts, but also in the design of the mounds and their funerary architecture. This information is awaiting its scientific commentary and analysis. Thus, we can draw a conclusion about the local originality of this burial ground, which is primarily associated with special funerary traditions, the origins of which have yet to be studied, as well as with the local specifics of the available material for the burial ceremony.

Analysis of material material found during archaeological research at the Ornek burial ground.

In cabinet-laboratory conditions, work was carried out on the systematization and comparative analysis of all types of ceramics discovered at the Ornek burial ground (20 items) in previous field seasons (Тулегенов, Чекин, Султаниярова, 2019, с.131-138). So it became obvious typological similarity with ceramics of archaeological sites of the Saka period - the burial grounds of Shubarat and Molaly. The conclusion about the existence of ceramic workshops that provided dishes throughout the region suggests itself. However, there are products that are unique in their form - an “amphora-shaped” jug and a jug with a high bell-shaped triangular shape, which occurs only once in the report of A.G. Maximova for 1957.

Examining the shapes of narrow-necked jugs, as well as bowls, we come to the conclusion that the main method of making them was not extruding from a single piece of clay, but rather, on the contrary, the clay blank was worn on a template, and then a whisk was formed. This is evidenced by the frequent thickening in the middle section of narrow-necked vessels, which were collected from two parts, and a rather frequent phenomenon when the corolla is littered with the horizon line i.e. when assembling the jug, the upper part led and the docking did not go smoothly. Such a simplification of the manufacture of ceramic vessels made it possible to put their production on stream and significantly increase the number of manufactured products.

It is likely that the population was familiar with the technological traditions of the manufacture of ceramic vessels in other areas where pottery has deeper progressive roots. Some types of ceramics find parallels in the

early nomadic Zhetysu burials. This is, first of all, semicircular circles with loop-shaped handles, pots with a smooth transition of the body to the neck and a rounded corolla, pans, bowls in the form of a segment sphere. In the Saka-Usun monuments of the region (Karatum, Alatau, K. Issyk), finds of easel vessels of red glossing, as well as covered with engobe, are known. Also, during the study of the Ornek burial mound over the years, weapons were found (minting, arrowheads). New findings of weapons significantly expand our understanding of the composition and characteristics of the weapons complex of the ancient population of Zhetysu in the developed Saka period (V first half of the II century BC). In addition, new data on weapons make it possible to reconstruct the features of the social structure of Saka society, since the relationship between the tradition of placing various types of weapons in burial complexes of various sizes becomes more and more obvious. So, most often representative sets of weapons are dedicated specifically to medium and large burial mounds, which can be correlated with the soldiers of the squads and the aristocracy. While in ordinary burials in small mounds, weapons are sporadic (Нурмуханбетов, Трифонов, 2016, с.10-19; Тулегенов, Иванов, 2016, с.150-155).

References

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Культура саков долины р. Или VII-IV вв. до н.э. // Древняя культура саков и усуней реки Или. Алма-Ата: Академия наук КазССР, 1963. 300 с.

Нурмуханбетов Б.Н., Трифонов Ю.И. Курганные могильники Шубарат и Молалы // Саки и савроматы Казахских степей: контакт культур. Алматы, 2016. С. 10-19.

Тулегенов Т.Ж. Охранно-спасательные работы на курганном могильнике Орнек (итоги полевого сезона 2015 г.) // МИР БОЛЬШОГО АЛТАЯ. 2016. № 4. Т.2. С. 930-935.

Тулегенов Т.Ж., Иванов С.С. Новые находки предметов вооружения сакского времени из могильника Орнек (Семиречья) // Материалы V Международной научн. конф. «Кадырбаевские чтения-2016». Актөбе, 2016. С. 150 - 155.

Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г., Султаниярова А.Ж. Атрибуция и культурная интерпретация коллекции керамики сакской эпохи из фондов Государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык» // Вестник КазНУ. 2019. № 4(95). С. 131-138.

Тулегенов Т.Ж., Құрбанәлі Ж.

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖЕТІСУ САҚТАРЫНЫҢ ЖЕРЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ӨРНЕК ҚОРЫМЫ НЕГІЗІНДЕ

Өрнек қорымына жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша бірнеше заңдылықтар анықталды. Жерлеу рәсімдерінің барлығы дерлік жер асты жерлеу құрылысының цистасымен (қабір шұңқырларының қабырғалары орташа көлемді тастармен) Б-Ш бағыты бойымен қаланып, кейде кейбір ауытқулармен жүргізілген. Марқұмдардың бастарын батысқа қаратып жерлеп, қабірлердің үсті аласа топырақ үйінділерімен жабылған. Көп жағдайда, қабірдің үстіндегі үйінділерден байқалатын шаңды құрылымы бар сары сазды қабаты сырттан тасмалданса керек. Өйткені қорғанның территориясы бірнеше жыл бойы мелиорацияланып, қарқынды қалпына келтіріліп отырғаны байқалады. Топырақ үйінділерінің ішкі құрылымы айтарлықтай күрделі болмағандығын олардың шағын көлемінен анықтауға болады.


Б.С. Сиздиқов¹, К.М. Жетібәев¹, М. Гурсой¹, М.М. Бахтыбаев²

¹ Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан. E-mail: bakash22@mail.ru

² әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: melsb@mail.ru

МЫҢТӨБЕ ҚОРЫМЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Мыңтөбе қорымы Сырдария өзенінің ортаңғы ағысының оң жақ беткейінде, Келес өзенінің Сырдарияға құяр тұсында орналасқан. Мыңтөбе қорымының географиялық координаты: N 41.013238, E 68.626213, теңіз деңгейінен биіктігі – 285 м. Оңтүстік батыс – солтүстік шығыс бағытында 2 км созылып жатқан қорымда шашыраңқы түрде 646 оба орналасқан. Обалардың диаметрі 6 – 33 м, биіктіктері 0,65-4,30 м болып келуде. Қорымның шығысында ежелгі Қаратөбе, Қауыншытепе, Жуантөбе, Ақтепе және Шаш қалажұрттары, ал солтүстік батысында болса Күлтөбе, Үтіртөбе, Ақтөбе, Шаушықұмтөбе және Шардара қалажұрттары орналасқан. Аймақта Сырдария өзеніне құятын суы мол Құркелес, Келес, Шыршық және Ангрен өзендері орналасқандықтан, аймақ Орталық Азияның суы мол аймақтарының бірі болып табылуды (1-сурет). Жоғарыда аталған өзендердің бойында орналасқан қалалар мен үлкен көлемді қорымдарға қарай отырып, аймақта көшпелі және отырықшы тайпалардың ежелгі дәуірден бастап өмір сүргендігін көруге болады. Себебі Сырдария алқаба, Орталық Азиядағы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықтармен отырықшы егін шаруашылығымен айналысқан халықтардың арасындағы табиғи шекара болып табылуды.



Сурет 1. Мыңтөбе қорымының географиялық орналасуы

Аймақта өмір сүрген ежелгі тайпалардың бірі қаңлылар, б.з.б. II – б.з. V ғасырларда оңтүстікте Ферғана аймағынан, солтүстікте Сырдарияның төменгі ағысына дейінгі, ал шығыста Қаратау беткейлерінен Талас өзеніне дейінгі аралықта мемлекеттік дәрежеде билік құрып, қаңлы мәдениетін қалыптастырады (Бичурин, 1950, с. 149-151; Байпақов, Таймағамбетов, 2009, с. 160-163). Сыр өңірін жылдар бойы зеріттеген Г.В. Григорьев, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, Л.М. Левина секілді ғалымдар қаңлы мәдениетін аймақтық ерекшеліктеріне қарай үш мәдениетке бөліп қарастырды. Бұл мәдениеттер, алғашқы ауқымды зерттеулер жүргізілген орталықтардың атымен Жетасар, Отырар-Қаратау, Қауыншы мәдениеттері деген атауға ие болды (Байпақов, Таймағамбетов, 2009, с.208-230).

Жетасар мәдениетінің ескерткіштері Арал теңізінің шығысында, Сырдарияның төменгі ағысындағы Қуандария, Жанадария өзендерінің аңғарларында орналасқан (Левина, 1971, с. 10). 1948-1951 жылдары С.П. Толстовтың басшылығындағы Хорезм археологиялық – этнографиялық экспедициясының көп жылдық зерттеулерінің нәтижесінде Жетасар мәдениетінің ескерткіштері толымды деңгейде зеріттеліп, Жетасар мәдениеті жайында бірнеше еңбектері жарыққа шықты (Байпақов, Таймағамбетов, 2009, с.223). Отырар-Қаратау мәдениетіне келер болсақ, бұл мәдениетке жататын ескерткіштер Сырдарияның ортаңғы ағысы, Қаратаудың оңтүстік – солтүстік беткейлері мен Талас, Арыс, Бөген өзендерінің аңғарларында орналасқан. 1948-1952 жылдары А.Н. Бернштамның басшылығындағы

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының зерттеулерінің нәтижесінде Отырар-Қаратау мәдениетінің өзіндік ерекшелігі анықталып, ғылыми айналымға енгізіледі (Агеева, Пацевич, 1958, с.19-60; Левина, 1971, с.193-224; Байпаков, Таймағамбетов, 2009, с.208-219). Ал, Қауыншы мәдениетіне жататын ескерткіштер болса, Сырдарияның ортаңғы ағысы, Құркелес, Келес, Шыршық және Ангрен өзендерінің аңғарларында, яғни Ташкент оазисінде орналасқан. 1934-1938 жылдары Г.В. Григорьев басшылығындағы Янгиюль археологиялық экспедициясының көп жылдық зерттеулерінің нәтижесінде Ташкент оазисіндегі қаңлы мәдениетінің аймақтық ерекшелігі анықталып, оған «Қауыншы мәдениеті» деген атау берілді (Левина, 1971, с. 90-91; Байпаков, Таймағамбетов, 2009, с.220). Жоғарыда аталған үш мәдениеттің ескерткіштерінен табылған археологиялық жәдігерлерден, қаңлы тайпаларының мемлекеттік дәрежеде билік құрған кезеңі б.з.б. II – б.з. V ғасырлар аралығына жататындығы анықталды (Левина, 1971, с.5-242; Байпаков, Таймағамбетов, 2009, с.208-230).

Жоғарыда аталған қаңлы тайпаларының өмір сүрген аймақтарының ішіндегі Құркелес және Келес өзендерінің аңғарларындағы ескерткіштер өте аз зеріттелген. Ос себепті біз 2017 жылы Келес өзені бойындағы Мыңтөбе қорымын кешенді түрде зерттеуді жөн санадық.

Мыңтөбе қорымның Сырдарияның ортаңғы ағысының оң жақ беткейінде орналасуыны байланысты қорымның зерттелу тарихы Сырдарияның ортаңғы ағысындағы ежелгі Шаш қалажұрты мен ортағасырлық Шардара қалажұртының аралығында жүргізілген зерттеулермен бірге қарастыруды жөн санадық. Аймақтағы тарихи ескерткіштер жайлы алғашқы зерттеулерді XIX ғасырдың соңында Ресей Патшалығының Оралық Азияға жіберген саяхатшыларының еңбектерінен кездестіруге болады. 1884 жылы аймаққа саяқат жасаған өлкетанушы, географ А.П. Федченко өзінің «Заметки о степи Кызыл-Кум» атты мақаласында Сырдарияның сол жақ беткейіндегі суландыру жүйесінің іздері, Шардара, Сүткент, Байыркүм қалажұрттары мен Сырдарияның ортаңғы ағысында орналасқан қорымдар жайында мағлұмат береді (Федченко, 1916, с.242). 1880 жылдардың соңы мен 1890 жылдардың басында әуесқой өлкетанушы Е.Т. Смирнов, Сырдарияның ортаңғы ағыстарында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, аймақтағы үлкенді кішілі өзендердің бойындағы қоныстар мен қорымдар жайында мағлұмат бере отырып өз баяндамасында «аймақтағы төбелер мен төбешіктерді қандай тайпалар, не мақсатта тұрғызды және бұл төбелер мен төбешіктер қай уақытқа жатады» деп сұрақ қояды. Сонымен қатар Е.Т. Смирнов Ташкент маңындағы Ниязбаш елді мекенінің тұрғындары төбешіктерді тегістеу барысында бір төбешіктен адам сүйектерімен бірге қыш құмыраларды тапқандығы жөнінде мағлұмат береді (Смирнов, 1896, с.7-17).


Аймақта алғашқы археологиялық қазба жұмыстарды 1895 жылы Ташкентте құрылған Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері жүргізді (Открытие Туркестанского Кружка любителей археологии, 1895, с.4-5). Үйірме мүшелері Сырдарияның ортаңғы ағыстарындағы ежелгі қалажұрттарды, қоныстарды және қорымдарды есепке алып сипаттады, сонымен қатыр бірқатар ескерткіштерде қазба жұмыстарын жүргізді. Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің мүшесі әуесқой өлкетанушы Н.П. Остроумов алғашқы болып Ташкент маңындағы бірнеше обада және Жуантепе, Таяқсалды, Шаштепе қалажұрттарында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде қалажұрттар мен обалардың архитектурасы жайында тың материалдар жинайды (Остроумов, 1899, с.118-137; Остроумов, 1906, с.32-44). Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің мүшесі А.О. Руднев болса, 1899 жылы Сырдарияның ортаңғы ағысында барлау жұмыстарын жүргізіп, 11 ежелгі қалажұрттың орнын анықтап, олардың сол уақыттағы күйін сипаттайды (Руднев, 1900, с.57-62). 1914 жылы В.Ф. Караваев болса аймақта жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Сырдарияның ортаңғы ағысындағы үлкенді кішілі өзендердің бойында өмір сүрген тайпалардың егін шаруашылығымен айналысқандығын анықтай келе, аймақта көшпелі және отырықшы тайпалардың өмір сүргендігін баяндады (Караваев, 1914, с.8-10). Осылайшы Ресей Патшалығы тұсында аймақта зерттеу жұмыстарын жүргізген саяхатшылар мен өлкетанушылардың зерттеулерінің нәтижесінде аймақтағы ескерткіштер археологтардың назарын аудара бастады.

Аймақтағы археологиялық зерттеулер 1930 жылдардан бастап жүйелі түрде жүргізіле бастады. 1934-1938 жылдары Г.В. Григорьев басшылығындағы Янгиюль Археологиялық Экспедициясы ежелгі Қаунчи-Тева, Алимбай-Тева, Шурали-Сай, т.б. қалажұрттарында және Қаунчи-Тева қорымында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді (Григорьев, 1935, с.3-42; Григорьев, 1940, с.2-40; Григорьев, 1940, с.3-39 б; Григорьев, 1945, с.47-67). Г.В. Григорьевтің ежелгі Қаунчи-Тева қалажұрты мен оның маңындағы қорымда жүргізген археологиялық зерттеулерінің нәтижесінде, Сырдарияның ортаңғы ағысындағы, соның ішінде Ташкент оазисіндегі қаңлы мәдениетінің өзіндік ерекшелігі анықталып, оған «Қауыншы мәдениеті» деген атау берілді (Байпаков, Таймағамбетов, 2009, с.220).

1948-1952 жылдары А.Н. Бернштамның басшылығындағы Оңтүстік Қазақстан Археологиялық Экспедициясының мүшелері Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің аймақта жүргізген археологиялық зерттеу

жұмыстарының нәтижесінде, Сырдарияның ортаңғы ағысында, Келес өзені бойында орналасқан бірнеше ежелгі қалажұрттар мен қорымдардың орны анықталды. Сонымен қатар жоғарыда аты аталған ғалымдар аймақта орналасқан Ақтөбе, Шәушіқұм қалажұрттары мен Мыңтөбе (бұл қорым ортағасырлық Шардара қаласының оңтүстік батысында 4 км қашықтықта орналасқан.), Узун-Ата қорымдарында археологиялық қазба жұмыстар жүргізіп, ескерткіштердің хронологиясы анықтады (Агеева, Пацевич, 1958, с.19-60; Агеева, 1958, с.97-100).

1958-1962 жылы А.Г. Максимова басшылығындағы Шардара Археологиялық Эспедициясының мүшелері М.С. Мершиев, Б.И. Вайнберг, Л.М. Левина, А.А. Чариков, Ф.Х. Арсланова Сырдарияның ортаңғы ағысында, Келес және Құркелес өзендері бойында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, бірнеше ежелгі қалажұрттар мен қорымдардың орнын анықтады. Мыңтөбе қорымы туралы алғашқы мәлімет осы зерттеулердің нәтижесінде кездеседі, сонымен қатар қорымның орны картады көрсетіледі (Карта 1). Жоғарыда аты аталған ғалымдар аймақта орналасқан Ақтөбе I-II, Шәушіқұм қалажұрттарында және Жаман-Тоғай, Ақтөбе, Шәушіқұм, Төребай-Тұмсық, Шардара қорымдарында археологиялық қазба жұмыстар жүргізіп, ескерткіштердің хронологиясы, архитектурасын, қандай мәдениетке жататындығын анықтайды (Максимова, 1958, с.1-55; Максимова, 1959, с.1-35; Чариков, 1959, с.1-88; Максимова, 1960, с.1-18; Максимова, 1960, с.1-39; Арсланова, 1960, с.1-42; Мершиев, 1960, с.1-7; Максимова, 1961, с.1-60; Максимова, 1962, с.1-30; Мершиев, 1960, с.1-18; Мершиев, 1962, с.1-48; Мершиев, 1965, с.66-80; Максимова, 1968, с.1-252).



Сурет 2. Күлтөбе қалажұртының әуеден көрінісі



Сурет 3. Мыңтөбе қорымының әуеден көрінісі

Осылайшы археологтардың назарын аударып бастаған қорымда 1982 жылы Н.П. Подушкин археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, қорымды жартылай жобаға түсіреді, сонымен қатар қорымның орнын картада көрсете отырып жер бетіндегі материалдар бойынша қорымды б.з.б. I – б.з. V ғасырларға жатқызады (Свод памятников истории, 1994, с. 223-224). 2016-2017 жылдары болса А.Н. Подушкин Мыңтөбе қорымындағы екі обода археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, Келес өзенінің төменгі ағысында орналасқан Күлтөбе қалажұртында 2017 жылы т.ғ.д., профессор М. Елеуов және т.ғ.к., доцент Д. Тәлеев басшылығында Тұран археологиялық экспедициясы зерттеу жұмысын жүргізе отырып, аталмыш қалажұрттың қаңлы мәдениетіне жататындығын анықтады (2-сурет).

Маусымдық далалық археологиялық зерттеу жұмыстардың барысында қорымның жобасы сызылып, обалардың саны мен көлемдері анықталды. Сонымен қатар қорымдағы обалардың хронологиясын және құрлымын анықтау мақсатында үш обода археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді (3-сурет).


Қазба салынған обалар шартты түрде №1, №2 және №3 обалар болып белгіленді. Қазба салынған №1 обаның диаметрі 22,70 м, биіктігі 4 м. Обаны қазу барысында екі секторға бөліп қазу әдісі таңдалды. Қазба жұмыстары барысында солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа бағытталған ені 1 м жал қалдырылды. Жалдың оңтүстік бөлігі «А» жартысы, солтүстік бөлігі «Б» жартысы болып белгіленді. Қазба алдымен «Б» жартысында жүргізіле бастады. Қазба жұмыстары барысында 50 см тереңдіктен кесек бөліктері анықтала бастады. «Б» жартысында жүргізілген тазалау жұмыстарының нәтижесінде кесектен қаланған шеңбер пішінді құрлыстың ізі анықтала бастады. Осылайша шеңбер пішіміндегі құрлыстың жиегін бойлай тазалау жұмыстарын жүргізе отырып, құрлыстың солтүстік батысқа қарай жалғасқан көлемі 4x3 м болып келетін кесектен қаланған бөлігі анықтала бастады. Қазба жұмыстары барысында, обаның орта нүктесінен шығысқа қарай 2,10 м, солтүстікке қарай 1,18 м қашықтықтан, обаның ең биік түктесінен 0,25 м тереңдіктер керамика сынықтары анықтала бастады. Бұл керамика сынықтары 0,50 м тереңдікке дейін кездесіп отырды. Обаның ортасынан 0,50 м тереңдіктен тұтқалы құмыра анықтала бастады. Ал, обаның орта нүктесінен 0,85 м тереңдіктен болса көмір және күл қалдықтары анықталды. Сонымен қатар, обаның орта нүктесінен батысқа қарай 2,10 м, солтүстікке қарай 5,10 м қашықтықтан 2,40 м тереңдіктер керамика сынықтары анықталды. Тазалау жұмыстары 4 м дейін жалғасын тапты, нәтижесінде диаметрі шамамен 8 м болып келетін сағананың жартысы, солтүстік-батысқа бағытталған кіретін дәлізі толықтай ашылды. Осыдан кейін қазба «А» жартысында жалғасын тапты. «А» жартысында да тазалау жұмыстары 4 м дейін жалғасын тапты, нәтижесінде сағананың екінші жартысы толықтай ашылды (4-сурет).



Сурет 4. №1 обадан анықталған сағананың көрінісі

№1 обادا жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде диаметрі 8 м, биіктігі 1,95 см болып келетін екі камералы сағана анықталды. Сағананың төменгі бөлігінде топырақта жақсылап тығыздап, диаметрі 8 м, биіктігі 0,75 м болып келетін платформа дайындаған. Оның үстіне 0,45 м биіктікте балшық құйылып, балшықтың үстіне айналдыра кесек қаландысы арқылы 2 камералы сағана жасалған. Сағананың керетін есігі солтүстік-батысқа бағытталған. Сағанаға кіретін дәліздің көлемі 4x3 м. Дәліздің төменгі бөлігінде биіктігі 0,50 м топырақты нығыздап платформа дайындалып, оның үсті 1 м биіктікте кесек қаланған. Кесек қаландысының ерекшелігі, бір қатар кесек қаланса оның үстіне 0,10 м қалыңдықта балшық төселген. Екі камералы сағанаға екі бөлек дәліз жасалынған. Дәліздердің ені 0,40-0,50 м болып келуде. Камераға апаратын екі дәліз де бастан аяқ балшықпен толтырылып тасталынған. Камералардың көлемдері 2,5x2 м болып келуде. Камераның ішіндегі бос топырақ платформаға дейін тазартылды, нәтижесінде А жартысындағы камерадан шашыраңқы түрде адам сүйектерінің бөліктері (қол, аяқ, саусақ) табылды. Б жартысындағы камерадан болса ешнәрсе анықталмады (5-сурет). Сағананың құрлысы мен табылған жәдігерлерді зерттей келе, сағананың IV – V ғасырларға жататындығы анықталды.

Қазба салынған №2 оба үйіндісінің диаметрі 13 м, биіктігі болса 1 м. Обада жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында оба үйіндісін екі скеторға бөліп қазу әдісі таңдалды. Қазба жұмыстары барысында шығыстан батысқа бағытталған ені 50 см болып келетін жал қалдырылды. Жалдың оңтүстік бөлігі «А» жартысы, солтүстік бөлігі «Б» жартысы болып белгіленді. Аталмыш обаның екі секторында қазба жұмыстары 1,85 м тереңдікке дейін жүргізілді, нәтижесінде ешқандай жерлеу орны анықталмады (6-сурет).




Сурет 5. №1 обадан анықталған сағананың сызбасы



Сурет 6. №2 обада жүргізілген қазбаның көрінісі


Осылайша екінші обада жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың нәтижесінде, бұл обаның кенотаф екендігі, яғни ежелгі тайпалардың ұзақта қаза тапқан туыстарына арнап тұрғызған бос қабірі екендігі анықталды (7-сурет).



Сурет 7. №2 обадағы қазбаңың сызбасы

Қазба салынған №3 оба үйіндісінің диаметрі 13 м, биіктігі болса 1,70 м. Обада жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында оба үйіндісін екі скеторға бөліп қазу әдісі тандалды. Қазба жұмыстары барысында шығыстан батысқа бағытталған ені 35 см болып келетін жал қалдырылды. Жалдың оңтүстік бөлігі «А» жартысы, солтүстік бөлігі «Б» жартысы болып белгіленді. Қазба алдымен «Б» жартысында басталып 1,70 м тереңдіктегі құлық қабатына дейін жүргізілді. «Б» жартысындағы тазалау жұмыстары нәтижесінде ешқандай жерлеу орны анықталмады. Қазба «А» жартысында жалғасын тапты. «А» жартысындағы топырақ үйіндісі алынып тасталғаннан кейін бұл жерде де қабір ізі анықтау мақсатында тазалау жұмыстары жүргізілді. Дегенмен ешқандай бір қабір ізі анықталмады. Жал және құрлық қабатынан қабір ізін анықтау әдісі жүзеге аспағаннан кейін, траншея қазу әдісі негізге алынып, «А» жартысына шығыстан батысқа бағытталған ұзындығы 8,20 м, ені 1 м траншея салынды. Осылайша бірінші траншея 2,40 м тереңдікке дейін қазылды. Траншеяның батыс ұшынан, құрлық қабатынан 37 см тереңдікте ені 0,87 м келетін бос топырақ анықтала бастады. Осы бос топырақ 2 метр тереңдікке дейін жалғасып асты қатты сазды топыраққа айналды. Осыдан кейін бос топырақтың солтүстікке қарай жалғасын анықтау мақсатында бірінші траншеяның 1,10 м солтүстігіне, ұзындығы 6 м, ені 1 м келетін екінші траншея салынды. ойлағанымыздай бірінші траншеядағы бос топырақ екінші траншеяда да анықталды. Екінші траншея 2,40 м тереңдікке жеткенде бірінші және екінші траншеяның арасындағы жалдың кесіндісінде дромостың ізі анықтала бастады. Жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың нәтижесінде дромосты катакомба анықталды. Жерлеу орнынан бес адамның қаңқасы, жеті дана қыш-құмыра, бір дана жебе ұшы, пышақ, ине, асық және әртүрлі тастардан жасалынған моншақтар табылды. Табылған жәдігерлерді зерттей келе бұл обаның б.з.д. I – б.з. III ғасырларына, яғни қаңлы тайпаларының қауыншы мәдениетіне жататындығы анықталды (8-сурет).

2017 жылы Мыңтөбе Қорымында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, оңтүстік-батыс солтүстік-шығыс бағытында 2 км созылып жатқан қорымда шашыраңқы түрде 646 обаның орналасқандығы, обалардың диаметрі 6-33 м, биіктіктері 0,65-4,30 м екендігі анықталды. Сонымен қатар жылдар бойы нақты хронологиясы анықталмай келген Мыңтөбе қорымындағы обалардың Темір Дәуірі мен Ерте Ортағасырларға жататындығы анықталды. Алдағы уақытта жүргізілетін зерттеулер бұл пікірімізді өзгертуіде мүмкін. Сонымен қатар Сырдарияның ортаңғы ағысында өмір сүрген ежелгі тайпалардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, күнделікті тіршілікте қолданған заттары жайында құнды деректер жинақталды.



Сурет 8. № 3 обадағы дромосты катакомбалық жерлеу

Әдебиеттер

- Агеева Е.И. Керамика городища Шаушукумтобе и ее датировка // Древности Чардары. С. 97–100.
- Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института Истории, археологии и этнографии. Том 5. Алма-Ата, 1958. С. 19-60.
- Арсланова Ф.Х. Дневник Чардаринской археологической экспедиции 1960 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II, дело 734, л. 1-42.
- Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. Алматы, 2009. 220 б.
- Бичурин И.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 2. М.: АН СССР, 1950. 334 с.
- Голодная степь в ее прошлом и настоящем // Материалы исследования к проекту орошения Голодной и Дальверзинской степей. Вып. 1. Петроград, 1914, С. 8-10.
- Григорьев Г.В. Келеская степь в археологическом отношении (К истории культуры древних саков) // Известия Академии Наук Казахской ССР. № 46. Алма-Ата. 1948 г. С. 47-67.
- Григорьев Г.В. Краткий отчет о работах Янгиюльской Археологической Экспедиции 1937 г. Ташкент, 1940.
- Григорьев Г.В. Отчет об археологической разведке в Янгиюльском районе УзССР в 1934 г. Ташкент. 1935 г.
- Григорьев Г.В., Громова В.И. Каунчи-Тепа (раскопки 1935 г.). Материалы к изучению древнейших домашних животных Средней Азии. Ташкент, 1940.
- Древности в окрестностях Ташкента // Протоколы ТКЛА. 1896. С. 7-17.
- Левина Л.М. Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тыс. н.э. М.: Наука, 1971. 252 с.
- Максимова А.Г. Дневник Чардаринской археологической экспедиции 1960 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Дело 733. Л. 1-39.
- Максимова А.Г. Дневник Чардаринской археологической экспедиции на курганного могилника Джаман-Тогай в 1962 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Дело 869. Л. 1-30.
- Максимова А.Г. Дневник Южно-Казахстанской археологической экспедиции 1958 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Дело 2. Л. 1-55.
- Максимова А.Г. Дневник Южно-Казахстанской археологической экспедиции 1959 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Дело 659. Л. 1-35.
- Максимова А.Г. Отчет о работе Чардаринской археологической экспедиции 1961 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Дело 777. Л. 1-60.
- Максимова А.Г., Мершиев М.С. Отчет о работе Чардаринской археологической экспедиции 1960 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Дело 731. Л. 1-18.
- Максимова А.Г., Мершиев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). Алма-Ата: Наука КазССР, 1968. 264 с.
- Мершиев М.С. Дневник о работах на городище Актобе I Чардаринской археологической экспедиции в 1962 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Дело 873. Л. 1-48.
- Мершиев М.С. К вопросу о генезисе оседлых поселений (на материалах городища Актобе I // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. 1965. Вып. 3. С. 66-80.

- Мершиев М.С. Отчет о работах 2 отряда Чардаринской археологической экспедиции на городище Актобе в 1960 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Дело 735. Л. 1-7.
- Мершиев М.С. Отчет о раскопках поселения Актобе I, 2 отряда Чардаринской археологической экспедиции в 1960-1962 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Дело 872. Л. 1-18.
- Остроумов Н.П. Археологическая поездка в селение Мамаевку // ПТКЛИА. № 4. Ташкент, 1899. С. 118-137.
- Остроумов Н.П. Новые данные о глиняных погребальных урнах // ПТКЛИА. № 11. Ташкент, 1906. С. 32-44.
- Открытие Туркестанского Кружка любителей археологии 11 декабря 1895 г. Ташкент, 1895.
- Руднев А.О. Зброшеный уголок // Туркестанские ведомости // ПТКЛИА. № 15-17. Ташкент, 1900. С. 57-62.
- Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. Алматы: Казак Энциклопедиясы, 1994.
- Федченко А.П. Заметка о степи Кызыл-кум // Известия Туркестанского отдела Русского географического общества. Вып. 2. Том XII. 1916.
- Чариков А.А. Дневник Южно-Казахстанской археологической экспедиции 1959 г. // Архив ИА им. А.Х. Маргулана. Фонд II. Дело 660. Л. 1-88.

B.S. Sizdikov, K.M. Zhetibaev, M. Gursoy, M.M. Bakhtybayev

ARCHAEOLOGICAL RESEARCH CONDUCTED THE BURIAL SITE MINTOBE

Since ancient times, the Syr Darya river basin has been one of the most favorable places for human habitation. The proof of which are the numerous ruins of ancient settlements and cemeteries located along the Syr Darya. To date, archeological monuments located in this region have been little studied. The article discusses the results of archaeological excavations carried out in 2017 at the Myntobe burial ground, touches on the distribution area of the Zhetiasar, Otrar-Karatau and Kauchinsk cultures and their features. The dating of the Myntobe monument is also determined. The issues of protection, propaganda and inclusion in the scientific circulation of the results of the study of the monument were considered.

Ж.Р. Утубаев¹, Н.Ж. Торежанова², М.К. Суюндикова³, М.М. Майданбекова⁴

^{1,3} *Институт археологии им. А. Х. Маргулана*

^{1,4} *Казахский национальный университет им. аль-Фараби,*

² *Центральный государственный музей РК*

г. Алматы, Казахстан

E-mail: utubaev_z@mail.ru, nabi2nabi@mail.ru,

makpal1226@mail.ru, manatmm82@gmail.com

НОВЫЕ ПАМЯТНИКИ ЧИРИКРАБАТСКОГО ОАЗИСА

В 2017 году при проведении раскопок на городище Чирик-рабат разведочная группа Чирикрабатской археологической экспедиции во главе Ж. Курманкуловым совершила несколько маршрутов, во время которых был обследован ряд античных памятников.

В результате разведок выявлены следующие памятники:


Погребальный комплекс **Чирик 4** – расположен недалеко от городища Чирик-рабат к север северо-востоку на небольшом возвышенности левом берегу древней дельты Жанадарьи (Рис. 1). Памятник состоял из семи курганов диаметром 11–30 м, форма насыпей полусферическая. Высота колеблется от 0,15 до 1,80 м. Курганы расположены довольно компактно, но без определенной системы. В центре стоит самый крупный курган могильника (Рис. 2, А).

Поверхность насыпей усеяна красноватыми карбонатными стяжениями, поросла местами мелкой растительностью и саксаулами. В центре довольно четко прослеживались заполненные навеванным песком и поросшие травой грабительские воронки.




Рис. 1. Расположение памятников на карте

На восточной стороне возвышенного холма были обнаружены три жилище в размеры 8–15 м, к юго-востоку от курганов. Однако, на стоянке датирующие материалы не обнаружено, кроме обломков серого кварцита (Рис. 2, А).




А




Б


Рис. 2. А. Погребальный комплекс Чирик 4. Б. Памятник Чирик 5.



A



Б



В

Рис. 3. Крепость Жана-кала

А также, к юго-востоку от курганов расположены валообразная оградка по форме в плане приближена к квадрату (Рис. 2, А). Размером 55×45 м, высотой от дневной поверхности 0,50–0,80 м. Вход валообразной оградки видно на юго-востоке стены. Никаких культурных отложений в ее пределах не зафиксировано.

Аналогично, валообразные в плане сооружения, отмечены во время разведочных маршрутов еще одном месте так называемый валообразный комплекс Чирик 5.

Чирик 5 – расположенная 3 км к северо-востоку от погребального комплекса Чирик 4, между возвышенности Сенгир-там и городище Чирик-рабат. Посреди двух возвышенности проходит русло канала, отходящего от Жанадарьи (Рис. 1).

Здесь обнаружены четыре прямоугольные оградки размером 50×50×100 м, высотой 0,30–0,50 м, ориентированные по линии северо-запад – юго-восток, культурные отложений не зафиксировано (Рис. 2, Б).

В настоящее время мы затрудняемся объяснить причину возведение сложных оборонительных сооружений вокруг погребальных памятников. Однако, нужно учесть, что в окрестностях городища

Чирик-Рабат имеются валообразные оградки расположенных на погребальных комплексах Тагискен и Сенгир-там.


На возвышенности Сенгир-там нами прослежено шесть прямоугольных оградок. Валообразные оградки в большинстве имели меридиональное направление с очень небольшим отклонением, и размер их не выходил за рамки 80×45×45×50 метров. В окрестностях оградок расположены цепочки курганов с земляной насыпью.

На возвышенности Тагискене две прямоугольные оградки, ориентированные по линии северо-запад – юго-восток. Валы, замыкавшие это пространство, сохранились на 0,5 – 1 м высотой от уровня современной дневной поверхности. Внутри площадки, образованной валом, культурные наслоения отсутствовали (Итина, Яблонский, 2001, с. 47, рис. 2).

Аналогичные оградки находим в погребальном комплексе Чаш-тепе (1-я половина I тыс. н.э.). По мнению Ю.А. Рапопорта и С.А. Трудновской, чаштепинские оградки играли роль места обитания, убежища для душ членов рода, погребенных вокруг. Внутри оградки собирались соплеменники для совершения обрядов в память умерших: валы должны были ограждать тело умершего в момент совершения над ним каких-то обрядов, предшествовавших окончательному захоронению (Рапопорт, Трудновская, 1979, с. 151-166).



A



B

Раскопки в курганной группе Шиханы у с. Липовка, под руководством К.Ф. Смирновым выявлены валообразные сооружения кольцевой и прямоугольной формы (Смирнов, Попов, 1972, с. 3-4, рис. 1в). Эти сооружения были интерпретированы как «святилище огня» (Смирнов, Попов, 1969 с. 210).

Следующим объектом исследования во время разведочного маршрута являлось крепость Жана-кала, расположенная в 14,2 км к западу от городища Чирик-рабат, в 4,6 км к северо-западу от крепости Карабас, на правом берегу Жанадарьи (Рис. 1). Координаты памятника: 44°6'46.19" с. ш.; 62°44'19.48" в. д.

Крепость расположена на краю северо-западной границы оазиса. Посреди долины проходит русло канала, отходящего от Жанадарьи. Канал находится к югу от крепости. По сторонам канала располагались орошавшиеся из него поля. Напротив, входа в крепость и к юго-востоку от нее обнаружено водохранилище, куда поступала вода из канала (Рис. 3, А).

Памятник в плане представляет собой прямоугольное (95–107×73–76 м) со скругленными углами сооружение, ориентированное углами по сторонам света. Стены сохранилась на высоту от 0,40 до 1 м. Башни отсутствуют или не сохранились. Въезд шириной 6 м расположен на центральной участке южной стены (Рис. 3, Б). На поверхности крепости собраны немногочисленные фрагменты керамики, пряслицы и найдено бус из сердолика (Рис. 3, В).

По топографии и подъемному материалу **крепость Жана-кала** может быть отнесена к чирикратбатской культуре. Внешний вид сооружения имеет определенное сходство с чирикратбатскими памятниками (Баланды, Сенгир-кала и Чирик 3 и т.д.) (Тажекеев, 2011б, с. 179–189; Утубаев, 2011, с. 48–52).

К северо-востоку от крепости Жана-кала расположен отдельное Усадьба. Представляет собой прямоугольное в плане, размеры 14,5×13 м, сохранившееся на высоту 1,5 м от такыра (Рис. 4, А). К востоку от усадьбы проходит магистральный канал, шириной 4 м. На поверхности собраны фрагменты керамики. А также найдено бронзовая бляшка и трехгранное бронзовые наконечники стрелы (Рис. 4, Б).

Можно сказать, как памятник Жана-кала являлся центрами земледельческой оазиса, большая часть населения, которые проживали в небольших усадьбах, располагавшихся в зоне орошения магистральных каналов или дамбированных русел. Центральные усадьбы могли выполнять функции общинного хранилища и при необходимости, крепости-убежища. Следует заметить, что подобная структура поселения находит прямые параллели в раннеантичном Хорезме, где небольшие неукрепленные усадьбы группировались вокруг крепости, служившей одновременно и общественным хранилищем и крепостью – убежищем, например, Кургашинское поселение, центром которого была прямоугольная в плане крепость Кургашин-кала (90 × 150 м), построенная на высоком останце – устричной банке, а небольшие отдельные усадьбы располагались по берегам магистрального канала, из которого были выведены небольшие арыки-оросители. Аналогичная структура выявлена и на поселении античного периода Аяз-кала (Неразик, 1976, с. 35–41).

На территории нижней Жанадарьи формируется **второй половины I-тысячи лет до н.э.** чирикратбатская культура, в которой проявляется преемственность не только в материальной культуре, но и погребальных обрядах и ритуалов населения позднебронзового периода низовий Сырдарьи. Для наиболее развитой части чирикратбатского ареала характерна оазисная концентрация поселений, часть которых имеет укрепленный характер.

Литература

- Итина М.А., Яблонский Л.Т. Мавзолеи Северного Тагискена. Поздний бронзовый век Нижней Сырдарьи. М.: Восточная литература, 2001. 295 с.
- Неразик Е.Е. Сельское жилище в Хорезме (I – XIV вв.) // ТХАЭЭ. Л., 1976. 256 с.
- Рапопорт Ю.А., Трудновская С.А. Курганы на возвышенности Чаш-тепе // ТХАЭЭ. М.: Наука, 1979. С. 151-166.
- Смирнов К.Ф. Савроматы. М.: Наука, 1964. 380 с.
- Смирнов К.Ф., Попов С.А. Савромато-сарматские курганы у с. Липовка Оренбургской области // Памятники Южного Приуралья и Западной Сибири сарматского времени. М.: Наука, 1972. С. 3-27.
- Смирнов К.Ф., Попов С.А. Сарматское святилище огня // Древности Восточной Европы. М.: Наука, 1969. С. 210-217.
- Тажекеев А.А. Крепости чирикратбатской культуры // Отан тарихы. Алматы, 2011. №4. С. 179-189.
- Утубаев Ж.Р. Топография античных крепостей в нижнем течении Сырдарьи // Известия НАН РК. Серия общественных наук. Алматы: НАН РК, 2011. С. 48-52.

NEW MONUMENTS OF CHIRIKRABAT OASIS

In 2017, during the excavations at the Chirik-Rabat settlement, the exploration group of the Chirikrabat archaeological expedition led by Zh. Kurmankulov made several routes, during which a number of ancient monuments were examined.

Ж.Р. Утубаев^{1,2}, М.С. Шагирбаев¹

¹ Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты

² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ, Қазақстан

E-mail: utubayev_z@mail.ru; mambet__87@mail.ru

ҚҰЛАННЫҢ РУДИМЕНТ СҮЙЕГІНЕН ІСТЕЛГЕН ІЛМЕК ТУРАЛЫ
(Бәбіш Мола-7 остеологиялық материалдары негізінде)

Археологиялық қазба жұмыстары барысында, жануар сүйектерінен жасалған еңбек құралдары жиі табылады. Оларды тоқыма ісі, тері илеу, шаруашылық мақсатында және тұрмыстық мақсаттағы бұйымдар деп жалпы топтауға болады. Жануар сүйектерінен жасалған бұйымдардың негізгі шикізаты сүйек болғанымен, олар қаңқа элементтеріне және атқаратын қызметіне қарай өз ішінде жіктеліп кетеді. Құлан жылқы тәріздес жануар болғандықтан, жалпы тақ тұяқты (*лат. Perissodactyla*) жануарлардың жақ сүйектері, метатарсальды және метакарпальды (сирек) сүйектері, кіші асықты жіліктері мен кәрі жіліктерінен жасалған тұрмыстық заттар жиі кездеседі. Дегенмен тек құлан сүйегінен жасалған бұйымдарды археологиялық қазба жұмыстарында көп кездестіре бермейміз. Мақалада Бәбіш мола кешеніндегі көзешілер елді-мекенінен табылған құланның рудимент сүйегінен жасалған ілмек тәрізді тұрмыстық бұйым және қазба барысында құлан сүйектерінің кездесуі мен фауналық мекендеу ареалы сөз болады.

Елді-мекен (Бәбіш молла 7) Бәбіш мола қалашығынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 шақырым жерде, кеуіп қалған арнаның бойында орналасқан. Жалпы аумағы 1,6 га яғни, 450x350 м жерді алып жатыр. Батыс бетінен ауылдың ішіне қарай ені 15 м болатын су қоймасы тартылған (сурет 1. А.).

Елді-мекеннің орнын жіті зерттеу барысында 11 пештің орны мен 7 құрлыстың және тұрғын үйлер мен шеберханалардың орны анықталды. Бұлардың беткі қабаты үйіліп жатқан керамикалар мен қатар шикі кірпіштен тұрғызылған қабырғалармен ерекшеленеді.

Сонымен қатар, ауылдың солтүстік-батыс бөлігінен, кеуіп қалған арнаның бойынан (арақашықтығы 50-60 м) үлкен үй-жайдың орны анықталды. Беткі қабатынан бөлмелерге бөлінген қабырғалардың контуры жақсы көрініп жатыр. Қабырғалар шикі кірпіштерден тұрғызылған. Бір өкініштісі, үйдің солтүстік бөлігі биік құм астында қалған.

Бәбіш мола оазисіндегі ескерткіштерді 1946 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының (ХАЭЭ) барлау тобы ашып, кейін 1958-1960 жылдары аралығында Бәбіш мола 1 қалашығы мен Бәбіш мола 2 жерлеу ғимаратына қазба жұмыстарын жүргізді (Толстов, 1948, с. 57; Толстов и др, 1960, с. 40). Ал, 1957-1960 жылдары Б.В. Андрианов жеке тобымен қала маңайына барлау жүргізіп, 150-ге тарта жекелеген елді-мекендер және суландыру құрлыстары сақталған егін шаруашылық алқаптарының орындарын тапқан (Андрианов, 1969, с. 192-199).



Кейін, 2006 жылы Ж. Құрманқұловтың жетекшілігімен Шірік Рабат археологиялық экспедициясы қайта барлау жүргізіліп, оларға сипаттама беріліп координатары алынса, 2015 жылдан бері көзешілер елді-мекеніне (Бәбіш-мола 7) археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді (Курманкулов и др., 2006, с. 216-217; Утубаев, Болелов, 2016, с. 56-63).

№	Жануар түрі	Сүйек саны	Сүйек саны %
1	Жылқы – <i>Equus caballus</i>	2	2,9
2	Түйе – <i>Camelus bactrianus</i>	5	7,4
3	Ірі қара – <i>Bos taurus</i>	9	13,4
4	Қой – <i>Ovis aries</i>	5	7,4
5	Ешкі – <i>Capra</i>	2	2,9
6	Уақ мал – <i>Capra et Ovis</i>	22	32,8
7	Құлан – <i>Capreolus pygargus</i>	10	14,9
8	Ақбөкен – <i>Saiga tatarica</i>	5	7,4

9	Есек – <i>Equus asinus</i>	3	4,4
10	Сүтқоректілер (<i>анықтауға келмейтін</i>)	4	5,9
Жалпы		67	100

Кесте 1. Бәбіш мола-7 қаласынан 2019 жылы табылған остеологиялық материалдар жануар түрі бойынша


2019 жылы Бәбіш мола 7 елді-мекенде жүргізілген зерттеулер барысында 64 дана жануар сүйегі табылған болатын. Остеологиялық материалдарға «Археологиялық технологиялар» лабораториясының қызметкерлері б.ғ.к. П.А. Косинцев және М.С. Шагирбаев талдау жүргізіп, 9 жануар түрін анықтады (Кесте 1). Археозоологиялық материалдар жануар түріне, қаңқа элементтеріне қарай топталып, бірқатар үй жануарларының төменгі жақ сүйектеріндегі азу тістер жүйесінің ерекшеліктері арқылы орташа жас мөлшері анықталды. Остеологиялық материалдарды эталондар коллекциясымен салыстыру негізінде, құланға тиесілі атлант, тоқпан жілік, метаподия, жамбас және асықты жіліктерден бөлек, 5 дана рудиментті (грифельная кость) сүйектер анықталған болатын. Оның ішінде 3 данасының бір шеті үшкірленіп, өңделген. Құлан сүйектерінің барлығы дерлік (метатарсальды сүйектен басқасы) сынып бөлшектенген. Бұл құлан етінің тағам рационында болғанын көрсетеді. Ұсынылған үш дана құланның рудимент сүйегінен жасалған ілмектер көзешілер елді-мекендегі №6-шы қазбадан табылды. Оның екеуі сынық. Ұзындықтары 103 мм-ден 115 мм-ге дейін, ендері 9-18 мм. Қалыңдығы 7 мм (Сур. 2. Б.).



Сур. 1. А – Бәбіш мол 7 елді мекеннің топографиялық жоспары. Б – Тоқуға арналған ілмектер



Сур. 2. 1 – өңделген рудиментті сүйектер; 2 – құланның артқы (метатарсальды) сирақ сүйегінің (Бәбіш моладан табылған) плантарлы беті; 3 – метатарсальды және рудиментті сүйектердің жанасуы (латеральды бетінен қарағанда); 4 – проксимальды бетінен қарағанда



Сур. 3. № 1 рудиментті (қалдық сүйек) сүйектегі егеліп, шұңқырланған із

Құлан (*Equus hemionus*) – Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-батыс өңірлерінде, Сырдария мен Өмудария ойпатында, Арал теңізі аймағында көне заманнан бастап-ақ мекендейтін жануар. Археологиялық қазба жұмыстары барысында қазіргі Түркменстан аумағындағы неолит-энеолит кезеңіне тән ескерткіштерден құлан сүйектері анықталған (Шевченко, 1961, с. 464-477). Амудария ойпатындағы қола дәуірімен мерзімделетін Шор-депе, Алтын-депе ескерткіштерінен құлан сүйегі өте

көп табылып, барлық сүйектердің ішінде саны жөнінен екінші орында болған (Ермолова, 1970, с. 207-213). Хорезм аймағында антикалық және ерте ортағасырлармен мерзімделетін Джанбас кала, Топрак кала, Шемаха кала (С.П. Толстов зерттеген) атты ескерткіштерден де құлан сүйектері табылған (Цалкин, 1952, с. 240-241).

Бәбіш мола ескерткішіне 2017 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу барысында құланға тиесілі 1 дана асықты жілік және №1-3 фалангалар (топай және тұяқ) табылған. Шірік рабад қаласына 2017 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу барысында құланға тиесілі қабырға, жауырын сынықтары мен тұяқ табылған. Кабул кала ескерткішіне 2012 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу барысында құланға тиесілі 1 дана асықты жілік пен №1 фаланга анықталған (*материалдарға археозоологиялық талдау жасағандар – Б.У. Байшашов., П.А. Косинцев және М.С. Шагирбаев*). Мәліметтер кешені Сырдария өзені мен оның ескі арналары, көршілес аумақтармен қоса көне дәуірден бастап құланның жайылым ареалына кіргенін көрсетіп отыр.

Құлан (*Equus hemionus*) мен жылқының (*Equus caballus*) анатомиялық құрылымы бір-біріне өте жақын. Негізгі айырмашылықтары ретінде тек өлшемдерінің үлкен-кішілігі және жекелеген кейбір қаңқа элементтері ғана алынады (Громова, 1960, с. 87-91). Жылқының алдыңғы және артқы сирағында бір ғана түтікшелі сүйек болатыны белгілі. Бұл сүйек құланда да тура сол қалпында кездеседі. Тек көлемі бойынша ғана ажыратуға болады. Осы сүйекті зоологиялық шартты белгі бойынша №3 немесе ортаңғы сүйек деп атайды. Осы ұзын келген алдыңғы сирақтың (*metacarpale*) және артқы сирақтың (*metatarsale*) плантарлы бетінің (артқы жағы) екі жиегінде ұзын әрі жіңішке келген таяқша тәріздес екі сүйек орналасады. Аталған сүйектер зоологиялық терминологияға сәйкес рудиментті (қалдық немесе жұрнақ) сүйектер деп аталады. Орысша ғылыми әдебиеттерде «грифельная кость» деп аталуы жиі кездеседі (Зеленевский, Соколов, 2001, с. 68). Бұл алдыңғы және артқы сирақта орналасқан екі таяқша тәріздес сүйектер өзінің атауына сәйкес, бүгінгі күні жылқының немесе құланның тірек-қимыл жүйесіндегі №2 және №4 сүйектердің қалдығы болып табылады.

Жылқы анатомиясындағы бұл ерекшеліктер көне заманда жылқының әрбір аяғы үш саусақтан (трехпалый) немесе үш сирақтан тұрғанын айғақтайды. Бүгінгі заманауи жылқылардың ата-бабасы саналатын Еуропа, Үндістан және Қырым жерінен табылған бітеу тұяқты (аша тұяқты емес) гиппарион (*лат. Hipparion*) жылқысының алдыңғы және артқы сирақтары үш сүйектен тұрғаны белгілі (Павлинов, 1999, 58). Жылқы метаподиясындағы бұл ерекшеліктер бүгінгі *Equus* тұқымдасына жататын барлық жануарларда, оның ішінде есек (*Equus asinus*), құлан (*Equus hemionus*), зебра (*Equus zebra*), кианг (*Equus kiang*) түрлерінде де рудиментті сүйек түрінде көрініс тапқан (Павлинов, Лисовский, 2012, с. 382-389).

Бәбіш мола 7 елді-мекенінен табылған 3 дана сүйектің сыртқы пішіндерінде өңделу үдерістері бар. Қолда бар эталондармен салыстырмалы түрде қарағанда, барлық рудиментті сүйектер сыртқы анатомиялық пішіндері мен көлеміне қарай құланның артқы сирағына тиесілі екендігі белгілі болды (Сур. 2).

Значительное археологическое открытие было сделано в 1904 г. горным инженером А. А. Козыревым (Козырев, 1905, с. 31 – 36), работавшим по заданию Отдела земельных улучшений Министерства земледелия. Козырев проводил гидрогеологические исследования в южной части

Акмолинской области и попутно занимался археологическими исследованиями. В урочище Кара-агаш, расположенном в 50 км севернее современного районного центра Жанаарка, недалеко от зимовки Шонга им был раскопан курган высотой 3,5 м, диаметром 10,5 м (Козырев, 1905, с. 31). В кургане обнаружено женское погребение, где найдены золотые украшения головного убора наподобие казахского головного убора невесты *саукеле* – золотой «венчик» с каркасом конической формы, а также золотые серьги, золотые подвески (бляхи), украшенный янтарем, сосуд из стекла (Акишев, 1983, с. 186 – 187). А. А. Козырев предположил, что погребение могло быть впускным (Козырев, 1905, с. 36). В насыпи кургана найдено каменное изваяние, которое А. А. Козырев не описал и не зарисовал.

По нашему мнению, нельзя считать случайностью тот факт, что изваяние находилось в кургане на глубине 90 см под слоем угля.

Козырев датировал курган IX –X вв. (Козырев, 1905, с. 36). Золотые вещи из этого кургана были впоследствии датированы К. А. Акишевым позднегуннским временем (III–V вв. н. э.) (Акишев, 1983, с. 186 – 187). Все же, несмотря на неточную датировку, А. А. Козырев первым отклонил исторически неверную версию о принадлежности подобных памятников калмыкам. Что касается изваяния, то, на наш взгляд, оно могло быть более ранним, переиспользованным во впускном погребении.

Большинство сведений о каменных изваяниях Сарыарки, накопленных к началу XX в. были собраны и обобщены И. А. Кастанье. Этот ученый французского происхождения, который был действительным членом, а потом и вице-председателем Оренбургской ученой архивной комиссии, получил разрешение Императорской археологической комиссии производить раскопки. В известной работе «Древности Киргизской степи и Оренбургского края», изданной в 1910 г., И. А. Кастанье привлек материалы Н. Я. Коншина, В. П. Никитина, А. А. Козырева и др.

Так, И. А. Кастанье приводит данные краеведа А. И. Добросмылова, который подробно описал и зарисовал установленное на кургане изваяние. Памятник находился в урочище Сим-Тас около аула № 4 Каратургайской волости (современная Костанайская обл.), в 150 верстах (около 160,02 км) к северо-востоку от г. Тургая. По сообщению Добросмылова, изваяние сделано из гранита в виде «четырёхгранного столба» и представляет собой изображение человеческой головы. Автор сообщает данные о размерах и весе изваяния: «В самом широком месте (в плечах) ширина передней и задней поверхности – 5½ вершка (около 22,2 см – А. К.), а боковых сторон 4 вершка (около 17,7 см. – А. К.). Приблизительный вес бабы пудов 10 (около 163,8 кг. – А. К.)» (Кастанье, 2007, с. 126).

А. И. Добросмылов не только указал высоту (4 аршина, т. е. около 2,84 м) и диаметр (около 60 аршин, т. е. около 42,7 м) кургана, но и сообщил, что он «... окружен рвом, который имеет и в настоящее время еще глубину арш. 1½ (около 1,06 м – А. К.); с двух противоположных сторон оставлены перемычки, шириною аршина в 4 (около 2,84 м – А. К.) для входа в курган. Баба в момент ее осмотра находилась на середине кургана и была врыта в землю нижним концом на пол-аршина (около 35,5 см – А. К.) и на ¼ арш. (около 88,9 см – А. К.) возвышалась над поверхностью земли» (Кастанье, 2007, с. 126, табл. XVI, рис. 8). Как говорилось выше, в настоящее время на курганах зафиксированы не только средневековые погрудные изваяния, но также изваяния раннего железного века. Отсутствие вещественных атрибутов в иконографии изваяния и рисунок плохого качества не позволяют уверенно отнести изваяние к той или другой эпохе. Однако следует отметить, что подобные размеры курганов нетипичны для кыпчакских святилищ, тогда как известны большие курганы раннего железного века со рвом.

И. А. Кастанье в обобщающем труде «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» (1910) дает перечень известных к началу XX в. изваяний, в числе которых примерно полтора десятка изваяний из Сарыарки (Кастанье, 2007, с. 125, 126, 204, 205). Имеющиеся в его распоряжении рисунки каменных изваяний автор свел в таблицы. В таблицы включены рисунки пяти изваяний из Сарыарки – четырех из мазара Козы-Корпеш и Баян-Сулу и одного из Тургая (Кастанье, 2007, табл. XIV, 14 – 17).

В работе «Надгробные сооружения» (1911) Кастанье отметил, что в казахских степях наиболее распространен способ установки изваяний на курганах (Кастанье, 1911, с. 10). В таблицах содержатся рисунки курганов с каменными насыпями, на вершинах которых установлены одно или несколько (2 – 3) изваяний (Кастанье, 1911, табл. IX). Л. Н. Ермоленко обратила внимание на это высказывание И. А. Кастанье, указав, что это первое научное описание кыпчакских «святилищ» с изваяниями (Ермоленко, Курманкулов, 1992а, с. 116 – 117). В типологии Л. Н. Ермоленко такие сооружения с одним или несколькими изваяниями отнесены к типу I кыпчакских святилищ (Ермоленко, 2004, с. 34 – 37; Ермоленко, Курманкулов, 2012а, с. 86 – 94). Отметим, однако, что одиночные изваяния сакской эпохи также могли ставиться на курганах (Ермоленко, Курманкулов, 2011а, с. 157; 2011б; Курманкулов, Ермоленко, 2014, с. 18; Курманкулов, Касенова, 2014, с. 178; Бейсенов, Ермоленко, 2014, с. 7 – 16; Бейсенов, 2014, с. 7 – 16; Ермоленко, Курманкулов, 2015, с. 30).

Проанализировав известные к тому времени каменные изваяния степей Евразии, И. А. Кастанье предположил, что они были сделаны одним и тем же народом, который двигался из Монголии на запад через казахскую степь (Кастанье, 2007, с. 374). Исследователь также рассмотрел вопрос о назначении каменных изваяний. Он связывал изваяния с культом предков и считал их портретами умерших людей (Кастанье, 1910, с. 374 – 375).

В период с 1924 по 1928 гг. краевед М. Н. Лентовский открыл несколько каменных изваяний при изучении археологических памятников Петропавловской области (современные Акмолинская и Северо-Казахстанская области) (Лентовский, 1929, с. 11–12). Автор привел сведения о местонахождении семи изваяний. Им кратко описано только одно изваяние – из с. Яблоново Макинской волости Шушинского района (ныне Бурабайский район Акмолинской области). Это изваяние, у которого «часть головы ... обломана, руки лежат на груди», было доставлено профессором П. Преображенским в Кокчетавский музей (Лентовский, 1929, с. 11–12). Описанное Лентовским изваяние не похоже ни на одно из двух опубликованных изваяний из Областного историко-краеведческого музея г. Кокшетау (Боталов, 1996, с. 231 – 232, рис. 13, 5, 6; Ермоленко, 2004, рис. 1, 1, 2).

К сожалению, ни фотографий, ни рисунков изваяний в работе М. Н. Лентовского нет, однако его сведения о местонахождении изваяний сохраняют свою ценность так как они очевидно утрачены.

С 1927 г. археологическими памятниками Центрального Казахстана стал заниматься известный краевед Л. Ф. Семенов, в то время – работник Акмолинского музея, а впоследствии – директор Карагандинского областного краеведческого музея (Архив ИА им. А. Х. Маргулана. Ф. 1. Д. 273. Л. 3).

В статье 1930 г. Л. Ф. Семенов сообщил о четырех каменных изваяниях Сарыарки, которые были привезены в Акмолинский музей (Семенов, 1930, с. 85). По способу первоначальной установки Семенов разделил эти изваяния на «одиночки» и «пары».

Одно из одиночных изваяний высотой 0,96 м, весом 166 кг со «...слабо выраженным овалом лица» было обнаружено Л. Ф. Семеновым в горах Ескеней (горы с таким названием есть на территории Жанаркинского р-на) (Семенов, 1930, с. 85).

Другое одиночное изваяние было найдено около Спасского завода (совр. Абайский р-н Карагандинской обл.). Оно изображает «женскую фигуру со сложенными на груди руками и головным убором» типа казахского убора жаулык (Семенов, 1930, с. 85).

Изваяние из гор Ескеней сложно соотнести с изваяниями какой-либо культурно-хронологической группы, потому что антропоморфные стелы встречаются как среди изваяний раннего железного века, так и средневековых. Описанная Семеновым поза изваяния из Спасского завода нетипична для каменных изваяний Сарыарки всех эпох. Хотя по описанию это изваяние случайным образом похоже на изваяние, изображенное на рисунке в работе А. Х. Маргулана (долина реки Сенгир?) (Маргулан, 2003, рис. 104).

Два остальных изваяния – парные, были найдены близ с. Филипповка Сталинского района (ныне Аккольский р-н, Акмолинской обл.). Л. Ф. Семенов сообщает, что «Бабы, по словам местных крестьян, стояли на небольшом кургане высотой в 0,75 м и окружностью 40 шагов, откуда были извлечены в 1913 г. при попытке раскопки» (Семенов, 1930, с. 85). Автор так характеризует изваяния: «...женская баба, ростом 1,35 м, из серого гранита держит в руках чашу и мужская «баба» ростом 1,96 м с ясно выбитыми глазами и усами» (Семенов, 1930, с. 85).

Парные изваяния с кургана около села Филипповки, по всей видимости, были памятниками кыпчакской эпохи, установленными в курганообразном сооружении – «святилище».

Изваяния, сведения о которых сообщил Л. Ф. Семенов, невозможно точно соотнести с опубликованными изваяниями из Целиноградского историко-краеведческого музея (Ермоленко, 2004, рис. 1, 2, 3, рис. 3, 9, с. 80, 81). Так что их судьба остается неизвестной.

В работах авторов XIX – первой трети XX в. приведена краткая информация не менее чем о 30 изваяниях Сарыарки (Курманкулов, Касенова, 2018, рис. 1), находившихся на территориях современных Карагандинской (4 экз.), Павлодарской (7 экз.), Акмолинской (8 экз.), Северо-Казахстанской (4 экз.), Костанайской (1 экз.) областей. 3 из этих изваяний можно опередить как древнетюркские, 10 – как кыпчакские. Культурно-хронологическую принадлежность остальных установить невозможно. Не исключено, что в источниках XIX в. зафиксирована информация об изваяниях раннего железного века, установленных *in situ*.

Литература

Акишев К.А. Древнее золото Казахстана. Алма-Ата: Өнер, 1983. 264 с.

- Бейсенов А.З. Исследование кургана сакского времени с каменным изваянием на могильнике Кособа (Центральный Казахстан) // Древние и средневековые изваяния Центральной Азии. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2014. С. 7-16.
- Бейсенов А.З., Ермоленко Л.Н. Новые каменные изваяния сакской эпохи из Сарыарки // Вестник КемГУ. 2014. Вып. № 3 (59). Т. 3. С. 34-40.
- Барсуков Е.В. Истукан Каркаралинского уезда. URL: <http://www.artefact.tsu.ru/kopiya-balballa-1-1> Дата обращения: 19.02.2018
- Боталов С.Г. Каменные изваяния и жертвенно-поминальные комплексы Урало-Ишимского междуречья // Новое в археологии Южного Урала: сб. научн. тр. Сер. Южный Урал: Природно-географические факторы и историко-культурные процессы. Челябинск: Рифей, 1996. С. 210-244.
- Ермоленко Л.Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). Новосибирск: изд-во ИАЭТ СО РАН, 2004. 132 с.
- Ермоленко Л.Н., Курманкулов Ж.К. Центральнокзахстанские памятники с изваяниями кыпчакского облика // Маргулановские чтения: тезисы. Петропавловск, 1992. С. 116-119.
- Ермоленко Л.Н., Курманкулов Ж.К. Оригинальное изваяние из фондов Карагандинского историко-краеведческого музея // Археология Южной Сибири. К 80-летию Я.А. Шера. Кемерово: РИО КемГУ, 2011. Вып. 25. С. 156-161.
- Ермоленко Л.Н., Курманкулов Ж.К. Новое изваяние раннего железного века из Сары-Арки // АЭАЕ. 2012. № 4 (52). С. 86-94.
- Ермоленко Л.Н., Курманкулов Ж.К. Погребение раннего железного века с изваянием в долине р. Айбас // Вестник КемГУ. 2015. № 2 (62). Т. 6. С. 29-34.
- Ермоленко Л.Н., Курманкулов Ж.К., Касенова А.Д. Новые данные о специфической разновидности изваяний сакской эпохи // Вестник КемГУ. 2015. № 1 (61). Т. 3. С. 26-32.
- Записки о Кокандском ханстве хорунжего Потанина 1830 // Вестник ИРГО. 1856. Ч. 18. С. 257-258.
- Кастанье И.А. Надгробные сооружения. Оренбург: Типография Тургайского Областного Правления, 1911. 102 с.
- Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. 2-е изд. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 516 с.
- Козырев А. Раскопка кургана в урочище Кара-Агач Акмолинского уезда // Известия ИАК. 1905. Вып. 16. С. 27-36.
- Коншин Н. О памятниках старины Семипалатинской области // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО. Семипалатинск, 1903. Вып. I. С. 1-32.
- Құрманқұлов Ж., Ермоленко Л.Н. Ежелгі Сарыарқа: тас мүсіндер. Древности Сарыарки: каменные изваяния. Saryarka Antiquities: Stone Statues. – Караганды, 2014. 168 с.
- Құрманқұлов, Ж. К. XIX ғасыр екінші жартысы мен XX ғасыр бірінші жартысы аралығындағы Орталық Қазақстан тас мүсіндерін зерттеуші саяхатшылар мен ғалымдар деректері (Сведения об изваяниях Центрального Казахстана в работах путешественников и ученых XIX – первой половины XX в) // Археология Казахстана. – 2018. – № 1–2. – С. 133–142.
- Лентовский М.Н. Памятники древней культуры в южной половине Петропавловского округа КазССР (Инвентаризационный труд). Кокчетав, 1929. 16 с.
- Никитин В.П. Краткое описание памятников древности Семипалатинской области // Известия ИАК. 1902. Вып. 2. С. 103-111.
- Селиванов А.В. Производство археологических раскопок в Акмолинской области // Отчет ИАК за 1894 год. 1896. С. 30-31.
- Словцов И.Я. Путевые записки, веденные во время поездки в Кокчетавский уезд, Акмолинской области в 1878 г. // Записки Западно-Сибирского отдела ИРГО. Омск, 1881. Кн. III. С. 1-55.
- Шер Я.А. Каменные изваяния Семиречья. М.–Л.: Наука, 1966. 138 с.
- Флоринский В.М. Первобытны славяне по памятникам их доисторической жизни // Опыт славянской археологии. Томск, 1896. Ч. II, вып. 1. С. 3-112.

A. Kasenova

THE FIRST SOURCES ABOUT SARYARKA SCULPTURES IN THE WORKS OF TRAVELERS AND SCIENTISTS OF THE XIX – FIRST HALF OF THE XX CENTURY

The article analyzes information about the period of the second half of the 19th – first half of the 20th century in the history of study stone sculptures Saryarka, the collection of information about these monuments was carried out episodically and not methodically. The non-specific nature of the study of sculptures is connected with the fact that this period coincided with the time of formation of archeology as a science. Stone sculptures of Saryarka are an important source on the history of ancient and medieval monuments.

ОҒЫЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ

Әлем тарихында оғыз тайпаларының қалдырған үлесі көлемді. Оғыз тайпалық одағының батысқа миграциясы ортағасырдағы басты этнопроцестік өзгерістерге себепші болды. Қазақстан және Орта Азия территориясынан үдере көшкен оғыз тайпаларының этникалық тарихы әлі күнге толыққанды зерттелмеген. Қазақстан тарихында бұл тайпалық мемлекеттің алар орны нақты көрсетілмей, ортағасырлық қалалары сәйкестендірілмеді. Қазіргі уақытқа дейін, отандық тарих ғылымында оғыз тайпаларына қатысты толыққанды еңбектер жоқ. Қала мен дала өркениетінің шекарасында орналасқан оғыз тайпаларының рухани және материалдық мәдениетімізде қалдырған рөліне зерттеу жұмыстарын жүргізу маңызды.

Кеңестік тарих ғылымында тайпалық мемлекеттер рөліне аса мән берілмеген. Көптеген кеңестік тарихшылар шовинистік көзқарас тұрғысынан оғыздарда қалалық мәдениет болғандығын жоққа шығарып келді. Қазіргі уақытта, "оғыз" этнонимінің бірнеше түсіндірмесі бар. Оғыз тайпаларының нақты қай уақытта Қазақстан территориясына қоныстанғаны белгісіз. Шамамен, VIII-IX ғғ. Шығыс Қазақстан мен Жетісу жеріне көшкен оғыздар, бұл аймақта бірқатар материалдық мәдениет мұраларын қалдырған. Жетісу жеріндегі оғыз қалаларын сәйкестендіру мәселесі археология ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі. Сол себепті, этникалық тарихымыздағы оғыз компонентіне зерттеу жұмыстарын жүргізу өзекті болып табылады.

Оғыз жабғулар мемлекеті тарихы мен саяси-экономикалық жағдайына деген қызығушылық, христиандық Батыс тарихнамасында XI-XII ғғ. бастау алғаны белгілі. С.Г. Агаджанов өз еңбегінде оғыздар тарихына қатысты дереккөздерін бірнеше топқа бөліп, көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мысал ретінде, оғыз қалалары көрсетілген әл-Идрисидің "Сурат әл-Ард" картасына жасалған талдауды келтіре аламыз. Бұл бөлімде оғыз тайпалары этникалық тарихының кейбір тарихи-этнографиялық мәселелері қарастырылады. Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты "оғыз" этнонимі, олардың генеологиясы, жүргізілген зерттеу жұмыстарының хронологиясы, этникалық тарихы мәселелеріне тоқталу. Алдағы уақытта, осындай зерттеу жұмыстары оғыздар этникалық тарихына қатысты жарияланатын көлемді этно-археологиялық еңбегіміздің негізі болады деп сенеміз. Тарауда "оғыз" этнонимі түсіндірмелеріне тоқталу, оғызтанушы ғалымдар еңбектерін талдау, этникалық тарихындағы кейбір мәселелерді қарастыру секілді міндеттер қойылған.

Оғыздардың этникалық тарихына крест жорықтары кезінде үлкен қызығушылық туа бастайды. Оғыз тайпалары жөніндегі негізгі дереккөздері араб, парсы, түркі тілдерінде жазылған. Бұл еңбектерге, В.В. Бартольд, В.И. Беляев, А.А. Ромаскевич, И.Ю. Крачковский, К. Каэн, К. Брокельман, К. Розенталь, К. Стори секілді ғалымдар сипаттама берді. Араб-парсы тарихнамасында оғыз тайпалары туралы алғашқы деректер IX-X ғғ. бастап кездескен. IX-X ғғ. арабтілді география ғылымы гүлдену кезеңін бастан кешіріп жатқан сәтте, ислам әлемінің форпосты болып саналған Мәуереннахр, Хорасан, Хорезм шекараларында белсенділік танытқан оғыздар арабтілді тарихшы-географтардың зерттеу шеңберіне түседі (Агаджанов, 1967, с. 7).

Арабтілді дереккөздерінде оғыздар туралы алғашқы мәліметтерді Ибн Джабир әл-Балазури келтірген. Оның "Китаб футух әл-булдан" атты туындысы шығу тегі бойынша "жорықтар кітабы" жанрына сәйкес. Балазуридің тарихи еңбегі қазіргі уақытта қысқартылған жарияланым негізінде ғана сақталған. Шығарма шетелдік және кеңестік тарихшылар тарапынан мойындалған, сенімді дерек болып отыр (Агаджанов, 1967, с. 7).

IX ғасырда Ибн Хордадбектің "Китаб ал-масалик ва-л-мамалик" атты туындысында оғыз тайпалары жөніндегі ерте деректер кездеседі. Йакуби мен Кудама ибн Джафардың туындылары тек географиялық емес, прагматикалық тарихи деректер ретінде де маңызды. Йакуби туындысы "Китаб әл-булдан" деп аталып, автордың саяхаты барысында сұрастыру негізінде жазылған еңбек 891 жылы аяқталады. Бұл туынды маңызды тарихи-этнографиялық дерек ретінде белгілі. Себебі, автор тек шынайы мәліметтерді келтіруге тырысқан (Агаджанов, 1967, с. 8).

Шамамен 903 жылы Ибн әл-Факихтің "Китаб ахбар әл-булдан" туындысы жарық көрді. Тарихи-географиялық туындыда түркі тайпаларының тұрмысы, салт-дәстүрі келтірілген. Автор Хорасан әкімі Дауд ибн Әли әл-Багдиси мен әл-Марвази әңгімелерінен шығарманы жазып шығады. Абу-л-Аббас Марвазидің әңгімелері оғыз ханзадаларының бірі Балкиктің сөздерімен басталған.

X ғасырда жазылған маңызды туындылардың бірі Ибн Фадланның еңбегі. 921-922 жж. Ибн Фадлан халиф әл-Муктадирдің Еділ Бұлғариясына жіберген елшілігінде болады. Оның халифқа берген есебінде көшпелі оғыздардың саяси құрылымы, әлеуметтік жағдайы мен шаруашылығы шынайы сипатталған (Агаджанов, 1967, с. 2).

Диуана ақын және саяхатшы Әбу Дулаф біршама уақыт саманид әміріне қызмет етіп, дипломатиялық сапармен Мәуереннахр жерінен Қытайға аттанады. Өзінің жазбаларында оғыздарды Бұхарадан шығысқа орналастырған. Ұзақ уақыт В. В. Григорьев секілді ғалымдар бұл тұжырымға сенімсіздікпен қарайды. Себебі, ғалым оғыздардың Жетісуда өмір сүрген топтарын білмеген. Аталған деректің маңызы, саяхатшы Жетісу жеріндегі оғыздарды сипаттауында (Ковалевский, 1939, с. 24).

XI ғ. оғыз тайпалары жөніндегі деректерді ғазнауидтік тарихшылар келтіреді. Әл-Утби караханидтер мен саманидтердің Мәуереннахрға таласы барысындағы оғыздардың атқарған рөлін көрсеткен. 1050 жылдар шамасында Ғазнауилік сұлтан Әбд ар-Рашид билігі тұсында "Зайн әл-ахбар" туындысы жарық көреді. Туындының авторы Гардизи яғма, кимақ, оғыз, қарлұқтарға бөлек тарау арнаған. Шығармада ұзақ уақытқа созылған селжұқ-ғазнауид соғыстары да көрініс тапты (Агаджанов, 1991, с. 22).

XI ғасырдың ортасында Селжұқ империясы құрылған соң, түркі халықтарына қатысты арнайы еңбектер жарық көре бастайды. Ибн Хассулдың "Китаб тафдил әл-атрак" шығармасын мысал ретінде келтіре аламыз. Бағдатты жаулап алған соң жазылған, өзінің "Книга о достоинствах тюрок" атты еңбегін Тоғрыл-бектің уәзірі Кундуриге сыйлайды. Трактатта автор түркілердің қайсарлығы, әскери қуаты мен дәстүрлерін көрсетуге тырысқан. Әл-Джахиз аббасидтік гулямдардың негізін құраған оғыз, яғма, шігіл, қарлұқ тайпалары жөнінде мәліметтер қалдырады (Агаджанов, 1991, с. 7-8).

Селжұқ династиясына арналған маңызды туындылардың бірі – "Мәлікнаме". Шығармада X-XI ғғ. оғыз миграциясы сипатталған. XII ғасырда селжұқ династиясына қатысты бірқатар шығармалар жарық көреді. Атап айтсақ, Ануширван ибн Халид Кашанидің еңбегі, 1126 жылы жарық көрген авторы белгісіз "Муджмал ат-таварих" (Агаджанов, 1973, с. 9-10).

XI-XIII ғасырда оғыз-селжұқтар туралы мәліметтер армян, грузин, сириялық деректерде кездесе бастайды. Аристакес Ластивертци (XI), Эдескілік Матфей (XII), Айривандық Мхитар (XIII) хроникаларында оғыз-селжұқтардың Кіші Азияны жаулауы, олардың генеалогиясына қатысты деректер келтірілген (Агаджанов, 1973, с. 26).

XIII-XVII ғғ. аралығында оғыздар туралы деректер селжұқ-осман тарихы аясында сипатталды. XVII ғ. Хиуа ханы Әбілғазы "Родословная туркмен" еңбегінде көне нарративті деректер мен "Оғыз-хан" жырын пайдаланып, өз еңбегін жазып шыққан (Агаджанов, 1973, с. 26).

Жоғарыда атап өтілген дереккөздердің барлығы оғыз тайпаларының этникалық тарихына қатысты негізгі еңбектер. Кейінгі ортағасырда батыс және орыс тарихшылары осы деректерге зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

XVIII ғасырда алғашқылардың бірі болып, түркі тілдерін білетін В.Н. Татищев оғыз тематикасын көтерген. Кеңестік тарихнамада бұл мәселе бойынша, көлемді тұжырымдар қалдырған В.В. Бартольд тұғын. Бартольд түркмендер этникалық тарихына қатысты бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізген. Оның шығармалары қазіргі уақытқа дейін өз құндылығын жоғалтпауда (Агаджанов, 1973, с. 27).

В.В. Бартольд ортағасырлық деректерге талдау жүргізіп, селжұқ сұлтандары мен оғыздар арасындағы күресті сипаттайды. Батысқа көшкен оғыздармен Мәуереннахр, Хорасан жеріндегі селжұқтар арасында айырмашылықтар болғандығын көрсеткен. Бартольд селжұқ-оғыз қатынасын былайша суреттейді: "Даже огузы не были верноподданными сельджукских султанов: последний из могущественных потомков Сельджука, султан Санджар, как некогда турецкие ханы VIII в. должен воевать «со своим собственным народом, с огузами»; султан даже провел некоторое время в плену у огузов и спасся из этого плена только бегством" (Бартольд, 1990, с. 40-45).

1939 жылға дейін оғыз тайпалары жөніндегі деректердің негізін мұсылман авторлары берген. Ибн Фадланның шығармасын орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізген А.П. Ковалевский болды. Зерттеудің негізіне Мешхед қаласында табылған қолжазба алынып отыр. 1956 жылы А.П. Ковалевский мәтін аудармасына соңғы өзгерістер енгізіп қана қоймай, "ғұз"-дар этникалық тарихына қатысты мәліметтерді толықтырады. Нәтижесінде, Хазар қағанатының соңғы жылдарындағы оғыздар туралы ғылымға жаңа мәліметтер қосылған (Бубенок, 2015, с. 10-15).

Ибн Фадлан Хорезмнен он бес күн солтүстікке қарай жылжып, тек осыдан кейін ғана басқа дереккөздерде белгілі: оғыздар, уздар, торктер деп аталатын түркі тілдес гуздар еліне жеткенін хабарлайды. Ковалевский "гуздар"-дың басқа деректердегі оғыздар болып табылатындығын дәлелдеген. Араб саяхатшысы X ғ. басында мемлекеттік биліктің бастаулары болғандығын көрсетеді.

Йабғу, Күзеркін, Тархан, Йынал, Бағлыз секілді жеке адам есімдері мен титулдар жөнінде мәлімет келтірген (Бубенок, 2015, с. 10-15).

Ибн Фадланның шығармасында ғұздар жерлеу дәстүрінің сипаттамасы бар. Ал бұл мәліметтер ерте ортағасырлық көшпелі тайпалардың мәдени атрибуциясымен айналысатын археологтар үшін ерекше маңызға ие. "Бақилық болған оғыздарды қабір шұңқырында заттарымен қосып, төсеніш жауып жерлеген" – дейді Ибн Фадлан.

Ибн Фадланның айтуынша, ғұзды жерлеу барысында бір жылқыдан бірнеше жүздеген жылқыға дейін өлтіріліп, жылқы терісін ағаш төсенішке созу ғұрпы болыпты. Оның үстіне топырақтан қорғандар салынған (Ковалевский, 1956, с. 129).

Ресейлік археолог В.А. Иванов осы сипаттамаға және археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелеріне сәйкес X ғ. басындағы қорғандардан оғыздық жерлеу типтерін жеке бөліп шығарды (Бубенок, 2015, с. 10-15).

Ковалевский аудармалары С.П. Толстовқа Оғыз жабғулар мемлекетінің алып жатқан аумағын анықтауда көп көмектеседі. Оғыздар территориясы оңтүстік-шығыста – Тараз, Шаш облыстары, оңтүстікте – Хорезм, солтүстік-батыста – Орал таулары, батыста – Еділ бойындағы хазарлармен шекаралас аймақты қамтыған.

Ибн Фадлан шығармасында оғыздар мен мұсылмандар арасындағы өзара қарым-қатынаста сипатталады. Ибн Фадлан былай деп хабарлаған: "...не может ни один мусульманин проехать через их страну без того, чтобы не сделать кого-либо из них себе другом, у которого он останавливается. Он привозит для него из страны ислама одежды, а для жены его покрывало, немного перца, проса, изюма, орехов. Когда же он прибудет к своему другу, то тот разобьет для него юрту и доставит ему овец сколько может" (Ковалевский, 1956, с. 129).

Саяхатшының келесі бір мәліметі бойынша, мұсылман саудагерлері өздерінің түркі-достарына түйе мен жылқыларын тастап, қайтар жолда қайта алып кете алатын болған (Ковалевский, 1956, с. 126).

Алайда, оғыздар мен мұсылмандар арасы үнемі достықта бола бермеді. Ибн Фадлан бұл жағдайды былайша сипаттаған: "Если тюрок приедет в Джурджанию, он спросит о своем госте и остановится у него, пока не отправится (обратно). А в случае, если тюрок умрет у своего друга-мусульманина и (потом) проедет караван, в котором (находится) его друг, то они убьют его" (Ковалевский, 1956, с. 127).

Оғыздардың кей бөліктері, ежелгі орыс жылнамаларында "торк"-тер атауымен кездеседі. Украина территориясынан Ибн Фадлан сипаттаған жерлеу ғұрыптарына сәйкес келетін қорымдар табылған. Осы ескерткіштерді дәстүрлі түрде түркі-оғыздармен байланыстыруда (Плетнева, 1981, с. 20-27).

Оғыз тайпаларының этникалық тарихын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оғыз конфедерациясының батысқа миграциясына дейінгі этникалық тарихына қатысты деректер мардымсыз. Олардың алғаш мекен ету ареалы, батысқа миграциясы, "оғыз" этнонимінің шығу тегі ғылымда көптеген дискуссия туғызады. "Оғыз" этнониміне қатысты немесе фонетикалық ұқсас мағынадағы терминдер бірде-бір қытай деректерінде кездеспейді.

745 жылы Шығыс Түркі қағанатының барлық иеліктері ұйғырларға көшті. Ұйғыр қағанаты Орталық Азияда саяси билігін 840 жылға дейін жүргізген. 738 жылы Түркеш қағаны Сұлу қаза тапқаннан кейін, Орталық Азиядағы жалғыз түркі мемлекеті – Ұйғыр қағанаты болады. Мемлекеттегі екінші этникалық компонент ретінде оғыздар сипатталған. Оғыз тайпаларының саны тоғызды құрайды. Алғашқы Ұйғыр қағаны Мойын-шор билікке келісімен, Түркі қағанаты кезеңіндегідей оғыздар татарлармен бірігіп, көтеріліске шығады. Мойын-шор қаған ескерткіші жазбаларында ұйғырлар мен оғыздардың соғыстары туралы баяндалған. Аталған соғыстар оғыздардың қағанаттан тәуелсіздік алу жолына бағытталды. 840 жылы Енисей қырғыздары Ұйғыр қағанатын бағындырған. Ұйғыр қағанаты ыдыраған соң, оғыздардың батысқа миграциясы басталады. Олардың жалпы саны 300 мыңнан – 1 миллионға дейін болған. Оғыздардың бір бөлігі Жайық пен Еділ арасына печенегтерді ығыстырып қоныстанады (Запорожец, 2017, с. 487-491).

X ғасырда оғыздар Каспийден Сырдарияның орта ағысына дейінгі аралықты алып жатты. Оғыз тайпалары Үстірт, Арал маңы, Маңғышлаққа саяси үстемдік орнатқан еді. Олардың шекаралары солтүстікте – қимақ, батыста – хазар, шығыста – қарлұқтармен жалғасқан. "Худуд әл-Алам" еңбегінде оғыздардың оңтүстік жерлерінен мұсылмандар мен шаманист оғыздардың шекарасы өтетіндігі көрсетіледі (Запорожец, 2017, с. 493).

Оғыздар мемлекеті халқы 24 оғыз тайпасын жасақтаған. Мемлекеттің оң қанаты – Боз оқ, сол қанаты – Үш оқ аталады. Әр қанат 12 оғыз тайпасынан тұрып, Боз Оқ таңбасы – садақ, Үш оқ таңбасы – үш жебе болғандығы көрсетілуде (Запорожец, 2017, с. 495).

X ғасырда Сыр бойында Оғыз жабғулары мемлекеті құрылған. Билеуші титулы *жабғу* аталып, әскербасы *сюбашы* болды. Мемлекеттегі шынайы билік сюбашыға тиесілі болса керек, себебі Бағдад

халифтері дипломатиялық байланыс орнату барысында әскербасыға хат жазған. 922 жылы Оғыз жабғулығына Еділ бұлғарларына аттанған Бағдад халифының елшілері тоқтайды. Елшілікті Ибн Фадлан басқарып, ол оғыздар жайлы деректер қалдырған. Деректерде Ибн Фадлан оғыз жабғуының атын келтірмей, сюбашыны Қатағанның ұлы Этрек деп атап өтеді. Зеке Валиди Тоғанның пікірінше, оғыздардағы жабғу титулы хазарларға деген вассалдықты білдірген (Sümer, 1962, S. 42).

Дегенмен, Ф. Сүмер Оғыз жабғулығы X ғасырда дербес мемлекет болғандығын алға тартады. Олардың жалпы территориясы шамамен 1 млн шаршы км-ді құрап, алайда үлкен иелігін Қаракұм мен Қызылқұм алып жатқандығын көрсеткен. Тайпалардың сандық құрамы әртектес болып, кейбір тайпаларда адам саны бірнеше жүз мыңға дейін жетеді. X ғасырдағы оғыз тайпаларындағы жалпы халық саны 1 млн-ды құраған (Togan, 1946, S. 43).

Оғыз мәселесі көп уақыттан бері зерттеліп жүргенімен, әлі де көптеген шешімін таппаған гипотезалар бар. Оғыз тарихы мен этногенезіне ерекше қызығушылықты ерте кезеңде Махмұд Қашғари танытқан. Бірқатар тарихшылардың пікірінше, "оғыз" этнонимі бастапқыда сандық көрсеткішті білдіретін түркі тайпасына қолданылыпты. Қытай және түркі деректерінде "оғыз" термині шаруашылық субъекті ретінде айтылады. Оғыз тайпалары Арал маңы далаларында түркілер мен жергілікті шыққан тегі финн-угор және үндірандық тайпалармен араласуы барысында қалыптасқан. Агаджановтың пікірінше, оғыз тайпалары Оңтүстік Сібір мен Алтайдан бастапқыда Жетісуға, кейін Сыр бойына қоныстанады (Ужкенов, 2007, с. 32-36).

Оғыздар Хорасан, Хорезм, Мәуереннахр аймақтарымен шекаралас болды. Мәліметтерді талдау барысы Солтүстік Каспий маңы, Қызылқұм, Қаракұм аймақтары Оғыз шөлі деген топониммен аталғандығы жөнінде пікір қалдыруға мүмкіндік беріп отыр.

VIII-XI ғғ. оғыздар 3 бөлікке ыдырайды. Бір бөлігі Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал маңында қалса, селжұқтар Закавказьеден асып Кіші Азияда бекінді. Үшінші тобы Орал мен Еділден асып, Шығыс Еуропада қыпшақ және басқа да халықтармен араласқан. XI ғасырдан бастап, оғыздар түркмен атауымен белгілі болып, Түркия, Әзірбайжан, Иран, Ирак, Түркмения түркілері осы этнониммен аталды. Селжұқ, Осман, Сефевид империяларының негізін оғыздар қалаған. Оғыздардың даңқты тарихи жолы оғыз фольклорында, соның ішінде "Китаби дәләм Коргут" эпосында көрініс тапты.

Қазіргі уақытта оғыздардың үлкен топтарының Шығыс Еуропаға қоныс аударуы туралы қазақ тарихында деректер аз. О. Гундогдыев оғыздардың батысқа миграциясын 2 топқа: солтүстік және оңтүстікке бөлген.

Шығыс Еуропаға бағытталған көшті шартты түрде "солтүстік" деп атайды. Шын мәнінде, оғыздар IX ғасырда Еуропада белгілі болды. Бірақ, олар аса белсенділікті XI ғ-да көрсете бастайды. Сырдария оғыздарынан бөлініп, печенегтер Хазар қағанатының шекарасында тайпалық одақ құра бастайды. Сонымен қатар, бұл кезеңде Хазарияның шекарасына жақын орналасқан және Оғыз мемлекетінің құрамына кірмеген басқа да оғыздар аталады. Олар Аралдан Каспийге дейінгі үлкен кеңістікті алатын "ғұз даласы" аталған аумақты қоныстанып жатты (Гундогдыев, 1995, с. 1-2).

Хазар қағаны, өзіне бұрын бір бөлігі бағынған печенегтердің (бечененің) күшеюіне жол бергісі келмеді. Ол оғыздармен әскери одақ арқылы жаңа қарсыластарын бірлескен күшпен талқандауға үмітті болып отты. Бұдан кейін не болғанын византиялық император Константин Багрянородныйдың 948 жылы жазылған "Мемлекетті басқару туралы" трактаты баяндайды: "... Печенегтер бастапқыда Атиль (Еділ) және Гехе (Орал) өзенінде мекен етіп, хазар және оғыздармен көрші болған. Уздар осыдан елу жыл бұрын хазарлармен бірлесе отырып печенегтерді қуып шығады, қазіргі уақытта аталған аймақты осы күнге дейін узы деп аталған халық қоныстанған" (Ахинжанов, 1989, с. 185-191).

Осылайша, нәтиже күткендегіден асып түсті. 898 жылы оғыздар Хазар қағаны жоспарлағандай печенегтерді талқандайды. Печенегтер батысқа кетіп, оғыздар Хазар қағанаты шекарасына жақындаған. Печенегтер Днепр, Дунай, Дон бойындағы даланың жаңа иелеріне айналды. 915 жылы печенегтер алғаш Русьте бой көрсетуін жылнамалар былайша бейнелеген: «Придоша печенеги первое на Русскую землю и, сотвориша мир с Игорем, идоша к Дунаю» (Гундогдыев, 1998, с. 12-17).

Константин Багрянородный печенегтерді екі қанаттан тұратын 8 тайпаға бөлген. Л.Н. Гумилевтің пікірінше, X ғасырда далада түркі тайпаларының күші бірдей болып, әр тайпа өз территориясында көшіп қонған, бірақ, "X ғасырда, ғасырлық қуаңшылық далалық аймаққа келіп, Арал маңындағы оғыздар мен печенегтер Алтай маңындағы қыпшақтарға қарағанда көбірек шығынға ұшырайды".

Арал маңы оғыздары қыпшақтардың қарқынына төтеп бере алмай, батысқа қоныс аударады. Бірақ, бұл аймақта, өздерінің ислам дінін қабылдаған тайпаластарымен күрес жүргізуіне тура келген. XI ғасырдағы автор Шараф ат-Тахир әл-Марвази: «После того как гузы сделались соседями областей ислама, часть их приняла ислам и стала называться туркменами. Между ними и теми гузами, которые не приняли ислам, началась вражда. Число мусульман среди гузов умножилось, а положение ислама у

них уллучилося. Мусульмане взяли верх над неверными, вытеснили их из Хорезма в сторону поселений печенегов» (Гумилев, 1991, с. 360).

Ислам динін қабылдамаған "дінсіз ғұздар" орыс жылнамаларында "торк" этнонимімен аталды. Оғыз тайпалары печенегтерді ығыстырып, бірінен соң бірі келіп жатты. XI ғасырдың 30-жылдарында Қара теңіз маңы далаларында екінші ірі шайқастан соң, Солтүстік Қара теңіз маңы толығымен оғыздардың қоластына өтеді. Азов теңізі – Ғұз теңізі деп атала бастаған. 40-жылдары қыпшақтар мен оғыз-мұсылмандар тарапынан екі жақты қыспаққа ұшыраған оғыз тайпаларының қалдықтары келеді.

1040 жылы Тоғрыл-бек бастаған қынық тайпасы Дандакан түбінде жеңіске жетіп, Ұлы Селжұқ империясының негізін қалаған. Селжұқтар Оғыз жабғулар мемлекетінің негізін құраған "дінсіз оғыздарды" қыспаққа алады.

Селжұқ династиясына бағынбаған оғыз тайпалары 1049 жылдан бері Русьпен қарым-қатынасқа түсіп, 1055-1060 жж. еуразия далалары үшін Русьпен оғыздар арасында шайқастар болған. 1064 жылы оғыздардың бір бөлігі Дунай асып, Македония мен Фракияны соғыспен өтіп, Константинопольге жақындайды. Гректерден үлкен салық алған солтүстік оғыздар Византия империясы астанасы маңынан кеткен.

Византиялық деректердегі уздар, империяның Балқандық провинциаларына көшіп, болгарлар шабуылы мен эпидемиядан толығымен дерлік жойылады. Аман қалған бөлігі император бұйрығымен Македонияға қоныстандырылып, Византия әскерінде оғыз атты әскерлері пайда болған. Жекелеген оғыз қолбасшылары Византияда жоғарғы мемлекеттік қызметтерге тағайындалғаны белгілі (Расовский, 1933, с. 45-58).

Оғыздар Киев Русінде үлкен әскери және саяси рөл атқара бастады. Оғыздар төменде көрсетілген жылдарда орыс жылнамаларында торктер атымен аталған: 985, 1054, 1055, 1060, 1080, 1093, 1095, 1097, 1098, 1105, 1116, 1121, 1125, 1126, 1151, 1154, 1159, 1160, 1161, 1162, 1169, 1170, 1171, 1172, 1173, 1190, 1235 (Плетнева, 1973, с. 63).

Олар: печенег (бечене), берендейлер (баяндыр тайпасы), каепичтер (қай-оба оғыз тайпасы), ковуилер (қайы оғыз тайпасы), боуттар (баят оғыз тайпасы); сондай-ақ жеке рулық атаулар: басты, турпей, шелбир, реугы, ольбер, татрандар деп кездеседі.

Оғыздар Русьтің қыпшақтар жолына бөгет жасайтын табиғи қалқаны қалқаны болған. 1093 жылы, оғыздар негізгі соққыны өздеріне алады. Оғыз тайпалары атауына қатысты Русь жерінде 200-ге жуық бекініс, аймақ атаулары бар (Расовский, 1933, с. 45-58).

Русь жерінде мекен еткен – баяндур, печенег, қайы, баят тайпалары аман қалу үшін бірігу қажеттілігін түсінеді. Біріктіруші рөлін баяндур тайпасы атқарған. Жаңа тайпалық одақ "қарақалпақ" немесе орыс жылнамаларында "қара клобуктер" атауымен белгілі болды. Бұл атау алғаш рет 1146 жылы аталған (Барина, 2018, с. 261-269).

Қара клобуктер Киев князьдерінің белсенді көмекшісіне айналады. 1146-1202 жж. аралығында орыс жылнамалары бетінен түспеген тұғын. Олар, Русь үшін тек сыртқы жаулармен ғана емес, ішкі қарсыластарға қарсыда шайқастарға қатысады. Киевтіктер мен бірге өздеріне ыңғайлы князьдерді тағайындап отырған. Олжас Сүлейменов, "Оғыздар XI ғасырда Киев вечесінде Русь тұрғындарымен бір қатарда князь тағайындауға қатысып, өте беделді болғандығын" жазады (Сүлейменов, 1975, с. 83).

Оғыздар Киев тұрғындарымен тең құқықта Русь жерінде тұрды. Әрине, табиғатынан жауынгер бола отырып, олар Киев князьдерінің сенімді достарына айналған, ал олардың әскербасшылары, ең қарапайым орыс үлестік князьдері-феодалдар сияқты, өзіне вотчинаны талап етті.

Оғыз тайпалары Русь, Закавказье жері топонимикасында тайпалық этнонимдерін қалдырды. О. Гундогдыев, А. Гусейнзаде еңбектерінде осы мәселе зерттелген. Аталған аймақтардағы оғыздық топонимдер туралы қысқаша тоқтала кеткенді жөн санаймыз.

Оғыз-түркмен тайпаларының орыс князьдіктері, соның ішінде Киев Русі саяси тарихында маңызды рөл атқарғаны белгілі. Орыс жылнамалары X-XII ғғ. оғыз-түркмен тайпалары берендейлер (баяндыр), боуттар (баят), ковуилер (қайы), тиверлер (тувер), печенегтер (бечене) Русь жерінде бірқатар қалалардың негізін қалайды. Бұл қалалардағы қазба жұмыстарына қатысқан академик Рыбаков былай дейді: «По берегам реки Роси возникли города, заселенные черноклобуцкой знатью (черные клобуки - союз огузских племен), Юрьев, Торческ, Корсунь и др. Черные клобуки играли важную роль... и нередко влияли на выбор того или иного князя» (Куник, 1854, с. 2-3).

Жауынгер оғыз-түркмен әскері бар Киев Русі өз иеліктерін кеңейтіп отырған. Басты қалалары Торческ пен Канев болған оғыз қалалары баю үстінде болады. Екі қала Русьтегі оғыз-түркмен князьдігі астанасы болуға үнемі бәсекелес тұғын.

1177 ж. орыс жылнамалары Ростов қаласына барар жолда "алты берендей (баяндыр) қалалары" болған дейді. Берендейлер мен печенегтер, Прилук, Посечен, Ростовец, Неятин қалаларында тұрған. Еділ бойындағы оғыздардың ірі қаласы – Саксин.

Орыс жылнамаларындағы оғыз қалалары оғыз-түркмендік атауға ие болмаған. Оғыз-түркмен тайпалары орыс топонимикасында көп атау қалдырады. Олардың кейбірі әлі күнге дейін сол атаумен аталуда:

Галицк княздігінде – Торки, Торчиновичи, Печенежин, Печенея ауылдары;

Киев княздігінде – Торч өзені, Торчицы, Торчин, Торков ауылдары, Торч аңғары;

Переяслав княздігінде – Малая және Великая Каратуль;

Новгород-Север княздігінде – Торкин елді-мекені, Печенюги ауылы;

Суздаль-Ростов княздігінде – Торкино, Берендеево, Торки ауылдары, Берендеево батпағы;

Рязань княздігінде – Торческ қаласы.

Украина жерінде аймақтардың оғыз-түркмендік атаулары сақталған. О. Гундогдыев Сырдария бойындағы оғыз қалалары зерттеу мәселесімен бірге, Украина және Ресей жеріндегі оғыз қалаларын зерттеуді үлкен "оғыз мәселесіне" біріктіреді (21, 2-3 бб.).

XI ғ. ортасында Әзірбайжан территориясын оғыз-селжұқтары жаулап алған. Осының нәтижесінде, Әзірбайжан топонимикасында түркілік компонент қалыптасты. Рашид ад-Дин, Махмұд Қашғари атап кеткен 22 оғыз тайпасына, қарық және қарқын тайпаларын қосып, оғыз жаулау жорықтарына ұйғыр, қаңлы, қарлұқ, қыпшақ, халадж, акаджери тайпалары қатысқандығын көрсетеді. А. Гусейнзаденің пікірінше, оғыз тайпаларының ішінде – афшар, баят, баяндыр, бекділі, чепни, джувалдар, әймур, салор, тукар Әзірбайжан топонимиясында із қалдырады (Гейбуллаев, 1986, с. 27-28).

Дегенмен, бұл тізім толық емес екендігін айтқан жөн. Әзірбайжан топонимиясында 17 оғыз этнонимі белгілі афшар, қайы (қая), қарық, баят, әймур, ива, қарқын, джувалдар, баяндыр, бекділі, дукер, гараули, канглы, халадж, караболюк, чепни және салор. Кейбір Әзірбайжан ойконимдерінде қая компоненті орын алуда: Баллыгая (Кубатлин ауданы), Гаябаши (Варташен ауданы), Гаядиби (Тауз ауданы), Гаядали (Кубин ауданы), Гарагая (Ках, Шемаха, Исмаил, Ярдимлы аудандары). Аталған компонент, жартас мағынасына, мысты жартас аудармасына ие (Гейбуллаев, 1986, с. 28-30).

Баяндыр тайпасы Баяндурлы ойконимы мен Баяндурчай гидронимінде із қалдырған. А. Гусейнзаде бойынша, ива этнонимі тек Джува ойконимінде кездеседі. Дегенмен, А. Гейбуллаев зерттеулері фонетикалық өзгерген бұл этнонимнің тағы 3 ойконимде кездесетінін көрсетіп отыр. Әзірбайжан тілінен бұл этноним аударғанда үй мағынасын беруде.

Салор этнонимі жалғыз Салер ойконимінде көрініс тапты. Р. Юзбашев пен А. Гусейнзаде пікірінше, афшар этнонимі Апшерон жартыаралына сәйкес. Афшарлардың бір бөлігі, исаллу аталып, қазіргі Джалилабад қаласының бұрынғы Асуллу атауын береді (Гейбуллаев, 1986, с. 30-31).

Бекділі этнонимі екі Бейдили этнонимінде кездесуде. Әймур тайпасы Әймур, Имир ойконимдерін қалдырған. Караболюк этнонимі ойкономияда кездеспесе де, Қазақ ауданындағы Гарабалық атауын фонетикалық тұрғыдан караболюк этнонимінен шықты деуге негіз бар. Джувалдар этнонимі бар ойконим бүгінгі күні жоқ.

Қарлұқ тайпасы құрамына шігілдер кірген. Бұл атау Чигил чай гидронимінде көрініс табуда. Қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтары қалыптасуында маңызды рөл атқарған – қаңлы тайпасы. Қаңлы тайпасы Әзірбайжандағы этникалық процесстерге үлес қосады. 1218 жылы монғолдармен бірге батысқа жылжыған қаңлылар Бозалғанлы, Гарағанлы, Диварғанлы, Ганлыкенд ойконимдерін қалдырған. Ұйғыр этнонимі Угрукенд ойконимімен таныстырылуда (Гейбуллаев, 1986, с. 31).

IX-XIII ғғ. Шығыс Еуропада печенег, оғыз, қыпшақ тайпалары өзара байланысқа түседі. VIII-X ғғ. басында Хазар қағанаты Батыс Қазақстан, Солтүстік Каспий, Орал маңы далаларында саяси билікті өз қолында ұстаған. Кейіннен, хазарлар орнына – печенег, оғыз тайпалық одақтары келеді.

"Печенег" сөзінің этимологиясы әлі күнге дейін белгісіз. Кейбір зерттеушілер бұл атаудың печенегтердің аңызға айналған алғашқы көсемі Бече атынан бастау алады деуде. "Печенег" сөзін "өзіндік", "балдыз" аудармасын береді деген пікірді жақтаушылар бар. Ертеде, печенегтер оғыз билеушілеріне қыз беретін беделді тайпа болған (Гундогдыев, 1998, с. 2-3).

Оғыз тайпаларының Кіші Азия, Хорасан жерлерінде орналасуымен олардың топонимикалық атаулары да бірге келді. Мысалы, қазіргі таңда Түркиядағы портты қалалардың бірі Орду қаласын, Түркменстандағы Дашоғыз уәләтын жатқыза аламыз. Анадолы жеріне қоныстанған кезде, оғыз-түркмен тайпаларында олардың дәстүрлі «үш оқ» және «бұз оқ» немесе оң және сол қанатқа бөлінуі сақталған. Бұз оқ тайпалары үш тайпаларынан солтүстікке қоныстанған. Орталық Анадолының солтүстігінде қазіргі күнге дейін Бұз оқ қыраты топонимы бар.

Ұзақ уақыт бойы Осман империясында осы административті бірлік Йозгат қаласы маңында сақталған. Измир уәлаятында Байындыр уезді орталығы бар, бұл Махмұд Қашғари белгілеген 22 тайпаның ішіне кіретін Баяндұр тайпасының атауы. Кіші Азияда оғыз топонимиясы кең көлемде кездеседі. Анкара уәлаятында 24 тайпаның 17-сінің атауы топоним ретінде кездеседі. Оғыз топонимдері Орталық Анатолияда көбірек, ал батыс аудандарда салыстырмалы түрде азырақ, шығысында мүлде аз. Бұл мәселе, оғыздармен түркмендердің көшпелі болуымен түсіндіріледі. М.Х. Йынанч пікірінше, оғыздар таулы аймақтарды емес, орталық аймақтардағы жазық далаларды алғаш қоныс еткен. Оғыздардың қынық тайпасымен байланысты 28 топоним бар. Анатолиядағы ең үлкен тайпа болғанына, сұлтандардың одан 4 түмен, ал басқа рулардан бір түменнен сарбаз алуы дәлел болады. Анатолияда қайы тайпасыда көпсанды болды, оған қатысты 27 топоним сақталған. Анталья ауданының ұзақ уақыт Теке елі, олардың билеушілері Теке бейлері аталуы түркмендік этнонимдердің Анатолия топонимінде қолданғанына негіз болады (Гордлевский, 1941, с. 120-124).

Белгілі тарихшы М.И. Артамонов, оғыздардың Русь жеріндегі қызметіне қорытынды жасаған. Ол "Ғұздар мен славяндарды Киевтің алтын үстелі айналасында бірігуі туралы айтты, ал бұл бірлестік, өз кезегінде, тек Русь мемлекеттілігінің ғана емес, сонымен қатар Ежелгі Русь мәдениетінің қарқынды өсуі үшін де мүмкіндіктер мен перспективаларға негіз болады" (Артамонов, 1962, с. 458).

1240 жылы Киевті моңғолдар басып алғаны белгілі. Көптеген оғыз тайпалары Алтын Орданың құрамына кірген, онда қыпшақтар оң жақ қанатын, ал оғыздар сол жақ қанатын басқарады. Алтын Орда құрамына тікелей кірмеген оғыздар кейіннен казактар деп аталған (Гундогдыев, 1996, с. 11-15).

Қорыта келгенде, оғыз тайпалары археологиялық ескерткіштерін зерттеу мәселесі оғыз этникалық тарихына тоқталуды қажет етеді. Сол себепті де, алғашқы бөлімде қысқаша оғыз этникалық тарихына, деректер хронологиясы, зерттеулерге қысқаша талдау жасадық. Қазақ тарихындағы оғыз компоненті бүгінде зерттеуді қажет етеді. Оғыз тайпаларының миграциясы туралы О. Гундогдыев деректер келтіріп, Ресей, Украина жерлеріндегі қалалардың зерттелуін Сыр бойындағы оғыз қалаларымен бірге үлкен "оғыздық мәселеге" біріктіруде. Аталған пікірге қосыла отырып, бұл бөлімде оғыз тайпалары атауларының Шығыс Еуропа, Закавказье жеріндегі аймақ топонимдерінде кездесуіне тоқталдық. Қазақстан жерінде де оғыздық топонимдер кездеседі. Аталған проблематикалардың барлығын оғыз этникалық тарихы мәселелеріне біріктіріп, болашақта үлкен талдау жасаймыз деген ойдамыз.

Әдебиеттер

- Агаджанов С.Г. Сельджукиды и Туркмения в XI–XII вв. Ашхабад: «Ылым», 1973. – 163 с.
- Агаджанов С.Г. Основные проблемы истории огузских племен Средней Азии. – Л.: ФИТН, 1967. – 220 с.
- Агаджанов С.Г. Государства Сельджукидов и Средняя Азия в XI–XII вв. – М.: Наука, 1991. – 303 с.
- Артамонов М.И. История хазар. – Л.: Издательство Гос. Эрмитажа, 1962.– 456 с.
- Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата: Ғылым, 1989. – 293 с.
- Баринаева Е.В. Этнокультурные контакты средневекового населения Восточного Приаралья по данным археологических исследований XX века // Вестник РУДН. Серия: Всеобщая история 2018. – С. 261-269.
- Бартольд В.В. Тюрки: двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 290 с.
- Бубенок О.Б. А. П. Ковалевский как исследователь прошлого огузов // The World of the Orient, 2015, № 4. – С. 10-15.
- Гейбуллаев Г.А. Топонимия Азербайджана. – Баку: Элм, 1986.– 67 с.
- Гордлевский В.Л. Государство Сельджукидов Малой Азии. – М.: Издательство АН СССР, 1941. – 204 с.
- Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. – М.: АСТ, 1991. – 393 с.
- Гундогдыев О.А. Казаки // Политический собеседник. № 7. Ашхабад, 1996. – С. 11-15.
- Гундогдыев О.А. Огузы в Древней Руси // Вечерний Ашгабат. – 1995. – 20 октября.
- Гундогдыев О.А. Печенежское государственное объединение // Туркмен тарыхында девлет меселеси (гадымыет ве орта асырлар). – Истанбул, 1998. – С. 12-17
- Запорожец В.М. Роль тюрк-сельджуков в исторических процессах на Ближнем и Среднем Востоке в XI – начале XIV века. – М.: Наука, 2017. – 504 с.
- Ковалевский А.П. Ибн Фадлан. Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу (перевод А. П. Ковалевского) / Под. ред. акад. И. Ю. Крачковского. – М.- Л.: Изд-во АН СССР, 1939. – 228 с.
- Ковалевский А.П. Книга Ахмеда Ибн-Фадлан о его путешествии на Волгу в 921– 922 гг. – Харьков, 1956. – 345 с.
- Куник А. О торкских печенегах и половцах по венгерским источникам // Записки Академии наук. - Отд. I, III., 1854. – С. 733.
- Плетнева С.А. Древности Черных Клобуков. – М.: Наука, 1973. – 96 с.

- Плетнева С.А. Печенеги, торки, половцы // Степи Евразии в эпоху средневековья (Археология СССР). – М.: Наука, 1981. – С. 20-27.
- Расовский Д.А. Печенеги, Торки и Берендеи на Руси и в Угрии // Семинариум кон- даковичанум. – Прага, 1933. – № VI, С. 45-58.
- Сулейменов О. Аз и Я. – Алма-Ата: Ғылым, 1975. – 190 с.
- Ужкенов Е.М. Огузы на территории Казахстана// Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, "Тарих және саяси әлеуметтік ғылымдар" сериясы. – 2007. – № 2 (13), С. – 32-36.
- Sümer F. Oğuzlar (Türkmenler). Tarihleri-boy teşkilati-dcstanları. – Ankara, 1972. – S. 62.
- Togan Z. V. Umumi Türk tarihine giriş. Cilt I. İstanbul. 1946. S. 175.

S.B. Yesbay

ETHNIC HISTORY OF THE OGHUZ TRIBES: A HISTORIOGRAPHICAL OVERVIEW

This article deals with the problem of the ethnic history of the Oghuz tribes. Today, the study of the history of tribal States is very relevant. Sources on the history of the Oghuz tribes mainly consist of Arabic-language works. In the works of al-Idrisi, Balazuri, Ibn Fadlan the first mention of the Oghuz tribes occurs. In the research of S. P. Tolstov, S. G. Agadzhanov, and O. A. Gundogdiev the Oghuz problem in Russian history is raised. One of the main problems in the history of Oghuz tribes is the localization of Oghuz cities. The article shows the period of migration of Oghuz tribes to the West. The studied problem reflects one of the topical issues that has its own place both in Russian history and foreign historiography.

Тажекеев А.А., Алибай Б.Е.

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата
г. Кызылорда, Казахстан
E-mail: azik8484@mail.ru*

КЕРАМИЧЕСКИЙ МАТЕРИАЛ С ГОРОДИЩ СОРТОБЕ 1 И 2 ЗА ПОЛЕВОЙ СЕЗОН 2019 г.

ГородищаСортобе1 иСортобе2 расположены в 12 км к западу от села Жосалы Кармакшинского района Кызылординской области Республики Казахстан. Разведочные работы на городищахСортобе были начаты в 2007 году отдельным разведочным отрядом Чирикратской археологической экспедиции под руководством Ж.Курманкулова (нач. отряда А.А.Тажекеев) и международным научным центром «Археолог» (директор М.Елеуов). На памятниках были сделаны обмеры, собран подъемный материал и установлено, что памятники находятся в аварийном состоянии (Курманкулов, Тажекеев, Кзылбаев, 2007, с. 345-346). Археологические исследования на обоих объектах были начаты с 2017 года. В 2018-2019 годах исследования на Сортобе 1 и Сортобе 2 были продолжены. Исследования на Сортобе 1 продолжались изучением двух основных объектов: раскопа 1 – разрез стены и раскопа 2 – жилой квартал. На городище Сортобе 2, также продолжены исследования жилого участка на цитадели – раскоп 1, а в районе предполагаемого рабата заложен шурф. Найденный на городищах археологический материал представлен преимущественно большим количеством фрагментированной керамики, изделиями из металла, камня и кости (рис. 1).

Керамика с городища Сортобе 1, Раскоп 1.

Объектами исследования нынешнего полевого сезона на Сортобе 1 Раскоп 1 были помещения 5,6 и 7, в которых практически повсеместно на уровне первого (-20-93 см) и второго строительного горизонтов (-93-140 см) встречается керамический материал, в основном ручной лепки, часты находки кухонных венчиков с нагаром. Фрагментов круговой керамики немного, они представлены венчиками и стенками столовых сосудов.

В помещениях 5 и 6 пределах обоих строительных горизонтов от -95 см до 137 см найдены фрагменты керамической посуды. Это крупные красно- и темно-глиняные лощеные кувшины ойнохоевидного типа с красным или черным ангобами, фрагменты крупных лепных хумов кирпично-красного и темно-коричневого цветов, на внешней поверхности которых фиксируется ангобная обмазка или потеки ангоба, красноглиняные фрагменты корыт, также покрытые ангобом, фрагменты сковород и тандыров.

1. Керамический кухонный горшок (рис. 2) обнаружен в помещении 6 на глубине -135 см. Сосуд ручной лепки, с широким устьем, горловина невысокая, тулово, раздутое яйцевидной формы. Посуда сформована из среднеоожеженной глины, с примесью шамота. Обжиг качественный, цвет черепка

светло-коричневый. На внешней поверхности тулова прослеживается обмазка густым раствором в виде пальцевых разводов. Следы лощения отсутствуют. На внешнем крае венчика имеется орнамент в виде вертикальных насечек.

2. Керамическое пряслице (рис. 3) обнаружено в квадрате 8 помещения 7 на глубине -125 см. Предмет конусовидной формы, со сквозным центральным отверстием. Оно изготовлено ручной лепкой, из высокожелезистой глины, с примесью шамота, обжиг качественный, цвет кирпично-красный. На внешней поверхности предмета не имеется, а и лощения. На поверхность основания предмета нанесен орнамент из двух поясов точечных вдавлений и одного резного круга между ними.

3. Керамический светильник с поддоном (рис. 4) обнаружен в помещении 6 на глубине -137 см. Предмет представляет собой пиалобразную емкость со сливом, в нижней части емкость переходит в ножку, которая утеряна. Посуда выполнена ручной лепкой, из высокожелезистой глины, с примесью шамота, обжиг некачественный, цвет черепка колеблется от кирпично-красного до темно-серого. На внешней поверхности светильника следов обработки не прослеживается. На внутренней стенке посуды четко фиксируются следы черного ангоба. Остатки нагара не прослеживаются.

Описание керамического материала с городища Сортобе 1, Раскоп 2.

На Раскопе 2 были продолжены исследования жилого квартала, на котором археологический материал происходит из помещений 11, 12, 13, 14, 15, двор в квадратах 5,6,7,8в пределах первого и второго строительного горизонтов. Наиболее интересный керамический материал представлен с -40-70 см из первого строительного горизонта и до -170 см из второго строительного горизонта.

Керамика представлена фрагментами венчиков, стенок и дна лепных кухонных горшков и крышек, с нагаром на внешней поверхности, фрагментами тарных кувшинов средних размеров с черным и красным ангобом по внешней поверхности и лощением. Встречаются лепные фрагменты хумов, корыта, тандыров. Незначительное количество фрагментов лепной столовой посуды – кружек и мелких кувшинов. Чаще чем на Раскопе 1 встречаются фрагменты круговой посуды. Это фрагменты небольших сероглиняных тарных горшков и кувшинов с массивными ручками, есть фрагменты дастарханов.

1. Амфоровидный кувшин с двумя ручками (рис. 5) обнаружен в квадрате Г5 на глубине -172 см. Предмет археологически целый, дно утеряно. Горловина кувшина средней высоты, несколько сужена, по двум ее противоположным сторонам имеются налепные ручки, тулово удлиненной яйцевидной формы, расширенное в верхней части. Сосуд изготовлен на гончарном круге отдельными частями, на внешней поверхности четко читаются линии стыка. Сформован кувшин из высокожелезистой глины, с примесью дресвы и органики. Обжиг качественный, цвет посуды кирпично-красный. На внешней поверхности кувшина имеется ангоб, нанесенный неким предметом мазками.

2. Фрагмент керамического сосуда (рис. 6) обнаружен в квадрате Г6 на глубине -172 см. Сосуд зафиксирован без верхней части с утерянным горлом и плечиками. В придонной части имеются два шишечных налеса, прикрепленных по вертикальной линии. Сосуд сформован ручной лепкой из высокожелезистой глины, с небольшой примесью шамота. Обжиг качественный, цвет посуды кирпично-красный. На внешней поверхности кувшина не прослеживается ангоб, орнамент, или лощение. На внешней поверхности дна сосуда имеется резной знак в виде креста.

Описание археологического материала с городища Сортобе 2, Раскоп 1, шурф.

Городища Сортобе 2 Раскоп 1 исследованы четыре строительных горизонта, и заложенный вблизи шурф. Из этих двух объектов происходит ниже представленный археологический материал. В пределах верхнего строительного горизонта от -20 см до -100 см, происходит более поздний материал, представленный фрагментами керамики с голубой поливой, фрагментами сероглиняной круговой керамики. В пределах помещений второго строительного встречаются фрагменты лепной керамической посуды, представленной фрагментами кухонных горшков, крышек, хумов с потеками темно-коричневого ангоба.

В пределах вскрытых помещений на Раскопе 1 на глубинах -108-175 см, зафиксированы фрагменты хумов ручной лепки, сформованы из высокожелезистой глины с примесью шамота и дресвы, есть фрагменты хумов, сформованных на гончарном круге с примесью дресвы. На поверхности некоторых фрагментов хумов имеются потеки темно-коричневого ангоба, есть фрагменты с резным орнаментом в виде свисающих гирлянд. Диаметры устья хумов судя по сохранившимся фрагментам горловин колеблются до 30 см. Встречаются фрагменты круговой посуды, из нижних строительных горизонтов происходящие из впускных ям более позднего периода в основном это фрагменты небольших сероглиняных горшков и крупных кувшинов с массивными ручками, сформованные на гончарном круге.

1. Развал керамического сосуда (рис.7) обнаружен в помещении 5 в яме более позднего периода на глубине -115 см. Сосуд представляет собой крупный тонкостенный горшок, с высокой горловиной, слегка расширенным, яйцевидной формы туловом. На верхнем крае венчика и плечики сосуда наклеены две ленты, которые оформлены узором в виде пальцевых защипов. Сосуд сформован ручной лепкой из высокожелезистой глины, с небольшой примесью шамота. Обжиг некачественный, цвет посуды от темно-серого до кирпично-красного. Ангоб или лощение не прослеживается. Сосуд склеен лишь частично, восстановлены горловина, тулово, дно, однако отсутствуют фрагменты в зоне перехода тулова ко дну. В связи, с чем не удалось восстановить высоту сосуда.

2. Фрагменты сероглиняного керамического кувшина (рис.8) обнаружен на глубине -50 см. Сосуд представляет собой крупный тарный тонкостенный кувшин с узкой горловиной, раздутым туловом и массивной вертикальной ручкой. Ручка прикреплена к верхнему краю горловины и средней части тулова. Сосуд сформован на гончарном круге из слобоожезистой глины, с примесью песка и шамота. Обжиг качественный, цвет посуды светло-серый. Ангоб или лощение не прослеживается. На одном из участков верхней части тулова имеются прямые вертикальные резные линии. Сосуд склеен лишь частично, восстановлены горловина и тулово, фрагменты дна не найдены. В связи, с чем не удалось восстановить высоту сосуда.

3. Керамического пряслица обнаружено в шурфе на глубине -144 см. Предмет выточен из фрагмента черепка керамического сосуда, имеет форму неправильного диска, с недоработанными краями, по центру пряслица имеется сквозное отверстие. Изготовлен из фрагмента сосуда круговой гончарной лепки, из высокожелезистой глины с примесью среднезернистого песка, обжиг качественный, цвет светло-коричневый. Следов ангоба, орнамента или лощения на внешней поверхности не прослеживается.

Описание археологического материала с городища Сортобе 2, шурф.

1. Весьма интересной находкой является медный казан обнаруженный в шурфе на глубине -137 см. Сохранилась лишь верхняя фрагментированная часть посуды. Предмет сильно корродирован, четкие его контуры утеряны.

Таким образом, на основе анализов керамического материала с городищ Сортобе 1, Сортобе 2 в полевом сезоне 2019 года выявленный керамический материал представлен в основном посудой. Аналогии этим изделиям мы находим на городище Джанкент (Амиргалина Г.Т. Керамический комплекс // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011-2014 гг.). – Алматы: Издательство «Арыс», 2014. С. 188-240. на городищах комплекса асарской культуры (Левина, 1971), на городище Сауран (Смагулов, 2011). Найденная посуда преимущественно тарного типа – хумы, кувшины, тандыры. Есть фрагменты кухонной посуды – сковороды, горшки, корыта. В отличии от керамических находок предыдущих годов в нынешнем полевом сезоне было выявлено немало светильников, как фрагментированных, так и целых. Особенно следует отметить помещения 5,6,7 городища Сортобе 1 Раскопа 1, где выявлены светильники около десятка экземпляров, представленных несколькими формами. Остальные категории керамических изделий (кружки, кувшины, крышки; бытовые изделия – чигири, сфероконусы, пряслица, изваяния, очаги-подставки в виде голов баранов) тоже встречаются, но численно их меньше.

Декор на керамических изделиях менее разнообразен, чем, к примеру, керамика с городища Джанкент. Он не отличается большим разнообразием, как в технике нанесения, так и в тематике рисунков, эта ситуация прослеживалась и на керамике, выявленной на Сортобе в полевом сезоне прошлого 2017-2018 годов. Наиболее характерные способы нанесения рисунков – это резьба краем острого предмета по сырой глине, имеются налпы, обмазка сырой глиной и пальцевые разводы поверх сырой глины, часты насечки косые и прямые на венчиках и плечиках сосудов. Наиболее характерный орнаментальный декор на изделиях – геометрический. Это треугольные вдавления нанесенные техникой штампа, и прямоугольники образованные резными линиями. На фрагментах дастарханов встречается штампованный орнамент из кругов и пальцевых разводов. Встречается налепной орнамент, представленный на фрагментах чигирей в виде шишечек или антропоморфный орнамент на туллове хумов. Интересными является резные тамги на внешней поверхности дна тарных сосудов.

Керамический комплекс городища Сортобе сложный и неоднородный по своему составу. Прежде всего, он находит широкие аналогии среди материалов средневекового городища Джанкент, о чем уже неоднократно говорилось в ходе анализа керамики предыдущих лет. Сходство проявляются в коллекции посуды, изготовленной ручным способом. Параллели можно провести между кухонными горшками, сковородами, кружками на Сортобе и на Джанкенте. Схожесть проявляется в сковородах на обоих городищах, только на сортобинских сковородах на дне посуды не прослеживаются следы

зерновых подсыпок, что характерно для джанкентских сковород. Для сортобинских сковород в качестве подсыпок при формовке использовалась сухая глина и шамот по результатам находок нынешнего года.



Рис. 1. План городище Сортобе 1



Рис. 2. Керамический кухонный горшок




Рис. 3. Керамическое пряслице



Сортобе 1 - 2019,
P1, кв. 10, пом. 10,
-137 см, №13

Рис. 4. Керамический светильник с поддоном



Сортобе 1 - 2019,
P2, кв. Г6, -172 см,
№11.



Рис. 6. Фрагмент керамического сосуда



Сортобе 2 - 2019,
P1, участок В,
-115 см

Рис. 9. Развал керамического сосуда



Сортобе 1 - 2019,
P2, кв. Г5, -172 см
№9

Рис. 5. Амфоровидный кувшин с двумя ручками



Сортобе 2 - 2019,
P1, участок В,
-115 см

Рис. 8. Фрагменты сероглиняного керамического кувшина

Литература

Амиргалина Г.Т. Керамический комплекс // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011-2014 гг.). Алматы: Издательство «Арыс», 2014. С. 188-240.

Курманкулов Ж., Тажекеев А.А., Кзылбаев Т. Городище Сортобе1 // Свод памятников истории и культуры РК. Кызылординская область. Алматы, 2007. С. 345-346.

Левина Л.М. Керамика Нижней и Средней Сырдарьи в I тысячелетии н.э. // ТХАЭЭ. М.: Наука, 1971. Т. VII. 251 с.

Отчет о работах Сортобе археологической экспедиции в 2018 г / А.А. Тажекеев. 93-1 с.

Отчет о работах Сортобе археологической экспедиции в 2019 г / А.А. Тажекеев. 111-1 с.

Отчет о работах Сортобеархеологической экспедиции в 2017 г/ А.А. Тажекеев. 108-1 с.

Смагулов Е.А. Древний Сауран. Алматы, 2011. 401 с.

Тажекеев А.А., Болелов С.Б., Дарменов Р.Т., Билалов С.У. Археологические работы на городище Сортобе // Маргулановские чтения – 2019: Материалы международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева. Нур-Султан, 2019. С. 592-603.

A.A. Tazhekeev, B.E. Alibay

CERAMIC MATERIAL FROM CITIES OF SORTOBE 1 AND 2 FOR THE FIELD SEASON 2019

The article presents studies of ceramic material found in 2019 in the agestowns of Sortobe 1 and 2. The paper presents the characteristics of ceramics by complexes, their comparative analysis is carried out, and their analogies are found in materials of chronologically similar cultures. As a result of the research, a brief qualitative analysis is also considered.

А.Б. Бермаханова, О.Ж. Бегалиев

«Қорқыт ата» мемориалды музейі кешені

Қызылорда қ., Қазақстан

E-mail: aikosha_zhan@list.ru; b.oljas_91@bk.ru

ҚОШҚАР БЕЙНЕСІНІҢ КУЛЬТТІК МӘНІ

Жазба деректер бойынша IX-XII ғасырларда Арал мен Каспий теңіздерінің аймағында үлкен Оғыз мемлекеті құрылды. Оғыз мемлекетінің Сырдария бойларында бірнеше ірі қалалары болды Қарнақ, Сүткент, Жендті мекендеді. Бұл халық отырықшы болғандықтан егіншілікпен қолөнермен айналысты.

Сырдарияның орта және төменгі ағысында орналасқан Оғыз қалашықтарында қолөнер орталықтары болған. Басым бөлігі қыш ыдыстар өндірісі болды. Женд, Жанкент, Сортобе қалашықтарына жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жергілікті шеберлер жасаған керамикалық ыдыстар көптеп табылып аршылған бөлмелерден табылған қыштан күйдірілген ошак қасында тұратын қошқар бейнесінде тұғырнамалар көп табылды.

Қошқар бейнесі тұғырнамасы Орта Азияның көне халықтарында соның ішіндегі IX-XII ғасырларда Сырдарияның орта мен төменгі ағысында мекендеген оғыз тайпаларында үлкен рөл атқарған. Қошқар культі зорастризм дінің бір жалғасы, көбінесе молшылыққа, жануарлардың пірі, жамандықтан қорғайды, үйге бақ береке сыйлайды деп есептеген.

Қой малы – сонау көне замандардан күні бүгінге дейін адамзат баласының күнделікті тұрмыс тіршілігіне өте үлкен рөл атқарып келе жатқан «төрт түліктің» бірі өйткені ол сойса-ет, сауса сүт,жүнін қырқып қажетіне жаратса-киім-кешек, көрпе-жастық болып табылады.

Археологиялық қазба жұмыстары барысында Жанкент, Сортобе, Кескен күйік қалаларының тұрғын үй бөлігінде әр бөлменің ортасынан Қошқар бейнесі болып жасалған тұғырнамалар табылған (сурет 1).

Оның құрылымы басқа бөлмелердегі ошактармен бірдей болып келеді (1,7 x 1,1м). Тігінен қатар қойылған екі кірпіштің ара-қашықтығы 40 см, екі кірпіш бір-біріне қарама-қарсы сыртқа қарай иіле қойылған. Бұл конструкцияның солтүстік жағынан арнайы күйдірілген керамикадан жасалынған стилді түрдегі, екі қойдың бейнесінде салынған декоративті бұйым табылды (Байпаков, 1980, с.25).



Сурет 1. Сортөбе қалашығының бөлмелерінен табылған қошқар бейнелері

Оның ұзындығы 45 см, ал биіктігі – 40 см. Бұл фигура геометриялық оюлармен безендірілген. Осындай мүсін 2007 жылғы Жанкенттің цитаделінде жүргізілген қазба жұмыстарында, Кескен-Күйік қала мен басқа да ескерткіштер маңында табылған болатын (Курманкулов, Аржанцева, Зиливинская, Рузанова, Сыдыкова, 2007, с.15-20). Қошқар культтік мәніне талдаулар жүргізе отырып осы таңда жарық көрген мақалалардың ішіндегі З.С.Самашев пен Ж.М.Жетібаевтың «Қошқартас-қазақ қабір үсті ескерткіштерінің ерекше түрі» деген мақаласы жарық көрген. Мұндай ошақ басына қойылатын бұйымдар унитарлық мақсаттарға ғана емес, сонымен қатар культтік қызмет атқарып отырған (Самашев, Жетібаев, 2001, 210-215 б.). Осыған осы қошқардың қандай қызмет атқарғанына байланысты анықтама берген олардың ішіндегі:

Қой (қошқар)-құрбандық малы.

Қошқар-билік символы.


Қошқар- «құт».

Қошқар-батырлық, мықтылық символы.

Қошқар-жебеуші.

Қошқар-өніп-өрбу символы.

Археологиялық қазба жұмыстары барысында Жанкент пен Кескен күйік қаласынан табылған қошқар мүсіндері безендірілген ошақтар ерекше алтарьға айналып, үй шырағының функцияларын да атқарған, яғни үй ішіндегі ғибадат орны болып та тұрған. Өртүрлі формалы керамикалық алтарьлар ортағасырда Сырдарияның көптеген қалалары мен аймақтарында кеңінен таралған (Дарменов, Тажекеев, 2018, С.109-122).



Сурет 2. Жанкент қалашығынан табылған қошқар бейнесі (Жанкент археологиялық экспедициясының архивнен)

Сырдарияның жоғарғы және төменгі ағысын археологиялық зерттеулер барысында керамикадан жасалған қошқар бейнесі көбінесе мүйіздері жақсы көрініс тапқан. Отырар қаласында қазба жұмыстары барысында қошқар бейнесі көптеп табылған бұл аймақта ерте ортағасырлардан тұрақты сақталып келген ұқсайды.

К.М. Байпаковтың «Культ барана у сырдарьинских племён» атты мақаласында қошқарлардың жасалуын бірнеше бөліп қарастырған:

1) қошқарлардың реалистік фигуралары; 2) «қос тұтқалар» деп аталатын жоғары дәрежесі бар қошқарлардың стилистикалық фигуралары; 3) шынайы орындалған қошқарлардың протомалары.

Бірінші және екінші типтері қыш ыдыстардың тұтқаларының, көбінесе шілтердің рөлін орындайтын шынайы және стильденген қошқарлардың фигуралары болып табылады. Әдебиетте мұндай ыдыс

«зооморфты тұтқалары бар қыш ылыстар» деп аталды. В. Григорьев Ташкент оазисінде қой фигурасы түріндегі қаламмен керемет шеңбердің үлгісін тауып, қыш ыдыстың бұл түрін Қанды тайпасының қауыншы мәдениетімен байланыстырды. Кейін Сырдариядағы қоныстар мен қорымдарды қазу кезінде осы тектес көптеген бұйымдар табылды. Зерттеушілер зооморфты тұтқалары бар тамырлардың таралу аймағы Сырдарияның орта және төменгі ағысын қосуға болады деп есептеген.

Қыштағы қойдың ең ерте шынайы бейнесі төменгі Сырдарияның төменгі ағысы Жетіасар мәдениетінің Төмпақасар қалашығын қазу кезінде б.з. б. І мыңжылдықтың екінші жартысына жататын қаланың қабаттарынан табылды. Қойдың керемет бейнесі Қарауыл-төбе қалашығында Арыстың жоғарғы жағында, б. З. І ғасырлардың қабаттарында табылып отыр.

Жанкент, Сортөбе қалашықтарынан табылған қошқарлар оғыз тайпаларының дүниетанымын сыр шертіп отыр, қазіргі таңдағы бұл табылған жәдәгерлер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті және Қорқыт ата мемориалдық музейлерінің көрме залында қорында және көрмелерінде орын тауып, келген туристерге, мектеп оқушыларына ұсынылған.

Әдебиеттер

Байпаков К.М. Культ барана у сырдарьинских племен Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата: 1980. С. 32-45

Дарменов Р.Т., Тажекеев А.А., Ритуальные очаги на Городища Жанкент // Народы и религии Евразии 2018 №4 (17) С. 109-122.

Курманкулов Ж.К., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Археологические работы на городище Джанкент в 2006 г. – Кызылорда: «Инжу-Маржан», 2007. – 124 с.

Самашев З.С., Жетібаев Ж., «Қошқартас-қазақ қабір үсті ескерткіштерінің ерекше түрі // Известия МОН РК НАН РК. Серия общественных наук 2001 №1. С.210-217.

A.B. Bermakhanova, O. Begaliev

THE CULT VALUE OF THE IMAGE KOSHKAR

The article gives a brief overview of the clay figurine "Koshkar" found in residential complexes during excavations by medieval Oguz tribes located in the Karmakshy and Kazalinsk districts of Kyzylorda Oblast from Jankent and Sortobe. The outlook of the Oguz tribes of that period will be considered. Currently, the image of the Koshkar is exhibited in the exhibition hall of the Korkyt Ata Memorial Museum Complex.

Жүнісханов А.С.

«Назарбаев Университеті» ДББҰ

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

E-mail: aidyn.zhuniskhanov@nu.edu.kz

МОҢҒОЛ КЕЗЕҢІ БОЙЫНША СЕМЕЙДІҢ ЕРТІС ӨңІРІНЕН ТАБЫЛҒАН ЖАҢА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Шығысында Зайсан көлімен, батысында Шығыс Еуропаның біраз бөлігіне дейін иелігі созылып жатқан Жошы ұлысының (Шамильоглу, 2016, с. 665) жерлеу кешендеріне қатысты отандық археолог мамандар тарапынан еліміздің әр жерінде жүргізілген зерттеулері нәтижесінде б.з. XII-XIV ғғ. мерзімделетін кешендер тобы ашылып, ғылыми айналымға енуде. Бұндай зерттеулер, әлбетте сол уақытта Еуразия даласында жүрген этномәдени және әлеуметтік-экономикалық үдерістерді зерттеуге, олардың барысы мен нәтижесін бағамдауға мүмкіндіктер беретіндігі сөзсіз. Десекте, еліміздегі бұл бағытта зерттеулер қола ғасыры мен ерте темір дәуірінің жерлеу кешендерін зерттеу ісімен салыстыра қарағанда кенжелеп дамып келе жатқан археологиялық бағыттардың бірі екендігін аңғарамыз. Қалыптасқан жағдай, кезең бойынша қордаланған мәселелерді шешу ісінде кедергісін келтіруде. Осы ретте жүйелі далалық зерттеулер мен қолдағы бар мәліметтерді саралау ісінің маңызы зор.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешуде Жошы ұлысының шығыс шекарасындағы, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы аумағы ғылыми маңызы жағынан қызықты аймақтардың бірі. Себебі, аймақ Моңғол ұлысы мен Жошы Ұлысының тоғысар торабында орналасқан. Сол себепті аймақтағы жерлеу ескерткіштерін зерттеу арқылы біз Жошы ұлысында жүрген саяси-мәдени үдерістерді анықтай аламыз.

Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстандағы Жошы ұлысымен мерзімделетін жерлеу ескерткіштері мен тарихи жәдігерлер санаулы ғана. Жаңадан ашылған әрбір жаңа кешен қорданаланған мәселелерді шешу бағытында ғалымдар үшін таптырмас ғылыми дерек.

Жошы ұлысының уақытымен мерзімделетін жерлеу ескерткіштер тобы Шығыс Қазақстан аумағында 1998-2000 жж. аралығында Күршім ауданы территориясында Ресей-Қазақстан біріккен экспедициясы аясында Марқакөл археологиялық тобы тарапынан жүргізген далалық зерттеу жұмыстары нәтижесінде табылды (Дашковский П.К. и др., 2007). Ол кешендердің қатарына Айнабұлақ I кешенінен бір оба (№12 оба), Айнабұлақ II кешенінен үш оба (№1, 2, 3) және Бәйгетөбе қорымынан екі оба (№1 және 3 обалар) жатады. Күршім ауданы территориясындағы аталмыш кешендерді зерттеуші мамандардың пікірлерінше бұл Жошы ұлысы кезеңінде Шығыс өңірінің исламдану үдерісін көрсететін ескерткіштер қатарына жатады. Себебі, зерттелінген обаларда жерленген адамдардың басым бөлігі бастырмен батысқа қарата жерленген және мүрделердің жанына қандай да бір зат қоймаған. Қазақ даласының шығыс бөлігінде осы бағыттағы зерттеулерді жандандыру керек деген ойдамыз.

Мақаламыздың негізгі нысаны 2018 жылдың көктем айларының бірінде Семей қаласынан оңтүстік-батысқа қарай Семей-Қайнар авто жолының 28 шақырымында Ертіс өзенінің сол жақ саласы Мұқыр өзенінің оң жағалауындағы тік жардың етегінен Семейдегі «Прииртышье» өлкетану клубының мүшелері тапқан, баспасөз беттеріне «Мұқыр аңшысы» атауымен берілген жерлеу болмақ. Өкінішке орай, клуб мүшелері ешқандай да, археологиялық зерттеу әдістемесін сақтамай, арнайы мамандарды шақырмай өздері қазып алып, жерлеуді бүлдіріп алған. «Тонаушылық» сипатта жасалған қазба нәтижесінде табылған жәдігерлер бүгінде Өскемен қаласындағы облыстық өлкетану музейге тапсырылды.

Жерлеу орының зерттеу барысында, жерлеу қандай да бір үймесіз, шұңқырға жерленгендігі анықталды. Мола шұңқырының ішінен өлкетанушылардың мәліметтеріне сүйенетін болсақ, басымен солтүстік-шығысқа қаратыла жерленген мүрде және ұштары домаланған, жақтаулары тегістеу, иықтары еңістеу келген темірден жасалған екі жебенің ұшы мен садақ жабдығының қалдықтары (?) табылды (Сур. 1, 2).



Сур. 1. Жебе ұшы (темір)



Сур. 2. Садақ жабдығының элементі (?)

Мұқыр өзенінен табылған жебе ұштарын салыстырмалы анализ жасау нәтижесінде жерлеуді б.з. XIII-XIV ғғ аясында мерземедеуге болады. Қазба нәтижесінде табылған жебе ұшының Еуразия даласындағы ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің әскері ісі мен қару-жарақ үлгілері бойынша танымал маман Ю. С. Худяковтың типологизациясына сәйкес Еуразияның барлық бөлігінде моңғол дәуірінде кеңінен тарағандығы (Худяков, 1991, с. 111) анықталды. Жалпы бұндай типтегі жебе ұштарын еуразияның көшпелі тайпалары хунну заманынан бастап, этнографиялық кезеңге дейін пайдаланғандығын атап өту керек, дегенмен, бұндай жебе ұштары ортағасырларда, әсіресе моңғол кезеңінде Еуразияның далалық өлкелерінде кең таралып, моңғол империясы мен моңғол шапқыншылығының «визиттік карточкасы» деп бағаланады (Акматов, 2015, 194 с.).

Моңғол кезеңімен мерзімделетін тарихи деректерде моңғол ұлысының сапындағы әрбір еркек пен әйел аттың үстінде жауып келе жатқанда алдыменде және артыменде садақпен дәл ататын мергендіктері туралы жазылады. Сондай-ақ, саяхатшы Плано Карпини: «Моңғолдардың жебелері темірден жасалған, өткір, екі жағынан да кесіп өтеді, жебелерінің ұштарында ұзындығы бір саусақ мөлшеріндей ағашқа кигізілетін темірі болады...» деп дәл сипаттамасын береді. Жалпы, Моңғолдардың алыстан ұрыс салу қаруларының түрлерін зерттеуші мамандардың пікірлері бойынша моңғолдардың садақтары мен жебелерінің тиімді болуы, олардың Еуразия даласында өктемдік жүргізуінің бір себептері болғандығын айтады. Десекте, жаулап алынған жерлерінде қандай да бір аса қатты

қарсыластық көрмеген моңғол сарбаздары құрыш бұзатын (бронбойный) жебе ұштарын жетілдіру бағытында алға ілгерлеушілік жасамады. Бұның айқын мысалын хунну дәуірінен бері өзгермей қолданыста болған дәстүрлі жебе ұштарының формасынан анық көреміз.

Қорыта айтар болсақ, Семей өңірінен табылған моңғол дәуірінің жерлеуі осы бағытта зерттеу ісінің болашағы зор екендігін көрсетеді. Сондай-ақ, аталмыш кезеңнің жерлеу ескерткіштерін зерттеу арқылы біз жерлеу салтында орын алған өзгерістерді тіркеп, өңірде жүрген мәдени үдерістерде нақты археологиялық деректерге сүйене отырып, негіздеуге мүмкіндік аламыз.

Әдебиеттер

Акматов К.Т. Железные наконечники стрел кочевников Тянь-Шаня в монгольское время // Вестник НГУ. Серия. История, философия. 2015. Том 14, выпуск 7: Археология и этнография. С. 193-202.

Дашковский П.К., Самашев З.С., Тишкин А.А. Комплекс археологических памятников Айна-Булак в Верхнем Прииртышье (Восточный Казахстан) Барнаул: Азбука, 2007. 96 с. + вкл.

Шамильоглу Ю. Изменение климата в Центральной Евразии и Золотой Орде // Золотая Орда в мировой истории. Колл. монография. Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2016. 968 с. + 28 с. цв. вкл.

Худяков Ю.С. Вооружение центральноазиатских кочевников в эпоху раннего и развитого средневековья. Новосибирск: Наука. Сиб. Отд-ние, 1991. 190 с.

A.S. Zhuniskhanov

NEW ARCHAEOLOGICAL DATA OF THE MONGOL PERIOD FROM THE SEMEY IRTYSH REGION

The grave with the following grave goods: iron arrowheads and quiver fragments (bronze) has been discovered on the right bank of the river Mukur in 2018. Analysis of the grave materials allowed us to provide preliminary dating of this archaeological site in the paper. The outlined extensive analogies and existing tendencies of warrior weaponry development indicate that the grave is of XIII–XIV CE. The obtained data expands our knowledge about the culture of the people that populated the Semey Irtys region in the Mongol period.

Қ.С. Арынов¹, К.М. Жетібаев¹, М.М. Бахтыбаев², С.С. Мургабаев²

¹ Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан

E-mail: kuanish_85@mail.ru

² Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: melsb@mail.ru

2019 ЖЫЛЫ СЫҒАНАҚ ҚАЛАШЫҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Қазақстан өңіріндегі көптеген археологиялық ескерткіштердің ішінде ортағасырлық Сығанақ қаласының алатын орны ерекше. Ортағасырлық Сығанақ қаласы Қызылорда облысы Жанақорған ауданы Сунақата ауылынынан 1,5 км батыста орналасқан.

Сығанақ қаласы ортағасырларда тоғыз жолдың торабында орналасқан ірі сауда және саяси орталықтардың бірі болды, оның ғұмыры сонау алғашқы ортағасырдан басталған. Қаланың пайда болуы, дамуы, гүлденуі мен күйреуі кезендері жайлы әле де білетініміз аз болып отыр.

Ортағасырлық Сығанақ қаласын зерттеу тарихы ХІХ ғ. екінші жартысынан басталады. Қалаға алғаш рет 1867 жылы орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша археолог П.И. Лерх болып, оның қай жерде орналасқаны туралы ақпарат берген (Лерх, 1870, с.3-38).

1895 жылы Ташкент қаласында құрылған Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері Сығанақ қаласының тарихи топографиясына кеңінен тоқталды.

1897 жылы үйірме мүшесі Е.А. Смирнов Сырдарияның орта және төменгі ағысында орналасқан ескерткіштерді зерттеу мақсатында жасаған барлау кезінде Сырдарияның оң жағында, Төменарық станциясынан 8-10 верст солтүстікте орналасқан Сунақ қорғанды (Сунақ атаны) ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалап, оның айналасында көптеген құрылыс құландылары барын және бұл қала ілгеріде Төменарық каналы арқылы суландырылғанын атап өтті (Смирнов, 1897, с.7).

1899 жылы үйірме мүшесі В.А. Каллаур қалаға барлау жұмысын жүргізіп, оны топографиясын сипаттап, жобасын түсірді (Каллаур, 1900, с.8-11). Ол түсірген жоба нақты (инструментальды) болмаса да негізінен қала топографиясы туралы жалпы түсінік береді.

Сунақ ата қалашығы екі бөліктен тұрады - біріншісі – цитадель, оның айнала аумағы 540 сажень, ал екіншісі - бекініс. Цитадельді айнала қоршаған қамалы жақсы сақталған, кейбір бөліктерінің биіктігі 3 саженге дейін жетеді. В.А. Каллаур цитадель мен бекініс іштерінде құрылыстар, көшелер іздері анық байқалатындығын және пахсадан салынған құрылыс қалдықтарының барын атап көрсетеді (Каллаур, 1900, с.9). Сонымен қатар, В.А. Каллаур Сунақ атаның айналасында көптеген арықтар барын атап, ілгеріде бұл жерде егіншіліктің дамығанын алға тарты. В.А.Каллаур Сунақ ата қалашығы ілгеріде Төменарық арқылы суландырылғанын атап өтті, бірақ бұл арық Арыс өзенінен бастау алған деген жаңсақ пікір айтты (Каллаур, 1900, с.10-11).

В.А. Каллаур өлкетанушылар Н.С. Лыкошин мен Е.Т. Смирновтың пікірлерін қолдап, Сунақата қалашығын ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалады (Каллаур, 1900, с.11).

1907 жылы қаланы И.А. Кастанье қарап шығады. Ол В.А. Каллаурдың қала туралы жазғандарын толықтыра түседі (Кастанье, 1911, с.189-192). 1927 жылы Материалдық мәдениет тарихы академиясының қызметкері А.Ю.Якубовский мен Табиғат және көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі комитеттің төрағасы Б.П. Тризна, Шымкент облыстық музейінің меңгерушісі И.К. Шпота Сығанақ қалашығында болып топографиясын зерттеп, төбе үстінде бояулы және бояусыз ыдыстар сынықтары кездесетінін атап, оларды XVI-XVII ғғ. мерзімдеді. Қала туралы үлкен ғылыми мақала жазған (Якубовский, 1929, с.123-159).

1947 ж. ОҚАЭ-сы (А.Н. Бернштам) Сығанақ қаласында зерттеу жүргізіп, оның жобасын қайта түсірді. Қалашық жобасында бесбұрыш тәрізді болып келген, көлемдері: солтүстік жағы - 275 м, солтүстік-батыс жағы - 175 м, оңтүстік-батыс жағы - 190 м, оңтүстік жағы - 175 м және оңтүстік-шығыс жағы - 320 м. Қалашықты айналдыра жал қоршаған, онда 15 мұнара құландыларының іздері байқалады, жалдың биіктігі 6-7 м, ал мұнаралар құландыларының биіктігі 1,5 м. Қалашықтың ішкі алаңының биіктігі 4-5 м. Шахристанның үш жағында (солтүстік, батыс және оңтүстік) рабад орналасқан. Рабад шахристан алаңымен бірге жобасында бесбұрышты, солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталған көлемдері: солтүстік жағы - 250 м, батыс жағы - 650 м, оңтүстік жағы -250 м, оңтүстік-шығыс, шығыс жағы - 450 м, шығыс – солтүстік-шығыс жағы - 350 м. Рабадты қоршаған жалдың биіктігі 0,5-1 м, ені 3-4 м. Қала үстінен жинап алған материалдар бойынша А.Н. Бернштам қала б.з.б. қаңлы дәуірінен бері өмір сүріп келе жатқандығы туралы жазған (Бернштам, 1949, с.59-99).

Бұдан кейін қалаға XX ғасырдың 40-шы жылдарының аяғында 50-шы жылдардың басында ОҚАЭ-ның жетекшісі Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер археологиялық барлау барысында жұмыс жүргізген. Бұлар да үстіне жинастырылған материалдар бойынша қаланың V-VIII ғасырда өмір сүріп одан кейін құлдырап, XII – XIV ғғ. қайта көтеріліп, Ақ Орданың кезінде қайта жанданғандығын жазады (Агеева, Пацевич, 1958, с.152).

XX ғ. 70-ші жылдары қалаға ОАЭ–ның жетекшілері К.А. Ақышев пен К.М. Байпақовтар Отырар қаласының ұзақ жылдарғы зерттелуіне байланысты оның аймағындағы қалаларға барлау барысында қаланың топографиялық жағынан зерттеліп, бұл қала ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала деген анықтама берген (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1970, с.207).

2003 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология ғылыми-зерттеу институтының археологтары зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді. Ашылған нысандар қайта қалпына келтіріліп, ашық аспан астындағы мұражайға айналуда.

2019 жылы ортағасырлық Сығанақ қаласында археологиялық қазба жұмыстары шахристанның орталық бөлігінде (қазба №15) және рабадында (қазба №16) жүргізілді.

№15 қазба. Шахристанның орталық алаңдағы мешіттің солтүстік бөлігіндегі шағын төбеге көлемі 20x30 м болып келетін №15-қазба салынды. Қазба алаңын табиғи шөптер мен ағаштардан тазартып қазбаға дейінгі фотосы алынды. Қазба барысында 1,4 м тереңдікке дейін құланды, күл және бос топырақтар тазартылды. Осы аралықта ешбір құрылыс орны анықталмады. Қазба жұмыстары барысында оңтүстік бөлігінде 1,4 м тереңдіктен жоғарғы құрылыстың 6 қоқыс шұңқыры мен қи кесектен қаланған қабырға орындары ашылды. №1 қоқыс тастайтын шұңқыр қазаб алаңының солтүстік бұрышынан 1,4 м тереңдіктен анықталды. Қоқыс шұңқырының аумағы 1,3 м, тереңдігі 0,6 м. Қоқыс шұңқырын күл аралас бос топырақтан тазалау барысында ішінен бүтін бір жылқы басы және жылқы басының жартысы шықты. Сонымен қатар ірі-ұсақ мал сүйектері 19 дана, қақпақ тұтқасы 1 дана, керамика сынықтары 2 дана шықты. №2 қоқыс тастайтын шұңқыр қазаб алаңының батыс бұрышынан

1,4 м тереңдіктен анықталды. Қоқыс шұңқырының аумағы 1,4 м, тереңдігі 0,5 м. Қоқыс шұңқырын күл аралас бос топырақтан тазалау барысында керамика сынықтары, соның ішінде боялғаны 10 дана, боялмағаны 18 дана. №3 қоқыс тастайтын шұңқыр қазба алаңының батыс бұрышынан 1,4 м тереңдіктен анықталды. Қоқыс шұңқырының аумағы 1,2 м, тереңдігі 0,3 м. Қоқыс шұңқырын күл аралас бос топырақтан тазалау барысында 7 дана боялмаған керамика сынықтары шықты. №4 қоқыс тастайтын шұңқыр қазба алаңының оңтүстік бұрышынан 1,4 м тереңдіктен анықталды. Қоқыс шұңқырының аумағы 1,4 м, тереңдігі 0,4 м. Қоқыс шұңқырын күл аралас бос топырақтан тазалау 7 дана боялмаған керамика сынықтары шықты. №5 қоқыс тастайтын шұңқыр қазба алаңының шығыс бұрышынан 1,4 м тереңдіктен анықталды. Қоқыс шұңқырының аумағы 1,5 м, тереңдігі 0,3 м. Қоқыс шұңқырын күл аралас бос топырақтан тазалау 8 дана боялмаған керамика сынықтары шықты. №6 қоқыс тастайтын шұңқыр қазба алаңының шығыс бұрышынан 1,4 м тереңдіктен анықталды. Қоқыс шұңқырының аумағы 1,2 м, тереңдігі 0,4 м. Қоқыс шұңқырын күл аралас бос топырақтан тазалау 8 дана боялмаған керамика сынықтары шықты. Қазба алаңында анықталған қоқыс шұңқырлары табанына дейін тазартылып, алынып тасталды. Осы қазба алаңы 2 м тереңдікте қазылды. Қазба алаңының төменгі 0,4 м қалыңдықта өрт қабабын анықталып отыр. Соған қарағанда біз қазып отырған аумақ толық өртенген. Қазба кезінде қабырға орындары анықталған жоқ.

№16 Қазба. Кесене. Ортағасырлық Сығанақ қаласының негізгі сыртқы қамалының оңтүстігіндегі шаруашылық аймағында, жол жиегінен батыста 0,5 м жердегі төбеге №16 қазба салынды. Төбенің жоғарғы қабатын табиғи шөптер мен ағаштардан тазартылып, топографиялық жобасы сызылды және қазбаға дейінгі фотосы алынды. Қазба алдында Төбенің төрт бұрышында 1 м биіктікте 4 мұнара секілді төмпешік орны байқалады. Қазба аумағын А-1, А-2, Б-1, Б-2 шаршыларға бөлінді. Төбенің жалпы аумағы 15 м, А-2, Б-2 шаршыларындағы биіктігі 2 м, ал А-1, Б-1 шаршыларындағы биіктігі 3 м. Қазба жұмыстары нәтижесінде 9x9 м көлемдегі кесене орны ашылды (1-сурет).




Сурет 1 - Кесене


Кесененің төрт қабырғасы жақсы сақталған, қабырға қалыңдықтары 0,7-1,5 м, сақталған биіктіктері еден деңгейінен 0,6-2,3 м. Қабырғаларының сыртын және ішін көлемдері 24x24x5, 25x25x5, 22x11x4,5, 22-22,5x22-22,5x4,5, 23x23x4,5-5,24-24 см болып келетін күйдірілген кесекпен қалаған. Осы үлгідегі күйдірілген кесектер Шу өңіріндегі ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласындағы қазба кезінде анықталған XI-XIV ғғ. құрылыс нысандарынан көруге болады (Yeraly Akymbek and Beibit Baibugunov, 2013). Ал қабырғаның ортасын көлемдері 24x24x5, 25x25x5 см болып келетін қам кесекпен қалаған. Сонымен қатар кесененің сыртында яғни батыс қабырғаларында көлемі 1,5x1,9x2,3 м болып келетін портал бағаналары жақсы сақталған. Кесене есігі солтүстік қабырғада орналасқан. Кесенені шығыс бөлігінде сағана жерлеу орны анықталды. Сағананың ішін тазалау барысында бастары солтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатқан бес адамның мәйіті қазылып алынды. Сондай ақ, кесененің ішін тазалау барысында еден деңгейінен бір үлкен адамның және бес жас баланың мәйіті қазылып алынды.

Кесенені қазу кезінде төбенің, яғни кесененің сыртқы солтүстік, шығыс және оңтүстік қабырғаларына және ортасынан батыстан шығысқа қарай А1-А2 тік кесіндісі салынды.

А1-А2 тік кесіндіде анықталған мәдени қабаттар санмен белгіленіп, сипаттамасы төмендегідей келтірілді (2-сурет). Бірінші мәдени қабат 100 санымен белгіленді. Жоғарғы мәдени қабат. Төбенің төрт бұрышында 1 м биіктікте 4 төмпешік орны байқалады және үстін табиғи ағаштар мен шөптерден тазартылды. Төмпешіктердің бағыттары әлемнің төрт бағытына бағытталып жатыр, жалпы аумағы 15 м, биіктігі 3 м. 101-қабат тапталған бос топырақ. Бұл қабатты қазу кезінде сылы және сызсыз қаптамалар шықты, ұзындығы 12 м, қалыңдығы 0,2-1 м аралықты алып жатыр. 102-қабат бос топырақ қабаты, оның ұзындығы 1 м, қалыңдығы 0,2 м. 103-қабат қыш, қам кесек аралас құланды қабаты, оның ұзындығы 10,5 м, қалыңдығы 0,1-1,2 м аралықта. Құландылар арасынан қыш қаптамалар, доға тәрізді



Сурет 2 - А1-А2 шаршыларындағы тік кесінді



Сурет 3 - Кесененің жобасы


қыштар мен ыдыс сынықтары теріліп алынды. 104-қабат қыш құландысы, ұзындығы 0,6 м, қалыңдығы 0,1 м. 105-қабат күл қабаты, ұзындығы 0,5 м, қалыңдығы 5 см. 106-қабат күл, от

қалдықтары, ұзындығы 0,8 м, қалыңдығы 0,1 м. Осы деңгейден кесененің ішінен бірнеше жерінде өртенген іздер байқалады. 107-қабат А2 шаршысындағы оңтүстік қабырға, тік кесіндідегі биіктігі 1,4 м, қалыңдығы 1,5 м. Қабырға күйдірілген кесектен қаланған. 108-қабат сағана үстіндегі көлемі 20x50x65 см қыш қаланды. Қабырға көлемдері 10x18x34 см болып келетін қам кесекпен қаланған. Сыртында 1 см болып келетін сылағы әр жерде сақталған. 109-қабат сағана қаландысының оңтүстік-батыс бөлігіндегі күйдірілген кесек, оның ұзындығы 25 см, қалыңдығы 5 см. 110-қабат А1 шаршысындағы күйдірілген кесектен қаланған батыс қабырға, тік кесіндідегі биіктігі 0,5 м, қалыңдығы 0,9 м. 111-қабат қам кесек құландысы, ұзындығы 1 м, қалыңдығы 0,1-0,2 м. 112-қабат – Күйдірілген кесек құландысы, ұзындығы 3 м, биіктігі 10-15 см. Анықталып отырған бірнеше мәдени қабаттардың бар екені көріп, кесене қабарғалары құлап, үйінді төбеге айналған.

Қазба барысында кезең кезеңмен ашылған әрбір нысанға төмендегідей сипаттама жасалып, өлшемдері берілді (3-5 суреттер).

Б2 шаршысындағы қабырға (113 қабат). Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып жатқан қабырғаның ұзындығы 0,6 м, ені 30 см, биіктігі 15 см қам кесек қаланды. Қабырға көлемдері 10x18x34 см болып келетін қам кесекпен қаланған.

Сағана төбесіндегі №1 тумба (114 қабат), қаландының көлемі 20x30x65 см. Сыртында 1 см болып келетін сылағы әр жерде сақталған. Қабырға көлемдері 10x18x34 см болып келетін қам кесекпен қаланған.




Сурет 4 - Сағананың жобасы

Б2 шаршысындағы қыштан қаланған қабырға (115 қабат). Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып жатқан қабырғаның ұзындығы 0,9 м, ені 25 см, биіктігі 5 см қыш қаланды. Қабырға көлемдері 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қышпен қаланған.

А2,Б2 шаршыларындағы қыштан қаланған сағананың ұзындығы 3,5 м, ені 2,2 м, биіктігі 1 м (еденнен жоғары қарай) және ішікі жерлеу орнының жалпы аумағы 2,1x2,9 м (116 қабат). Сонымен қатар кесененің еден деңгейінен 1 м тереңдікте қазылып жасалған. Сағана іші табанынан төбесіне дейін бос топырақпен толтырылған. Бос топырақты тазалау кезінде табанынан бастары солтүстік-батысқа қаратылып тізбектеліп жерленген бес адамның мүрдесі шықты. Сағананың сыртқы құрылысы күмбезделіп жабылған, қыштарды тігінен қалау арқылы жасалған, есігі солтүстік қабырғада орналасқан. Сананың солтүстік пен оңтүстік беткейіне күйдірілген қышты жалпағынан баспалдақ тәрізді сатылап қалаған. Сағана көлемдері 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қыштан қалаған. Сағана өте жақсы деңгейде сақталған.

А2,Б2 шаршыларындағы сағана ішіндегі №1 мүрде. Мүрде ретсіз жатыр. Сағананың оңтүстігінде 1,35 м тереңдік анықталған мүрденің бет жүзі төңкерілген және жағы жоқ. Сондай ақ қол, қабырға, омыртқа сүйектері бір-бірімен араласып және жамбас сүйегі ортада ал, аяқ сүйектері төмен жақта топтасып жатыр. Мүрденің ұзындығы 1,4 м. А2,Б2 шаршыларындағы сағана ішіндегі №2 мүрденің басы солтүстік-батысқа, бет жүзі құбылағы қаратылған. Мүрденің ұзындығы 1,63 м, сүйекиері

шашыраңқы орналасқан және оң қолын шынтағынан ішіне бүккен, сол қолы ретсіз жатыр. А2,Б2 шаршыларындағы сағана ішіндегі №3-4 мүрделер. Анықталған мүрденің ұзындығы 1,73 м. Екі адамның мүрдесі ретсіз жатыр. Астыңғы мүрденің беті құбылаға және басы солтүстік-батысқа қарай бағытталған. Оң қолы түзу және сол қолы шынтақтан ішіне бүгілген. Екінші мүрденің сүйектері ретсіз орналасқан. Астыңғы мүрденің оң жақ иығна басын қойып, беті жүзін шығысқа қаратқан. Сүйектеріне қарағанда жас баланың мүрдесі. А2,Б2 шаршыларындағы сағана ішіндегі №5 мүрде. Мүрденің басы солтүстік-батысқа қарай бағытталып, бет жүзін құбылаға бұрған. Оң қолы беліне қойылып, сол қолы жамбас тұсында сыртына қайылған. Анатомиялық сүйектер толық сақталған, жарақат, сынық байқалмайды.



Сурет 5 - Кесенеге салынған тік кесінді

Сағана есігі. Б2 шаршысындағы сағана есігі солтүстік-шығыста орналасқан. Есіктің аузын күйдірілген кесекпен қалап, жауып тастаған. Аркаланып салынған есіктің ені 0,8 м, биіктігі 1 м. Сағана есігі 75 см төменнен жоғары қарай тік қаланып келіп, жоғарғы 25 см аралықта аркаланып өрілген. Көлемі 13x25x5 см, 25x25x5 см болып келетін қышпен қаланған.

Сағананың солтүстік қабырғасы. Б2 шаршысындағы сағананың солтүстік қабырғасы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып орналасқан. Ашылған қабырғаның ұзындығы 2,1 м, биіктігі 1,5 м. Сондай ақ осы қабырғаның ортасында сағана есігі орналасқан. Қабырғаны көлемі 13x25x5 см, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген кесекті жалпағынан қаланған.

Сағананың оңтүстік қабырғасы. Б2 шаршысындағы сағананың оңтүстік қабырғасы оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып жатыр, қабырғаның ұзындығы 2,1 м, биіктігі 1,4 м. Қабырғаның төменгі 4 қатар қыш қаландысы тік болып келіп, жоғарғы бөлігі ішке қарай тартылып аркалы болып қаланған. Қабырғаны көлемі 13x25x5 см, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген кесекті жалпағынан қаланған.

Сағананың батыс қабырғасы. Б2 шаршысындағы сағананың батыс қабырғасы солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай бағытталып жатыр, қабырғаның ұзындығы 2,9 м, биіктігі 1,5 м, ені 25 см. Қабырғаның төменгі жағындағы 4 қатар қыш қаланды жалпағынан қалаған және тік болып келіп, жоғарғы 1,8 м аралықта қыштарды тігінен қою арқылы ішке қарай тартып, күмбездеп жапқан. Қабырға көлемдері 13x25x5 см, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген кесекпен қаланған.

Сағананың шығыс қабырғасы. Б2 шаршысындағы сағананың шығыс қабырғасы оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр, қабырғаның ұзындығы 2,9 м, биіктігі 1,5 м, ені 25 см. Қабырғаның төменгі жағындағы 4 қатар қыш қаланды жалпағынан қалаған және тік болып келіп, жоғарғы 1,8 м аралықта қыштарды тігінен қою арқылы ішке қарай тартып, күмбездеп жапқан. Қабырға көлемдері 13x25x5 см, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген кесекпен қаланған.

Сағана төбесіндегі №3 тумба, қаландының көлемі 20x55x65 см. Сыртында 1 см болып келетін сылағы әр жерде сақталған. Қабырға көлемдері 10x18x34 см болып келетін қам кесекпен қаланған.

Б1 шаршысындағы солтүстік портал. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып жатқан порталдың ұзындығы 1,9 м, ені 1,5 м, сақталған биіктігі шығысында 1,6 м, батысында 0,3-0,6 м. Ашылған портал қабырғасының сыртқы бөлігі көлемдері 13x25x5, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қышпен қаланған. Ал қабырғаның ортасы көлемдері 25x25x5 см болып келетін қам кесекпен өрілген. Порталдың солтүстік, батыс бөліктерінде 0,4 м биіктікте ғана сақталған. Ал оңтүстік бөлігіндегі қабырғасы 1,6 м биіктікте сақталған. Осы қабырғада еден деңгейінен 1,5 м биіктікте ұзындығы 0,7 м, ені 0,1 м, қалыңдығы 1 см болып келетін құм және гипс аралас сылағы бар. Қабырға солтүстік-шығысқа қарай шалқайған.

А1 шаршысындағы оңтүстік портал. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып жатқан порталдың ұзындығы 1,9 м, ені 1,5 м, биіктігі 0,6-2,3 м. Ашылған портал қабырғасының сыртқы бөлігі көлемдері 13x25x5, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қышпен қаланған. Ал қабырғаның ортасы көлемдері 25x25x5 см болып келетін қам кесекпен өрілген. Порталдың оңтүстік бөлігіндегі қыш қаландысы 0,4-0,6 м биіктікте ғана сақталған. Сақталған қаландының жоғарғы бөлігіндегі 25x25x5 см құрайтын қам кесектен қаланған.

А2 шаршысындағы қам кесектер қаланған қабырға. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып жатқан қабырғаның ұзындығы 1,9 м, ені 0,5 м, биіктігі 0,4 м. Қабырғаның ұзындығы толық ашылған жоқ, себебі шығыс бөлігі Сығанақ қаласына баратын жолдың астында жатыр.

А2, Б2 шаршыларындағы кесененің шығыс қабырғасы. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталып жатқан қабырғаның ұзындығы 9 м, ені 0,7-1,5 м, биіктігі 0,7-2,2 м. Ашылған қабырғаның сыртқы және ішкі жағы көлемдері 13x25x5, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қышпен қаланған. Ал қабырғаның ортасы көлемдері 25x25x5 см болып келетін қам кесекпен өрілген. А2, Б2 шаршыларындағы қабырға сыртындағы қыш қаландылар солтүстігінде 2,2 м биіктікте құлаған, тек ішкі жағындағы қам кесек сақталған. Сыртқы қыш қаланды 0,2-0,4 м биіктікте ғана сақталған. Ал А2 шаршысындағы қабырғаның оңтүстігіндегі сыртқы қыш қаланды 0,2-0,5 см. Осы бөліктегі ішкі қабырғада ұзындығы 0,5 м ені 25 см, қалыңдығы 3 см болып келетін сылағы сақталған. Шығыс қабырғаның ішкі жағындағы қыш қаландылар жақсы сақталған, еден деңгейінен 2,5 м биіктікте сақталған.

А1, А2 шаршыларындағы кесененің оңтүстік қабырғасы. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатқан қабырғаның ұзындығы 9 м, ені 0,7-1,5 м, биіктігі 1-2,2 м. Ашылған қабырғаның сыртқы және ішкі жағы көлемдері 13x25x5, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қышпен қаланған. Ал қабырғаның ортасы көлемдері 25x25x5 см болып келетін қам кесекпен өрілген. Сонымен қатар қабырғаның ішкі жағында, яғни А2 шаршысында орналасқан қам кесек қаландысының аумағы 1,1x1,7 м. Қаландының оңтүстік және батыс бөліктерінен үлкен адам мен жас баланың мүрделері ашылды. Қаланды осы жерлеу орындарының сыртқы қоршауы болса керек.

А1, Б1 шаршыларындағы кесененің батыс қабырғасы. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталып жатқан қабырғаның ұзындығы 9 м, ені 0,7-1,5 м, биіктігі 0,7-2,2 м. Ашылған қабырғаның сыртқы бөлігі көлемдері 13x25x5, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қышпен қаланған. Ал қабырғаның ортасы көлемдері 25x25x5 см болып келетін қам кесекпен өрілген. Осы қабырғаның сыртқы жағында екі тіреу орналасқан. Қабырғаның ішкі жағының сақталуы жақсы, ал сыртқы бөлігіндегі күйдірілген кесектері құлап қалған. Қам кесектен қаланған бөлігі ғана сақталған.

Б1, Б2 шаршыларындағы кесененің солтүстік қабырғасы. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатқан қабырғаның ұзындығы 9 м, ені 0,7-1,5 м, биіктігі 0,6-2,5 м. Ашылған қабырғаның сыртқы және ішкі жақтары көлемдері 13x25x5, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қышпен қаланған. Ал қабырғаның ортасы көлемдері 25x25x5 см болып келетін қам кесекпен өрілген. Ашылған қабырғаның сыртқы күйдірілген кесектері 0,4-1 м биіктікте ғана сақталған, ал ішкі

жағындағы қыш қаландысы 0,6-2,5 м биіктікте жақсы сақталған. Қабырға сыртқа, яғни солтүстік-шығысқа қарай шалқайған. Осы қабырғаның шығыс бөлігінде кесенеге кіретін есігі орналасқан, оның ені 0,8 м. Сонымен қатар Б2 шаршысындағы есік алдына көлемдері 10x18x30 см болып келетін қам кесектен қаланған құрылыс ашылды, оның ұзындығы 3,4 м, ені 1,65 м, биіктігі 0,3 м.

А2, Б2 шаршыларында орналасқан қам кесектен қаланған №6 жерлеу орнының ұзындығы 1,1 м, ені 0,7 м, тереңдігі 0,3 м. Ішін тазалау барысында басы жоқ жас баланың мәйіті шықты. Оңтүстік-шығыс бағыттағы қабырғаның ішкі бетінде орналасқан. Қабірдің екі шеті қам кесектерді жалпағынан, ортасына тігінен қаланған, өлшемдері 30x20x6 см. Жерлеу орнында жас баланың сүйектері ретсіз шашылған.

А2 шаршысындағы №1 жерлеу орны. Сағананың оңтүстік қабырғасынан 0,3 м оңтүстік-батысында еден деңгейінде орналасқан. Мүрденің жалпы ұзындығы 156 см. Басы батыс бағытқа қаратылған, беті жоғары қараған, аузы ашық. Екі қолы екі қапталына қойылған, сол қолының шынтағы сыртқа қарай шығынқы, саусақтары жоқ, оң қолы қысыңқы және ұшы жамбас сүйегінің астында басылып қалған. Омыртқа сүйектері бір тегіс, сол жақ қабырғалары жоғары қарай тігінен орналасқан, оң жақ қабырғасы ретсіз, шашылған. Екі аяғы денесінен бөлек яманың оң жақ қабырғасына жақын жерге ретсіз қойылған. Жерлеу ямасының ұзындығы 1,8 м, ені 0,6 м, тереңдігі 0,2 м.

Б1 шаршысындағы №2 жерлеу орны. Кесенеге кіреберісінде оң жақ батыс қабырғадан 0,5 м шығыста, басы батыс бағытқа қойылған жас баланың мүрдесі ашылды. Бас қаңқасының жоғарғы бөлігі кесілген, қабырға сүйектері ретсіз шашылған. Оң қолының шынтақтан төменгі бөлігі сақталмаған, сол қолы жоқ. Жерлеу шұңқырының ұзындығы 75 см, ені 35 см, тереңдігі 15 см. Мүрденің ұзындығы 62 см.

А1 шаршысындағы №3 жерлеу орны. Оңтүстік қабырғадан 0,2 м солтүстікте, еденнің үстінде орналасқан. Мүрденің басы батысқа бағытталып орналасқан, сүйектері ретсіз шашылған, сол аяғының сүйектері толық сақталмаған және оң аяғы тізеден төменгі сүйектері сақталмаған. Мүрденің қабырға тұсында тышқан сүйектері көп. Яманың ұзындығы 0,9 м, ені 32 см, тереңдігі 10 см. Мүрденің ұзындығы 84 см.

Б2 шаршысындағы №4 жерлеу орны. Осы жерлеу орындағы мүрдені жерлеу кезінде сағана есігінің батыс қабырғасын бұзып кеткен. Сағана құрылысының кіре берісіне басы батыс бағытқа қаратып жерленген сәбидің мүрдесі. Жүзі жоғары қаратылған, екі қолы қапталына, оң аяғы тура, сол аяғының тізесі сыртқа шығынқы етіп жерлеген. Қабырға сүйектері ретсіз. Мүрденің жалпы ұзындығы 82 см. Жерлеу ойығы байқалмайды.

А2 шаршысындағы қыш қабырға. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған қабырғаның ұзындығы 1,4 м, қалыңдығы 35 см, сақталған биіктігі 0,7 м. Қабырғаның батыс бөлігі жол жиегінің астында қалғандықтан толық ашылған жоқ. Жол бетінің деңгейінен 0,2 м тереңдікте қабырға беті ашылды. Осы анықталып отырған қабырға кесененің шығыс қабырғасының сыртында еш байланыссыз жатыр. Қабырғаның солтүстік жағы бір тегіс қаланған, ал оңтүстік бөлігі ретсіз қаланған. Қабырға көлемдері 13x25x5, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қышпен қаланған.

Б2 шаршысындағы қыш қабырға. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай бағытталып жатқан қабырғаның ашылған ұзындығы 0,9 м, сақталған биіктігі 0,6 м, қалыңдығы 0,6 м. Қабырға көлемдері 13x25x5, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген қышпен қаланған. Қабырғаның оңтүстік-шығыс бөлігі жол жиегінің астында қалғандықтан ашылған жоқ және жол бетінің деңгейінен 0,5 м тереңдікте жатыр.

А2, Б2 шаршыларындағы қабырға. Анықталған қабырға оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталып орналасқан қабырғаның ұзындығы 2,7 м, биіктігі 5 см, ені 35 см. Жолдың бетінен 0,9 м тереңдіктен анықталған қабырғаның оңтүстік бөлігінде екі қышты тігінен қойған. Қойылған қыштар қиғаш сынған. Сонымен қатар қабырғаның солтүстігінде осылай тігінен қойылған қыш ашылды. Қабырға кесененің шығыс қабырғасына қарама-қарсы орналасқан.

А2 шаршысындағы №5 жас баланың жерлеу орны. Мүрде кесененің оңтүстік қабырғасының ішкі жиегінде орналасқан. №5 мүрденің ұзындығы 0,6 м. Оңтүстік қабырғаның жанынан еденнен жоғары 0,1 м аралықта кішкентай баланың мүрдесі табылды. Мүрденің басы батысқа қарай орналастырған. Сол жақ қабырғалары мен қолы ретсіз, оң жақ қолдың сүйектері көкірек тұсына бүгілген. Сол аяғы ұзынына қойылған, оң аяқ сүйектерінің тізеден төменгі бөлігі ішке қарай бүгілген, башайлары ретсіз. Топырақтан тазарту барысында бас сүйектің қаңқасына зақым келді. Мүрде кесек қаланды үстіне қойылған. Яманың ұзындығы 76 см, ені 23 см, тереңдігі 8-9 см.

А1 шаршысындағы кесененің батыс қабырғасының ішкі жиегіндегі ұзындығы 1,1 м, ені 0,7 м, тереңдігі 1 м болып келетін шурф салынды. А1 шаршысына салынған шурфтағы құм қабатының ұзындығы 1,1 м, қалыңдығы 5 см оның төменгі бөлігінде құм аралас топырақ қабатының қалыңдығы 15 см. Келесі мәдени қабат тапталған саз аралас топырақ, ұзындығы 1,1 м, қалыңдығы 61 см. Келесі

мәдени қабат саз қабатының ұзындығы 30 см, қалыңдығы 6 см. Осы мәдени қабаттың астында қара саз балшық салынған, ұзындығы 1 м, қалыңдығы 20-35 см. Шурфтағы ең төменгі қабат табиғи құмшаут жер. Кесене қабырғалары 1 м қалыңдықта жоғарғыда көрсетілген мәдени қабаттың үстіне тұрғызылған.

Шығыс қақпада қазба жұмыстары 2009 жылдан бері өз жалғасын тауып келеді (Есеп, 2009, 3-61 бб.). Ашылған нысандардың ішінде қала қақпасы мен қорған қабырғалары қазіргі таңда қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген болатын. Аталған қорған қабырғаларын және мұнарасы белгілі бір аумақта ашылды.

Қала қақпасының сол және оң жақ бөліктеріндегі қорған қамалдарының сыртқы бөліктерін ашу мақсатында тазалау жұмыстары жүргізілді және ені 2 м болып келетін барлау кесіктері салынды. Салынған кесіктердің нәтижесінде қорған қабырғасының құрылысы анықталды. Қорған қамалының сырты толығымен құланды бос топырақтан тазартылды. Қабырға қара және сары саз балшықтан жасалған платформаның үстінде салынған. Қабырға оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағыттталып жатыр, көлемдері 12x20x40 см болып келетін қам кесектен қаланған. Қабарғаның арасына табан деңгейінен 1 м биіктікте 0,5 см қалыңдықта қамыс төселген және осы төменгі қабаттың қам кесек қаландылары сары түсті саз балшықпен жасалған.

Сол жақ қорған қамалы 50 м ұзындықта және 2,5 м биіктікте ашылып, қабырға көлемдері 12x20x40 см болып келетін қам кесектен қаланған. Оң жақ қорған қамалы 30 м ұзындықта және 2,5-3 м биіктікте ашылды. Сондай ақ, осы бөлікте қорған қамалының мұнарасының сырты ашылды, сыртқы аумағының көлемі 24 м, биіктігі 2-4 м.

Қорған қамалының сыртқы бөлігін құланды және бостопырақтан тазарту барысында керамикалық ыдыс сынықтар, ірілі ұсақты мал сүйектері шықты.

Қорытындылай келе 2019 жылы қазба жұмыстары Ортағасырлық Сығанақ қаласының шығыс қақпасының оң және сол жақ қорған қамалының сыртқы жағын және мұнара орнын ашу, қалашықтың орталық бөлігіндегі мешіттің қабатындағы нысанды (төбені) 20x30 м көлемінде аршып, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу, шахристандағы кесенеге қазба жұмыстарын жүргізілді.

Нәтижесінде Ортағасырлық Сығанақ қаласының шахристандағы шаруашылық аймағынан 9x9 м көлемдегі кесене орны ашылды. Кесененің төрт қабырғасы жақсы сақталған, қабырға қалыңдықтары 0,7-1,5 м, сақталған биіктіктері еден деңгейінен 0,6-2,3 м. Қабырғаларының сыртын және ішін көлемдері 24x24x5, 25x25x5 см болып келетін күйдірілген кесекпен қалаған. Ал қабырғаның ортасын көлемдері 24x24x5, 25x25x5 см болып келетін қам кесекпен қалаған. Кесенені шығыс бөлігінде сағана жерлеу орны анықталды. Сағананың ішін тазалау барысында бастары солтүстік-батысқа қарай бағыттталып жатқан бес адамның мәйіті қазылып алынды. Сондай ақ, кесененің ішін тазалау барысында еден деңгейінен бір үлкен адамның және бес жас баланың мәйіті қазылып алынды. Қазылып алынған мәйіттер ғылыми сараптамаға жіберілді.

Қорған қамалдары мен мұнараны белгілі бір аумақта ашылып тазаланды. Ашылған мұнара мен қорған қабырғаларын сақтап қалу мақсатында «Қазқайтажаңарту» РМК Қызылорда филиалына өткізіліп, уақытша сақтау жұмыстары жүргізілді.

Әдебиеттер

Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т.5. –Алма-ата, 1958.

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. –Алта-ата, 1970. -207 б.

Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана. // Известия АН КазССР. Серия археологическая. Выпуск 2. –Алма-ата, 1949. –с.59-99.

Каллаур В.А. Древние города, крепости и курганы по реке Сырь-Дарье, в восточной части Перовского уезда // ПТКЛА, VI. – Ташкент, 1901. - С. 69-78.

Каллаур В.А. Древние города Саганакь (Сунакь), Ашнась или Эшнась (Асанась) и другие в Перовскомъ уезде, разрушенные Чингисъ-ханомъ вь 1219 году // ПТКЛА, Год V. -Ташкент, 1900.

Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей. - Оренбург, 1911. – с.189-192.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2009-2011 жылдарға жариялаған мемлекеттік «Мәдени мұра» гранты бойынша Мәдениет және ақпарат саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламасы аясында орындалған Ортағасырлық Сығанақ қаласы ғылыми жобаның 2009 жылғы (аралық) есебі. – Түркістан, 2009. -61 б. / ХҚТУ АҒЗО архиві.

Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. - Санкт-Петербург, 1870. -38 б.

Смирнов Е.А. Древности на среднем и нижнем течении р. Сырдарья // ПТКЛА от 17 февраля 1897 г. –с.7.

Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака // Сообщения ГАИМК. - Т.2. - Л., 1929. –с.123-159.

Yeraly Akymbek and Veibit Baibugunov. Minaret of Medieval City Aktobe // World Academy of Science, Engineering and Technology. Vol:78 2013-06-24.

**RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCHING
THE CITY OF SYGANAK IN 2019**

The article discusses the results of archaeological excavations conducted in 2019. Including at the excavation site №15, №16, as well as excavations of the fortress walls and tower of the eastern entrance. As a result of researching at the excavation of №16, was opened a multi-mausoleum. Burial differs from traditional funeral rituals. The mausoleum is a sagana for the burial of members of the dynasty. Objects uncovered during excavations are drawn and photographed.

Х.А. Айтқұл

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: khamit.boray@mail.ru

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ ГОРОДА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

«Сей город стоит под 41 градусом 50 минутами широты близко Калмыцких границ на берегу некоторые небольшие реки, которая впадала в реку Аму около 99 градуса долготы. Город Отрар не очень знатен ныне, однако надлежит примечать, что славный Тамерлан умер в сем городе 1404 года эры христианские».

Абулгази

Отрар – один из крупнейших городов Средней Азии. Ныне городище расположено в Отырарском районе Туркестанской области, в низовьях реки Арысь при впадении ее в Сырдарью, в 10 км западнее железнодорожной станции Тимур, рядом с современным селом Талапты. Также городище имеет древние названия, такие как Тарбанд, Турарбанд, Турар, Фараб. Интересен тот факт, что Фараб является родиной выдающегося учёного, мыслителя, философа, продолжателя Аристотеля – Абу Насыр ал-Фараби (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с. 215; Акишев, Байпаков, 1979, с. 115-122; Байпаков, 1998, с. 47-61).

Руины Отырара давно привлекали к себе внимание, слухи о сокровищах древних царей, о грудях золотых монет и драгоценностях, погребенных в земле, всегда казались правдоподобными. Если раньше первое описание развалин Отырара связывалось с именем И.Т. Пославского, опубликовавшего 1898 году статью об Отыраре, а первые раскопки с именами А.А. Черкасова и А.К. Кларе, то теперь мы знаем, что первые полевые археологические исследования на Отыраре провел Н.И. Веселовский осенью 1884 года (Кожя, 2004, с. 237-241). Позже археологические работы на Отыраре провели члены Туркестанского кружка любителей археологии А.К. Кларе и А.А. Черкасов в 1904 г. Ими была собрана коллекция керамики, кирпичей и медных монет. После этого Отрар долгое время оставался в стороне от исследователей, и лишь в конце 40-х гг. XX в. А.Н. Бернштамом были проведены рекогносцировочные исследования. На основании полученных материалов исследователь предложил хронологию городища и сделал предварительную классификацию керамики (Бернштам, 1949, с. 59-99). Вот что пишет А.Н. Бернштам о статусе средневекового городища Отырар: *«Трудно найти в Средней Азии более выгодное и более опасное положение»* (Бернштам, 1951, с. 81-97). Итоги археологических работ показали перспективность Отырара, как объекта для изучения многих проблем древней и средневековой истории Средней Азии и Казахстана. С учреждением в 1946 г. Академии наук в Казахстане большинство археологических работ стал проводить Институт истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. С этого времени формируется отдел археологии, первым руководителем которого стал А.Х. Маргулан. В отдел археологии были приняты и включились в активную работу Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, Т.Н. Сенигова, А.Г. Максимова, а позднее К.А. Акишев, Г.В. Кушаев, А.М. Оразбаев, М.К. Кадырбаев. В 1969 г. была организована Отрарская археологическая экспедиция, переименованная в 1971 г. в Южно-Казахстанскую комплексную археологическую экспедицию. Объектами многолетних стационарных раскопок были выбраны городища Отырар, Костобе, Кок-Мардан, Кобыртобе, Куйруктобе в Отырарском оазисе; Туркестан, Ран и Культобе на северных склонах Каратау. Основным объектом исследований выбрали городище Отырар.

О политической значимости городища, в определенной мере, свидетельствуют находки монет, чеканки монетного двора Отырара, на аверсе изображена тамга в виде лука, на реверсе – шагающий лев (Архив ЦГМ РК, 2006) (ЦМК КП 26962/10, рис.1). Мотив льва широкое распространение получил в эпоху древних тюрков. На монетах отрарского и частично чачского чеканов встречается изображение льва, идущего вправо с загнутым над спиной хвостом. Чеканка Отырарской монеты аналогична с техникой передачи изображения, в так называемой «штриховой манере», характерной для позднесасанидского искусства изображением льва (Луконин, 1977, с. 21). Лев изображен как бы шагающим по земле, с оскаленной пастью, с плавно изогнутым тонким корпусом и с приподнятым тонким корпусом над туловищем S-образным хвостом, завершающимся кисточкой. Манера исполнения весьма сходна с изобразительным мотивом хищника на бронзовом перстне из фондов ЦГМ РК: та же поза, горделивая осанка головы и изгибающийся над корпусом S-образный хвост. Бронзовый перстень выполнен с помощью техники литья и гравировки, датируется VI-VIII вв., найден в 1957 году в окрестностях Алматы. С пластинчатой, постепенно расширяющейся шинкой, переходящей в выделенный овальный щиток. На щитке выгравирована фигура стоящего льва в агрессивной позе. Огромная головка, тонкое туловище. Пасть широко раскрыта, язык высунут. Хвост S-образный с массивной треугольной кисточкой поднят над туловищем. Лапы в виде овальных подушечек, от головы расходятся лучи (Архив ЦГМ РК, 1958) (ЦМК КП 9399, рис.2). По мнению Т.Н. Сениговой и Р.З. Бурнашевой перстни с изображением льва являлись принадлежностью царских особ и служили не только предметом роскоши, но и государственной печатью при оформлении различных деловых документов (Сенигова, Бурнашева, 1980, с. 65-79).



Рисунок – 1 Монета из Отрара ЦМК КП 26962/10

По мнению Бурнашевой Р.З. монеты чачского и отрарского чеканов выпускались главами тюркских родов, о чем свидетельствуют различные тамги на лицевой стороне. Лев символизирует силу, власть и величие, особо почитался у тюркских народов, проживающих на Сырдарье и в Семиречье, на территории карлукской конфедерации. Не случайно карлукский правитель носил имя Arslan II-tirguk (Сенигова, 1968, с. 58-59) (рис. 2.).



Рисунок – 2 Перстень с печатью ЦМК КП 9399

Уникальные находки получены при раскопках городища Куйрук-тобе, одного из самых важных памятников Отырарского оазиса. Работы велись на нескольких объектах – в жилых кварталах, мастерских и др. объектах X-XII вв. Но наиболее интересны результаты раскопок дворца правителя, расположенного в цитадели городища. Дворец датируется VII-IX вв. Он погиб от пожара и позднее был перестроен. Сохранилось лишь несколько помещений и тронный зал, относимый к первоначальной постройке. После снятия слоя золы на полу зала найдены обуглившиеся деревянные доски с резными изображениями различных сюжетов, видимо, связанных с жизнью обитателей замка (Кожа, 2012, с. 562-578). Например, на одной доске изображена, по-видимому, сцена сватовства. В центре ее – знатные мужчина и женщина с широкими лицами, плоскими носами и узкими глазами. На мужчине – халат такого же покроя, в какой обычно «одеты» древнетюркские каменные изваяния, так называемые балбалы. На другой доске плохой сохранности вырезаны два стоящих на коленях человека возле ног лошадей, головы которых повернуты в противоположные стороны (Кожа, 2008, с. 123-128).

Интересна доска с изображением сцен осады замка, стены его завершают зубцы в виде пирамиды. Со стены защитники замка ведут стрельбу из луков. В центре композиции находится фигура божества с поднятыми вверх руками, на ладонях у нее лежат солнце и луна. Налицо переплетение сцены светского содержания с мифологическими мотивами.

Последние имеют аналогии в иконографии религий, распространенных в раннем средневековье в странах Востока. Божество с луной и солнцем в руках, видимо, связано с астрологическими культами. Подобные сюжеты встречаются и в буддийской живописи. Остается непонятной сцена на самой лучшей по сохранности доске: под двумя арками помещено по персонажу. Погрудное изображение, расположенное слева от зрителя, увенчано зубчатой короной. В правой, согнутой в локте руке персонаж держит жезл, увенчанный трилистником, а в левой на ладони – сосуд или ларец с зубчатым краем. В углах арки вырезаны головы грифонов. У персонажа слева на голове плоская шапочка с кокардой в виде четырех лепестковой розетки, из-под которой на плечи ниспадают завитые пряди волос. В правой руке фигура держит какой-то конический предмет, левая опущена, что в ней, непонятно. По углам этой арки – головы баранов с закрученными рогами. Кто изображен на доске, божества или представители феодальной знати, неясно. Если обратиться к источникам, то в них можно найти описания тронов раннесредневековых владетелей в виде львов, верблюдов, баранов. Возможно, головы грифона и барана – детали тронов, на которых сидят описанные персонажи. В таком случае на доске изображены представители царствующего дома. Не вызывает сомнения и этнический облик фигур, их тюркские черты очевидны и подчеркнуты. Можно считать, что в начале VIII в. на средней Сырдарье, в районе Отырарского оазиса, сформировалось раннесредневековое тюркское объединение Кангу-Тарбанд. Это подтверждают и древнетюркские рунические надписи. Политическое господство в Кангу-Тарбанде принадлежало тюркским племенам (кангары-кенгересы), которые, видимо, были потомками кангуйцев, также, известно и другое название кангаров – кангары-печенеги. Очевидно, именно правящая кангарская верхушка изображена на деревянной доске из тронного зала цитадели Куйруктобе. Однако правомерно и другое объяснение, во второй половине VIII в. в юго-восточном Казахстане господствовали тюркские племена – карлуки. Если исходить из этих сведений, то, вероятно, на резных досках, изображены тюрки-карлуки (Байпаков, Терновая, 2005).

В IX-X вв. начинается новый период в истории Средней Азии и Казахстана. Вторжение арабов принесло с собой новую религию, новый государственный язык и письмо. Образование государства – Халифата, внутри которого укрепляются культурные и экономические связи между отдельными областями, привело к изменениям в духовной и материальной культуре. В это время начинается интенсивное сближение культур отдельных регионов, складывается культурное единство. Многочисленные торговые поездки, странствия ученых в «поисках знания» расширяли кругозор людей, способствовали распространению достижений ремесел, науки и искусства.

В условиях общего экономического подъема растут и развиваются города: они увеличиваются не только численно, но и территориально. В IX-X вв. происходят также этнические перемещения. Кангаров частично вытесняют огузы и карлуки. Не случайно Ибн Хордадбек пишет: *«А в городе Фарабе находятся одновременно отряды мусульман и тюрков-карлуков»* (Ибн Хордадбек, 1986, с. 65-66). В конце IX – начале X века складывается держава сырдарьинских огузов, столицей которой становится Янгикент, расположенный в низовьях реки. Огузы заняли среднее течение Сырдарьи, долину Арыси и предгорья Каратау. Им подчинились города Сюткент, Арсубаникент, Карачик и Фараб. Кроме ябгу у огузов было несколько царей или князей. Они имели резиденции в городах, в которых хранились продовольствие и казна. В этот период роль столичного города-округа переходит от Фараба к Кедеру (Куйрук-тобе).

Как выше сказано, это был крупный город, который имел соборную мечеть в шахристане и базары в рабаде. Кедер стал одной из резиденций огузов, в конце X в. государство огузов гибнет под ударами кипчакских племен. Вновь центром среднего течения Сырдарьи становится Отырар. В XI-XII вв. наблюдается подъем городской жизни на юге-востоке Казахстана. Возникают новые города, происходит расширение ремесленного производства, увеличивается ассортимент керамики, улучшается ее качество. Изобретение свинцовой поливы и монохромных росписей расширяет возможности местных гончаров-керамистов (Байпаков, 1986).

Раскопки Отырара свидетельствуют о расцвете города в XI-XII вв. Собраны богатые коллекции керамического производства. В городе по-прежнему функционирует монетный двор. Подтверждением значимости экономического роста Отырара может быть обнаруженный в 1974 году клад серебряных изделий и монет. Клад содержал ювелирные украшения, браслеты, перстни, детали поясного набора, обломки чаш, бесформенные куски изделий, слитки и монеты. Они самых различных типов чеканки и монетных дворов. Более половины из них – серебряные дирхемы анонимного чекана Алмалыка, отчеканенные между 638 (1240-1241) и 662 (1263-1264) годами, а остальные – монетных дворов монгольской империи XIII века (Байпаков, Настич, 1981, с. 20-62; Бурнашева, 1978, с. 159-170). Находка такого клада в Отыраре не случайна, она говорит о нем как о центре транзитных «шелковых» путей.

Раскопки слоев Отырара XIII-XIV вв. дали материал об экономическом росте города. В XIII в. вокруг шахристана возводится городская стена, поставленная на культурные слои, скрывшие разрушенную монголами городскую стену. Вот что об этом пишет хивинский хан шейбанид, воин, известный также как историк – Абулгази Багадур хан «Султан Мухаммед шах Хорезмский, поставил Кайрхана с пятьюдесятью тысячами человек охранять область Отрарскую. Предполагая, что монгольское войско хочет идти к Отрару, султан послал на помощь Кайрхану своего нукера Карача-хаджиба с десятью тысячами воинов. С шестьюдесятью тысячами Кайрхан заперся в Отраре; Чингизхановичи пять месяцев осаждали крепость; народ в Отраре начал унывать. Карача-хаджиб сказал Кайрхану: «сдадим Отрар сыновьям Чингизхана и отдадимся им в подданство: тем мы спасем себя от тягостей осады». Кайрхан не соглашался на его слова, потому что его голова была причиной настоящих бедствий. Карача-хаджиб, видя, что Кайрхан не соглашается на его мнение, сколько раз он ни говорил ему, в одну ночь с десятью тысячами человек вышел из крепости воротами Дервазаи-суфи и предстал перед сыновьями Чингизхана. Чингизхановичи сказали Карача-хаджибу: «ты не соблюл верности своему государю, не будешь верен и нам», и велели убить его вместе с десятью тысячами человек. Монголы вошли в Отрар теми же воротами Дервазаи-суфи. Всех жителей Отрара вывели в поле и избили. При таких обстоятельствах Кайрхан с двадцатью тысячами человек заперся в цитадели городской, и, каждый день, делая вылазки, в битвах оказал опыты отличной храбрости, истребил много людей в монгольском войске. Но как он в этих битвах потерял всех своих людей, то монголы ворвались в крепость. В этой крепости Кайрхан с двумя человеками скрылся наверху одного здания. Оба нукера его были убиты; когда у хана, который непрестанно должен был отражать от себя, не стало уже стрел, то невольницы его стали носить к нему кирпичи со стен, и он кирпичами отбивался. Наконец, его окружили, схватили и живого привезли к царевичам. В это время царевичи получили весть, что Чингиз-хан взял Бухару, шел к Самарканду. Угедай хан и Джагатай хан со своим ополчением обратились к Самарканду; на месте, называемом Кук-Сарай, они велели убить Кайрхана» (Абулгази Багадур-хан, 1768).

На городище исследован уникальный по своей значимости и богатству находок – квартал гончаров второй половины XIII-XIV вв. Здесь выявлено более десяти мастерских имеющие общие и отличные черты друг от друга. Мастерские состояли из двух и более помещений, в них размещались гончарный станок – основное орудие производства керамиста, площадки для сушки изделий перед обжигом, производственные площадки, различные ящики из жженого кирпича и колодцы. К сожалению, гончарные станки не сохранились, но по остаткам следов углублений где они стояли можно определить их точное месторасположение.

При раскопках мастерских городища Отырар собрана богатая коллекция керамики. Это глазурованные чаши, блюда. Цвет полива разнообразна, прозрачная желтая, розовая, зеленая, коричневая, голубая. Глазурованная посуда украшена росписью в виде растительных и геометрических узоров нанесенных красной, коричневой, зеленой, синей и черной красками. Интересную группу керамики составляют чираги – светильники обычно имеют ладьевидную форму с выделенной для удобства переноски выступом-пятой. Чираги покрывались зеленой, коричневой, голубой и синей глазурями (ЦМК КП 26965/2; ЦМК КП 28156/2; ЦМК КП 26748/1, рис. 3).



Рисунок – 3 Чираги ЦМК КП 26965/2; ЦМК КП 28156/2; ЦМК КП 26748/1

Материалы раскопок Отырара XVI-XVIII вв. дают яркое представление о жизни города. Основным застроечным компонентом городища были кварталы. Это комплекс домов, сгруппированных по две или одну сторону внутриквартальной улочки, которая могла быть прямой или Г-образной. На магистральные улицы кварталы выходили глухими стенами. Границы с соседними кварталами проходили также по задним стенам домов. Кварталы насчитывали от 6 до 15 домовладений и занимали в соответствии с этим площадь от 1000 до 2500 кв. м. Определена ремесленная специализация некоторых кварталов. Так, квартал в восточной части Отырара принадлежал гончарам, другой, расположенный вблизи западных ворот Отырара, идентифицированных с воротами Дарваза-Суфи, заселяли хлебопеки. Дома здесь в большинстве – одно и двухкомнатные, почти в каждом по два тандыра. В квартале находился также большой амбар с мучными закромами (Акшиев, Байпаков, Ермакович, 1981). В ходе раскопок позднесредневекового Отырара обнаружено много керамики,

изделий из металла, монет и украшений. Керамическая продукция разнообразна – поливная и неполиванная. Полевная посуда покрыта прозрачной, голубой и зеленой глазурями. Росписи моно и полихромные – фиолетового, черного, коричневого, синего, зеленого и красного цвета. Собрана коллекция высокохудожественных чаш, орнаментированных растительным и геометрическим орнаментами. Особенно красивы чаши с реалистично выполненными цветами (Байпаков, Ходжаев, 1999, с. 157-164).

Археологические раскопки городища Отырар продолжаются и по сей день, и каждый год приносят новые материалы, проливающие свет на историю одного из крупнейших городов Великой Степи расположенного на Великом Шелковом пути.

Литература

Абулгази Багадур-хан. Родословное древо тюрков. История родословная о татарах. Ч III. Гл. XIV. О походе Чингис-Хановом в великую Бухарию. Том I. СПб. 1768.

Акишев К.А., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. – Алма-Ата. Мектеп, 1979. – 160 с.

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар (топография, стратиграфия, перспективы). – Алма-Ата. Издательство «Наука», 1972. – 215 с.

Акшиев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар (XVI-XVIII вв.) – Алма-Ата: Наука, 1981. – 343 с.

Архив ЦГМ РК, Акт приема-сдачи №161 от 14.02.1958. КП (основного фонда).

Архив ЦГМ РК, Акт приема-сдачи №47 от 10.07.2006. КП (основного фонда).

Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII в.). «Наука» Казахской ССР. Алма-Ата. 1986. – 256 с.

Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы. Ғылым, 1998. – 212 с.

Байпаков К.М., Терновая Г.А. Религии и культы средневекового Казахстана (по материалам городища Куйрыктобе). Алматы, 2005. Изд. Баур. – 235 с.

Байпаков, К. М., Настич, В.Н. Клад серебряных вещей и монет из Отрара. Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории) / (отв.ред. А.Х. Маргулан.) Алма-Ата. Наука. 1981. – 192 с.; Бурнашева Р.З. Монетные находки с городища Отрар-Тобе за 1974 год. Археологические памятники Казахстана / Акад. наук Каз. ССР, Ин-т истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова; (отв.ред. К.А. Акишев). – Алма-Ата. Наука, 1978. – 211 с.

Байпаков, К. М., Ходжаев, М. Б. Раскопки архитектурного ансамбля конца XIV – начала XV вв. на Отраре. Города Туркестана. Алматы. 1999. 157-164 сс.

Бернштам А.Н. Древний Отрар. Известия АН Казахской ССР. 1951. Серия «Археология» 108(3): 81-97.

Бернштам А.Н. Проблема древней истории и этногенеза Южного Казахстана. Известия АН Казахской ССР. 1949. Серия «Археология» 67(2): 59-99.

Ибн Хордадбех. Книга путей и стран. § 16. Дорога из Замина до Фарганы. Перевод с арабского, комментарии, исследование, указатели и карты Наили Велихановой. – Баку. Элм, 1986. – 428 с.

Кожа М. Изображения древнетюркских богов на резном дереве из Отрарского оазиса. Түркологиялық жинақ. Жауапты редакторлары: Ескеева М., Аманжолова Д. – Астана, «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. – 768 с.

Кожа М.Б., Елгин Ю.А. Туркестан и Отрар в неопубликованной рукописи Н.И. Веселовского о древних городах Сырдарьи // Новые исследования по археологии Казахстана: Труды научно-практической конференции «Маргулановские чтения – 15». Алматы, 2004. – 252 с.

Қожа М. Оңтүстік Қазақстан облысы аймағындағы көне түркілерден қалған ескерткіштерді зерттеу мәселелері // Түркология, 2008, № 5-6. – 133 с.

Луконин В.Г. Искусство Древнего Ирана. М.: Искусство, 1977. – С. 232.

Сенигова Т.Н. Вопросы идеологии и культов Семиречья (VI-VIII вв.) // Новое в археологии Казахстана. – Алма-Ата, 1968. – С. 58-59.

Сенигова Т.Н., Бурнашева Р.З. Изобразительный мотив льва в прикладном искусстве древнего Казахстана // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. – Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1980. – С. 204.

Kh. Aitkul

HEAD OF THE CENTER OF ARCHEOLOGY OF THE CENTRAL STATE MUSEUM
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

This article discusses the role of the Otyrar site of ancient settlement in the study of medieval history of Kazakhstan. Also, in the article, the author provides a scientific description of unique artifacts from the collection of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan collected and found as a result of regular archaeological excavations of the South Kazakhstan complex archaeological expedition.

Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шагирбаев

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: eraly_a@mail.ru; mambet_87@mail.ru

**2019 жылы ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРГЕ
(ТӨРТКҮЛДЕРГЕ) ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ**

Кіріспе. Жетісу жері ежелгі дәуірден бастап адамзат баласының тіршілік етуі үшін өте қолайлы аймақтардың бірі болғандығын өңірден анықталып, зерттелген және зерттеліп келе жатқан археологиялық ескерткіштер дәлелдейді. Тас ғасырынан бастап этнографиялық кезеңге дейінгі археологиялық ескерткіштердің барлық түрлерін өңірден кездестіруге болады. Осы ескерткіштердің айтарлықтай бөлігін орта ғасырларға жататын қоныстық, жерлеу, діни және т.б. ескерткіштер құрайды. Өңірдегі қоныстық ескерткіштердің қатарында қалалар, төрткүлдер, керуен сарайлар, қоныстар, жекелеген үй-жайлар және т.б. бар.

Ортағасырлық ескерткіштердің ерекше бір түрі – төрткүлдер. Шаршылы немесе төртбұрышты, кейде бесбұрышты болып келген төрткүлдерді Жетісу өлкесінің басым бөлігінен кездестіруге болады. Орта ғасырларға жататын төрткүлдердің саны, негізінен Қарлұқ қағанаты тұсында пайда бола бастап, Қарахан мемлекетінің уақытында дамып, бірнеше есеге көбейгендігін көреміз.

Жетісу жеріндегі ортағасырлық төрткүлдер көбінде су көздеріне: бұлақ маңына, өзен жағасына (өзендердің қосылатын жеріне) жақын, көлдердің жағасына орналасқан. Орналасқан жері құмды немесе сазды дала, қыратты жер, тіпті таулы аймақ болса да осы тәртіп сақталады. Бүгінде кейбір төрткүлдер орналасқан жердегі өзендер тартылып қалғанымен, өзен сағалары бар. Орналасу арақашықтықтары да әртүрлі келеді. Кейбіреулері бір-біріне тіпті жақын (0,5-1 км) болса, кейде тым алыс орналасқан. Олар бір-бірінен қашық орналаспаған болуы да мүмкін. Себебі, өңірде толық барлау жұмыстары жүргізілмегендіктен, олардың бірқатары анықталмаған күйінде қалып отыр. Сонымен қатар, кеңестік кезеңде ауылшаруашылық жерлерін игеру жұмыстары және бүгінде осы егістік немесе суармалы алқаптардың жеке шаруа қожалықтарына берілуі кезінде, одан қалды қарқынды құрылыс жұмыстары барысында ескерткіштердің бірқатары бұзылып кеткен де болар.

Жетісу өңіріндегі ғылымға белгілі ортағасырлық ескерткіштердің бүгінгі күндегі жай-күйін анықтау, ал әлі де белгісіз болып келген ескерткіштерді анықтау бойынша археологиялық барлау жұмыстарын жүргізу өте өзекті мәселе болып қала бермек.

Зерттелу тарихы. Жетісу жерінде орналасқан ортағасырлық төрткүлдер туралы алғашқы ғылыми мәліметтер ХІХ ғасырдың ортасынан бастап кездеседі. Іле өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштер туралы дерек С.О. Гуляевтің еңбегінде көрініс тапқан (Гуляев, 1853, с. 22-25). С.О. Гуляев өзінің қысқаша шолу еңбегінде қазақ даласында өзендердің және көлдердің бойында айнала саздан, тас немесе ағаштан тұрғызылған қабырғалары бар бекіністер бар. Олардың ішінен түрлі тас, металл және қыш бұйымдар табылады деп жазады.

Іле өзенінің бойындағы Шеңгелді төрткүлі туралы алғашқы мәліметті Ш.Ш. Уалихановтың жазбаларынан көреміз. Ғалым Шеңгелді қаласынан су құбырларының сақталған қалдықтарын көргенін жазады (Валиханов, 1984, с. 350).

Шеңгелді төрткүлі туралы алғашқы ғылыми сипаттама жасаған, Ресей географиялық қоғамының тапсырмасымен 1860 жылы Жетісу өңіріне саяхат жасаған белгілі этнограф Н.А. Абрамов. Н.А. Абрамов Шеңгелді төрткүлінің ХІХ ғасырдың ортасындағы жағдайын сипаттап, келесі деректі қалдырады: «Шеңгелді өзенінің бойында аса үлкен емес, пішіні дөңгелектеу келген топырақтан тұрғызылған бекініс бар. Осы маңдағы бекіністе орналасқан казактар кездейсоқ жер астымен жүргізілген қыш құбырларды анықтаған. 1886 жылы В.М. Флоринский пошта маңында және көпірге

жақын жерден қазба жүргізіп, құбыр желісін тапқан. Оның ішінен бірнешеуін музейге тапсыру үшін алған. Құбырлар бір-біріне цемент қоспасыз қиюластырылған» (Абрамов, 1867, с. 72). Өкінішке орай В.М. Флоринскийдің қазбасы туралы мәліметтерді кездестіре алмадық.

1884 жылы жарияланған Г.В. Фишердің мақаласында Балқаш көлінің оңтүстігі, Іле өзенінің салаларының бойында орналасқан ирригациялық жүйелер мен ортағасырлық ескерткіштердің қирандыларын көргені жазылған (Фишер, 1884, с. 3-21).

К. Ходжиковтың 1935 ж. шыққан «Древнейшие памятники Семиречья» атты мақаласында Жетісу жеріндегі ортағасырлық ескерткіштерге біршама тоқталып өткен. Ғалым Бүйен өзені, Қапал уезі, Баласаз шатқалы, Басқан селосы, Антоновка селосы, Лепсі өзені, Талғар шатқалы маңайындағы ортағасырлық қалалар туралы жалпы сипаттама жасайды. Шеңгелді өзені маңындағы ортағасырлық ескерткіштің сыртында қорғаныс қабырғасы мен ор бар екендігі және қабырғаның ені 3 сажен (6,5 м), биіктігі 1 сажен (2,1 м) болатынын және бекіністен алыс емес жердегі бұлақтан су құбырлары қалаға баратынын жазады (Ходжиков, 1935, с. 48–49).

Іле өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштер туралы археологиялық негізде алғаш мәлімет қалдырған ғалымдардың бірі – А.Н. Бернштам. Автор Рубруктың жүріп өткен маршрутын анықтау мақсатында, 1939 жылы Алматы маңайы, Талғар, Есік, Түрген, Шелек өзендері Шарын шатқалына (Іле өзенінің сол жағалауы) және Көктал, Айнабұлақ, Алтынемел, Талдықорған қаласы, Мұқыр, Қапал (Іле өзенінің оң жағалауы), сонымен қатар Көксу және Қаратал өзендерінің аңғарына археологиялық барлау жұмыстарын жүргізеді. Осы зерттеулерінің нәтижесін «Прошлое района Алма-Ата. Историко-археологический очерк» (Бернштам, 1941) еңбегінде және «Памятники старины Алма-Атинской области» (Бернштам, 1848, с. 79-91) мақаласында жариялайды. Ғалым Іле өңіріндегі пішіні төртбұрышты, бұрыштары әлемнің төрт тарабына қараған бекіністер IX–XI ғасырларда қалыптасқан деген пікір айтады. А.Н. Бернштам бұл типтегі ескерткішті «торткуль» деп атап, олардың орналасуында бір заңдылық байқалатынына назар аударған. Біріншісі, бекіністер тау шатқалдарының аузында, екіншісі тау етегінен алыста, егін ирригациялық мақсаттағы шаруашылыққа ыңғайлы жерлерде орналасады. Төрткүлдердің бұлай орналасуы Шу өңіріндегі төрткүлдердің топографиялық жағдайынан біршама ерекшеліктері бар екенін айтады. Төрткүл тәріздес ескерткіштерді екіге бөлген: қабырғасының ұзындығы 50 метрге жететін және 100 метрден асатын. Сонымен қатар, Алматы облысынан байқалған төрткүлдер цитадельсіз келеді, бұл құрылымдық ерекшелігі Алматы облысындағы төрткүлдердің Шу-Талас төрткүлдерден басты ерекшелігінің бірі дейді (Бернштам, 1948, с. 91.). Жалпы А.Н. Бернштам Алматы облысының шығысы мен солтүстігінен 8 ортағасырлық ескерткіш анықтаған. Талғар, Дүнгене ескерткіштеріне шурф-қазба жүргізіп, керамика кешенінің Тараз, Шу өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштерден табылған керамикаларға ұқсас екендігін айтады. А.Н. Бернштамның Шеңгелді (Эквиус) және Дүнгене (Қойлық) қалаларына қатысты пікірінің қате екендігін кейінгі жылдары жүргізілген зерттеулер дәлелдеп отыр. Ғалым Алматы облысындағы өзіне белгілі ортағасырлық ескерткіштер бойынша екі керуен жолының тармағын көрсеткен: біріншісі, Талғар қаласы арқылы шығысқа қарай; екіншісі Шеңгелді, Дүнгене қалалары арқылы Алакөлге қарай. А. Н. Бернштам өзінің зерттеулерін қорытындылай келе, Алматы облысының ортағасырлық ескерткіштерінің қалыптасуы және даму кезеңдері туралы төмендегідей тұжырым жасайды:

1) VIII ғасырдан бастап көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасы басталып, XI ғасырдан кейін арта түскен;

2) жер өңдеу шаруашылығы VIII – XI ғасырларда кейбір аймақтарда ғана дамыған;

3) отырықшылықтың жақсы дамыған кезі – XI – XII ғ. (Бернштам, 1948, с. 91).

1956 жылы Жетісудағы Алматы және Талдықорған облыстарының археологиялық картасын жасау мақсатында археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, жалпы саны 597 ескерткіш анықталады (Агеева, 1960, с. 65-69). Соның ішінде ортағасырлық ескерткіштер саны – 19. Е.И. Агеева ортағасырлық ескерткіштерді сыртқы пішіндері мен көлеміне қарай 2-ге бөліп қарастырған (Кесте 1).

Ортағасырлық ескерткіштердің орналасу аймағын зерттеушілер әртүрлі көрсетеді. А.Н. Бернштам Алматы облысы, Е.И. Агеева Жетісу өңірі, К.М. Байпақов және Т.В. Савельева Іле өңірі, Іле Алатауының солтүстік баурайы, Жетісудың солтүстік-шығысы, Ә.Т. Төлеубаев Алакөл ойпаты, Жоңғар қақпасы деп көрсетеді.

Мақалада ескерткіштердің топографиялық орналасуын әкімшілік-территориялық негізде алып қарастырдық. Бұл жерде Талдықорған облысының екі рет жеке бөлініп шығуына байланысты, өзара бөліп-жармай, қазіргі әкімшілік-территориялық бөліністі басшылыққа алып, Алматы облысы деп қарауды жөн санадық. Төменде зерттеушілер көрсеткен әртүрлі географиялық аймақтар жиынтықталып, жалпы Алматы облысы деп көрсетілді.

Алматы қаласы маңайы – қаланың қазіргі шекарасы мен қала аумағындағы елді-мекендерді қамтиды.

Алматы облысының батысы – қазіргі Қопа, Жиренайғыр, Ақсеңгір, Тарғап және т.б. өзендерінің Күрті өзеніне құятын аймағынан бастап, Күрті өзенінің Іле өзеніне құятын жеріне дейінгі аумақты қамтиды.

Алматы облысының шығысы – Іле өзеніне құятын Түрген, Есік, Талғар және т.б. өзендердің алқабын қамтиды.

Алматы облысының солтүстік-батысы – Іле өзенінің төменгі ағысындағы ескі арналар желісі, Балқаш көлінің оңтүстік жағалауы, Сарыесік-Атырау құмының аумағын қамтиды.

Алматы облысының солтүстік-шығысы – Іле өзенінің оң жақ саласы, Басқан, Сарқанд, Қаратал өзендерінің бойы, Алакөл ойпаты мен Жоңғар қақпасына дейінгі аумақты қамтиды.

№	ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ	Қала	Бекіністі қоныс	Жалпы
1	Алматы қ. маңайына шоғырланған	1	1	2
2	Алматы обл. батысында орналасқан	1	3	4
3	Алматы обл. шығысында орналасқан	1	2	3
4	Алматы обл. солт.-батыс. орналасқан	0	0	0
5	Алматы обл. солт.-шығыс. орналасқан	4	6	10

Кесте 1. Жетісу өңірінен 1956 жылы анықталған ескерткіштер (Е.И. Агеева бойынша)

1960 жылы жарияланған «Археологическая карта Казахстана» реестрінде Алматы облысының аумағынан ортағасырлық 26 ескерткіш анықталады (Кесте 2). Олар ірі қалалар, бекініс-қоныстар, төрткүлдер және кездейсоқ тыбылымдар деп бөлінген (Археологическая карта..., (Реестр), 1960). Реестрді зерттеу барысында ортағасырлық ескерткіштер төмендегідей жүйеде топталды:

№	ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ	Қала	Бекініс қала	Қоныс	ЖАЛПЫ
1	Алматы қ. маңайына шоғырланған	1	1	4	5
2	Алматы обл. батысында орналасқан	0	5	0	5
3	Алматы обл. шығысында орналасқан	1	2	0	3
4	Алматы обл. солт.-батыс. орналасқан	0	3	0	3
5	Алматы обл. солт.-шығыс. орналасқан	4	6	0	10

Кесте 2. Жетісу өңірінен 1960 жылға дейін анықталған ескерткіштер (Археологическая карта Казахстана. Реестр бойынша)

XX ғасырдың екінші жартысында Алматы облысының солтүстік және шығыс бөліктеріне зерттеулер жүргізіліп, ортағасырлық ескерткіштер туралы дерек қоры жаңа мәліметтермен толықта бастады. К.М. Байпақов өзінің 1966 жылы жариялаған «Раннесредневековые города и поселения Семиречья» атты мақаласында Жетісудың шығыс және солтүстік-шығыс бөліктері туралы археологиялық мәліметтер өте аз екендігін айта келе, 1962–1965 жылдар Жетісу археологиялық экспедициясы Сүмбе, Антоновка, Кеген секілді ортағасырлық ескерткіштерге стационарлы қазба жүргізіп, Басқан, Сарқан, Ақсу, Лепсі және Іле өзенінің төменгі ағысына барлау жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде 18 ортағасырлық ескерткіш ашылғанын айтады (Байпақов, 1966, с. 72). К.М. Байпақов осы мақаласында «қала типтес құландылар» деген атпен пішіні төртбұрышты келген ескерткіштердің Жетісудың солтүстік-шығысында жиі кездесетінін айтады. Атап айтқанда, Ащыбұлақ, Теректі, Айнабұлақ, Жержетем (Чержетем), Шелек, Қызылқорған, Қапал, Арасан, Қызылқайың және т.б. Нарынқол, Кеген аймағындағы қалаларды мысалға келтірген.

1968 жылы жариялаған К.М. Байпақовтың «О локализации городов Северо-Восточного Семиречья» атты мақаласында Шеңгелді қаласын А.Н. Бернштамның Эквиус (Екіоғыз) қаласымен баламалауына қарсы пікір білдіріп, төрткүлдің Рубрук жазбасындағы Эквиус қаласы бола алмайтынын айтады (Байпақов, 1968, с. 21-25). Басты себебі ретінде Шеңгелді төрткүлінің көлемінің кіші екендігі және мұнда XIII ғасырмен мерзімделетін материалдар кездеспейтінін айтады. Сондай-ақ, К.М. Байпақов Талдықорғаннан аса алыс емес жерде орналасқан Дүнгене қаласының В. Рубрук айтқан Эквиус қаласы болуы мүмкін екендігін айтқан.

1968 жылы К.М. Байпақов және Л.Б. Ерзакович Алматы облысының солтүстігінде орналасқан пішіні төртбұрышты келген, ғылымға Жақсылық қаласы деген атпен енген ескерткішке алғаш қазба жұмысын жүргізеді (Байпақов, Ерзакович, 1968, с. 324-325). Сыртқы қорғаныс қабырғасына салынған траншея-қазба, қабырға қалыңдығының 5 м болатынын көрсеткен. Керамика кешеніне қарап ескерткішті X-XIII ғасырлармен мерзімдейді. Сонымен қатар, Жақсылық қаласы жыл бойына мекендеу нысаны болған, бірақ қала өмірінде бірқатар үзілістер орын алған. Мұны зерттеушілер түрлі қақтығыстар немесе ұзақ малдың жайылым өрісін іздеу мақсатымен қаланы уақытша тастап кетуі мүмкін деген пікір айтады.

1968 жылы жариялаған К.М. Байпақовтың «Раннесредневековые города и поселения северо-восточного Семиречья» атты мақаласында Жетісудың солтүстік-шығыс аймағындағы ортағасырлық ескерткіштердің саны артқанын айтады. Ғалым нақты ескерткіштер атауын толық атамағанымен, Жоңғар (Жетісу) Алатауының батыс және солтүстік-батыс етегі мен Алакөл өңіріне дейінгі аймақтан 20-дан астам жаңа ескерткіштің ашылғанын көрсеткен (Байпаков, 1968, с. 69). Ескерткіштердің топографиялық орналасу ерекшеліктерін айғақтау үшін, К.М. Байпақов алғаш Жетісуда орналасқан ортағасырлық ескерткіштердің картасын жасаған. Ғалымның жасаған археологиялық картасында бұрын ашылған ортағасырлық ескерткіштермен қоса жалпы саны 50-ден астам қоныстар, төрткүлдер, қалалар көрініс тапқан (Кесте 3).

№	Орналасқан жері	Қала	Бекініс қала	Керуен сарай	Қоныс	Жалпы
1	Алматы қ. маңайына шоғырланған	3	0	1	4	8
2	Алматы обл. батысында орналасқан	1	0	1	1	3
3	Алматы обл. шығысында орналасқан	2	0	4	0	6
4	Алматы обл. солт-батыс. орналасқан	2	2	1	1	6
5	Алматы обл. солт-шығыс. орналасқан	12	5	8	8	33

Кесте 3. Жетісу өңірінен 1968 жылға дейін анықталған ескерткіштер (К.М. Байпаков жасаған карта бойынша)

1969 жылы ҚазКСР ҒА Ботаникалық бақтағы құрылыс жұмыстары кезінде кездейсоқ керамика көмбесі табылады. К.М. Байпақов аталған керамика кешенін зерттеп, XI–XIII ғасырлармен мерзімдей отырып, сыртқы пішіндері мен жасалу технологиясына орай, Жетісудың солтүстік-шығыс аймағы және Шу өңірінен табылған керамикалармен өзара ұқсастықтар бар екендігіне тоқталған (Байпаков, 1974а, с. 70-71).

К.М. Байпақовтың 1974 жылы жариялаған «О численности оседлого населения Илийской долины в средневековье» атты мақаласында Іле өңірінде анықталған ортағасырлық қалалардың саны 66-ға жеткенін жазады (Байпаков, 1974б, с. 190). Ғалым Іле өңіріндегі ортағасырлық қалалардың екі жерге шоғырланып орналасқанына назар аударады. Олар Іле өзенінің оң жағалауы және Іле өзеніне келіп құятын сол жағалауында Күрті, Есік, Талғар және Шелек өзендерінің бойымен орналасқан қалалар. К.М. Байпақовтың 1974 жылы жасаған картасы ортағасырлық ескерткіштердің саны бойынша, алдыңғы картасына қарағанда көп өзгерістермен және толықтырулармен ерекшеленетінін байқаймыз (Кесте 4).

№	Орналасқан жері	Қала*	Жалпы
1	Алматы қ. маңайына шоғырланған	8	66
2	Алматы обл. батысында орналасқан	7	
3	Алматы обл. шығысында орналасқан	9	
4	Алматы обл. солт-батыс. орналасқан	6	
5	Алматы обл. солт-шығыс. орналасқан	36	

*Кесте 4. Жетісу өңірінен 1974 жылға дейін анықталған ескерткіштер *К.М. Байпаков 1974 жылы жасаған картасында тек ортағасырлық қалалар деп көрсеткен*

1978 жылы К.М. Байпақовтың жариялаған «Городища типа торткуль» деп аталатын мақаласында төрткүл тәріздес ескерткіштердің Еуразия кеңістігінде кеңінен таралған ескерткіш түрі екендігіне назар аударады (Байпаков, 1978, с. 80-96). Ғалым осы мақаласында Жетісу жеріндегі ортағасырлық ескерткіштердің типологиясына талдау жүргізіп, көлемі аса үлкен емес, 1 мәдени қабаттан тұратын, пішіні төртбұрышты ескерткіштерді бөліп қарастырып, олардың қатарына Ақмола, Қарабұлақ және Ащыбұлақ секілді төрткүлдерді жатқызады.

1980 жылдары К.М. Байпақов Іле өңіріндегі ортағасырлық қалалардың қалыптасу мәселелеріне назар аударып, Жетісу өңіріндегі қалаларды Орта Азия, Қара теңіз, Моңғолия жерінде қалыптасқан ортағасырлық қалалармен өзара салыстырмалы түрде талдаған (Байпаков, 1982, с. 21-28). Ғалым Жетісудың солтүстік-шығысындағы қалаларды сыртқы пішіндері мен басқа ерекшеліктеріне орай қала, ауылдық қоныстар, қала-бекініс, керуен сарай деп бөліп қарастыра отырып, Талғар қаласындағы жүргізілген қазба нәтижесіне сүйеніп, IX–X ғасырларда көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың өзара әрекеті нәтижесінде қалыптасқанын айтады. Негізгі ерекшеліктер ретінде ауыл болып көшу үдерісі, қыстаулық қоныстардың жинақталып орналасуы және рулық-туыстық отбасылардың әлеуметтік-экономикалық бірігуін көрсеткен.

Т.В. Савельева өзінің 1994 жылы жариялаған «Оседлая культура северных склонов заилийского Алатау в VIII–XIII вв.» атты еңбегінде ортағасырлық Талғар қаласы мен оның айналасында ескерткіштер туралы құнды деректер береді (Савельева, 1994, с. 21-61.). Зерттеу жұмысында Талғар қаласының маңайында шоғырланған және Іле Алатауының солтүстік бөктеріндегі ортағасырлық

төрткүлдерді сипаттап, топографиялық жағдайы мен жоспарын көрсеткен. Жалпы, ғалым анықтаған ескерткіштер саны – 32. Бірақ бұл жерде Жетісудың солтүстік-шығысы қарастырылмаған (Кесте 5).

№	Орналасқан жері	Қоныс	Қала*	Жалпы
1	Талғар қаласының төңірегі	7	1	32
2	Іле Алатауы (Алматы обл. батысы)	1	9	
3	Алматы обл. солтүстігі (Іле өзеніне дейін)	0	3	
4	Алматы обл. шығысы	0	6	
5	Алматы обл. солтүтік-батысы	0	5	

Кесте 5. Алматы облысынан 1994 жылға дейін анықталған ортағасырлық ескерткіштер (Т.В. Савельева бойынша)

***Т.В. Савельева ескерткіштерді жалпы қала (городище) деп көрсеткен*

К.М. Байпақов, Т.В. Савельева және К.Чанг бірлесіп екінші рет жариялаған «Средневековые города и поселения северо-восточного Жетісу» атты еңбекте Жетісу өңіріндегі (Алматы облысы бойынша) ортағасырлық ескерткіштердің саны 76 жеткен (Байпақов, Савельева, Чанг, 2005, с. 30-60.). Жаңадан ашылған ескерткіштер Алматы облысының солтүстік-шығысынан, Балқаш маңынан және Алматы облысының шығысынан анықталған (Кесте 6).

№	Орналасқан жері	Қала*	Қоныс	ЖАЛПЫ
1	Алматы қ. маңайына шоғырланған	8	7	15
2	Алматы обл. батысында орналасқан	4	0	0
3	Алматы обл. шығысында орналасқан	10	0	0
4	Алматы обл. солт-батыс. орналасқан	7	0	0
5	Алматы обл. солт-шығыс. орналасқан	40	0	0

Кесте 6. Алматы облысынан 2005 жылға дейін анықталған ортағасырлық ескерткіштер (К.М. Байпақов, Т.В. Савельева және К. Чанг бойынша)

** Авторлар ескерткіштерді жалпы қала (городище) деп көрсеткен*

2011 жылдан бастап белгілі ғалым Ә.Т. Төлеубаев Жетісудың солтүстік-шығысы, Алакөл ойпаты, Жоңғар қақпасы аймағына археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, бүгінге дейін 19 ортағасырлық ескерткішті анықтап, зерттеу нәтижелерін ғылыми айналымға қосып отыр (Төлеубаев, Шагирбаев, 2018, 178-194 бб.). К.М. Байпақов аталған өңірдегі Көктұма ауылы маңынан 1 ортағасырлық ескерткіш, Үшарал қаласы маңынан 2 ортағасырлық ескерткіштің болғанын айтып өткен. Өкінішке орай, бүгінгі күнде Көктұма, Үшарал маңындағы ортағасырлық ескерткіштер жойылып кеткен.

Аймақтағы археологиялық зерттеулердің келесі бағыттары ортағасырлық ескерткіштердің қалыптасуы (Савельева, 1989, с. 431-432) және кезеңдестірілуі (Байпақов, 1978, с. 8-10), өңірдің ортағасырлардағы халқының тығыздығы (Байпақов, 1974б, с. 188-200), ортағасырлық қалалардағы жалпы урбанизация мәселесі (Байпақов, 2013, с. 253-337), көшпелі және отырықшы халықтардың өзара мәдени, әлеуметтік-экономикалық ықпалдастығы (Байпақов, 1989, с. 329-336), ирригациялық жүйесі (Байпақов, Грошев, 1993, с. 36-39), діни ұстанымдары (Байпақов, Савельева, 2017, с. 24-41.) және жекелеген ескерткіштерге жүргізілген қазба жұмыстары (Байпақов, Ерзакович, 1970, с. 22-40; Байпақов, Воякин, 2007.; Савельева, 2013, с. 11-14) тұрғысынан қарастырылған.

Сонымен қолда бар деректер негізінде жалпы қорытынды жасайтын болсақ, Алматы облысында 2017 жылға дейін жалпы саны 94 ортағасырлық ескерткіш анықталып отыр. Олардың ішінде басым бөлігі төрткүл тәріздес ескерткіштер, қала, керуен сарайлар және қоныстар.

Жетісу жеріне әр жылдарда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында ортағасырлық ескерткіштер (төрткүлдер) анықталып, жыл өткен сайын саны артып келе жатқандығын жоғарыда келтірілген мәліметтер растап отыр. Өлкедегі ортағасырлық ескерткіштердің толық санын анықтау бойынша арнайы зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде жарияланған еңбектер жоқтың қасы. Сондықтан, ескерткіштерді анықтау, олардың топографиялық жоспарын алу, бүгінгі жай-күйін білу, өлкедегі ортағасырлық қалалық мәдениеттің даму динамикасын анықтауға үлкен септігін тигізеді.

Археологиялық барлау жұмыстары. 2018 жылы ҚР БҒМ ҒК Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының барлау отряды (Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шагирбаев) Алматы облысының батыс бөлігіне барлау жұмыстарын жүргізді.

Барлау жұмыстары Іле өзеніне сол жағынан келіп құятын ірі салаларының бірі – Күрті өзенінің аңғары мен оның жоғарғы салалары: Ақсеңгір, Қастек, Құтырған, Самсы, Тарғап өзендерінің бойын,

Іле Алатауының солтүстік баурайындағы Дегерес, Атжайлау жоталарының теріскей беткейлерін қамтыды.

Археологиялық барлау жұмыстары 8 ортағасырлық төрткүлде жүргізілді. Оның ішінде ғылымға бұрыннан белгілі Еңбекші және Самсы төрткүлдері бар. Жаңадан ашылған ескерткіштерге Итбай, Көкөзек, Ақтерек, Архарлы, Беріктас және Жайсаң төрткүлдері жатады (Ақымбек, Шагирбаев, 2019, 112-131 бб).

Күрті өзені алқабындағы археологиялық барлау жұмыстары барысында 6 ортағасырлық төрткүл анықталып, олардың көлемі анықталып, жер бетіндегі материалдары жиналып, фотосуреттері түсіріліп, бүгінгі жай күйі белгілі болды.

Жүргізілген барлау жұмыстары жақсы нәтижелерге қол жеткізіп қана қоймай, зерттеу жұмыстарын одан ары қарай жүргізе беру керектігіне себеп болды.

2019 жылы қыркүйек айының басында ОҚКАЭ-ның барлау отряды Жетісу өлкесіндегі ортағасырлық ескерткіштерге археологиялық барлау жүргізу жұмыстарын жалғастырды.

Барлау жұмыстары Алматы облысының Көксу және Ақсу аудандарын қамтыды. Нақтырақ айтсақ, Көксу ауданы аумағындағы Қаратал өзенінің сол жағасынан құятын Быжы (Біже), Жарлыөзек, Мұқаншы өзендерінің бойына, Ақсу ауданындағы Қызылағаш өзеніне құятын Бұқпан, Қапал, Біртоған өзендерінің бойына, Бүйен өзенінің сол жағалауына, Ақсу өзеніне құятын Ащыбұлақ өзенінің бойына жүргізілді.

Жүргізілген барлау жұмыстары барысында 8 ортағасырлық ескерткіш: Қыдырбай, Жарлыөзек, Өзек, Мұқаншы, Бұқпан, Балапантөбе, Біртоған, Ащыбұлақ төрткүлдері және 1 ежелгі құрылыс орны – Науа тоған ескерткіші анықталды. Анықталған ортағасырлық төрткүлдердің атауы сол жердегі өзен-көлдердің және жергілікті жердің атауларына байланысты қойылды. Барлық ескерткіштің көлемі анықталып, үстінен археологиялық материалдары жиналып, схемалық жоспары және аэрофотосуреті түсірілді. Сонымен қатар, барлау кезінде бұрын анықталған Быжы-2, Айнабұлақ, Қапал, Арасан төрткүлдерінің бүгінгі жай-күйлері анықталып, суреттері түсірілді.

Қыдырбай төрткүлі. Алматы облысы Көксу ауданы Айнабұлақ аулынан 7,5 км оңтүстік-батыста, Алматы-Талдықорған автотрассасының сол жағында, Қыдырбай деп аталатын бұлақ суларынан жиналатын көлшіктің ортасында орналасқан. Айналасы және ескерткіштің ортасы батпақты болып жатыр.


Ортағасырлық ескерткіштер көрсетілген кейбір археологиялық карталарда төрткүл орналасқан ауданда бір ескерткіштің бары белгіленген. Бірақ ол туралы ешқандай мәліметтер берілмейді. Ескерткішті бір кездері Семиречье археологиялық экспедициясы (К.М. Байпақов) ашқан болуы да мүмкін (Байпақов, Савельева, Чанг, 2002, с. 10).

Жоспары бойынша төртбұрышты келген ескерткіштің бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған. Солтүстік-батыстан оңтүстік шығысқа қарай бағыттталып, созыла орналасқан төрткүл екі бөліктен тұрады (сур. 1). Жалпы ұзындығы 120 м, ені 70 м келген төрткүлдің солтүстік-батыс жағындағы үлкендеу, негізгі бөлігінің көлемі 70x70 м, жайылып кеткен қабырға-жалдарының ені 10-15 м, биіктігі 1,2-1,8 м. Қабырғаларының ортасынан және бұрыштарынан мұнара іздері байқалады. Мұны біршама жақсы сақталған солтүстік-шығыс қабырғасынан көруге болады. Шығыс бұрышында, солтүстік-батыс қабырға 10 м қашықтықта ашық. Ішкі бөлігімен бір деңгейде жатқан бұл жерден ешқандай құрылыстың қалдығы байқалмайды. Қақпа орны болуы да мүмкін.

Ортасын ені 10 м қабырға-жал бөліп жатқан төрткүлдің оңтүстік-шығыс бөлігінің көлемі 70x60 м, өте қатты жайылып кеткен қабырғаларының ені 10-15 м, биіктігі 0,4-0,8 м. Оңтүстік бұрышына таман, оңтүстік-шығыс қабырғасы техниканың күшімен сүрілгенге ұқсайды. Ішіне қарай осы жер арқылы кірген су батыс бұрышына таман қазылған арық арқылы сыртына қарай ағып шығады.

Суы көп көктемнің кезінде ескерткіштің іші-сырты суға толып, көлшікке айналатынын айналасындағы құрғап қалған батпақты жерден көруге болады.

Ескерткіштің ішкі жағынан құрылыс орындары байқалмады. Үстінде ешқандай да археологиялық материалдар болмағанымен, батыс жағынан бірнеше ортағасырлық керамика сынықтары табылды.



Сурет 1. Қыдырбай төрткүлі. Схемалық жоспары мен аэрофотосуреті

Науа тоған құрылыс орны. Алматы облысы Көксу ауданы Алғабас ауылынан 2,5 км оңтүстік-шығыста, Быжы өзенінің сол жағасында, жеке тұрған биіктеу төбеде орналасқан (сур. 2). Қисық төртбұрыш секілді келген табиғи төбенің көлемі 90x80м. Төбені айнала арықтар қазылған болса, үстіне ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. ортасы аралығындағы жерлеу орындары (қорым) түсіп кеткен. Молалардың арасында кесене орындары да байқалады. Үстіне толығымен жерлеу орындары түскен төбенің беткі қабатынан ежелгі құрылыс орындарын анықтау мүмкін емес. Дегенмен, ежелгі дәуірге жататын санаулы керамика сынықтары табылды.



Сурет 2. Науа тоған қонысы. Ғарыштан түсірілген суреті мен аэрофотосуреті

Жарлыөзек қаласы (төрткүлі). Алматы облысы Көксу ауданы Жарлыөзек (Октябрь) ауылының солтүстік шетінде, Жарлыөзек өзенінің сол жағасында орналасқан. Ескерткіштің үстіне Кеңестік уақытта колхоз немесе совхоздың жанармай сақтау және құю бекеті салынған. Колхоз/совхоз тарағаннан кейін, бекет жұмысын тоқтатып, оның материалдарын толығымен бұзып алған және бүгінгі күнге дейін бұзып алып жатыр. Бекетті салу және бұзып алу кезінде ескерткіштің мәдени қабаты айтарлықтай бұзылған. Солтүстік-шығыс бұрыш жағы толығымен жойылған болса, осы бұрышын өзен шайып кеткен. Ортасындағы шаршылы келген бөлігінің оңтүстік қабырғасы қатты бүлінушілікке ұшыраған.

Сыртында қабырға-жалы (дуал) бар ескерткіш жоспары бойынша бес бұрышты болғанға ұқсайды (сур. 3). Оның солтүстік-шығыс жағы толық жойылған. Батыс қабырғасы біршама жақсы сақталған. Оңтүстік-батыс бұрышы мен солтүстік-батыс қабырға-жалынан жергілікті тұрғындар құрылысқа топырақ алу барысында біршама бөлігін жойған. Дегенмен, көлеміне біршама бүлінушілік келгенімен, ескерткіштің сақталған нобайы бойынша сипаттауға болады. Айтарлықтай сақталған оңтүстік және оңтүстік-батыс қабырғаларының ұзындығы 170 м, солтүстік-шығысы – 110 м, солтүстік-шығысы – 140


м, шығысы – 120 м, жайылып кеткен жалдарының ені 15-20 м, биіктігі 1-1,5 м. Қақпасы шығыс бөлігінде болғанға ұқсайды.

Ортасындағы қабырғалары әлемнің төрт тарабына бағыттталып орналасқан, жоспары бойынша шаршылы келген бөлігінің көлемі 110x100 м, жал болып жатқан қабырғаларының ені 10-15 м, биіктіктері 1,2-2 м болады. Қабырғаларының бойынан екі және бұрыштарынан мұнаралардың іздері байқалады. Мұнара орындары негізгі қабырға бойынан сәл сыртқа шығып жатса, биіктіктері де біршама бедерленіп көрініп жатыр. Қақпа орны шығыс қабырғасының ортасында болған болуы мүмкін. Осы жағы айтарлықтай сай болып орналасқан.

Ескерткіштің ішкі бөліктері ойлы-қырлы болып жатыр, бұл құрылыс салу барысында осындай күйге түсуі де мүмкін. Бірақ құрылысқа топырақ алынған оңтүстік-батыс бұрышынан мәдени қабатының бар екендігі анық байқалады. Жер бетінен 0,3-0,5 м тереңдіктен 10 см қалыңдықтағы күл қабатының бары, кей жерлерінен өртенген ағаш қалдықтары мен керамика және жануарлардың қаңқа сүйектерінің қалдықтары анықталды.

Табылған қыш ыдыс сынықтары орта ғасырларға жатады.

Жарлыөзек қаласының жоспарлануы Х–ХІІ ғ.ғ. жататын Арасан қаласының жоспарлануына өте ұқсас келген (Байпаков, Савельева, Чанг, 2002, с. 39).




Сурет 3. Жарлыөзек қаласы. Схемалық жоспары мен аэрофотосуреті

Өзек төрткүлі. Алматы облысы Көксу ауданы Нәдірізбек (Пятилетка 3) ауылынан 2 км оңтүстік-шығыста, Жарлыөзек қаласынан 7,3 км солтүстік-батыста, Жарлыөзек өзенінің оң жағында орналасқан. Суармалы егістік немесе бақшаның ортасында орналасқандықтан, солтүстігі мен оңтүстігінен арықтар қазылған. Сонымен қатар, ескерткіштің үсті антропогендік бүлінушілікке ұшыраған болса, батыс жағында 70 м жерде техниканың күшімен қазылған ор жатыр.

Жоспары бойынша төртбұрышты келген төрткүлдің қабырғалары әлемнің төрт тарабына бағытталған. Батыс қабырға-жалы біршама жақсы сақталса, шығыс қабырға бөлігі қатты бүлініп, жайылып кеткен. Ескерткіштің көлемі 80x70 м, жайылып кеткен жалының ені 10-20 м, биіктігі 1-1,5 м (сур. 4). Ішкі бөлігі сыртқы жағына қарағанда болмашы ғана биік жатыр. Оңтүстік қабырға-жалының ортасы айтарлықтай жайылып, қабырға сызығынан 15 м сыртқа дөңгеленіп шығып жатыр. Солтүстік қабырғасының батыс жағы мен шығыс қабырғасының ортасы шамалы сай болып келген. Мұның қолмен жасалғаны немесе жасалмағанын анықтау қиын.

Төрткүлді айнала ор қоршап жатыр. Батыс жалының сыртындағы терең ор оңтүстік жағының жартысына дейін келген. Осы жағындағы орының ені 20 м, тереңдігі 1,5 м. Ор қазіргі заманда тереңдетіліп қазылған болуы да мүмкін. Себебі, батыс жағында топырақ үйілген төбешіктер жатыр. Солтүстік және шығыс және оңтүстігінің шығыс жағындағы орының ені 10-15 м, тереңдігі 0,3-0,6 м.

Үстінен ешқандай керамика сынықтары кездеспегенімен, батыс шағындағы техника қазып кеткен ордың айналасынан Х–ХІІ ғ.ғ. жататын біршама қыш ыдыс сынықтары жинап алынды.



Сурет 4. Өзек төрткүлі. Схемалық жоспары мен аэрофотосуреті

Мұқаншы төрткүлі. Алматы облысы Көксу ауданы Нәдірізбек (Пятилетка 3) ауылынан 1,5 км оңтүстікте, Жарлыөзек және Мұқаншы өзендерінің құяр жерінен 1,2 км, Мұқаншы өзенінің сол жағасында, құмдақтау жерде орналасқан.


Кеңестік кезеңде бұл жер суармалы егістік немесе бау алқабына айналдырылып, айналасына арықтар қазылған.

Жоспары бойынша төртбұрышты келген төрткүлдің бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған. Ескерткіштің солтүстік-шығыс жарты бөлігі біршама жақсы сақталған болса, оңтүстік-батыс жарты бөлігі қатты жайылып кеткен. Айналасынан ордың іздері анық байқалады.

Қисық төртбұрышты келген ескерткіштің көлемі 70x60 м, қабырға-жалдарының ені 10-нан 20 м-ге дейін барады, биіктігі 1-1,4 м (сур. 5). Оңтүстік-батыс қабырғасының оңтүстік бұрышына таман бөлігі сай болып жатыр. Осы жағы қақпа орны болуы мүмкін. Барлық қабырғасынан біршама биік жатқан солтүстік бұрышының ортасында шағын ғана шұңқыр бар. Шұңқырдың диаметрі 4 м, тереңдігі 0,2 м. Ішкі жағы сыртымен есептегенде 0,5 м-ге дейін биік жатыр.

Төрткүлдің сыртын айнала ор қоршап жатыр. Ор солтүстік және батыс жағынан анық байқалады. Орының ені 10-15 м, тереңдігі 0,2-0,5 м.

Ескерткіштің үстінен, әсіресе өзен жақ батыс бөлігінен X–XII ғ.ғ. жататын қыш ыдыс сынықтары жинап алынды. Ескерткіштің айналасынан, 0,5 км радиус жерден қыш ыдыс сынықтарын кездестіруге болады.



Сурет 5. Мұқаншы төрткүлі. Схемалық жоспары мен аэрофотосуреті

Бұқпан төрткүлі. Алматы облысы Ақсу ауданы Қызылағаш ауылынан 10 км оңтүстікте, Көшкентал ауылынан 9 км солтүстікте, Бұқпан өзенінің оң жағында, Қызылағаш өзеніне құяр жеріндегі биік адырдың үстінде орналасқан.

Төрткүл кеңестік кезеңде салынған Қызылағаш су қоймасының астында жатқан. Бүгінде қайта соғылып жатқан су қоймасына қажетті топырақты ескерткіш орналасқан жерден алып жатқандықтан, оның солтүстік жарты бөлігі толық жойылған. Топырақ алуға баратын ауыр жүк көліктеріне арналып салынған жол ескерткіштің оңтүстік-шығыс бөлігінен өткендіктен, қабырғасының шамалы бөлігі

техниканың күшімен сүрілсе, оның оңтүстік-батыс жағында 20 м жерде орналасқан шағын құрылыс орнының жартысы жойылған.


Жоспары бойынша төртбұрышты келген төрткүлдің бұрыштары әлемнің төрт тарабына қарай бағытталған. Көлемі шамамен 65x55 м, біршама жақсы сақталған оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс қабырға-жалының ені 10-12 м, биіктігі 0,5 м (сур. 6).

Сыртын айнала ор қоршап жатқанға ұқсайды. Себебі, оңтүстік-батыс қабырғасының сыртында сақталған (тек осы жағы ғана бұзушылыққа ұшырамаған) орының ені 10-12 м, тереңдігі 0,3 м.

Ескерткіштің оңтүстік-батыс жағындағы шағын құрылыстың көлемі 12x12 м, биіктігі 0,1 м.

Төрткүлдің бұзылып кеткен бөліктерінен мәдени қабатын анықтау мүмкін болмағанымен, орта ғасырларға жататын қыш ыдыс сынықтары топырақ алынған бөлігі мен оның оңтүстік жағындағы су шаю барысында пайда болған жыраның ішінен жинап алынды.

Жиналған керамика сынықтары X–XII ғғ. жатады.



Сурет 6. Бұқан төрткүлі. Схемалық жоспары мен аэрофотосуреті

Балапантөбе төрткүлі. Алматы облысы Ақсу ауданы Қапал ауылынан 2 км солтүстік-батыста, Балапантөбе деп аталатын жау жотасының етегінде, Қапал өзенінің сол жағасындағы егістік алқабында орналасқан. Ескерткіштің үстіне егістік түсіп кеткен, яғни ауылшаруашылық мақсаттағы жер болғандықтан, жер жырту барысында толығымен жойылған.

Жоспары бойынша шаршылы келген ескерткіштің нобайын тек 2013 жылы ғарыштан түсірілген суреттен (Google Earth Pro) ғана байқауға болады. Қабырғалары әлемнің төрт тарабына бағытталған ескерткіштің көлемі 80x80 м, қабырға-жалдары тегістеліп кеткен, оның биіктігі 0,1 м (сур. 7). Нобайы бойынша қабырға ортасы мен бұрыштарынан мұнаралардың және қабырға сыртынан айнала ордың іздерін байқауға болады.

Төрткүлдің үстінен және айналасынан орта ғасырларға жататын сырсыз қыш ыдыстардың сынықтары айтарлықтай мөлшерде жинап алынды.



Сурет 7. Балапантөбе төрткүлі. Ғарыштан түсірілген суреті (2013 ж.) мен ескерткіш орналасқан жердің батыстан түсірілген суреті


Біртоған төрткүлі. Алматы облысы Ақсу ауданы Қапал ауылынан 4 км солтүстік-шығыста, шағын өзеннің сол жағында, шалғынды жерде орналасқан. Ескерткіштің маңынан жоғарғы кернеулі электр желісі өтеді.

Жоспары бойынша қисық төртбұрышты болып келген төрткүлдің қабырғалары сәл ауытқып әлемнің төрт тарабына бағыттталып жатыр. Қисық бұрышты келгендіктен, қабырғаларының ұзындығы әртүрлі: солтүстігі – 38; шығысы – 42; оңтүстігі – 40; батысы – 36 м. Айнала жал болып жатқан қабырғаларының ені 8-12 м, биіктіктері: аласа келген шығыс бөлігінде 1 м, биік орналасқан оңтүстігі мен батысында – 1,5-2 м (сур. 8). Ішкі жағының биіктігі сыртымен есептегенде 1 м биіктікте жатыр, яғни шығыс қабырға жалынан болмашы ғана төмен. Қабырға сызығынан дөңгеленіп сыртқа қарай шығыңқы орналасқан бұрыштарынан мұнара іздері байқалады.

Төрткүлді айнала ор қоршап жатыр. Батыс және оңтүстік жағындағы ор тереңдеу, оның ені 8-12 м, тереңдігі 0,3-0,7 м.

Батыс қабырғасының орта тұсынан басталатын ені 10 м болатын жал батысқа қарай созылып, ордан өтіп бірте-бірте аласарып, жер деңгейіне барып ұласады. Төрткүлдің сыртынан да қабырға-жал қоршап жатқанға ұқсайды. Себебі, осы жал сыртқы қабырғаға барып жалғасуы мүмкін. Мұны ескерткіштің батыс қабырғасынан 30 м жерден өткен, параллель жатқан қабырға ізінен көруге болады.

Ескерткіштің үстінен ешқандай керамика сынықтары табылмады. Дегенмен, үстіне қалың шөп өскен.



Сурет 8. Біртоған төрткүлі. Схемалық жоспары мен аэрофотосуреті

Ащыбұлақ төрткүлі. Алматы облысы Ақсу ауданы Ащыбұлақ ауылының шығыс шетінде, Ащыбұлақ өзенінің оң жағасында, оның Ақсу өзеніне құяр жеріне жақын орналасқан.

Кеңестік кезеңде ескерткіш орналасқан аумаққа колхоз немесе совхоздың мал қоралары салынған. Сол кезде оның айналасына мал ұстауға арналған шаруашылық құрылыстар түскен. Бұл, ескерткішке де зиянын тигізбей қоймаған. Төрткүлдің солтүстік және оңтүстік қабырға-жалдарының ортасын техникамен сүріп, бұзып өткен.


Бүгінде ескерткіш орналасқан аумақ жеке шаруа қожалығының иелігіне қарайды.

Жоспары бойынша шаршылы келген төрткүлдің қабырғалары әлемнің төрт тарабына бағыттталып орналасқан. Төрт жағы жал болып жатқан ескерткіштің көлемі 50x50 м, қабырғаларының ені 10-15 м, биіктігі 2-2,5 м (сур. 9). Бұрыштарынан мұнара іздері байқалады. Оңтүстік-шығыс бұрышының үстінде сақталған шұңқырдың диаметрі 4 м, тереңдігі 0,4 м.

Ішкі бөлігі сыртындағы жер бетінен есептегенде 0,5 м биік жатыр. Солтүстіктен оңтүстікке қарай сүрілген жері ішкі бөлігіне тимегенімен, сыртына қарай бұзып шыққандықтан, ескерткіштің сыртында төбешік болып қалған.

Ескерткіштің сыртынан ордың ізі, сонымен қатар оның батыс қабырғасына параллель жатқан, 40 м жерден өткен қабырғаның қалдықтары байқалады.

Барлау жұмыстары кезінде орта ғасырларға жататын санаулы ғана қыш сынықтары табылды.



Сурет 9. Ащыбұлақ төрткүлі. Схемалық жоспары мен аэрофотосуреті

Қорытынды. Сонымен, Жетісу өлкесінде XIX ғ. ортасынан бастап 2017 жылға дейін 90-нан астам ортағасырлық ескерткіш ашылғандығын жоғарыда келтіріп өттік. Жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында олардың саны жыл санап артып келеді. Тек, 2018–2019 жылдары жүргізілген археологиялық барлау жұмыстарының өзінде 14 ортағасырлық төрткүл анықталды. Олардың бірқатары айтарлықтай бүлінушілікке ұшыраса, кейбіреулері мүлдем жойылып кету алдында тұр.

Ортағасырлық ескерткіштердің санын анықтау, орналасқан жері мен көлемін білу, жалпы топографиясы, стратиграфиясы және хронологиясын анықтау өңірдегі ортағасырлық ескерткіштер туралы мәліметтер базасын толықтыра түсері анық.

Қазіргі таңда ескерткіштердің санын анықтау өте маңызды болып табылады. Себебі, қарқынды жер игеру мен құрылыс салу жұмыстары бірқатар ескерткіштердің жойылып кетуіне себеп болса, келесі бірқатарына қауіп төндіріп тұр. Көптеген ескерткіштер орналасқан жер бүгінде жеке шаруа қожалықтарының меншігіне өтіп кеткен. Сондықтан, алдағы жылдарда барлау жұмыстарын қарқынды жүргізіп, белгісіз ескерткіштерді анықтап, географиялық координаттарын алып, топографиялық жоспары мен фотосуреттерін түсіру болса, бұрыннан белгілі ескерткіштердің бүгінгі күнгі жай-күйін анықтау қажет.

Ескерткіштердің санын барынша толық анықтау бір-бірімен байланысын, орналасу ерекшеліктерін, сонымен қатар керуен жолдарының бағытын анықтауға септігін тигізеді.

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруы бойынша №BR05236565 «Археологиялық деректер негізіндегі тас ғасырынан бастап, этнографиялық кезеңге дейінгі Қазақстан тұрғындарының мәдениеті» және №AP05132457 «Шу өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдер (топографиясы, стратиграфиясы, хронологиясы) жобалары аясында орындалды.

Әдебиеттер

Абрамов Н.А. Древнее укрепление при речке Чингильда // Тобольские губернские ведомости. 1867. № 50. С. 70-75.

Агеева Е.И. Некоторые новые данные по археологии Семиречья // КСИМК. АН СССР. Москва, 1960. С. 65-69.

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Алматы облысының оңтүстік-батыс жағында орналасқан ортағасырлық ескерткіштерге жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары // «Ақынжанов оқулары-2019» атты көрнекті археолог – Сержан Мұсатайұлы Ақынжановтың 80 жылдығына арналған жас ғалымдардың халықаралық археологиялық конференциясының материалдар жинағы. 16–17 қазан 2019 ж. Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2019. 192 б.

Археологическая карта Казахстана. Реестр. Алма-Ата, Издательство АН КазССР. 1960. 449 с.

Байпаков К.М. Город и степь в эпоху средневековья (по материалам Южного Казахстана и Семиречья) // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алма-Ата, Наука, 1989. С. 329-336.

Байпаков К.М. Городища типа «Торткүл» // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата. Наука, 1978. С. 80-96.

Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга II. Урбанизация Казахстана в IX – начале XIII в. Алматы, 2013. 514 с., илл.

- Байпаков К.М. Находка клада керамики на территориях Алма-Аты // Вестник АН КазССР. 1974а. №2. С. 70-71.
- Байпаков К.М. О локализации городов Северо-Восточного Семиречья // Вестник АН КазССР. 1968. №7. С. 21-25.
- Байпаков К.М. О формировании средневекового города Илийской долины // Вестник АН КазССР. 1982. №5. С. 21-28.
- Байпаков К.М. О численности оседлого населения Илийской долины в средневековье // В глубь веков. Алма-ата. 1974б. С. 188-200.
- Байпаков К.М. Периодизация городской и оседлой сельской жизни Илийской долины (IX – XV вв.) // Бартольдские чтения – 1978. Год четвертый / Тезисы, доклады и сообщения. Москва. 1978. С. 8-10.
- Байпаков К.М. Раннесредневековые города и поселения северо-восточного Семиречья // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата. 1968. С. 68-84.
- Байпаков К.М. Раннесредневековые города и поселения Семиречья // Известия АН КазССР. Серия историческая. 1966. №2. С. 72-84.
- Байпаков К.М., Грошев В.А. Новые данные о землях древнего орошения в низовьях р. Или // Проблемы реконструкции хозяйства и технологии по данным археологии. Петропавловск, 1993. С. 36-39.
- Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Некоторые итоги раскопок городища Жаксылык // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата. 1970. С. 22-41.; Байпаков К.М., Воякин Д.А. Средневековый город Каялык. Алматы, 2007. 224 с.; Савельева Т.В. Великий Шелковый путь: маршруты и караван-сарай в Жетысу // Отчет о научно-исследовательской работе. Алматы. 2013. 59 с.
- Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Раскопки на городище Жаксылык (Илийская долина) // Археологические открытия 1967 года. Москва. 1968. С. 324-325.
- Байпаков К.М., Савельева Т.В. Религии в горах северо-восточного Жетысу-Семиречья (Илийской долины) в XIII-XIV вв. // Ұлы Жібек жолындағы Қазақстан мен Орта Азиядағы діндер: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары 12-13 маусым 2017 жыл. Алматы: Центр сближения культур, Service Press. 2017. С. 24-41.
- Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселения северо-восточного Жетысу. Издание второе, дополненное. Алматы. 2005. 188 с.
- Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселения Северо-восточного Жетысу. Алматы, Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2002, 212 с.
- Бернштам А.Н. Памятники старины Алма-Атинской области // Известия АН КазССР. Серия археологическая. 1948. С. 79-91.
- Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. Историко-археологический очерк. Алма-Ата, КазОГИЗ, 1941. 87 с.
- Валиханов Ч.Ч. О кыргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще / Собрание сочинений в пяти томах. Т. 1. Алма-Ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедии, 1984. 432 с.
- Гуляев С.О. О древностях, открываемых в Киргизской степи // Вестник Русского географического общества. Санкт Петербург, 1853. Т.8. Отд.7. С. 22-25.
- Савельева Т.В. Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау в VIII-XIII веков (по материалам раскопок городища Талгар и памятников его периферии). Алматы. Ғылым. 1994. 216 с.
- Савельева Т.В. Формирование средневековых городов у кочевников (по материалам раскопок городища Талгар) // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алма-Ата, 1989. С. 431-432.
- Төлеубаев Ә.Т., Шағирбаев М.С. Алакөл ойпатындағы ортағасырлық қалалар (топографиясы, типологиясы және генезисі мәселелері). // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. Ф.Қ. Омаров. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 178-194 бб.
- Фишер Г.В. Озеро Балхаш и течение р. Или от выселка Илийского до его устьев // Записки Западно-Сибирского отделения русского географического общества. 1884. Т.6. с. 3-21.
- Ходжиков К. Древнейшие памятники Семиречья // Труды Казахского института национальной культуры. Алма-Ата: Казахское краевое издательство, 1935. Т. 1. 160 с.

Ү.Ш. Ақымбек., М.С. Шағирбаев

RESEARCH OF MEDIEVAL MONUMENTS (TORTKULS) ZHETYSU IN 2019

The article considers the history of the study of medieval monuments located in the Zhetysu region (Almaty region). It analyzes and quantifies the information of researchers who have studied from the middle of XIX century to 2017 medieval monuments in this area. In addition, the research team (E. Akymbek, M. Sagyrbaev) of the Institute of Archeology named of A.Kh. Margulan examined medieval fortresses, which discovered in 2018 in the Kurty River Valley. In 2019, exploration works were carried out to provide a detailed description of the medieval fortresses which discovered along the rivers Byzhy (Bizhe), Zharlyozek, Mukanshy, which flows from the left bank of the river Karatal,

along the Bukpan, Kapal, Birtogan rivers, which flows into the Kyzylagash river, on the left bank of the river Buyen, along the river Ashchybulak, which flows into the Aksu River.

М. Елеуов¹, Д. Талеев², С. Есенов³, А. Молдахмет³

¹ *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

E-mail: madiareleuov@mail.ru

² *Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
Алматы қ., Қазақстан*

E-mail: doc19_59@mail.ru

³ *ҚР Ұлттық музейі*

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

E-mail: syrym.e@mail.ru, arhadkz@mail.ru

ЕЖЕЛГІ КҮЛТӨБЕ ҚАЛАСЫ МЕН МЫҢТӨБЕ ҚОРЫМЫНДА 2017-2018 ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

2017-2018 жылы «Сырдария» университетінің қаржыландыруымен Ежелгі Күлтөбе қаласы мен Мыңтөбе қорымдарында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеуді ұйымдастыруға «Сырдария» университетінің әкімшілігі қаржылай қолдау көрсетіп, экспедицияға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры М. Елеуов жетекшілік жасады. Сонымен қатар ғылыми жұмыстарды үйлестіруге тарих ғылымдарының кандидаты Д. Талеев, «Сырдария» университетінің тарихшы ғылымдарының бірі С. Апашева және ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қызметкерлері А. Касеналин, С. Есенов және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің археология, этнология және музеология кафедрасының магистранттары А. Молдахмет, А. Ерсариев және ауыл тұрғындары қатысты.

Ежелгі Күлтөбе қаласы қазіргі Түркістан облысы, Келес ауданындағы Ақтөбе ауылдық округі, Ғани Мұратбаев ауылынан батыста, Келес өзенінің оң жақ жағалауының Сырдарияға құйар сағасында орналасқан. Географиялық координаттары: СЕ 41° 1' 2,3", ШБ 68° 37' 7,3". Қалашық топографиялық сипатында үш бөлік салынған құырлыс алаңдарынан тұрады (сызба). Қалашықтың орталық цитадель бөлігі биік қабырғалар қоршаған екі бөліктен тұрады. Алайда, цитадельдің оңтүстік-батыс бұрышының біршама бөлігін өзен суы шайып құлатқан. Қазіргі таңда қала үстін шеңгел, жыңғыл және жиде талдары қаптаған жайқалған жасыл орманға, кешкісін жастардың алау тұтатып, бас қосатын тұрақты мекеніне айналған.

Аймақтағы тарихи ескерткіштер жайлы алғашқы зерттеулерді XIX ғасырдың соңында Ресей Патшалығының Оралық Азияға жіберген саяхатшыларының еңбектерінен кездестіруге болады. 1884 жылы Сырдарияның сол жағасында Қызылқұмда зерттеу жүргізген географ А.П. Федченко өзінің «Қылызқұм даласы жайлы естеліктер» атты мақаласында Сырдарияның сол жағасындағы суландыру жүйесінің іздері, Шардара, Сүткент, Байырқұм, тағы басқа ортағасырлық қалалардың бар екенін атап көрсеткен (А.П. Федченко., 1916, с.242).

1885 жылы Сырдарияның орта және төменгі ағыстарында зерттеу жүргізген Е. Смирнов өзінің «Мырзашөл» («Голодная степь») мақаласында: «...Шыназ бен Жызак арасындағы мырзашөл даласы бұрынырақта мүлде «шөл» дала емес, ел жиі қоныстанған суармалы өлке еді. ...Шыназ бен Сырдан төмен қарай үлкен-үлкен арықтар кеткен, ал қазір қаңырап бос қалған және солардың арасында Сүткент қалашығының оры бар, ол археологиялық тұрғыдан зерттелмеген, одан әрі Қызылқұмға қарай Мыңтөбе деп аталатын қоныс орындары мен обалар бар» - деп жазған (М.Елеуов., М. Бахтыбаев, 2011, 77-78).

1899 жылы археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің мүшесі Н.В. Руднев Сырдарияның сол жағасындағы Шардара бекінісінен бастап Түркістанның тұсындағы Үшқайық өткеліне дейінгі аралықта зерттеп 11 ежелгі қалалардың орнын кездестірген, олардың қатарындағы Шардараға жақын орналасқандары Кеты, Ұзыната, Сүткент, Байырқұмды атайды. Сонымен қатар осы қалалармен тығыз байланысты Сырдария өзінің бойындағы қалалардың да қатарлас өмір сүрендігін айтады. Ол осы қалалардың бұзылу себептері туралы былай дейді: «Шамасы көптеген ескі қалалардың орны Қызылқұмның сырғыма құмдарының астында немесе өзендердің толқынымен шайылып кеткен, бәлкім жақын маңдағы көлдердің түбінде қалған...» (М. Елеуов., С. Апашева, 2016, 108 б.).

1914 жылы В.Ф. Караваев Сырдарияның жағасында оның атырабында көптеп кездескен ескерткіштер турлы былай дейді: «Әлбетте, белгілі бір кезеңдерде өмір сүрген бұл ескі үйінділердің орны мен олардың көптігі Сыр бойында ертеректе тұрғындардың жиі қоныстанғандығын, ал арықтардың ізі олардың отырықшы шаруашылықпен айналысып, егістік екендігін айғақтайды» (В.Ф. Караваев, 1914, с 218).

Осылайша ХХ ғасырға дейін аймақтағы зерттеу жұмыстары негізінен саяхатшылар мен өлкетанушылардың естелік жазбалары арқылы жетіп отырған. Ал Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарынан кейін саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты егіншілік жұмыстарын жүргізу мақсатындағы жерлерді игеру алдындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ескерткіштер археологтардың назарын аудара бастады.

1958 ж. А.Г. Максимованың жетекшілігімен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Күлтөбе қаласының орнын анықтап, есепке алған (А.Г. Максимова., М.С Мершиев., Б.И. Вайнберг., Л.М. Левина, 1968, с 264).

1982 жылы қаланы Шымкент педагогика институтының ШПИ археологиялық тобы (жетекшісі т.ғ.д Н.П. Подушкин) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырған. Зерттеу барысында ескерткіштің топографиялық ерекшеліктерін сипаттап, оның негізгі үш бөліктен тұратын құрылыс алаңдары мен негізгі өлшемдерін нақтылаған.

1992 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының Келес археологиялық тобы төбенің жобасын қағазға түсіріп, маңынан қыш ыдыстарының сынықтарын жинаған. Күлтөбе қалашығы үстінен жинап алынған қыш ыдыстардың сипатына қарай VI-IX ғасырларға жататындығы анықтаған (Д.А.Талеев, 1995, с 22).

2011 жылы Тұран археологиялық экспедициясы (құрамында «Сырдария» университетінің оқытушы-студенттері бар) ежелгі қала орнында болып, оның сол кездегі экологиялық ахуалымен танысып, цитаделдің Келес өзені шайып жатқан оңтүстік бөлігін суретке түсірген.

2017 жылы Күлтөбедегі археологиялық қазба жұмыстары кезінде көне тиын мен жазудың іздері бар қыш ыдыс сынығын тапқан. Экспедиция жетекшісі А.Н. Подушкиннің пікірінше көне тиын шамамен бірінші ғасыр мен біздің заманымызға дейінгі бірінші ғасыр аралығында қолданыста болған Кушан патшалығына тиесілі болуы ықтимал. Қазба барысында астық сақтайтын ыдыс табылған. Экспедиция жетекшісінің айтуынша - «...құмырадан сарматтардың белгісін де байқауға болады. Құнды жәдігерлер мұқият зерттелген соң, музейге тапсырылаған». Алайда ғалым бұл жердегі зерттеу жұмыстары туралы есебін ешбір жерде жарияламаған. Kazakh TV теларансының «Күн Айнасы» бағдарламасына берген сұхбатында ғана баяндалған (А.Н. Подушкин).

Күлтөбе қаласында жүргізілген қазба жұмыстары. 2017 жылы Тұран археологиялық экспедициясы профессор М. Елеуовтың жетекшілігімен Күлтөбенің цитаделінің өзен суы бұзып жатқан оңтүстік бұрышына қазба салды (1-сурет). Қазбаның көлемі 11,4x10-8 м., тереңдігі ең биік тұсында 2-2,1 м. Қазба барысында қаланың соңғы тіршілігі кезіндегі құрылысты салу үшін ескі ғимаратты жартылай талқандап, өз кесектерімен жерді тегістеу барысында қалыптасқан қалың құланды қабаты ашылды. Арнайы тегістеліп тапталған құланды қабат жердің бетінен 1-1,3 м қалыңдықты қамтыған. Осы қалыңдықты қазу барысында қам кесектердің, мал сүйектері, сырланбаған ыдыстардың ұсақ сынықтарынан басқа ештеңе кездеспеді. Негізінен қам кесектердің түрлі сынықтары, арасында бүтіндері де кездеседі. Жердің бетінен 1,3-1,4 м тереңдікке түскен кезде қазбаның әр тұсынан өте нашар сақталған қалың қабырғаның құландылары байқалды. Бірақ үзік-үзік, өте нашар сақталған қабырғалардың ізімен қандайда бір құрылыс жобасын анықтау мүмкін болмады. Бұл қабат өте нашар сақталғандықтан қабырғалардың пахсадан не қам кесектен салынғандығын аңғару қиын. Тек осы қабаттың еденіне тұтастай етіп қам кесек қаланғаны байқалады. Жердің бетінен 1,3 м тереңдікте қазбаның тұтас көлемі аумағы біртегіс қам кесекпен қаланған. Бұл бір кездегі еденнің беті болуы мүмкін. Дегенмен, еденнің беті біртегіс емес, кейбір тұстарында төсенді ойылып, орнында түрлі көлемдегі шұңқырлар мен ойықтар пайда болған. Төселген кірпіштердің көлемі 22x50x10 см; 21x48x9,5 см. Бұл өлшемдер Шардара археологиялық экспедициясының Ақтөбе, Шаушыққұмтөбе қалашықтарында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде анықталған қаңлы дәуірі ғимараттарының қыш кесек өлшемдеріне сәйкес келеді.

Жердің бетінен 1-1,4 м тереңдіктен өте нашар сақталған екінші (жоғар жағынан есептегенде) құрылыс қабаты ашылды. Осы құрылыс қабатынан солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытта орналасқан ұзын ауыз бөлменің екі қапталында орналасқан бірнеше тұрғын бөлмелердің орындары анықталды. Бұл бөлмелердің қабырғалары өте кішкене биіктікте қалған, аралық қабырғаларын ажырату өте қиын. Екі бөлменің нобайын олардың ішкі құрылыстарына қарай ажыратуға болады. Дәлірек айтқанда ошақтар мен суфалардың орналасуына қарай.

Қазбаның оңтүстік шетінде орналасқан № 1 – бөлменің солтүстік бұрыш бөлігі ғана аршылды, қалған бөлігі қазбаның сыртқы жағында қалды. Солтүстік-шығыс қабырғасының қазылған бөліктегі ұзындығы 4,25 м, сақталған биіктігі 0,45 м. қабырғаның сыртқы жағын өзен суы шайып кеткендіктен қалыңдығын анықтау мүмкін болмады. Дегенмен, басқа бөлмелердің қабырғаларының қалыңдығымен сәйкес алғанда 0,75 м болуы мүмкін. Орталық ауыз бөлмемен шектесетін солтүстік-батыс қабырғасының қазба ішіндегі ұзындығы 5,5 м, сақталған биіктігі 0,25 м, қалыңдығы 0,75 см. бөлменің қабырғалары 22x50x10 см; 21x48x9,5 см өлшемдегі қам кесектермен қаланған. Солтүстік бұрышында 1,6x3 м көлемдегі тік бұрышты сыпа орналасқан. Сыпаның үстінде кіші-гірім ошақтың орны (дағы) анықталды. Ошақтың отқа күйген табанының ізімен өлшегенде оның көлемі 0,8x0,8 м болады. Бөлменің ішінде басқа құрылыс орындары анықталмады. Осы бөлменің солтүстік-шығыс шетінде тағы да бір шағын бөлменің жартылай сақталған бөлігі ашылды. Ішкі құрылысы мен жақсы тапталған еденінің бетіне жайылған күл қалдықтарының сипатына қарағанда бұл бөлме ас пісіретін немесе үйді жырту үшін қызымет атқарған ошақ бөлмесіне ұқсайды. Бөлменің батыс бұрышындағы күйдірілген кірпіштен салынған ошақтың тек төменгі жағы ғана сақталыпты. Дегенмен, қабырғалардың түйіскен бұрышында орналасқан ошақтан шыққан түтін мұржасының солтүстік-батыс қабырғаның бойымен көзге анық байқалады. Бұл бөлменің оңтүстік-батыс және солтүстік-батыс қабырғалары аса қалың емес. Солтүстік-шығыс шетіндегі жартылай ғана сақталған сыпаның үстіне жалпағынан жатқызылған қам кесектер төселген. Қазбаның орта тұсын солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай қақ жарып өткен ауыз бөлменің қабырғалары тең қашықтықта емес. Оның оңтүстік-батыс бөлігі кең, орта тұсы жіңішкеріп келіп, солтүстік-шығыс шеті қайта кеңейіп кетеді. Еден басқа бөлмелермен салыстырғанда біршама төменде жатыр. Ал осы ауыз бөлменің солтүстік және солтүстік-батыс шетіндегі бөліктен нақты бөлменің іздері анықталмады. Табанының біршама бөлігінде жоғарыда берілген өлшемдегі қам кесек төселген жерлері анық байқалады. Кейбір тұстары ауыр салмақтың әсерінен төмен қарай ойысқан. Шамасы бұл бөлік тұрған, үй сыртындағы аула болуы мүмкін.

Мыңтөбе қорымында жүргізілген қазба жұмыстары. Тұран археологиялық экспедициясы 2017 жылы қорымдағы үш обада қазба жүргізді. Солардың бірі Күлтөбе қалашығынан оңтүстік-шығыста 2 км жерде Сырдарияның жағалық террасасында жартылай бұзылған оба. Аумағы 11 м обаның оңтүстік жағын жағалық терраса бұзған. Жартылай сақталған обаның бұзылмай қалған солтүстік-шығыс бөлігінің аумағы 11 м, ені 5 м, биіктігі 1,9 м. Обаның су шайып кеткен оңтүстік бөлігінде көлемі 3x2 м, тереңдігі 2,1 м қазба салынды. Өкініштісі сол, қазба жүргізілген жерден тек үйілген топырақ қалдықтары ғана қалған. Шамасы оба астындағы жерлеу шұңқыры оның бұзылып кеткен оңтүстік жағында болса керек. Оны ерте заманда, Сырдың суы осы маңда арнасынан асып аққан уақыттарда шайып кетсе керек. Қазба барысында ешқандай заттай дерек табылған жоқ.

Мыңтөбе қорымы орналасқан аймақта жүргізілген барлау жұмыстарының барысында ондағы обалардың жобасына көңіл аударылды, сыртқы құрлыс ерекшеліктеріне қарай олардың бірнеше түрі белгілі болды. Солардың бірі «бөрік тәрізді» оба (3- сурет).


Күлтөбе қалашығының оңтүстік және оңтүстік-шығыс шетінде Келес өзенінің сол жағасындағы ойпатты жазықта орналасқан Мыңтөбе қорымының материалдарын қалашықтың материалдарымен салыстыру мақсатында жеке бір обаны қазып көруге шешім қабылданды. Қазу үшін қорымның орта тұсында орналасқан кішігірім сыртқы көрінісі «Бөрік тәріздес» оба таңдап алынды. Оба орналасқан жер Сырдарияның оң жағалық террасасына іргелес жатқан солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған сайдың шығыс бетінде орналасқан. Екі деңгейден тұратын бұл оба қазақтың бөрікіне ұқсас. Обаның диаметрі төменгі деңгейінен есептегенде 12 м, жалпы биіктігі 1,5 м. Оның төменгі сатысы 60-65 см биіктіктен кейін жан жағынан бірдей 1 м қашықтықта ішке қарай тартылады. Оның үстінен күбез тәрізденген екінші бөлік орналасқан. Оның диаметрі төменгі жағынан есептегенде 7 м., биіктігі 80-85 см. жоғарғы жағы бөріктің төбесі секлденіп біткен. Осы обаның қақ ортасына шығыстан батысқа қарата кесік салынды. Кесіктің мақсаты обаның астындағы жерлеу шұңқырының дағын анықтау және оның стратиграфиясын зерттеу болды. Кесіктің ені 2 м, ұзындығы обаның өлшемімен сәйкес 12 м. Кесік 2,7 м, тереңдікке дейін қазылды. Бірақ, ешқандай шұңқыр дағы анықталмады. Ал обаның стратиграфиясы таза сары топырақтан үйілген, біркелкі тығыздықтағы үйінді. Ешқандай стратиграфиялық ерекшелік байқалмайды.

Барлау кезінде Күлтөбеден 2,2 км оңтүстік-шығыста, биік жерде орналасқан оба-қарауылтөбе есепке алынды (4- сурет). Обаның аумағы 20 м, биіктігі 2,5-3 м. Оның ортасынан қазылған ордың көлемі 3x3 м, тереңдігі 1 м. Бір қызығы бұл оба – қарауыл төбе күні бүгінге дейін өзінің міндетін атқарып келеді екен. Оның үстінде қазіргі күнде ҚР шекарашыларының уақытша бекеті тұр (М. Елеуов, Д. Талеев, 2017, 35 б).

Жалпы Мыңтөбе қорымында көз жүгіртіп саналған есеп бойынша обалар саны 400-ден асады. Ал, 2017 жылы дәл осы қорымда Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қақзақ-Түрік университетінің археологиялық зерттеу тобы да қатар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында қорымның жобасы сызылып, обалар саны 646 жететіндігі байндалған. Сонымен қатар қорымдағы үш обада археологиялық қазба жасаған. Зерттеу барасында адам қаңқасының сүйектері мен қыш сынықтары және ернеуі сынық құмыра табылып, ескерткіш шамамен IV – VI ғасырларға жататындығы айтылған (Жетібаев К.М., Сиздиқов Б.С., М. Гурсой, 2018, 288).

2018 жылы ҚР Ұттық музейінің мамандары тарапынан Мырзашөл өңірінің тарих және мәдениет ескерткіштері мен қасиетті орындарын геоақпараттақ картографиялау және оларды тізімге алынып, қазіргі жағдайымен танысу мақсатында барлау жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмыстары барысында Күлтөбе қаласының 3D кескініндегі көшірмесі жасалды. Сонымен қатар Мыңтөбе қорымы әуеден фотоға түсіріліп (1, 2-суреттер), ескерткіштер онлайн карта жүйесіне орналастырылды (М. Елеуов., С. Есенов., А. Қасеналин, 2018, 33).

Сырдарияның ортаңғы ағысында орын алған Күлтөбе мен Мыңтөбе ескерткіштері ғылымда қаңлы мәдениетіне тиесілі өзіндік ерекшеліктері бар, «Қауыншы мәдениеті» деген атаумен белгілі (К. Ақишев, 1960, с449.). Алайда бүгінгі заманауи ғылыми жетістіктердің мүмкіндіктері негізінде жасалған нақты тұжырымдар әлі де болса ортаға шыға қойған жоқ. 2017-2018 жылдары Күлтөбе мен Мыңтөбе қорымында жүргізілген зерттеу жұмыстары аталған ескерткіштерге қатысты іргелі жұмыстардың тек бастамасы ғана. Аз уақытта аз ғана көлемде жүргізілген қазба және экологиялық бақылау жұмыстары бұл ескерткіштің тарихына қатысты терең мәліметер бере қоймайтыны анық. Алдағы уақыттарда тарихи маңызы мен мәтериалдық мәдениетінің ерекшетіктері жайлы кешенді зерттеу жұмыстарның жүргізудің маңызы жоғары.



Жоба. Күлтөбе қалашығы – цитадельдің жобасы



1-сурет. Күлтөбе қаласы



2-сурет. Мыңтөбе қорымы



3- сурет. Мыңтөбе қорымы - Бөрік тәрізді» оба



4- сурет. Мыңтөбе. Оба-қаруылтөбе

Әдебиеттер

«Мырзашөлдің тарихи-мәдени мұра нысандарының геоакпараттық жүйесі» жобасы бойынша 2018 жылғы ғылыми – зерттеу жұмыстарының есебі. Жетісай 2018. 36 б.

Археологическая карта Казахстана. Реестр. Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1960. 449 с. илл.

Археологтар Күлтөбеде ежелгі Күшан монетасын тапты. https://www.youtube.com/watch?v=uJgY_IV8cYU

Голодная степь в ее прошлом и настоящем // Материалы исследования к проекту орошения Голодной и Дальверзинской степей. Статистико-экономический очерк (по исследованию 1914 г.) / Составитель В.Ф. Караваев. Вып. 1. Петроград, 1914. 218 с.

Елеуов М., Апашева С. Ортағасырылық Үтіртөбе қаласы : монография. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 108 б.

Жетібаев К.М., Сиздиқов Б.С., М. Гурсой. 2018 жылы Мыңтөбе қорымында жүргізілген археологиялық зерттеулер // Яссауи университетінің хабаршысы. Тарих, археология сериясы. 2018. №3. 25–33 бб.

Күлтөбе қалашығында 2017 жылы жүргізілген қазба жұмыстарының есебі. Жетісай - Алматы, 2017. 35 б.

Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). Алма-Ата, 1968. 264 с.

Смирнов Е. Древности на среднем и нижнем течении реки Сыр– Дарья // Протоколы заседаний и сообщений членов Түркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М.М. Туркестан: Туран, 2011. С.70-78.

Талеев Д.А. Келес өңірінің археологиялық ескерткіштері (т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация). Алматы, 1995. 22 с.

Федченко А.П. Заметка о степи Кызыл-кум // Известия Түркестанского отдела Русского географического общества. Вып. 2. Том XII. 1916. С. 242.

M. Eleuov, D. Taleev, S. Esenov, A. Moldakhmet

RESEARCH ON THE ANCIENT CITY OF KULTOBE AND BURIAL GROUND MYNTOBE 2017-2018

The article presents the results of archaeological research of 2017-2018 at the medieval settlement Kultobe and the Mynthobe burial ground. As a result of the research work, new materials were collected on the topographic structure, location and environmental situation of the monuments. The remains of the destroyed premises were excavated from the upper layer. During the exploration in the vicinity was created a map of monuments.

ЕЖЕЛГІ САУРАН (ҚАРАТӨБЕ) ҚАЛАСЫНЫҢ ОСТЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ

Кіріспе. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінің ортағасырлар кезеңіндегі мал шаруашылығы мен аңшылықтың даму ерекшеліктері туралы зерттеулер отандық археологияда аса көп зерттелмеген тақырыптың бірі. Жекелеген ескерткіштерге қатысты зерттеулер де ұзақ жылдық үзілістермен орын алып келеді. Оңтүстік өңірлердегі мал шаруашылығының ролі, жануарлар фаунасы, жануар түрлерінің басымдығы мен аңшылық дәстүрлердің аймақтық ерекшеліктерге сай даму динамикасы туралы мәселелер Л.А. Макарованың зерттеуінде ортағасырлық Отырар және Күлтөбе (Түркүстан обл. Созақ ауд.) қалаларының мысалында қарастырылған (Макарова, 1974, с. 201-206.). Ғалым қолда бар материалдар негізінде (1971-1972 жылдардағы қазба бойынша – 1547 дана сүйек қарастырылған), аталған ескерткіштер орналасқан аймақта уақ мал шаруашылығының басым болғаны, жылқы мен қой шаруашылығының пропорциясы бірдей екендігін және түйе сүйектерінің де жекелеген элементтері кездескенін айтады. Жабайы жануарлардан ақбөкен және түлкі сүйектері табылған. Л.А. Макарова остеологиялық материалдарды жалпы жануар түрлеріне бөлуге және тафономиялық ерекшеліктеріне назар аударған.

Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық Жанкент қаласынан табылған остеологиялық материалдар туралы мәліметтерді Л.Л. Гайдученконың зерттеулерінен көреміз (Гайдученко, 2014, с. 161-178.). Аталған ескерткіште уақ мал сүйектері басымдық танытқан. Жалпы 2009-2012 жылдардағы қазба негізінде – 4347 дана сүйек қарастырылған. Жабайы жануарлардан құлан, ақбөкен және қоян сүйектері табылған.

Байқап отырғанымыздай, оңтүстік өңірлердегі ортағасырларға қатысты археозоологиялық зерттеулер осы мәліметтермен шектеледі. Көпшілік қазба жұмыстарында табылған жануар сүйектеріне мақсатты түрде археозоологиялық талдау жұмыстары жүргізілмеген. Өкінішке орай, остеологиялық материалдардың қазба барысында назардан тыс қалуы себепті, өңірдің ортағасырлық палеоэкономикасы туралы ат үсті, жалпылама қорытындылар жасаумен шектелгенін көруге болады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты – ежелгі Сауран (Қаратөбе) қаласының остеологиялық материалдары негізінде Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі ортағасырлардағы мал шаруашылығы мен аңшылық және фауналық ерекшеліктері туралы мәліметтерді ғылыми айналымға қосу болып табылады.

Ескерткіштің археологиялық сипаттамасы. Ежелгі Сауран қаласының орны Қаратөбеде кең көлемдегі археологиялық зерттеу жұмыстары 2006–2008 жылдары «Өлкетану қоғамдық қорының» және соңғы жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қаржыландыруы негізінде жүргізілді.

Қаратөбе қалашығының топографиясын қорғаныс қабырғасы қоршаған үш кеңістік ретінде сипаттауға болады. Оның біріншісі шамамен 3,5 км² аумақты алып жатқан рабадтың сыртқы бөлігін қоршаған қорғаныс қабырғасының ұзындығы 4 км. Дұрыс төртбұрышқа жақын ішкі қала шахристанның қорғаныс қабырғасының ұзындығы 2,2 км. Ал орта тұста орналасқан сопақша келген цитаделді қоршаған қабырғаның ұзындығы 1 км. Қаланың осы топографиялық сипаты мен алып жатқан аумағы Сауранның монғол шапқыншылығына дейін Отырармен теңесе алатын ірі қалалық орталық болғандығын білдіреді (Смагулов, 2010, с. 11).

2006 ж. қаланың цитаделінің орны болып есептелетін орталық төбенің оңтүстік-батыс шетіне салынған қазбаның мақсаты жоғарғы құрылыс қабатының стратиграфиясы мен жобалық құрылымын анықтауға бағытталды. Көлемі 3500 м² аумақты қамтыған қазба барысында бір және үш бөлмелерден тұратын тұрғын үй жайлардың тығыз орналасқан кешені ашылды. Тұрғын үйлер ішкі жағында сыпа, тандыр, жылыту пештері мен қабырғаға тақап салынған қамбалардан тұрады. Олардың бірқатарын едәуір дәулетті қала тұрғындарының ғимараттары ретінде сипаттауға келеді. Қазбадан табылған материалдардың басым бөлігін XIII ғ. жататын сырлы ыдыстар мен олардың сынықтарын құрайды. Басым көпшілік бөлігін шыңылтырлы, сыртында өрнегі бар ыдыстар құрайтын олжалардың ұқсас үлгілері Орта Азияның қолөнер орталықтарында көптеп кездеседі.

Қаратөбенің оңтүстік-батыс бөлігіне салынған қазба 2007-2008 жылдары төбенің етегіне дейін кеңейтілді. Қазбаның бір бөлігі астыңғы (2,3,4) құрылыс қабаттары деңгейіне түсірілді. 20 м созылған

қазбаның оңтүстік шетінен қорғаныс қабырғасының сыртқы беті ашыла бастаған. Осы бөліктегі құлаған қорғаныс қабырғасының үстіне жоғарғы құрылыс қабатындағы (ЖҚК) үй жайлар түскендігі мәлім болды. Төменгі құрылыс қабаттары (2,3,4) да тұрғын үй құрылыстарынан түзілген. Қазбаның оңтүстік-шығыс шетінде ашылған цитаделің қорғаныс қабырғаның құрылымын зерттеу мақсатында ұзындығы 26 м, ені 1 м көлемдегі стратиграфиялық кесік те салынды (Смагулов, 2010, с. 11).

2019 ж. қаланың эволюциясын зерттеу, фортификациялық құрылыстардың тарихын, олардың құрылымын, әсіресе, қорғаныс құрылыс элементтерін, іргелес тұрғын үй құрылыстарының хронологиялық және жобалық қатынасын анықтау мақсатында 2006-2008 жылдардағы қазба шығыс бағытта, цитадель қабырғасының ең төменгі табанына дейін кеңейтілді. Қазба барысында бұрын қазылған 3-4 құрылыс қабаттары алынып тасталып, 5 – құрылыс қабаты ашылды. Құрылыс қабырғалары мен бөлмелер ішіндегі құрылыстар көлемі 40-41x18-20x 8-10 см қам кесектермен қаланған. Үй жайдың төбесі тегіс етіп жабылса керек, үлкен бөлмелердің еденінен шатырды тіреген бөренелердің астына төселген жалпақ тас тұғырлар табылды.

Қаратөбе цитаделінің бекініс қабырғасын зерттеу жұмыстары енді ғана басталды десе болады және қандайда бір тарихи қорытынды жасау келешектің еншісінде болмақ.

Қазбадан табылған материалдардың негізін сырланбаған, қолдан жапсырып және арнайы шарықта жасалған ыдыстардың бөліктері құрайды. Бірсыпыра тұрмыстық заттар мен түрлі жануар сүйектері де шықты.

Қазбадан алынған жануарлар сүйектеріне археозоологиялық талдау барысында үй жануарларымен қатар, жабайы жануарлар және құс сүйектері де бар екендігі анықталды (Кесте 1). Жануар сүйектерін қаңқа элементтері бойынша талдау, тірек-қимыл жүйесінің жоғарғы және төменгі бөліктері басым екендігін көрсетіп отыр. Остеологиялық материалдардың барлығы дерлік сынып, бөлшектенген. Бұл тағам қалдықтары екендігін дәлелдейді. Бүтін сақталған сүйектер негізінен куб тәріздес ұсақ сүйектер, оның ішінде жануар асықтары, тілерсек және қойдың метатарсальды сүйектері (Кесте 2).

№	Жануар түрі	Сүйек саны	Сүйек саны %
1	Қой – (<i>Ovis aries</i>)	15	34,8
2	Ірі қара – (<i>Bos taurus taurus</i>)	8	18,6
3	Жылқы – (<i>Equus caballus</i>)	2	4,6
4	Түйе – (<i>Camelus</i>)	1	2,3
5	Есек – (<i>Equus asinus asinus</i>)	1	2,3
6	Бұғы – (<i>Cervus elaphus</i>)	1	2,3
7	Мысық – (<i>Felis silvestris catus</i>)	1	2,3
8	Құс – (<i>Aves</i>)	14	32,5
БАРЛЫҒЫ		43	100

Кесте 1. Қаратөбе қаласынан табылған остеологиялық материалдар жануар түрі бойынша

Қаңқа элементі	Ірі қара		Жылқы		Қой		Түйе		Есек		Бұғы	
	Б	Ф	Б	Ф	Б	Ф	Б	Ф	Б	Ф	Б	Ф
Мүйіз	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1
Бас сүйек – Cranium	0	0	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0
Атлант	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Омыртқа-Vertebra	0	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0
Қабырға-Costae	0	0	0	0	0	3	0	0	0	0	0	0
Жауырын-Scapula	0	1	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0
Токпан жілік	0	0	0	0	0	2	0	0	0	0	0	0
Кәрі жілік	0	0	0	0	0	2	0	0	0	0	0	0
Жамбас-Pelvis	0	1	0	0	0	2	0	0	0	0	0	0
Құйымшақ	1	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0
Асықты жілік-Tibia	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	0	0
Тілерсек	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Асық-Talus	4	0	1	0	1	0	0	0	0	0	0	0
Сирақ (алдыңғы)	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0
Сирақ (артқы)	0	0	0	0	1	0	0	0	0	0	0	0
Сүйек саны (Б-Ф)	5	3	2		4	11	1	0	0	1	0	1
Сүйек саны	8		2		15		1		1		1	
Жалпы	43											

Кесте 2. Жануар сүйектердің қаңқа элементі бойынша қатынасы

Материал және зерттеу әдістері. Материалдың жалпы саны 43 дана. Оның ішінде түйенің бүтін сақталған бас сүйегіне жеке талдау жүргізілді. Материалдар археозоологиялық зерттеудегі стандартты әдістер бойынша жануар түріне, қаңқа элементтеріне, сақталу дәрежесіне және қаңқа бөліктеріне қарай топтастырылды. Жануарлардың жас ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін жақ сүйектер мен жекелеген тістер табылмады. Бірақ басқа да тірек-қаңқа бөлігіндегі дистальды және проксимальды

эпифиздердің синостоз жағдайларына байланысты орташа жас мөлшері алынды. Сүйектердің синостоз жағдайын анықтауда В.И. Цалкиннің (Цалкин, 1967, с. 114-130) зерттеу жұмысы басшылыққа алынды. Остеологиялық материалдардың бөлшектенуден қалған бөлігін сипаттау Н.Г. Ерохин және О.П. Бачура (Ерохин, Бачура, 2011, с. 62-69) жасаған әдіс бойынша, сүйектердің остеометриялық өлшемдері А.В. Дриш (Driesch, 1976) әдісі бойынша жүргізілді. Түйенің бас сүйегінің 30 өлшемі (А.В. Дриш әдісіне сәйкес) алынды Мысал ретінде А.В. Дриштің түйе бас сүйегінің өлшемдерін алу тәсілінің сызба-схемасы беріліп отыр (Сызба 1). Жалпы археозоология ғылымында сүйектердің, оның ішінде бас сүйек өлшемінің схемасы әр түрлі. Өлшем белгілері жануар түрлеріне қарай азайып, кейде көбейіп отырады. Сонымен қатар, зерттеу тәсілдерінің жетілуіне байланысты, бірқатар зерттеушілер өлшемдерді өздерінің мақсатына қарай өзгертіп те отырған.

Жануар түрлеріне систематикалық шолу.

Отряд **Artiodactyla** Owen, 1848

Тұқымдас **Bovidae** Gray, 1821

Туыс *Ovis* Linnaeus, 1758

Ovis aries Brisson, 1762 – Қой

Қойға тиесілі 15 сүйек анықталды. Анатомиялық құрылымы №2 кестеде көрсетілген. Жауырынның дорсальды бөлігіндегі шеміршек сақталмаған. Каудальды бұрышы тігінен жарылып, шеміршек қалыптасатын бұрыштан 3,7 см төменде жарық (тесік) пайда болған. Әдетте мұндай жарықшақтарды кейінгі этнографиялық және қазіргі таңдадағы қазақ халқының етті (сүйекті) пайдалану дәстүрінде кездестіреміз (Хинаят, 2011, 118-124 бб.). Жауырынның каракойдты өсіндісі толық қалыптасып, сүйектенген. Мұндай белгілеріне қарап, жауырын жасы үлкен қойға тиесілі деп есептейміз. Тоқпан жіліктерің біреуінің дистальды эпифизи бөлініп қалған. Проксимальды эпифизінде синостоз жағдайы аяқталу үстінде тоқтаған. В.И. Цалкиннің зерттеулерінде тоқпан жіліктің дистальды эпифизінің синостоз жағдайы кеш қалыптасатыны айтылады. Тіпті егер төменгі эпифиздің синостозы аяқталмаған болса, жануар жасын 3-4 айдан үлкен емес деп айтуға толық негіз бар. Екінші тоқпан жіліктің проксимальды эпифизінің синостозы толық аяқталған. Яғни үлкен жануарға тиесілі. Асықты жіліктің проксимальды және дистальды эпифиздері түсіп қалған. Мұндай жағдайды В.И. Цалкин өз кезегінде Цитшман-Креллинг және Хабермель зерттеулеріне сүйеніп, қой жасын 15-20 айдан аспаған деп көрсетеді (Цалкин, 1967). Қойдың жасын анықтауда біз В.И. Цалкиннің пікірімен келісеміз. Бірақ біздің мысалымыздағы асықты жіліктің жалпы ұзындығы кіші болғанымен, диафиздің ені әлдеқайда жуан. Асықты жіліктің диафизінің ең үлкен ені 19,3 мм. Бұл қазіргі қойлармен салыстырғанда 0,2-0,3 см жуан. Дегенмен мұндай ерекшеліктер қойдың жеке индивидуальды тұқымына да байланысты болуы мүмкін. Егер мұндай белгілер өте көп кездескен жағдайда, нүктелік талдау арқылы қой тұқымын анықтауға мүмкіндік туады. Қойға тиесілі қабырғалардың тек біреуінің ғана проксимальды бөлігі (басы, мойны және өсіндісі) сақталған. Қабырға басындағы шеміршек түсіп қалған. Қойдың сирақтарының дистальды эпифиздерінде синостоз жағдайы толық аяқталған. Мұндай көріністі кәрі жіліктен де байқауға болады. Омыртқалардың ортаңғы буын дискілерінің шеміршектері жоқ. Қой асығында ешқандай антропогендік өзгеріс байқалмайды. Асықтың медиальды қыры – 30,8 мм, латеральды қыры – 32 мм, дистальды ұзындығы – 21,3 мм, саггитальды биіктігі – 25,5 см. Асықтың морфометриялық өлшемдері басқа да ортағасырлық ескерткіштерден табылған асықтардың өлшемдеріне ұқсас. Мұндай өлшемдерді біз Ортағасырлық Жанкент (Аржанцева, Тажекеев, 2014, с. 161-178), Ақыртас (төрткүл)*, Бурнооктябрьск-1** және Шу өңіріндегі төрткүлдерден анықтағанбыз (Ақымбек, Шагирбаев, 2019, 322-334).

* материалға археозоологиялық зерттеу жүргізген – М.С. Шагирбаев

** материалға археозоологиялық зерттеу жүргізгендер – П.А. Косинцев* және М.С. Шагирбаев

Туыс *Bos* Linnaeus, 1758

Bos taurus L., 1758 – Ірі қара

Ірі қараға тиесілі 8 сүйек анықталды. Анатомиялық элементтері №2 кестеде көрсетілген. Ірі қара сүйектерінің көпшілігі бүтін сүйектер. Жас ерекшеліктері сүйектің синостоз жағдайына қарай үлкен жануарларға тиесілі деп анықталды. Тек 4 дана асықтың пішіндерінде бірқатар өзгерістер бар. Біріншіден, 3 асық жасы үлен жануарға тиесілі. Себебі сүйек құрамындағы кеуекті құрылымы тығыз, салмағы да ауыр. Әдетте жасы кіші малға тиесілі асықтардың кеуекті құрылымы бос, салмағы да жеңіл келеді. Екіншіден, сыртқы анатомиялық пішіндерінде ерекшеліктер байқалады. Біз салыстырмалы

* Мақала авторлары остеологиялық материалдарды жануар түрлеріне қарай талдаудағы әдістемелік кеңестері үшін Екатеринбург к., Ресей Ғылым Академиясы өсімдік және жануар экологиясы институты, «Палеоэкология» лабораториясының жетекші ғылыми қызметкер б.ғ.к. П.А. Косинцевке алғыс білдіреді.

түрде Шірік Рабад қаласындағы ғибадатханадан (2 асық) және Шірік Рабад қаласының өзінен (1 асық), ортағасырлық Қастек қаласынан (46 асық), ерте ортағасырлық Бурнооктябрск – 1 қаласынан (2 асық), қола дәуірімен мерзімделетін Серектас II қорымынан (1 асық) және бүгінгі ірі қараның (1 асық) асықтарымен салыстырып қарадық. Зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, Қаратөбеден табылған 4 дана асықтың үшеуі өзара анатомиялық ерекшеліктері бойынша өте ұқсас және басқа ескерткіштерден табылған ірі қара асықтарынан айырмашылықтары бар. Қаратөбеден табылған асықтардың остеометриялық өлшемдері:

Асық №1. медиальды ұзындығы – 53,8 мм; дистальды ұзындығы – 32,6 мм; саггитальды ұзындығы – 46,2 мм; медиальды ені – 26,3 мм; латеральды ені – 28,9 мм.

Асық №2. латеральды ұзындығы – 63,3 мм; дистальды ұзындығы – 36,3 мм; саггитальды ұзындығы – 51,3 мм; латеральды ені – 32,2 мм.

Асық №3. медиальды ұзындығы – 54,2 мм; латеральды ұзындығы – 57,3 мм; дистальды ұзындығы – 34,2 мм; саггитальды ұзындығы – 47,3 мм; латеральды ені – 29 мм.

Асық №3. (жас малға тиесілі). медиальды ұзындығы – 41,9 мм; латеральды ұзындығы – 44,4 мм; дистальды ұзындығы – 27,4 мм; саггитальды ұзындығы – 35,6 мм; медиальды ені – 19,2 мм; латеральды ені – 23,1 мм. Остеометриялық өлшемдердің аббревиатурасы А.В. Дриш әдісіне сәйкес.

Салыстырмалы түрде 6 ескерткіштен алынған асықтардың барлығы да Қаратөбе асықтарына қарағанда үлкен өлшемдерге ие. Ең басты ерекшелік, Қаратөбе асықтарының латеральды және медиальды (алшы-тәйке қырларының арасы) қырларының арасындағы ені жіңішке (өзара жақын) болып келуімен ерекшеленеді. Негізі жабайы жануарларда оның ішінде марал, қарақұйрық, елік секілді басқа да аша тұяқты (парнокопытные) жануарлардың асықтары көбіне осылай жіңішке болып қалыптасады. Сондай-ақ, Қаратөбеден табылған асықтардың ішінде №1 асық (шартты түрде алынып отыр) сырты жылтырап, біршама желіне бастаған. Бұл асықтың қолда ұзақ ұсталып, пайдаланғанын білдіреді. Тағы бір қызықты жағдай, қазба барысында бұғы мүйізінің (благородный олень) де табылуы. Біздің ойымызша ірі қара асықтары деп отырғанымыз, өзіндік анатомиялық ерекшеліктеріне байланысты бұғыға тиесілі болуы да мүмкін. Өкінішке орай қолымызда эталондық салыстырмалы-сараптамалық материалдың жеткіліксіздігіне байланысты, пікіріміздің тек болжам екендігін ескертеміз. Сиыр құйымшағының жалпы ұзындығы (GL) – 161 мм, физиологиялық (омыртқа бойымен алғанда) ұзындығы (PL) – 158 мм. Ірі қара жауырынының мойын ені (SLC) – 38,1 мм, дистальды бетіндегі буын ойысының ені (BG) – 38,6 мм, буын ойысының ұзындығы (LG) – 45,9 мм, буын ойысының жалпы ұзынды (өсіндімен бірге) (GLP) – 53,5 мм. Остеометриялық өлшемдердің аббревиатурасы А.В. Дриш әдісіне сәйкес.

Отряд **Perissodactyla** Owen, 1848

Тұқымдас **Equidae** Gray, 1821

Туыс *Equus* Linnaeus, 1758

Equus caballus Linnaeus, 1758 – Жылқы

Жылқыға тиесілі 2 сүйек табылды. Олар жылқының бүтін сақталған асығы және тілерсек сүйегі. Тілерсек сүйегінің синостоз жағдайы аяқталмаған. Бұл сүйектің жас жылқыға тиесілі екендігін білдіреді. Жылқы асығының морфометриялық өлшемдері: GH – 55,3 мм, LmT – 55,9 мм, GB – 63,7 мм, BFd – 55,2 мм. Остеометриялық өлшемдердің аббревиатурасы А.В. Дриш әдісіне сәйкес.

Туыс *Equus* Linnaeus, 1758

Equus asinus asinus Linnaeus, 1758 – Есек

Есекке тиесілі бір дана асықты жілік анықталды. Асықты жіліктің дистальды эпифизі сақталмаған.


Отряд **Tylopoda** Illifer, 1811

Тұқымдас **Gamelidae** Gray, 1821

Туыс Genus *Gamelus* Linnaneus, 1758

Camelus bactrianus – Бактриан түйесі

Түйеге тиесілі бір дана бүтін сақталған бас сүйек табылды. Бас сүйектің жоғарғы альвеолярлы қатарында М³ тісі әлі шығып үлгермеген. Өрі жоғарғы таңдайда азу тістерінің болмауына қарап, аналық түйеге тиесілі екендігі анықталды. Бас сүйектің жалпы 31 өлшемі алынды (кесте 3). Остеометриялық өлшемдер А.В. Дриш әдісіне сәйкес жасалған (Сызба 1).



Сызба 1. Түйе бас сүйегі (*Camelus cranium*) өлшемдерінің схемасы*
*Өлшем схемасы А.В. Дриш әдіснамасы бойынша.

№	Өлшем атаулары	өлшем (мм)
1	Жалпы пішін ұзындығы (тұмсық шетінен - желке қырына дейін)	495
2	Айдаршық өсіндісінен тұмсыққа дейінгі ұзындығы	451
3	Базалық ұзындығы (қаракүс айдаршығының вентральды нүктесінен - тұмсыққа дейін)	436
4	Премоляр тістен шүйде өсіндісіне дейінгі ұзындығы	385
4a	Премоляр тістен - қаракүс айдаршығына дейінгі ұзындығы	285
5	Нейрокраниальды ұзындығы (сыртқы сагитальды қырынан - көз орбитасының каудальды шетіне дейін)	221
6	Тұмсық ұзындығы (көз орбитасының краниальды шетінен тұмсыққа дейін)	233
7	Көз ойығының каудальды шетінен - шүйде өсіндісіне дейінгі ұзындығы	180
8	Жоғарғы жақтың корек тесігінен - шүйде бұрышына дейінгі ұзындығы	351
9	Қаракүс айдаршығынан - таңдайлық өсіндіге дейінгі ұзындығы	165.5
10	Таңдай өсіндісінен - тұмсыққа дейінгі ұзындығы	247.5
11	Хоан ойынан (таңдай сүйегінің каудальды шеті) тұмсыққа дейінгі ұзындығы	291.5
12	Жақ алды сүйегінің қапталдық ұзындығы	139.8
13	Шықшыт (бет сүйегі) сүйегінің ұзындығы (альвеолды қатары толық – M ³ -P ²)	237.5
13a	Альвеолярлы қатардың ұзындығы (M ³ -P ³)	154
14	Моляр қатарының ұзындығы	114.7
15	Премоляр қатарының ұзындығы (P ³ -P ³)	143
15a	Премоляр қатарының ұзындығы (P ³ -P ⁴)	38.8
16	Көз орбитасының ұзындығы	57.4
17	Көз орбитасының биіктігі	55.2
18	Самай сүйегінің ені	128
19	Қаракүс айдаршығының ені	80.3
20	Мойын қылшығы өсіндісінің (яремные отростки) ені	105
21	Қаракүс айдаршығы тесігінің ені	38.1
23	Маңдай сүйегінің нейрокраниальды ені (ми қорапшасының ені)	72.1
24	Маңдай сүйегінің фронтальды ені (сагитальды қыр сызығының краниальды шеті)	44.3
25	Бас сүйектің ең үлкен ені	221
26	Көз орбиталары арасының ені	167
27	Көзасты корек тесіктерінің аралық ені	61
28	Жақ алды сүйегінің (тұмсық) ең үлкен ені	42.1
29	Таңдай сүйегінің ені	131

30	Желкенің ең үлкен биіктігі (сыртқы саггитальды қырынан - қаракүс айдаршығының вентральды шетіне дейін)	73.3
31	Жоғарғы жақ сүйектің биіктігі	96.4

Кесте 3. Түйе бас сүйегінің морфометриялық өлшемдері

Отряд **Artiodactyla** Owen, 1848

Тұқымдас **Cervidae** Gray, 1821

Туыс Genus *Cervus* Linnaeus, 1758

Cervus elaphus Linnaeus, 1758 – Бұғы

Бұғыға бөлшектеніп кеткен мүйіздер жиынтығы тиесілі. Жоғарыда сөз еткеніміздей, бұғы сүйектеріне мүйізімен қатар ірі қара сүйектеріне жатқызылған асықтар да тиесілі болуы мүмкін. Бұл мәселе әлі зерттеуді талап етеді. Сондықтан нақты тұжырым жасай алмаймыз. Жалпы остеологиялық зерттеу тәсілдерінде жеке мүйізді өлшеу әдістері бір жақты емес. А.В. Дриштің еңбегінде мүйіз өлшемін жасау тәсілдері қарастырылмаған.

Отряд **Carnivora** Bowdich, 1821

Тұқымдас **Felidae** Gray, 1821

Туыс Genus *Felis* Linnaeus, 1758

Felis silvestris catus (Linnaeus, 1758) – Мысық

Мысыққа тиесілі бір дана тоқпан жілік сынығы анықталды. Тоқпан жіліктің проксимальды эпифизи сынып, жоғалған. Жалпы мысыққа тиесілі сүйектер археологиялық қазба барысында көп кездесе бермейтін құбылыс. Мүмкін ол нақты салыстырмалы эталондардың болмауына байланысты, басқа жануарларға тиесілі деп немесе ұсақ сүйектермен аралас күйінде байқалмай қалуы да мүмкін. Біздің мысалымызда мысық сүйегінің бүтін сақталмауына байланысты, остеометриялық өлшемдері алынбады. Дегенмен алдағы зерттеулерде салыстырмалы материалдар табылады деп үміттенеміз.

Aves Linnaeus, 1758 – Құс

Қазба барысында құсқа тиесілі 14 дана сүйектер екі жерден табылды. Бірінші табылған сүйектер ірілеу құсқа тиесілі. Сүйектердің саны 9 дана, екінші табылған сүйектер көлемі кішкентай құсқа тиесілі болса керек, жалпы 5 дана ұсақ сүйек қалдықтар. Бірінші топтамадағы үлкендеу құсқа тиесілі сүйектердің анатомиялық элементтері толық емес, сақталған сүйектер құстың сирағы, тепкісі бар сирағы (цевка), сирағы (голень) және кеуде сүйегі мен бұғанасы. Өкінішке орай қолымызда құстарға тиесілі анатомиялық эталондар коллекциясының болмауына байланысты, қандай құс екендігін кесіп айту қиын. Дегенмен, эпифиздері сақталған сүйектердің морфометриялық өлшемдерін көрсетеміз. Себебі орнитология ғылымында бірқатар құстардың сүйектерін құс түріне қарай анықтауда нақты өлшемдердің маңыздылығы айтылады.

Сан жілік өлшемдері: Вр – 24 мм, GL – 97,9 мм, SC – 13,7 мм, Bd – 24,3 мм, Dp – 18,4 мм, Dd – 19,8 мм.

Сирақ өлшемдері: La – 130 мм, GL – 137 мм, Dd – 18,1 мм, Dip – 26,4 мм, Bd – 17,4 мм.

Сирақ (тепкісі бар): Вр – 21,4 мм, GL – 98,5 мм, SC – 14,1 мм, Bd – 21,1 мм. Кеуде сүйегінің өлшемдері: LM – 126,2 мм, LC – 108,7 мм.

Бұғана өлшемдері: GL – 67,7 мм, LaF – 61,4 мм, LS – 14,6 мм. Остеометриялық өлшем аббревиатуралары А.В. Дриш әдістеріне сәйкес жасалды.

Фаунистикалық талдау. Қаратөбеден табылған жануар сүйектері ерте ортағасырлардағы Сырдарияның орта ағысы мен Қаратау өңірінің фаунасы туралы қызықты мәліметтер береді. Жалпы материал көлемі аса үлкен болмағанымен, үй жануарларының барлық түрі өсірілгені анықталып отыр. Әзірше қолда бар материалдардың құрамында ешкі сүйектері анықталмады. Археозоологиялық талдауда ешкі сүйектерін ажырату біршама қиындықтар тудырады. Егер сүйек материалдардың ішінде мүйіз, бас сүйек, жақ сүйек, метаподия, асық, атлант, эпистрофей (*егер бүтін сақталса*), тоқпан жілік секілді қаңқа элементтері болса, екі жануар түрін ажырату оңай. Қазба барысында сүйектердің көбі бөлшектенген күйі кездесетіндіктен, нақты жануар түрін ажырату ісі күрделеніп кетеді де, салыстырмалы эталондар коллекциясы мен морфометриялық өлшемдер қолданылады. Біздің мысалымызда уақ малдың ішінде ешкі сүйектері кездеспеді. Жабайы жануарлардың ішінде бұғы, мысық және құс сүйектерінің табылуы да ерекше қызығушылық тудырып отыр. Жануарлар систематикасында бұғылардың (асыл тұқымды бұғы – олень благородный) тұқымдастар түріне қарай жіктелуінде бірқатар айырмашылықтар кездеседі (Павлинов, Лисовский, 2012, с. 436-444.).

В.И. Громова Ташкент маңайындағы Қауыншы төбе (Каунчи тепе) материалдарын зерттеу барысында бұғы мүйіздерінің өте көп кездескенін, әрі олардың арнайы кесіп алынғанына назар аударады. Бірақ зерттеуші бұғының қандай тұқымдасы екенін нақты айтпай, тек болжам ретінде *бұхарлық хангул (Cervus aftinu bactrianus)* және *тянь шаньдық марал (Cervus canadensis songaricus)*

болуы мүмкін екендігін ескертеді (Громова, 1940, с. 59-60.). В.И. Громованың марал болуы мүмкін деген ойымен келісе алмаймыз. Себебі, В.И. Цалкин кейінірек жариялаған еңбегінде бұғы сүйектерін бұхарлық бұғыға жатқызған.

В.И. Цалкиннің Хорезмнің (Топырақ қала) антикалық және ерте ортағасырлық фаунасына қатысты материалдарын археозоологиялық талдау жұмысында 38 бұхар бұғысына тиесілі сүйекті анықтап, аталған жануардың Амудария ойпатынан Арал теңізіне дейінгі тоғайлық аймақтарға тән екендігін айтады (Цалкин, 1952, с. 213-244).

Оңтүстік өңірлердегі бұғы фаунасы туралы мәліметтерді осы аймақтағы жартас суреттерінен де көруге болады. Мәселен, Қаратаудың солтүстік-шығыс беткейіндегі Арпаөзен өзенінен солтүстіктегі шатқалдардан қола дәуірінен ерте ортағасырларға дейін кезеңмен мерзімделетін жартас суреттерінде бұғы бейнелері анықталған (Самашев, Чжан, Боковенко, Мургабаев, 2011, с. 412-416).

Қаратаудың солтүстік-батыс бөлігіндегі Сауысқандық петроглифтерінің (қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Еңбекші ауылынан солтүстікке қарай 50 шақырым) бірнеше жерінен бұғы суреттері анықталған. Оның ішінде контурлы әдіспен, сақ стилінде орындалған, бастарын теріс қаратып бұрған қос бұғы бейнесі (Самашев, Мургабаев, Елеуов, 2014, 92-93 бб. Сур. 129, 133), сонымен қатар жекелеген, тұмсығы ұзын бұғы бейнесі (Самашев, Мургабаев, Елеуов, 2014, 271 б. Сур. 533, 534) және түркі кезеңімен мерзімделетін бейнелердің ішінде де бұғы бейнесі кескінделген (Самашев, Мургабаев, Елеуов, 2014, 342 б. Сур. 644.). Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде темір дәуірі мен ерте ортағасырлар кезеңімен мерзімделетін бірқатар жартас суреттерінде бұғы бейнелері аз кездеспейтіні анықталып отыр. Бұл мәліметтер көне дәуірден бастап осы өңірлердің бұғылардың жайылым ареалына кіргендігін көрсетеді. Бұхар бұғысы (*Cervus elaphus baktrianus*) – бұғы тұқымдастарының ішіне тоғайлық алқапта өмір сүруге бейімделген жалғыз түрі десек те болады. Әрине аталған жануар өзінің басқа да сібірлік (марал, изюбрь) және американдық туыстастарына қарағанда өзінің морфологиялық, коммуникативтік, физиологиялық және арнайы акустикалық дыбысымен ерекшеленеді. Орталық Азиядағы бұхар бұғысының даму динамикасына жүргізілген зерттеулерде Сырдария өңірінде бүгінге дейін, нақтырақ 2001-2011 жылдар аралығында 30-дан астам бұғылар (бұхар бұғысы) өмір сүретіні анықталған. Сонымен, Қаратөбеден табылған бұғы сүйегін көршілес аймақтардан табылған материалдармен салыстырмалы талдау негізінде Бұхар бұғысына (бухарский олень) тиесілі болуы мүмкін деп ойламыз. Құс сүйегінің фауналық түріне қатысты нақты тұжырым жасай алмаймыз. Дегенмен бұл мәлімет басқа да зерттеушілердің қызығушылығын тудырып жатса, материалды бөлісуге дайын екендігімізді айтқымыз келеді.

Тафономиялық талдау. Остеологиялық материалдардың ішінде барлық сүйектер жануар түрлеріне қарай анықталды. Археозоологиялық материалдардың ішінде анықталмайтын сүйектердің кездесуі, бұл материалдардың негізгі әдістерге сүйеніп, дұрыс әрі толық жинақталуымен тікелей байланысты. Қазбаның жалпы тереңдігі 2,8 м құрайды. Жануар сүйектері ашылған бөлмелердің ішінен ретсіз түрде табылған. Барлық материалдардың бөлшектенуі, тағам қалдықтары екендігін растайды. Бірақ есек, мысық және құс сүйектері тағам қалдығына жатпайды. Біздің ойымызша құс сүйектерінің екі жерден жинақталып кездесуі, қазба аумағына табиғи жағдайда тап болғандығын көрсетеді. Мұндай ұқсас мәліметтер Үстіртте сақталған Бәйте III және Ақпан ғибадатханаларынан кездескен (Некрасов, Косинцев, Самашев және басқ., 2016, с. 122-124). Аталған ескерткіштерде құс сүйектері табиғи жағдайда тап болып, жинақталғаны анықталған. Ал мысық пен есек сүйектерін кейінірек басқа да жыртқыш жануарлар тасымалдап алып келуі мүмкін. Мұны есектің асықты жілігінің дистальды эпифизінің болмауымен байланыстырамыз. Жануар сүйектерінің қаңқа бөліктерінің қатынасы аяқтың жоғарғы және төменгі бөліктерінің басымдығын көрсетіп отыр (кесте 4).

Қаңқа бөлігі	Ірі қара	Жылқы	Қой	Түйе	Есек
Бас сүйек	0	0	0	1	0
Тістер	0	0	0	0	0
Кеуде (омыртқа, қабырға)	2	0	5	0	0
Аяқтың жоғары бөліктері	2	0	3	0	0
Аяқтың төменгі бөліктері	4	2	7	0	1
Жалпы саны	8	2	15	1	1

Кесте 4. Үй жануарларының қаңқа бөліктері қатынасы (сүйек саны бойынша)

Археозоологиялық талдау барысында бір дана жылқының тілерсек сүйегінің өсіндісі мүжілгені анықталды. Түйе бас сүйегі М³ әлі шықпаған, ұрғашы жануарға тиесілі. Материалдар сақталуы бойынша үш топқа бөлінеді. Бірінші, бас сүйек, асық, құйымшақ, омыртқа және жауырын сүйектері бүтін сақталған. Бұлар түйе, жылқы, сиыр және қойға тиесілі. Екінші, тоқпан жілік, омыртқа және асықты жіліктер жартылай сынған немесе эпифиздері түсіп қалған. Бұл сүйектер мысық және қойға тиесілі. Үшінші, басқа сүйектердің басым бөлігінің тек диафиздері сақталған (Кесте 5).

Сақталуы	Ірі қара	Жылқы	Қой	Түйе	Есек
Бүтін сүйектер	3	2	4	1	0
Фрагменттер	5	0	11	0	1
Жалпы саны	8	2	15	1	1

Кесте 5. Үй жануарлары сүйектерінің бүтін және фрагмент түріндегі қатынасы (сүйек саны бойынша)

Қорытынды. Остеолгиялық материалдарды талдау нәтижесіне орай, келесідей қорытынды жасаймыз. Сүйек материалдардың ішінде тірек-қимыл жүйесінің бүтін сүйектері кездеспеді. Әрі сүйек санының аз болуына байланысты, жануар санын көрсетпедік. Қазбаның №5 құрылыс қабатынан табылған жануар сүйектерінің ішінде уақ мал басымдығын көсетіп отыр. Шамасы бұл жағдай оңтүстік өңірдің барлығына тән болса керек. Аңшылық кәсіпте бұғының мақсатты түрде аулануы мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз. Әрі бұғы сүйектерінің табылуы, аймақтың ортағасырлардағы фаунасы туралы маңызды ақпарат беріп отыр. Шаруашылықта есекті пайдалануы оңтүстік өңірлердің ерте ортағасырлар кезеңіне тән жағдай. Жалпы Сырдария мен Амудария ойпатында (қазіргі Өзбекстан, Түркіменстан аумағы) орналасқан басқа да антикалық және ортағасырлық кезендермен мерзімделетін қалалардан (Қауыншы төбе, Гарры-Кяриз, Джанбас қала, Аяз қала, Топрак қала, Шемах қала) есектің сүйектері табылған. Мұндай фаунистикалық ұқсастықтар, оңтүстік өңірлерде б.з.д. басында-ақ есекті шаруашылықта жиі қолданғанын көрсетеді. Дамыған ортағасырларда есек сүйектері Жетісу өңірлерінен де кездеседі (Нуржанов, Гимранов, 2019, с. 529-538).

Ежелгі Сауран (Қаратөбе) қаласының остеологиялық материалдары Қазақстанның оңтүстігі, оның ішінде Сырдарияның орта ағысы, Қаратаудың батыс және оңтүстік-батыс бөлігінде, ерте ортағасырларда мал шаруашылығының дамығандығын және үй жануарларының барлығын да өсіргендігін көрсетіп отыр. Ал ешкі сүйектерінің кездеспеуін, материалдың аздығымен байланыстырамыз. Мал шаруашылығымен қатар, ежелгі тұрғындардың кәсібінде аңшылық та орын алған. Алдағы зерттеулерде археозоологиялық материалдар саны артып, өлкенің ортағасырлардағы палеоэкономикасы мен фаунасына қызықты жаңалықтар әкеледі деп үміттенеміз.

Әдебиеттер

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. 2018 жылы Шу өңіріндегі Қосқұдық төрткүліне жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1(60), 2019. 322-334 бб.

Гайдученко Л.Л. Остеологические материалы из раскопок городища Джанкент (2009-2012 гг.) // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011-2014 гг.)/сост.: И.А. Аржанцева, А.А. Тажекеев. Алматы, Издательство «Арыс», 2014. С. 161-178.

Громова В.И. Материалы к изучению древнейших домашних животных Средней Азии // Каунчи-тепа: (Раскопки 1935 г.) Ташкент : Изд-во Узб. филиала Акад. наук СССР, 1940. С. 54-60.

Ерохин Н.Г., Бачура О.П. Новый подход к компьютерной формализации раздробленности костных остатков млекопитающих в археологических исследованиях // Методика междисциплинарных археологических исследований : сб. науч. ст. и метод. рекомендаций / Омск: Омский государственный университет, 2011. С. 62-69.

Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011-2014 гг.) / сост.: И.А. Аржанцева, А.А. Тажекеев. – Алматы, Издательство «Арыс», 2014. 320 с.

Макарова Л.А. Кости животных из некоторых археологических раскопок в Казахстане // В глубь веков. Археологический сборник. Алма-Ата, АН КазССР. 1974. С. 201-206.

Некрасов А.Е., Косинцев П.А., Самашев З., Онгар А., Лошакова Т. В., академик РАН Большаков В.Н. Новые данные о фауне птиц плато Устюрт в голоцене // Доклады Академии Наук. Москва, "Издательство "Наука" 2016, Т. 469, № 1, С. 122–124.

Нуржанов А.А., Гимранов Д.О. Исследования костных остатков животных из археологического памятника средневековья городища Кастек // Маргулановские чтения – 2019: матер. Междунар. археол. науч.-практ. конф., посвящ. 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А.Акишева (г. Нур-Султан, 19–20 апреля 2019 г.). Нур-Султан: НИИ им. К.А. Акишева при ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. С. 529-538.

Павлинов И.Я., Лисовский А.А. (ред.). 2012. Млекопитающие России: систематико-географический справочник. Москва: Т-во научн. изданий КМК. 604 с.

Самашев З., Мургабаев С., Елеуов М. Сауыскандық петроглифтері. Астана, Ә.Х. марғұлан ат. Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2014. 374 б.

Самашев З., Чжан Со Хо., Боковенко Н., Мургабаев С. Наскальное искусство Казахстана. Фонд истории Северо-Восточной Азии. Астанинский филиал института археологии им. А.Х. Маргулана. 2011. 465 с.

Смагулов Е.А. Древний Сауран. Алматы: АО «АБДИ Компани», 2010. 358 с.

Хинаят Б. Жауырынның сакральды қызметінің тарихи-этнографиялық аспектілері // Отан тарихы. 2011. №1. 118-124 бб.

Цалкин В.И. Домашние животные Золтой Орды // Бюллетень Московского общества испытателей природы. Отдел биологии, Т. 72. Вып. I., 1967. С. 114-130.

Цалкин В.И. Фауна античного и раннесредневекового Хорезма (по материалам раскопок С.П. Толстова) // Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции (1945-1948). Издательство АН СССР. Москва, 1952. С. 213-244.

Driesch A.V. A Guide to the measurement of animal bones from archeological sites // Preabody Museum of Archeology and Ethnology Harvard University. Bulletin 1. 1976. P. 136.

D.A. Taleev, A. Erzhigitova M.S. Shagyrbayev

OSTEOLOGICAL MATERIALS OF THE ANCIENT SAURAN (KARATOBE)

The article discusses osteological materials found during excavations in 2019 from Karatobe, which was ancient Sauran. Based on archeozoological analysis, bones of wild animals were discovered along with domestic animals. Osteological materials of the Karatobe settlement were collected from the 5th construction horizon dating from the 4th-5th centuries. The studies were carried out according to standard archaeological methods and were grouped by species, elements of the skeleton, degree of conservation and departments of the skeleton. A separate morphometric analysis of a camel skull was carried out.

Ж.З. Ахмедов

*Национальный институт художеств и дизайна имени Камалиддина Бехзода
г. Ташкент, Узбекистан
E-mail: jasur184@list.ru*

АХСИКЕНТ – УНИКАЛЬНЫЙ ПАМЯТНИК ФЕРГАНСКОЙ ДОЛИНЫ

Каждый из древних городов Ферганской долины имеет свою уникальную историю. В этом отношении примечательна древняя столица Ферганы город - Ахсикент. Его развалины лежат по обе стороны дороги Наманган-Фергана, которая сейчас проходит через Туракургон и Жомашуй, в виде высоких холмов вытянувшихся вдоль правого берега Сырдарьи. В народе ее называют старой Ахси (Касимов, 1992, с. 53). В разрушенных слоях этого памятника скрыты исторические памятники, сложившиеся на протяжении около 2,2 тыс. лет, которые дают бесценную информацию о жизни и культуре народов Ферганы. Это древние страницы истории и богатое культурное наследие узбекского народа, неизгладимые следы материальных памятников, и критерий привлекательности своего времени, оставленных нашими предками.

Археологическое изучение этого памятника, который описывается как "Ферганский Афросиёб", началось в 1885 году. Первоначально работу вел профессор Петербургского университета, известный археолог и востоковед Н.Веселовский. Следующие раскопки и исследовательские работы были проведены И.Кастанье в 1913 году. Во время строительства большого Ферганского канала в 1939 году, профессор М.Массон занимался здесь археологической разведкой. В 1960 году под руководством академика Я.Гулямова - специалисты, позже начиная с 1979 года во главе старшего научного сотрудника Института археологии Академии наук Узбекистана А.Анорбоева специальная секция Ферганской экспедиции проводили археологические раскопки в Ахсикенте (Анарбаев, 2008, с. 130).

В VI–VII веках до нашей эры столица, расположенная на месте старой Ахси, была записана в китайских хрониках как Сигянь. Только с VIII века до середины IX века в историко-географических трудах, написанных на арабском языке, отмечалось, что этот город называется Фергана ("Fragana"). С середины IX века этот город будет известен всему миру как город Ахсикент (Ахсикет), город умелых и умных ремесленников (Текуший архив ИА АНРУз, с. 4).

В результате археологических исследований была найдена специальная керамика, в которой плавил железо и медь с территории Шахристана, а также металлические печи из мастерских ремесленников. В мастерских Ахсикента изготавливались различные предметы, начиная из самых простых металлических, используемых для строительства и ведения хозяйства, вплоть до мечей и кинжалов, способных разрезать камни и не ломающихся при сгибании. В 2001 году небольшой кусочек позолоченной рукоятки одного из таких ценных видов оружия был найден в махалле (квартал) ремесленников (Анарбаев, 2001, с. 19).

Материальные и культурные объекты, найденные в развалинах старой Ахси, отличаются тем, что они богаты собственным цветом и изяществом. Образцы материальной и культурной культуры, найденные в Ахсикенте, хранятся в Государственном музее Лувр в Париже (Юсупов, Мирзаалиев,

2010, с. 27). Клад Ахсикентских бронзовых изделий из коллекции А.И.Смирнова хранится в Государственном музее истории народов Востока в Москве (Алимова, 2000, с. 409).

В результате воздействия природно-климатических условий, времени и деятельности человека (изменения температуры и влажности воздуха, на которые веками воздействовали землетрясения) произошло материальное обесценивание, изменение и износ памятников, и на сегодняшний день задача их сохранения принимает большую актуальность. Организация и возможность проведения консервационно-ремонтных работ ограничена. Эта практика, которая считается как финансово, так и технически сложной, а также регулярный контроль состояния памятников с использованием научно-обоснованных методов, требует значительных финансовых затрат.

В Институте археологических исследований Академии наук Узбекистана разработаны несколько видов методов химической консервации памятников. Эти изобретенные методы гораздо дешевле, проще и эффективнее. На их основе происходит поглощение смеси органических растворителей и катализаторов, ускоряющих реакцию, причем не за счет поглощения готовых полимерных веществ в поверхность стенки, а за счет мономеров, являющихся их исходным сырьем. После введения определенного количества химических растворов в стену вносят полимеры подкормки, которые ведут к затвердеванию частиц почвы под воздействием солнечного света и температуры воздуха. В результате на поверхности стен образуется слой, который резко повышает степень твердости глинобитных листов и их устойчивость к атмосферным воздействиям. При такой обработке стало известно, что твердость упрочненных участков (78 кг/см²) поднимется до уровня шелушения и останется неизменной при погодном воздействии в течение многих лет (Абдураззаков, 2012, с. 12).

Некоторые археологические памятники в Ферганской долине постепенно разрушаются и исчезают. Причинами тому являются неустойчивый к атмосферным воздействиям строительный материал, который в основном состоит из глины и сырого кирпича, а также не принятие каких-либо мер по хранению после их открытия. Чтобы избежать такой неприятной ситуации, необходимо включить в археологическое исследование смету затрат на химическую консервацию вскрытой поверхности.

В сентябре 2019 года в ходе археологических раскопок, проведенных на памятнике Ахсикента, были обнаружены остатки настенной росписи из слоев Караханидского периода и фрагменты резных узоров из ганча. Это открытие дало ответ на ряд вопросов, которые в течение многих лет вызывали споры в истории Ферганской долины. Ведь и по сей день остатки фресковой картины не были зафиксированы во время исследований, проведенных в Ферганской долине. Эта находка показывает, что традиция настенного живописи развивалась в Ферганской долине.

На наш взгляд, желательно организовать музей у памятника Ахсикент. В процессе реализации музейного проекта следует обратить внимание на следующие:

Во-первых, необходимо восстановить древний и средневековый облик Ахсикента (рисунки и рельефы отражающие пейзажи Ахсикента);

Во-вторых, необходимо продемонстрировать политическое, социальное и экономическое состояние Ахсикента (письменность, медицинские статьи, монеты);

В-третьих, декоративно-прикладное искусство созданные ремесленниками (керамика, стеклянная посуда, ювелирные изделия);

В-четвертых, предметы, связанные с военным искусством (оружие воинов, стрелы-луки);

В-пятых, будут представлены архитектурные сооружения (фрагменты архитектурного убранства, фундамент, изделия из камня, керамические трубы, настенная живопись).

Благодаря особому вниманию Президента, научные исследования и археологические изыскания на этом историческом объекте будут продолжены. В настоящее время в целях возрождения данного наследия Кабинетом Министров Республики Узбекистан принято постановление №831 от 16 октября 2017 года "О создании, охране и исследованию мемориального комплекса и объекта археологического наследия "Ахсикент" в Туракурганском районе наманганской области" (<http://www.lex.uz/docs/3382160>). Созданная на основании этого решения Дирекция по охране и исследованию объекта археологического наследия "Ахсикент" начала свою деятельность. Дирекция внесла предложение в ЮНЕСКО об отпраздновании 2300-летия Ахсикента в 2021 году.

В ходе посещения археологического памятника Ахсикент президент Шавкат Мирзиёев ознакомился с основным планом комплекса, его научно-исследовательскими объектами, проектами туристического центра, которые будут восстановлены на территории, дал рекомендации по углубленному изучению истории этого памятника, необходимости сбора информации об исконном прошлом наших предков и проведения систематической работы по его восстановлению, о необходимости организации фестиваля, пропагандирующего историю и рекомендовал открыть археологические направления в Наманганском государственном университете. Также он подчеркнул важность преподавания истории на

исторических объектах, некоторые практические занятия школьников и студентов университета нужно проводить именно здесь.

Говоря иными словами, было бы целесообразно организовать многостороннее, глубокое и тщательное изучение памятника Ахсикент путем привлечения соответствующих историков, востоковедов, химиков, лингвистов, нумизматов, музееведов и особенно реставраторов-консерваторов. Актуальной задачей сегодняшнего дня является превращение Ахсикента в музей под открытым небом, внедрение данной местности в международные туристические направления, восстановление современного досугового комплекса со всеми удобствами для туристов.

Литература

Абдураззоков А. Ўзбекистон археология ва архитектура ёдгорликларини таъмирлаш, музейлаштиришдаги айрим муаммолар // Ўзбекистоннинг бетакдор маданий ёдгорликлари: муаммолар, ечимлар ва истиқболлар. Республика илмий-амалий конференцияси. Тошкент, 2012. 12-б.

Анорбоев А. Ахсикент // Фарғона водийсининг қадимий шаҳарлари. Тошкент, 2008. 130-б.

Анорбоев А. Қадимги ва ўрта асрларда Ахсикент // Ўзбекистон тарихида қадимги Фарғона. Тошкент, 2001. 19-б.

Қосимов Й. Қадимги Фарғона сирлари. Наманган, 1992. 53-б.

Мустабид тузумнинг Ўзбекистон миллий бойликларини талаш сиёсати: Тарих шохидлиги ва сабоқлари. Тошкент, 2000. 409-б.

ЎзР ФА Археологик тадқиқотлар институти жорий архиви. 8-жамғарма, 1-рўйхат, 183-иш, 4-варақ.

Юсупов И., Мирзаалиев Э. Ахсикент // Мозийдан садо. Тошкент, 2010. №1. 27-б.

<http://www.lex.uz/docs/3382160>

J.Z. Akhmedov

АХСИКЕНТ – А UNIQUE MONUMENT OF FERGANA VALLEY

This article highlights the ancient historical site in the Ferghana Valley, the city of Ahsikent as the cultural heritage of the Uzbek people, rooted in the depths of the VIII-XII centuries and the development of art in the area. And on this basis, the issue of creating a museum at this facility is relevant.

М.М. Бахтыбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: melsb@mail.ru

ҚАЗАЛЫ УЕЗИНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазалы уезі Сырдария облысының солтүстік, солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, қазіргі Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы аудандары жерін қамтыған. Қазалы уезі археологиялық ескерткіштерге бай өлкелердің бірі болып табылады. Мыңдаған жылдар бойы осы жерді мекендеген халықтар Сырдарияның ескі арналары Жаңадария, Іңкәрдария және Кувандарияда өзіне тән нышандарын қалдырды.

Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі құрылған күннен бастап Қазалы уезінде орналасқан археологиялық ескерткіштерінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, олардың өлшемдері мен жобаларын сызып, сипаттамаларын жазды. Үйірме мүшелері Ә.А. Диваев, И.В. Аничков, П. Спиридонов, А. Симонов және т.б. атқарған зерттеу нәтижелерін өз отырыстарында баяндап отырды.

1897 жылдың 17 ақпан күні өткен үйірме отырысында Ә.А. Диваев «О могиле святого Хорхуть-ата» атты баяндамасында Қорқыт ата кесенесін сипаттап, оның орналасқан жері мен сақталу жағдайын атап өтті. Ә.А. Диваев Қорқыт ата кесенесі (1-сурет) Қорқыт станциясынан 1,5 верст жерде орналасқанын, сонғы жылдары кесененің бір бөлігін Сырдарияның суы шайып жатқанынан бұзылып, қазіргі жағдайы мүшкіл деп жазады (Диваев, 1897, с.1-2). Сонымен қатар, Ә.А. Диваевтің өтініші бойынша Қорқыт ата кесенесін 1899 жылы Қазалы уезінің басшысының көмекшісі И.Л. Арзамасов суретке түсірді.



Сурет 1 - Қорқыт ата кесенесінің құландылары. 1871-1872 жж. көрінісі
(А.Л. Кун бойынша)

1898 жылдың 12 қаңтарында өткен үйірме отырысында И.И. Гейер, П. Спиридонов пен И.В. Аничков уезінде орналасқан ескерткіштер туралы баяндама жасап, И.И. Гейер мен П. Спиридонов Жанкент қалашығы жайлы, ал И.В. Аничков осы өңірде орналасқан мұнараларына кеңінен тоқталды.

И.И. Гейер өз мақаласында Е. Александров Жанкент қалашығында жүргізген қазба жұмысына тоқталып, қазба барысында шыққан заттардың сипаттамасын берді. Е. Александров Жанкент қалашығы Сырдарияның сол жағында, Қазалыдан 16-18 верст төмен орналасқанын жазып, жобасында төртбұрышты болып келген, айналдыра қамалмен қоршалғанын, оның сыртында оры барын атап өтті. Қамал ішінде көптеген төбелер бар, олар бұзылған ғимараттардың құландылары деп пайымдайды (Спиридонов, 1898 а, с.56). Сонымен қатар, И.И. Гейер бекіністің оң жағында Сырдария бағытында ірі көне қаланың құландылары орналасқанын жазып, оны жергілікті тұрғындар Мыңтөбе деп атайтынын баяндайды.

Қазба жұмыстарын Е. Александров ірі төбелердің бірінде жүргізіп, жоғарғы қабатынан күйдірілген төртбұрышты және тіктөртбұрышты қыштар аршып, ал, онан төменде сылақ сынығын тапты, оның сыртында өрілген өрнек тәрізді ою бар. Сонымен қатар, П. Спиридонов Жанкент қаласын жыландар қиратқаны туралы Е. Александров жазып алған аңызын келтіреді (Спиридонов, 1898 а, с.57-62).


П. Спиридонов «Статьи о Джанкенте» атты мақаласында Жанкентті зерттеген В.В. Верещагин мен П.И. Лерх еңбектерін атап, 1870 жылы жарық көрген П.И. Лерхтың «Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г.» атты еңбегі 1870 жылға дейінгі Жанкент жайлы барлық деректерді қамтыған жинақ деп пайымдайды (Спиридонов, 1898 б, с.62-63). П. Спиридонов П.И. Лерхтың Жанкент жайлы жазған еңбегіне кеңірек тоқталды, - «Форт №1-ден (Қазалы) 22 верст төмен, Сырдарияның сол жағасында Жанқала атты хиуа бекінісі орналасқан, оның айналдыра ұзындығы 80 сажень, биіктігі 2 сажень. Бекініс құландысы жанынан арық (канал) бастау алып, оның арнасының ұзындығы 6-7 верст болады, қазіргі кезде тек 2-3 верстында суы бар. Жанқаладан 5 верст жерде, арық бойында аумағы 4 верст² келетін жерде көптеген төбелер орналасқан. Оның оңтүстік-шығыс жағында Жанкент деп аталатын жерде биіктігі 3-4 сажень келетін, жобасында қисық төртбұрышты жал бар. Оның шығысында пахсадан салынған қабырға іздері сақталған, ал солтүстік-батыс бұрышы кесектен салынған. Жалды айналдыра ені 2 сажень келетін ор қоршаған. Бекіністің ішкі жағында бірнеше төбелер орналасқан» (Спиридонов, 1898 б, с.63-64). Сонымен бірге, П. Спиридонов П.И. Лерхтің Жанкент қаласының орталық бөлігіндегі 2 төбеде және қалалық алаңның батыс жағындағы 2 төбеде жергілікті тұрғындар қазған төбелерін зерттеп, оның осы төбелерде жүргізген қазбаларына тоқталды. Қазба жүргізілген бірінші төбе қала қамалынан 550 сажень солтүстік-батыста орналасқан, П.И. Лерх онда құрылыс іргетасы мен сағана қабырғасының төменгі қабатын аршып, айналасында көптеген көк түсті шыңылтыр қаптама және т.б. плиткалары шашылып жатқанын атап өтті. Екінші төбе бірінші төбеден 50 сажень жерде орналасқан, онда ыдыс күйдіретін шеберхана орны ашылды. Қазба барысында биіктігі 1,5 аршын келетін, екі бір-біріне тақап салынған жобасында сегіз қырлы болып келген пеш қабырғалары мен күйдірілетін ыдыс қоятын «едені» және олардың астыңғы жағындағы от жағатын камералары ашылды (Спиридонов, 1898 б, с.65). П.И. Лерх пештер айналасында көптеген

ыдыс сынықтары шашылып жатқанын солардың ішінде бір құмыра сынығында сыртында өрнегі мен арабша жазуы барын атап өтті. Ал, үшінші төбеде қабырғаларында ойықтары бар бөлме ашылды (Спиридонов, 1898 б, с.62-66). Төртінші төбе үшінші төбеден 120 сажень жерде орналасқан. Қазба барысында құрылыс құландысы ашылып, онда қыштар арасында көптеген көгілдір, ақ түсті қаптамалар, олардың сыртында көк түсті араб жазуы бар. Ал, онан төмен іргетас деңгейінде шыңылтыр қаптамалар, карниздер, капительдер, жазуы бар плиткалар және т.б. табылып, П.И. Лерх төртбұрышты еден және оның төрт бұрышында төртбұрышты қыштан қаланған, биіктігі 8,5 фут болып келеген бағаналарды, оның солтүстік-шығыс бұрышында биіктігі 3 фут болатын қыштан қаланған қабарғаны ашып, осы жерде 50 жуық мыс және 2 күміс теңгелер тапты (Спиридонов, 1898 б, с.66-67). П.И. Лерх бұл теңгелер Алтынорда кезеңіне жатады, кейбіреулері VIII хиджра жылы (XV ғ.) Сарайда басылып шыққан деп жазды.


П.И. Лерх жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде және жазба деректерге сүйене отырып Жанкентті Янгикентпен баламалады (Спиридонов, 1898 б, с.67-68).

1897 жылы Жанкент қалашығында П.Спиридонов болып, оның сипаттамасын берді. П. Спиридонов Жанкент қалашығы Қазалыдан 25 верст оңтүстік, оңүтік-батыста орналасқан, жобасында төртбұрышты аумағы 40 000 сажень² деп жазып, Жанкент пен Жанқаланың кесінді жобасын сызды (Спиридонов, 1898 в, с.69).

П. Спиридонов егер Жанкент қалашығын тігінен шығыстан батысқа немесе солтүстіктен оңтүстікке қарай кессе, келесі көрініс шығады (2-сурет) деп, онда А-Б – Жанкент құландыларының жалпы аумағы, g-m, n-o – жал, оның биіктігі h – 4 саженьге жуық, k-m, l-n – пахсадан салынған қабырғалар, оның биіктігі 2 сажень. Ал, егер Сырдариядан бастап Жанқала мен Жанкентке дейінгі аралықты (ұзындығы 6 верст) тігінен кессе, келесі көрініс болады (3-сурет), онда А – Сырдария суының деңгейі, В-С – жер деңгейінің көлденең келетін сызығы, О – Жанкент құландылары, Q – Жанқала құландылары, R – шығыстан батысқа қарай ұзындығы 3-4 верст, ені 150 сажень келетін төбе кесіндісі, P – қолдан жасалған көл, M – Жанкентті айналдыра қоршаған жал және ор (Спиридонов, 1898 в, с.69-70).



Сурет 2 - Жанкент қалашығының тігінен кесілген кесік көрінісі (П. Спиридонов бойынша)



Сурет 3 - Сырдариядан Жанкент қалашығына дейінгі аралықтың тігінен кесілген кесік көрінісі (П. Спиридонов бойынша)

П. Спиридонов төбе (R) үстінде көптеген бір-бірінен 30-100 сажень ара қашықтықта орналасқан күйдірілген қыштардан салынған құрылыстар құландылары барын, оларды Мыңтөбе деп аталады деп жазып, бекініс ішінде шағын қазба жұмыстарын жүргізді (Спиридонов, 1898 в, с.71). Сонымен қатар, П. Спиридонов Сырдария бойында орналасқан Жанқала бекінісінде өзеннен бастау алатын арықты қорғауға арналған шағын әскер горнизоны болған және Жанқаладан 30 верст жерде орналасқан қарауытөбелерді бақылап отырған деп жобалайды (Спиридонов, 1898 в, с.72).

1900 жылдың 11 қыркүйек күні өткен үйірме отырысында А. Симонов өзінің Жетіасарға барған іссапары барысында жүргізген зерттеулер нәтижелерімен таныстырды.

1899 жылы А. Симонов Сырдарияның оң жағында, Жамандария мен Қараөзектің қосылған жерде орналасқан Жетіасар атауымен белгілі ескерткіштерде болып, олардың сипаттамасын берді.

Жетіасар тобындағы қалашықтар бір-бірінен 5 верст қашықтықта орналасқан. «Асар қалашықтыры» жобасында төртбұрышты, екідеңгейлі (екіярусты) болып келеді. Қалашықтардың аумағы 50-60 сажень, биіктігі 15 аршынға жуық. Оларды айналдыра кесектен қаланған қамалдары сақталған. Екі ярустың жоғарғы алаңында қабырғалар іздері бар, олардың аумағы 9x6 аршын. Барлық

жеті асардың батыс қабырғаларында қақпа орындары сақталған және олардың сыртында аумағы екі десятинаға жуық келетін кесектен қаланған сыртқы қамалдары болған. Сыртқы қамалдың қабырғаларының бір бөлігі мен бұрыштарындағы мұнаралары сақталған (Симонов, 1900, с.100).

А. Симонов Жетіасар қалашықтары айналасында көптеген ірі және шағын канал іздері сақталғанын және ірі каналдар шағын каналдарға қарағанда биік деңгейде орналасқанын атап өтіп, «асарлардың» бірінде арнайы су қоймасы барын сипаттап жазды (Симонов, 1900, с.100-101). Сонымен қатар, А. Симонов «асарлардың» бірінде шағын қазба жұмыстарын жүргізіп, оның барысында өңделген тас, бірнеше моншақ, күйдірілген заттар, тастан жасалынған жебе ұштары мен көптеген жануарлар сүйектерін тапты (Симонов, 1900 в, с.101). Сонымен қатар, А. Симонов Жетіасардан басқа, оның солтүстігінде Алтынасар, ал Кувандарияда – Үңгірліасар барын жазып және осы «асарлар» туралы аңыз келтірді (Симонов, 1900, с.96-99).

1898 жылы «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен хаттамалары» атты жинағында И.В. Аничковтің «О некоторых местностях Казалинского уезда, интересных в археологическом отношении» атты мақаласы жарық көрді. Онда И.В. Аничков Қазалы уезінде орналасқан мұнаралар жайлы және оларға қатысты аңыздарды келтіріп жазды (Аничков, 1898, с.51).


И.В. Аничков өзі көрмесе де аңызға сүйене отырып, Арал теңізіндегі аралда «Бегім мұнарасы» орналасқанын және бұл мұнара Жанкент патшасы Санжар мен оның халқы жыландардан өлгені жайлы аңызға қатысы бар деп жазды. Аңыз бойынша Санжар өз әйелін, әулие Қарабура қызы Бегім ананы жалған айыппен зынданға тастап, оның күнәсі жоқ екендігі анықталған соң Бегім ана құсқа айналып, қазіргі тұрған мұнараға ұшып кетіп, онда 30 жылға жуық өмір сүргені айтылады (Аничков, 1898, с.51-52).

Келесі мұнара Сараман-Қоса деп аталады, мұнара Жанкенттен 30 верст, Қазалыдан 60 верст жерде орналасқан, оның биіктігі 15 саженьге жуық (5-сурет). И.В. Аничков мұнараның қабырғасындағы ойық ілгеріде оған кіретін есік болған дейді. Мұнара іші кесектен қаланып, ал сырты күйдірілген қышпен қапталған. Қаптамасы тек үстіңгі бөлігінде сақталған. И.В. Аничковтің «О некоторых местностях Казалинского уезда, интересных в археологическом отношении» атты мақаласында келтірілген осы мұнара суретін қателесіп, «Бегім мұнарасы» деп жазылып кеткен. Негізінен суретте сипаттамасына қарай Сараман-Қоса мұнарасы тура келеді, сонымен бірге И.В.Аничков мақаласында Сараман-Қоса мұнарасын суретке түсіргенін де атап өтеді (Аничков, 1898, с.52). Сонымен бірге, И.В. Аничков осы мұнара жайлы келесі аңызды жазып алды: «Осыдан 20-25 жыл бұрын қарақалпақ Сараман Үргенч қаласында тұрған Қосу есімді ноғайдың қызын алып қашып, оның бауырлары екеуін құып, ұстап алып өлтірген. Екі ғашықты өлтірген жерде қарақалпақ батырлары Жоба мен Айдос осы мұнараны салған». И.В. Аничков негізінен бұл мұнара Сараманға арналып салынғанын, ал Қосуға онан жақын жерде құмда жеке ескерткіш салынғанын, бірақ оның бұзылып кеткенін атап өтті (Аничков, 1898, с.52-53). Сонымен қатар, И.В. Аничков Бекбаулы станциясының жанында, Ақкерек деп аталатын жерде «Адам ата» зираты және Қармақшы фортының жанында Қорқыт ата кесенесі барын атап, оларға байланысты аңыздарды келтірді (Аничков, 1898, с.54).


Сараман қоса мұнарасы Қазалы қаласынан 30 км оңтүстік-шығыста орналасқан. Ал, Бегім мұнара Қазалы қаласынан 10 км шығыста орналасқан. Мұнаралар кесектен қаланып, сырты күйдірілген қыштармен қапталған. Сараман қоса (6-сурет) мұнарасының биіктігі 30 м, ал Бегім мұнара (7-сурет) биіктігі 16 м.

Мұнара құрылыстарын С.Е. Әжіғали зерттеп, Арал-Каспий өңірінің шығысында, X-XI ғғ. оғыздар арасында мұнара типті құрылыстар салу кең етек алды: «Для них характерно ствольное решение нижнего объема (округлого либо многогранного в плане и полого внутри) с межэтажными купольно-сводчатыми перекрытиями и, обычно, пирамидальное или коническое решение внешнего купола», - деп жазады (Ажигали, 2002, с.223). С.Е. Әжіғали мұнара тәрізді «кесенелерді» екі күмбезді, шатыр-мұнаралық құрылыстарына жатқызып, оларды X-XI ғғ. мерзімдейді (Ажигали, 2002, с.261)..


Сараман қоса мұнара кесенесі қазіргі таңда РМҚМ «Қазқайтажаңғырту» тарапынан толық қайта қалпына келтірілген.



Сурет 5 - Сараман қоса мұнарасы (И.В. Аничков бойынша)



*Сурет 6 - Сараман қоса мұнарасы.
Қайта қалпына келтіру жұмыстарына дейінгі және кейінгі көрінісі*



Сурет 7 - Бегім мұнара кесенесі (М. Меңдіқұлов бойынша)

Қорыта келгенде, Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі Қазалы уезінде орналасқан археологиялық ескерткіштерінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, атқарған ізденістері жемісті болып, бірқатар ескерткіштердің сипаттамасын беріп, орналасқан жерін анықтап, есепке алып, оларды ғылыми айналымға енгізді. Үйірме мүшелері зерттеу жұмыстары барысында алынған заттай деректерді және қалашықтардың топографиясына толық сипаттама беріп, осы өңір ескерткіштері жайлы құнды деректер қалдырды.

Әдебиеттер

Ажигали С.Е. Архитектура кочевников - феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002. - 654 с.

Аничков И.В. О некоторых местностях Казалинского уезда, интересных в археологическом отношении // ПТКЛА, год III. –Ташкент: типо-литография тогового дома Ф. и Г. Бр. Каменских, 1898. -250 с. (приложение к протоколу от 12 января 1898 г.)

Диваев А.А. О могиле святого Хорхуть-ата // ПТКЛА, II. –Ташкент: типо-литография тогового дома Ф. и Г. Бр. Каменских, 1897.

Симонов А. Джиты-Асарь // ПТКЛА, V. –Ташкент: типо-литография тогового дома Ф. и Г. Бр. Каменских, 1900. -203 с. (приложение к протоколу от 11 сентября 1900).

Спиридонов П. Легенда о Джанкенте (Извлеч. из «Туркест. Вкдом.» 1885 г. №№45 и 46) // ПТКЛА, год III. – Ташкент: типо-литография тогового дома Ф. и Г. Бр. Каменских, 1898 а. -250 с. (приложение к протоколу от 12 января 1898 г.)

Спиридонов П. Статьи о Джанкенте // ПТКЛА, год III. –Ташкент: типо-литография тогового дома Ф. и Г. Бр. Каменских, 1898 б. -250 с. (приложение к протоколу от 12 января 1898 г.)

Спиридонов П. Поездка на развалины Джанкента (Извлеч. из «Туркест. Вкдом.» 1885 г. №45 и 46) // ПТКЛА, год III. –Ташкент: типо-литография тогового дома Ф. и Г. Бр. Каменских, 1898 в. -250 с. (приложение к протоколу от 12 января 1898 г.)

М.М. Bakhtybayev

THE RESEARCH OF ARCHAEOLOGICAL MONUMENTS OF KAZALY

Kazalinsk district is located in the Northern, North-Western part of the Syrdarya region; nowadays it covers the territory of the Aral, Kazaly, Karmakshy districts of Kyzylorda region. Kazalinsk district is one of the richest archaeological monuments of the region. The people, who inhabited this land for thousands of years, left their characteristic features in Zhanaderia, Inkardarya and Kuvandarya. The article deals with the research works in the archaeological monuments of Turkestan section of archeology amateurs, located in the Kazalinsk district and the results of research by members of the circle A. A. Divaev, I. V. Anichkov, P. Spiridonov, A. Simonov.

ВАЖНЫЕ ОСОБЕННОСТИ МОНЕТНОГО ДЕЛА И ДЕНЕЖНОГО ОБРАЩЕНИЯ ПАРАБА В ПРАВЛЕНИЕ ЧАГАТАИДСКОГО ХАНА ТАРМАШИРИНА

Yesevi Türbesi'ndeki mekanlar. Fotoğraf internet ortamından alınmıştır.

Tör, “evin veya odanın en iyi, en önemli yeri, sediri” (Besim Atalay, 1948: 645) veya “evin ya da çadırın “onurlu yeridir” (Ümit Hassan, 1985: 160). Genel Türk tarihi çalışmalarıyla bilinen Ögel’de “Harezmî-Şah’lar çağında bile hala ‘Ev – törü’, yani ‘ev şeref yeri’ deyimi geçiyordu” (Bahaeddin Ögel, 1971: 141) ifadesini kullanır. Buradaki ifadelerden de anlaşıldığı gibi “tör” evin şerif yeridir.



Yesevi Türbesi'nin planı. Fotoğraf internet ortamından alınmıştır.

Bu nedenle misafirin “tör”de oturması istenir Mesela Kazakistan’da beş yaşında misafir gelse “tör”de oturur veya “tör”de oturma deyimi Doğu Türkistan’da ise misafir geldiğinde “tör”e geçiniz (Mustafa Aksoy, 1999; M. Adil Özder, 1975) deyimi kullanılır. Bilindiği gibi Kazakça ve Kırgızca’da “tör” evin başköşe anlamında kullanılır. Aslında bu kelimenin tam karşılığı keçe çadırın, kapısının tam karşısıdır.




Türklerdeki yurt (boz üy veya topak çadır) tipi evin planı. Fotoğraf internet ortamından alınmıştır.

Ögel “tör” ile “orun” kavramı arasında bir ilişkinin olduğunu şöyle açıklar “Orun” sözü eski Türkçede, devlet içinde veya törenlerde, herkesin olacağı ve oturacağı yeri belirten, önemli bir deyimdir. “Orun” aynı zamanda, bir ‘şeref yeri veya mevki’ anlamına geliyordu. Bu sebeple Uygurlar, ‘taht’ için artık ‘orunlug’, yani ‘Orunlu yer’ deyimini kullanmaya başlamışlardı... Daha sonra Türkler arasında, taht karşılığı olarak ‘tör’ deyimini de yayılmağa başladı. ‘Tör’ aslında evde veya çadırlarda bulunan, ‘şeref yeri’ için kullanılan bir sözdü” (Bahaeddin Ögel, 1971: 140-141). Bazı araştırmalarda ise “tör” ile “töre” arasında ilişki kurulmuştur. Mesela Kaşgarlı’da “töre” kavramı aynı zamanda “evin önemli yeri ve sediri” (Besim Atalay, 1948: 646) anlamında kullanılmıştır. Hassan ise “tör” ile ‘töre’nin aynı köke dayandığına şüphe yoktur” (Ümit Hassan, 1985: 145) der.



Yesevi Türbesi’nde Türklerde çok yaygın kullanılan koç başı damgası. M. Aksoy’un özel arşivinden.



Yesevi Türbesi'ndeki bazı damglar. M. Aksoy'un özel arşivinden.

Tör ve yurt kavramı bağlamında Yesevi Türbesi'ne baktığımızda türbesinin yurt geleneğine göre yapıldığını görüyoruz. Bu nedenle türbe giriş (eşik), ana meydan (Yurt içinde ateş yakılan yer, türbede ise burada şerbet kazanı var) ve tör'den meydan gelmiştir. Meydandan töre doğru az ileride, sol tarafta, küçük bir mescit var. Yesevi'nin mezarı ise yurt'da yani boz üy'de "tör" denilen yerdedir.

Türbenin diğer yerleri adeta yurt'un bir bakıma farklı düzenlenmiş halini andırıyor. Mesela yurt içindeki sandıkların ve erkek, kadın eşyalarının tanzim edildiği yerler, türbede odalar olarak karşımıza çıkmaktadır. Bu odalar aslında birer çalışma yerleridir.

Özetle "Yesevi Türbesi", Türklerdeki yurt ile ev-bark (ev-bark kavramının mezarı anlamı da var) kavramına göre yapılmış olmasından dolayı dünyada eşi benzeri yoktur. Böyle muhteşem bir eseri bize miras bırak, Emir Timur ile türbenin planını yapanlara ve emeği geçenlere ne kadar teşekkür etsek azdır.

Son Söz. Maddi kültürde belli bir biçim kazanan gelenek, bir zihniyetin yazılı olmayan soyut ifadesidir. Diğer yandan çeşitli şekillerde ifadesini bulan gelenek, dün ile bugün arasında tarihî ilişkiler kuran belgelerdir. Gelenek çerçevesinde oluşan bu unsurlar vasıtasıyla tarihin derinliğine gidilebilirse onların ortaya çıkış gerekçeleri ve kaynakları hakkında sağlıklı bilgiler elde edilebilir. Başka tabirle "Milletlerin hayatında, tarih sahnesinde görülmelerinden bu yana, varlıklarını, bütünlüklerini ve farklılıklarını koruyan, ihtiyaçlarını her anlamda karşılayan düzenler görülür. Süreklilik vasfına sahip bu düzenlerin her birine biz, gelenek adı veriyoruz" (Dursun Yıldırım, 1998: 81).

Gelenekler ise genelde yazılı bir kültüre sahip olmayanlar tarafından meydana getirilir ve devam ettirililer. Başka bir tabirle sosyo-kültürel yapı, genelde sosyal grupların tekrarlaya geldikleri gelenekler yoluyla meydana gelir. Bundan dolayı "...milletlere dünya mozağindeki milli kimliklerini veren, onların sahip oldukları geleneklerdir" (Dursun Yıldırım, 1998: 83).

Dolayısıyla gelenekler sosyal tarihin yazımında önemli fonksiyonlara sahiptirler.

Gelenek ve onun önemli temsilcileri olan maddi kültür unsurlarının incelenmesi, tarihin eski sayfalarının yeni yorumlarla okunması veya tekrar tekrar dile getirilmesidir; ancak, bu tekrarlar her zaman aynı olmayıp, bazen sosyo-kültürel değişimin gereği olarak farklı biçimlerde olabilmektedir.

*Sevmiyorlar bilginler, sizin Türkçe dilini,
Bilgelerden dinlesen, açar gönül ilini,
Ayat - hadis anlamı Türkçe olsa duyarlar,
Anlamına erenler, başı eğip uyarlar,
Miskin zayıf Hoca Ahmet, yedi atana rahmet
Fars dilini bilir de, sevip söyler Türkçeyi*

Yesevi'nin yukarıdaki ifadesini etnografya ve maddi kültür eserlerimiz için uyarlamamız gerekiyor. Bu gerekliliği yerine getirdiğimizde Batı kültür değerlerini bilmemiz, ancak kendi kültürümüzü sevmemiz ve onu dile getirmemiz gerekiyor.

Dipnotlar

- Besim Atalay, *Divanı Lügat-it Türk*, Ankara, 1948.
Ümit Hassan, *Eski Türk Toplumunu Üzerine İncelemeler*, Ankara, 1985.
Bahaeddin Ögel, *Türk Kültürünün Gelişme Çağları*, Cilt 1, İstanbul, 1971.
Mustafa Aksoy, “Kazakistan'dan Adana'ya Tör Kavramı”, *Türk Dünyası Tarih Kültür Dergisi*, Sayı 150, 1999.
M. Adil Özder, “Düğünlerimizin Ortak Yönlerine Kısa Bir Bakış”, *Folklor Araştırmaları Kurumu Yıllığı*, Ankara, 1975.
Dursun Yıldırım, *Türk Bitiği*, Ankara, 1998.

С.Е. Әжіғали, Б.Ә. Әшім

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: ashim.baglan@gmail.com

XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ МЕШІТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: 2019 ЖЫЛҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІНЕН

Кіріспе. Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен 2019 ж. «Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясы» (жетекшісі профессор С.Е. Әжіғали) ұйымдастырылды. Экспедицияның басты мақсаты Ақтөбе облысының аудан-ауыл төңіректерінде және шалғай аудандарда орналасқан, көнеден жеткен халық сәулетшілігі мен тас қашау өнерінің жоғарғы жетістіктерінің сан алуан архитектуралық ескерткіштерін зерттеуге арналды. Кешенді экспедицияның маршруты Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінен басталып, облыстың Алға, Темір, Қобда, Ойыл, Байғанин аудандарында жүрді. Байғанин ауданына қарасты «Доңызтау ауданы» экспедицияның басты зерттеу өңірі болып табылды. Доңызтау ауданына дейін (Тасқабак кешені) кешенді этноархеологиялық экспедицияның жұмысы негізінен екі отрядқа бөлінді. Бірінші отряд – этнографиялық, музейлік-археотногографиялық ізденістерге басымдық берілсе, екіншісі, негізгі отряд – этноархеологиялық зерттеуге арналды. Авторлар осы екінші отряд – этноархеологиялық зерттеу маршруты бойынша жүрді (Алға, Қобда, Ойыл аудандарында жолай жүріп, Байғанин ауданы кең көлемде қамтылды).

Мақалада авторлардың экспедиция кезінде жинаған мешіттерге қатысты материалдары қарастырылады. Онда Шәкен ишан мешіті, Әбдібұлақ ауылының зиратындағы мешіт, Тасқабак кешеніндегі Жұмағали-ишан мешіті, Бесбай және жаңадан ашылған ескерткіш Изенағаш діни-тұрғын кешендерінің мешіттері сипатталады.

Өңірдегі мешіттердің зерттелуі. Ақтөбе облысының мешіттері, әсіресе Байғанин ауданына қарасты Доңызтау өңірінің өзіндік ерекше діни-тұрғын кешендеріндегі мешіттері жайлы алғашқы зерттеулер С.Е. Әжіғалидің еңбектерінде сипатталған (Аджигалиев, 1994; Ажигали, 2001, с. 164, 181–183; Ажигали, 2002, с. 98–128; Әжіғали, 2015). Онда XIX ғ. ортасы – XX ғ. басына жататын мешіттердің жоспары мен сипаттамалары берілген. Оның ішінде Бесбай мешіті де суреттелген (Ажигали, 2002, с. 106–114). Сонымен қатар, Л.Р. Турганбаеваның зерттеулерінде Доңызтаудағы кейбір діни-тұрғын кешендерінің мешіттері және оның медреселері жөнінде далалық материалдармен толыққан (Турганбаева, 2011; Турганбаева, 2012). Соңғы жылдары этнографтар Р.А. Бекназаров, Қ.Қ. Рахбаевтар Ақтөбе облысы мешіттерінің тарихы, архитектуралық ерекшеліктері және дін қайраткерлері жайлы далалық экспедиция және архив материалдары бойынша зерттеу жүргізіп келеді (Бекназаров, 2007; Бекназаров, 2018; Рахбаев, 2020).

Зерттеу нәтижелері. Экспедицияның алғашқы далалық зерттеу жұмысы *Шәкен-ишан мешітінен* басталды. Мешіт Қарақобда өзенінің бойында, қазіргі Алға ауданы Маржанбұлақ ауылдық округінен 15 км оңтүстікте (бұрынғы Сарытоғай ауылында), Самара-Шымкент тас жолының бойында орналасқан. Шәкен ишанның толық аты-жөні Шаймерден Әбжанұлы – өз заманында ишан атанған, халықты діни білімге шақырып, шәкірт тәрбиелеген және XX ғ. басында Сарытоғай өңірінің халқына арнап мешіт салдыртқан (қазіргі Шәкен ишан мешітін).

Кеңес дәуірінде түрлі дінге қарсы науқандар барысында көптеген мешіттер қиратылғаны белгілі. Олардың арасында толықтай бұзылып кеткені де, бірқатар мешіттердің сақталғаны да жетерлік. Соның бірі, ғылыми және танымдық әдебиеттерде «Шәкен ишан мешіті» деп танылған Шаймерден Әбжанұлының салдыртқан мешіті бүгінгі күні біршама жақсы сақталған тарихи мешіттердің бірі болып табылады. Дегенмен, С.Е. Әжіғалидің «Архитектура кочевников..» еңбегінде бұл мешіттің қазіргі жағдайдан да, әлде қайда жақсы сақталған суретін көруге болады (Ажигали, 2012, с. 179).

Мешіт жазық жерде орналасқан, жол бойынан анық көрінеді. Оның жан-жағындағы сыртқы қоршауына сым тор және оның сыртынан ақ түсті қаңылтыр (профнастила) пайдаланылған. Қоршаудың кейбір жерлерінің ақ түсті қаңылтырлары (профнастила) құлап жатыр (мешіттің солтүстік, солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жақтары). Мешіт татар типіне ұқсатып салынған. Оның сыртқы келбеті бір қабатты, жоспары оңтүстік, оңтүстік-батыстын солтүстік, солтүстік-шығыс бағытта өс бойымен созыла төртбұрышты (8,3x24 м) болып келген (сурет 1). Солтүстік, солтүстік-шығыс жағында биік мұнарасы тұрғызылған (еденнен есептегенде биіктігі 11 м. жуық.). Бүгінгі күні сақталған қабырғаларының биіктігі 4,5 м. Мешіттің төбе жабыны сақталмаған. Құрылысына негізінен тас (блок секілді) пайдаланылған. Тастардың көлемі әр түрлі (40x25x17; 32x32x15; 49x23x8 см). Алайда, мешіттің кейбір жерлері кірпішпен де қаланған (мұнараның цилиндрлі болып келген жоғарғы бөлігі кірпішпен өрілген).

Мешіт татар типіне ұқсатып салынғандықтан, оның ішкі бөлмелері де ұқсас болуы заңдылық. Мәселен, татар мешіттерінің дерлігі (екі қабатты етіп салынған мешіттерін атамағанда) намаз оқитын бөлме және шаруашылық-қызметтік (вестибюль) болып екі бөліктен тұрады (Халитов, 2012, с. 100). Осы секілді Шәкен ишан мешітінің ішкі бөлмелері екіге бөлінген. Біріншісі намаз оқитын бөлмесі, екіншісі шаруашылық-қызмет бөлігі.

Намаз оқитын бөлменің оңтүстік-батыс қабырғасында михрабы орналасқан. Михраб жарты шеңберлі етіп апсида болып салынған (ішінен есептегенде ені 1,4 м, тереңдігі 1,7 м). Өкінішке орай, бүгінгі күні михрабтың батысы және бөлменің оңтүстік-батыс бұрышының қабырғасы, сондай-ақ, екі терезесі толықтай қираған. Бөлменің іші жарық болуы үшін енді әрі биік он терезесі болған. Алайда, бүгінде оның сегіз терезесі сақталған. Терезелердің жоспары төртбұрышты болып келіп, маңдайшасының кірпіші қырынан қаланған. Бөлменің іші сылақпен сыланып ақ түсте боялған-ды. Бірақ, кейбір жерлерін айтпағанда, қабырғаның басым бөлігінің сылақтары толықтай түсіп жатыр. Намаз оқитын бөлменің қақ ортасында сақталған іргетастың іздері ерекше назар аудартады. Ол бөлмені екіге бөліп тұрғандай. Соған қарағанда, бөлменің босаға жағы әйелдерге арналған бөлме болуы мүмкін (?). Өйткені, татар типіне тән Қазақстанның басқа да аймақтардағы мешіттердің ішкі бөлмелерін С. Садыкова «әуелі қызметтік бөлме, сосын әйелдерге арналған шағын бөлме және ары қарай ерлердің бөлмесіне ұласады» деп сипаттайды (Садыкова, 2003, с. 42).

Намаз оқитын бөлменің солтүстік-шығыс қабырғасының ортасында орналасқан енді (1,5 м) әрі биік (2,5 м) есік арқылы төртбұрышты жоспарда шаруашылық-қызмет бөлмемен жалғасады. Бөлменің батысында және шығысында сыртқа шығатын есік орналасқан. Сондай-ақ, солтүстік-шығыс қабырғасында салынған екі терезенің ортасында квадрат жоспарда шағын бөлме орын тепкен. Бөлменің оңтүстік-батыс қабырғасы ішке қарай, солтүстік-шығыс қабырғасы сыртқа қарай (2,2 м) шығып орналасқан. Төбесі биік мұнарамен жалғасқан. Яғни, бұл шағын бөлме мұнараға арналған болып табылады. Оның солтүстік-шығысында терезе болса, қарсы бетінде есігі салынған. Бөлменің төбесінде тұрғызылған мұнара әуелі, сегіз қырлы барабан арқылы жалғасып, цилиндр түрінде биік болып көтерілген. Сегіз қырлы барабанның құрылысына құйма тас пайдаланылған (цементпен құмды араластырып құйып жасалған). Оның әрбір қанатында ромб және сегіз қырлы ойықшалары (ниша) бар. Ал, цилиндрлі етіп салынған бөліктің құрылысы кірпіштен шебер қаланған. Бір-біріне қарама-қарсы етіп терезе тәрізді квадрат жоспарында шағын төрт ойық салынған. Оның жоғарғы жағында мұнараны айналдыра толқын сарындағы ернеуі архитектуралық шешімін тапқан. Ернеудегі кірпіштердің аралас түсті (комбинация) екенін байқауға болады (қызыл және сұр түсті).

Мешіттің оңтүстік-батыс, батыс жағындағы 80 м қашықтықта қазіргі заманғы зират орналасқан. Зират пен мешіттің арасында солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай жол жатыр. Зираттың жан-жағынан жағалай аса биік емес етіп бөгет жасалынып, ор қазылған. Зиратты негізінен екі бөлікке бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, басым бөлігі 50 жж. бастап қазіргі күнге дейінгі бейіттер. Олардың құрылысы ақ силикатпен тұрғызылған. Зиратта жерленген рулар табынның ебес бөлімі және қаракесек т.б. болып табылады. Ал екіншісі, зираттың солтүстік-шығыс жағында XIX ғ. аяғы – XX ғ. басына жататын ертедегі қазақтың бейіттері шоғырланған. Олардың арасында тек 4–5 ғана құлпытастар бүгінгі күнге дейін біршама сақталған.

Қобда ауданы Әбдібұлақ ауылының оңтүстік-батысында 200 м-ге жуық қашықтықта **Әбдібұлақ ауылының зиратында мешіт** орналасқан. Нақтырақ айтқанда, мешіт Әбдібұлақ ауылындағы зираттың батыс жағында орын тепкен. Мешіттің орны бүгінде төбе күйінде қалған, жоспарына қарағанда төртбұрышты (11x16,5 м). Биіктігі 60 см-ге дейін шығыс қабырғасының кейбір жерлері сақталған. Осы ауылдың тұрғыны Әбдіғали Маңғыбаевтың (руы адай, 1963 ж.т.) берген мәліметі бойынша «мұнда бұрын мешіт болған, кейін осы мешітте руы құттығай Айбас деген кісі жерленген». Мешіттің оңтүстік-батыс жағында белгі тас орнатылған. Әрине, бұл белгі тас кейін қойылған. Онда: «Ақ кете құттығай Айбас қажы, хазрет, ишан Манаспайұлы. Тас қоюшылар баласы Абдул-Таким. Немерелері Зинел-Ғабит, Нұрлыбек» деп жазылған.

Мешіттің аумағында орналасқан зират батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Зират екі бөліктен тұрады. Біріншісі, көне зираттар, оның басым бөлігі зираттың жалпы жоспарымен есептегенде ортасында шоғырланған. Ондағы сақталған құлпытастарға қарағанда XIX ғ. аяғы – XX ғ. басына жатады. Кейбір құлпытастар жерде сынып және құлап жатқанын қоса есептегенде, олардың бүгінгі күнге дейін сақталған саны он. Ою-өрнектері жақсы бедерленген биік құлпытастары да бар. Сынып құлап жатқан бір құлпытастың (қазық бойынша № 3) артыңғы бетінде қарудың (мылтық және пышақ немесе қанжардың) суреттері бедерленген. Екіншісі, ақ силикаттан тұрғызылған қазіргі заманғы зираттар. Бұл бөлік жалпы зираттың басым бөлігін құрайды. Олар өткен ғасырдың 60 жж. бастап 2012 жж. дейінгі аралықтағы уақытты қамтиды. Олардың дерлігі төртқұлақты болып келген. Арасында күмбезбен көмкерілген мавзолейлерде кездеседі. Мұндағы құлпытастарда қайтыс болған кісінің/марқұмның суретін салу кең етек алған. Әсіресе, соңғы 10-15 жылдар ішінде кейбір құлпытастарға марқұмның бейнесін үлкейтіп салу көп кездеседі. Сондай-ақ, құлпытастарға айна қою дәстүрі де әлі күнге дейін жалғасып келген-ді. Мәселен, мұндағы құлпытастардан, күмбезді мавзолейлерден айнаны көруге болады. Олар төртбұрышты түрінде, кейбірі көп қырлы болып орнатылған.

Тасқабак кешеніндегі Жұмағали-ишан мешіті. Байғанин ауданына қарасты (Доңызтау өңірі) Шаған өзенінің төменгі ағысында, қазіргі Тассай бекетінен солтүстік-батысқа қарай 51 км қашықтықта орналасқан. 90 жж. басында кешенді зерттеген С.Е. Әжіғали мұны *діни-тұрғын кешені* ретінде қарастырып, ондағы қираған мешітті, тұрғын жайларды және қорымды қысқаша сипаттаған (Аджигалиев, 1994, с. 61).

Айта кету керек, діни-тұрғын кешендер негізінен Доңызтау өңірінде кеңінен таралған. Кешен «мешіт, медресе, тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстар, рулық зираттар/қорымдар, бұлақтар немесе құдықтардан (оның астауларымен)» тұратын ескерткіштер тобы. «Діни-тұрғын кешені» (культуово-жилищные комплексы) терминін С.Е. Әжіғали ғылыми айналымға енгізген. Ол Доңызтау ауданында 20-ға жуық діни-тұрғын кешендерін тауып, оның біршамасында зерттеу жүргізген (Аджигалиев, 1994; Ажигали, 2002, с. 98–128; Әжіғали, 2015, 6–17 бб.). Мұндай кешендер XIX ғ. ортасында салына бастаған. Кешендердің салынуына қазақ даласындағы көшпелілердің жартылай-отырықшылыққа, отырықшылыққа ауысуының әсері және ислам дінінің қарқынды жүрген идеологиясы маңызды рөл атқарған. Доңызтаудың діни-тұрғын кешендері көшпелі қазақтардың көш жолдарының бойында күзеу өрісінде салынды. Кешендерде ишан, молда, медресенің оқушылары және жатақтар өмір сүрді. Қой-ешкінің күйігін алу, күзем жүнін қырку, соғым сою, қыстау-қораларды жөндеу, тұрмыстық заттарды дайындау және отын әзірлеу секілді қыруар жұмыстар осында атқарылды. Сонымен қатар, ишан-молдалар көшпелілердің балдарын оқытып, сауатын ашты; қайтыс болған кісілер осында жерленіп, рулық зираттар-қорымдар көбейді; ірі ас беру жиі өткізілді және басқа да түрлі қызметтер мешіт кешенінің негізгі атқаратын жұмыстарына айналды. Өз кезегінде көшпелілер де мешіт кешендерін қыста жағатын отындарын жеткізіп беріп тұрды; жатақтар астықпен қамтамасыз етіп отырды. Осылайша, діни-тұрғын кешендер XIX ғ. – XX ғ. басындағы көшпелілердің қоныстық жүйесінде, мәдениетте, шаруашылықта маңызды рөл атқарған (Ажигали, 2002, Т.5, с. 171).

Доңызтау ауданының жер бедерлері күрделі болуына байланысты, мұнда орналасқан діни-тұрғын кешендердің басым бөлігі бірнеше топтарға бөлініп, бірі кең алқапты сайда, бірі жыраларда, бірі жонның бөктерінде шоғырланып кең аумақты алып жатады. Мәселен, бір тобы мешіт, медресе және тұрғын үйлерден, екінші тобы бейіттер немесе қорымдардан, үшінші тобы шаруашылық құрылыстардан (мал қоралар және т.б.), төртінші тобы бұлақтар мен құдықтардан тұрады. Алайда, Тасқабак діни-тұрғын кешені жазық алаңда орналасуымен ерекшеленген, оның аумағы оңтүстік, оңтүстік-шығыстан, солтүстік, солтүстік-батысқа қарай 800 м қамтиды. Онда мешіттің қирандысы, қорым, тұрғын үй жайлары, бұлақ және түнек үй (белгілі қорымдарда/зираттарда зиярат етушілерге арнап салынған қарапайым қонақ үй. Мұны бұл өңірдің халқы «түнек үй», кейде «шырақшы үй» деп

те атайды) орналасқан. Сонымен қатар, мұнда 1930–40 жж. және 70 жж. біршама сақталған соңғы ауылдың қалдықтарын да көруге болады.

Мешіт кешеннің солтүстік, солтүстік-батысында, түнек үйден солтүстік-шығысқа қарай 350 м қашықтықта орын тепкен. Мешітті халық арасында «Жұмағали-ишан ұстаған мешіт» деп атайды. С.Е. Әжіғали мешіттің салынуын Жұмағали-ишанмен байланыстырады және оның жоғарғы білімді азамат екенін, XX ғ. басында ІІ Мемлекеттік Думада қазақтың рухани мәселелері жайлы сөз сөйлегені туралы жергілікті информаторлардан алған қысқаша мәліметтер келтірген (Аджигалиев, 1994, с. 61). Мұны қазіргі күні қираған мешіттің жанында орналасқан Жұмағали бейітінің басындағы белгі таста жазылған өмірі жайлы мәліметтер толықтыра түседі. Онда (сөзбе-сөз беріп отырмыз): «Жұмағали-ишан атамыз XIX ғ. 60 жж. Ақтөбе облысы Доңызтау өңірінде дүниеге келген. Атасы ғұлама әрі би Табын руына төрелік еткен Ербатыр ишанның ұрпағы. Өліп және Өліпжадты тілі шыға үйренген болашақ ахунды әкесі Мысыр еліне «Ал-Асқария» медресесіне оқуға жібереді. Медресені үздік бітірген атамызға медресе сый-құрмет ретінде «Алтын жіппен» зерделенген тақия мен шапан сыйлайды. Бұл шапан бүгінгі күнге дейін ұрпақтарында сақталған. 1874 ж. атақты Досжан-ишан Меккеге қажылық сапармен барғанда, оқуын аяқтағалы жатқан жас Жұмағали атамызды кездестіреді. Алғырда зере бала араб, парсы, түрік, орыс және француз тілдерін білетін болған. Досжан ата шарт жасасқан медресемен келісіп, Жұмағали атамызды елге алып келеді. Өзі салдырған мешітте ишан етіп дайындап бала оқытады. Жас бала Досжан хазіреттің көңілінен шығады, сөйтіп қызы Үммагүлсімді беріп, оны күйеу бала қылады. Жұмағали атамыз жайлы Доңызтаудағы өзінің туыстары Ажым Қаражон руының азаматтары естиді. Ербатыр ишан немересі Оразалы ишан баласы Мысырда жеті жұрттың тілін меңгерген екен деп хабар тарайды. Ажым Қаражондар бас көтерер игі тартар азаматтар жиналып алдына Өгәлі қажыны салып, Досжан хазіреттен атамызды сұрап барады. Мақсаттары Жұмағали атамызды өз еліне апарып мешітке ишан қылу болатын. Досжан хазірет келісіп, батасын беріп, қызы Үммагүлсіммен шығарып салады. Сондай-ақ, атамыз Санкт-Петербургке бірнеше рет барып Мемлекеттік Думаға қатысып, онда ұлт мәселесін, халықтың мәдени сауатын арттыру жайында мәселелер қозғаған. 1905 ж. Мемлекеттік Думадан қайтар жолда айықпас дертке шалдығады» деп жазылған. Бұл белгі тасты Айту ұрпақтары 2017 ж. орнатқан.

Қазіргі күні мешіт қатты қираған. Сақталған қабырғаларына қарағанда жоспары төртбұрышты (8,2x9,2 м), екі бөлмеден тұрады (сурет 2). Құрылысы кесектен тұрғызылған. Сақталған кесектеріне қарағанда төртбұрышты, бірақ көлемдері әртүрлі болып келген. Өлшеуге мүмкіндік болған кесектердің көлемі 42x20x14 см; 40x23x8 см. Мешіттің қабырғалары толықтай құлап, топырақ үйіндісі түрінде қалу қаупі басым. Тек мешіттің оңтүстік-батыс, батыс, шығыс және солтүстік-шығыс қабырғаларының кейбір жерлері біршама сақталған. Мысалы, жақсы сақталды деген мешіттің шығыс, солтүстік-шығыс қабырғасының ұзындығы 3,80 м, биіктігі 2 м, қалыңдығы 0,75 м ғана. Мешіттің ішін екі бөлмеге бөліп тұрған ортадағы қабырға толықтай құлаған. Онда арканың құрылысы байқалады. Оның маңдайшасының кесектері қырынан қаланған. Мүмкіндігінше сақталған кесектерінің көлемін өлшегенде 40x23x8 см болды. Сондай-ақ, ғимараттың солтүстік қабырғасында терезенің ойығы (тәрізді) орналасқан. Оның жоспары төртбұрышты болып, жоғарғы бөлігі арка етіп салынған. Арка садақша (сегментті) типіне тән, маңдайшасының кесектері қырынан қаланған. Сонымен қатар, арка тәрізді салынған ойықшалар мешіттің шығыс, солтүстік-шығыс және оңтүстік, оңтүстік-батыс қабырғаларында кездеседі.

Мешіттің батыс қабырғасында моланың орны жатыр. Мола қарапайым тастардан төртбұрышты етіп салынған. Жан-жағы темір шарбақпен қоршалған. Басындағы құлпытасында арабша (дұға), содан кейін, «Жұмағали ишан» деп жазылған. Жұмағали ишан бейітінің батыс жағында 80 жж. жерленген екі мола орналасқан.

Изенағаш діни-тұрғын кешеніндегі мешіт. Кешен Доңызтаудың Құрсай қорымынан солтүстік-батысқа қарай 7 км қашықтықта орналасқан (қазіргі Байғанин ауданына қарасты Тассай бекетінен оңтүстік-батысқа қарай 60 км). Кешен мешіттің қирандысы, белгісіз құрылыстың қалдықтары, ескі қорым және құдықтардан тұрады. Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созыла 400 м жуық аумақты алып жатыр. Кешеннің ескерткіштерінің басым бөлігі жазық алаңда орын тепкен. Бірақ, мешіттің тұрған жерінен есептегенде, солтүстік және солтүстік-батысқа қарай 50–60 м қашықтықтан кейін тік құламалы терең әрі кең сайға ұласады. Осы сайдың бөктерінде кешеннің құдықтары және оның астаулары жатыр. Мешіттің оңтүстік-шығысында 120 м қашықтықтан кейін XIX ғ. соңы – XX ғ. басына жататын кешеннің қорымы орналасқан. Қорым солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созыла 115 м аумақты алып жатыр.

Мешіт кешеннің жазық бөлігінде орналасқан. Мешіттің жоспары төртбұрышты (14,6x11,5 м), сақталған қабырғаларына қарағанда төрт бөлмеге бөлінген (сурет 3). Атап айтқанда, намаз оқитын

бөлме, ауыз үй және тағы екі бөлмеден тұрады. Қабырғасы қарапайым тастардан тұрғызылған. Тастардың араларын балшықпен байланыстырып, шебер әрі берік етіп қаланған. Барлық қабырғалары біршама жақсы сақталған. Ең биік сақталған қабырғасы 3 м (мешіттің оңтүстік және оңтүстік-шығыс қабырғасы). Ал қалыңдығы 1 м дейін жетеді. Алайда, мешіттің төбе жабыны бүгінде сақталмаған.

Намаз оқитын бөлменің оңтүстік қабырғасында конха формасында михрабы (ені 96 см, биіктігі 142 см) орналасқан. Оның іргетасы жарты шеңберлі етіп салынған (тереңдігі 50 см). Михрабтың екі қапталында екі терезе және шығыс қабырғада тағы екі терезе орын тепкен. Терезелердің жоспары қарапайым төртбұрышты, алайда жоғарғы бөліктері қираған. Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышында жоспары төртбұрышты болып келген (4,1x2,1 м), солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла орналасқан іргетастың қалдықтары сақталған (қалыңдығы 60 см). Сақталған іргетасқа қарағанда намаз оқитын бөлмеде тағы бір бөлме болғандығын білдіреді (мүмкін, әйелдерге арналған шағын бөлме? немесе дәрісхана?). Намаз оқитын бөлменің батысында, солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла орналасқан (14,6x3,8 м) тағы бір бөлмемен жалғасады. Бір қызығы, бұл бөлме кейіннен қосылғаны байқалды. Оның оңтүстік және солтүстік қабырғасында терезелері салынған. Ал батыс қабырғасының орта тұсында сыртқа шығатын есік орналасқан. Сонымен қатар, намаз оқитын бөлменің солтүстік жағында мешіттің ауыз үйі болса, оның шығыс қабырғасына көршілес тағы шағын бөлме салынған. Бөлменің ішіндегі сылақтары біршама сақталған. Шығыс қабырғасында сыртқа шығатын есік орны бар.

Мешіттің солтүстігінде 35–40 м қашықтықта төрт не бес бөлмеден тұратын белгісіз құрылыстың іздері сақталған. Өкінішке орай, бұл құрылыстың қандай функция атқарғандығын нақты айту қиын. Алайда, мешіттің жанында медресе, хужра, тұрғын үй және басқа да жайлардың орналасуы бұл өңірдегі басқа да кешендерге тән жағдай (Ажигали, 2002, с. 98–128; Турганбаева, 2011; Турганбаева, 2012).

Сонымен, Тасқабак кешеніне қарағанда Изенағаш кешенінде тұрғын үй жайлар жоқтың қасы. Тек мешіттің солтүстігінде 35–40 м қашықтықта төрт не бес бөлмеден тұратын белгісіз құрылыстың іздері ғана сақталғанын жоғарыда атап өттік. Соған қарағанда, кешенде тұратын адамдардың саны көп болмағанға ұқсайды, мүмкін имам және оның шәкірттері ғана өмір сүрді деп жорамалдауға болады. Дегенмен, мұнда орналасқан ескі рулық қорымның біршама үлкен болуына қарағанда, ас беру, мәйітті жерлеу секілді рәсімдер осы кешенде атқарылған болуы керек-ті.

Бесбай діни-тұрғын кешеніндегі мешіт. Кешен Доңызтау ауданындағы Тұщшы-айрық құдығынан солтүстік-батысқа қарай 13,8 км қашықтықта орналасқан (қазіргі Байғанин ауданы Дияр ауылынан оңтүстік-шығысқа 46,4 км). Діни-тұрғын кешенді өткен ғасырдың 80 жж. және 90 жж. басында С.Е. Әжіғали зерттеп, ғылыми айналымға енгізген (Аджигалиев, 1994, с. 56–57; Ажигали, 2002, с. 106–115). Кешен шөмішті-табын руларының көш жолдарының бойында маңызды жүк тиетін орындардың бірі ретінде XIX ғ. бірінші жартысында салынған. Мұндағы тұрғын жайлар, мешіт-медресе және рулық зираттар көшпелілердің күзеу қонысы ретінде қолайлы болған. Қоныстың кейбір тұрғындары (молда, оның шәкірттері және жұмысшы-жатақтар) жылдың көп бөлігін осында өмір сүрген. Дегенмен, жан-жақтан қатты соғатын жел болғандықтан мұндай жерлерге, әсіресе қыстау ретінде пайдалану көшпелілер үшін мүлде қолайсыз (Ажигали, 2002, с. 106–107). Оған экспедиция кезінде (2019 ж. қазан айының соңғы күндері) жан-жақтан тоқтаусыз қатты соққан желге біз де куә болдық.

Бесбай діни-тұрғын кешені күрделі жер бедерлерінде орналасуымен ерекшеленген. Кешендегі ескерткіштердің орналасуына орай жоғарғы және төменгі деп екі бөліктен тұрады. Олардың арақашықтығы 800 м. Жоғарғы бөлігінің ескерткіштері Үстірт жонының қырларында кең терассада батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Онда шағын бейіт, тұрғын үйдің қалдығы және жеті құдықпен оның тас астаулары орналасқан. Ал төменгі бөлігінде мешіт, медресе және бірнеше тұрғын жайлардың қирандылары шеңберлі алаңда орын теуіп, үш жағын қоршаған үстірт шоқылары табиғи көркемдік беріп тұр.

Мешіт кешеннің төменгі бөлігінде тұрғын үй жайларымен қатар орналасқан. Мешіттің жоспары төртбұрышты болып (6,8x9 м), төрт бөлмеге бөлінген. Атап айтқанда, намаз оқитын бөлме, дәліз (ауыз үй) және қосымша тағы екі бөлмеден тұрады (сурет 4). Мешіт негізінен аласа етіп салынған (қабырғаның биіктігі 1,9 м). Мұндай аласа етіп салынған мешіттерді осы өңірдің басқа да кешендердің мешіттерінен кездестіруге болады (Ажигали, 2002, с. 105). Сондай-ақ, мешіттің барлық есіктері енділеу болғанымен (0,9 м), аласа болып келген. Мешіттің қабырғасы күнгірт-қызыл шойтастардан тұрғызылған. Шойтастардың араларын балшықпен байланыстырып, шебер әрі берік етіп қаланған. Мешіттің ішкі қабырғалары қара сылақпен сыланып (сабан араластырғанға ұқсайды), оның сыртынан ақ бормен ақталған. Мешітті Өмірбай-ақын салғызған.

Намаз оқитын бөлменің жоспары квадрат болып келген (5,6x5,6 м). Оңтүстік қабырғада конха формасында шағын михраб орналасқан (ені 85 см, биіктігі 126 см). Михрабтың іргетасы төрт қырлы

(сурет 5). Терезелері михрабтың екі қапталында орын тепкен. Олардың жоспары төртбұрышты әрі шағын етіп салынған. Бөлменің дәл ортасында берік пилон (бағана) орнатылған. Пилон төртбұрышты етіп (0,8x0,9 м) шойтастардан шебер тұрғызылған. Осы пилоннан төрт қабырғаның ортасына аркалар тасталып, намаз оқитын бөлмені төрт бөлмеге бөліп тұрғандай. Аркалар аласа салынып (ішінен есептегенде биіктігі 1,6 м), маңдайшасының құрылысы кесекпен қырынан қаланған. Бөлменің тағы бір ерекшелігі, төбе жабыны төрт күмбезді етіп жабылған. Яғни, әдеттегі ортада орналасқан пилоннан төрт қабырғаның ортасына тасталған аркалар бөлменің төбесін төрт күмбезге бөліп тұр және қабырғалардың түйіскен бұрыштарында тропп салынып архитектуралық шешімін тапқан. Күмбездері кесектен қаланған. Алайда, қазіргі таңда күмбездер толықтай қираған. Намаз оқитын бөлменің интерьері аркалар арқылы бірнеше бөлмелерге бөлу және төбе жабыны төрт күмбезді немесе алты күмбезді етіп көмкерілген мешіттер Доңызтаудың басқа да кешендердің мешіттерінен кездестіруге болады (Аджигалиев, 1994; Ажигали, 2002, с. 103–117). Бөлменің солтүстігінде көрші болып еңсіз бөлме қосылған. Бұның да төбе жабыны сақталмаған. Алайда, С.Е. Әжіғалидің сипаттауынша бұл бөлменің төбе жабыны қорапты тоғыспа (коробовый свод) етіп жабылған (Ажигали, 2002, с. 107). Намаз оқитын бөлменің шығыс жағында көлденеңінен мешітке кіретін дәліз орналасқан (1,1x5,3 м). Оның шығыс қабырғасында әдеттегідей аласа есік салынып, тағы бір шағын бөлмемен жалғасады (4,2x4,5 м). Мешіт жанында медресе болған. Алайда, оның тек бүгінде іргетасының іздері ғана сақталған.



Сурет 1. Шәкен ишан мешіті, 2019 ж.



Сурет 2. Жұмағали-ишан мешіті, 2019 ж. Жоғарыдан түсірілген көрінісі



Сурет 3. Изенагаш діни-тұрғын кешеніндегі мешіт, 2019 ж. Жоғарыдан түсірілген көрінісі



Сурет 4. Бесбай діни-тұрғын үй кешеніндегі мешіт, 2019 ж. Жоғарыдан түсірілген көрінісі



Сурет 5. Бесбай діни-тұрғын үй кешеніндегі мешіттің михрабы, 2019 ж.

Қорытынды. Мешіттер мәселелерін, әсіресе, Доңызтау өңірінің мешіттерін зерттеу ісін жалғастыру тек этноархеологиялық, ескерткіштану тұрғысынан ғана емес, этномәдени тұрғыдан да маңызды екенін айта кету керек. Өйткені, бұндағы «мешіті бар діни-тұрғын кешендері» қазақ даласында ислам дінінің идеология ретінде бекуі, жартылай отырықшы өмір салтына көше бастау, тұрғын үй салу мен шөп шабудың тарала бастауы секілді XIX ғ. ел өміріндегі үлкен өзгерістерді айғақтайды. Бұл кезеңде Батыс Қазақстанда діни-рухани ағартушылардың белсенділігі артып, жер-жерлерде мешіттер көптеп салынды. Соның бір орталығы Доңызтау өңірі болды. Әйгілі Досжан-ишан Қашақұлының діни қайраткер ретіндегі қызметі осы өңірмен тікелей байланысты. Мұнда оның ізбасарлары да көп болған (жоғарыда аталып өткен Жұмағали-ишанды айтуға болады). Сондықтан да, Ақтөбе облысының «Доңызтау ауданы» Ұлттық табиғи және тарихи-мәдени саябақ құруға сұранып тұрған бірден-бір өңір болып табылады.

Әдебиеттер

- Аджигалиев С.И. Памятники Доңызтау (Северный Устюрт) // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 1994. – № 1. – С. 49–64.
- Ажигали С.Е. Памятники Северного Приаралья // История и культура Арало-Каспия. Сборник статей. Вып. 1. / Под общ. ред. С.Е. Ажигали. – Алматы: «Құс жолы», 2001. – С. 150–183.
- Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 654 с.
- Ажигали С.Е. Традиционная система скотоводческого поселения казахов (в историческом развитии) // Этнографо-археологические комплексы: проблемы культуры и социума. – Новосибирск: «Наука», 2002. – Т. 5. – С. 143–190.

Әжіғали С.Е. Ақтөбе облысының аса көрнекті архитектуралық ескерткіштері: фотокөрме. Ғылыми-ақпараттық басылым. – Алматы–Ақтөбе, 2015. – 52 б. – қазақ, орыс тілдерінде.

Бекназаров Р.А. Мечети Северного Приаралья (конец XIX – начало XX вв.): историко-этнографическое исследование // Отан тарихы. – 2007. – № 2. – С. 135–148.

Бекназаров Р.А. Религиозные деятели и мечети XIX – начала XX вв.: исследование на материалах Актюбинской области // Отан тарихы. – 2018. – № 3. – С. 21–29.

Рахбаев Қ.Қ. Желтау мешіттерінің тарихы (XIX ғ. ортасы – XX ғ. басы) // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. – 2020. – № 1.

Садыкова С.Ш. Архитектура мечетей. Учебное пособие. – Астана: «ЕНУ им. Л.Н. Гумилева», 2003. – 146 с.

Турганбаева Л.Р. Некоторые замечания об архитектуре казахских медресе // «Арал-Каспийский регион в истории и культуре Евразии»: Материалы II Международной научной конференции, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан. – Алматы–Ақтөбе: «Арыс», 2011. – С. 278–281.

Турганбаева Л.Р. К проблеме изучения культово-жилищных комплексов Западного Казахстана // Материалы 1-го и 2-го Симпозиума по казахскому памятниковедению. – Алматы–Атырау: «Ағатай», 2012. – С. 150–156.

Халитов Н.Х. Татарская мечеть и её архитектура: историко-архитектурное исследование. – Казань: «Татар. кн. изд-во», 2012. – 224 с. : ил.

S.E. Azhigali, B.A. Ashim

THE FEATURES OF AKTOBE REGION'S MOSQUES IN LATE 19th AND EARLY 20th CENTURIES: SOME RESULTS OF WEST KAZAKHSTAN ETHNOARCHAEOLOGICAL COMPLEX EXPEDITION IN 2019

In the second half of the 20th century, the spread of Islam in the Kazakh steppes went in two directions. The first was the influence of the theological centers of Kazan and Ufa in the north, and the second was the influence of the religious schools of Turkestan, Bukhara and Khiva in the south. Such circumstances have led to the emergence of various types of mosques in the Aktobe region. Some of them were "Tatar type" mosques, whereas in the southern districts of the region (Donyztau) there were "four-domed and six-domed" mosques. This article describes the collected materials of West Kazakhstan ethnoarchaeological complex expedition about mosques in 2019 in Aktobe region (led by S.E. Azhigali) and highlightssome features.

А.Б. Қалыш, А.Т. Тәлім

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ КЕЛІН ТҮСІРУ САЛТЫ

Атап өту керек, көптеген түркі халықтарының, соның ішінде қарақалпақтардың арасында неке дәстүрлі қағидалардың тұрақтылығымен ерекшеленеді. Оларда дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар исламда да, исламға дейінгі қайнарларда да бір-бірімен араласады. Сонымен қатар, олардың дамуында болған өзгерістер үлкен қызығушылық тудырады, соның ішінде дәстүрлі мен жаңаның арақатынасы, этномәдени құбылыстары нақты байқалады.

Қарақалпақтардың дәстүрлі үйлену рәсімі, кейбір айырмашылықтарға карамастан, барлық жерде бірдей болады. Кейінгі дамуында ол өзінің дәстүрлі белгілері мен қасиеттерін айтарлықтай сақтап қалды. Оларға қазақ, өзбек және түрікмен сияқты түркі этникалық топтарымен этномәдени өзара іс-қимыл белгілі бір әсер етті. Біздің ойымызша, бұл объективті жағдайға қарақалпақтардың Хиуа хандығы мен Ресей империясы Түркістан генерал-губернаторлығының Әмудария бөлімі құрамында мәжбүрлі болуы айтарлықтай әсер етті. Олардың Кіші жүз қазақтарымен ұзақ мерзімді қарым-қатынасы туралы да айтуға болады. Бұл фактор бірқатар маңызды зерттеулерде көрініс тапқан (Шәлекенов, 1966; Жданко, Камалов, 1980).

Бұрынғы кезеңде де, қазіргі уақытта да тарихи Отаны мен Қазақстанда тұратын қарақалпақтар неке нысандарын келесі үш нұсқада орнықты түрде сақтайды:

1) дәстүрлі құда түсу жолымен қалыңдықтың және күйеу жігіттің ата-аналарының ұзату және келін түсіру тойын ұйымдастыруы арқылы;

2) келінді өз еркімен немесе күшпен «алып қашу», яғни болашақ келіннің «қашып кетуі» арқылы.

Енді некенің толыққанды отбасын құруға ықпал ететін алғашқы көрсетілген нысанымен үйлену тойының кейбір түрлерін қарастырайық.

Егер қазіргі кезде ресми құдалықпен ата-анасының үйінде ұзату тойын өткізуінен кейін болашақ қалыңдықты күйей жігіттің үйіне арнайы безендірілген автокөлікпен жеткізетін болса, бұрын бұл үшін басқа дәстүрлі көлік қолданылған.

Қарақалпақ халқы жас келіншекті күйеуінің үйіне арбамен әкелген. Үйлену тойының арбасы самарқандық қарақалпақтарда – «капели-арба», хорезмдік қарақалпақтарда – «богекли-арба» деп аталған. Ал, нұратылық қарақалпақтарда келінді атқа мінгізіп әкелген, демек, оларға көршілес қазақтардың ықпалы тиген. Бірақ, ауылға жақындаған кезде келін, жеңгелермен бірге аттан түсіп, жаяу келген (Толстов, 1963 с. 132).

Жігіт үйіне қалыңдықты әкеле жатқанда жол жөнекей кәделер талап етілген (яхта-жейде, мата т.б.). Бұл рәсім жол тосу деп аталады. «Қалта ақтару» кәдесі орындалады, ол бойынша кішкене қайын сіңілілері қалыңдықтың қалтасын ақтарып, жүзіктер алған.

Үйлену тойының арбаларын жігіт ауылының қыз-келіншектері қарсы алған. Жігіт жеңгесі мұрындық ене келінге орамал тағып немесе кимешек кигізген.

Ауыл әйелдері жасулы көштің алдынан шығып, шашу шашады. Келіннің бетіне жамылғы (чарсы) жауып, қайын атасының үйіне кіргізбес бұрын табаға салынып тұтатылған адыраспанды әкеліп, келіннің басынан үш рет айналдырған. Келінді үш рет иілдіріп аруақтар үшін және атасы мен енесіне сәлем салғызған. Содан соң келіннің қолына май құйған ыдысты ұсынып, отқа май құйғызған. Осы рәсімнен кейін, келінді оң аяғынан табалдырықтан аттатқызып, ішке кіргізген.

Келіннің астына жаңадан сойылған қойдың терісін төсеген. Орта Азия халықтары үшін қой олардың тотемі, тек қойдың өзі ғана емес, оның терісі де өсіп-өнудің символымен қорғаушы, сақтаушы екендігі Ә.Т. Төлеубаевтың еңбегінде аталып өтіледі (Төлеубаев, 1990, 29 б.).

Қой терісін осындай сеніммен жаңа түскен келіннің астына төсеу таулық дағыстандықтарда да бар. Олардың нанымынша, қой терісін жаңа түскен келіннің астына, үйде «береке мен байлық ынтымақ болу үшін төсейді» (Гаджиев, 1991, с. 58).

Л.Я. Штернберг өз еңбегінде бұның шығу тегін былай келтіреді: «Анайы (премитивті) алғашқы малшылар үшін мал шаруашылығында түліктердің көбейіп, өсіп-өнуі магиялық күш ретінде қарастырылады». Ең алғашқы үйретілген ешкі түлігінің көбеюін күш ретінде есептегендіктен, оның осы қасиетін дарыту мақсатымен әйелдер ешкі терісінен киім жасапта киген ... Ешкі соңынан сценаға қой мен қошқар шығып, негізгі көбейіп, өсіп-өну культінің рөлі бұларға ауысады. Ежелгі Мысырдың Фивы қаласы мен Мендесте құдайлар Нут пен Птаның баласы Осирис қошқар бейнесінде беріліп, тіпті Мендесте оның алдында әйелдер шешініп, одан құнарлылық пен көбею, өсіп-өну күшін бойларына дарытуды мақсат етіп, әдетке айналдырған (Штернберг, 1933, с. 4).

Қырғыздарда жаңа үйленгендерді лақтың өкпесімен қағу ғұрпы кездеседі. Оның мағынасы – келешекте оларды бақытсыздық пен қасқой күштердің зұлымдығынан құтқару үшін болса, екінші жат өсіп-өніп көбеюіне жол ашады екен (Домусулманские верования, 1975, с. 310).

Жас келін міндетті түрде оттан айналуға тиіс болды. Одан кейін шашу рәсімі жасалды. Келін иіліп сәлем беріп, саусақтарын босағаға тигізіп, сосын маңдайын ұстаған. Енесі келінінің маңдайына ырымдап май немесе ұн жаққан. Ұқсас салт-дәстірлер қазақтарда көп байқалады (Арғынбаев, 1973, 170-172 бб.; Калыш, 2013, с. 294-295).

Сол күні екі жақтың туған-туыстары жиналып тойды бастаған. Бұл той әдетте екі күнге созылған («келин тушті той»). Тойда мол дастархан жайылып, бақсылар ән айтып, бәйге ұйымдастырылып, лак тартысқан.

Жігіт үйіндегі тойдың негізгі рәсімі «бет ашар» болатын, яғни келіннің бетін ашу. Бұған дейін келіннің бет жүзі көрсетілмеді (чарсы). Беташарды әдетте жігіттің жора-жолдастарының бірі орындады. Ол келінді ата-енесімен, қайын жұртымен таныстырды. Ал келін өлеңде айтылған адамдарға иіліп сәлем береді. Мысалы, біз зерттеп отырған қарақалпақтарда бет ашардың мынандай үлгісі бар екен:

«Дарбазасы даңқ еткен,
даңқы Самарқанға жеткен,
Исақ бабамызға бир салам».

Немесе әзіл-сықақ түріндегі өлең жолдары келесідей болған:

«Тамбашида пахал йоқ
сипаласа сақал йоқ
Абдуллаға бир салам».

Беташардан кейін бірнеше ырым-жоралғылар жасалды. Мысалы, келін бай болу үшін қолын ұнға салған. Н.А. Кисляков: «ұн тек байлық қана емес, сонымен қатар тазалықтың, молшылықтың белгісі», - деп түсіндірді. Сосын жас келін отқа май құйған және бір қызығы – ол тоғыз рет қайталаған

(Кисляков, 1969, с. 146). Каракалпақтардың ырым-жоралғыларында «тоғыз» санының кездесуі кездейсоқ емес. Зерттеуші Д. Банзаровтың мәлімдеуінше тоғыз санын моңғолдар да қасиетті деп санаған. Мысалы, Шыңғыс ханның жасағынан (урлук) саны тоғыз болса, рудың туына (бунчукқа) жылқы қылынан жасалған тоғыз бума қыстырылған (Банзаров, 1955, с. 60).

Айта кететін жайт, XV асырды бірінші жартысында Венецияның емшісі татар ханына, татарлардың салты бойынша тоғыз түрлі заттай сыйлықтар тарту еткен. Аталмыш санды, сондай-ақ келесі Сібір халықтары: якуттар, буряттар, нанайлықтар, эвенктер де қасиетті деп есептеді. Мәселен, якуттар Джогогой піріне (ірі-қара малдың пірі) тоғыз бұйым сыйлаған (Зеленин, 1930, с. 313).

Қаракалпақстандағы қазақтарда құдаларға киіт кигізгенде де тоғыз саны ескерілген (мысалы, екі білезік, бес тақия, маталар) т.б. Ал, қайын атасы келінге өз батасын (патияны) келесі түрде берген:

«Алдыңа бала толсын,
қораңа мал толсын.
Көзің көрсін,
қолың тұтсын!»

Ұзату ұлы тойда қалыңдықтың әкесі күйеу жігіттің әке-шешесіне өз сыйлықтарын тарту еткен. Осы ұлы тоймен каракалпақтардың келін түсіру салты аяқталады.

Қорытындылай келе айтатымыз, әрине бұл некелік салттың қазіргі күні мен бұрынғы уақытта өткізілуінде айырмашылықтар мен еркшеліктер бар.

Біріншіден, бұндай неке салттың толығымен өткізілуі тек аға буын өкілдері – этникалық стереотип пен мәдениеттің ұстанушылары – бар отбасыларда ғана іске асуы мүмкін.

Екіншіден, дәстүрлердің сақталуымен бірге полиэтникалық ортаның әсері байқалатының ескеру қажет. Бұл жағдай Қазақстанда бұрыннан тұратын және 1990-шы жылдары көшіп келген каракалпақтар мен оралман қазақтарда анық байқалады.

Үшіншіден, неке салты аралас каракалпақ-қазақ және қазақ-каракалпақ отбасыларында басқадай немесе өзгеше болуы мүмкін. Батыс Қазақстан мен Жетісу аймақтарында біздің жүргізілген этнографиялық зерттеулердің мәліметтері бойынша оралман қазақтардың некелесу дәстүрлерінде сипатталған неке салты сақталып келеді.

Әдебиеттер

- Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). – Алматы: Ғылым, 1973. 328 б.
- Банзаров Д. Черная вера и шаманство у монголов. / Этнология. – СПб.: Изд-во «Либроком», 2012. – 170 с.
- Гаджиев Г.А. Доисламские верования и обряды народов Нагорного Дагестана. – М., Наука, 1991. – 182 с.
- Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. / Снесарев Г.П., Басилов В.Н. (ред.). – М.: Наука, 1975. – 340 с.
- Жданко Т.А., Камалов С.К. Этнография каракалпаков XIX – начало XX века (материалы и исследования). – Ташкент: ФАН, 1980. – 204 с.
- Зеленин Д.К. Табу слов у народов Восточной Европы и Северной Азии // Сборник Музея антропологии и этнографии. – Л.: Изд-во АН СССР, 1930. – Том 9. – С. 1-166.
- Калыш А.Б. Семья и брак в современном Казахстане. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 464 с.
- Кисляков Н.А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. – Л.: Наука, 1969. – 240 с.
- Косвен М.О. Этнография и история Кавказа. – М.: Изд-во Восточной литературы АН СССР, 1961. – 260 с.
- Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов. Алматы: Ғылым, 1991. – 214 с.
- Толстова Л.С. Каракалпаки за пределами Хорезмского оазиса в XIX – начале XX века. – Нукус-Ташкент: Каракалпақгиз, 1963. – 236 с.
- Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. К истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII – XX вв. – Ташкент: Изд-во «ФАН», 1966. – 334 с.
- Штернберг Л.Я. Семья и род у народов Северо-Восточной Азии. – Л.: Изд-во Института народов Севера ЦИК СССР, 1933. – 187 с.

A.B. Kalysh, A.T. Talim

THE TRADITION OF BRINGING THE BRIDE TO THE KARAKALPAKS

The report is devoted to rituals, customs and representations in the traditional bride's bringing among the Karakalpaks. The authors describe the customs and traditions that accompany this marriage ceremony of the Karakalpaks. The influence of past historical and ethnographic features on them, which are associated with their being in both the Khiva Khanate and

the Russian Empire, as well as close relationships in the trans-border territory with the Kazakhs of the Younger Zhuz, is shown.

The marriage ceremonies associated with the initial stage of traditional matchmaking, characteristic not only of the Karakalpaks under consideration, but also of other fraternal Turkic ethnic groups, including Kazakhs, are analyzed in detail. It was revealed that the functioning of this traditional ceremony takes place in full in those families in which there are representatives of the older generation, as well as in mono-ethnic villages. They are less pronounced in cities and towns with ethnically mixed villages, as well as in nationally mixed families with the participation of Karakalpaks and representatives of other ethnic groups. It is noted that this rite, as well as other family and marriage customs, is preserved in one form or another and by the Karakalpaks who migrated to Kazakhstan both in the past and at present.

Арынова Д.С.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі

Түркістан қ., Қазақстан

E-mail: arinova2012@mail.ru

ҚҰСТЫҢ ОБРАЗЫ БЕЙНЕЛЕНГЕН МУЗЕЙ ЖӘДІРЕРЛЕРІ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУ

Қолөнер – ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан қастерлі өнер, атадан балаға мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі де халық шығармашылығының сарқылмас қайнар көзі. Қандай халықтың қолөнері болса да оның тарихымен, қоғамдық құрылысы, әдет-ғұрпы, жөн-жоралғысы, салт-санасымен астасып қатар дамиды. Қолөнер адам баласының көркемдікке, нәзіктікке, сұлулыққа деген ұмтылысын, сол бағытта табиғатты өзінше таңбалап бедерлеуін, сұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытады.

Сан қилы кезеңдерден өтсе де, көркемдік бейнелердің өзіндік ерекшеліктерін бұлжытпай сақтай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде жалғасын тауып келе жатқан қолөнеріміздің ішіндегі киелі әрі күрделілерінің бірі – зергерлік өнер.

Зергер – сәндік бұйымдарды зерлеп, айшықтап жасаушы шебер, ұста. Зергерлік – әшекейлі бұйым жасау өнері.

Зергерлік өнерінің ұлттық мәдениетімізде тарихи орны ерекше болумен қатар, бір жағынан халқымыздың материалдық мәдениетінің дәрежесін көрсетсе, екінші жағынан – рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын білдіреді.

Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде, халық өнерін, салт-дәстүрін меңгертуде зергерлік өнердің зор мәні бар.

Ұлттық мәдениетіміздегі қолданбалы өнер халқымыздың тарихымен, ұлттық болмыс-бітімімен, дүниетанымымен үндесе дамып келе жатыр. Тамырын тереңнен алатын қолданбалы өнердің көрнекті саласы зергерлік өнер тылсым сыры бар қасиетті өнер, қастерлі кәсіп. Осы өнермен айналысатын адамдарды «ақ ұста» деп атаған. Зергерлік өнер сонау ерте кезеңнен бастау алады. Мәселен, «Әзірет Сұлтан» қорық мұражай қорында тастан жасалған моншақтар сақтаулы. Ал қола дәуірінде әйелдер құлақтарына сырға, мойындарына моншақ, өңіржиек, қолдарына білезік, жүзік таққан (Қазақстан тарихы, 1994, 24 б.). Сондай-ақ әшекей бұйымдарға ою-өрнек салу да біртіндеп қалыптаса бастаған. Өрнектердің өзі сан алуан түрлері бар, қазіргі таңда оюларлы бөліп те қарастырады.

Әлкей Марғұлан ою-өрнектерді 4 топқа бөледі. Олар: космонологиялық, зооморфтық, өсімдік тәрізді, геометриялық өрнектер. Олардың ішінде жануарлардың сыртқы пішініне, мүйізіне, тырнағына, мойнына, табанына, т.б. мүшесіне ұқсас ою-өрнектер халық арасына (*зооморфтық түр*) кең тараған. Зооморфтық ою-өрнек кебеже, жұкаяқ, әбдіре, асадал сияқты тұрмыстық бұйымдар әшекейінде жиі кездеседі (Марғұлан, 1986, с. 98).

Аталған ою-өрнектер кебеже бүйірінде, көбінесе, тігінен бедерленіп, бос жерлерін толықтырған, ал төсектің жан ағашы белгілі бір ырғақпен түгел дерлік өрнектелген. Кейде оларды өсімдік сипатты өрнектермен сабақтастырып, жарасымды тұтас композиция құраған.

Қазақ халқы молшылықты дарияға, теңізге, бәйтерекке теңесе, батырды арыстанға, қыран бүркітке, гүлді әсемдікке, әдемілікке теңеген. Халқымыз әсемдікті аң құстан, өсімдіктен, табиғаттан іздеген. Өрнек түрлері геометриялық ерекшелікке ие: шахмат түрінде, тіктөрт бұрыш, үш бұрыш, көп бұрышты, жарты шеңбер, жұлдызды, шеңберлі, т.б. түрлері, өсімдік мотивті: гүл пішінін алған, ашылмаған гүл пішіні, бұтақта өскен гүлдер, жеміс-жидек түрлеріндегі пішіндер, бүршік, т.б. осыған ұқсас түрлер; жан-жануарлар бейнесі: түйе, ит, қораз, көгершін, бүркіт, айдаһар, қаз және тауық тектес құстар бейнесі. Аталмыш өрнек бір кілемде бір жануардың, яки құстың бейнесі қайталану арқылы көрінуі мүмкін.

Сақтарда зергерлік өнер жақсы дамыған. Зергерлер алтын күмісті балқытып құю, штампылап өңдеуді жақсы меңгерген. Қазбалардан табылған жетістіктер бұның дәлелі.

Қазақтың алғашқы ою-өрнек үлгілері андронов мәдениеті мен байырғы сақ, ғұн, үйсін өнері мұраларынан геометриялық, зооморфтық жан-жануарлардың табиғи және фантастикалық бейнерлері, көгеріс өрнек пен қиял-ғажайып ою-өрнектер аспанның, жердің символы ретінде кездеседі. Қазақ зергерлік өнерінде құс образын кеңінен қолданған. «Құстұмсық» жүзік, құстұмсық құман» және құсты тұспалдайтын кесет, кілем мен үй жиһаздары мен тұрмыстық заттарды кеңінен қолданған. «Құстұмсық» – бұл өрнек құстың тұмсығын тұспалдаудан туған. «Құстұмсық» тармақты мүйіздер мен сызықтардан құралады. Ою-өрнекті қиғанда ою ортасындағы сызық ұшы құстың тұмсығына ұқсас етіп қиылады (Өмірбекова, 2003, 33 б.). «Құстұмсық» жүзік немесе «топсалы» жүзік сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған. Құс бейнесі халық түсінігінде азаттықтың, еркіндіктің символы болып табылады.

Құлтанжорас шатқалы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – Құлтан және Жорас деген кісі аттарынан құралған (посессиондық атау). Шатқалда ағаш көп өсетіндігі байқалады, соған қарағанда жоғарыдағы кісілер отырғызып бауға айналған соң және солар ұзақ қоныс еткендіктен осылай аталып кеткен болуы мүмкін. Құлтанжорас шатқалы 40-бойлық пен 52-ендіктің қиылысында орналасқан.

Қызыл шоқы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – қызыл және шоқы деген сөздерден құралған, карталарда «тау» деп жазылғанымен бұл Қаратаудың Шаш анаға келіп тірелетін етегі, биік шоқылар мен жалпақ адырлар жүйесі, шығыс жиегі биік жар болып келеді. Қызылшоқы тауы 6-12-бойлықтар мен 40-50-ендіктер арасын алып жатқан алып тау жүйесі. Шоқы сөзінің мәні- биік жота, төбе дегенді білдірсе де бұл жүйе тектоникалық қозғалыстан пайда болған тау құрылымы.

Қызылдегерес шатқалы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – қызыл және дегерес сөздерінен қалыптасқан. Дегерес дегеніміз – тауларда, кейде жазық далада көп кездесе беретін домалақ, тақия төбелер (Қазақ тілінің сөздігі, 1999, 149 б.). Алайда, бұл жердегі Қызылдегерес төбе аты бүткіл шатқалға беріліп кеткен, ол 42-бойлық пен 56-ендікте орналасқан.

Мақұмдоңғал тауы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним және посессиондық атау. Атаудың мәні – Мақұм деген адам есімі мен доңғал сөздерінен құралған. Доңғал деп дөңес жерді айтатыны белгілі (Қазақ тілінің сөздігі, 1999, 156 б.). Мақұмдоңғал тауы шыңында онша биік емес – 843,9 м, айналасындағы 621,2 м тау жоталарынан доңғал-дөңес сияқты дүңкиіп, ерекшеленіп тұратын болуы керек. Мақұм деген адам не ру атасы қоныс еткендіктен солай аталуы мүмкін. Мақұмдоңғал тауы 42-бойлық пен 42-ендіктің қиылысында орналасқан.

Мибулақ – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – Мибулақ – мый және бұлақ деген сөздерден қалыптасқан тау шыңының аты. Адам мыйына ұқсас түрде болғандықтан солай аталған, оның биіктігі 717,6 м, шың 18-бойлық пен 68-ендіктің қиылысында орналасқан.

Мұзбел жотасы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – мұз және бел деген сөздерден құралған. Атынан көріп тұрғандай бұл жотадан қыста да, жазда да асып өту мүмкін болмаған. Картадан да керуен жолдарының бұл белді оңтүстік-шығысынан айналып өткенін көреміз. Ауданымызда тағы бір Мұзбел деп аталатын дөңес жер Отрабаттан Иқанға барар жолда кездеседі. Мұзбел жотасы 34-бойлық пен 48-ендіктің қиылысында орналасқан.

Сарымсақсай бұлағы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи гидроним. Атаудың мәні – Сарымсақсай бұлағы – атынан көрініп тұрғандай сарымсақ өскен сайдағы бұлақ деген сөз тіркестерінен құралған. Сарымсақ деп мұнда чесноқты айтып тұрған жоқ, тау беткейлерінде өсетін ұзынша ақ сүйрікті жабайы өсімдік, жуа, пияздың бір түрі (Қазақ тілінің сөздігі, 1999, 558 б.) жайлы әңгіме болып отыр. Бұлақ 28-бойлық пен 56-ендіктің қиылысында орналасқан, оның суы 6 шақырым ағып барып Үшөзенге құяды. Сарымсақтың өзі бүгінде сирек кездесетін, эндемит өсімдік болып табылады.

Суындық – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи потамоним. Атаудың мәні – Суындық өзені деген атаудың түбірі «суындық» – «салқындады» деген сөзден шыққан. Мұндай атауларды микропонимия, яғни жергілікті халыққа ғана белгілі атаулар дейді. (Матюшин, 1996, с. 246) Суындық өзені 34-бойлық пен 68-ендіктің қиылысында басталып Созақ жеріне қарай ағып жатыр. Өзен бойымен Бажы асуынан өткен керуендер орта ғасырларда үздіксіз жүріп жатқан. Осы жолмен теріскейдің малы күнгейдің базарына айдалып келіп отырғанын жергілікті халық аңыз қылып айтады.

Тайбике жотасы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним және посессиондық атау. Атаудың мәні – тай – тең, көлемді бума, байлам (отыз тай жібек) және бике әйелді құрметтеп атау деген ұғымдардан құралған атау. (Қазақ тілінің сөздігі, 1999, 100, 606 б.). негізінен Тайбике – ірі денелі, немесе бір тай жібектей қымбатта сұлу, жас, шыққан жері текті әйелдің есімінен де туған атау болуы мүмкін. Мұндай атауларды топонимикада посессиондық, яғни адам атынан, фамилиясынан шыққан атаулар дейді. (Энциклопедический словарь в двух томах, 1964, с. 513, 710). Тайбике жотасы 22-бойлық пен 58-ендіктің қиылысында орналасқан (Матюшин, 1996, с. 245–246).

Талмас тауы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – талмас сөзінен, яғни шаршап-шалдықпау, тынымсыз еңбек ету, әрекеттену деген мағына береді (Қазақ тілінің сөздігі, 1999, 612 б.). Шын мәнінде таудың Созақпен шекарадағы бұл бөлігі ирек-ирек кең алаптар, биік емес адырлар, қаптаған бұлақтардан тұратын ішкі Қаратаудың ең бір малға жайлы тұрағы болып табылады. Мұнда жүрген адам ешбір талып шаршамайды, сондықтанда Талмас тауы деп аталған сияқты. Ол 46-бойлық пен 62-ендікте орналасқан.

Тамғалытас – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи гидроним. Атаудың мәні – Тамғалытас бұлағы, яғни тарихи бір замандарда адам қолымен тасқа салынған суреттер – петроглифтері бар тас түбіндегі бұлақ дегенді білдіреді. Адамзат алғашқы петроглифтерді 50 мың жыл бұрын-ақ сала бастаған, Қазақстан да петроглифке аса бай өлке деп есептеледі. Олар тас ғасырының, қола, ерте темір, түркі дәуірлері деп бөлінеді. Қаратау петроглифтерге аса бай өлке, мұнда 1000-ға жуық жерде олардың топтамалары кездеседі. Тамғалытас бұлағы 24-бойлық пен 70-ендіктің қиылысында Үшайрық шатқалына жақын орналасқан.

Тегістік шыңы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – тегістік, яғни үсті тегіс келген тау шыңы дегенді білдіреді. Бұл Аққұз тауларының бір сілемі, анығы оның оңтүстік батыс бөлігі. Тегістіктің биіктігі 1443,8 м, ол 40-бойлық пен 68-ендіктің қиылысында орналасқан. Тау төбесінің тегіс болып келуі сирек те болса кездесетін құбылыс.

Төбекұдық жотасы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – төбе және құдық сөздерінен құралған, яғни төбедегі, биіктегі құдық деген мағына береді. Жотаның солтүстік бетімен мал айдап өтетін кең де ұзын ойпат өткен, бірақ мұнда суы аз Ақсай бұлағынан басқа су көзі жоқ, сондықтан мал суару үшін құдықтар қазылған сияқты. Төбекұдық жотасы 50-бойлық пен 52-ендіктің қиылысында орналасқан.

Ұралы шатқалы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – ұра сөзінен шыққан. Оның екі мағынасы бар: 1. Жерден қазылған, астық сақтайтын, жасырын жабық көмбе; 2. Адамның,

жан-жануарлардың денесіне шыққан шығу, томпақ ісік, бұлтық, ал Ұрала сөзі – ұра қылып тереңдетіп қазу дегенді білдіреді (Қазақ тілінің сөздігі, 1999, 685 б.). Біз осы Ұрала сөзінен Ұралы шатқалы, яғни, көптеген қолдан қазылған орлар, жыралар бар шатқал дегенді білдіретін атау дегенді қолдаймыз. Бұл атау бір замандарда мұнда адам қолымен қазылған көптеген көмбелер, немесе аңшылық кезінде пайдаланылған орлар, қамаулар болғандығын байқатады. Ұралы шатқалы 32-бойлық пен 70-ендік қиылысында орналасқан.

Үшайрық – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – Үшайрық жотасы түбінен шығысқа қарай Тамғалытас, оңтүстікке қарай Жолдыбозсай, батысқа қарай Көкбұлақ шатқалдары арқылы осы аттас сулар ағып шығады. Бұлардың солтүстігінде Үшайрық жотасы орналасқан, оның биіктігі 804,9 м. Жота 24-бойлық пен 70-ендіктің қиылысында жатыр. Көкбұлақ шатқалымен Созаққа қарай орта ғасырларда керуен жолы өткен.

Үшөзен – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи топоним және потамоним. Атаудың мәні – Сарымсақсай, Бақты, Жамантас өзендері бірігіп Үшөзен деп аталатын арнаны құрайды. Осылардың бірігетін тұсына жақын 32-бойлық пен 54-ендіктің қиылысында Үшөзен елді мекені орналасқан. Бұл ежелгі керуен жолы бойында жатқан тарихи орын.

Шайтекше тауы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – шай және текше деген сөздерден құралған. Шайы түсінікті, текше деген тақта деген мағына беруі тиіс, бұрындыры «тақташай» деп аталатын, престелген тақта сияқты шай (Қытай шайы) көп таралған. Қалаған тақташайды еске түсіретін қатпар-қатпар тау жыныстарынан тұратын болған соң осылай аталған сияқты. Шайтекше тауы Қантағы өзенінің оңтүстік-шығыс жағалауына созыла орналасқан. Ол 74-бойлық пен 24-ендікте жатыр.

Шолақсеңгір адыры – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи ороним. Атаудың мәні – шолақ және сеңгір деген қос сөзден құралған ороним (тау, төбе, адыр шатқал атаулары), мұндағы шолақ сөзі қысқа дегенді, ал сеңгір – зәулім, биік заңғар дегенді білдіреді. (Қазақ тілінің сөздігі, 1999, 568 б.). Шындығында Төрткүл-Қаражон қонысының оңтүстік-батысына қарай орналасқан бұл қырат көзге ерекше түседі. Шолақ сеңгір адыры 06-бойлық пен 38-ендіктің қиылысында орналасқан.

Шығыр арығы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи гидроним. Атаудың мәні – Егістікке су шығару үшін жасалған, су жүретін науасы бар қарапайым механикалық құрал, ол төмендегі суды жоғарыға (2 м-ге дейін) көтеруге мүмкіндік береді. Шығырдың екі түрі бар, бірі өзен ағысының күшін пайдалану арқылы, екіншісі өгіз, ат, есек не түйе жеккен шығыр бел ағашының жәрдемімен ортадағы ұстын ағашты айналдырып, тісті механизм арқылы шығыр дөңгелегін қозғалысқа келтіру. Шығыр арығы Бесарық өзенінің суынан қоректенген, ол 02-бойлық пен 40-ендіктің қиылысында бастау алады. Кәріздер сулары да шығыр арқылы жоғары шығарылған.

Шымылдықтыбұлақ – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи гидроним. Атаудың мәні – шымылдықтық – төсек тұсын жауып қоятын матадан тігілген қалқан атауынан туған (Қазақ тілінің сөздігі, 1999, 749 б.). Шымылдықтыбұлақ, сірә қалың ағаштан қалқан сияқты қорғаны бар су көзі сияқты. Бұлақ Егізқара ойпатына жақын орналасқан, оның суы Бесарық өзеніне құяды. Шымылдықтыбұлақ 10-бойлық пен 62-ендіктің қиылысындағы су көзі. Атау жергілікті жерге ғана тән микропоним болып табылады.

Шырқорғаната бұлағы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи гидроним және посессиондық атау. Атаудың мәні – Шырқорған және ата сөздерінен құралған, атына қарағанда исламды, сопылықты уағыздаған тұлғаның атынан шыққан сияқты. Бұлақ басында мекен еткендер қорған салып, сонда тұрған деуге негіз бар. Қаратаудағы Жылағаната, Иреката сияқты т.б. осындай посессиондық атаулардың бірі – Шырқорғаната. Бұлақ 56-бойлық пен 50-ендікте орналасқан, ол төмен қарай ағып, Тасбұлақтың суын қосып алып Аққалпын жылғасына құяды, ұзындығы 9 км.

Ырғайлы сай бұлағы – Қаратаудың күнгейіндегі тарихи гидроним. Атаудың мәні – ырғай және сай сөздерінен құралған. Мұндағы ырғай-жыңғыл, тобылғы тәрізді топтасып өсетін, қоңыр сұр қабықты түзу жіңішке бұта. Ырғайлы, яғни ырғайы көп қалың өскен (Қазақ тілінің сөздігі, 1999, 760 б.). Ырғайлысай бұлағы 50-бойлық пен 56-ендіктің қиылысында Төбекұдық қыратының солтүстігімен ағады.

Әдебиеттер тізімі

- Қазақ тілінің сөздігі. Алматы: Дайк-пресс, 1999. 776 б.
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. 1. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1974. 695 б.
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. 2. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы 1976 ж. 695 б.
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. 6. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1982 ж. 623 б.
Қазақ шежіресі. Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. 160 б.

Матюшин Г.Н. Археологический словарь. М.: Просвещение АО «Учебная литература», 1996. 303 с.
Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. 420 б.
Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент: «Узбекстан», 1994. 143 б.
Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М.: Издательство восточной литературы 1962. 290 с.
Энциклопедический словарь в двух томах. Т.2.М. «Советская энциклопедия», 1964. 736 с.

М.К. Туякбаев

TOPONYMY OF THE SOLAR SURFACE OF KARATAU TOPONYMY OF THE SUNNY SIDE OF THE KARATAU RIDGE

This article focuses on the toponyms, friendly relations of the settlements on the Kungai surface of the Karatau, the sources of water, the rivers, the passes, the mountain ridges, the lowlands, the peaks, the gorges, and the names of the names found on the slopes and foothills of the Turkestan region and in the southern part of the Karatau. It also shows the names of the names of toponyms.

Ж.А. Шәйкен

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: outlaw.outlaw@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ХАҚЫНДА

Дүниежүзі өркениетінің құрама тарауы болып табылатын Ұлы дала көшпелілер мәдениетінің халықтық дәстүрлі тұрақты-жай, қыстақ, үлкен-кіші елді мекен, қала тұрғызу күрделі құрылыс ісі бүгінгі күнге дейін біркелкі зерттелген емес. Ежелден бері мал шарушылығы мен отырықшы егішшілік мәдениетінің тұрмыстық шаруашылығына байланыстыжылы жай құрылысына зор мән берген. Сол заман адамның тұрмыс-тіршілігіне қажетті, әрі жауын-шашыннан, қыста аяздан паналауға арналған орын ғана емес, ол өзінің отбасымен бірге тұрмыс-тіршілік ету үшін де, қол жетімді табиғи *ағаш, топырақ, саз балшық, өзен-сулар тұнбасын, көлдің сорын, қамыс, ши, шым, тас және т.б.* құрылыс материалдарды қолданыпкүрделі тұрақ-жай тұрғызып дағдыланған (Джанибеков, 1990, с. 224).

Мысалға, ежелгі перғауындар заманындағы Мысыр сәулетшілері үй құрылысында шикі кірпіш, ақтас (известняк), алебастр, ак (известь), тіпті, Рамсес II өз билігі кезінде, құлдықта болған жүйдтерге Ніл өзені тұнбасын алғызып, оған құм жіне сабан араластырып кесек кірпіш соқтырған екен. Кірпішті сегіз күн күннің көзіне күйдіріп барып, біздің киіз үй іспеттес, дөңгелектеп, тандыр пошымды үйлер соғуға қолданған дейді (Пьер Монте, 1989, 161-162 бб.). Сондай-ақ, сол елдің құрылысшылары көлдің тұнбасына (сор) сырық (сайғақ) батырады да, ағашқа жабысқан батпақты алып кірпіш соғады деп мәлімдеген антика тарихшысы Геродот (Геродот, 972, 123 б.).

Ғалымдар мен мамандардың сипаттаулары бойынша, қазақ жерінде, адам тұрғызған тұрақты баспаналары жайында палеолит, мезолит, неолит, қола дәуірлерінен бері белгілі болған. Сол кездегі адамдардың алғашқы тұрғын жайларының бір түрі, дөңгелете тік қадалған бөренеледен тұрғызылып, оның төбесі шошақ шатыр іспеттес жабылып, ағаш сырықтары тұтастыра біріктіріп байланған және ұшар басына тұтын шығу үшін ашық ойық қалдыратын болған. Тұрақтың тағы бір түрі, тұрғызылатын үйдің ірге пішіні көлемімен бел бойлап, ойып қазылған төртбұрышты шұңқырға ағаш сырықтардан тігінен тіреп тұрғызылған шатыр төбежабынды үстінен бұтақ, қамыс, шөп төселіп, топырақпен бастырылып жабылады. Баспананың қақ ортасында тас ошақ ұймдастырылып, төбенің ұшар басынан түтін шығатын әрі жарық түсетін шаңырақ іспеттес ашық ойық қалдырылады. Тұрғын үйлердің едендері шикі кірпішпен қаланған қазақ сікілеріне ұқсайтын, бір шынтақ биіктікке (30-40 см) көтерілгені байқалады. Кейбір тұрақты баспаналардың еденіне бөрене, қамыс, ши, немесе сабан төселген делінген. Оның үстіне сырмақ, басқа да киіз төсеніштер немесе мал терілері төселеді деседі. Тағы бір ден қоярлық жағы, ол қола дәуіріндегі тұрғын жайлардың (үй және шаруашылық құрылыстары) *алқа-қотан* үлгісімен орналастырылғаны археология зерттеулері материалдары айқын көрсетеді (Марғұлан, 1959, 60, 63 бб.).

Тағыда үй тұрғызу жағдайда қолданылатын тәсіл, ол алдынала тегістелген жерге үйдің іргетасы ретінде ірі тақта тас төселеді де, оның екі ішкі және сыртқы жақтары тігінен тақта тас қойылады, ал төселген тастардың үстіне ұзына бойы ағаш жиектеме салынып, оған шатыр төбенің ағаш сырғауылдары тіреліп қойылады. Төбежабынның ортасы бірнеше ағаш діңгектермен тіреліп, үсті

камыспен жабылған. Мұндай құрылыстың сырт пошымы киіз үйге ұқсайды (Агапов, Кадырбаев, 1979, с. 52).

Ботай мәдениеті заманындағы тұрақты үй құрылысы үлгілері жайында археологиялық зерттеу материалдарынан кездестіруге болады. Ботай мәдениетінің құрылысшылары тұрақ жай тұрғызу ісіне балшық, тас, ағаш қолдануды машықтанып алғандары байқалады. Үй құрылысының қабырғасының ірге табанын салуға, алдымен бір метрдей қазаншұңқұр қазып алады. Содан кейін, үйдің сфераконустық және шатыр күмбезді төбежабындысы бар, ұзындығы 3-4 м., бөренелермен және сырғауылдармен қалап шығу ең жауапты іс болған сияқты. Көлденең жатқызып өрілген ағаштың биіктігі 12-16 қатардан тұрған екен. Сондықтан, төбеліктің іш жақ еңсесі 3-4 м. биік болған. Ал, қазаншұңқырда орналастырылған қабырғаның биіктігі 1,40-1,50 м. құраған жәнәмұндай баспана үлгісінің шошақ күмбезді ағаш төбежабыны еш бекіткішсіз, шегесіз тұрғызылған болған (Зайберт, 2009, с. 271).

Жалпы бұл тұрақты баспаналарды археологиялық қазба жұмыстарының материалдары нәтижесінде сипатталып қайта жаңғыртып қалпына келтіруге қарастырған жағдайда, олар қазақтың дәстүрлі *белдеу үйі, қамба, төбелітам, шошақ күмбезді шошала* құрылыстары іспеттес болып келетіндері шынайлық деуге болады. Тұрақты баспана тұрғызу ата-бабаларымыздың ертедегі жеркепе, жертөледен бөлек, жер үстіне салынған үй-жай құрылыстарының алғашқысы киіз үй пішініне ұқсайтын болып, ол *шошала* деп аталған екен. Қазақ ғалымдарының ғылыми еңбектерінде – қазақтардың қыстыгүні тұратын үйлерінің көбісі киіз үйдің формасын сақтаған дейді. Олардың өте ертедегі үйлердің бір түрі *тошала* деп аталатын болған (Марғұлан, 1959, 68, 79 бб.; Жәнібеков, 1995, 40 б.).

Шошала – киіз үй іспеттес шеңберлі келген, бір бөлмелік, шошақ (конус) төбелі немесе домалақ күмбезді баспана құрылысы болған. Мұндай, *шошала* баспана түрі тал-шыбықтан *шарбақ* тоқып немесе *ағаш, шым, тас, қамыс, саман, пахса* қолжетімді құрылыс материалдарды қолданып тұрғызылатын болған (Марғұлан 1959, 76 б.). Айта кетерлік жайт, Жетісу өңірінде үй-жай, қора-қопсы құрылыстарына балшық басып, оның інін қандырып қолмен жұмырлап соғылған жұмбаз, жұмыр кесек алдында айтылған «*пахса*» дегеніміз – *қойбас* деп аталады (Культура и быт казахского колхозного аула, 1967, с. 96).

Ал, киіз үй іспеттес тал-шыбықтан дөңгелете шарбақтап тоқылған шошаланы *шарбақ үйі* деп те атай береді. Орманды, ағашы баршылық мол жерде, бөренелерден қиюластырып, төртбұрышты немесе алты бұрышты *шошала* тұрғызатын болған. Қамыс, шілік немесе жіңішке шыбықтан айкастырып тоқылған және іші-сырты саз балшықпен сыланған тұрақты шошаланың құрылысын *доғара* деп те атайды. Бұлардың да шошақ төбесі буылған қамыспен жабылған. Кейіннен, шамамен XVIII-XIX ғғ. *шошала / тошала* тұрғын үй күйінен ауысып, тұрмыс-тіршілік шаруашылығына арналған етқана, омақа, ас-тағам немесе құрал-сайман сақтайтын құрылыстардың қызметін атқаратын болған (Джанибеков, 1982, с. 9).

Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өңірлерінде көбінесе қаңқасы ағаш сырық-сырғауылдан тұрғызылып, оның аралығы *қойбаспен* (жұмбаз, пахса) немесе *шоммен* (бауланған қамыс) толтырылып салынады. Сонан соң қабырғалардың іші-сырты сабан қосылған балшықпен сылақтанады.

Солтүстік және Орталық Қазақстанда малқоралар тұрақты баспаналармен қосалқы тіркестіре салынатын болған. Кейіннен бұл тұрақты баспаналар, қыстың орасан суық болатынына байланысты, қора жағынан бір есіктен кіретін үлкен қыстау құрылысына айналған. Мұнда тұрғын үй мал қоралардан *сенек* арқылы бөлінетін болған. Мысалға, Павлодар уезінде XIX ғ., Ресей патшалығы отарлау саясаты барысында, қаруландырылған орыс казактары басып алған жерлерде өздерінің қоныстарын (станица) тұрғызып алғаннан соң, жергілікті қазақ халқы, тек қыстауға ғана құқылы болған. Кейбір қазақ ауылдары мал жайылымы үшін Ертіс жағалауындағы орыс казактарының жерлерін күздеу, көктеулік жайылым үшін жалға алып отырған.

Күздеуде қыс түскенше отырғандықтан мұндай уақытша баспананы *келте қыстау* деп атаған. Тағы бір уақытша тұрғызылатын тұрақты үй *қақыра* деп аталады. Қақыраның қабырғаларын көтергенде төрт бұрышынан бағана орнатып, олардың аралығын көлденеңінен белдеу сырықтарды байлап бекітіп қояды. Мұндай құрылысты бой қамысты откөрмелеу арқылы тоқып немесе бағаналардың аралығына тігінен тізіп бумалап, белдеуін талмен, әлде шілікпен бұрап, іші-сыртын *сабан* немесе *шөп* және *жылқының бопайын* саз балшыққа қосып, сылаған соң әктейді. Мұндай сапалы сылақты жауын-шашында езіліп кетпейді де, әрі жарылмайды. Жалпы мұндай қоспа сылақты қолдануы түркі тілдес халықтарында жиі кездеседі

Тұрақты баспананың ең кеңінен тараған *шым үйі, соқпа там, саман үйі, ағаш үйі, тас үйі* немесе *үйтас* аталатын түрлерінің құрылысында өзіндік ерекшеліктері бар (Тәжімұратов, 1977, 22 б.). Мысалға, көшпелі ортада тұрақты қыстық мекенжайлардың – *жертөле, жеркепе, жер үйі, қазба*

үйсекілді баспана түрлері, адам бойынан асыра, қазаншұңқыр қазылып төбесі ағаш, тал, бұта, шым, топырақ төсеп жабылады. Ал, қолданған құрылыс материалдарына қарай аталатынағаш үй, балшық үй, жаң үй, шым үй, тас үй, саман үй, соқпа немесе ұрма там, кірпіш үй, шарбақ үй, доғара, шом үй (қамыс үй) дейтін түрлері болған. Сазды топырақты суға езіп иіні қандырылған лай балшықтан соққан үй соқпа там немесе жаң үйдеп аталады. Соқпа тамның қабырғаларын тұрғызғанда, балшықты қорама қалыпқа (опалубка) салып ұрып соғу үшін «соқпатас» (тоқпак) деп аталатын құралды қолданады.

Мысалға, Батыс Қазақстан облысының Жаңа Қазан ауылында, XIX ғ. Жәңгір ханның әйелі Фатиманың тапсырысы бойынша, бір қабатты және екі қабатты үйлер салынған. Бұл үйлердің құрылымы өзіндік ерекшеліктермен тұрғызылғаны анықталды. Қалың соқпа қабырғалары іретасынан бастап, яғни қабырға қаландысының төменінен жоғарыға қарайағаш байламдармен (аралығы 80 – 100 см.) шегенделіп бекітіледі де, үйдің сырты сол шеген байламдар арқылы, ағаш тақтаймен қапталған. Сондай-ақ, төрт құламалышатыр төбежабынына да тақтай төселген. Сол заманның мұндай тұрақты үй құрылысы үлгілері бүгінгі күнге дейін қаз қалпында, біркелкі бой көтеріп тұр.

Қазақтың халықтық дәстүрлі құрылыс мәдениетінде тұрақты баспаналардың архитектуралық-жобалау шешімдерінің бірнеше үлгілерін, яғни қоржын үй, тоқалтам, тіркеспе, балаханалы үй және т. б. кездестіруге болады. Мысалға, тұрақты үйдің екінші қабатындағы балалардың тұратын бөлмені балахана деп атайды (Оңдасынов, 1974, 44 б.). Оңтүстік өңірінің қазақтары қос қабатты, балконы бар тұрғын үй ғимаратын балаханалы үй дейді. Сондай-ақ, балконы бар қос қабатты үйдің үлгісі, Қазалы қаласында тұрғызылған. Оны осы аталмыш қаланың тұрғыны Ғани бай өз отбасына салғызған дейді (Джанибеков, 1990, с. 230). Мысалға, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Қарнақ ауылының тұрақты баспаналарындағы бір бөлмесіекі қабатты қылып тұрғызылып, төменгі бірінші қабаттағы бөлме қойма ретінде, ал жоғарғы бөлмесі балаларға арналған көрінеді (Жилина, 1982, с. 145). Түркітілдес қырғыз, өзбек, әзірбайжан, түркімен және т.б. халықтарының құрылыс мәдениетінде, балконы бар қос қабатты үйдің жоғарғы қабатын балахана, дейді, ал ғимараттың өзін балаханалы үй деп атайды (Қырғыз, 2016, с. 161; Туркмены, 2016, с. 234; Азербайджанцы, 2017, с. 266, 660).

Айтарлық, XIX ғ. соңында, құрылыс шебері, торғайлық Аймағамбет ұста (1845–1918) өзіндік ерекшеліктерімен әсем, әрі күрделі тұрғын үйлер салуымен өмір кешкен. Ол, Торғай өңіріне танымал болған ұста, өз қолымен кірпіш соғуды, оны күйдіруді жан-жақты жақсы меңгерген кәсіпқой шебер болған. Ел ауызы айтуынша, ол шымнан, саманнан (қам кесектен), күйдірген кірпіштен тұрақты үй-жай, тағы басқа да ғимараттар салумен айналысқан. Соның бірі, бай қазақ Мұқаметжан Бүркітовке, 1912 жылы, Қоғалыкөл қыстағына, күйдірілген кірпіштен салып берген тіркеспе, бүгінгі күнге дейін сақталған күйінде, аудан орталығы Амангелді ауылына көшіріліп қалпына келтірілгеннен соң, сол қалпында бой көтеріп тұр. Бұл аталмыш үйде, 1916 ж. қараша айында, ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының кеңесі шешімімен (Әбдіғаппар Жанбосынұлы және тағы басқалары), Амангелді Иманов «сардар» шеніне сайланған. Аймағамбет ұста, бүлтір кеспені шикі кірпіштен тұрғызып, оның сыртын күйдірілген кірпішпен көмкеріп (кірпіш соққан да, күйдірген де ұстаның өзі) тұрғызғанда құрылыстың сыртқы бұрыштарын пилястралармен, ал қабырғалардың ортасын пилондармен әсемделгені белгілі. Ал, қабырғалардың сыртқы бұғаттары оймышты қалыппен құйылған өрнекті кірпіштерден құрастырылған құр үйлесімін тапқан, ол оймыш қышпен әрлеуді бұғаттама құр белдеулері деп аталады (Жәнібеков, 1995, 49, 55 б.; Шайкен, 2010, с.175).

Сондай-ақ тұрақты үй-жай құрылыстарының үлгілері, Ұлытау өңірінде Бозтұмсық ауылы маңында орын тепкен қыстауда Қасен Қасқабайұлының табиғи тақта тастан тұрғызылған тіркеспе үйі және негізгі құрылымы шикі кірпіштен өріліп, оның сырты күйдірілген кірпішпен көмкерілген Қалманбайдың үйі. Тағы бір тұрғынжай үлгісі, XIX ғ. белгісіз құрылысшының соққан Ахмет пен Сәдібектің үйі тастан қаланып, ал қабырғаның сырты күйдірілген кірпішпен қапталған көрінеді (Жәнібеков, 1995, 44,53 бб.).

Кейбір өңірлерде, үй қабырғасын балшықтан соғу үшін тақтайлардан құрылатын жақтаулардан қабырға қалып (опалубка) жасап, ішіне батпақ құйып, тұтас бітеу қабырға тұрғызып жасалатын үйдіде балшық үй немесе жаңүйдеп те атайды. Жаң үй – баспана құрылысында саз балшықтан жұмарлап қалыпсыз соққанүйдің атауы. Топырақпен сабанғасу құйып иленген батпақ, лайды төртбұрышты қалыпқа құйып дайындалған кесек кірпіш саман кірпіш (қамкесек, кесек, шикі кірпіш) деп аталады. Саманкесек немесе шикі кірпіштен тұрғызылған тұрақты жай құрылысы саман үй деп айтылады. Айта кетерлік жайт кейде, саман үй дымқыл тартпас үшін, оны көтермей тұрып, алдымен қабырға енімен бірдей, ұзына бойы ор (траншея) қазып оның ішіне қамыс төселеді, сонан соң қана кірпіш қалау жұмысы басталады.

Сарыарқа қазақтарының қыстаулары ашық жазықта болғандықтан қыстың қатты дауылды бораншашындарынан қорғау үшін тұрғын үйлерін және малқораларын дуалмен қоршаған. Қатты боранда

қыстауларды қар баспайтындай әрекет жасап, дуалды шымнан, кесектен соғып, тасты жер болса тастан, орман-тоғайлы жерде ағаштан, өзен-су бойында қамыстан тұрақты әрі күрделі етіп салған. Кейде, құрылыс материалдарын дайындау қиынға соғатын болса, ол кезде уақытша дуалды қардың өзімен қалап шығады. Қазақстанның кейбір аймақтарында Ү. с.-мен қатар дуал құрылысын басқа *шым, тас, саман, т. б.* қол жетімді құрылыс материалдарын пайдаланып көтерілген қоршауларды көне түркі заманнан бері *там* деп атайды (ДТС, 1969, с. 529; Қартаева, 2015, 208 б.).

Қазақтың дәстүрлі тұрақты тұрғын үйлері қос бөлмелі – *жабы* немесе *тоқалтам*, үш бөлмелі – *қоржын үй*, ал бөлмелері тіркестіре орналастырылып салынғандар – *тіркеспе* деп аталады (Жәнібеков, 1995, 52 б.). Үш бөлмелі, кіреберісі ауз үйден тұратын оның екі жағындағы жеке бөлмелері бар «қоржын үй», кейде шаруашылық және тұрмыстық ыңғайына қарап мал қорасы, омақа қоймалары қосалқы тіркестіріле салынады. Итарқалы төбежабыны бірге тұтас жабылады. Қоржын үй тұрғызу үшін құрылыс материал ретінде *шым, саман (шикі кірпіш, қамкесек деп те атай береді), тас, ағаш, қамыс, тал т. б.* қол жетімді материалдарды пайдалана береді. Үй қабырғаларының сырты саз балшыққа жылқының бопайы қосылған сылақпен сылайды. Одан кейін әкке (известь) тұз қосып әктеледі. Ал үйдің іш жағына саз балшыққа қазоты қосылған сылақ қолданылады, сонан соң әктеледі. Сонымен қатар Ертіс бойының қазақтары қара күзден бастап отыратын келте қыстау сияқты қам кесектентұрғызылған *белдеу үй* деп аталатын қыстық баспаналарында тұратын болатын (Қартаева, 2015, 206 б.).

Жалпы қазақтың қыстауында тұрғызылған төбесі итарқалы немесе итарқасыз жайпақ (жалпақ) аласа тоқалтамды, қоржын үйді, тіркеспені *қазақы үй* деп атайды. Баспана салу ұғымы *үй соғу, там соғу* деген синонимдермен айтыла береді. Кең мағынада *үй-жай* ұғымы тұрақты баспана мен *қора-қопсы, қамба, омақа, түнек* сияқты қосымша құрылыс нысандары да айтыла береді. Қыстаудың құрамындағы жабық *мал қоралар, лапастар* мен *қамбалар*, тұрақты ауылдардағы әр отбасының меншігіндегі құрылыс кешендері (*тұрғын үй, қора, қамба, омақа,*) *қыстақ* ұғымымен ұштасады.

Қазақұлт мәдениетінде, тұрақты баспана тұрғызу ісі, ежелгі заманнан бері жалғасып келе жатқанхалықтық дәстүрлі құрылыс өнерінің құрайтын бөлімі болып табылады. Қазақ даласында қолжетімді құрылыс материалдары ретінде *шым, қамыс, табиғи тас, ағаш, тал, сазбалшық, ақ балшық (известь), табиғи гипс ганыш (алебастр), саман (қам кесек немесе шикі кірпіш),* күйдірілген қызыл кірпіш (*қыш*) және т.б. пайдалы заттарды, қазақы ортада қолдануы байырғы заманнан бері қалыптасқан еді. Құрылыс ісінің шеберлері, оларды өндеп қажетіне ұқсатуды ерте кезден-ақ игерген. Баспана тұрғызу құрылысында қабырғалар қаландысы түрліше әдіс-тәсілдермен өріледі – «екібасар», «өріп қалау», «сүкпа», «оймыш қалау», «таңдай тіс», «қызып қалау», «кертпеш», «дандана», «ара тісі», «бұғаттама құр» т.б. Қазақ құрылысшылары түрліше қалыппен күйылған және күйдірілген кірпіштер өрнектермен безендіріп, жазулар жазып, үй, кесене, мешіт, медресе, сардоба және т. б. құрылыс нысандарды әрлеп, барынша жетілдіріп білді (Меңдіғұлов, 1959, 159 б.; Шайкен, 2009, с.110).

Қазақтың дәстүрлі тұрақты баспана құрылысында төбесі итарқасыз немесе шатырсыз жайпақ салынған аласа, жатаған үй – «*жабы*» деп аталады. Тіпті, тұрақты баспана орнына пайдаланған жұпыны кепені, шағын кішкене келген лашықты – «*заңдем*» деп те атайды (ҚӘТІС, 2007, 498 б.; ҚӘТІС, 2007, 77 б.). Көбінесе қазақтың қыстауындағы үй төбесінің арқалығы (белағаш, мәтке, қары) көтеріңкі келтіріп, үстіңгі жазық келген төбесін көтеріңкі итарқалап жасалмаған үйді *тоқал там* немесе *жабы* деген атаулар қалыптасқан. Бұлардың есік табалдырығы биік құрылған, қарын керілген тар терезе, ұзын мұржалы пеш немесе тандыр ошақты тұрғын жай үлгілерін ХХ ғ.-дың 60-70 жж. дейін қазақ ауыл-қыстақтарында кездестіруге болатын.

Ғасырлар бойы малшылықпен айналысқан ортада қыстау тұрғызу қазақ өзінің тұрмыстық шарушылығына ыңғайлап, отбасымен жайлы тұратындай лайықтап баспананың кіреберісі дәлізден басталса, одан ауыз үй немесе оттық үйден өтіп, жатақ үйден кейін қонақ үй жалғасып жататын бөлмелері тіркестіре салатын болған. Саз балшықтан жасалатын – *шикі кірпіш, соқпа, саман кесек* сияқты құрылыс материалдардың мықтылығын арттыру үшін *ешкінің майы, сабан, жылқының бопайы, қазоты* қоспа ретінде қосып араластыру әдіс-тәсіліерте заманнан бері қолданылып келеді (Валиханов, 1961, с. 290). Егер үй еденін қалың сылақпен сылақтайтын болса, онда саз балшық лайға ағаш күлін қосады, ол ылғалданудан, яғни гидроокшаулау ісін атқарады.

Баспана тұрғызу ісінде, Сыр бойының қазақтары қолжетімді шикізат ретінде топырақ, қамыс, шым, ши, сабан, және т. б. пайдаланады. Ал, үйдің, қора-қопсының төбежабынына, бағана, дiңгек сияқты тіреулерге өзен жағалауында өсетін ағаш, тал-шыбықтарды жұмсаған. Сарыарқаның Торғай, Ұлытау өңірілерінде үй немесе басқа құрылыстарды тұрғызғанда негізгі қабырға құрылымы шикі кірпіштен оның сырт жағы күйдірілген кірпіштен қапталып екеуінің қаландысы бірге қатар жургізіледі (Шайкен, 2006, с.180).

Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы орман-тоғайлы өңірлерінде үй құрылысына ағаш қолданады. Құмдауыт, шөлейт және ағаш тапшы жерлерде саз балшықтан *соқпа там* және *саман кесек* құйып немесе *қойбас* соғып тұрғын үй тұрғызатын болған. Көбінесе, мұндай жерде ағаш тапшылығынан үйлердің төбелері күмбезделіп шығарылатын болған. Ал, ағашы мол орман-тоғайлы жерлерде, әсіресе Алатау, Алтай қазақтарыбөренелерді қиюластырып ағаш үй өріп, әрі *дүкен*, *шарбақ үй*, *белдеу* үйлерді де тұрғызып білген. Олар, ағаш үйлерінің төбе жабындарын тақтайдан, екі немесе төртқырлы шатыр құрастырып жабатын болған.

Көбінесе қазақтың тұрақты баспаналарының төбежабындары *«итарқа»* түрін қолданатын болған. Итарқалы төбежабынның екі жақты құламалары жақсылап, жауынның, қардың суы өтпегендей қалың сыланады. Төбежабынның сылағы, жаун-шашыннан езіліп кетпес үшін саз балшыққа жылқының бопайын қосып, жақсылап илейді де, төбенің үстін қалың қылып сылайды. Қазақтың қыстағындағы тұрақты үйлерінің негізгі типі, ол екі бөлмеден тұратын итарқалы *қоржын үй* болып табылады. Мұндай, қоржын іспеттес тұрақты баспананың бөлмелері *ауыз үй* және *қонақ үйден* тұрады. Екі бөлмені қазандықтың *«қабырға-мұржасы»* бөліп тұрады. Бұл қабырға-мұржаның бірнеше көлденең құрылған (2-3) айналым құдығы болады да, мұржаның түтіндік мойны төбе сыртына, биіктеу шығарылып қойылады. Айтарлық, оңтүстік өңірлерде тұрақты баспанаға қосалқы *бастырма* ретінде *айуан* (айван) салынады (Меңдіғұлов, 1959, 155 б. Акишев и др. 1981, с. 141).

Қазақ мәдениетінде ертеден қалыптасып келе жатқан салт-дәстүрлерінің бірі ол, күрделі ауыр жұмыстар атқарудағы көпшіліктің беретін көмегі ретінде *асарға шақыру* немесе *асар салудейтін* шара түрі қалыптасқан. Қазақстанның кейбір өңірлерінде мұндай ұжымдық көмекті *Үме* деп те атай береді. Асарға шақырған адамның жақын туған-туысқандары, көршілері және т.б. ауыл жігіттері жиналып, тұрғын үй көтеру ісіне көмек ретінде, кірпіш соғудан бастап, келесі жолы үйдің қабырғасын қаласып, сонан соң итарқалы немесе шатырлы төбежабынын жауып, яғни ең ауыр күрделі шаруаларды тындырып беретін болған (Қартаева, 2015, 208 б.).

Әдетте, үй салудың алдында, қазақы дәстүрдің бірі ол құрылыс шаруасы *құрбандық шалудан* басалады. Ал құрбандыққа шалған малдың сүйегі табалдырықтың астына көмілетін болған екен. Ежелден бері, ислам дініне дейінгі наным-сенім рәсімдері бойынша қазақ халқының үй салу жұмыстары *құрбандық шалумен* басталады. Қазақы ортаға сол заманнан ауысқан әдет-ғұрпымен мал (жылқы, қой) сойылады да ырымдап, құрбандық ыдысқа ақ (қымыз, сүт) құйып қойылады. Ал, үй төбесін көтеріп, арқалық салғанда оған құрбандыққа шалған мал қанын жағады да, ырымдап дастарқан жайады (Тәтіғұлов және басқалары, 2000, 28 б.).

Қазақ үй құрылысының өзіндік ерекшеліктері қалыптасып, халықтың көші-қон (көктеу-күзеу) өмірімен тікелей байланысты болған. Сонымен бірге қыстақ тұрғындарының қолайлы үй-жай тұрғызуының даму үрдісіне жағдай еткені даусыз. Айтарлық, XIX ғ. соңында – XX ғ. басында қазақтың Ресей патшалығына отар болған кезде салынған тұрғын үйлер, мектептер, гимназиялар, вокзалдар, сауда орындары, шіркеулер және т.б. сол заманда тұрғызылған еңселі сәулет құрылыстары *«отарлық архитектурасы»* деп аталады дейді құрылыс мәдениеті тарихын зерттеген ғалымдар мен мамандар (Шайкен, 1999, с. 51).

Әдебиеттер

- Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. Алма-Ата: «Жалын», 1979. 252 с.
- Азербайджанцы / отв. ред. А. Мамедали, Л. Т. Соловьева ; Ин-т этнологии и антропологии им. Миклухо-Маклая РАН ; Институт археологии и этнографии НАН Азербайджана. – М. : Наука, 2017. 708 с.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1981. 343 с.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. (Ред. колл. К. И. Сатпаев и др.) Т. I. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1961. 777 с.
- Геродот. История в девяти книгах. Пер. Г.А. Стратанского. М.:1972, 600 с.
- Джанибеков У. Д. Эхо... По следам легенды о золотой домбре. Алма-Ата: Өнер, 1990. 304 с., ил.
- Джанибеков У.Д. Культура казахского ремесла. Алма-Ата: Өнер, 1982. 144 с.
- Древнетюркский словарь. Л.: «Наука», 1969. 676 с.
- Жәнібеков Ө. Жолайрықта. Алматы: «Рауан» 1995. 112 б.
- Жилина А.Н. Традиционные поселения и жилище узбеков Южного Казахстана // Жилище народов Средней Азии и Казахстана. М.: «Наука», 1982. 240 с.
- Зайберт В.Ф. Ботайская культура. Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. 576 с.
- Культура и быт казахского колхозного аула. Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1967. 304 с. илл.

- Кыргызы / отв. ред. А. А. Асанканов, О. И. Брусина, А. З. Жапаров; Ин-т этнологии и антропологии им. Миклухо-Маклая РАН; Ин-т истории и культурного наследия НАН КР. М.: Наука, 2016. 623 с.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том / Құраст. Б. Әбілқасымов, С. Бизақов, Ә. Жүнісбеков және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. Д – Е. 752 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том / Құраст. Б. Момынова, Б. Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т. б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. Ж – К. 752 б.
- Қартаева Т.Е. Сыр өңірінің дәстүрлі этнографиясы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. 448 б.
- Марғұлан Ә.Х. *Ерте дәуірдің архитектурасы //Ә.Марғұлан, Т.Бәсенов, М.Меңдіғұлов.* Қазақстан архитектурасы. Алматы: Қазмембаспасы, 1959, 216 б.
- Меңдіғұлов М.М. Қазақстан архитектурасының ХІХ ғасырдағы және ХХ ғасырдағы бас кезіндегі сипаты жөнінде. Қазақстан архитектурасы. Алматы: Қазмембаспасы, 1959. 216 б.
- Монте П. Египет Рамсесов. Повседневная жизнь египтян во времена великих фараонов. Пер. с франц. Ф. Л. Мендельсона. Послел. О.В. Томашевич. М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1989, 376 с.: ил. (По следам исчезнувших культур Востока).
- Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: «Қазақстан», 1974. 384 б.
- Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: «Қазақстан», 1977. 96 б.
- Тәтіғұлов Ә.Ш., Тәтіғұлов Ә.Ә., Тәтіғұлов А.Ә. Архитектура мен жобалау негіздері. Бес томдық, II том. Алматы: «Рауан», 2000. 465 б.
- Туркмены / отв. ред Н. А. Дубова; Ин-т этнологии и антропологии им. Миклухо-Маклая РАН; Ин-т истории АН Туркменистана. М.: Наука, 2016. 635 с.
- Шайкен Ж. Памятник национальной истории // «Отау». 1999. №1.
- Шайкен Ж.А. Некоторые результаты исследования памятников архитектуры Торгайской степи // Арало – Каспийский регион в истории и культуре Евразии. Материалы международной научной конференции. Часть I. Актобе: «Принт А», 2006. 240 с.
- Шайкен Ж.А. Орнамент в народном зодчестве средневекового Тараза // VIII Конгресс этнографов и антропологов России: тезисы докладов. Оренбург, 1 – 5 июля 2009 г. / редкол.: В. А. Тишков (и др.). Оренбург: Издательский центр Отау, 2009. 600 с.
- Шайкен Ж.А. Памятники культурного наследия в событиях 1916 года // 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс: тарихы және қазіргі заман. Халық. ғыл.-теор. конф. мат. жинағы. Алматы: «Тарих тағылымы» баспасы, 2010. 183 б.

Zh.A. Shaiken

STRUCTURE OF THE TRADITIONAL KAZAKH DWELLING

This article is devoted to the aspects of scientific research of an early prototypes and traditional types of Kazakhs stationary dwellings. The article discusses the development of construction, the specificity of the use of available materials for housing. An ancient techniques and common types of masonry building materials in the construction of structures as well as the issues of ethnographic traditions and rituals inherent in the national building are also considered.

Н. Уәли

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: csmrk1986@mail.ru

ДАЛА МАЛШЫЛЫҒЫНЫҢ ЭКО-БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Мал шаруашылығы – шаруашылықтың малшылық кәсіппен байланысты саласы. Дала малшылығының, – отырықшы малшылықтан өзгеше, – өзіне тән ұзақ ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүрі болды.

Дала малшылығында төрт түлік ел күнкөрісінің басты тірегіне айналды: төрт түлік кісе, киімі; мінсе, көлігі; ішсе, сусыны; жесе, азығы; тұрса, баспанасы болды. Ұлы дала төсінде алалы жылқы, ақтылы қой өргізу, түйе өсіріп, сиыр бағу, яғни мал шаруашылығын ұйымдастыру ең алдымен қоршаған ортамен үйлесімділік ұстанымына негізделді.

Географиялық фактордың мал шаруашылығын ұйымдастыруда орны айрықша болды. Өйткені жер бедері жазық, таулы, шөлейтті, шөлді, қырқа-қыратты болып, құрамы әртүрлі, соған орай ондай

жерлердің оты мен суы да әрқилы болды. В.В. Радловтың зерттеуінде төрт түлік түрлерінің қазақ жерінің әр аймағында таралу ерекшеліктері жер-су (географиялық) ерекшеліктермен байланысты айтылған (Радлов, 1980, 258). Қырқа, қыратты, төбелі, төскейлі жерлерде *боз, бетеге, тарлау, селең, ебелек* т.б. қыр оттары, шөлейт, шөлді, құмды жерлерде *шеңгел, қоянсүйек, жантақ, жусан, иген* сияқты ащы от, өзен-судың бойында *қамыс, құрақ, өлең шөптер* басым болды. Осындай жер-су бедеріндегі географиялық ерекшеліктерге сәйкес малшы қауым төрт түліктің өрісін айқындап отырды. «*Мал өсірем десең, өрісін тап*» деп мақалда айтылғандай жайылымдық жерді 1) *қой-ешкі өрісі*, 2) *жылқы өрісі*, 3) *түйе өрісі*, 4) *сиыр өрісі* деген өрістерге бөлді. Қой-ешкі өрісі, түйе өрісі қара отты ащы жерлер болса, жылқы ауылдан 20-25 шақырымдай жерлердегі қырқа-қыратты жерлердегі бетегелі белдер тарлаулы, шалғынды жерлер, бұлақты, өзен-сулы, кең өрісте жайылды. Өзге түлік тоқтамай өте шығатын жусан, көкпек сияқты ащы, қара отты жерлерге түйе мен қой-ешкі түлігі бағылды.

Мал шарушылығын ұйымдастыру жұмысында қысы қатаң болғандықтан мал қыстату аса қиын, әрі күрделі болды. Қыстың қаһарынан сақтану үшін ойлы-қырлы, сай салалы жерлер, ондағы өзен-сулы шұбарлы жерлер, – тал, қайың, қараағаш, терек өскен ықтасындар пайдаланылады. Ондай жерлер әсіресе жазы-қысы қора көрмей далада бағылатын жылқы түлігі үшін қолайлы болды. Халықтық ономастикада бұндай жерлер *Шұбар, Шұбарқұдық, Шұбарағаш, Ақтоғай* деп аталды.

Жолдасқар түсіп бекігенше малды күздеуде, қырдың теріскей бетіне жайып, ал күнгейдің жайылымын қыс ортасына сақтайды. Малдың жайылымдық өрісін пайдалануды табиғат құбылыстарымен үйлестірудің бір жолы деуге болады.

Экологиялық фактор. Мал шаруашылығын ұйымдастыруда табындағы төрт түлікті алыс жерге өріс аударып жаю аса қажетті экологиялық шаралардың бірі болды. Өйткені бір жерде жылонекі ай мал жаю екі-үш жылдың ішінде жердің отын жұтатып, жайылымды тұяқкесті жасайтыны, ол жер көп ұзамай-ақ қу тақырға айналатынын малшы қауым жақсы білді. Сондықтан қыстайғы өрісте жүдеу-жадау шыққан малды көктем шығып, күн көтерілісімен көктеуге өріс аудару малбасын шығынға ұшыратпай аман сақтаудың бірден-бір жолы болды. Көктеудегі өрісте көкке аузы ілінген мал көп ұзамай әл жинай бастайды. Көктеуде жердің отына қарай малды ауыл жайлауға жеткенше әр тұста 3-4 қона отырып, әрі қарай көшіп отырады. Оғанға дейін жайлаудың оты да көтеріліп қалады. Жаз жайлаудағы күннен қуат алған жайылымдық жайлау оты малды ерекше нәрлендіреді.

Ойдың сай-салаларындағы шұбарлы, тоғайлы жерлер қақаған қыста аса жайлы ықтасын болғанмен, жаз шілдеде сона, бөгелек, шыбын-шіркей, құмыты көбейіп, малдың еркін жайылуына, жусауына көп бөгет келтіреді. Мал әсіресе шілденің ыстығына көндіге алмай, арықтап та кетеді. Бұндай табиғи жағдайларда малшылар маусымдық мал өрісін тиімді пайдалану үшін ойдан қырға (тауға) қарай қоныс аударып отырған. Малшы қауым шаруашылық ісін ұйымдастыру ісінде, қазіргіше айтқанда метеорологиялық құбылыстарды ерекше ескеріп төрт түліктің бабын тауып отырған. Малшылық ісін қоршаған орта табиғатымен үйлестіре отырып, төрт түліктің санын миллиондаған қыруар тұяққа жеткізген. Бұл жағынан дала мал шаруашылығы әлемдегі малшылықтың озық үлгісі деуге болады. Бұлай дейтініміз қазақы малшылықтың кәсіби деңгейі жоғары болды.

Кәсіби деңгейі жоғары мал шаруашылығы ғана ел ішінің азық-түлікке деген ішкі сұранысын үздіксіз, жеткілікті түрде қамтамасыз етіп отырады. Әсіресе экстенсивті жолмен көбейтілген еті, сүті мол, ыстық-суыққа төзімді жабы тұқымының, қазақы құйрықты қойдың, нар, айыр түйелердің орны ерекше болғанын атап айтуға болады.

Сонымен қатар қазақ малшылары ұзақ жолға, ыстық-суыққа төзімді қазанаттың небір жүйрік тұқымдарын интенсивті жолдармен өсірді. Олар ел аузында адай жылқысы, жағалбайлы жылқысы, Алтай мен Жетісу жылқысы, Есіл, Торғай жылқысы деп аталды. Ат жалын ұстаған әрбір азаматтың бас-басына бірмінер тандаулы жүйріктері болды.

Сонымен бірге жыл сайын көрші елдерге сыртқы саудаға шығарылған жылқы, қой, айыр түйе түліктері елге алуан түрлі қымбат мата, қалы кілем, тандаулы қару-сайман, күйме т.б. болып елдің мәдени-тұрмыстық қажетін өтеп жатты.

Ел ішінде кәрі ауыз қариялардан қалған ескілікті сөздердің бірінде:

Көктеуде мал әл жинайды,

Жайлауда мал нәр жинайды,

Күздеуде мал күрленеді, – дейді.

Қазақ малшысының байырғы өмірден үйренген тәжірибесі, түсінік-танымын модельге салып айтқанда:

1. Көктеудің шөбі жерден ылғал жинап өседі. Көктеудің жайылымына өрген мал сол шөптен *әл жинайды.*

2. Жаз жайлаудың шөбі жерден ылғал, күн көзінен нәр алады. Жайылымдағы мал сол шөптен *нәр жинайды*.

3. Күздеуде күн көзінің қуаты шөптің басына шығады. Сондықтан күздеудің отына жайылған мал шелденеді, шөптің басындағы қуаты майға айналады. Байырғы қазақы түсінікте май – қуат (энергия) көзі.

4. Малдың күрленіп, шелденген қуаты (майы) қыстық жайылымдағы шөптің, күн көзінен алатын қуаты бәсеңдеген кездерде демесін болып, төрт түліктің қаһарлы қыстан аман өріп, көктеуге шығуына мүмкіндік береді.

Дәстүрлі мал шаруашылығында атқарылатын – үйірге айғыр қою, еркек малды піштіру, еркек қозылардан қошқар болатынын таңдап, қалғандарын тарттыру, бойдақ-саяқ малдарды бөлек шығару; қошқарға күйек байлау; қошқарды күйектен босату; нар мен айыр түйелерді будандастыру т.б. биотехникалық шараларды да қазақ малшылары табиғи ортамен үйлестіріп, жыл маусымына қарай жүзеге асырып отырды.

Малды жылонекіай бойы, тәулік бойы қорада ұстап, жем-шөбін қолдан дайындап қолбала қылып бағу отырықшы елдердің мал өсіру тәсіліне жатады. Әрине, бұндай техникалық тәсіл арқылы олардың да қол жеткізген өзіндік жетістіктерін мүлде жоққа шығаруға да болмас. Дегенмен малшылықтың бұндай техникалық түрі малды табиғаттан оқшаулау, экологиялық шектеу тәсіліне жатады.

Ал отырықшылыққа дейін қазақ малшылары меңгерген өріс аудару, мерзімдік жайылымдарға көшіп отыру, әр түлікті жердің оты мен суына қарай өріс-өріске бөліп жаю, сөйтіп төрт түлікті табиғи ортамен үйлестіре бағу – қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығындағы биоэкологиялық тәсіл деп ерекше атап айтуымызға тура келеді.

Мал бағым-күтімінің эко-биотехнологиялық тәсілдері – дала малшылығы дәстүрде төрт түліктің өзгешеліктеріне қарай бағылуы мен күтілу ерекшеліктері. Ежелгі малшы ұғымы мен танымында төрт түлік атаулының бәрі де *шөпкіндікті* болғанмен, жейтін шөбі, оттауы мен жусауы бір емес. Соған сәйкес өрісі де әр басқа. Осындай таным-білімге байланысты болуы керек, – малшы қауым төрт түлікті алдымен *ақ мал* және *қара мал* деп іргелі екі категорияға таптастырған. Бұдан *ақ малдың* – жылқы түлігінің, – *қара малдан*, – түйе, қой-ешкі, сиырдан, – мүлде басқа екені аңғарылады. Дала малшылығында жылонекіай қора көрмейтін, ауыл іргесінен бір-бір жарым күндік қашықтықта жататын ақ малдың бағым-күтіміне тән өзіндік ерекшелік, ал қолда, ауыл маңында бағылатын қара малдың бағым-күтіміне тән өзгешеліктер дала малшылығының биоэкологиялық типін қалыптастырды.

Малдың бағым-күтімі ең алдымен жердің оты мен суына байланысты болатынын малшы қауым жете аңғара отырып, «*мал өсірсең, өрісін тап*» деген ұстанымды негізге алды.

Малшы қауым мал бағымында отын тауып бақпаған малдың жадап-жүдеп кететініне ерекше көңіл бөліп, мал күтімінде пайдаланылатын шөпті *ақ от* және *қара от* деп екіге бөлген. Ә.Диваевтың өз кезінде Жаңақорған қазағы білімдар, парасатты жан иесі Абдолла Ниязовтан жазып алған этнографиялық дерегінде *ақ отқа* (шөпке) *қамыс, мия, бидайық, жоңышқа, ажырық, көде, бетеге* т.б.; ал *ащы отқа* (қара отқа) *сексеуіл, қара барқын, қара сораң, жантақ, күйреуік, жыңғыл, тал, жиде, тораңғы, торғай оты, балықкөз, кекіре, алабота, бозбота, жалмаңқұлақ, бозбас, көкпек, шыртылдақ, шатыр, қызғалдақ, теріскен, дүзген, ақбас, текесақал* т.б. жататыны айтылған (Диваев, 1992, 181, 181-182).

Қара малдың бағым-күтімі. Ақ от, оның ішінде әсіресе *бетеге, тарлау, ажырық, бидайық, жоңышқа* жылқы түлігінің сүйсініп жейтін шөбі. Жылқының «*бетегелі белге бітемін, найза ұстаған ерге бітемін*» дейтін серті осыны меңзейді. Ал қара мал, әсіресе қой мен түйе ақ отқа тоқтамайды. Ақ отты азықсынбаған қара мал (түйе мен қой) тұзсырап, бағымы келіспегендіктен, арықтап нашарлай береді.

Көктем кезінде түйеші *иреуік*, қыстаулы жердің көң-қордасында жиі өсетін *қара сораң* сияқты улы шөптерден қатты сақтанады. Өйткені ондай өсімдіктерден түйе малы тез уланады.

Көктем айларында түйе малы үшін улы шөптер жаз ортасы ауа Үркер жұлдызының таңғы тууынан кейін (22-24 маусым) жеуге жарамды болады. Түйе бағымы мен күтімінде әсіресе ақпайтын іркінді сулар да Таразы жұлдызы туып, таң суығанша аса зиянды көрінеді. Жаздың ыстық аптап күндерінде құмыты сияқты шыбын-шіркейлі жер түйенің тыныс жолдарын ауырлатып, өкпеге шауып, дертке ұшыратады, түйеші келесін бұндай кезде түнгі жайылымға шығарады.

Қой түлігінің бағым-күтімі ертеден қара кешке дейін қой соңында жүріп тынымсыз еңбек жұмсауында ғана емес, «қойшының айтқанын хан да тындайды» дегендей, оның малшылық дәстүрде жинақтаған тәжірибесімен, кәсіби білімдарлығымен де байланысты.

Қойшы таң атар атпастан қойын жайылымға өргізеді. Өйткені қойшының таным білімінде жусан жаз шілдеде ылғалды құрғап жатқан жерден емес, күн қызбай тұрған шақта таңғы ауадан алатын көрінеді. Ондай таңғы шықтың оты қой түлігі үшін айрықша жұғымды көрінеді.

Қойдың бағымы мен күтіміне қанық қойшының айтуынша, қойдың төбешік жерлердегі, етектегі өріс оты көрер көзге бірдей көрінгенмен, биіктеу жердегі жусанның дәмі ащы, иісі өткір сезілетін, ал етекке таманғы жусан көкшілдеу болып, дәмі мен иісі бәсеңдеу болады. Мал бағымына қанық қойшы бір мезет етектегі көк жусанға қойын өргізіп, тұщылатын алатын көрінеді.

Жайылымдық жерді жіті бақылай отырып, қойшы алдындағы түлігіне зиянды, жағымсыз *шытыра, садақ көделі* жерді айналып өтеді, жайылымның ерекшелігіне қойды үйіріп жаюдың, қаптата жаюдың, дөңгелете жаюдың тәсіл-әдістерін тиімді қолданып отырады.

Ауыл іргесіндегі өріс қысқа қарай сақталып, оғанға дейін қой аяғы жетер жердегі жайылым пайдаланылады. Ішті, буаз қара малды алыс өріске жібермейді. Қар қалың түскен кездері, М.Шормановтың дерегінде айтылғандай, жылқы салып, қарды бұздырады. Ашылған өріске қара малды жаяды (М.Шорманов, 1906, 2-3)

Қой, түйе, сиыр, сауылатын қойлар, көлік малы, бордақыға байланған мал қолда, қыстауда болады. Қыста малға тұз жалатады.

Қара малдың бағым-күтімі әсіресе қыстың көзі қырауда малшы еңбегін ерекше керек етеді. Түйе, қой-ешкі, сиыр түлігі қысы-жазы қолда болғандықтан, жыңғыл, қоянсүйек, шеңгел сияқты бұтасындардан ашық қора жасалып, қысқа қарай көң, қи шашылып малға төсеніш жасалады. Сиыр малына да сондай жылы төсеніш жасалып, күтімге алынады. Буаз мал, ішті қойлардың іш тастамауы малшының күш жұмсаған күтіміне байланысты. Қолдағы қара малдың күтімі ортақ болып келеді.

Ақ малдың бағым-күтімінің өз ерекшеліктері бар. Жаздың қапырық ыстығы жылқы малына тым жайсыз тиеді. Маса бұлты, сона, бөгелек жайылымдағы түліктің еркін оттап, жусауына бөгет болады. Маса бұлтынан мезі болған жылқы желдеп, құйрығын қамшылай шапқылап кетеді. «*Жылқының жауы – бөгелек, жыланнның жауы – дегелек*» дегендей, бөгелекті жерде жылқыда тыным болмайды. Бұндайда жылқышы бағымындағы табынын төмендегі шыбын-шіркейлі шұбарлы жерден самалы бар төбеге, қырқа-қыратты жерлердегі жайылымға айдайды. Жылқыны шыбын-шіркей шықпас бұрын таң атар-атпастан өріске шығарады. Бұндайда ерте оттаған түлік ертерек еркін жусайды. Даланың малшылық дәстүрінде қысқа қарай үйір-үйір жылқыны қос шығарып бағу кең қолданылған тәсіл болып саналады. Жылқы – үйіршіл түлік, сондықтан үйір-үйірімен бағылады. Өр үйірдің өз айғыры болады. Бірнеше тәулікке созылған қарлы боран басталар шақта қосағасы жылқышылардың табынын оң-сол қанаты үйіріп қайырмалап жүретіндерін, жылқының соңындағы үйірлердің бөлініп қалмауын қадағалап айдап отыратындарын, ал өзі көсем айғырмен ыққан жылқының басында жүретінін алдын-ала келісіп, кенесіп алады.

Сөйтіп, осындай тәсілмен ыққан жылқыны, бағымдағы мыңдаған тұяқты қар басқан жыра, ой-шұңқыр, жарлы өзекті жерлерге ұрындырмай аман алып шығуы дала жылқышыларының төзімділігі, күш-қайраты, кәсіби біліктілігімен байланысты болды.

Бұл жөнінде В.Я. Бенькевичтің жиырмасыншы ғасырдың басында жазған төмендегідей сөзі ақиқатпен толық үйлеседі: «*Бірнеше тәулікке созылған қатты дауылда, түтеген боранда жылы тамақ ішуді ойламай, ат үстінен түспейтін, қандай қиын-қыстау жағдайда алдындағы жылқысын оңай меңгеріп, өз еркіне бағындыра алатын асқан шебер және мықты қазақ жылқышысымен тіпті мүмкін емес*» (Бенькевич, 1919, 10).

Б.Я. Бенькевичтің осы айтқанын көрсете отырып, Х.Арғынбаев өз зерттеулері мен этнографиялық деректерінде Жылқышы ата атанған Жүсіпбек сынды өткен заманның әйгілі тұлғаларының қаһармандығы мен кәсіби білімдарлығын аша түсетін талдаулары мен нақты деректері дала малшылығын тарихи тұрғыдан ерекше құндылықтар дүниесі деп тануымызға мүмкіндік береді (Арғынбаев, 1969, 58).

Төл күтімі мен тәрбиесінің эко-биотехнологиялық ерекшеліктері – төрт түлік төлдерін күтіп-баптау амалдары. Малшы қауымның тілінде *төл тәрбиесі* деп те аталады. Өр түліктің бағып-қағуда өз ерекшеліктері болатыны сияқты қой, түйе, жылқы, сиыр төлдерін табынға ілестіргенше күтіп-баптаудың өзді өзіне тән ерекшеліктері болады. Төл күтімі барлық түлік үшін *буаздың ішін сақтаудан* басталады. Іш тастамас үшін буаз малды тоңды, сызды жерге жатқызбайды, қатты айдап ентіктірмейді, шөп басына мұздақ сірке қатқан жайылымға өрістетпейді, ашқарынға айдап кеп суармайды т.б.

1. Қозы тәрбиесі. Жаңа туған қозыны алдын-ала дайындалған жылы орын, жұмсақ шөп төселген орынға жайғастырады. Киіз үйдің қанаттарынан құралған жылыжай, жылы қора пайдаланылады. Ішті қойларды көбіне қорада ұстайды, түні бойы малшының бақылауында болады. Қоздаған қойдың қозысын енесіне теліп, уызымен ауыздандырады. Төл төгіні кезінде іші жақындаған саулықтарды

жақын жердегі өріске жаяды. Өрісте қоздаған қойлардың қозыларын қоржынның екі басына салып, күтілетін орынға алып келеді. Шарананың иісін алған сақа саулықтар қозыларынан қалмай ілесіп отырады. Ал алғаш қоздаған тұсақтар өз қағанағынан жерімес үшін оған қозысының қағанағын (шаранасын) әбден жалатып, иіс алдырып үйретеді. Төл төгіні кезінде қозы тәрбиешілерінің істейтін әртүрлі амалдары бар. Қозысынан жерімес үшін енесінің бір шоқ жүнін қозысына байлап қоятын көрінеді. Тағы бір амалда қозысының құйрығына тұз жағып қояды.

Қозы телу амалдары. Желі толмай қоздаған аш-арық саулықтар қозысын аққа жарытпайды. *Ақсыз туатын* бұндай саулықтардың қозыларын сүтті саулықтарға жағызып телиді.

Көгендегі қозылар. Жас қозыларды бастапқы кездерде енесімен өріске жібермей, көгенде ұстайды. Түнге қарай көгеннен ағытылған қозылар енесінің бауырында болады. Төл төгіні аяқталғанда мал иесі қасына мал танушы адамды алып, қозыларды таңдап, еркек қозыларды жиып, жеке көгенге тізіп байлатады. Көгендегі қозылардың ішінен қайсысын қошқар қоюға болатынын іріктеп алады. Қошқар болатын қозының әдетте мұрнынан төбесіне дейін дөңкіл болады. Қойдың кені болатын еркек қозының *Қошқар болар қозының маңдай алды дөң болар, Адам болар жігіттің етек-жеңі кең болар*, – деп мақалда айтылғандай ерекше нышаны болады. Таңертенгісін қой өріске шығарда қайта көгендейді. Көгендегі қозылар біраз марқайып оттыққан соң, көгеннен ағытылып, қозышы баланың қарауымен ауыл маңындағы қозы өрісте бағылады.

2. Түйе төлінің тәрбиесі. Бота туысымен оны жабулап ұстайды. Басқа түліктің төлдеріне қарағанда, жаңа туған бота өте әлсіз болады. Бота туысымен оның тұмсығын, денесін жұмсақ, таза матамен сүртіп тазатып, құрғатады. Жас төлдің кіндігін де сүртіп құрсағынан екі-үш елідей аралықта кеседі де жіңішке жібек жіппен байлап тастайды. Көп жағдайда мал иесінің қолын қажет етеді. Өз бетімен ауыздана да алмайды. Сондықтан мал иесі оны бауырынан көтеріп, қолмен сүйеп тұрып еміздіреді. Емуге қауқары жоқ ботаны енесін сауып алып, уызын аузына құяды. Уыз емген ботаның тоңғағы түспей, қаталап қалмас үшін оған жылқының кесек майын жұтқызып жібереді немесе қойдың шыжғырған құйрығын аузына құяды. Ботаға ене сүтін әбден тойғанынша еміздіреді. Ботаның жақсы өсіп жетіле түсуі үшін енесін суалтпай еміздіре береді. Түйешілердің айтуынша, ботаны төрт сағатта бір еміздіріп тұрады. Тайлағына дейін еметін төлдер болады.

Түйе түлігін баптап күтуде оны алғашқы екі апта уақыттай шимен қоршап, бөгде көздің тиюінен сақтайды. Бота ширай түскен сайын тайрақтап, ойнақтай бастайды. Екі-үш апта шамасында ботаны енесімен бірге ілестіріп өріске жібереді. Өрісте жүріп боталар бірте-бірте отығады.

Тұмса боталаған інген 18 айлығында, ал боталып жүрген інген 7-8 айлығында төлінен ажыратылады.

3. Сиыр төлінің тәрбиесі. Сиыр малының төлдеу мерзімі, шамамен, ақпан мен сәуір айларының аралығы. Сиыр бұзаулар кезінде сарпайы қалындап, одан ақшыл сұйық білінеді, желіні ұлғайыңқырайды. Бұндайда сиырды күндіз аулада ұстап, кешке қарай қораға кіргізеді, өріске жібермейді. Мал иесі мерзімі келген малды түге қарай, таң ата екі-үш мәрте қарап, бақылап отырады. Өйткені енесі төлінің шаранасын жалап отырып, түскен шуын жеп қоюы мүмкін. Ондай сиырдың желіні тартылып, сүті азайып кетеді.

Жаңа туған сиырдың уызын төліне тойдыра емізіп алады, қақтап саумайды. Жас төлді алғашқы күндері шөп төселген жылы орында ұстайды. Дымқыл, ылғалды жерде жас төл *бұзаутаз* ауруына тез шалдығады. Күн жылына бұзау ашық аулада болады. Сиырды сауар алдында бұзауын жіберіп, иітіп алады. Кейде төлін екі мәрте жіберіп *иінді сүт* алады. Оттығып үйренген бұзауды табынға қоспай, ауыл маңындағы өріске жібереді. Өрісте бұзауды ересек бала бағады. Оны бұзаушы бала дейді. Есейіңкіреген бұзаулар еміп қоймас үшін мұрнын тесіп, *сірге тағып* енесімен бірге табынға қосып, өріске жібереді.

4. Жылқы төлінің тәрбиесі. Жылқы түлігінің жаппай құлындайтын мезгілі – көбіне көкек-мамыр айларының аралығы. Қолдағы қолбала биелерден басқа табындағы биелер ашық далада құлындайды. Бие құлындасымен құлынның қағанағын жарып, *«аузын үрліп, тұяғын сүрліп»* дегендей, аузын үрлеп, аяқтарын қу шөппен сүртіп, шаранасынан тазартады. Жылқы төлі басқа түліктерген қарағанда тез аяқтанып, енесіне еріп кетеді. Құлыншақ көп ұзамай-ақ енесінің бауырында жүріп тез отығады.

Құлынның құлыншақ кезіндегі құлақ ішінің бозғылт майда түгі бірте-бірте қарайып, қарақылшықтанады. Биелер көктемде құлындап болған соң, құлындары қарақұлақ болғанша енесінің бауырында жүреді. Ондағысы құлындар енесін еміп тойынсын, қоңды болсын дегені. Әдетте сауылатын биенің құлыны қарақұлақтанған соң желіге байланады. *«Болар бала бесігінде бұлқынар, болар құлын желісінде жұлқынар»* дегендей, алғашқы кезде *қытығы алынбай* бұла жүрген құлын желі тәрбиесіне көндікпей бұлқынып, асаулық танытатыны болады. Сондықтан желі қазығын қатты

ағаштан сыртқа қарай шалқайта мықтап қағып, құлынның нокта жібін тұқырта байлайды. Үш-төрт күнде асау құлын жуасып, желіге көндіге бастайды.

Жылқышы, малшылардың айтуынша, құлын, жабағы сақау індетіне шалдыққыш келеді. Танау қуысында бітеу жара сияқты бөрткен пайда болатын көрінеді. Жылқы төлін жазда көлеңкеде, күн суыта жылы қорада оқшаулап ұстайды. Кәнігі мамандар халықтық ем-домын жасап, айрықша күтімге алады.

Қозы-лақ бағу – сауылатын қой-ешкі төлдерін енелерінен бөліп басқа жайылымдық жерде жаю. Сауылып жүрген енелерін еміп қоймас үшін қозы-лақ бөлек екі-үш айдай ауылға жақын жердегі өрісте бағылады. Ондай отты-сулы, саялы жайылымды *қозы өріс* деп атаған. Ал саулық, бойдақ қойлардың өрісі ауылдан қашықтау бөлек жерлерде болған. Ондай қойлар өріске ерте айдалып, қозы-лақ жайылымға олардан соңырақ шығарылған. Малшылық тұрмыста қолданған бұндай тәсіл өрісті тұяқ кесті қылмай экологиялық жақтан тиімді пайдалануға да мүмкіндік берген. Ауылға жақындау жерде болғандықтан қозы-лақ жаюға көбіне ересектеу балалар шыққан.

Қозы-лақ бағудың тағы бір тәсілі *қозысыбай* деп аталған. Енесінен бөлінген қозы-лақтарды көрші ауылдың бөтен саулықтарына қосып бағады. Ал көрші ауыл қозыларын өз ауылының саулық қойларына қосып жаяды. Өйткені бөтен қозыны енесі бауырына алып емізбейді. Қозы-лақ бағудағы қозысыбайластыру көбіне көш жолдарында, ел жайлауға шығар жолда қолданылған (С.Толыбеков, 1971, 321).

Өйткені көш жолдарында шөбі шүйгін, бастау-бұлақты жерлер кездесіп отырады. Ондай жерлерге қойлы ауылдың көші екі-үш күндей аялдап, отына малын жайып біраз уақыт еру болып көшеді. Көштің бұндай кездерінде қозы-лақтарды қозысыбаймен бағу тиімді болатыны белгілі. Оның үстіне жайлаудың оты жетіле түседі. Қозы-лақ бағудағы қозысыбай тәсілін дәстүрлі малшық өндірісіндегі тиімді биотехнологиялық тәсілдердің бірі деп тануға болады.

Әдебиеттер

Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. Алматы, 1969. 170 б.

Бенькевич Б.Я. Животноводство в Тургайской области и его экономическое, хозяйственное значение для населения. Оренбург, 1919.

Диваев Ә. Тарту. Алматы: «Ана тілі», 1992. 259 б.

Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. Главная редакция восточной литературы изд.-ва «Наука». М., 1989. 749 с.

Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVIII – начало XX века. Политико-экологический анализ. Алма-Ата: Наука, 1971.

Чорманов М. О киргизах Павлодарского уезда. Записки зап. сиб. отд. РГО, 1906, вып. XXXII. С. 2-3.

N. Uali

SOME ECO-BIOTECHNOLOGICAL ASPECTS OF ANIMAL BREEDING

The term “steppe animal husbandry” is used in the article instead of the traditional concept of “nomadic animal husbandry”. In addition, some aspects of environmental, eco-biotechnological features of the economic organization of the steppe animal husbandry were identified. When breeding steppe livestock, animal care was calculated according to the eco-biotechnological principle, that is, in close contact with the surrounding nature.

«АТТЫҢ СЫНЫ»
Абайды қайта оқығанда

Қазақтың ертеректегі сөз өнерінде «жақсы қыз», «жақсы әйел», «жақсы жігіт», «қыран құс», «жүйрік ат» дегендер тұрақты тақырыпқа айналған еді. Өйткені бұлардың байырғы тұрмыс-салт дәстүріндегі орны ерекше болды. Абай да осы тақырыптардың біріне қалам бұрып, ойға арқау, тілге тиек етті. Сондағы айтайық дегеніміз, баршамызға белгілі, аттың сынын сипаттаған өлеңі. Ұлы ақынның аталмыш өлеңін неше мәрте оқыдық та. Бірде «жақсы ат қандай болады?» деген қызығушылықпен де оқыдық. Бірде көркем сөз кестесін тану үшін метафора, теңеу іздеп те байқадық. Өлеңнен байырғы эпикалық дәстүрдегі небір дүлдүлдердің, небір тұлпарлардың ізін көреміз деп те оқыдық. Әр оқыған сайын өзімізше ой түйдік. Өлеңді осы жолы тағы бір оқып көрдік.

*Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сазақ.*

*Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.*

*Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.*

*Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі сығыңқы, аламайлы.*

*Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпершектегі.*

*Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді, мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек.*

*Тығылмай әм сүрінбей жүрсе көсем,
Иек қағып, еліріп басса әсем.
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем.*

*Аяғы тымақты ашы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Біза қылдың қолыма бір тигізбей.*

Міне, бұл жолғы оқығанымызда Абай жақсы ат туралы туған халқының санасындағы таным-білімін келістіре айтқан-ау дей келіп, ойымызды жинақтап, бір арнаға салып көрдік те, жақсы аттың тұрмыс-салт кеңістігіндегі орнын концептсфералық құрылымға түсірдік.

Абай сипаттаған жақсы ат көзшалымға әсем де, сұлу көрінетін, бірақ шапса, он бес шақырымнан ары аса алмай, демі бітіп, болдырып қалатын таза қанды, асыл тұқым арғымақ емес. *Арыз* деген сөз түбірі «сұлу», «таза» дегенді білдіреді. Түрікпендер өздерінің текежәуміт арғымақтарын сұлулығына қарай бағалап, Гүлчечек, Қарлығаш деп, қыздарының атымен атайды. Ал қазақтың халықтық ономастикасында бұндай дәстүр жоқ. Ал Абай айтқан ат – қазақтың ұлан-ғайыр Ұлы Даласының биоэкологиялық табиғатына сай келетін, жүз шақырымнан астам жерді болдырмай алатын, шапқан сайын үдей беретін, кең тынысты, белі берік, ыстық-суыққа аса төзімді, қазақтың қазанаты. Қазанаттың бұндай таңдаулы жүзден жүйрік шыққандарын халық тілінде *жесірлік ат* деген. Халықтық осы атау Ғабит Мүсіреповтің жиырмасыншы жылдардағы шығармаларында кездеседі. Ақан серінің «*Баспа-бас, қызға бермес жануарым*» дегендегі Құлагері – жесірлік ат.

Бұл жерде *жесір* атауы «күйеуі өлген әйел» деген мағынада емес. *Жесір* сөзі «баталасқан қалыңның жартысынан астамы берілсе, қалыңдық күйеу жақтың жесірі» аталады, яғни қыздың бас еркі болмайды.

Өлеңнен түйілген ой желісін әрі қарай жалғастырсақ, қазақ қоғамында жүйрік аттың байырғы салт-дәстүр кеңістігіндегі орны айрықша болғанын аңғарамыз.

Ұлы Абай аттың сынына арналған өлеңінде жақсы аттың, жүйріктің танымдық белгілерін құлағы мен басынан бастап, тұяғы мен құйрығына дейін жіптен өткізгендей тізіп береді. Жұртшылыққа кеңінен әйгілі аталмыш өлеңді жақсы ат туралы халықтық білімнің санада құрылымданған поэтикалық форматтағы көрінісі (репрезентанты) деуге болады.

Айталық *қамыс құлақ* дегендегі эпитет әсемдік, сұлулық емес, жақсы, жүйрік аттың дыбысқа құлақ тіге қалатын елеңшілдігін, *бөкенқабар* «көз шарасы шығыңқы, жан-жағына төңкеріле көз сала, алысқа көз тіге қарайтын сергектігін» аңғартатын болса, ал *қоян жақ*, «жеңіл етсіз бас» дегенді; *қоймойын*, *шығыңқы ауыз омыртқа*, *үңірейген сағар* «жүйріктің кең тынысты ерекшелігін» байқатады. *Жалпақ жауырын*, *жоталы мықтылықты*, *күштілікті*, *омыраулы салқы төс* «беріктікті», *кең сауыр*, *тар мықын* «өрге салса да, еңіске салса да шабысынан танбай үдете беретінін», *көтендігі шығыңқы*, *саны толық*, *дөңгелек көтті* дегендер жүйріктің «ұзаққа сілтейтін шабысының» белгілері деп танылады. Ал *шідерлігі жуан*, *бота тірсек*, *жұмыр тұяқ* болуы тастақты, құмайт, құмды жерлерде жүйріктің жер таңдамайтын қасиеттерін байқатады.

Міне, Абайдың айтқан жақсы аттың сыны шапса, «жүйрік», мінсе, «берік», «жуан әрі жуас» болатынын байқататын айшықты көзтанымдық белгілер» жүйріктің өмірдегі прототипі санада құрылымдана келіп, білімге айналған.

Жақсы аттың Абай айтқан поэтикалық форматтағы белгілері небір қас жүйрікке де, бәйге атына да тән деуге болады. Алайда қас жүйрік пен бәйге атының мән-мағыналары тепе-тең емес. Бәйге атының бәрі – жүйрік, бірақ жүйріктің бәрі – бәйге аты емес. Бәйгеге жаратып, бәйгеге қосқанда ғана жүйрік *бәйге аты* санатына қосылады.

Бәйге атын жарату. «*Ат шаппайды, бап шабады*» дегендей, жүйрікті алдымен арнайы баптап бәйгеге қосады. Аты келіскенмен бабы келіспесе, ондай жүйріктің бағы жанбай, обалына қалады. Жүйрікті бәйгеге баптау үш немесе алты айдай уақытты керек етеді. Дүбірлі ас беру, аста-төк той өткізу салтында төрт-бес ай, бес-алты ай бұрын ел-жұртқа сауын айтып, хабар жіберетіні де сондықтан.

Этнографиялық деректерге құлақ түрсек, бәйге атын баптауда алдымен бапкер жүйріктің *қара етті* ме, *май етті* ме деп, осы жағын айқындауға ерекше көңіл бөледі (Жағда Бабалықұлы). Әр аттың өз бабы бар. Алайда кебір жүйріктің қоңын дәл айқындау қиынға соғады. Ондай қызылаш жылқының жанына қосар ат қосып жайылымға жібереді. Жайылымда еркін жүрген, таңдаған отын оттап, кеудесін суға төсеп су ішкен жылқы түлігі тез оңалады. Жілік майы ағарды-ау деген шамада бапкер жүйріктің қосарында жүрген атты сойдырып, жілік майы ағарса, қызыл еті толды деп, бапкер жүйріктің терін түзеуге кіріседі. Жүйріктің терін түзеу оның ерекшелігіне қарай жүргізіледі. Алғашқы күндері бес-он шақырымдай ойлы-қырлы жерге салып, жүйрікті аяңдатады, желдіртіп, жүгіртіп алады. Сау желдіріп, шақпақ еттерін ширатып, сіңірлерін бекітеді. Жүйріктің көбік тері шыға бастайды. Күндегі тәсілмен бапкер аттың бірнеше мәрте көбік терін шығарады. Ет пен терінің арасындағы көбік тері алынған соң, жүйріктің ащы терін, – қамау тер деп те аталады, – шығарады. Әр тері алынған сайын бапкер тердің дәмін татып көріп отырады. Жүйріктің тері тазарғанда ащы, кермек дәмі кетеді. Ащы тері алынып, тазарған жүйрік қунақ болады. Әр тері алынған сайын жүйрікті 6-7 сағаттай таң асырып, суытып отырады, тек таң қылаң бергенде отқа қояды. Бұл – бәйге атын жаратудың биотехнологиялық қырлары.

Жүйрікті бәйгеге баптау жөнінде бұрын-соңды айтылған бұндай этнографиялық деректер аз емес. Әдетте бәйгеге жаратып жүрген жүйрікке тақымы қатқан *атишабар бала* мініп дағдыланады. Ондай

бала ат үстіне икемді әрі жеңіл болады. Ат та, бала да бір-біріне бейімделе түседі. Бапкердің атшабар балаға айтатын ақыл-кеңестері болады. Шауып келе жатып, артына кеуденді бұрып жалтақтама, атыңның шабысы бұзылады. Бұндайға бәйге аты сергек, сезімтал келеді. Әбден бабына келді-ау деген шамада жарау атты тәуекел деп бәйгеге қосатын болып шешеді.

Бәйгеге ат қосу. Этникалық санада фрайм-сценарий форматында орын тепкен концептуалды бұл ұғымды оның тілдік репрезентанттары болып саналатын лексика-фразеологиялық бірліктер арқылы объективтендіруге болады.

Бәйге атының ұйысып қалмасын деп *жал-құйрығын сүзеді*; көзіне түсіп кедергі болмас үшін *кекілін түйеді*. Тіл-көз тимесін деп, төбесіне бұлғақтатып *үкі тағады*. Алдын ала бәйгенің өтетін орындары белгіленіп, бәйге аттары дүбірлі аста кем дегенде күндік, күнжарымдық қашықтыққа айдалады. Бәйге аттарының басын жіберетін межелі орыны мен сөреге жетер жерлері, бәйгешілерді күтушілердің орны; *көтермешілердің* (келешілердің) жанамалай қосылып, жүйрікке дем беретін тұстары анықталып, алдын ала келісіледі. Белгіленген *бәйгетөбе* – рулы елдің қасиет тұтатын жері. Ас-тойда әр ру бәйгетөбенің өз жерінде болуын қалап, соған күш салады.

Атсыншылар кермедегі бәйге аттарының сын-сипатын, бабын байқап, қай жүйріктің бағы жанғалы тұрғанын айтып, болжам жасайды. Хабаршылар *Атшабар! Атшабар!* деп жар салып, атайдаушылар бәйге аттарын түгелдеп, санап шығады да, түс ауа аттарды межелі жерге айдап әкетеді. *«Атыңыз бәйгелі болсын!»* деп, ат иелеріне ізгі тілек айтылып жатады.

«Алуан-алуан жүйрік бар әліне қарай шабатын» дегендей олардың топ жарып оза шауып келетіндері де, құйрық тістесіп, өршелене келетіндері, ат қарасын көбейтіп, ортасын ала, соңына қарай келетіндері де болады.

Бәйгеге ат қосқандардың «өлсе, терісін аламын, өлмей тірі жетсе, бәйгесін аламын» деп, атын сертпен қосатын сенімділері де, «жүйріктің бағын сынап байқау» үшін үмітпен қосатындар да, бәйгеге «ат қосыпты» деген атақ үшін қосатындар да болады.

Кейбір деректерде айтылғандай, үш жүз жүйрік шапқан атақты ас-тойда бас тоғызға «күң», «өлі отау», «бесік жамбы» тігіледі. Ат бәйгенің ортасын ала келген топтың басындағыларына, соңғы топтың алдыңғыларына тігілетін арнайы жүлделері болады. Ас-той иелері жүлде тимеген ат иелерін құралақан қайтармай, *аттың теріне* деп шапан жауып, атшабарға кездеме беріп, қой өңгертіп қайтарады. Сыпыра озып, жүлде алмаса да, жарыста ат қарасын көбейтіп, соңындағылармен келсе де, ондай ат ас-тойдан бәрібір *бәйге аты* деген мәртебемен қайтады.

Бәйге аты мәртебесі болмаса, небір жел жетпес жүйріктердің құны құқықтық жақтан барымта-сырымта, жылқы ұрысы сияқты ел ішіндегі дау-дамайда мал иесі қай биге барса да, *«сырты түк, іші боқ»* жай ғана қылқұйрықтың құнымен теңестіріледі.

Жүздеген жүйрік жүгіртіп, небір атақты тұлғаларға рулы ел болып ас бергені туралы әртүрлі деректер аз кездеспейді. Бәйге аттарының санына ондай аста шектеу қойылмаған. Өйткені жер жаңғыртқан ат тұяғының дүбірі аруақтың (рухтың) ризашылығын туғызады деген байырғы мифтік-діни түсінікпен байланысты ас иелері неғұрлым бәйге аттарының көп болуын қалаған. Ел аузында мұндай асты *дүбірлі ас* деп атаған.

Бәйге аты сөреге жақындағанда келешілер, атшабарлар өз руының ұранын айтып, аруақ шақыруы *ат бәйгесі* концептісінің семантикалық құрылымда діни-мифологиялық компоненттің ерекше орын алатынын байқатады. Сонымен бірге бәйге атының *жал-құйрығын күземейтіні*, бәйге атын *кермеде ұстайтыны*, бәйге атына *шідер салмайтыны* т.б. ырым-тыйымдар да этнос санасындағы ерекше түсініктермен байланысты болып келеді.

Бәйге атының дауы. Мал дауының қиындығы әсіресе бәйге атына байланысты болып келеді. Дау-дамайдың аяғы рулы елдің қамшы тістескен төбелесіне де айналып кетеді. Өйткені бәйге атының иесі жеке адам болғанымен, оның атағы, мақтанышы аруақ шақырған рудың намысы іспетті болып саналады. Қазақтың арғы-бергі тарихында өткен *Төле*, *Қазыбек*, *Әйтеке* билердің билігімен *дау мұраты* бітіп отырған.

Аста-төк бір тойда бәйге атына талас болады.

Сөзіме күә тартам қалың елді,

Сипаған, аузын үрлеп, малым еді.

Қолбала, сегіз жаста тісі бүтін,

Тұғаннан бар мінезі мәлім еді, – деп бәйге атының иесі «аузын үріп, аяғын сылап қолынан құлындатқан өз малы» екеніне жалпақ жұртшылықты күә етеді. Сонда «ат менікі» деп отырған Төлебай сыншы қамшысын тастайды да өз дәлелін айтты. Мені ел босқа сыншы атап жүрген жоқ. Мен өмірімде көрмеген малдың енесін көріп, төлін танымын, төлін көріп енесін дәл ажыратамын. Ал мына жүйрік ат менің боз биемнің құлыны екені даусыз. Бір кезде буаз кезінде боз бием қолды болды

да, көз жазып қалдым. Ұры ауылымды торуылдап жүрген кезінде қолға түсіру үшін сойдауыттай жігіттерді күндіз-түні жылқыға қарауылдаттым. Арада бір жыл өткенде боз биемді мініп жылқы ұрлауға келген ұры қашып құтылды. Биемді тастап қашқан екен, ауаға ұшқаны, жерге сіңіп кеткені белгісіз, зым-зия құрыды.

Бием қолда болса да өзіме келді. Ал құлыны қайда деп жүретін едім. Бүгін бәйгеден озып келген сұр қасқаның осы боз биеден туған құлын екенін танып: «Өзіме қайтар, бәйгеге сен-ақ ие бола ғой» десем, көнер емес. Оның соңы төбелеске айналғанын бәрің де көріп-білдің, – деп өз уәжін айтады.

Іс қиынға айналған сол тұста жаңадан дауға билік айтып, бала би атанып жүрген Төлеге жиналған жұрт төре беру тізгінін ұстатады. Сонда билік жасаушы бала би екі жақтың да осы тұлпардың енесі атанған биелерін алдыртып, үш күндік жолға айдатады және үш күн дамыл бермей шаршатып келуді тапсырады.

Үшінші күні ел биліктөбеге жиналады. Екі бие де ақ көбігі ағып, болдырып әрең жетеді. Сол кезде байлаулы тұрған тұлпарға Төлебайдың тарпаң биесі оқыранып, желіні исініп, тұра қалады, тұлпар да енесін танып оқыранады. Сонда Төле би Төлебай сыншыға қарап, «тұлпар – сіздікі» дейді. Жиналған жұрт бала бидің төрелігіне разы болады. Бозбиені ұрлап құлындатып алған соң өзінің биесіне, – құлынын қасқыр жеп кеткен биесіне, теліп, қолбала қылып өсірген екен. Ал боз биені өз иесінің – Төлебай сыншының, ауыл жағына қоя берген екен. Әсіре жылқықұмар, сөйтіп, «өз ұрлығын» мойындап, ақиқатына қалың жұрттың көзін жеткізген бала би – Төлеге разы болып, «ұрлығын» мойындаған екен («Қазақтың ата заңдары»).

Бәйге атын арулау. Бәйге аты әбден қартайған соңғы шағында, жаны шығар кезде арам өлмесін деп, пышақ ұрып бауыздайды да басын кесіп алып, денесін көмеді, үстіне тас үйеді. Бас терісі алынған жүйріктің басын ақ матаға орап, әлгі үйген тастың үстіне қояды. Халықтық ономастикада бұндай орындарды *Тасоба*, *Үйгентас*, *Торатбасы* деп атайды. Ондай атаулардың кейбірі «*Көрінген сондайдан Торатбасы*, *Жаманды жаратқанша жаратпашы*» дегендей халықтың қара өлеңдерінде де ұшырасады. Қазақтың ежелгі жерлерінде *Тасоба*, *Үйгентас* атаулары аз кездеспейді. Осындай үйген тастарда мүк, қына басқан жылқы басының тұрғаны жайында деректер де бар. Көрнекті этнограф жазушы Сапарғали Бегалиннің деректі этнографиялық әңгімесінде Арқалықтың Босаға деген биігіндегі тасобада атақты бәйге аты Суаңкөктің басы тұрғаны туралы айтылады. С.Бегалин Суаңкөк пен оның иесі Бигелді батыр туралы ауызекі деректі жастау кезінде Мұса қариядан естіп, осы аттас этнографиялық әңгімесіне арқау еткен. Атақты сол Суаңкөкті Балта ақын:

*Суаң-суаң жүгірген,
Басын тартса бүгілген,
Байласа белдеу тартпаған,
Буланса нәр татпаған,
Айқай шықса орғыған,
Белестен белес сырғыған,
Тозаңын гана ел көрген,
Шабысын жалғыз жел көрген,
Леспеген құс ұшып,
Жанаспаған ат шауып,* – деп жырға қосқан.

Сөз соңы. Бәлкім оқырмандарымыздың бірі бұндай ескіліктерді несіне айтып отыр дер. Айтуға мәжбүрміз. Жаһанданудың алып құрсағында жұтылып кетпес үшін әр халық өткендегі ұлттық құндылықтарын елеусіз қалдырмай, еске алып, қайта қарап жатыр.

Робот техникасын жасаушы әлемдегі инженер ғалымдар да өз елінің дәстүрлі мәдениетіндегі құндылықтар жүйесін роботқа енгізуді мақсат тұтып отыр.

Сонымен, қорыта айтқанда, «ЖАҚСЫ АТ» концептісінің мазмұндық құрылымында дала малшылығының биоэкологиялық, биотехнологиялық ерекшеліктермен, қоғамдағы әлеуметтік қатынастармен байланысты ұлттық құндылықтарымызды аңғартатын мәнділіктер жатыр. Бұл – ұлы Абайды тағы бір оқығандағы түйгеніміз.

Әдебиеттер

Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 1995. 73 б.

Ер қанаты / құрастырған Ж. Аупбаев. Алматы: Қайнар, 1987. 103-112 бб.

Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер // Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық (Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. Алматы: Жеті жарғы, 2005 («Интеллектуал-парасат» заң компаниясы). 4-том. 2005. 552 б.

N. Uali

«ABOUT A HORSE»
Re-reading Abai

The article considers Abai's poem dedicated to horse in connection with the cognition of the nation. It also shows the place of a racehorse in ancient traditions.

Қ.С. Ахметжан

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: kaliolla1@yahoo.com

КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ САУҒА ИНСТИТУТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Өткен ғасырларда көшпелі қоғамдағы дәстүрлі әлеуметтік нормалардың бірі – *сауға институты* болды. Дереккөздері сауға институты көшпелі түркі-монғол халықтарында орта ғасырдың басынан қолданылғанын куәлейді. Көшпелі қазақ қоғамында бұл әлеуметтік институт XIX ғасырға дейін сақталып келді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қоғамдық институттардың өзгеруімен бұл әлеуметтік норма да қолданыстан шығып, бүгінде оның мән-мағынасы ұмытылған. Сондықтан әртүрлі ғылыми, ғылыми-көпшілік басылымдарда «сауға» атауына әртүрлі мағына беріліп, зерттеушілер оның мәнін түрліше, кейде қате түсіндіріп жүр. Мысалы, И.В.Ерофеева *сауға* - батырдың әскери олжадан алатын жеке үлесі деп қате тұжырым жасады (Ерофеева, 2010, с. 342).

«Сауға» сөзі, әр тілдердің өзіндік ерекшелігіне байланысты, әртүрлі нұсқада және түрліше мағынада барлық түркі халықтарының тілдерінде бар. Ноғай, қарақалпақ, түрік, азербайжан тілдерінде - *савқа*, ұйғыр тілінде - *сауға*, Кавказдағы түркі тілінің қыпшақ-оғыз тобына жататын халықтар - адығтар, кабардалықтар, қарачай-балқарларда *сауға*, қырғыз тілінде *сооға* нұсқасында қолданылып, «сый», «сыйлық», «марапат» мағынасын береді (Будагов, 1869, Т. 1, с. 647; Радлов, 1911, Т.4, с. 234; Этимологический словарь тюркских языков, 2003, Т. 7, с. 292-294; Киргизско-русский словарь, Т.2, с. 155). Түркі халықтарының тілдерінде бұл сөздің көптікті білдіретін *ат* (араб аффиксы) жалғауымен қолданылатын «*сауғат / савғат / савқат / сауқат / совғат*» нұсқалары да бар. Мысалы ноғайлардың тілінде - *савқат*, түрік, азербайджан - *соуғат*, ұйғырларда - *соғат*, кумықтарда – *сауғат*, қырғызша - *сооғат*, ортағасырлық шағатай тілінде - *сэвғат* болып келеді (Радлов, 1911, Т. 4, с. 529; Этимологический словарь тюркских языков, 2003, Т.7, с. 292-294). Қазіргі қазақ тілінде де бұл сөздің осы екі нұсқасы сақталған. 1985 жылы шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *сауқат* - бір жақтан заттай күйінде жіберілетін сәлемдеме деп түсіндіріледі, ал *сауға* – соғыста түскен олжадан сый деп дұрыс түсіндіріліп, бірақ оған ауланған аңнан берілетін сый деп, *сыралғы* сөзінің мағынасы қате қосылып қойылған (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1985, Т. 8, 213 б). Қырғыз тілінде де *сооға* - әскери олжадан сый, Қырым татарларының тілінде де *сауға* - әскери олжаның ханға тиесілі жарты бөлігі, хан пайдасына жиналатын алым (Радлов, 1911, Т.4, с. 234; Будагов, 1869, Т. 1, с. 647).

Ертеде көшпелі халықтарда соғыс негізгі табыс көзінің бірі болды. Сондықтан соғыста түсетін әскери олжаны бөлуге көп мән беріліп, оның заңдастырылған салты болған. Қалыптасқан салт бойынша міндетті түрде соғыста түскен әскери олжаның қомақты және ең жақсы бөлігі «*сауға*» деп аталып, ханға тиесілі болды да, оған арнаулы сый ретінде тартылып, қалған бөлігі соғысқа қатысқан жауынгерлерге таратылды. Жоғарыда келтірілген тілдік материалдар *сауға* салтының барлық түркі халықтарына тән болғанын көрсетеді.

Жазба дереккөздерінің мәліметтері билеушіге әскери олжадан «*сауға*» беру салты ортағасырлық қыпшақтарда болғанын куәлейді. Сауға сөзінің өзгерген нұсқасы *сайғат* сөзі әскери олжа мағынасында XIII ғасырда жазылған, «Кодекс Куманикус» деп аталатын, ортағасырлық қыпшақ тілінің сөздігінде бар (Das türkische Sprachmaterial des Codex Cumanicus, 1887, p. 125). Бұл сөз, әскери олжадан билеушіге (суверенге) тартылатын сыйдың атауы ретінде сол кезеңге жататын орыс жылнамаларында да кездеседі. 1171 жылы жазылған Ипатъев жылнамасында орыстың жас князі Игорь Святославич қыпшақ ханы Кончакты Ворскле өзенінің бойында өткен шайқаста жеңіп, осы жеңістен кейін соғыстан түскен олжадан өзінен дәрежесі үлкен ұлы князьдер Роман, Рюрик және Мстислав Ростиславичтерге *сайғат* тарту еткені айтылады (Полное собрание русских летописей, Т. II, с. 390-391). Орыстардың қыпшақтармен болған тағы бір шайқасынан кейін князь Ростислав Рюрикович те өзінің әкесіне, ағасы

Давид Смоленскийге және қайын атасы князь Всеволод Суздальскийге әскери олжадан *сайғат* тарту етеді, ал өз тарапынан олар да оған да көп сый сыйлайды (Полное собрание русских летописей, Т. II, с. 464-465). Осы жылнамада соғыста жеңіске жеткен қолбасшылар *сайғатты* өз әміршілеріне ғана емес, құрметті сый ретінде немесе бағыныштылықтың белгісі ретінде басқа елдің билеушілеріне де тарту еткені жазылады. Мысалы, Волынь князі Василко Романович литовтықтармен соғысып, оларды жеңген соң ағасы Галицк князі, король Даниил Романовичқа сайғат (ерттеулі аттар, найза, қалқан, дулыға) жібереді, сонымен бірге поляк князі Болеславқа да сайғат тарту етеді. (Полное собрание русских летописей, Т. II, с. 585). Ал 1259 жылы ол, ағасы князь Даниилдің тапсыруымен, Алтын орданың қолбасшысы Бурундайдың талабы бойынша оның Литвамен соғысына қатысып, бір шайқаста литвалықтар қосынын жеңіп, соғыстан түскен олжадан Бурундайға да сайғат әкеледі (Полное собрание русских летописей, Т. II, с. 578). Мұндай жағдайларда сайғатты қабылдаған жақ та өз тарапынан сый тартуы тиіс болған (Литвина, Успенский, 2013, с. 101).

Орыс тіліндегі тюркизмдерді анықтауға арналған көптеген зерттеулерде осы *сайғат* сөзінің семантикасы мен этимологиясын анықтауға көп көңіл бөлінеді. Алғашқыда бұл сөздің мағынасы - әскери олжа деп түсіндірілді (Мысалы, Словарь иностранных слов, 1910). Ал 1905 жылы орыстың шығыстанушы-тюркологы П.М. Мелиоранский сайғат – соғыста жеңіске жеткен қолбасшының әскери олжадан дәрежесі үлкен тұлғаларға құрмет ретінде тартылатын сый екенін, бұл сөз түркі тілі арқылы монғол тілінен ауысқан деп дәлелдеп жазған болатын (Мелиоранский, 1905, с. 125, 127). Неміс ғалымы К.Г. Менгес те сайғат сөзі әскери олжадан үлес ретінде Кодекс Куманикуста кездесетінін айтып, негізгі мағынасы әскери және аңшылық олжадан берілетін сый және алыстан туыстарға, достарға әкелген сый екенін, орыстарға түркі тілінен ауысқанын жазады (Менгес, 1979, с. 135-136). Осы және басқа зерттеулердегі тұжырымдардың негізінде *сайғат* сөзінің мағынасы вассалдың өз сюзереніне және дәрежесі жоғары тұлғаларға әскери олжадан тартылатын сый екені анықталған болатын (Попов, 1972, с. 38-39; Литвина, Успенский, 2013, с. 97-98). Сайғат сөзінің мағынасын талдауға арналған зерттеуінде П.П.Толочко да сайғат терминін «әскери олжадан суверенге тартылатын сый» деп түсіндіреді (Толочко. 2007, с. 358-359). Бірақ, кейбір зерттеушілердің еңбегінде сайғат мағынасын әскери олжа деп түсіндіру кейінгі уақыттарда да кездеседі. М. Фасмердің «Орыс тілінің этимологиялық сөздігінде» көне орыс жылнамаларында (Ипатьев. жылнамасы. 1174 и 1193 ж.) кездесетін «сайғат» сөзінің этимологиясы (мағынасы) «әскери олжа» деп қана берілген (Фасмер, 1986, Т.3, с. 545).

Ғалымдар *сайғат* сөзі орыс тіліне қыпшақ тілінен ауысқан деп санайды (Словарь тюркизмов в русском языке, 1976, с. 271). Бірақ арғы түбі түркі тіліне монғол тілінен енген *сауга/саугат* сөзінің өзгерген нұсқасы деп айтылады (Мелиоранский, 1905, с. 125). Ал XII ғасырда бұл атау түркітілдік ортадан (қыпшақтардан) орыстарға енген. Сауғат (сайғат) термині қыпшақтарда вассалдың сюзеренге, аймақтың билеушісіне және лауазымы үлкен адамдарға әскери олжадан үлес бөлу салтын мағыналады. Көшпелі халықтарда бұл салт - әлеуметтік иерархиялық байланысты белгілейтін рәсім түріндегі және көп жағдайда сый алмасумен жалғасытын күрделі ғұрып түріндегі салт болған. Орыс жылнамаларында осы сайғат салтының айтылуы, өзара әскери және мәдени қарым-қатынастар барысында орыстар көшпелі түркі халықтарынан кейбір салтты да қабылдағанын куәлейді (Литвина, Успенский, 2013, с. 96-101).

Жоғарыда кейбір сөздіктерден келтірілген анықтамаларда сауғаны «аңшылық олжадан берілетін сый» деп те қате түсіндірілетінін айттық. Бірақ аңшылық олжадан берілетін сый, үлес түркі-монғол халықтарының тілдерінде «сыралғы/сыралқы» деп аталады (ҚТТС, 496 б.). «Аңшыдан - сыралғы, батырдан - сауға» деген қазақ мақалы осыны білдіреді. Сондықтан аңшылық олжадан берілетін үлес сауғаға жатпайтынын айта кетпекпіз.

Орта ғасырда билеушілерге, әлеуметтік дәрежесі жоғары адамдарға әскери олжадан *сауга* беру, аңшылық олжадан *сыралғы* беру салты монғолдарда да болғанын жазба дереккөздері куәлейді (Козин, с. 80, 227, 235). Сондықтан Шыңғыс хан құрған монғол мемлекетінде де ханға әскери олжадан *сауга* мен аңшылық олжадан *сыралғы* сыйлау міндеткерлігі болған. Шыңғыс ханның уақытында монғолдарға жіберілген қытай елшісі Чжао Хун монғолдарда әскери олжа белгілі тәртіппен бөлінетінін жазады: «Әрқашан барлығы жоғарғы және төменгілерден бастап олжаның бір бөлігін император Шыңғысқа тарту етуге қалдырады, қалғаны басқаларға дәрежесіне сай таратылады» (Мэн-да бей-лу, 1976, с. 68). Ханның бұл құқы, нөкерлердің әміршісінің алдындағы бұл міндеті монғолдардың XIII ғасырдағы «Құпия шежіре» (қыт. «Юань-чао би-ши») атты тарихи жылнамасында да, XVII ғасырдағы «Алтын топшы» атты монғолдың тарихи шығармасында да айтылады. Монғол тайпаларының көсемдері Алтан, Хучир және Сэчен-бекилер өзара келісіп, Тэмучинға келіп: «Сені қаған сайлаймыз! Сен қаған болғанда біз:

Көп жауға жорыққа аттанып,

Сарайға сұлу да әдемі қыздарды,
Басқа халықтың көркем жүзді хатундарын,
Мүсіні әдемі жақсы аттарын тартып алып,
Желдіртіп айдап әкеп саған береміз.
Біздер жабайы аңдарға ауға шыққанда
Олардың ізін кесіп ұстап, саған береміз,
Біздер орман аңдарын іздеп тапқанда,
Қуып әкеліп саған береміз», - дейді. (Лубсан Данзан, 1973, с. 99).

Бұл сөздер – ортағасырдағы нөкерлердің өз әміршісіне (вассалдардың өз сюзереніне) беретін сертінің бір үлгісі, бұл үзіндіде олардың соғыста түскен әскери олжадан және қамалап аң аулауда түскен олжадан ханға тиісті үлес беру міндеті көрініс тапқан. Бұл серт сөздері «Алтын топшы» шығармасының көп бөлігіне негіз болған «Құпия шежіре» атты тарихи туындының мәтінін қайталайды, бірақ тайпа көсемдері үшін де, Тэмучин үшін де ол белгілі болғандықтан бұл үзіндіде олжалардан ханның үлесі қанша екені айтылмайды. Ал «Құпия шежіреде» ханға тиесілі үлестің көлемі қанша болғаны нақтырақ айтылады.

Тауда аулаған аңдардан
Саған жартысын бөліп отырамыз (Козин, 1941, с. 108).

Яғни, феодалдық дәуірде монғолдарда барлық әскери мен аңшылық олжалардан ханға ауқымды үлес (кейде жартысына дейін) берілгенін көреміз.

Монғол империясының мұрагерлері болған Жошы ұлысында, Алтын Орда мемлекетінде, кейін олардың ыдырауы барысында пайда болған Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Қырым хандығы сияқты мемлекеттерде де «сауға» институты сақталды. Сол кезеңдердегі арнайы жарлықтар деректері бұл мемлекеттерде көшпелілерден хан пайдасына жиналатын алым сый ретінде «сауға» заңды түрде бекітілген қоғамдық міндеттердің бірі болып, сол кездегі заңдармен бекітілді (Усманов, 1979, с. 256). Ханға тиесілі сауғаны жинайтын арнаулы «сауғашы / сауқашы» қызметі де болған (Усманов, 1979, с. 225). Әскери олжадан хан үлесін бермегендерге жазалау санкциясын қолданылды. Мысалы, Жошы, Шағатай және Үгедей Үргеншті басып алғанда түскен олжадан тиісті үлесін бермегені үшін Шыңғыс хан тарапынан жазаланады (Мэн-да бей-лу, 1976, с. 68). Әдетте әскери олжадан «сауға» беру міндетінен кейбір адамдар (мысалы «тархандар») ғана тек ерекше сіңірген әскери қызметі үшін ғана арнаулы хан жарлығымен босатылған. Монғол шежіресі «Алтын топшыда» ол туралы былай айтылады. Шыңғыс хан сіңірген еңбегі үшін өзінің көптеген серіктерін (өмірін сақтап қалған Торған Шира мен оның ұлдары Чимбай мен Чилагінді, бақташылар Бадай мен Кишлигіті және т.б.) «дархан» - «қылшан мен қауырсын тағушылар» және «қорчи» - «қылшан ұстаушылар» атағымен марапатап:

«Егер көп жаулардан олжа түсірсеңдер,
Олжалағандарыңды өздеріңе алыңдар.
Аң аулауда тағы аңдарды ұстасандар,
Ұстаған аңдарыңды өздеріңе алыңдар», - дейді. (Лубсан Данзан, 1973, с.100-102,155).

«Құпия шежіре» бойынша бұл сюжетте Шыңғыс хан былай дейді: «Бадай мен Кишлих сияқты, Сорхан-Шира сендер дархандыққа ие болыңдар, сондықтан жауға қарсы жорықта немесе жабайы аңдарға ау жасағанда түскен барлық олжаны өздерің жеке және бөліспей өз пайдаларыңа алыңдар» (Козин, 1941, с.167). Яғни хан өз бұйрығымен оларды сауға мен сыралғы беру міндетінен босатады.

Алтын Орданың ыдыраумен пайда болған мемлекеттерде әскери олжадан тікелей «сауға» беру міндетінен босататын жеңілдік жарлықтары да болды (Усманов, 1979, с. 256). Мысалы, Парсы шахының билуші өкілі (наместниіні) Мухаммед ханмен соғыста көрсеткен ерлігі үшін Хаджи-Хайруллы-Шейхтың ұлы Абдурразакқа 1579 жылы Қырым ханы Мухаммед-Гирей ханның берген осындай жарлығында, оның өзін және оған қарасты көшпелі 32 ауылды осы «сауға» сый алымын төлеуден босатады. Жарлықта бұған дейін де оның осы сауға деп аталатын сый алымнан ханның аталары Меңлі Гирей мен Хадж-Гирей хандар тарапынан босатылғаны көрсетілген. Осындай сауғадан босататын жарлық 1585 жылы Ислам-Гирай II ханның атынан Абдрахман-шейхке де берілген (Усманов, 1979, с. 51,256).

Тарихи даму барысында әскери олжадан ханға сый ретінде «сауға» тарту дәстүрі ұзақ жылдар бойы институциалану арқылы көшпелі қоғамдағы дәстүрлі әлеуметтік нормалардың, әлеуметтік тәжірибенің біріне айналды. Ауызша дереккөздері бұл сауға тарту дәстүрі кейін Қазақ хандығында да сақталғанын куәлейді. Ауыз әдебиеті деректеріне сүйенсек көшпелі қазақ қоғамында қолданылған «сауға» салты әскери олжадан ханға тиесілі үлес мәнімен ғана шектелмейді, фольклорлық материалдар «сауға» институтының басқа да қырлары мен әлеуметтік нормалары болғанын көрсетеді. Қазақтарда

«сауға» ұғымы әрбір жауынгердің өзінің әскери олжасынан соғысқа қатыса алмағандармен бөлісу міндетін де қамтыды.

Қалың қол жүріп кетті Алатауға,
Олжа алып келеміз деп жұртқа сауға.

Көтеріп Абылайдың алтын туын,

Ұран сап батырлары кетті жауға. «Жәнібек батыр» (Бабалар сөзі, 2010, Т. 59, 184 б.)

Әсіресе бұл әлеуметтік ереже бар өмірі соғыста өтетін батырларға міндетті болған. Қазақтарда «Батырдан - сауға, аңшыдан - сыралғы», «Ерден - сауға, мергеннен - сыралқы», «Олжа – елге сауға, атақ – ерге сауға» деген халық мақалдары бар. Яғни, қазақтарда сауға институты батыршылдық институтымен тікелей байланысты болды.

Қол бастап аттанғанда талай жауға,

Қазаққа көп түсірді олжа-сауға. (Бабалар сөзі, 2010, Т. 59, 237 б.)

Қазақтарда ертеден қалыптасқан салт бойынша соғысқа қатыса алмаған кез келген адам «сауға» сөзін айтып жауынгердің әскери олжасынан өзіне қалаған үлесін сұрап алуға құқылы болған. Сауға сұраған адамды «сауғашы» деп атады.

Қалмақ шауып, ханды өлтіріп, батыр келді,

Жабылып, жапырлап ел: «сауға» деді.

Мал-мүлікті, атты елге үлестірді. «Есім хан» (Бабалар сөзі, 2009, 56-том, 273 б.).

Алдынан шықсаң қуанып,

«Батыр, сауға!»- дегенге

Қалағанын береді.

Бір өзіне батырдың

Он екі жесір тиеді.

«Батыр – сауға» дегенге

Үлестіріп береді. «Барақ батыр» (Бабалар сөзі. 2010, Т. 60, 38,50 б.).

«Сауға» институты көшпелі халықтарда елдің ішіндегі асыраушысы жоқ, кедей, жарлы, кемтар адамдарға да әскери олжадан үлес алуға мүмкіндік беретін әлеуметтік қамқорлықтың бір формасы болды.

Ноғайлының аш-арық

Ол да келді шетінен,

Олжа сұрап аларға,

Сауға сұрап барарға,

Айсадайын бабамыз

Сауға сұрап келгенге

Аямай бөліп береді. «Алау батыр» (Қазақ халық әдебиеті, 1990, Т. 6, 221 б.).

Фольклорлық деректер сауға сұрағанға «сауға беру» дәстүрі көшпелі қазақ қоғамындағы тұрақты әлеуметтік нормалардың бірі болғанын көрсетеді. Ертеден келе жатқан дәстүрлі жол, ғұрып ретінде «сауғалаған» адамның талабы міндетті түрде орындалуға тиісті болған. «Наурызбай-Ханшайым» жырында Кенесарының інісі Саржан сұлтан арғынның Темеш еліне қайындап бара жатқан жолда, сол елді шауып, қайтып келе жатқан Шымыр руының Бөрте, Бұлғақ деген батырларының жасағымен кездесіп қалады. Оны білген Саржан Бөрте биге серігі Балтабекті жұмсап, шабылған елдің мал-мүлкін қайтарып беру үшін осы дәстүрге сүйеніп, шапқан олжаны сауғаға сұрайды.

«...Балтеке, сөзге құлақ салсаң – деді, -

Хақ, сірә, бұл сөзіме нансаң – деді, -

Ерден ердің сауға сұрар жолы бар, - деп,

Сауға сұрай осыларға барсаң», - деді.

Жылап жатқан елді бір қуантайын,

Осы олжасын бір жолға берсін», - деді.

«Бөрте айтты «Саржан сөзін оң көремін,

Жолдан асу бойыма мін көремін.

Сауға сұрау – ежелден қазақ ғұрпы,

Бергендерің бір жолға жөн көремін. «Наурызбай-Ханшайым» (Қазақ халық әдебиеті, 1996, Т.3, 189,193-194 б.).

Бұл үзінділерде батырлардан «сауға сұрау» ежелден келе жатқан дәстүр жолы екені, оны орындаудан бас тартуға болмайтыны анық айтылады. Егер ханға берілетін сауғадан батырлар хан жарлығы арқылы босатылатын болса, елге берілетін сауғадан оларды ешкім де, ешқашан да босатқан емес. Осылайша ханға және елге сауға беру батырлар сословиесі өкілдерінің қоғамдық міндеттерінің

біріне айналады. Әскери олжадан «сауға» тек ханға ғана сый ретінде тартылмай, одан батырлар бір-біріне де сыйлап, немесе бір-бірінен сый ретінде де сұрап алатын болған.

Патшадан алған шұбарды

Берсеңші маған сауғаға.

Сауғаға батыр береді

Патшаның мінген тұлпарын. «Ер Қосай» (Ақсауыт, 1977, Т.2, 38 б.)

Орақтайын еріңіз

Қалмақтың атын, қаруын

Көкшеге тарту қылады. «Көкше батыр» (Қазақ халық әдебиеті, 1990, Т.6, 112 б.).

Әдетте әскери олжаға жаудан басып алынған дүние-мүліктен, малдан, қару-жарақтардан басқа, қолға түскен тұтқын адамдар да кіретіні белгілі. Дәстүр бойынша «сауғаға» адамдар әскери олжадан үлес қана емес, соғыс кезінде тұтқынға түскен адамның бас бостандығын сұрап алуға, оның жанын өлімнен сақтап алуға да құқылы болды. «Сауға» сұрау арқылы басын, жанын өлімнен арашалауға әскери тұтқынның өзіне де мүмкіндік берілді.

Сапабектей асылзат

Қол қусырып батырдан

Сауғаға жанын сұрады. «Қисса Көрұғлы» (Қазақ халық әдебиеті, Т.4, 138 б.)

Басына бостандық немесе жанына араша сұрайтын тұтқын адам ол үшін «жан сауға» немесе «бас сауға» деп айтуға тиісті болды. Сондықтан қазақ тілінде «басын сауғалау», «жанын сауғалау» сөз тіркестері бүгінде жанама мағынада «адамның өз басын, жанын өлімнен сақтауға тырысуы» дегенді түспалдайды (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1985, Т.8, 210 б.).

Қол қусырып Сырын ер

Құлдық етті иіліп.

-Жан сауға, - деді, - батырым,

Бар емес пе ақылың? «Орта жүз Олжабай батыр» (Бабалар сөзі, 2010, Т.59, 77 б.).

«Батырдан сауға», - деген бар,

Сауға бер батыр, аламын.

Әскерім қайтты асығыс,

Ұзақ болсын жасыңыз!

Өмірі жан өлмесін!

Сауғаға бер басымыз. «Барақ батыр» (Бабалар сөзі, 2010, Т. 60, 103 б.).

Қоғамдық формациялар ауысып, дәстүрлі әлеуметтік институттардың жоғалуымен бүгінде «сауға» сөзінің негізгі мәні ұмытылып, тілімізде осы мағынасы ғана көбірек сақталып қалған.

Сонымен, айтылғандардың бәрін түйіндей отырып, мынандай **тұжырымдар** жасауға болады:

- Жазбаша-ауызша дереккөздері көшпелі түркі-монғол халықтарында «сауға» институты көптеген әлеуметтік нормаларды қамтитын, тұрақты қалыптасқан, ережелері міндетті түрде орындалуға тиісті болған дәстүрлі салт болғанын көрсетеді.
- Өткен ғасырларда түркі-монғол халықтарында бұл дәстүр мемлекеттік деңгейде заңмен бекітілген құқықтық норма болды.
- Қоғамдық деңгейде бұл институттың әлеуметтік нормалары әдет-ғұрып заңдарымен, құқықтарымен реттелді.
- Қазақтарда сауға ұғымы әскери олжадан билеушіге берілетін үлесті және соғысқа қатыспаған адамдарға да берілетін үлесті қамтыды.
- Сауға ортағасырлық түркі мемлекеттерінде көшпелі халықтардан жиналатын алымның бір түрі болған. Оны жинауға арнайы «сауғашы» қызметі болды. Бұл алым түрінен адамдар ерекше сіңірген әскери қызметі үшін арнайы хан жарлығымен ғана босатылды.
- Әскери олжадан соғысқа қатыспаған адамдарға да үлес алуға мүмкіндік беру арқылы «сауға» салты көшпелі қазақ қоғамында ел ішіндегі асыраушысы жоқ адамдарды әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың бір формасы болған.
- Соғысқа қатыспаған адам әскери олжадан үлес алу үшін соғыстан олжамен оралған батырларға «сауға» сөзін айтып, қалаған үлесін сұрауға құқылы болды. Ал «сауғашы» адамның сұранысын орындау батырларға міндетті болған.
- Сауға институты салттық деңгейде батыршылдық институтымен тығыз байланысты, әскери олжадан сауға беріп, елді асырау бар өмірі соғыста өтетін батырлардың қоғамдық парыздарының бірі болды.

- Әскери олжадан сауға сый түрінде ханға ғана емес, әлеуметтік дәрежесі жоғары адамдарға да тартылып, батырлар бір-біріне де, басқаға да сыйлаған. Сондықтан, бүгінде түркі халықтарының тілдерінде ««сауға» сөзінің «сый» мағынасы көбірек сақталып, ал «сауқат» нұсқасында жалпы сый, сыйлық дегенді білдіреді.
- Дәстүрлі әлеуметтік институт, әлеуметтік норма ретінде сауға салты қазақтарда ХІХ ғасырдың аяғына дейін қолданылып келді. Қоғамдық-экономикалық формацияның өзгеруімен, қазақ қоғамында соғысты кәсіп еткен батырлар сословиесінің жоғалуымен, хандық биліктің жойылуымен қазақтарда бірте-бірте сауға институты да жоғалды.

Әдебиеттер

- Ақсауыт. Екі томдық. Алматы: Жазушы, 1977. Т. 1: Батырлар жыры / Құраст., алғы сөзін, түсініктерін жазған О. Нұрмағамбетова. 367 б. Суретті. Т. 2: Батырлық дастандар. 378 б.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: «Фолиант», 2010. Т. 59: Тарихи жырлар. 400 б.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: «Фолиант», 2010. Т. 60: Тарихи жырлар. 448 б.
- Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: «Фолиант», 2009. 56-том. Тарихи жырлар. 350 б.
- Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий в двух томах. Т.1. Спб: Типография императорской Академии наук, 1869. 816 с.
- Ерофеева И.В. Институт батыров в структуре военной организации казахов-кочевников // Роль кочевников евразийских степей в развитии мирового военного искусства. Научные чтения памяти Н.Э. Масанова: Сб. материалов междунауч. конф. Алматы: «Издательство LEM», 2010. С. 322-352.
- Киргизско-русский словарь. В двух книгах. - Кн. 2. Л-Я. / Составил проф. К.К.Юдахин. – Фрунзе: Главная редакция Киргизской Советской Энциклопедии, 1985. 480 с.
- Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. под названием Mongol-un Nurica tobcian. Юань чао би ши. Монгольский обыденный сборник. Том I. Введение в изучение памятника, перевод, текст, глоссарий / Отв. редактор А. П. Баранников. Предисловие Н.Н. Поппе. М.-Л.: Издательство академии наук СССР, 1941. 619 с.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Редкол. І.К.Кенесбаев, А.Н.Ысқақов ж.б. Т. 8. II - Т. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1985. 591 б.
- Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Қаз ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Т. 4: Батырлар жыры. Көрнегі / Құраст. М. Ғұмаров, Ж. Әбішев. Алматы: Жазушы, 1989. 400 б. суретті.
- Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Қаз ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Т. 6: Батырлар жыры (Мұрын жыраудан қалған мұралар) / Құраст. Қ.Сидықов, О. Нұрмағамбетова. Алматы: Жазушы, 1990. 272 б. суретті.
- Қазақ халық әдебиеті. 3-том. Тарихи жырлар. Кенесары-Наурызбай. Алматы: Білім, 1996. 224 б.
- Литвина А.Ф., Успенский Ф.Б. Русские имена половецких князей: Междинастические контакты сквозь призму антропонимики. / Отв. ред. Ю.В.Кагарлицкий. М.: ПОЛИМЕДИА, 2013. 280 с.
- Лубсан Данзан. Алтан тобчи («Золотое сказание») / Перевод с монг., введение, ком. и приложение Н.П. Шастиной. М.: Наука, 1973. 440 с.
- Мелиоранский, П.М. Турецкие элементы в языке «Слова о полку Игореве» // ИОРЯС. 1905. Т. 10, кн. 2. С. 66-92.
- Менгес К.Г. Восточные элементы в «Слове о полку Игореве». Л.: Наука, Ленинградское отделение, 1979. 268 с.
- Мэн-да бэй-лу («Полное описание монголо-татар»). Факсимиле ксилографа. Перевод с китайского, введение, комментарий и приложения Н.Ц.Мункуева. М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1976. 288 с.
- Полное собрание русских летописей. Изданное по Высочайшему повелению Императорскою Археографическою Комиссиею. Том второй. Ипатьевская летопись. Издание второе. Спб.: Типография М.А. Александрова, 1908. 638 с.
- Попов А.И. П.М. Мелиоранский и изучение тюркизмов в русском языке. // Тюркологический сборник. 1972. М.: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1973. С. 36-50.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. 4. СПб.: Тип. Импер. акад. наук, 1911. 107 с.
- Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка : Материалы для лексической разработки заимствованных слов в рус. лит. речи : С портр. и краткой биограф. А.Н. Чудинова / Сост. под ред. А.Н. Чудинова. 3-е изд., тщательно испр. и знач. доп. (более 5000 новых слов) преимущественно соц.-полит. терминами, вошедшими в жизнь в последние годы. СПб.: Изд. В.И. Губинского, 1910. 676 с.
- Словарь тюркизмов в русском языке / Составитель Шипова Е.Н. Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1976. 444 с.
- Толочко П.П. О значении и происхождении летописного слова «сайгат» // RUTHENICA. Киев: Институт истории Украины НАН Украины, 2007. № 6. С. 356-359.
- Усманов М.А. Жалованные акты Джучиева улуса XIV–XVI вв. Казань: Издательство Казанского университета, 1979. 321 с.

Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. В 4 томах. Т.3 (Муза - Сят) / Пер. с нем. и доп. О.Н.Трубачева. 2-е изд., стер. М.: Прогресс, 1986. 832 с.

Этимологический словарь тюркских языков. Общeturкские и межтюркские лексические основы на букву «Л», «М», «Н», «П», «С». М.: Восточная литература РАН, 2003 г. 446 с.

Das türkische Sprachmaterial des Codex Cumanicus. Manuscript der Bibliothek der Marcus-kirche in Venedig. Nach der Ausgabe des Grafen Kuun (Budapest 1880). Von Dr.W. Radloff. St.-Petersbourg, 1887. 134 s.

K.S. Akhmetzhan

CHARACTERISTICS OF “SAUGHА” INSTITUTION IN NOMADIC SOCIETY OF KAZAKHS

This article studies characteristics and peculiarities of a traditional institution in nomadic society of Kazakhs known as “saughа”, as well as its purpose and social norms, which had enabled its social functions. Written and spoken sources and linguistic materials indicate that institution of saughа has been in practice by all Turkic and Mongolian peoples and had been established as a common tradition by the times of Middle Ages. In medieval manuscripts saughа as a term is applied to a part of military extractions, which is presented to rulers or other nobles with highest social status. In the Golden Horde “saughа” was a part of levy, which was obligatory to contribute to the benefit of khan from any military extractions. This obligation was stipulated by the law and person responsible for collecting it was called “saughashy”. Information from folkloric sources suggests that Kazakhs by saughа implied rights of the people, who did not participate in military actions, to receive as present or gift a share of military extraction obtained by professional warriors, “batyrs”. In this way, by distributing saughа from their own earned share of trophies, Batyrs supported poor and socially disadvantaged members of their community.

In summary, main function of the saughа institution was to regulate distribution of military resources, obtained during war, meet the needs of communities, and assure stable means of living. This social institution has survived in Kazakh society by the end of XIX century.

Р.Н. Шойбеков

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

E-mail:sh.rs@mail.ru

КЕЛІН ТҮСІРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР

Ата-ана үшін үйленген баласының, отбасылы жігіттің аталары мен апалары, туған-туысқандары үшін інісінің әйелі *келін* деп аталады. Тұрмысқа шыққан жас әйел күйеуінің ата-анасы мен бірге туған ағаларына, аталас, рулас, жасы үлкен ағайындары мен олардың әйелдеріне, басқа елге ұзатылып кеткен апаларына келін болып саналады. Тұрмысқа таяуда шыққан жас жалпы жас әйелді, келіншекті де *келін* дейді. Жасы үлкен қариялар баласы мен немересінің, өзінен көп жас кіші інісінің әйелін ағалары *келін бала* деп те атайды. Байырғы салт-дәстүр бойынша белгіленген уақытта атастырылған қызды жасауымен ұзатып әкелуді *келін түсіру* дейді. Келін түсірудің қалыптасқан салт-дәстүрі мен іс-шаралары, ырымдары бар. Олар *келіншек көшіні қарсы алу, қыз киімін ауыстыру, шымылдық құру, атасының үйіне кіргізу, отқа май құю, үйлену тойын өткізу, келіннің бетін ашқызу* және т.б. дәстүрлі шараларды қамтиды.

Келін қарсы алу – келіншек көшінің алдынан шығып күтіп алу. Қалыңдық жасауы, қызға берілген дүние-мүлік артылған көш қыздың аулынан шығып, келін болып түсетін аулына жақындағанға дейін *қыз көші*, ауылға жақындап қалғанда *келіншік көші* деп аталады. Ұзатылып келе жатқан қыздың басындағы сәукелесі мен киімі, мінген аты, күмістелген ер-тоқымы, түйеге артқан жүгі мен жабылған кілемі, басқұрмен шандыған қоршауы және т.б. көз тартатын сәнді болады. Келіншек көшінің осындай әдемі көрінісін *келін салтанаты* деп атайды. Келіншек көшіндегі келінге тігетін отаудың шаңырағы жеке түйеге артылып, басқаларынан ерекше безендірілген түйе көшті бастап алдында жүреді. Оған адам мінбей, түйені атпен жетелеп жүреді. Келіншек көшін бастайтын шаңырақ артылған түйені *шаңырақ түйе* деп атайды (Кенжеахметұлы. 1998, 58-б.).

Келесі бір түйеге келіннің ең жақын адамдары – қыздың шешесі, жеңгесі, сіңлісі мініп келе жатады. Айта кету керек, қыздың шешесі мен жеңгесі және сіңлісі мініп келе жатқан түйені де *шаңырақ түйе* деп атайды. Қыздың ең жақын адамдары мініп келе жатқан түйеге бөтен адам, сондай-ақ жолшыбай кездескен адам да мінбейді. Өйткені ол түйе келін үшін өте ыстық, қасиетті мал болып саналады. Ал,

кандай да бір себеппен бөтен адам ол түйеге міне қалса, оны көрген жұрт «...пәленше келіннің шаңырақ түйесіне мініп келді» деп мазақ қылған (Кенжеахметұлы. 1998, 58-б.).

Шаңырақ түйе бастаған келіншек көшін жол бойында кездескен ауылдың әйелдері, жастары шаңырақ түйені жетелеп келе жатқан аттың ноқтасынан немесе түйенің жезбұйдасынан ұстап, «түйемұрындық бер» деп кәде сұрайды. Қыздың шешесі оларға сыйлық беріп, түйемұрындық кәдесін алғандар жастарға бақыт тілеп, жол болсын айтады (Кенжеахметұлы. 1998, 57-б.). Келіншектің салтанатты көші күйеу аулына жақындап қалғанда ауылға хабаршы жіберіледі. Көш ауылға таяп келгенде жасаулы көштің алдынан қыз-келіншектер, үлкен әйелдер шымылдық, орамал алып шығып, шашу шашады. Келінді және оның шешесі мен жеңгелерін қыз-келіншектер аттан түсіріп, келіннің басына бүркеншік салады. Осындай қызметі үшін оларға білезік, моншақ, сырға тәрізді кәделер беріледі (Қалиев, Оразаев, Смайылова. 1994, 161-б.). Келіннің салтанатты көшін бастап келе жатқан қыз жеңгесін *мұрындық ана* дейді. Мұрындық анаға *мұрындық*, *түйемұрындық* деп аталатын кәделер беріледі.

Келінді қарсы алуға келген әйелдер оны аттан түсіріп алған соң басына желек жауып, әйелдердің біреуі келіннің атына мінеді. Салт бойынша келіннің атын жолы ашық, өмірі баянды, балалы-шағалы, ибалы әйелдердің бірі мініп, елден бұрын ауылға жетеді. Оны ауыл адамдары шашу шашып қарсы алады. Келіннің атына мінген адам аткөрпенің арасына салынған *тақымтартар* деп аталатын кәде алады. Келіннің атына мінген әйелге әлгіндей талап қойылатын себебі: «келін де соның ізін басып, перзентті болсын, бақытын тапсын, дәулеті шалқысын, әдепті болсын» деп ырымдаудан туған.

Келінді қарсы алуға шыққан адамдардың бір тобы жүк артылған көліктерді бастап ауылға әкеледі. Бұл топты да есік алдында жиналып тұрған әйелдер шашу шашып қарсы алады. Дәстүр бойынша шаңырақ түйенің алдынан шығып, бұйдасын кім бұрын ұстап, ауылға, есік алдына жетелеп келсе, оны *түйемұрындық ана* деп жолын жасап, кәдесін береді. Жылдамдатып келінді түсіретін отау үй тігіледі.

Отау үйдің шаңырағын ауылға сыйлы, беделді ер-азамат көтереді. Шаңырақ көтеретін бақанды демеп ұстау ауылдағы бала-шағасы көп, ауыл-аймаққа қадірлі анаға тапсырылады, басқа әйелдер мен қыз-келіншектер үйдің керегесін тұрғызып, уығын қадап, туырлығы мен үзігін, түндігін жабады. Келінді отауға кіргізіп, шымылдық ішіне отырғызып, қасына бірнеше қыз-келіншектерді қосады. Кейбіреулер келінді көргісі келіп, шымылдықтың ішіне кіріп, келіннің бүркеншігін ашып көріп кетіп те жатады.

«Келінді келгенде көр, септі жайғанда көр» дегендей теңдер шешіліп, септер жайылып, келіннің жасауын жұрттың көріп шығуы үшін отаудың алдына немесе ішіне қоятындарын (жиһаз, ыдыс-аяқ) қойып, ілінетіндерін (киім, мата, тұскиіз, қаршын және т.б.) іліп қояды. Жасауды ең алдымен жігіттің әкесі, шешесі көріп шығады, артық-кемді бағасын береді, тілектерін айтып, дұға қылады. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей келінді қарсы алуға дайындық туған-туыс, ауыл-аймақтың әзіл-қалжың, ойын-күлкі, көтеріңкі көңіл күйімен жасалады. Одан кейін келін түсіру рәсімдері орындалады.

Келін түсіруге байланысты рәсім, салт-дәстүрлер. Бұл – келін түскенде атқарылатын мифтік, ырымдық, тәрбиелік мәні бар ұжымдық іс-шаралар жүйесі.

Ы.Алтынсариннің Орынбор аймағы қазақтарының XIX ғасырдағы тұрмыс-салтына байланысты жазған этнографиялық деректерінде құда түсу, қыз ұзату және келін түсіру дәстүріне арнайы тоқталып, онда күйеу аулына қалыңдықпен бірге қыз шешесінің бірге келетіні, сый-сыяпатын алып, ауылда үш-төрт күн жатып қайтатыны, келін түсіру үшін атасының үйінің оң жағына отау үй тігіліп, ішіне келіннің жасаулары ілінетіні, келіп көрген жұрттың оған бата беретіні, келіннің осы жаңа отауда шымылдық ішінде бетіне перде жауып отыратыны, сол күні кешке келінді екі жағынан екі әйелге қолтықтатқан бір топ әйелдің атасының үйіне әкеліп табалдырық аттататыны, табалдырықтан аттаған бойда ошаққа жеткенше үш рет тізе бүгіп сәлем ететіні, үй ортасында жанып тұрған отқа тұтатып май құятыны, келінді үйдің сол жағына, есікке таман отырғызатыны баяндалып, одан кейін беташар жырының басталатыны, беташардан кейін келінді өз отауына алып баратыны айтылады (Алтынсарин. 200, 182-183-бб.).

Үйленуге байланысты әдет-ғұрыптарды үш кезеңге бөлуге болады: 1) құда түсу, 2) үйлену тойы; 3) үйлену тойынан кейінгі рәсімдер. Келін түсіру рәсімдері үйленуге қатысты әдет-ғұрыптардың екінші кезеңіне жатады. Жоғарыда аталған салт-дәстүрлер қазақ елінің барлық жерінде орын алған. Алайда, құда болып немесе бір себептермен қызды алып қашу арқылы келін түсіргенде келе жатқан келінді арнайы дайындықпен қарсы алып, үйлену тойына дейін орындалатын ырым-жора, рәсімдерді атқаруда ортақ жайттармен бірге жергілікті аймақтық өзгешеліктер де кездеседі (Әжіғали, Байғабатова, 2005, 1, 183-б.).

Оңтүстік Қазақстанда келін келгенде ең алдымен ырым етіп отқа май құяр ырымы мен басына орамал салуда кейбір ерекшеліктер анық байқалады. Келін келе жатқанын ести салысымен үлкен қазанның астына от жағып, қойдың құйрық майынан жеті түйір май алып, қызыл орамал дайындап қояды. Келе жатқан келіннің алдынан бір топ қыз-келіншек шыққанда елге үлгілі келіндердің бірі келген келіннің басына қызыл орамал салып, қолтығынан ұстап, қара қазанның басына апарып, беті бүркеулі келіннің қолына май беріп, ыдысқа салынған оттың шоғына жеті түйір май салғызады. Келін отқа майды неғұрлым көбірек салса, оның ырысы соғұрлым көп болады екен деп ырымдайды; аруақтарға сыйынып, «мен сияқты ел келіні бол» деп, оң аяғымен босағадан аттатқызып («оң аяғыңмен атта, қарағым» деп ескертеді) үйге кіргізеді.

Одан кейін келінді бір топ жас қыздармен бірге құрылған шымылдықтың ішіне отырғызады. Жас қыздармен шымылдық ішінде отырған келінді көруге келгендерден көрімдік алады. Келін болып келген қыздың басына қызыл орамал салудың себебі: оның қыз деген атын құрметтеп, жаңа жағдайға бойын бірте-бірте үйретуді жөн санайды. Келіннің басына ақ орамал ертеңіне беташардан бұрын кейде беташардан кейін салынады. Ақ орамал салған сол үйдің үлкен келіні немесе ауылдың келіні «менің де балам ержетіп үйленеді» деп ырымдап, қызыл орамалды өзі алады.

Бұл күні кешке көрші-қолаңға қонақасы беріліп, жар-жар, тілек айтылып, бата беріледі. Ертеңіне күндіз беташар жасалып, одан кейін басына ақ орамал тартқан келіннің қолынан шай ішеді. Оны *келіншай* деп атайды. Кешке қарай үйлену тойы болады (Құдайбергенова. 2005, 1, 208-209-бб.).

Кейбір аймақта келін қырық күн қыз киімімен жүруге ерікті деп саналады. Мұнда қыздың әйелше киінуге бірден көндіге алмайтындығы ескеріледі. Уақыты келгенде бәйбіше бастаған әйелдер жиналып келіп, келіннен басына жаулық салуды өтінеді. Ал абысыны адуындылау болса:

– Бәріміз де кәмшат бөрік кигенбіз,

Іргемізді түргенбіз.

Әйелдің басына ақ салу Алла жолы,

Ки мына жаулықты», – деп бұйыра сөйлеп, келіннің қыз кезіндегі бөрік желегімен қоса жұлып алады. Бұндай абысыны, әдетте, қолына екі жаулық ұстап келеді. Оның бірін алқымын бос салып, ұштарын қамзол ішіне жібереді, екінші жаулықты маңдайына ұзындығы екі қарыстай болатын қатырма салып, сәукеледей биік етіп, шашағы жауырынды жауып тұратындай деңгейге келтіріп, қатырма керегесінің үстінен желбіршек түсіре орайды. Оған келіннің қолсандығындағы шашақты оқа-зер, үкі, үкіаяқ, тұмарша тәрізді әшекейлерді тағып қояды. Келінге жаулықты бойжеткен қызы бар әйел салады. Келіннің кәмшат бөрік, түлкі тымағын сол әйел алады (Қазақтың этнографиялық категориялар... 2017, 157 б.).

Кеңестік дәуірге дейінгі Семей өңірі қазақтарында қалыңдығын ұзатып әкеле жатқан күйеу жігіт аулына жақындап қалғанда алға шығып, әке-шешесі мен ауылдағыларға келін келе жатқанын хабарлайды. Қалыңдықтың киіз үйі артылған көлік те алға озып кетеді. Оны (киіз үйді) ауылда жиналып қалған қыз-келіншектер тұрғызады. Ал, киіз үйдің шаңырағын ауылдағы ең бақытты әйелге көтергізеді. Үй тігіліп болғанша келін көші күтіп тұрады. Киіз үй тігіліп болғаннан кейін қыз-келіншектер келіннің алдынан шымылдық алып шығады. Басында сәукелесі, жібек жаулығы бар қалыңдықты аттан түсіріп, шымылдықпен қоршап, ешкімге көрсетпей ауылға жаяулатып әкеледі. Жаңадан тігілген үйге, өз отауына жақындағанда келін тізе бүгіп, бірнеше рет сәлем етеді.

Келінге тігілген жаңа отау үйге қызымен бірге келген шешесі жиналғандарға кішігірім сыйлықтарын таратады, шаңырақ көтерген әйелге жаулығына деп кездеме береді.

Қалыңдықтың жасауы жігіт әкесіне жеткізіліп, ол құдағидың көзінше бәрін қарап шығып, өзінің ризашылығын немесе көңіл толмайтындығын білдіреді. Жасауды көрсетіп болған соң қыз шешесі келінге тігілген отауға барады. Қызы мен шешесі, жиналған басқа қыз-келіншектер сол күнді ойын-сауықпен бірге өткізіп, бәрі сол үйде қонып шығады.

Күйеу жігіт қалыңдығының шешесі тойды өткізіп, өз аулына қайтқанша әкесінің үйінде болады.

Қыздың шешесі таңертең қыз-келіншектерге тағы да бірсыпыра сыйлықтарын үлестіреді. Кешке қарай келінді бетін бүркемелеп қайынатасының үйіне алып келеді. Келін табалдырықтан аттасымен тізе бүгіп сәлем жасайды. Қыз туыстарының бірі осы кезде күйеу жігіттің әкесіне шапан не мата сыйлайды. Қайынатасы келінге «көп жаса, балам» деп батасын беріп, дұға оқиды. Келін тағы да бір адым ілгері басып, сәлем салады. Атасы тағы да батасын беріп, келіннің бөстектің үстіне отыруын сұрайды. Келін тағы да сәлім беріп, атасы отыруын қайталап айтқаннан кейін ғана жұмсақ бөстекке отырады. Сосын келіннен басқаларға табақ-табақ ет тартылып, келінге бөлек табақ тартылады. Қайынатасы өз табағынан келінге сыбаға жібереді. Келін оны орнынан тұрып, сәлем салып барып қабылдайды. Атасы тағы да батасын беріп, дұға оқиды.

Тамақтанып болғаннан кейін келіннің бетін ашуға кіріседі. Келіннің шешесі жастардың біреуіне ақ мата береді. Келіннің бетін ашқан жігіт оны таяқтың ұшына немесе мылтықтың сүмбесіне байлап, келінге көрімдік сұрап беташар айтады. Қайынатасы бір үйір жылқы, шешесі бір түйе тоғыз, басқалары да шамаларына қарай сыйлықтарын атайды. Әрқайсысы беретін көрімдігін атаған сайын келіннің бетіндегі жаулықты көтеріп, бетін ашады; келін тізе бүгіп, сәлем береді. Күйеу жігіттің бұл арада тұру-тұрмауына мән берілмеген.

Тойдан кейін қыз шешесі ақылын айтып, қызымен қоштасып, жолға шығады. Ауылдың келіншектері сыйға тартқан малды жетектей, оны ауыл сыртына дейін шығарып салады (П. 2005, 255-56-бб.).

Қазақ халқында келін түсіру осылай келін көшін қарсы алудан басталып, үйлену тойымен аяқталады.

Келінге қатысты салт-дәстүрлердің қай-қайсысы да жақсы ниет, ізгі тілектерге ұштасып жатады. Отқа май тамызғанда, әдетте, жасы үлкен абысыны жас келінге «майдай жұмсақ бол, піріміз бибі Бәтима, Айша бибі анамыз қолдап жүрсін, Алла пәле-жаладан сақтасын» деген тілек сөздер айтып, жанып жатқан отқа қос алақанын қыздырып, келіннің мұрнына үш рет иіскетіп, маңдайынан сипайды. Лапылдап жанған майдың жалынына жиналған әйелдер де алақандарын тосып: «от әулие, май әулие, жарылқа» деп беттерін сипайды.

Келін әдебі (этикасы). Келін әдебі дегеніміз беті ашылып, той өткен соң жаңа ортаға түскен келін үшін бұлжымас қағида болып табылатын мінез-құлық, тәртіп нормасы. Келін түсірген үй өз келінін ізеттілік, сыпайылық, инабаттылық, жинақы қимыл, жарасымды, икемді қозғалыс, имандылық, тазалық, пәктік тәрізді қасиеттерді қамтитын, яғни қоғам, ұжым мүшелерінің қарым-қатынасындағы ізгілік нормаларының мүлтіксіз орындалуын білдіретін, қауымдасып өмір сүрудің дәнекері болып табылатын ахлақ (мораль) ережелеріне сай етіп тәрбиелеуге көңіл бөледі.

Қалыңдық келін болып түскенге дейін шешесінің, жақын жеңгесінің, әпкесінің қамқорлығын көріп, өзін әдепті ұстауға жас кезінен тәрбиеленіп келеді.

Осыған байланысты қазақтың көрнекті жазушысы С.Жүнісовтің «Ақан сері» романынан мынадай этнографиялық деректі кездестіреміз:

«Ақтоқтының кейінгі кезде Ақанды да, басқаны да ауызға алмай, үнсіз жүргеніне «е, күдер үзген екен, әлі бала ғой, алғашында түсінбеген ғой, енді ұққан екен» деп қуанған Ақбота үй шаруасымен айналысып жүріп, сіңілісіне ертең келін боп түскендегі неше түрлі құйтырқыларды, енеге, атаға, күйеу, қайындарға қандай инабат көрсету керек екенін үйретіп, салт-сана, әдетке сіңген көп жоралғыларды ұғындырумен әлек.

– Келін боп түскеннен былай шашыңды үнемі екі айырып өресің;

– Бір жылдай ата-енеңе жүзіңді көрсете бермей, далаға шыққанда ылғи сарт шапан жамылып шығасың;

– Төсек жиганда бәрінен де аяққабыңа ұқыпты бол. Шұлығың не ішкіімің шашылып жатпасын. Артығы болса, аяққапқа салып, мұқият бол;

– Қайындарыңа өзің лайықтап ат қой. Бадырайтып атымен атап жүрме. Атаң аты Сүтемген екенін білесің ғой. Оның есімін аңдаусызда атап қалма. Сүт деген сөзді айтқың келсе, қашанда «ақ» немесе «сүме» деп, «бұзау емді», «құлын емген» дегенді «бұзау сорды», «құлын жұтты» деген сияқты сөздермен ауыстыруға жаттыға бер.

– Жат жерге келін боп түскен соң бәрі, бәрі сын. Сөйлеген сөзің, артық күлкің, біреуге қарасың, шай құйысың, ең арты жүріс-тұрысыңа дейін сын. Ақтоқтым, үлгі-өнегеден кемшін емессің. Әйтсе де, қашан үйренісіп кеткенше «ақырын жүріп, аңдап бас».

Әшейінде ұғымтал Ақтоқты талай рет шешесінен естіген мына сөздерге құлақ қоймаса да, әшейін бас изей берді.

Таңда Ақтоқты еліне жүрмек. Бүгін жөнелу жоралғысына Еркімбай семіз тай сойған. Көңіл жақын туыстарды шақырмақ. Жайрап жатқан етке шаң түспесін деп, шағын қос – ас үйде етті мүшелеп болған Ақбота Ақтоқтыны жетелеп әкеп, соңғы сабағын нысықтап отыр:

– Мынау қазы, қарта, жал, жая – бұларды білесің ғой. Жылқының ең қадірлі мүшелері. Он екі қазы ішекке салғанда алты қос қазы делінеді. Мынау – жығылар жағы. Мынау – белдеме – омыртқа мен жаяның арасы, бұл алтыға бөлінеді. Мына жатқан екі талдан төрт кіші қабырға – тасты. Кейде бұл қазы орнына салынады. Міне бұғана. Бұл да еті қаттылау болғанмен, қадірлі мүше, құдаға салады. Ал, мынау – омыртқа. Жылқыда он жеті омыртқа болады. Бұларды қашанда іркіп, сыйлы қонаққа бір-бірден салып отырады. Көптен дәм татпай өкпелеген адамның «үйіңнен бір омыртқа жегем жоқ» дейтіні осыдан шыққан. Омыртқа таусылса, оны төспен алмастырады. Мына қабырғаның басы – қазының омыртқадан шығатын жағы, мұны қатаған басы дейді. Қатаған басын ішекке

қазымен бірге салады. Ал, жілік санда үшеу, қолда үшеу. Сандағы ортан жілік, асықты жілік, жамбас. Жамбасты да жілік деп санап, табаққа жеке салады. Қолдағы – тоқбас, кәрі жілік, жауырын. Жауырын да жілікке саналады. Бұл мүшеге жүреді, бірақ етті көбейту үшін салатын жандама мүше. Қазының шетін телілік дейді. Мұны жылқы сойған күні салады. Теліліктің ұшын кесіп алады. Оны мықын дейді. Мынау – төс қазы. Жас малда, арық малда етегі болмайды. Семіз жылқы болмаса, бұған май ілікпейді. Сондықтан қонаққа жармайды. Мынау – қарын; мына жатқан бұдырмақсыз тәттісін қара қарын, бұдырмақтысын жай қарын дейді. Қартаға таяу қадірлі қарынды жіңішке қарын дейді. Ішек жуан ішек, жіңішке ішек болып екіге бөлінеді. Жуан ішекке қазы айналдырады. Жіңішке ішектен шұжық істейді. Бауырға жабысып тұратын мына бір жұмсақ етті жетім бауыр дейді. Мынау – қолқа. Сабағы барын тұздап, айналдырып, құдандалы адамға сақтайды. Ал, сабағы жоқ жүрек қолқасы – бала мүшесі. Айтқандай, жамбас үшке бөлінеді. Ортадағы шұқыршағы қалады. Екі жақ кемік басын қадірлі қонаққа береді. Кәрі жіліктің басын білесің бе? Мұны толарсақ басы дейді. Мұны «етігің қисаяды» деп балаларға, «толғағың қатты болады» деп әйелдерге бермейді. Мына жатқан – өкпе. «Өкпе жетер көпке» дейтін осы. Бұл қуырдақтан басқаға жармайды. Сондықтан сойған күні келген адамға мол ғып қуырады. Мүшелі тамақ емес. Мынау – жалбыршақ қарын. Мұны қазір итке тастаймын. Жалбыршақ, көкбауырдың бәрін «жаужұмыр» дейді. «Жақсы болса, жаужұмырды ит жей ме?» деген сөз содан шыққан», – деп келін боп түсер Ақтоқтыға ас-су ұстаудағы жөн-жосықты үйретіп жатқанда, тыстан күйеуі кірді» (С.Жүнісов. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. 1-том. Ақан сері. Алматы: Жазушы, 1981, 120-121-бб.).

Келіннің тәрбиесіне өзінің отбасы ғана емес, «қызға қырық үйден тыйым» принципі бойынша бүкіл ауыл жанаршылық танытып, қыздарының келін болып түскен еліне «тастай батып, судай сіңіп кетуіне», «отырса опак, тұрса сопак» болмай, жақсы келін атануына тілектес болады, қыздарына жақсы тәрбие беруге үлес қосады. Жаңа ортаға түскен келіннің тәрбиесі беташар жырынан басталады. Беташарда келіннің жаңа өміріндегі қызметіне, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, адамдармен қарым-қатынасына байланысты бағыт-бағдар беріліп, күнделікті тұрмысында пайдасын тигізетін ақыл-кеңестер айтылады. Ата-анасының, жеңгесінің, ауылының тәрбиесін көріп, жаңа елге түскен жас келін беташарда айтылған ақыл-кеңестерді басшылыққа алып, той өткен күннің ертеңіне ерте тұрып, күйеуінің ата-анасы отырған үлкен үй, қара шаңырақ деп аталатын үйдің түндігін ашады. Одан кейін қайнағаларының, ең соңында өз отауының түндігін ашады. Отау үйге от жағу үшін үлкен үйден от (от жағатын тамызық, шок) алуға барады. Одан әрі өз міндеттерін атқарудың алдында таңертеңгісін ізеттілік көрсетіп, ата-енесіне тізесін бүгіп сәлем салып, күнделікті жұмыстар – таңертең ерте шай қою, дастарқан жайып шай беру, үй тазалау, тамақ әзірлеу, сиыр сауып, күбі пісу, мал жайғастыру, қонақ күту және т.б. шаруалармен айналысады. Күнделікті жұмыстарға өз уақытында үлгеру үшін ерте тұрып, кеш жатып күн ұзаққа бір тынбай көп іс бітіреді.

«Қатынды бастан, баланы жастан» дегендей жігіттің шешесі, әкесі келіннің жүріс-тұрысына, іске икемділігіне, мінез-құлқына назар аударады. Өйткені әр елдің салты әртүрлі. Келінді жаңа ортаға бейімдеу түскен үйіндегі үлкендерден үлкен жауапкершілікті талап етеді. Келіннің қандай болып қалыптасуы түскен жеріне де байланысты. «Жақсы үйге түскен келін – келін, жаман үйге түскен келін – келсап» деп бекер айтылмайды. Қазақтың байырғы дәстүрі бойынша үйленген балаға бірден еншісін беріп, малына ен-таңба салып, өскен ортасынан бөлектеп жібермей, белгілі бір уақытқа дейін жастардың отауын оң жағына қондырып, келінді сыннан өткізіп, енесі мен абысындары жаңа түскен келіннің міндеттерін айтып, істейтін істерін, сөйлейтін сөздерін және т.б. үйретіп, қадағалап отырады. Келіннің өз міндеттерін мүлтіксіз атқарып, келешекте ізетті, еңбекқор келін, қадірлі ана, жақсы жар болып қалыптасуына ықпал етуде ежелердің өмір тәжірибесінен алып айтатын ақыл-кеңесінің маңызы зор.

Ел ішінде көпті көрген, ел анасы атанған парасатты ежелердің «Келінін қызындай көр, қызың келін болмас па?», «Ұлың үйленсе ырысың, қызың орын тапса өрісің», «Келін жаман емес, келген жері жаман», «Келінді қайынененің топырағынан жаратады», «Жақсы келін қызындай, жақсы күйеу ұлындай», «Келіні жақсы үйдің керегесі де алтын» деп айтып отыратын мақал-мәтелдердің астары тым тереңде жатыр. Бұндай халық даналығы жаңа түскен келінді қалай қабылдау керектігіне меңзейді. Сондықтан да кешегі қыз, бүгінгі жас келінді о бастан үй шаруасын жүргізу мен меңгерудің жаңа ортадағы үлгісіне, қыр-сырына бейімдеп, оң мен солын тезірек тануына көмектесу қажет. «Қатынды – бастан (тәрбиеле), Баланы – жастан (тәрбиеле)» деп өсиет қалдыруы келінге деген осындай жанашырлық пен игі ниеттен туған.

Осылай басынан бейімдеудің арқасында кешегі бойжеткен, ендігі жас келіннің әлеуметтік мәртебесінің (статусының) өзгеруіне орай оның жүріс-тұрысына, іс-қимылына, адамдармен қарым-қатынасына, мінез-құлқына, сөзіне, киіміне және т.б. өзгерістер еніп, олардың қыз кезіндегі түр-

сипатына шектеулер қойылып, тыйым салынады. Келін ата-баба салт-дәстүріне мойынсұнады. Солардың бірі – байырғы қазақ тұрмысында келіндердің қайынжұртының адамдары мен дүниеден өткен ата-бабаларының есімдерін тура атамай, тұспалдап атауы. Қалыптасқан дәстүр бойынша жас келіннің түскен жерінің үлкен-кіші ерлері мен әйелдеріне өзінше ат қойып, тұспалдап атауы *ат тергеу* деп аталады. Жас келіннің ат тергеуі түскен еліне, күйеуінің туыстарына деген құрметінің, әдебінің бір көрінісі болып саналады. Келін, әдетте, күйеуінің аға-қарындастарына – үлкен үйдегі кісі, Жәкем, Атытеріс, Арайлым, Шырайлым, Сұлуым, Бикеш тәрізді балама есімдер, ал, інілеріне Мырза бала, Кенжетай, Ақжігіт, Мырза жігіт, Кішкенем, Төрем тәрізді есімдер қойып алған. Тіпті бір заттың аты сол туысқандарының атымен сәйкес болғанның өзінде, оған да ат тауып қойған.

Ат тергеуде ұтымды, жарасымды қойылған әрбір аттан келіннің тапқырлығы, қоршаған дүниені тануы, ақылдылығы, тіпті жарасымды әзілқойлылығы да танылады. Бұрынғы тұрмыста өз күйеуін әдеп бойынша «біздің үйдің кісісі», «отағасы» деп атайтын келіндердің ата-енесімен, басқа адамдармен амандасу ерекшелігі, сәлем салуы да келін мен қайынжұрт арасындағы өзара сыйластық пен береке-бірлікке қызмет ететін әдет-ғұрып нормаларының біріне жатады (Самойлович. 2006, 2, 247-б.).

Келіннің сәлем салуы. Келін ата-енесіне күнде таңертең және олар ұзақ уақыт басқа жақта болып келгенде сәлем салады. Келіннің сәлемін алған ата-енесі немесе басқа да жасы үлкен кісілер «Өркенің өссін!», «Бақытты бол!», «Ұл тап», «Көп жаса, қарағым» деп жақсы тілек айтып, ризашылығын білдіреді. Келін қазақ салтында амандасқаннан басқа уақыттарда да сәлем салып жатады, яғни ел ішінде сәлем салудың әртүрлі жағдайға байланысты қалыптасқан түрлері кездеседі.

Мәселен, «Сыр өңірінде әлі күнге дейін жалғасын тауып, қаймағы бұзылмай келе жатқан дәстүрдің бірі – сәлем салу. Қазақ халқында сәлем салу дәстүрінің үш түрі қалыптасқан, бірі – келіндердің өзінің күйеуінің үлкен ағайындарына амандасу ретінде сәлем салуы, екіншісі – ата-ене, қайнаға, абысынға бір үйде тұрып күнде таңертең сәлем салуы, үшіншісі – қазақтардың үлкен асы – ет тамақты жеп болған соң, дастарқан басындағы үлкен кісіге сәлем салуы. Алғашқы екеуінің мәні амандасу, сыйластық ретінде орындалады, ал үшіншісінің мәні ізет-құрмет көрсету болып саналады. Келіннің сәлем салу дәстүрі беташардан басталады. Беташарда күйеуінің ет жақын туыстарының әрқайсысына арнау өлең айтылған соң келін де, қолтықтап тұрған келіндер де иіліп сәлем салады. Сыр өңірінде ішінара келіндердің күнде таңертең үлкен ата-енесіне сәлем салу дәстүрі кездеседі. Бұл дәстүрді ұстанған қариялар «бір шаңырақ астында тұрғанмен, бір бөлмеде ұйықтап тұрғандай болмайық» деп түсіндіреді.

Сыр бойында сақталып отырған сәлем салудың бір түрі «табақ алу» кезінде атқарылады. Ет тамақ тартылған үлкен астан соң дастарқан басында отырған үлкен адамның үлкені табақты ұсынғанда, келін сәлем салып барып алуы тиіс. Сыр келіндері осы өңірде қалыптасқан дәстүр бойынша ет тамақ желініп болғанын сезген бойда табақ алуға дайын тұрады. Үлкен жиын-тойда, ас, құдайы тамақ берілгенде тартылған табақтың санына қарай ауыл келіндері бірінен соң бірі тізіліп тұрып, әрқайсысы табақ аларда иіліп сәлем салады. Сыр өңірлік отбасында қонақ келмей-ақ өздері отырып, ет тамақ жеген соң келін ата-енесіне сәлем салып табақ алады. Бұл ет тамақты қазақтың үлкен асы деп санап, дастарқан басында отырған үлкендерге және шаңырақ иесіне деген құрметтеуден туындаған» (Қаратаева. 2, 150-151-бб.).

Сәлем салудың сыртта, далада, жол үстінде кездесетін түрлерін қазіргі көркемшығармалардан кездестіруге болады. Мысалы, жазушы Т.Мәмсейітовтың «Ізет» деп аталатын әңгімесінде көлікке мінген келіннің жол үстінде кездескен атасына қалай сәлем салғаны шынайылықпен былайша суреттеледі:

«Қапталдың кер жолымен аттың басын қоя беріп, аянмен келе жатқан Ұлбосынның алдынан Бекбосынның өзі шықпақ болды. Ұлбосын да қиялап орта тұсқа келіп қалды. Бір кезде еңкейіңкіреп бір қолымен атының басын тартып тоқтатты да, ақырын тебініп қойып, бір езулей кейін бұрды...

– Әй, әке, не болды? Бір нәрсені түсіріп алдың ба? Тоқтай тұр қозғалмай! Мен алып беремін. Бұл жеткенше Ұлбосын аттан түсті. Баласын бір қолымен қыса тұрып, үсті-басын жөндеді де, атын қайта бұрып жетектеп жүрді. Ентіге басып Бекбосын да жақындап қалды. «Не істегелі жүр екен өзі». Жақындай бергенде Ұлбосын тоқтай қалып, бір қолымен ораулы нәрестесін қысқан күйі, екінші қолын тізесіне қоя беріп, иіліп сәлем жасады.

– Көп жаса, айналайын! – деген Бекбосын «Қия жерден сәлем жасамаса да болатын еді ғой, ізетіңнен айналайын», – деп ойлап, – Атыңнан неге түстің, әке? Бірдемеңді түсіріп алдың ба? – деді.

– Жоқ, ата. Ешнәрсе түсіргем жоқ. Жай, сізге сәлемдесейін дегенім ғой, – деді жайбарақат қана. Өзі бырышып терлеп кетіпті.

– Ой, рақмет, айналайын! Несіне әуре болдың өзің әрең келе жатып. Көсегең көгерсін, шырағым. Бекбосын аттың шылбырын алды.

– Әуре болғам жоқ, ата. Ұят қой. Сіз жаяу алдымнан шыққанда түспегенім.

– Әй, осы келінім, әйтеуір ата салтын ұмытпайды. Айналайып кетейін, – деді қатты риза болған Бекбосын қолын жайып» (Мәмесейітов. 1994, 42-б.).

Келін киімі. Келін киімі – келінді бойжеткен қыздан, үлкен әйелден ажыратып тұратын, жас келіншек екенін білдіріп тұратын киім үлгісі. Қазақ тұрмысында жас келінге қатысты салт-дәстүрлер олардың киіну ерекшелігінен де айқын көрінеді. Бірсыпыра аймақтарда ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша келін етек-жеңін жинап, аяқ-қолын көрсетпейтін жеңі мен етегі ұзын киім киген. Келіндер үйде де, сыртта да орамалсыз жүрмеген. Бұл дәстүр (яғни орамалсыз жүрмеу) бірсыпыра өңірлерде әлі күнге дейін сақталып отыр.

Келіннің киімі оның жаңа ортадағы әлеуметтік мәртебесін белгілейтін шарттардың біріне жатады. Олар – сәукеледен кейінгі желек жамылу, одан кейінгі кимешек кию. Келін болып түскеннен кейін сәукелесін сандыққа салып сақтап қойған. Келін кей жерлерде тұңғыш перзентін тапқанға дейін, кей жерлерде 2-3 балалы болғанға дейін желек жамылып жүреді. Желек – күрең өңді жеңіл матадан тігілген, баскиімнің шетін ала шекені, маңдайды жаба келіп, бет қана ашық қалдырылатын, төгіле түсіп денені орай жауып тұратындей етіп мол қамтылған, ұзындығы тізеден төмен түсетін ғұрыптық киім түрі. Белгіленген уақыт болған кезде мал сойылып, ауыл кемпірлері, абысын-ажындар шақырылып, арнайы атай отырып, келіннің желегі алынып, орнына кимешек кигізіледі. Бұл келіннің осы әулеттің толық мүшелігіне өтіп, ана, адал жар, үй иесі деген атаққа ие болғандығын айғақтайтын жас, әлеуметтік инициацияны белгілеген ғұрып болып табылады. Осыдан бастап жас келін зер жіппен кестеленген, моншақ-танамен әшекейленген кимешек киеді, жасы ұлғая келе ол әшекейлері азайған, өң-түсі де біркелкі түрін киетін болады (Қазақтың этнографиялық категориялар... 2017, 3, 160-б.).

Осылайша жас келін өмір өткелдерінен өтіп, көп тәжірибе жинақтап, бала, немере, шөбере сүйген қадірлі анаға айналады. Ондай ауыл-аймаққа беделі зор аналардың ауылда ер адамдар жоқ кезде іс-шаруаны басқарып, мал сойғызып, қонақ күтіп аттандыруы қалыпты жайтқа айналған.

Әдебиеттер

Алтынсарин Ы. Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том: дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 175-183 бб.

Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С.Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы. 2005. 175-199 бб.

Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Алматы: «Санат», 1998. 256 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 856 б.

Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: «Рауан», 1994. 222 б.

Қаратаева Т. Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы ХХ ғасырдың басы). Екі томдық. 2-том. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 325 б.

Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрыпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С.Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. 200-225 бб.

II. Семей облысы қазақтарының әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 38-71 бб.

Самойлович А.Н. Қазақ әйелдерінің тіліндегі тыйым сөздер // Қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. 2-том: Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша) / Құраст. С.Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. 245-250 бб.

R.N. Shoibekov

TRADITIONS AND CUSTOMS ASSOCIATED WITH THE RECEPTION OF DAUGHTERS-IN-LAW

The article discusses the ancient traditions and customs associated with reception of daughters-in-law. There are detailed ethnographic description of the customs, various gifts, regional features, the ethics of the bride, the peculiarities of dress, the types of greetings performed during the reception of the bride.

КӨЗГЕ ЖӘНЕ КӨЗ ТИЮГЕ БАЙЛАНЫСТЫ БАЙЫРҒЫ ҰҒЫМ-ТҮСІНІКТЕР

Көз – адам мен жан-жануарлардың көру мүшесі. Адамға қатысты алғанда көз адам жанының айнасы, адамның ішкі жан дүниесі мен көңіл-күйі, махаббаты, жанашырлығы, құмарлығы, кегі, жек көруі, қуанышы, қайғысы, үміті, арманын айқындайтын мүше ретінде танылады. Адамға жақсылық пен жамандық, бақ пен сор да көзден келеді деп түсінетін қазақтар көздің сұғы әйелдерді екіқабат қылады, ағаш пен шөпті құртады, істі кері кетіреді деп нанады.

Қазақтағы көз тиеді, сұқ кадалады деп ырымдайтын, ерекше асыл, бағалы нәрселерді көргенде көзге сүртегін әдеттің бәрі осымен байланысты шыққан.

Қазақтан көз жасы туралы талай-талай ырымдар кездеседі. Мысалы, көздің жасын мәйітке, табытқа тамызбайды. Көздің жылбырауын көз тартты деп не жақсылыққа, не жамандыққа жориды. Халық арасында ертеден келе жатқан ұғым бойынша адамның көзі дүние-байлыққа өлгенде ғана тояды, сондықтан адам өзі қанағат, ынсап қылмаса, дүниеге көзі тоймай өтеді. Қайтыс болған адамның ашық қалған көзін жұму осындай ұғыммен байланысты қалыптасқан. Ол жөнінде мынадай бір аңыз бар: *«Ескендір патша жорықта (жолда) келе жатып, керемет бұлаққа тап болады. Бұлақты бойлай жүріп, ол жұмақтың қақпасына жетеді. Патша қақпаны ашуды бұйырады, бірақ қақпаны ешкім ашпайды. Оған қақпаның ішінен орамалға түйілген адамның бас сүйегін (кейде бір дорба ұнмен қоса) тастайды. Оның мәнісін түсінбеген Ескендір ашу шақырады. Сол кезде әміршінің қасындағы Қызыр (данышпан) бас сүйекті таразыға салдырып өлшиетеді. Бас сүйекті еш нәрсе баса алмайды. Сол уақытта таңданған патшаға Қызыр: «Адамның көзі дүниеге тоймайды, тек топырақ қана бас сүйекті баса алады», – деп, бір уыс топырақты сүйектің көзіне құя салады. Сол сәтте бас сүйек тұрған таразы көтеріледі. Ескендір болса жаһангерлік райынан қайтады» (Қазақтың этнографиялық категориялар... 2017. 3, 282-б.).*

Ертеден келе жатқан осы аңыздың мазмұн желісінің негізінде ұлы ақынымыз Абай Құнанбаев «Ескендір» поэмасын жазған. Аңызда айтылғандар өлең жолдарымен былайша өрнектеледі. Төменде соның кейбір шумақтарын ғана келтіріп отырмыз:

*Хакім жерден топырақ алып барды
Бір уыстап сүйекке шаша салды
Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,
Сүйек басы жоғары шығып қалды.*

*Ескендір мұны көріп аз тұрады.
Хакімді аулақ жерге шақырады.
– Таң қаларлық іс болды мұның өзі
Мәнісін айтып берші, – деп сұрады.*

*– Бұл адам көз сүйегі, – деді ханға, –
Тоя ма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда...*

*Кәпір көздің дүниеде араны үлкен
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де өлген күні
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.*

*Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:
Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат
Сый сұрадың, бергені – бір қу сүйек,
Мұны көріп, алыңыз сіз де гибрат!*

*Ойлап-ойлап патшаның мойны түсті,
Құдайым көрсетті деп бұл бір істі.
Бекерлік екен менің бұл ісім деп,
Қолын алып, жұртына қайта көшті»* (Құнанбаев. 1968, 2, 12-б.).

Қазақтың мифтік аңыздарында көздің ерекше қасиеті туралы ұғым-түсініктер молынан сақталған. Мысалы: «Егер жыланға жүз жыл адамның көзі түспесе, ол айдаһарға айналады. Егер адамның көзі екі жүз жыл түспесе, жыланның маңдайы екі елі болады. Сонда ол түрлі түске кіре алатын болады (қыз, келіншек, басқа хайуанаттар). Сөйтіп адамды алдап ауылға келіп, ешкім сезбесе, кешікпей бір тайпа елді жұтып қояды дейді. «Адамның көзі – асыл нәрсе» (Қазақ халық әдебиеті. 1988, 2, 144-145-бб.).

Көздің пішіні мен қасиетіне ұқсастырып адам айналасындағы нысандар мен олардың бөліктерін, әртүрлі заттарды *көз* деп атаған. Мысалы, ішінде суы бар түйін, ісік болып көрінетін мал ауруын, ағаштың шорланып біткен жерін, бұдырмағын, зергерлік әшекейлерге қондырылған тастарды, оларды қондыратын ойықты (ұя) да *көз* деп атау қалыптасқан. Көз зергерлік бұйымдарға байланысты қолданғанда әртүрлі ұғымдарды білдіреді. Мәселен, *көз* – жүзік, білезік, қапсырма тәрізді әшекей бұйымдардың бетіндегі асыл тас қондыруға арналған ойық, ұя, қауашақ; *көз* – құйысқанға, жүгенге орнатқан күміс күмбез (асыл тас емес); *көз* – білезікке салынатын дөңгелек пішінді ою; *көз* – білезік, жүзік, сырға, тұмар тәрізді бұйымдарға қондырылған асыл тас; *көз* – моншақтың әрбір тасының бетіндегі ақ түсті бүршігі (оның әрқайсысын бір-бірлеп шыныдан, күмістен жасайды) (Шойбеков. 1993, 163-б.).

Бұрынғы заманда зергерлік бұйымдарды асыл тас қондырып (көз салып) әшекейлеудің эстетикалық қызметінен гөрі наным-сенімдік, ырымдық мәні анағұрлым басым болған. Бұйымның бетіне тас қондырып, оны *көз* деп атаудың сыры, біріншіден, асыл тастарды қасиетті деп танумен (мұндай түсінік барлық халықтарда кездеседі), екіншіден, адам көзінің ерекше, тылсым қасиеттер болады деген көне ұғыммен байланысты. Қазақтардың ертедегі ұғымы бойынша, *көз* – қауіп-қатерден сақтайтын құдіретті күш иесі. Халық ұғымында ауру-сырқау да, өлім-жітім де адамның көз тиюінен, сұқтанып қарауынан болады. Одан сақтану үшін тұмар тағады. Зергерлік бұйымдардың желеп-жебейтін қасиетін арттыру үшін айналадағының бәрін көріп, біліп отыратын «көз орнату қажет» деген ұғым қалыптасқан. Осындай ұғым-түсініктің негізінде көз қондырылған бұйымдар *көзді білезік, көз сырға (көзді сырға), көзмоншақ, көзтана* деп аталған (Шойбеков. 1993, 164-б.).

Халықтың байырғы ұғымы бойынша, *көз тию* – көзінің сұғы бар адамның назары түскеннен болатын ауру. Дәстүрлі наным-сенім бойынша, бұл ауру (көз тию) көз ала алмай қарап қалудан, сұқтанып қараудан, қызғанышпен яки ызаланып тесіле қараудан болады. Көз тигеннің белгісі мынадай: көз тиген адам бірден ауруға шалдығады, сұлқ түседі, тіпті келесі күні-ақ қайтыс болады. Кейбір аңыздарға қарағанда, көз тиген сәбидің, қыз-келіншектің денесін ашып қарағанда көз тиген жер қап-қара болып күйіп кетеді екен. Көз тиген жүйрік ат жолда кенеттен мертігеді, сүтті бие мен сиырдың, түйенің аяқ астынан желіндері ісіп, сүті қайтып кетеді. Бау-бақшаға көз тисе, ол жақсы өнім бермей қояды, тіпті жапырақтары солып қалады-мыс.

Ел арасында бұл ауруды *көз тию, көз өту, сұқ тию, сұқ көзге ұшырау* деп әртүрлі атайды. Көз тигіш адам *назаркерде (назаркерден, назаркерді* деп те қолданылады), *назары аш, көзі жаман, көзінің сұғы бар адам* деп аталады. Наным-сенім бойынша, көз тигіш адамдар еркектердің де, әйелдердің де арасынан кездеседі. Бұндай адамдар үйге келсе, жас балаларды олардың көзіне түсірмеуге тырысқан.

Көзі тиген адамның әйел не еркек екенін анықтау үшін ауырған баланың кіші дәреті мен аурудың белгілері мен беталысына қарап болжаған. Мәселен, баланың денесі суып, кіші дәретке жиі-жиі отырса, қолға тұрмай шалқалап жылай берсе, оған ер адамның көзі тиген екен, ал денесінің қызуы көтеріліп, тәбеті болмай, шырқырап жылап, мүлде ембей қойса, әйел адамның көзі тиген екен деп жорыған.

Ертеректе ауыл адамдары көзі тигіш кісілерді олардың көзіндегі кейбір белгілеріне қарай ажыратқан. Атап айтқанда, «ол туралы да Өтейбойдақ бабамыз *«Көз сұғы бар адамның көзі ішінде не көзі маңайында қал не меңдеме көз көргі болады. Оның көз қарашығы жалынды, қарауы сұқты, өткір. Жанары қара болмақ. Ал тіл сұғы барлардың аузы айналасында ерін, ұрт маңында меңі не қалы болмақ. Тілінде, өте-мөте өзектік тілінде, теңбіл не қалсүрей болмақ»*, – деп жазады», – деп еске алады академик Ә.Қайдар (Қайдар. 2009, 1, 454-б.). Ондай адамдардан ауыл-елдің азды-көпті хабары болып отырған. Сондықтан, жоғарыда айтылғандай, бұндай адам ауылға, үйге келсе, жас балаларды, малдың төлін (бота) олардың көзіне түсірмеуге тырысады.

Халық аңыздарындағы деректерге қарағанда, адам жан-жануарларға қастандық ойлағанда әдейілеп көз тигізетін жағдайлар болған. Ол үшін көзінің сұғы бар деп танылған адамды пайдаланған. Сондай

аңыздың бірі төмендегідей: *«Ертеде Жайық атты хан болыпты. Оның Шыңғырлау деген асқан сұлу қызы болыпты. Қызы бой жетіп, ақылдылығымен, көргенділігімен көзге түсіпті. Бұл қызға қызығушылар көп болыпты. Жайық хан қызын жұрттан асқан өнерлі, сегіз қырлы, бір сырлы жігітке бермекші болады. Ол барлық жерге жар салады. «Аты бәйгеден озған, күресте жеңген жігітке берем», – деп жарлық таратады. Халық көп жиналыпты. Бірнеше күннен кейін астында торы аты бар бір жас жігіт келіп қосылады. Күресте әлгі жігітке жан шақ келмейді. Жайық хан өз жігіттерінен мерейі үстем болған жігітке қызғанышпен қарай бастады. Ертең бәйге басталады деген күні Жайық хан жігіттің атын көрмек болады. Жігіт атын киіз үйдің ішінде ұстайды екен. Жігіттің шыққанын аңдып тұрып, екі-үш жігіт киіз үйге кіреді. Ай сүттей жарық болады. Ішке кірген жігіттер таң-тамаша болады. Торы аттың алдында бір астау су, екі жанында екі астау су қойылған екен. Алдыңдағы астаудан су ішіп, жанындағы астауға екі қанатын салып, салқындап тұр екен. Оны көрген ел жігіттері бәйгенің де өздеріне жоқ екенін түсініп, жауыздық олай бастайды. Көрші ауылға ат жіберіп, көзінің сұғы бар кемпірді алдырып, атқа кемпірдің көзінің сұғын өткізеді. Ертеңіне бәйге басталады. Шыңғырлау сұлу күресте жеңген жігіттің атының озып келуін қалайды. Алайда, Шыңғырлаудың арманы орындалмайды. Бәйге жолының орта тұсынан асқаннан кейін торы ат жығылып өледі. Жанынан артық көретін тұлпарынан айырылған жігіт қыздан үмітін үзіп, аулына қайтады. Жолда сүйікті атының басын жарыс болған таудың биігіне қояды. Сүйген жігітінен айырылған Шыңғырлау ағып жатқан суға кетеді. Жалғыз қызынан айырылған ханның көз жасасы көл болыпты. Ол ұлғая келе Жайық өзеніне айналыпты. Жігіт атының басын қойған төбе Торыатбас тауы атанып, қыз кеткен су Шыңғырлау өзені атаныпты деген сөз бар» (Қазақтың мифтік әңгімелері. 2002, 126-б.).*

Көз тиюді емдеу. Көз тиюді халық емшілері дұға оқу, сумен емдеу, отпен емдеу, түкіру, ұшықтау, тіл кестіру тәрізді тәсілдермен емдеген. Емдеудің бұл түрлері, негізінен, адамдарды емдеуге қолданылады. Бұл жөнінде мынадай аңыз сақталған: *«Мұхаммед пайғамбардың заманында Тафашат атты бір көзі бар әйел болыпты. Егер ол тасқа көзін салса, тас уатылып кетеді екен, жолбарысқа назар салса, сол сәтте құлайтын болыпты. Кәпірлер Мұхаммед пайғамбарды мұқату мақсатымен атышулы әйелді оның немерелеріне айдап салыпты. Тафашат Хасан мен Хұсайынға назар салған екен, олар қалтырап-дірілдеп, естерінен танып түсіпті. Пайғамбар қапаланады. Сол сәтте Жебірейіл періште бір дұға әкеп беріпті. Оқиды. Тафашаттың екі көзі ағып түседі. Мұсылман оқымыстылары біледі, бұл дұға қазірге дейін бар. Көз тигенде оқылады» (Қазақтың мифтік әңгімелері, 2002, 142-б.).*

Ел ішінде дұға оқып емдеуді тіл кестіру деп атағанын академик Ә.Қайдар былай деп түсіндіреді: *«Егер адамға немесе малға көз тисе, мұндай жағдайда «тіл кестіру» арқылы емдейді. Емдеу шаралары келесідей: Зақым алған, ауруға шалдыққан адамды бірнеше айға жеке жатқызып, бақсылар емдейді. Ол адамның айығуы үшін Құран аяттарын оқиды. Емдеуден кейін құдайы ас беріледі, емделген адам біраз уақыт бойы ешкіммен сөйлеспейді» (Қайдар, 2009, 1, 454-б.).*

Көз тиген адамды таңертең ертемен аш қарынға үлкен әжелерге түкіртеді. Емдеудің бұл түрін *түкірту* деп атайды. Мүмкіндігінше, жас бала сұлқ түсіп ауырып қалғанда көзі тиді-ау деген адамды тезірек таптырып алып, соның өзіне түкіртеді. Сонымен бірге оларға дұға оқытқан. Ертеректе қазақтың кез келген кемпірі көз тиюге қарсы оқитын, оны қайтаратын дұғаларды білген (Ибрагимов, 2006, 2, 20-б.).

Емдеу тәсілдерінің бірі ретінде көз тиген, астан ұшыңған жас балаларды күн батпай тұрып ұшықтаған. Мұны *ұшықтау* дейді. *Ұшықтау* – «ауруды аластап, емдеу» дегенді білдіреді. Бұндай ауруды емдеуге жалғыз ұшық немесе сумен *ұшықтау* түрлерін қолданады. *«Ауруды құрым киізбен ұрады немесе ала қаппен ұшықтайды. Көп жағдайда ұшықтаушы бейқам отырған аурудың бетіне қарай кенеттен суды бүркіп қалғанда, селк еткен науқас қатты тітіркенеді. Ұшықтаушы болса, «Кет, пәлекет, кет» деген магиялық мәнді сөзді айтып, адамға жабысқан ауруды қуалағандай ишара жасайды. Емші емге пайдаланған су құйған кесені далаға төңкеріп тастайды, тек ертеңінде ғана алады. Оның себебін ел ішіндегі емшілер түн қараңғысында «жұлдыз көрген» соң ыдыс тазарады деп санаған» (Қазақтың этнографиялық категориялар. 2017, 5, 557-б.).*

Балаға көз тиді деп жорыса, кейде суды пайдаланып, мынадай тәсілмен емдеген. Есіктің тұтқасын сумен жуып алып, сол сумен баланың екі алақанын және табандарын жуады немесе иттің бас сүйегін тауып алып, оны суға қайнатып, сол суға баланы шомылдырады, суға қайнатқан иттің қу басын таза шүбірекке орап, жоғарыға іліп қояды. Көз, сұқ тиген адамды емдеуге отты пайдалану да кездеседі. Ол үшін көзі өтті-ау деп секем алған адамның үйінен бір нәрсені алып келіп түтетеді. Кейде жеті тасты отқа күйдіріп, оны сүт құйылған ыдысқа салып, баланың басына біраз уақыт ұстап тұрады. Аздан соң осы сүтті балаға ішкізеді (Әжіғали, Байғабатова. 2005, 1, 183-б.). Сонымен бірге көз тиген баланың

денесін қасқырдың, аюдың өтімен сылайды, аттың қамытынан өткізеді, тоқым жабады, өйткені ат терінің қасиетті иісі көмектеседі деп санаған.

Көз сұғын кері қайтару үшін кейде көзі тиді-ау деген адамның ұлтарағынан немесе киімінің етек жағынан, жағасынан білдіртпей кесіп алып та ырым етеді. Кейде «ұрлап алған» киімнің өзін өртеп, оның күйесін баланың беті мен мойнына, арқасына жаққан.

Көз тиюден сақтандыруға байланысты көне наным-сенімдермен байланысты жосын-жоралғылар мен ырым-тыйымдар жиі кездеседі. Мәселен, жас балаларға көз тимесін деп беттеріне күйе жағып қою, бесікті қызған темірмен қару (Әжіғали, Байғабатова, 2005, 1, 182-б.), ұл баланы қыздарша киіндіру, сәбиді көпшілікке көрсетпей бүркеп ұстау, жас сәбимен, баламен көпшілік жиналған жерге бара бермеу, алыс-жақын жерлерге қыдырып бармау, тәтті қылықтарына тым үздіге бермеу, ұл балаға айдар қою, кейде әдейі жамаулы киім кигізу, баланың есімін елеусіз етіп атау сияқты сан алуан ғұрыптар мен ырым-тыйымдар қазақтарда ежелден қалыптасқан. Сол сияқты жас балалардың киіміне тұмар, үкі, моншак, есектас, сырға, білезік тәрізді бұйымдар тағу да көз тиюден сақтаудың тәсілі болды. Мысалы, қазақтар есектас деп аталатын тасты жас балалардың киіміне тұмар ретінде таққан. Ш.Уәлиханов кезінде ол туралы төмендегідей аса құнды этнографиялық мәлімет келтірген: «қазақтар көзден және тілден сақтау үшін «есектас» деп аталатын тасты тағады. Олардың сенімінше, тас есектің қарнында жүреді, бірақ саудагерлер «есектас» деп шыны сырымен сырланған көк қышты алдап сатады (Валиханов, 1958, 166-б.).

Кейбір этнолингвистикалық еңбектердің көрсетуі бойынша, ересек адамдарға қарағанда жас балалар мен қыз-келіншектерге (соның ішінде әсіресе сұлуларына) көз тигіш болады деген түсінік бар. Халықтың бұндай байырғы ұғым-түсінігін қазіргі замандағы биофизикалық зерттеулер жоққа шығармайды. Биофизикалық зерттеулерге сүйенсек, кез келген адамның денесін әртүрлі сыртқы зиянды әсерлерден сақтайтын биоэнергиялық қабы – биополиясы немесе аурасы болады. Ересек, денсаулығы мықты адамдардың аурасының диаметрі үлкен, ал нәрестелер мен қарттардың аурасы жұқа болады. Ниеті жаман адамдардың зиян жасайтын биоэнергиясы болады. Ондай адамдар зиянды энергиясын ашумен жинап, бір адамға қадала, сұқтана қарағанда, оның энергиясы адам аурасын тесіп өтіп, ауруға шалдықтырады (Қайдар, 2009, 1, 455-б.). Сондықтан назаркерде адамның көз сұғын адамның денесіне емес, басқа заттарға аудару үшін көз сұғынан қорғап қалады деп саналатын тұмар, үкі немесе зергерлік әшекей бұйымдар тағылады. Әшекей бұйымдардың өзі о баста пәле-жаладан, жаманшылықтан сақтаушы тұмар қызметін атқаратын зат ретінде қалыптасқан.

Ел арасында ерекше қадірлейтін төрт түліктің кейбір түрлерін де (бота, құлын), жүйрік аттар мен сүтті сауын малын (түйе, сиыр) көз тиюден сақтаудың жолдары ежелден бері қолданылып келеді. Мәселен, жүйрік атқа көз тимесін деп мойнына тұмар, үстіне жабу жабады. Ондай аттардың жабуын аса сәнді етіп тіктіреді. Кейбір жабулар адамның назарын еріксіз аударатын аппақ қардай матадан немесе талдырмадан (жұмсақ басылған ақ киіз) тігіледі (Бақбергенов, 1975, 151-б.).

Зерттеулерге сүйенсек, малға тұмар тағу өткендегі тұрмыста ерекше орын алған. Көз тимеу үшін ботаға, түйеге, сиырға, жүйрік аттарға әртүрлі тұмарлар тағылған. Мысалы, ботаға үкі тағып, біраз уақыт онаша ұстап, тұмар таққан. Ол тұмар – жіпке өткізілген дөңгелек қара тастар. Бөгде біреу ботаны көріп қалса, «тіл-көзім тасқа» деп жерге түкірген. Егер олай етпесе, үй иесі одан жаңағы сөзді айтып, жерге түкіруін талап еткен. Сүтті көп беретін сиырға да жеті қара тасты салып, үшбұрыштап тіккен тұмарлар тағып қою әдеті болған. «Алпамыс батыр» жырында Алпамыстың серке қоямын деген лағының да тұмары болады:

– Қоямын деген бас серке

Бар еді екі лағы.

Сүйкімді көріп суретін

Мойнына таққан тұмар (Алпамыс батр. 171-б.).

Аттың тұмарына қарап олардың жай ат емес екенін ажыратқан:

– Жүйріктіктің белгісі

Бәйгеге қосқан тұмарлап.

Жігіттіктің белгісі

Бедеу мініп астына

Жиынға түскен бұлаңдап (Ақтан Керейұлы // Жұмысшы, 1977. №14, 1 ақпан, 3-б.).

Жүйрік аттарға тұмар ретінде мал сүйегі, киіздің қиындысынан жасалған тұмарлар тағылған (Шойбеков. 1993, 35-б.). Кейде ондай аттардың мойнына кәрі жілік байланған.

Сүтті сиырдың желініне сүтке көз тимесін деп шелектің құлағынан өткізіп, тас байлап қоятын. Сол сияқты піспекке үкі тағу, сабаның түбіне тас тастау немесе сабаға тас байлау тәрізді сақтық шаралары бұрынғы тұрмыста жиі қолданылған. Кейбір жерлерде малға көз тимесін деп қораға қубас немесе

шүберек іліп қою, үй ішіне көз тимесін деп ырымдап үйдің бұрышына қызыл шүберек іліп қою әдеті кездеседі. Ал бау-бақшаны көз тиюден сақтау үшін бақшаның ішіне ағаш қағып, оның басына малдың қураған басын іліп қояды (Кармышева, 2005, 1, 109-б.). Жын-шайтаннан, жол-жәнекей тіл-көзден сақтайды деген ырыммен көші-қон кезінде қыз-келіншектерді қара түйеге мінгізеді. Демек, кейбір малдың түсі, кейбірінің дене мүшесі тұмардың түр-түрінің пайда болуына әсер еткен.

Қазақтың байырғы ұғым-түсінігі бойынша, «тілім – тасқа, сұғым – суға, назарым нарға аусын», «тіл-көзден сақтасын», «я, Алла, тілден, сұқтан, қауіп-қатерден қағыс қыл», «назары аштың сұғынан сақта» тәрізді тілектер, баталар көз тиюден сақтауға септігін тигізеді екен дейді. Осындай түрлі сақтандыру шараларына қарамастан, көз тигенде оны қайтару және емдеу тәсілдері қолданылады. Кейбір деректер бойынша, көзі тигіш адамдар басқаларға зиянын тигізбеу үшін қалталарына үнемі тұз салып жүрген.

Қорыта айтқанда, адамның көзі мен оның қасиетіне байланысты ерте заманнан әртүрлі ұғым-түсініктер қалыптасқан. Көз тию де ертеден келе жатқан көне түсініктердің біріне жатады. Көз тиюден сақтандырудың жас балаларға, сұлу қыз-келіншектерге, жүйрік аттарға, сүтті малдарға, бітік шыққан егінге және т.б. арналған жеке-жеке сақтық шаралары орындалған. Көз тиюмен байланысты бірсыпыра тұмар түрлері, халықтың емдеу тәсілдері пайда болған. Біз осылардың кейбіреулерін ғана қарастырып отырмыз.

Әдебиеттер

Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / құраст. С.Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. 175-199 бб.

Бакбергенов С. Мен сізді сүйемін. Повестер. Алматы: Жазушы, 1975. 160-б.

Валиханов Ч. Избранные произведения. Алма-Ата: Казахское государственное издательство художественной литературы, 1958. 643 с.

Ибрагимов И.И. Қазақ халқының этнографиялық очерктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / құраст. С.Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. 17-37 бб.

Кармышева Дж. Қазақтың егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / құраст. С. Әжіғали. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. 94-115 бб.

Қазақ халық әдебиеті. 2-том. Ертегілер. Алматы: «Жазушы» баспасы, 1988. 288 б.

Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. 320 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 856 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 816 б.

Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік. 1-том. Адам. Алматы: Дайк-Пресс, 2009. 784 б.

Құнанбаев А. Шығармалар. 2-том. Алматы: «Жазушы» баспасы, 1968. 251 б.

Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы: «Қазақстан» 1993. 190 б.

R.N. Shoibekov

ANCIENT CONCEPTS RELATED TO THE EYES AND EVIL EYE

The article provides an overview of the ancient notions of the people about the properties of the human eye. It's described how the patient is treated by the methods used to treat animals. The ways and means of protection from an evil eye are shown.

СОВРЕМЕННЫЕ ФОРМЫ И НАПРАВЛЕНИЯ РЕКЛАМНО-ИНФОРМАЦИОННОЙ РАБОТЫ (ИЗ ОПЫТА ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН)

Современное развитие музеев обусловлено тем, что музеи должны находиться в постоянном поиске новых путей, форм и приемов презентации и популяризации своих коллекций, и деятельности по различным направлениям музейной работы – культурно-образовательной, научно-исследовательской, экспозиционно-выставочной и др. На первый план выступает проблема эффективности развития музейной коммуникации – расширение форм сотрудничества и взаимодействия с аудиторией, поскольку сегодня стремительно развиваются информационные технологии, которые могут выявить неповторимость и уникальность музейных коллекций, исторических памятников и богатое культурное наследие, что будет, безусловно, способствовать улучшению работы музея и увеличению его посещаемости. «Изучение музейного дела под призмой теории коммуникации помогает увидеть музей, как в его внутренних связях, так и внешних – с учреждениями культуры, науки, образования, производства, что находит воплощение в музейных концепциях и практической работе» (Коссова, 2010, с. 6). Увеличение посещаемости зависит от того, насколько успешно музей развивает рекламно-информационное направление, где особое место занимает взаимодействие музея с обществом. Рекламная и PR-деятельность – это также составная часть маркетинговой политики и от решения маркетинговых и коммуникативных задач зависит степень эффективности музейной работы (Никишин, Лебедев, 2001, с. 11).

Центральный музей осуществляет свою деятельность, направленную на установление оптимальных форм взаимодействия с партнерами разного уровня – учреждениями науки, культуры, искусства, образования, общественными и международными организациями, учебными заведениями и др. Важное место в системе расширения коммуникаций является сотрудничество музея со средствами массовой информации (СМИ). Сотрудничество музея со средствами массовой информации – это своего рода способ и форма реализации культурно-образовательной функции, задачи которой заключаются в популяризации исторического наследия и привлечении посетителей и большого круга организаций к сотрудничеству. Музей ежегодно проводит свыше 35 выставок, около 100 культурно-образовательных различных мероприятий, которые освещаются в СМИ на разных медиаисточниках. При организации выставок и масштабных мероприятий городского, республиканского или международного значения для СМИ предоставляется пресс-пакет, который включает в себя перечень важных информационных материалов о выставке, буклетов, постеров, фотографий, пресс-релизов и др., а также для СМИ рассылается предварительно анонс или пресс-справка (информация о текущих и планируемых мероприятиях).

Особенный интерес у широкой общественности вызывают международные выставки ЦГМ РК, проведенные как в стенах музея в сотрудничестве с музеями, посольствами и консульствами зарубежных стран, отражающие традиционную культуру и искусство различных народов – это фестивали и выставки Японии, Кореи, Китая, Египта, Ирана, Польши, Германии, России, которые привлекают огромное количество посетителей. Стоит отметить, что большой положительный общественный резонанс дают выставки, организованные Центральным музеем за рубежом. Музей успешно развивает научное и культурное сотрудничество с музеями и научно-исследовательскими учреждениями ближнего и дальнего зарубежья. В числе наиболее значимых реализованных международных проектов - выставки «Культура ранних кочевников» / «Историко-культурный облик Великой степи» археологических и этнографических коллекций, организованная в Китае, Турции, Венгрии, Чехии. Множество отзывов, ссылок в интернете и в телепередачах, международных журналах, сборниках.

К современным источникам информирования посетителей о деятельности музея, его мероприятиях и выставках относятся: телевидение, радиоисточники, социальные сети, периодическая печать, сувенирная продукция, наружная реклама, выступающие средствами привлечения общественности к

музейным событиям. К формам рекламно-информационной деятельности и средствам привлечения посетителей можно отнести также следующее:

- разработка текстовых материалов – пресс-релизов, пост-релизов, информационных обзоров, буклетов, брошюр, анкет социологических опросов;
- разработка и изготовление сувенирной продукции (открыток, плакатов, блокнотов календарей и др.);
- интерактивные путеводители по экспозиционным залам в рамках музейно-педагогической деятельности во время работы с учащимися и студентами.

Важное место в рекламно-информационной работе занимает создание и продвижение мультимедийных контентов, рекламных видеороликов о музее, его коллекциях, выставках, экспозиций, культурно-образовательных программах. Стоит подчеркнуть, что важной формой в популяризации историко-культурного наследия страны и презентации музейных коллекций являются научно-исследовательские проекты, реализованные в результате многолетней работы Центрального музея под руководством ученого-этнографа, профессора, директора Нурсан Алимбай – это изданные научные каталоги, труды, книги, монографии, энциклопедии, являющиеся по словам ученого, уникальными пособиями с иллюстрациями, которые содержат ценные сведения по истории и культуре казахского народа и представляют большой интерес для студентов, магистрантов, ученых, педагогов, преподавателей и широкого круга специалистов. Научные труды и каталоги получили высокую оценку в научных кругах ряда зарубежных стран (Франция, Германия, Италия, Россия, Венгрия).

Сотрудники Центрального музея ежегодно размещают в научных сборниках, трудах, на страницах ведущих журналов и газет, как республиканских, так и международных, научные и научно-популярные, информационные статьи по разделам – археология, этнография, антропология, история Казахстана, по вопросам музееведения (свыше 200 публикаций ежегодно). Так, за последние 5 лет вышло более 800 публикаций сотрудников музея в солидных изданиях республики.

Сегодня музей широко представлен в системе Интернет – социальные блоки, порталы, собственный веб-сайт, виртуальные сообщества. ЦГМ РК размещает статьи и видеопрограммы, рекламные ролики, телепередачи в интернете (более 300 ссылок выходит на Центральный музей, его коллекции и программы). Расширяются система сотрудничества с туристическим кластером в интернете, которые также размещают на своих страничках информацию о музее, ролики и статьи, поскольку туристы получают всю информацию о музеях именно в социальной сети.

В рекламно-информационной работе ЦГМ РК сложились традиционные формы сотрудничества и популяризации историко-культурного наследия, а также обретают большую популярность современные формы презентации коллекций, такие, как представление музея через онлайн-платформы, к которым относятся онлайн-лекции, онлайн-экскурсии и другие видеопрограммы; организация пресс-мероприятий – пресс-конференций, пресс-экскурсий для представителей СМИ; брифингов, где рассматриваются актуальные вопросы в области археологических, этнографических исследований, музейного дела страны.

В этом году Центральный государственный музей Республики Казахстан вместе с Национальным музеем РК в Нур-Султане вошел в ТОП-5 лучших музеев истории и культуры СНГ для посещений и виртуальных экскурсий, онлайн-туров и выставок по версии Туристического портала turstat.com. Рейтинг был составлен по результатам анализа популярности музеев и предложений виртуальных туров по музеям.

В связи с распространением коронавирусной инфекции в мире, в режиме чрезвычайного положения в Казахстане, только за март-апрель т.г. Центральный государственный музей РК совместно с Министерством культуры и спорта РК в рамках единой республиканской акции #Bizbirgemiz_culture в онлайн-режиме для всех пользователей социальных сетей провел **онлайн-лекции и экскурсии ведущих научных сотрудников Музея, во главе с директором, профессором Н. Алимбай**. Музей становится тем институтом, который обладает уникальным контентом. Каждый день, когда человек находится на карантине, он находится в Сети, где можно узнать что-то новое о предметах постоянной экспозиции и о достижениях музея, которые охотно воспринимаются зрительской аудиторией разных возрастных категорий

Рекламной службой, которая действует при отделе культурно-образовательной работы проводится постоянная работа по информированию общественности города о том, что происходит в музее, посредством рассылки информации различными средствами (через электронную почту, факс, личные приглашения) партнерам, так называемым «друзьям музея», учебным заведениям г. Алматы. Особенный интерес представляют выставки, организованные из личных комплексов фондовых коллекций ЦГМ РК, посвященные выдающимся личностям Казахстана – К. Сатпаева, М. Ауэзова,

Абая, Ч. Валиханова, С. Сейфуллина, Х. Аргынбаева, К. Кенжетева и др. Более 80 средств массовой информации в рамках сотрудничества с музеем освещают выставки и мероприятия музея в различных медиаисточниках.

Важную роль в популяризации музея и создании его привлекательного имиджа играют технологии Public Relation и PR-деятельность. Сегодня музеи должны пропагандировать не только свои выставки, экспозиции, но и идеи, программы, знакомить общественность не только с серьезной, но и занятой информацией, рекламировать свои услуги и своих сотрудников (Даршт, 1999, с. 30). В этой связи, новые подходы требуют от музейных специалистов знаний и навыков, профессиональной компетенции в области информационных систем, менеджмента и PR-работе. Как правило, музейные специалисты имеют базовое образование, а навыки менеджера, маркетолога, пьюрищика, блогера приобретают в результате практической многолетней работы. Сотрудниками рекламно-информационной службы ежеквартально проводят мониторинг (рейтинг) наиболее популярных медиаисточников-порталов, сайтов, газет и журналов, телепередач, учет данных и анализ взаимодействия со СМИ. Кроме того, проводится работа по подготовке и изданию презентационных материалов по выставкам и мероприятиям - афиш, буклетов, альбомов, выставочных каталогов). Музеем планируется большая работа по расширению комплекса учебно-методических, информационных материалов, изданий, собственной мультимедийной продукции в разных информационных вариациях (видео и слайд-программы, компакт-диски об истории и коллекциях музея в программе non-stop).

PR-деятельность, которую осуществляет Центральный музей, является одной из форм социальной коммуникации и реализации культурно-образовательной программы музея по популяризации историко-культурного наследия и музея, в целом. PR - это рекламные акции, участие в благотворительности, публикации в СМИ, работа с клиентами, партнерами, изучение общественного мнения. PR необходим для повышения эффективности музейной коммуникации и привлечения посетителей в музей. Поэтому, наряду с такими формами работы музея с посетителями, как выставки, фестивали, ярмарки, музейные уроки, в последнее время ЦГМ РК реализовывает новые формы работы – PR-проекты, пресс-мероприятия, пресс-конференции, онлайн-видео-программы, лекции, различные акции и «Дни открытых дверей», конкурсы и лотереи с привлечением друзей в музей. Это также благотворительные акции «Память в наших сердцах», «Мое счастливое детство» и др., организованные музеем в поддержку ветеранов ВОВ и детей с ограниченными возможностями, бесплатные экскурсии для малообеспеченных семей, которые работают на поддержку репутации музея, создание и сохранение его положительного имиджа – оказание помощи, поддержки интернатам, детским и престарелым домам. За период с 2003 по 2020 гг. ЦГМ РК провел свыше 150 различных благотворительных мероприятий.

Особое место и популярность имеют музейные проекты – «Ночь в музее», «Краски Наурыза», «Всей семьей в музей», «Жемчужины Казахстана», главным достоинством которых является продвижение музея, большая степень охвата целевой аудитории и привлечение новых партнеров, спонсоров. Проекты реализовываются посредством развития системы спонсорства (финансирование выставок, культурно-образовательных программ и акций) – как одного из способов расширения общественных связей через привлечение частных компаний к деятельности музея.

Сотрудники музея принимают активное участие в телепроектах и телепередачах (ТРК «Хабар» телепередача «Доброе утро»/ «Иске сэт», ТРК «Казахстан» и «Алматы» -передачи «Таң шолпан», «Мой Казахстан», «Галерея», программы «Арт-Ревью», «Атамекен», «Алматинские истории», «Мәдениет», «Встречи с деятелями культуры и искусства», «Цивилизация» и др.).

Главный постулат в культурно-образовательной деятельности – ориентация на посетителей, их привлечение и удовлетворение запросов и интересов. Расширение аудитории – это постоянная работа и задача музея - сделать пребывание посетителя в музее интересным и запоминающим, при этом подчеркнем, что именно через социальные сети посетители получают всю необходимую информацию о событиях музея. Как показали опросы посетителей последних лет, первостепенным источником информации о выставках музея, является Интернет (70%), второе место занимают телевидение и периодическая печать (20 %), а всего лишь 10% составляет живое слово. ЦГМ РК размещает все материалы о планируемых событиях в социальных блоках, в инстаграмме, фейсбуке, на сайте www.csmrk.kz, что позволяет виртуальному посетителю читать новости в любое время и в любом месте. Музей также предлагает виртуальный тур по своим экспозициям и коллекциям.

Таким образом, информационные технологии являются новой средой и формой коммуникации с посетителями. При этом, важное значение в планировании и организации культурно-образовательной и маркетинговой деятельности музея имеет грамотное медиапланирование, построение системы связей с общественностью, направленных на то, чтобы привлечь как можно больше посетителей в музей.

Литература

- Барри Лорд, Гэйл Д.Лорд. Менеджмент в музейном деле. М., 2002. 116 с.
Гуральник Ю. Посетитель – главный партнер музея//Музей и его партнеры. Сбор. Трудов. М., 2004. 200 с.
Даршт О.Э. Паблик рилейшенз в музее: техника успеха // Музей и новые технологии / Сост. и науч. редактор Н.А. Никишин. М.: Прогресс-Традиция, 1999. 216 с.
Коссова И.П. Культурно-образовательная деятельность музеев. Тенденции и перспективы // Культурно-образовательная деятельность музеев. Сбор. трудов. М., 2010. 120 с.
Никишин Н.А. Лебедев А.В. Информационный менеджмент как технология организации музейного менеджмента // Музей будущего: информационный менеджмент / Сост. А. Лебедев. М.: Прогресс традиция. 2001. С. 7-16.

S.E. Ageleuova

MODERN FORMS AND DIRECTIONS OF ADVERTISING AND INFORMATION WORK (FROM THE EXPERIENCE OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN)

In the given article considered key peculiarities of advertising and PR work organization of museum, main forms and tendencies. Methodical guidelines for PR-manager of museum based on hands-on experience of CSM RK advertising.

Асылбеков К.М.
*Национальный музей РК
г. Нур-Султан, Казахстан
E-mail: askalibek@mail.ru*

ЦИФРОВАЯ 3D МОДЕЛЬ ЭКСПОНАТОВ С РАЗРЕШЕНИЕМ ТЕКСТУРЫ 8К: ОПЫТ НАЦИОНАЛЬНОГО МУЗЕЯ РК

Цифровизация в сфере культуры – одно из важных условий создания качественно новой модели формирования нравственной, ответственной и творческой личности. Цифровая трансформация определена в Послании Первого Президента и в утвержденной в 2017 году Государственной Программе "Цифровой Казахстан", как магистральное направление Третьей модернизации Казахстана (Н.Назарбаев, Послание, 2017). Согласно Программе цифровизация должна охватить все сферы жизнедеятельности государства начиная от экономики до культуры. Цифровизация в сфере культуры должна обеспечить активное вовлечение в целевую аудиторию учреждений культуры нового поколения, ориентированного в основном на цифровой формат восприятия информации. Данную аудиторию необходимо вовлекать реальными проектами в области популяризации достижений культуры.

3D сканирование и последующая цифровая 3D реконструкция объектов культурного наследия быстро распространяется по миру. Это связано в первую очередь с появлением доступных технологии и технических средств, повсеместной цифровизацией многих отраслей, практической и научной необходимостью.

Один из лучших образцов в мировой практике создания виртуальных 3D музеев археологических артефактов – это Виртуальный музей Хэмпсона (<http://hampson.cast.uark.edu>), разработанный Центром передовых пространственных технологий университета Арканзаса. В музее представлены 3D модели артефактов, в основном полученных при раскопках археологического поселения Нодена доктором Джеймсом Хэмпсоном. В настоящее время это самый большой в мире полнофункциональный 3D музей археологических артефактов, в котором размещены 442 различных экспоната. Любой посетитель может детально рассмотреть артефакт во всех ракурсах и мельчайших подробностях и провести любые необходимые для исследований измерения (М. Вавулин, О. Зайцева, А. Пушкарев, 2014, с.22).

Применением 3D технологий в историко-культурном наследии занимается компания CyArk. Это – некоммерческая организация, созданная в 2003 году для того, чтобы, используя новые технологии создать бесплатную онлайн 3D-библиотеку мирового культурного наследия на случай, если оно будет разрушено в результате природных катаклизмов, военных действий или с течением времени (www.cyark.org/about/).

Целенаправленная работа по 3D сканированию археологических артефактов в России сегодня, помимо Томского государственного университета, параллельно ведется в Иркутском государственном техническом университете.

В Казахстане 3D оцифровку музейных экспонатов проводится в Государственном музее искусств (далее ГМИ) имени А. Кастеева, Национальном музее РК и областном краеведческом музее Восточно-Казахстанской области (www.kazpravda.kz). Так, ГМИ РК им. А. Кастеева стал первым в Казахстане музеем, где учреждена 3D лаборатория, в которой отработаны методика и технология 3D сканирования методом фотограмметрии. Музей продолжает работу по:

- созданию полного электронного каталога коллекции музея;
- составлению электронной базы данных;
- пополнению цифрового 3D архива 3D моделями – с начала года в количестве около 800 единиц;
- передача данных по музейному собранию в Единый гос. каталог и в Единый Государственный реестр культурного наследия и музейных объектов Казахстана (Отчет ГМИ РК им. А. Кастеева за 2019 год.).

В Национальном музее РК и Восточно-Казахстанском областном краеведческом музее 3D оцифровка проводится в рамках проектов.

В Национальном Музее РК с 2017 года реализуется проект «Создание 3D моделей объектов, включенных в Общенациональный Перечень для популяризации объектов в информационных ресурсах». При реализации данного проекта кроме создания 3D моделей сакральных объектов были выполнены следующие задачи в 2017 году:


- созданы панорамные фото (360 градусов) сакральных места. Экстерьер и внутренние помещения;
- разработана интерактивная 3D карты Республики Казахстан с отображением сакральных мест;
- разработана базы данных оцифрованных объектов и сооружений с возможностью демонстрации объектов и сооружений в сети Интернет;
- создана виртуальные туры на базе оцифрованных объектов и сооружений;
- 3D оцифровка 200 экспонатов из музейного фонда.

В 2018 году оцифровка музейных экспонатов в рамках данного проекта не осуществлялась. 3D оцифровку проводила ТОО «Искер кала», а специалисты были привлечены с России. Информация о реализации данного проекта можно посмотреть на сайте российской компании United 3D labs (www.uni3dlabs.ru). С 2019 года проект с рабочим названием «Фотограмметрическое 3D сканирование сакральных объектов, внесенных в национальный список для популяризации объектов на информационных ресурсах» реализует ТОО «Exponential Kazakhstan». При реализации проекта специалисты по 3D сканированию и моделированию привлекались из ФРГ. Как уже видно из названия при оцифровке музейных экспонатов применялся метод 3D фотограмметрической съемки. Выбор данного метода 3D сканирования в первую очередь связан с возможностью передачи текстуры объекта в высоком разрешении. Лазерные и 3D сканеры на основе структурированного света хотя и дают возможность получить более точную геометрию объектов, но они уступают в передаче текстуры методу фотограмметрии. Высокое разрешение текстуры 3D моделей особенно важно для объектов культурного наследия где значение цвета поверхности предмета имеет первостепенное значение в изучении и сохранении культурного наследия.

В 2019 году 200 объектов из коллекции Национального Музея РК были отсканированы с разрешением текстуры 8K. Такое разрешение имеет 8000 пикселей по горизонтали, которое превосходит предыдущий стандарт сверхвысокой чёткости изображения 4K в 4 раза.

Чтобы добиться такого разрешения из технических средств необходимы следующие оборудования: DSLR-камеры, различные объективы к ним, освещение для 3D съемки, различные программные обеспечения для работы с фотографиями, 3D реконструкции и постобработки, полученных 3D моделей.

Фотограмметрическое программное обеспечение требует специальных правил фотографирования объекта чтобы программа могла считывать снимки и реконструировать 3D модель из облака точек (рис 1).



Для правильной 3D реконструкции любая точка объекта должна быть не менее чем в трех фотографиях. При фотограмметрии работает принцип чем больше фотографии тем лучше. Важно чтобы камера могла снимать в формате RAW. Такой формат сохраняет максимальное количество информации об объекте с возможностью редактирования их с помощью специальных программ как Adobe Photoshop lightroom. ПО имеет необходимые инструменты для коррекции света, наклона изображения, удаление объектов и задавать определенные настройки для всех фотографии.

В качестве программного обеспечения для воссоздания цифровой 3D модель реального объекта был выбран Reality Capture. Данная программа намного быстрее производит расчеты по 3D реконструкции в отличии от своих конкурентов. Также в этой ПО можно обрабатывать данные лазерного сканирования и фотограмметрии в одном проекте.

Фотограмметрической программному обеспечению для вычисления облака точек нужны большие вычислительные мощности. Характеристики рабочей станции указаны в таблице (табл. 1)

Наименование	Артикул
Платформа	SuperMicro SYS-7048A-T
Процессор	Intel Xeon E5-2687W v4 OEM/2
Оперативная память	32Gb DDR4 2400MHz Samsung ECC Reg/16
Видеокарта	nVidia GeForce GTX1080 Ti 11264Mb
Системный диск	6Tb Intel SSD SSDSC2BB016T701
Рабочий диск	Intel 1.6 Tb SSD PCI-e DC P3600
Операционная система	Microsoft Windows 10 Professional 64-bit

Таблица 1. Характеристики рабочей станции для обработки в фотограмметрическом ПО.

Именно появление сравнительно бюджетных высокопроизводительных настольных компьютеров сделала фотограмметрический метод очень популярным и конкурентным в последние годы.

После загрузки фотографии в ПО производится выравнивание (рис 1).




Рисунок 1. Процесс выравнивание фотографии в Reality Capture.

Далее выбирается область 3D реконструкции для более эффективной и быстрой 3D реконструкции (рис 2).




Рисунок 2. 3D реконструкция объекта

На следующем этапе проводится текстурирование модели (рис 3).




Рисунок 3. Текстурирование модели.




Рисунок 4. Готовая виртуальная 3D модель объекта.

На последнем этапе проводится пост-обработка если это необходимо в 3D редакторах. Таких как: 3Ds Max, Autodesk Maya, Cinema 4D, MODO, Blender и др.

Особую трудность вызывает сканирование блестящих и золотых предметов. Такие предметы вызывают сложность для всех методов 3D сканирования которые работают с текстурой. Именно для таких предметов постановка света, выбор соответствующего объектива камеры, поляризаторов и других технических приспособлении имеет очень важное значение для окончательного результата 3D сканирования. Из всех видов 3D сканирования в фотограмметрическом сканировании специалист должен иметь долгий опыт сканирования и обработки фотографии в программном обеспечении. Без практических навыков новичок будет делать много ошибок при сканировании, постановке света и настройке оборудования. Также необходимо постоянно проверять результаты в ПО и если есть области с недостаточным количеством и качеством фотографии произвести сканирование этих областей повторно.

Литература

«Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 31 января 2017 г. Режим доступа URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvary-a-2017-g

Вавулин М., Зайцева О., Пушкарев А. Методика и практика 3D сканирования разнотипных археологических артефактов// Сибирские исторические исследования. 2014. № 4.

Официальный сайт компании CyArk. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.cyark.org/about/>

Прошлое превращается в будущее. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.kazpravda.kz/news/ruhani-zhangiru/proshloe-prevrashchaetsya-v-budushchee>

Отчет Государственного музей искусств РК им. А. Кастеева за 2019 год. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.gmirk.kz/ru/lang-ru-otchet-za-2015-god-lang-lang-kz-2015-zhyldy-zh-mys-esebi-lang-lang-en-report-for-2015-lang/662-lang-ru-otchet-za-2019-god-lang-lang-kz-2019-zhyl-y-zh-mys-esebi-lang-lang-en-2019-annual-report-lang>

Оцифровка объектов культурного наследия [Электронный ресурс]. URL: <https://uni3dlabs.ru/portfolio/digitization-of-cultural-heritage-objects/>

К.М. Asylbekov

3D DIGITAL EXHIBITION MODEL WITH RESOLUTION TEXTURES 8K: EXPERIENCE OF THE NATIONAL MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The article discusses the features and work on 3D scanning of exhibits from the collections of the National Museum of the Republic of Kazakhstan. The place of 3D scanning in the preservation, protection and research of historical and cultural heritage is analyzed. The stages of photogrammetric 3D scanning and processing of its results in a special computer program and the necessary for this device are also described.

ҒЫЛЫМИ-ҚОР ЖҰМЫСЫ: ҚОР ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ЕСЕПKE АЛУ (ҚР MOM тәжірибесінен)

Ғылыми-қор жұмысы – негізгі мақсаты музей қорын қалыптастыру, толықтыру және оларды болашақта пайдалану үшін (сақтау, зерттеу, насихаттау) тиімді жағдай туғызу болып табылатын музей қызметінің жеке бір бағыты. Музейдегі ғылыми-қор жұмысы музейдің Даму концепциясының ажырамас бөлігі болып табылатын ғылыми-қор жұмысының концепциясы негізінде жүзеге асырылады. Бұл концепцияда ғылыми-қор жұмысының мақсат, міндеттері, жұмыстың басым бағыттары, қорды ұйымдастырудың принциптері, қор жинақтаудың концептуалды негіздері, музей жинағын зерттеу мен пайдалану т.с.с. анықтап көрсетіледі. Ғылыми-қор жұмысының концепциясын музейдің қор, ғылыми бөлім қызметкерлерінен құралған жұмыс тобы дайындап, ұжымда талқыланып, Ғылыми кеңесте (болмаған жағдайда Әдістемелік кеңес) бекітіледі. Осындай жан-жақты дайындалған, мәселені терең зерттеп барып жасалған концепция негізінде келесі бір құжат – музейге қор жинақтаудың перспективалық және жылдық жоспары жасалады. Аталмыш құжатта музейдің профиліне сай тақырыптар, жинақтаудың көздері, яғни әлеуметтік мәнді нысандар, жинақтау түрі, орындалу уақыты, жинақтауға жауапты тұлға сияқты бөлімдер қамтылады. Сауатты жасалған жоспар кім, қашан, қалай деген сұрақтарға нақты жауап беруі тиіс.

Ғылыми-қор жұмысының негізгі міндетіне қорды ғылыми ұйымдастыру, музейлік мәні бар құндылықтарды тауып, жинау, оларға сараптама жасау, музей жинағының құрамына енгізу, атрибуциялау, музей затын жан-жақты зерттеу, құжаттандыру және сақтау жүйесін ұйымдастыру, консервация және реставрация жұмыстарына бақылау жасау жатады (Шулупова, 2013. с. 200).

Қор жинақтау – музейдің ғылыми-қор жұмысының негізгі бағыттардың бірі, музейлік мәні бар заттар мен бұйымдарды анықтап, жинастырып, іріктеп музейлік затқа айналдыру. Яғни, әлеуметтік мәдени ортадан алынған тарихи-мәдени құндылықтар, сондай-ақ табиғат нысандарын музейлендіру жолымен деректік ақпараттарын анықтап, жаңа қасиеттері мен қызметін ашу.

Музей ісі бойынша жазылған әдебиеттерге сүйенсек, қор жинақтаудың негізгі үш кезеңін бөліп көрсетуге болады: *Дайындық кезеңі* – тақырыпты анықтау, деректік базаны зерделеу, тақырып бойынша коллекцияның құрамына талдау жасау, жинақтау жұмыстары жүргізілетін нысандар мен аймақтарды анықтау, жинақтаудың жоспарын жасау сияқты ғылыми-әдістемелік дайындық. *Жинақтау кезеңі* – музейлік мәні бар заттар мен бұйымдарды табу, анықтау, жинау және алдын ала сараптау жұмыстары. *Қорытынды кезең* – қорытынды сараптама жасау және музей жинағының құрамына енгізу үшін Қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясының назарына ұсыну.

Қазіргі заманғы музейлерде қор жинақтау **жүйелік, тақырыптық және кешенді** сияқты негізгі үш бағытпен жүргізіледі. *Жүйелі жинақтауда* коллекция музейлік мәні бар бір типті заттар мен бұйымдармен толықтырылады. *Тақырыптық жинақтауда* белгілі бір тақырыптағы әр типті заттар мен бұйымдар анықталып, жинақталады. Мұнда көбінесе экспозиция-көрме жұмыстарының қажеттілігін қамтамасыз етуге байланысты және арнайы тақырыпқа «бағынған», белгілі бір жағдайды, кезеңді көрсетуге арналған музейлік мәні бар заттарды жинақтаудан тұрады. *Кешенді жинақтау* жоғарыда аталған екі әдістің де міндеттерін атқарады. Сонымен қатар жеке коллекционер жинақтап музей қорына тапсырған коллекцияларды, белгілі бір тарихи тұлғаға немесе жағдайға байланысты мемориалдық заттарды да атап өтуге болады.

Қор жинақтаудың *далалық зерттеулер жүргізу арқылы және ағымдық жинақтау* сияқты негізгі формалары бар. Далалық зерттеулерді шартты түрде *маршрутты экспедициялық зерттеулер* (мұнда музей маманы нақты бір аймаққа қысқа уақыт аралығында бір немесе бірнеше рет шолу жасап шығады), *репортаждық жинақтау* (өтіп жатқан белгілі бір жағдай бойынша «ізін суытпай жинау»). Бұл әдіс әсіресе конгресс, конференция, съездер мен саяси жиналыстар кезінде материал жинақтауда тиімді), *тұрақты әрекет етуші экспедиция* (музей орналасқан аймақтан, елді мекеннен материалдар жинақтау. Бұл көбінесе тарихи-өлкетанулық музейлер қызметінде қолданылады) сияқты үш топқа бөлуге болады.

Ағымдық жинақтауда коллекцияны толықтырудың бірнеше жолы бар. Атап айтқанда, жеке заттарды немесе тұтас коллекцияны *сатып алу*, жеке немесе заңды тұлғалардың өз заттары немесе

коллекциясын ерікті түрде музейге *сыйға тартуы, іс-сапарлар мен экспедициялар ұйымдастыру*, музей бейініне сай емес және телкөшірмелі (дублетті) музейлік заттарды музейлер арасында *айырбастау*, сондай-ақ *мақсатты түрде тапсырыс беру және белгілі бір нысанда жүйелі түрде материал жинау*. Кейде бұл жұмыстарды акция өткізу арқылы да орындауға болады. Мәселен, Орталық музей жыл сайын қыркүйек айында дәстүрлі түрде «Отбасылық жәдігерді музейге сыйла!» акциясын жүргізіп келеді. Нәтижесінде ел тарихы мен мәдениетіне қатысты мәдени құндылықтар іріктеліп, музей қорына тапсырылды (Жылдық есеп, 2019, 54 б.).

Жинақтау жұмыстарын жүргізу барысында, музейлік мәні бар заттар мен бұйымдарды іріктеу кезінде олардың құндылығын анықтайтын бірнеше белгілеріне (критерийлерге) мән беру қажет. Ең алдымен, заттың *түпнұсқалығы, бірегейлігі және мемориалдылығы* назарға алынуы тиіс. Екінші кезекте музейлік мәні бар заттың *ақпараттылық, аттрактивтік* (музейлік заттың пошымның көңіл аударуға тұрарлығы, яғни көз тартарлығы), *экспрессивтік* (музей затының эмоция тудыруы), *репрезентативтілік, ассоциативтілік және эстетикалық*, сонымен қатар *семантикалық*, яғни материалдық тұрғыдан пайдаланылуы мен мән мағынасының өзара қатынасы, *коммуникативтілік* (заттың көрнекі сыртқы белгілерінің ақпарат беруі, толықтыру, түсіндіру, басқа затпен өзара әрекеттестік, адамның ойы мен сезіміне әсер ету), *репрезентативтілік*, яғни шынайылық, толықтық, бірегейлік немесе типтік тиістілігі сияқты қасиеттері ескеріледі. Заттың немесе бұйымның сақталу деңгейін де ерекше критерий ретінде екшеп атауға болады. Егер музейлік мәні бар зат осы аталған критерийлерге жауап берсе, сөз жоқ, ол айырықша назарға ілігеді. Алайда, бір уақытта осы аталған қасиеттерге толық жауап бермейтін заттармен бұйымдар «сапасыз немесе музейлік мәні жоқ» деген сөз емес. Әпсанасы (зат туралы мәлімет, иесі, тұрмыстануы, тарихы т.б.) толық, түпнұсқа, жазба, белгі (клеймо), геральдикалық белгілері бар бұйымдар уақыт өте келе музейлік зат қасиетіне ие бола алады.

Қорыта келгенде, қор жинақтау жұмыстары кез келген музей жұмысының ажырамас бөлігі. Қор жинақтау жұмыстарын сауатты жүргізу ғылыми-зерттеу, экспозиция-көрме және мәдени-білім беру қызметін сапалы жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан қор жинақтау музей жұмысының жүйекұраушы компоненттерінің бірі болып табылады.

Екі ғасырлық тарихы бар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі өзінің сан жылдар бойы қалыптасқан тәжірибесінде қорды толықтыруды тиімді ұйымдастыру үшін төмендегідей жұмыстарды жүзеге асырады:

- орын алып жатқан оқиға немесе жағдай аумағынан «ізін суытпай жинау», фотофиксация жасау;
- құнды дүниелерді жинақтайтын, бірақ экспозициялаумен айналыспайтын коллекционер, суретші, фотограф, сонымен қатар антикварлық салондар, түрлі мекемелер, сондай-ақ ел тарихы мен мәдениеті, өнердің дамуына үлес қосқан тұлғалармен, олардың ұрпақтарымен байланыс орнату;
- түрлі акциялар өткізу;
- болашақ үш жылға жасалған перспективалық жоспарға бағына отырып, әр жыл басында жасалатын жоспар-кестеге сай жинақтау жүргізу (мұнда ағымдағы жылда орын алатын атаулы күндер, мерейтойлық, тарихи-мәдени іс-шаралар ескеріледі).

Есепке алу: жаңа түсімдерді қабылдау, ғылыми тіркеу және олардың қозғалыс үрдісі.

Музей қорына түскеннен кейін музейлік затқа жүргізілетін барлық жосықтар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 7 желтоқандағы №372 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығында» көрсетілген тәртіппен жүзеге асады.

Музей қорын есепке алу немесе «музейлік бухгалтерия» – дәл ғылымдардағы сияқты бір параметрдің өзгеруі екінші параметрдің өзгеруіне әкеп соқтыратын, элементтері бір-бірімен тығыз байланысты құжаттар мен методикалық ережелер жүйесі (Брюшкова, 2006, 10 б.) Музей қорын есепке алу барысында қалыптасқан үлгі бойынша есепке алу құжаттамалары толтырылады. Бұл құжаттардың заңды күші бар және олар арнайы тіркеуге алынып, мәңгілікке сақталады.

Музей заттарын мемлекеттік есепке алу екі кезеңмен жүргізіледі: музейге түскен заттарды алғашқы тіркеу және ғылыми тіркеу (инвентаризация).

Уақытша қабылдау актісі толтырылып музей қорына түскен барлық музейлік заттар (сыйға берілген, сатып алынған, экспедициялар барысында жинақталған және т.б.) музейдің қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясының отырысында қарастырылып, комиссия мүшелерінің ұсыныс негізіндегі шешімдері негізінде негізгі немесе ғылыми-көмекші қорға қабылданып, тиісті құрылымдық қорға (бейнелеу өнері, қару-жарақ, археология, бағалы металл, жаратылыстану, палеоантропология, киім-кешек т.б.) бөлінеді. Аталмыш комиссия қарауынан кейін тиісті хаттама рәсімделіп, осы хаттама негізінде музейлік заттарды *тұрақты сақтауға қабылдау актісі* толтырылады. Аталмыш актіге музей басшысының қолы қойылып, мөрмен бекітіледі. Бұл акт музей затының музейге тиістілігін растайтын

зандық күші бар құжат. Келесі процесс түскен музейлік затты *негізгі қордың* немесе *ғылыми-көмекші қордың* Бас түсім кітабына тіркеумен байланысты. Осы кезеңнен бастап ол (музейлік зат) мемлекет меншігіндегі мәдени игілік нысаны болып саналады. Музейге уақытша тапсырылған музейлік заттар *уақытша қордың түсім кітабына* тіркеледі. Айта кетерлік жайт, бағалы металдар мен тастардан жасалған музейлік заттар жеке түсім кітабына жазылады (Каулен, Косова, Сундиева, 2010, с. 294-295). Бас түсім кітабына актіде көрсетілген мәліметтер – уақыты, түсу жолы, сақталуы, бағасы (сатып алынған жағдайда), ілеспе құжаттары толықтай қамтылып, акт нөмірі, жазба жасалған мерзім көрсетіледі. Сақталуы қажет мемлекеттік құжат ретіндегі Бас түсім кітабының мақсаты: музейлік затты тиісті есептік белгісімен тіркеп, оған сипаттама беру. Ескерерлігі, бір уақытта бір түрлі заттар (мыс.: монета, фотосурет және т.б.) түскен жағдайда оларға бір негізгі нөмір беріліп, қалғандарын бөлшек санмен беруге болады (мыс.: КП 25645/1-23). Дегенмен, бірегей заттарға міндетті түрде жеке есептік нөмір беріледі. Сонымен қатар, бағалы металл мен бағалы тастардан жасалған заттарға бөлшек нөмір беруге қатаң тыйым салынды. Бірегей заттар міндетті түрде фотоға түсіріледі. Музейлік заттың есептік белгісі заттың сыртқы көрінісіне зиян келтірмейтіндей қойылады, егер заттың өзіне қою мүмкін болмаса, этикетка немесе бирканы тігіп, байлап пайдалану арқылы қойылады. Айта кетерлігі, бір авторға тиесілі суретті немесе фотоны альбомға бір негізгі нөмір беріліп, әр бетіне бөлшек нөмір қойылады.

Бас түсім кітабына түскен жазба негізінде жалпымузейлік есептік карточка жазылады. Ол Бас түсім кітабының да ақпараттық қызметін атқарады. Бұл музей мамандары мен басқа да мекемелерден келетін зерттеушілер үшін де тиімді. Музей заттары Түсім кітаптарына тіркелгеннен кейін қор сақтаушы маманға материалдық жауапкершілік актісімен беріледі. Ерекше екішеп айтар жайт, негізгі қорға қабылданған музей заттары екінші кезең – ғылыми түгендеу (*инвентаризация*) кезеңінен өтеді.

Музейлік затты тіркеудің екінші кезеңі оны зерттеу, сипаттау және ғылыми анықтаудан (атрибуциялау) тұратын ғылыми түгендеу (ғылыми анықтау) және музейлік заттарды салыстырып тексеруден тұрады.

Музейлік затты атрибуциялау – заттың, бұйымның мән-мазмұнын ашу үшін оның өзіне тән белгілерін анықтау болып табылады. Мұндай белгілерге заттың материалы, пошымы, өлшемі, салмағы, түсі, тақырыбы, сюжеті, техникасы, авторы, жасалған уақыты мен орны, қолданылу аймағы, белгілі бір адамға, жағдайға немесе құбылысқа тиістілігі сияқты белгілері, жалпы алғанда морфологиясы, технологиясы, функциясы қарастырылады (Каулен, Косова, Сундиева, с.303). Музейлік затты зерттеу, дәлірек айтқанда анықтау зерттеліп отырған заттың белгілі бір құбылысқа немесе жағдайға байланыстылығына, сол жағдайды зерттеу барысында алынғандығы немесе бірнеше жылдан кейін сол орыннан басқа заттар кешенімен табылуы сияқты жағдайларға тікелей байланысты. Сонымен қатар затты (бұйымды) ұсынушының айтуы бойынша музей тарапынан қабылдаушы қалдырған «зат туралы әпсананың» болуы да аса маңызды. Ескере кетерлігі, әпсананың шынайлық деңгейі көз жеткізуді қажет етеді.

Әдетте, музейлік затты атрибуциялау оның жеңіл анықталатын белгілерінен басталады. Сондықтан музейлік затты зерттеуді оның атауы, материалы, жасалу әдісі, өлшемі мен көлемі, құрамынан бастаған абзал. Өлшем сантиметрмен, бағалы металл мен бағалы тастан жасалған бұйымдардың салмағы грамм немесе каратпен өлшенеді. Дөңгелек немесе сфера тәрізді заттарда міндетті түрде диаметрі беріледі. Бұл белгілер есепке алу мен сақтауға ғана емес, оның басқа да жанама белгілерін анықтауға қолайлы. Мәселен, материалын анықтау арқылы сол кезеңдегі экономикалық ахуал, техниканың дамуы мен сауда-өнеркәсіптік қатынастар туралы ақпарат алуға болады. Ал материалды анықтау үшін оның химиялық-физикалық қасиеттері: құрылымы, салмағы, түсі, тығыздығы және т.б. туралы білім қажет. Әдетте, металл, ағаш, керамика, әйнек, мата, пластмасса, қағаз, пергамент сияқты материалдарды жазбай тануға болады. Ал ағаштың түрін, қағаздың сұрыпын, талшықтың, әрлегіштің құрамын анықтау үшін арнайы білім, ізденіс қажет. Табиғи кездесетін (тас, минерал, ағаш, сүйек т.б.) материалдарды анықтауда ботаника, зоология, минералогияға жүгінсек, жасанды жолмен алынатын (түрлі металл, қыш), сондай-ақ пластмасса, синтетикалық талшық, бояуларды анықтауда химия, технология саласы бойынша білім қажеттілік тудырады. Материалдың физикалық-химиялық қасиетін анықтау үшін арнайы жабдықталған зертханаларда талдаулар (химиялық, спектралды т.б.) жасау нәтижесінде ғана қол жеткізуге болады. Өкінішке орай, бұл қазіргі қазақстандық музейлердің өзекті әрі негізгі мәселелерінің бірі.

Көп жағдайда музей маманы музейлік затты зерттеуде күрделі құрамды *материалды анықтауға* тиіс болады. Бұл әсіресе бейнелеу өнері туындыларын, киім-кешектерді зерттеуде кездеседі. Мәселен, кескіндеме мен графика туындылары қолданылған бояуды (атап айтқанда, майлы бояу, темпера, гуашь, акварель, пастель, қарындаш т.с.с.) және ол салынған негізгі материалды (кенеп, қағаз, картон, ағаш)

анықтауды қажет етеді. Мұндай күрделі құрамды материалды анықтауда музей қызметкері арнайы мамандарға жүгінуге тиіс болады немесе *органолептикалық*²¹ әдістерді қолданады.

Музейлік затты сипаттау барысында оның *жасалу әдісін* анықтаудың маңыздылығы зор. Негізінен заттар қолдан және механикалық әдіспен жасалады. Мәселен, қолдан жасалған бұйымдар қарабайыр, ассиметриялы болса, станокта жасалған немесе арнайы құрылғыда өндірілген өнімдер пошымының дәлдігі мен симметрияның сақталуы, бірдейлігімен ерекшеленеді.

Заттай деректерді зерттеуде *өлшемі, пішіні мен құрылымын* анықтау оның функционалдық қызметін көрсетуге жәрдемдеседі. Бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер саласы бойынша зерттеулерде *стильдік ерекшеліктер* маңызды рөл атқарады. Стиль ұғымы авторлық жұмыстарға да тікелей қатысты (мыс., жазушының, суретшінің жазу мәнері немесе стиль ерекшеліктері). Стильдік ерекшеліктерді айқындау арқылы заттың жасалған *уақытын, орнын, қолданылу ортасы мен авторын* анықтауға болады. Рухани және материалдық құндылықтың авторлық тиістілігін анықтау арқылы оның кәсіби, шығармашылық мүмкіндіктері, тіпті дүниетанымы жайлы ақпарат алу да музей маманы үшін өте қызғылықты. Авторы анықталған зат тарихи шындыққа біртабан жақындай түседі. Ал материалы мен жасалу әдісін зерттеу нәтижесінде сәкесінше уақыты мен орындалған орнын дәлірек көрсетуге мүмкіндік туындайды (Левыкина, Хербста, с. 98-99).

Бейнелеу өнері, жазба деректер, фотосуреттер мен фоножазбалардың уақытын анықтауда олардың *тақырыбы мен желісі* айырықша мәнге ие. Себебі, тақырыпқа қарай тарихи оқиғаның уақытын байланыстырып анықтауға мүмкіндік бар. Сонымен қатар бейнелеу өнері туындылары мен фотосуреттердің уақытын анықтауда бейнеленген немесе сипатталған сюжеттегі жағдай, адамдардың киім үлгісі және кейіпкердің түрлі айырым (ерекшелік) белгілеріне талдау жасау арқылы қол жеткізуге болады (қараңыз: *визуалды антропология*).

Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары және утилитарлық заттарды анықтауда стильдік, құрылымдық ерекшеліктерге ден қойып, жасалу тәсілдерін анықтау қажет. Тақырыбы, материалы, уақыты, жасалған орны белгілі болғаннан кейін оның әлеуметтік, этникалық тиістілігі белгіленеді. Мәселен, матаның морфологиялық белгілері, киімнің пішілу үлгісі, сәндік сипаттары, стильдік ерекшелігі, жасалған уақыты мен орны оның қай әлеуметтік ортаның немесе топтың арасында тұрмыстанғандығын ажыратуға мүмкіндік береді. Этникалық тиістілік, әсіресе, профилі жөнінен тарихи музейлер үшін маңызды. Көнеден қалған заттар немесе архаикалық белгілерін сақтаған бұйымдарды анықтауда этникалық тиістілік мәселесі зор мәнге ие. Музейлік заттағы жазба, таңба (клеймо), геральдикалық белгілер оның қолданылу аясын, тақырыбы мен сюжетін, жасалу уақытын, тіпті авторын немесе иесін анықтауға септігін тигізеді.

Музейлік заттарды атрибуциялау барысында алынған мәліметтер сол затқа ұқсас, «туыстас» заттармен баламаланып, салыстырылады. Бұл жағдайда ғылыми және анықтамалық басылымдар, әсіресе, коллекциялық каталогтар үлкен көмек көрсетеді. Ғылыми және анықтамалық әдебиеттер, каталогтарды пайдалану арқылы толық сипатталып, музейлік заттардағы белгі, жазба және бейнелерді зерттей отырып кеңейтілген *ғылыми сипаттамалы карточка (инвентарлық карточка)* жазылады.

Қазіргі таңда Орталық музей мамандары музейлік құндылықтарды анықтау, атрибуциялау жұмыстарына этнограф-ғалым, музейтанушы Нұрсан Әлімбаевтің жетекшілігі әрі ғылыми редакторлығымен орындалып, он мыңнан астам этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларды қамтыған, деректік негіздемесі шынайы дәйектелген ғылыми зерттеу – 5 томдық іргелі этнографиялық энциклопедияны²² қолданады. Аталмыш энциклопедия ұлттық мәдениеттің болмыс-бітімін зерделеуге арқау болатын, танымдық тағылымы өлшеусіз деректерге негізделген.

Музейлік затты жіктеу және жүйелеу. Жүйелеу ғылыми операциялардың ең маңыздысы болып табылады. Ғылыми танымда топтық бірлік типтерге бөлу арқылы анықталады, бұл дегеніміз, топтауға сай заттық жүйенің бөлінуі деген сөз. *Топтау* (затты немесе құбылысты бір немесе бірнеше ортақ белгілеріне қарай бөлу), *жіктеу* (классификация) (топтар арасында шекара қою мақсатында белгілердің айырушы қызметін тереңдету), *типтеу* (тип құру, топтауға сай тиісті белгілерді сипаттаудың жүйелік кодын құру) ғылыми жүйелеудің негізгі операцияларды болып табылады. Жіктеу тұтасты топтарға бөлуге, ал типтеу топтарға біріктіруге бағытталған (Дмитриев, 2006, с.7). Яғни, музейлік затты жіктеу – заттардың ұқсас немесе айырым белгілеріне байланысты бөлу болып

²¹ Органолептикалық әдіс – заттың сапалық көрсеткіштерін сезім мүшелері (көру, ұстау, есту, дәмін тату) арқылы қабылдап, талдау.

²² Толығырақ: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Қайта өңделген, толықтырылған бес томдық басылым. Жобаның ғылыми редакторы және жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. Алматы, 2017.

табылады. Музей ісінде музейлік затты жіктеу, ең алдымен, оларды сақтауды қамтамасыз ету жүйесі үшін аса қажет. Жіктеу әр музейдің профиліне сай жолға қойылған схема негізінде жүзеге асады. Музейлік заттарды оның анықтаушы белгілеріне қарай бірнеше негізгі жіктерге (ортақ жіктеу және дара жіктеу) бөлуге болады:

- материалына байланысты;
- уақытына байланысты, яғни жасалған немесе қолданыста болған уақыты;
- қолданылу аймағы (географиясына) байланысты, яғни жасалған орны мен қолданыста болған аймағы;
- этникалық тиістілігіне байланысты, яғни топтарға бөлу;
- әлеуметтік, яғни қай ортада қолданылғанына байланысты;
- тұлғалық тиістілігіне (бір адамға тиесілі заттар, әсіресе, мемориалдық музейлер үшін аса маңызды);
- заттық, яғни қолданылуы, сюжеті, материалы ұқсас заттар тобы;
- тақырыптық (әсіресе, тарихи музейлер үшін маңызды) және т.б.

Ғылыми-қор жұмысында қалыптасқан жүйелеу картотекалар (алфавиттік, заттық, атаулық, түгендеу, тақырыптық, реттік) жүргізу немесе заманауи автоматтандырылған жүйені (мыс.: АС-Музей, КАМИС, АИС т.б.) қолдану арқылы жүзеге асады. Қазіргі таңда қазақстандық музейлерде дәстүрлі картотекалар жүргізумен қатар автоматтандырылған жүйе арқылы электронды база қалыптастыру енгізіліп келеді. Бұл «Музей дерекқорын жүргізу қағидалары» негізінде жүзеге асады. Музей дерекқоры – музейлік заттар мен музей коллекцияларының мемлекеттік есепке алынуын қамтамасыз ететін, музей жинағына кіретін және Қазақстан Республикасының музей қорына енгізілген әрбір музейлік зат пен музей коллекциясы туралы мәліметтердің жиынтығы. Музей қорының базасында электронды ресурс құру есептік және ғылыми құжаттарды жүргізуде музей ісін жетілдіруге және сапалы жаңа дәрежеге көтеруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі мерекеміз аяқталуға жақын қалды. Бүгінгі шараны қолдаған «АБДИ» компаниясы және де «Бақыт» сәндік-қолданбалы өнер орталығы, «AMIRAN» ЖШС, «GATTO CHOCOLATO» ЖК, «WellDis» ЖШС, «Чайковский» шәй дүкені, «Lemonadoff Food» ЖШС, «8&8» кітап баспасы, «Алматы қаласының туристік-ақпараттық орталығы», «Қарапуз.kz» порталы, «Егемен Қазақстан», «KAZpravda», «Kazinform», «Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы», «almatylife», «afisha.kz», «kazmuseum.kz» сынды серіктестерімізге алғыс білдіреміз.

Наше мероприятие подходит к завершению. Хотелось бы еще раз выразить особую благодарность генеральному спонсору Фестиваля **«Всей семьей в Музей!»** компании **«АБДИ»**, а также нашим другим спонсорам и партнерам: Центр декоративно-прикладного искусства «Бахыт», ТОО «AMIRAN», ИП «GATTO CHOCOLATO», ТОО «WellDis», Магазин чая компании «Чайковский», ТОО «Lemonadoff Food», Книжное издательство «8&8», «Туристический информационный центр города Алматы», портал «Қарапуз.kz», «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Kazinform», «Алматы ақшамы», «Вечерний Алматы», «AlmatyLife», «Афиша кз.».

Құрметті Достар, бүгінгі күнді бізбен өткізіп, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейіндегі фестивальге қатысқандарыңыз үшін алғысымыз шексіз. Қаламыздағы сан алуан орындардың ішінен бізді таңдағандарыңызға қуаныштымыз. Біз сіздерді әрқашан да құшақ жая қарсы алуға дайынбыз.

Спасибо, дорогие друзья, что Вы посетили Центральный государственный музей Республики Казахстан и приняли участие в Фестивале **«Всей семьей в Музей!»**! Радует то, что Вы из многообразных развлечений, предлагаемых в городе, выбрали именно наш музей, который стал для Вас любимым местом отдыха и развлечений!

Баршаңызға алғыс білдіріп, келесі кездескенше дейміз!

Всем спасибо и до новых встреч!

«Отбасымен музейге!» фестивалі аясындағы балаларға арналған викторина сұрақтары
Вопросы викторины для детей акции «Всей семьей в Музей!»

№	Сұрақ	Жауап
1	Қазақстан қандай мемлекеттермен шектеседі? С какими государствами граничит Республика Казахстан?	5 мемлекет: Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан, Қытай, Қырғызстан 5 стран: Россия, Узбекистан, Туркменистан, Китай, Киргизия
2	«Тарихи тұлғаны таны!» Ол 1940 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Балалық шағынан бастап он екінші атасына дейінгі шежірені білген. Оның жұбайы – инженер-экономист. Ол «Елбасы» дәрежесіне ие. «Узнай историческое лицо!». Он родился в 1940 году в Алматинской области. С детства знал свою родословную до двенадцатого колена. Его жена инженер-экономист. У него статус «Лидер нации».	Н.Назарбаев
3	Қазақ ауыз әдебиетіндегі эзіл-оспақтар мен аңыздардың басты кейіпкері Как зовут героя юмористических рассказов и анекдотов казахского фольклора, народных сказок?	Алдар көсе
4	Қазақстан Республикасының алғашқы ғарышкері кім? Назовите имя и фамилию Первого летчика-космонавта Республики Казахстан	Токтар Әубәкіров
5	Астана қаласы қай жылы Қазақстанның астанасы болды? В каком году город Астана стал столицей Казахстана?	20 қазан 1997 жыл
6	Қазақстанның ең ұзын өзенін атаңыз Назовите самую длинную реку Казахстана	Ертіс өз. 4248 км
7	«Тарихи тұлғаны таны». Ол 1835 жылы туылған. Оның туылғанда берілген аты – Мұхаммед-Қанапия. Абылай ханның шөбересі. Бастауыш мектепте мұсылманша білім алған. Сібір кадет корпусын тәмамдаған соң Омск генерал-губернаторының жанында қызмет жолын қалыптастырған. Оған қоса, бұры белгісіз болған жерлерді зерттеумен ғылымға үлесін қосқан ғалым-саяхатшы. Бұл кім? «Узнай историческое лицо». Мухаммед – Ханафия родился в 1835 году. Правнук хана Абылая. Получил начальное мусульманское образование. Окончил Омский кадетский корпус. Начал службу офицером по особым поручениям при омском генерал-губернаторе. Учёный и путешественник, обогативший мировую науку открытием и изучением неведомых ранее земель. Кто это?	Шоқан Уәлиханов
8	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін атаңыз Назовите государственные символы Республики Казахстан	Елтаңба, әнұран, ту Герб, гимн, флаг
9	Алматының орталық көшелерінің қайсысына қазақ билерінің атауы берілген? Какие улицы в центре города Алматы носят имена казахских биев?	Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би Төлеби, Айтекеби, Казбекби
10	Сіздердің бүгінгі келген музейлеріңіздің толық атауын атаңыздар? Назовите полное название музея, в котором мы с Вами находимся?	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі Центральный государственный музей Республики Казахстан
11	Астана қаласы қай жылы Қазақстанның астанасы болды? В каком году город Астана стал столицей Казахстана?	20 қазан 1997 жыл 20 октября 1997 года
12	Қазақстан аумағындағы қандай теңіздерді білесіз? Какие Вы знаете моря на территории Казахстана?	Каспи, Арал Каспийское, Аральское
13	Қазақ ертегілерінде Баба-Яғаны қалай атаған? Как в казахских народных сказках называют Бабу-Ягу?	Жалмауыз кемпір, Мыстан кемпір Жалмауыз-кемпир, Мыстан-кемпир

«Отбасымен музейге!» фестивалі аясындағы викторина сұрақтары

№	Сұрақ	Жауап
1	Қазақстан Республикасы қай жылы өз тәуелсіздігін жариялады? В каком году Республика Казахстан провозгласила свою Независимость?	16 желтоқсан 1991 жыл в 1991 г., 16 декабря
2	Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қай қалада орналасқан? В каком городе Казахстана находится мавзолей Кожы Ахмета Ясауи?	Түркістан қаласы В городе Туркестан
3	Қазақстан Республикасы мемлекеттік туының авторын атаңыз? Назовите имя и фамилию автора флага Республики Казахстан?	Шакен Ниязбеков
4	Байтерек ғимаратының биіктігі қанша?	97 метр

	Какова высота здания Байтерек?	97 метров
5	Монета соғу және ақша айналымын зерттейтін қосалқы тарихи пән қалай аталады? Как называется вспомогательная историческая дисциплина, изучающая историю монетной чеканки и денежного обращения?	Нумизматика
6	Қазақстан жер көлемі бойынша қаншасыншы орында? Какое место в мире занимает Казахстан по размерам территории?	9
7	Алматы-Астана бағыты бойынша «Тұлпар-Тальга» жүрдек поезы қай жылы алғаш жүрді? В каком году скорый поезд «Тулпар-Тальга» впервые проехал по маршруту Алматы-Астана?	2003 ж. 2003 г.
8	Акындар тартысы қалай аталады? Как называется состязание акынов?	Айтыс
9	Верный қаласы қандай ортағасырлық қоныс орнына салынған? На месте какого средневекового поселения был основан город Верный ?	Алматы ортағасырлық қонысы На месте средневекового поселения Алматы
10	«Болашақ» стипендиясы қай жылы тағайындалды? В каком году была учреждена стипендия «Болашақ»?	1993 ж. 1993 г.
11	Қай жылы Алма-Ата қаласы Қазақстанның астанасы болды? В каком году город Алма-Ата становится столицей Казахстана?	1929 жылы
12	Қай жылы Қазақстан президенті ЕҚЫҰ төрағасы болып тағайындалды және Астана декларациясы қабылданды? В каком году Казахстана был выбран Председателем ОБСЕ, на заседании которой была принята Астанинская декларация?	2010 ж. 2010 г.
13	Қазақстан халқының саны Какое количество жителей проживает в Казахстане?	17 753 000
14	Қазақстанның астанасындағы көрікті жерлерінің бірінде орналасқан монументті атаңыз? Назовите Монумент в столице Казахстана, один из основных достопримечательностей города?	Бәйтерек Байтерек
15	Қандай жануар Қазақстан символы болып табылады? Какое животное является символом Казахстана?	Ілбіс Снежный Барс

Қосымша 5 / Приложение 5

**«АЛТЫН ҰЯМ – ОТБАСЫМ» байқауының жоспары/
план конкурса «ПАПА, МАМА и Я – САМАЯ ЛУЧШАЯ СЕМЬЯ!»**

ОТБАСЫ/СЕМЬЯ:	ШАДАЕВТАР	КОПЖАСАР	МАТАЕВТАР
	МЕДЕТХАН	ВЕДЕНСКИЕ	КАЛМАГАМБЕТОВЫ
№ 1 ТАПСЫРМА ЗАДАНИЕ № 1	22 10	18 10	18 10
№ 2 ТАПСЫРМА ЗАДАНИЕ № 2	15 30	15 25	15 30
№ 3 ТАПСЫРМА ЗАДАНИЕ № 3	42 70	42 70	39 60
ОЙЫН ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ИТОГ ИГРЫ:	79 110	75 105	72 100

15.45-16.15 «Алтын ұям – отбасым» байқауы 3 отбасы үшін (3 тапсырмадан тұрады)

/сахнада байқауды өткізуге арналған щитке жапсырылған тапсырма, 3 стол, 3 щиттің ортасына түймедақ жапсырылған, артқы жағында 5 үрленген шар жапсырылған.

«Алтын ұям – отбасым» байқауын өткізу үшін біз үш отбасын ортаға шақырамыз. Келіңіздер, өтінемін үш столдың біреуіне. Танысып қояйық: Шадаевтар, Көпжасаровтар, Матаевтар отбасы. Біздің қатысушылар үш тапсырманы орындауы қажет. Әр дұрыс жауап үшін белгілі ұпай жинай аласыздар. Байқаудың соңында сіздердің жинаған ұпайларыңыз көбейеді. Байқауға қатысқан әр отбасы батылдығы және ерлігі үшін дипломмен, ал команда мүшелері-естелік кәдесыйлармен марапатталады.

Бірінші тапсырма «Музей портреті»

Бірінші тапсырма шарты: әр отбасына көрнекілік құралдары салынған папкалар беріледі. Әр папкада түймедақтардың күлтелері болады. Сіздерге 2 минут ішінде музей залындағы жәдігерлердің суретін салып және өз гүліңізді жинап үлгерулеріңіз керек.

(музыканы қосу ұзақтығы 2 минут)

Жарайсыңдар! Барлығың тапсырманы орындап шықтыңдар.

Байқаудың нәтижелері:

Шадаевтар отбасы – 22 балл

Көпжасаровтар отбасы – 18 балл

Матаевтар отбасы – 18 балл

Екінші тапсырма «Сұр мерген».

Екінші тапсырманың шарттары (отбасыларға шарларды): Бұл тапсырманы барлық отбасы – команда мүшелері кезегімен орындайды. Әр шардың ішінде тапсырма жасырылған. Отбасы-командасы кезекке тұрып, шарды жеке-жеке инемен дәлелдеп жару керек. Егер бірден осы тапсырманы орындай алсаңыз – керемет, егер – орындай алмасаңыз, «атушы» кезегі келесі қатысушыға өтеді. Барлығы 5 шар жарылуы тиіс. Қосымшаны тауып, ондағы әйел әшекейінің қазақша, орысша атауын табу керек. Әр жарылған шар үшін отбасы-команда мүшелері 1 балл жинайды, қазақ және орыс тілдерінде жауап берілсе тағы 1 баллдық ұпай қосылады. Егер барлық шарлар түгелдей жарылып, әшекей бұйымдардың атаулары 2 тілде толығымен жауап берілсе, онда Сіздердің ұпай сандарыңыз 15 балға жоғарылайды. Сонымен, бастаймыз!!!

(музыканы қосу ұзақтығы 2 минут).

ЖАРАЙСЫҢДАР! Барлығың тапсырманы орындап шықтыңдар.

Байқаудың нәтижесі:

Шадаевтар отбасы – 15 балл

Көпжасаровтар отбасы – 15 балл

Матаевтар отбасы – 15 балл

Үшінші тапсырма – интеллектуалды байқау «Біз музей сүйер отбасымыз».

Үшінші тапсырманың шарттары: Әр отбасы қағаз салынған папка және қалам алады. Сіздерге 2 минут ішінде Алматы қаласында орналасқан музейлердің аттарын жазу керек. Әрбір дұрыс аталған музей үшін, отбасы-командасы 3 балл ұпай алады. Егер қала музейлерінің атауын көбірек тапсаңыздар, онда көп балл жинай аласыздар. Бұл сіздерге деген соңғы тапсырма. Кімде-кім ойыннан аздап қалатын болса, ол тапсырманы орындап, көшбасшы болуға мүмкіндік алады. Сонымен бастаймыз!!!

/Музыканы қосамыз, ұзақтығы 2 минутқа жалғасады/.

ЖАРАЙСЫҢДАР! Барлығың жұмысты орындап шықтыңдар.

Байқаудың нәтижесі:

Шадаевтар отбасы – 42 балл

Көпжасаровтар отбасы – 48 балл

Матаевтар отбасы – 39 балл

ОЙЫН НӘТИЖЕСІ: сонымен, байқауда «**Алтын ұям – отбасым!**»

Ең көп балл жинаған отбасы Шадаевтар отбасы 79 - балл

Екінші орын алған отбасы Көпжасаровтар отбасы -75 балл

Үшінші орын алған отбасы Матаевтар отбасы 72- балл

/Сыйлықтар тапсыру/

Байқауды өткізуге демеуші болып кеңсе тауарларын ұсынған «АБДИ» компаниясы. «АБДИ» сауда орталығы 23 жыл бойы Қазақстанның 18 қаласында 35 дүкен ашып, өзіндік мәдени-білім алаңын қалыптастыруда және әлемдік өндірушілерден өз тұтынушыларына, оқу орындарына: кеңсе тауарларын, әуесқой ортаға арналған заттары мен балалар бұйымдарын ұсынуда.

Байқауға қатысқан барлық отбасыларға естелік сыйлықтарды «GATTO CHOCOLATO» компаниясы, ТОО «WellDis» және «8&8» кітап баспасы ұсынды.

17.30-18.00 «Алтын ұям – отбасым!» 3 отбасыға арналған (3 тапсырмадан тұрады)

/сахнадабайқауды өткізуге арналған шитке жапсырылған тапсырма, 3 стол, 3 щиттің ортасына түймедақ жапсырылған, артқы жағында 5 үрленген шар жапсырылған.

«Алтын ұям – отбасым» байқауын өткізу үшін біз үш отбасына ортаға шақырамыз. Келіңіздер, өтінемін үш столдың біреуіне. Танысып қояйық: МЕДЕТХАН отбасы, ВЕДЕНСКИЕ отбасы, ҚАЛМАҒАМБЕТТАР отбасы. Біздің қатысушылар үш тапсырманы орындауы қажет. Әр дұрыс жауап үшін белгілі балл жинай аласыздар. Байқаудың соңында сіздердің жинаған балдарыңыз көбейеді. Байқауға қатысқан әр отбасы батылдығы және ерлігі үшін дипломмен, ал команда мүшелері- естелік кәдесыйлармен марапатталады.

Бірінші тапсырма: Отбасылық шығармашылыққа арналған «**Менің отбасымның елтаңбасы**» байқауы

Бірінші тапсырманың шарттары: әрбір отбасы елтаңбаның дайындау үлгісі бар папканы алады. Сіздерге өз отбасыңыздың елтаңбасын жасау үшін 3 минут уақыт беріледі. Сіздер дайындау барысында

сурет салуға немесе қолданба таңбаларды , отбасыңыздың құнды сирек кездесетін дүниесін жасау. 3 минут өткен соң, бір отбасының команда мүшесі өз отбасы және жасаған елтаңбасын түсіндіріп береді.

Сонымен бастаймыз!!!

/Музыканы қосамыз, ұзақтығы 3 минутқа жалғасады/.

ЖАРАЙСЫҢДАР! Барлығың жұмысты орындап шықтындар

Байқаудың нәтижесі:

МЕДЕХАН отбасы – 10 баллов

ВЕДЕНСКИЕ отбасы – 10 баллов

ҚАЛМАҒАМБЕТОВТАР отбасы – 10 балл

Екінші тапсырма: «Дәуірлер тұңғиығынан бүгінге дейін»

Екінші тапсырманың шарттары: Сіздер 2 тапсырмасы бар папка аласыздар. Әр команда отбасы мүшелері – 2 минут ішінде суретте көрсетілген қазақтың әдет –ғұрыптары туралы айтып беру керек. 2 минут өткен соң отбасы команда мүшесі өзінің ойын айтып жеткізеді. Бұл байқау сізге 30 балл (әр әңгіме үшін 15 балл).

Сонымен бастаймыз!!!

/Музыканы қосамыз, ұзақтығы 2 минутқа жалғасады/.

МЕДЕХАН отбасы – 30 баллов

ВЕДЕНСКИЕ отбасы – 25 баллов

ҚАЛМАҒАМБЕТОВТАР отбасы – 30 балл

Үшінші тапсырма «Түп-тұқиянымнан өзіме шейін»

Үшінші тапсырманың шарты: Әр отбасы «Түп-тұқиянымнан өзіме шейін» жиналған папкасын алады. 2 минут ішінде Сіздерге жеті аталарыңыздың есімдерін еске түсіру қажет, сонымен бірге жақын туыстардың. Кім өзінің жеті атасы туралы көп еске түсірсе сол отбасы мүшелері құдіретті «Түп-тұқиянымнан өзіме шейін» болып саналады. Әрбір жеті атасын дұрыс айтқан отбасы үшін 10 балл алады. Еске саламыз,-бұл сіздер үшін соңғы тапсырма. Кімде-кім балл жинаудан қалып жатса, тапсырманы орындап көшбасшы атана алады.

Сонымен бастаймыз!!!

/Музыканы қосамыз, ұзақтығы 2 минутқа жалғасады/.

МЕДЕХАН отбасы – 70 ұпай

ВЕДЕНСКИЕ отбасы – 75 ұпай

ҚАЛМАҒАМБЕТОВТАР отбасы – 60 ұпай

ОЙЫН НӘТИЖЕСІ: «Алтын ұям – отбасым» байқауының нәтижесі.

ұпайды ең көп жинаған МЕДЕТХАН отбасы – 110 ұпай,

екінші орында ВЕДЕНСКИЕ отбасы – 105 ұпай,

үшінші орында ҚАЛМАҒАМБЕТОВ отбасы -100 ұпай

Сыйлықтар тапсыру:

Байқауды өткізуге демеуші болып кеңсе тауарларын ұсынған «АБДИ» компаниясы. Сонымен қатар «GATTO CHOCOLATO»

ЖК, «WellDis» ЖШС және «8&8» кітап баспасы. Байқауға қатысқандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Nursan Alimbay

CONCEPT OF THE REPUBLICAN ACTION “THE WHOLE FAMILY AT THE MUSEUM”

This concept is aimed at expanding the boundaries of the social space of popularizing historical and cultural monuments through the family, as the basic institution of socialization of the individual. In a concept designed to ensure the stability of museum attendance by various categories of population, both the mechanisms for the implementation of this promotion and the fundamental principles for its implementation are considered.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ**

**«ҚАЗІРГІ ОТАНДЫҚ МУЗЕЙ: ЖАҢА ТӘСІЛДЕР МЕН ӨЗЕКТІ ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕР»
АТТЫ СЕМИНАР-ТРЕНИНГТІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

**(ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІНІҢ
ТӘЖІРИБЕСІНЕН) (Алматы, 2020 ж.).**

Жобаның жетекшісі және авторы: Нұрсан Әлімбаев

Шығармашылық топ: Нұрсан Әлімбаев, Ғалия Теміртон, Бибігүл Дандығараева.

Кіріспе бөлім. Аталмыш семинар-тренингтің мақсат-міндеттерін таратып негіздеудің алдында отандық музейлерді еліміздің іргелі ғылыми-зерттеу институттарына айналдыру сынды аса өзекті мәселеге арнайы тоқталу қажет деп есептейміз. Өйткені, әлемдік іс-тәжірибе айқын айғақтап отырғандай, музейлердің ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде толықмәнді функция атқаруы ғана олардың мәдени-білім жұмысын мейлінше тиімді ұйымдастыруға һәм жүргізуге бірден-бір мүмкіндік беретін іргелі фактор болып табылады.

Отандық музейлерде ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде реформалаудың қажеттілігі (қысқаша теориялық негіздеме). Қазіргі кезеңде мәдениет социумның ар-ұждан идеалы мен кісілікке негізделген құндылық бағыт-бағдарын ғана емес, ежелден жалғасып келе жатқан этникалық дәстүрдің озық үлгілерін сақтаудың да, өркендетудің де айрықша пәрменіне айналып отыр. Сонымен бірге, мәдениет дәстүр атаулыны мейлінше әлсіретіп, тіпті, жойылуға әкеліп отырған «жаһандану үрдісін гуманизациялаудың» (Коитиро Мацуура)²³ да ілкімді факторы болып табылады. Қазір мәдени саланың Қазақстан қоғамын өркендетудің басым бағыттарының біріне айналып отырғандығы сондықтан (1). Жаһандану жағдайында этникалық сәйкестілік пен дәстүрдің өзіндік болмыс-бітімін айғақтаудың һәм айқындаудың және олардың ұрпақаралық сабақтастығын қамтамасыз етудің бірден-бір механизмі болып табылатын тарихи-мәдени мұраны сақтаудың өзектілігі де осында. Әңгіме ұлттық мәдениетті «этностың, социумның, тұлғаның әлеуметтік энергиясын жұмылдыратын әрі жүзеге асыратын бірден-бір механизм ретінде сан салалы функция атқаратын қуатты күйге жеткізуде болып отыр» (2). Сонда ғана адами hareketті жүзеге асырудың әмбебап тәсілі (3) болып табылатын мәдениет қоғамның да, тұлғаның да үйлесімді өркендеуіне мүмкіндік беретін пәрменді күшке айналады. Осы ретте тарихи-мәдени мұра атаулыны сақтайтын, зерттейтін әрі дәріптейтін функция атқаратын музей сынды бірегей институттың орны мен рөлі ерекше болатындығы түсінікті жайт болса керек.

Соңғы кезеңде елімізде мәдениетке, соның ішінде, әсіресе, ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарға айрықша мән беріліп отырғандығы сондықтан. Өйткені, расында да, музей өзінің құрылымдық һәм функционалдық табиғаты жағынан мемлекеттің мәдени және білім саласындағы саясатын тиімді жүзеге асыратын институттардың бірі де, бірегейі де болып табылады. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 қараша күнгі Жарлығымен күшіне енген «Қазақстан Республикасы мәдениет саясатының концепциясында» аталып көрсетілгендей, «отандық музей имидждік кластер және ғылым мен зерттеу ісінің тұғырына» айналуы тиіс. Өйткені, жоғарыда шінара айтылғандай, музей ұрпақаралық тарихи-мәдени құндылықтар мен ақпаратты жинақтау, қорландыру, сақтау, зерттеу, дәріптеу және ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын бірегей институционалдық механизм ретінде функция атқарады (2). Алайда, халықаралық іс-тәжірибе айқын айғақтап отырғандай, мұндай аса өзекті функцияны замана талабына сай тиімді орындау үшін музей, ең алдымен, ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде қызмет атқаруы қажет. Сонда ғана, аталмыш құрылым өзінің «профильдік» негізгі қызметі – мәдени-білім жұмысын барынша тиімді жүргізе алады. Оның үстіне, өкінішке орай, отандық музей саласында әлі күнге дейін шынайы көңіл бөлінбей келе жатқан тарихи-мәдени құндылықтарды камералық өңдеу, есепке алу, атрибуциялау, паспорттау, каталогтау сынды «дәстүрлі

²³ Коитиро Мацууро – бывший Генеральный директор секретариата ЮНЕСКО (1999-2009). Более подр.: Можейко М.А. Диалог культурных традиций и общечеловеческие ценности: опыт нелинейного моделирования // Труды объединенного научного центра проблем космического мышления. Том 3, 2013 // <https://cyberleninka.ru/article/n/>

еңбек операциялары», шынтуайтында, нағыз ғылыми-зерттеу жұмысының музейлік формалары болып табылады! Тіпті, музей жұмысының «профильдік» саласы деп орынды есептелетін белгілі бір тақырыптық көрме мен экспозиция да, көрнекті музейтанушы ғалымдардың қисыны келіскен пікірінше, ғылыми жарияланымның «заттанған» түрі, яғни, ғылыми жұмыс ретінде бағамдалады (2;4). Гәп тарихи шындықтың (құбылыстың, үрдістің, сюжеттің, оқиғаның) «заттанған», «материалданған» моделі болып табылатын семиотикалық күрделі экспозициялық (көрмелік те) кеңістік жөнінде болып отыр. Расында да, алдын ала тандалған тақырыптың желісі бойынша өзара себеп-салдарлық байланысқа негізделіп орналастырылған экспонаттар жүйесі, яғни, құрылымдық тұрғыдан да, методологиялық жағынан да қисынды ойластырылған кез келген көрме немесе экспозиция, жоғарыда айтылғандай, тиісті тарихи үрдістің, оқиғаның немесе сюжеттің «заттанған» көрнекі моделі функциясын атқарады. Айтылған қисын тұрғысынан 2006 жылдан бастап «ғылыми-зерттеу мекемесі» мәртебесін отандық музей тарихында тұңғыш рет ресми иемденген (**09.09. 2016 жылғы сериясы МК №004847-ші үшінші рет аккредитациялану жөніндегі Куәлік**) ҚР Мемлекеттік орталық музейі өзінің ғылыми әлеуетін ойдағыдай жүзеге асырудың нәтижесінде мәдени-білім жұмысын да тиімді жүргізіп келе жатқандығын ерекше екшеп айтқан жөн. Басқаша айтқанда, ғылыми-зерттеу жұмысын тиімді жүргізу Орталық музейге ұйымдық-педагогикалық, экспозициялық-көрмелік, экскурсиялық, дәрістік, ғылыми жобалық, ғылыми-практикалық жобалық сынды сан салалы мәдени-білім жұмыстарын көпшіліктің көңілінен шығатындай тартымды да, тағылымды атқаруға мүмкіндік берді. Әлбетте, бұл ретте музейлік менеджмент пен маркетингтің негізі болып табылатын фандрайзинг технологиясын, әлеуметтік әріптестік орнатудың әдіс-тәсілдерін, сан алуан жобалық және PR-технологияның соны жетістіктерінің мол пайдаланылғандығын айрықша атап өткен ләзім. Сөйтіп, қазіргі кезеңде Орталық музей өзінің ғылыми-зерттеу және мәдени-білім жұмыстарын міндетті түрде ғылыми негіздеп жүргізіп келеді. Мұндай ұстаным музейге келушілердің әртүрлі категорияларымен жұмыс жүргізудің тиімді формаларын (әдіс-тәсілдерін) меңгеруге мүмкіндік беріп отыр (мысалы, әртүрлі музейлік акциялар мен интерактивтік іс-шараларға соны ақпараттық және цифрлы технологияны мүмкіндігінше пайдаланып отыру деген сияқты).

Сонымен, Орталық музей жинақтаған сан жылғы, әсіресе, тәуелсіздік кезеңіндегі іс-тәжірибенің қисыны кез келген музейдің көпшіліктің көңілінен шығатындай тиімді функция атқаруының бірден-бір кепілі ондағы ғылыми-зерттеу жұмысын нәтижелі жүргізу екендігін айқын айғақтайды.

Семинар-тренингтің мақсаты мен міндеттері және оның негізгі бағыттары. Жоғарыда айтылғандай, 200 жылға жуық тарихы бар Орталық музей ғылыми-зерттеу және мәдени-білім жұмысын ұйымдастыру саласында танымдық тағылымы мен педагогикалық әлеуеті әжептәуір іс-тәжірибе жинақтап отыр. Ең алдымен, Орталық музейдің тиімді жұмыс атқаруы мақсатында оның құрылымы түбегейлі реформаланды. Яғни, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін археология, антропология мен этнология, Қазақстан тарихын зерттеу, музейлік деректану мен сирек кездесетін қолжазба сынды бөлімдер ашылды. Осы ретте аталмыш құрылым-бөлімдерінің ғылыми-зерттеулері музейдің негізгі функциясы болып табылатын мәдени-білім жұмыстарын мейлінше тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндей бағытта ұйымдастырылатындығын айрықша атап өту қажет (мысал ретінде ғылыми қызметкерлер міндетті түрде экскурсиялық қызметке тартылатындығын және сан алуан көрмелерді ұйымдастыруға, сондай-ақ, музейлік құндылықтарды камералық өңдеу, атрибуциялау, ғылыми каталогтау сынды істерге белсене қатысатындықтарын айтуға болады).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен ұйымдастырылып отырған **«Қазіргі отандық музей: жаңа тәсілдер мен өзекті іс-тәжірибелер (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің іс-тәжірибесі негізінде)»** атты семинар-тренингтің барысында еліміздің музей кеңістігінде қазіргі кезеңде мейлінше өзекті мәселелерді көне музейіміздің сан жылдық іс-тәжірибесі тұрғысынан талқылауды мақсат етіп отыр. Мұндай ұстаным арқылы Орталық музей қызметкерлері өздерінің ғылыми-зерттеу хәм мәдени-білім салаларында жинақтаған іс-тәжірибесін мүмкіндігінше отандық музейлердің игілігіне айналдыруды көксейді. Әлбетте, Орталық музейдің іс-тәжірибесінде де «бір қайнауы» жетпей жатқан тұстары да бар. Осыған байланысты еліміздің музейлеріндегі, әсіресе, аймақтық музейлердегі табыспен өткізіліп жатқан сан алуан мәдени-білім іс-шараларының жетістіктерімен етене танысудың Орталық музей үшін де танымдық хәм іс-тәжірибелік тағылымы өлшеусіз десек асырып айтқандық болмайды.

Семинар-тренинг барысында, белгілі себептермен, музейдің құрылымдық жағынан да, функционалдық табиғаты тұрғысынан да болмыс-бітімін айқындайтын хәм айғақтайтын өзара себеп-салдарлық байланыстағы қос функциясына – ғылыми-зерттеу және мәдени-білім жұмыстары салаларындағы іс-тәжірибені зерделеуге, талқылауға айрықша көңіл бөлінеді. Жоғарыда айтылғандай,

осы ретте, әсіресе, облыстық тарихи-өлкетану музейлерінің сан салалы һәм сан деңгейлі іс-шараларының жетістіктерімен танысу Орталық музейдің талқыға түсіп отырған іс-тәжірибелерін зерттеп-зерделеуге және жетілдіре түсуге үлкен мүмкіндік береді деген сенімдеміз. Өкінішке орай, отандық музейлердің арасындағы аса қажетті байланыс жоқтың қасында десек асырып айтқандық болмайды. Осыған байланысты ұйымдастырылып отырған семинар-тренинг әрбір отандық музейдің дамуының әлеуетті кепілі болып табылатын музейаралық қатынасты жандандыруға себін тигізері хақ. Бұл игі дәстүр өзінің жалғасын тапса, «нұр үстіне нұр» болар еді.

Сонымен, аталмыш семинар-тренингтің мақсаты Орталық музейдің сан жылғы іс-тәжірибесін көпшілік болып талқылау һәм зерделеу. Осыған байланысты, жоғарыда айтылғандай, аймақтық музейлердің де тиісті іс-тәжірибелерімен танысудың да тағылымы өлшеусіз екендігін тағы да ерекше екшеп айтқан ләзім. Айтылған қисын тұрғысынан семинар-тренингтің жұмысын төмендегідей бағытта жүргізілу көзделіп отыр:

I. МӘДЕНИ-БІЛІМ ЖҰМЫСЫ

- экспозициялық-көрме шараларын ұйымдастырудың өзекті мәселелері: жобалаудың тақырыптық-проблемалық принципі және жүзеге асырудың механизмдері;
- мәдени-білім және танымдық бағдарламаларды дайындау мен жүзеге асыру барысындағы инновациялық тәсілдер: музейлік педагогиканың әдістемелік және практикалық аспектілері;
- музейлік біртұтас ақпараттық кеңістік: цифрландырудағы басымдықтар мен мәселелер;
- музей аудиториясын кеңейту стратегиясы: музейге келушілердің әр деңгейлі категориялармен жұмыс жүргізудің соны әдістері;
- музей қызметін жүзеге асыру бағытында бюджеттік емес қаражат көздерін іздестіру және тарту мәселелері;
- музей қызметіндегі ғылыми кітапхананың орны мен маңызы;
- отандық музейдегі баспасөз қызметінің функциясы.

II. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

- қазіргі кезеңдегі отандық музей кеңістігіндегі ғылыми зерттеулердің өзектілігі (музейлік ғылыми-зерттеу және ғылыми-қолданбалы жобаларды жүзеге асыру саласындағы ҚР Мемлекеттік орталық музейі жинақтаған іс-тәжірибе);
- ғылыми-қор жұмысы: іріктеу, камералық өңдеу, ғылыми есепке алу, ғылыми классификациялау, атрибуция, паспорттау, каталогтау (жалпы әдістемелік мәселелер);
- музейлік ғылыми экспедициялар ұйымдастырудың маңызы (археологиялық, этнографиялық, археографиялық, ахуалдық және т.б.);
- ғылыми және ғылыми практикалық форумдар – музей қызметкерлерінің өзіндік ұйымдастыруының формасы (семинар, конференция, дөңгелек үстел);
- музей қорын жүйелі және үнемі толықтырып отыру – музей функциясының іргелі бағыттарының бірі;
- мемлекеттік республикалық, облыстық, қалалық, аудандық ресми іс-шаралар (саяси, мерекелік, мерейтойлық және т.б.) материалдарының музейлік артефактілер ретіндегі маңызы.

III. ШЕБЕРЛІК САБАҚТАР

- музейлік бұйымдарды ғылыми атрибуциялау мен ғылыми каталогтаудың іс-тәжірибесі (ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорындағы «кілем және тоқыма бұйымдар», «кісе», «кимешек» коллекциялары негізінде);
- «қалпына келтіру ісінің қыр-сыры»: металл, киіз, мата, керамика және т.б. бұйымдарды қалпына келтіру бойынша шеберлік сабақтар;
- музейлік экспедиция жұмыстарын ұйымдастырудағы далалық, лабораториялық және «кабинеттік» зерттеулердің әдіс-тәсілдері (ҚР Мемлекеттік орталық музейі тарапынан ұйымдастырылған археологиялық экспедициялар іс-тәжірибесі негізінде).

**МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЦЕНТРАЛЬНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ МУЗЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

КОНЦЕПЦИЯ

**НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО СЕМИНАРА-ТРЕНИНГА «СОВРЕМЕННЫЙ
ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ МУЗЕЙ: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРАКТИКИ»**

**(ИЗ ОПЫТА ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН) (Алматы, 2020 г.)**

Автор и руководитель проекта Нурсан Алимбай

Творческая группа: Нурсан Алимбай, Галия Темиртон, Бибигуль Дандыгараева.

Вводная часть. Прежде чем приступить к изложению содержания предлагаемой концепции семинара-тренинга следует специально остановиться на таком важном вопросе, как структурно-функциональное преобразование отечественных музеев как полноценных научно-исследовательских институтов в культурно-образовательном пространстве нашей страны. Ибо, как показывает мировой опыт, именно наука выступает в качестве фундаментального условия эффективного функционирования современного музея практически всех типов и ранга.

Наука как главный фактор эффективности функции отечественного музея. Как известно, культура сегодня становится решающим инструментом не только развития нравственных идеалов, ценностных ориентиров и традиций общества, но и «гуманизации процесса глобализации» (Коитиро Мацуура)²⁴, становясь, таким образом, «ключевым приоритетом развития народа и государства» (1). Отсюда необходимость сохранения и приумножения национального культурного наследия, определяющего самобытность и национальную идентичность отечественной культуры в глобальном мире. Речь идет о таком самодостаточном состоянии культуры, когда она действительно выступает как «единственно возможный механизм мобилизации и реализации жизненной энергии этноса, социума и личности» (2). Конкретизируя сказанное в интересующем нас аспекте отметим, что одними из важнейших задач культуры как специфического способа организации и реализации человеческой жизнедеятельности (3) остаются развитие и поддержка творческого потенциала личности и общества, воспитание патриотизма и гражданственности, интереса к историко-культурному наследию, формирование исторического сознания подрастающего поколения и т.п. Понятно, что значительная роль в этом отводится музею как особому социокультурному институту по сохранению исторической памяти и передачи опыта будущим поколениям.

Сказанное объясняет, почему в последнее время в нашей республике большое значение уделяется эффективности функционирования музея как особого социокультурного механизма реализации культурной и образовательной политики государства, а также «имиджевого кластера и опорного центра развития науки и исследовательской деятельности» (1). Это связано и с тем, что именно музей по своему функциональному назначению представляет собой едва ли не главный институциональный механизм аккумуляции, хранения и трансляции практически всего объема межпоколенных историко-культурных ценностей и информации (2). Однако, как показывает международный опыт, именно успешное функционирование музея как научно-исследовательского института в сфере культуры и образования выступает основополагающим условием осуществления им своей профильной функции – культурно-образовательной. Ведь практически все так называемые «традиционные» виды деятельности в музее (камеральная обработка, атрибуция, паспортизация, учет, каталогизация музейных предметов и т.д.) относятся к разряду специфических научно-исследовательских и научно-практических работ. Даже такое «профильное» направление музейной работы, как создание разноматематических экспозиций и выставок, по единодушному мнению, мировых авторитетов в области музейного дела, представляет собой особый «овеществленный», «опредмеченный» вид научно-публикаторской деятельности (2; 4). Речь идет об экспозиционном (выставочном), семиотически весьма сложном пространстве как об особой «опредмеченной» модели реальности. То есть, структурно хорошо продуманный, методологически обоснованный любой вид музейной экспозиции (и выставки)

²⁴ Коитиро Мацууро – бывший Генеральный директор секретариата ЮНЕСКО (1999-2009). Более подр.: Можейко М.А. Диалог культурных традиций и общечеловеческие ценности: опыт нелинейного моделирования // Труды объединенного научного центра проблем космического мышления. Том 3, 2013 // <https://cyberleninka.ru/article/n/>

учеными по праву рассматривается как особая форма научной публикации. Сказанным объясняется актуальность «развития научно-исследовательской деятельности, взаимодействия с исторической наукой, археологией, реставрацией, искусствоведением, этнографией, а также модернизации материально-технической базы фондохранилищ» (1).

В этой связи отметим, что системно проводимое руководством усиление научного потенциала Центрального государственного музея Республики Казахстан, имеющего статус научного учреждения с 2006 г. (*Свидетельство об аккредитации: Серия МК, №004847 от 09.09.2016 г.*), дало возможность вывести на качественно новый уровень деятельность музея в целом, в особенности – культурно-образовательную. То есть в настоящее время, ЦГМ РК благодаря очевидным достижениям в научно-исследовательской сфере, активно осуществляет и культурно-образовательную (социологическую, организационно-педагогическую, экспозиционно-выставочную, экскурсионную, лекционную, проектную и т.п.), успешно используя современные технологии, составляющие основу музейного менеджмента и маркетинга – технологию фандрайзинга, социального партнерства, проектную и PR-технологию, включая информационно-коммуникативную. Обладая большим научно-информационным и познавательным потенциалом, аккумулированным в предметно-тематически разнообразных коллекциях, музей в настоящее время разрабатывает и реализует научно-исследовательские, культурно-образовательные и экспозиционно-выставочные проекты, активно осваивает новые формы работы с посетителями (музейные акции, интерактивные мероприятия, информационные и цифровые технологии и др.) в целях презентации своих коллекций.

Цель и задачи, основные направления научно-методического семинара-тренинга. Центральный государственный музей Республики Казахстан (далее – ЦГМ РК), имеющий почти двухвековую историю, обладает общепризнанным большим опытом организации музейной деятельности. К настоящему времени старейший музей страны в процессе адаптации к новым условиям и требованиям времени, сохранив целевые функции, изменил собственную структуру таким образом, чтобы обеспечить максимальную эффективность своей основной профильной функции – культурно-образовательной (2). На организуемом по инициативе Министерства культуры и спорта РК семинаре-тренинге: «**Современный отечественный музей: новые подходы и актуальные практики**» Центральный музей выносит на повестку дня обсуждение широкого круга назревших вопросов в контексте, как уже отмечалось, своего многолетнего опыта по ключевым направлениям музейной работы. Надеемся, что полученные музейными специалистами на семинаре-тренинге соответствующие знания и навыки могут стать серьезным подспорьем при подготовке и реализации ими разнонаправленных музейных проектов и программ.

Основной акцент по понятным причинам будет сделан на обсуждение опыта Центрального музея по организации двух взаимосвязанных и взаимообусловленных ключевых направлений – культурно-образовательного и научно-исследовательского. Эти направления музейной деятельности, взаимодействующие по принципу дополнительности, как известно, выполняют системообразующую функцию в жизни музея любого типа и уровня. В то же время работники Центрального музея очень нуждаются и в получении необходимой всеобъемлющей информации из других музеев, в особенности, областных историко-краеведческих, в которых достаточно успешно реализуются поучительные культурно-образовательные проекты и программы. Однако, к сожалению, информация на сей счет к нам доходит, как говорится, из вторичных источников, прежде всего, из средств массовой информации, и то в весьма усеченном виде. Причина тому – очевидные слабые межмузейные связи, особенно, между республиканскими и региональными музеями, столь необходимые для взаимообогащения. Речь идет о выдающейся роли межмузейных отношений, которую последние вкупе с другими стимулирующими факторами, играют в постоянном совершенствовании музейной технологии. Надеемся, что настоящий семинар-тренинг послужит добрым началом актуализации и активизации межмузейных отношений на различных уровнях и направлениях.

Цель семинара-тренинга: обсуждение накопленного к настоящему времени Центральным музеем многолетнего опыта по следующим узловым направлениям музейной работы:

I. КУЛЬТУРНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

- проектная деятельность и проблемы организации экспозиционно-выставочных мероприятий: проблемно-тематические принципы и механизмы реализации;
- инновационные подходы в реализации культурно-образовательных и познавательных программ: методические и практические аспекты музейной педагогики;

- единое музейное информационное пространство: приоритетные направления и проблемные аспекты музейной цифровизации;
- стратегии расширения музейной аудитории: новые методы работы с разными категориями музейных посетителей;
- проблемы привлечения внебюджетных финансовых средств;
- место и значение научной библиотеки в деятельности музея;
- функции пресс-службы в музее.

II. НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

- актуализация научных исследований в современной музейной практике (опыт реализации научно-исследовательских и научно-прикладных проектов в отечественном музее);
- научно-фондовая работа: комплектование, камеральная обработка, учет, хранение, научная классификация, атрибуция, паспортизация, каталогизация (общеметодические вопросы);
- вопросы организации научных экспедиций в отечественном музее (археографических, этнографических, археологических, «ситуативных» и др.);
- научные форумы (конференция, семинар, круглый стол), как форма самоорганизации музейных работников;
- систематическое пополнение фондовых коллекций как одно из основных направлений музейной функции;
- материалы официальных государственных, республиканских, областных, городских мероприятий (политических, юбилейных и т.д.) как музейные артефакты.

III. МАСТЕР-КЛАССЫ

- опыт научной атрибуции и научной каталогизации музейных предметов (на примере коллекций ковров и ковровых изделий, мужских поясов «кісе», женских головных уборов «кимешек»);
- «секреты реставрации» (мастер-классы по реставрации изделий из металла, войлока, ткани, керамики и др.);
- полевые, лабораторные и «кабинетные» методы организации научной экспедиции в музее (на примере проведения Центральным музеем РК археологических экспедиций).

Литература

1. Концепция культурной политики Республики Казахстан. Указ Президента Республики Казахстан от 4 ноября 2014 года № 939 // https://tengrinews.kz/zakon/prezident_respubliki_kazahstan/kultupa/id-1400000939/
2. Нурсан Алимбай. Центральный государственный музей Республики Казахстан: краткий исторический экскурс, структурные преобразования, проблемы // Труды Центрального музея: музейное дело, история, этнология, фольклористика, археология, антропология, историография, источниковедение, нумизматика. Алматы: Ғылым, 2004. С. 1-18.
3. Маркарян Э.С. Теория культуры и современная наука (логико-методологический анализ) М.: Мысль, 1983. 284 с.
4. Газалова К.М. Музей в современных социокультурных условиях // Музей в современном мире: традиционализм и новаторство. М., 1999. С. 15-16.

Nursan Alimbay

THE CONCEPT OF THE SCIENTIFIC-METHODICAL SEMINAR-TRAINING "CONTEMPORARY MUSEUM: NEW APPROACHES AND PRACTICES"(FROM THE EXPERIENCE OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN)

This concept contains a wide range of issues in key areas of organization of two interconnected and interdependent areas of museum work – cultural, educational and research. These areas of museum activity interact on the principle of complementarity, and carry out system-forming function in museum activity of any type and level. In this regard, the concept was developed with the aim of updating and enhancing the structural and functional transformation of Kazakhstani museums as full-fledged research institutes in the cultural and educational space of the country.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА ОРНАЛАСҚАН ҚОЖАНАЗАР ИШАН МЕШІТІ

Қазақстанның кең байтақ жерінде қасиетті орындар көптеп кездеседі. Ондай жерлерді қадірлеп-қастерлеу дәстүрі ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Осы үрдіске берік болғанның арқасында біршама тарихи маңызы зор құнды ғимараттар бүгінгі күнге дейін кейінгі буынға аманат ретінде қаз-қалпында сақталды. Соның бірі Әйтеке би кентіндегі – «Қожаназар ишан» мешіті (Сурет 1).

Қожаназар ишан өз ауылында Сырдария өзенінің жағасынан, күйдірілген қыш кесектен ағайын туысының қолдау көмегімен мешіт салдырады. Осындай ниетте салынған мешітте, дарияның екі жағындағы ауылдың балаларын оқытып, мұсылмани-шариғат жолымен білімге, тәрбиеге баулыған. Бізге жеткен көнекөз қариялардың сөзі бойынша сол заманда Қазалы-Арал өңірінде белгілі болған 12 мешіттің 5-ін Қожаназар ишан салдырған екен. Бізге белгілісі 3 мешіт. Бірі өз атымен аталатын "Қожаназар мешіті". Бұл мешіттің құрылысы 1898 жылы басталып, 1902 жылы халыққа пайдалануға берілген. Осы мешітті ишан бабамыз ең кіші інісі Бекназарға арнап салдырса керек, ал Бекназар осы мешітте 22 жыл имам болыпты. Жергілікті халық Қожаназар ишан мешітін киелі орын санайды (Байтенов, Абдибаев, 2007, с.269).



Сурет 1. Қожаназар ишан мешіті

Мекен жайы: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Біржан сал көшесі, 109.

Жалпы ақпарат: Қожаназар ишан мешіті, XIX ғасыр. Қазалы қаласы, Әйтеке би кентінде орналасқан архитектуралық ескерткіштердің бірі. Біржан сал көшесі №109. Біз сөз еткелі отырған Қожаназар мешіті – Қазалы ауданының орталығы Әйтеке би кентінде орналасқан архитектуралық ескерткіштердің бірі. Тарихи нысанды есепке алу үшін «Казпроектреставрация» институты 1980 жылы Қазалы қаласындағы Ғанибай үйі, Ғанибай мешітімен (қалалық кітапхана) бірге тіркеуге алып, паспортын дайындаған. Аллаға құлшылық етіп, ел арасында Құран кәрімді, Мұхаммед ғ.с.с. пайғамбардың хадистерін насихаттау, халыққа түсіндіру жолында Қожаназар ишанның еңбегі зор. Қожаназар ишан Артықбайұлы Әлім тайпасының Ұланақ руынан тарайды. Әлімнің әкесі Қадырқожаның халыққа кең тараған аты – Қаракесек.

Ишанның керемет әулиелігі жөнінде ел аузында көптеген аңыздар бар. Қожаназар ишан Қазалы уезінде екі мешіт салдырады. Жеті ұлы болған. Әйтеке би кентіндегі мешітін інісі Бекназарға арнап 1898-1902 жылдары салдырған. 1902-1924 жылдары осы мешітке имам болды. Мешітті өз қаражатына салдырады. Сонымен бірге Кенжебай сияқты қалталы азамат көмек көрсеткен көрінеді. Мешіт 1937 жылға дейін жұмыс істеді. 1937-1947 жылдары астық жинайтын қойма болған. 1947 жылы Азамат

соғысының ардагері Ырсалы Сақтағанов Сталинге хат жазып, мешіттің үкіметке де, халыққа да зияны жоқ, тек халықты имандылыққа тәрбиелейді деп дәлелдеген. Міне, содан бері аталған имандылық үйі шәкірт тәрбиелеумен айналысып келеді (Қазмағамбетова, 2019, 3-4 б.).

Кірекештер Қожаназар ишанды танымаса да әулие кісі деп біліп, ерекше ізет көрсетеді. Ол 1897 жылы қазіргі «Қожаназар ишан» мешітін салдырады. Қазір мұнда балалар мұсылманша оқып, араб тілінде дәріс алуға. Кеңестік дәуір кезінде аталған имандылық үйін жаптыру жөнінде билік орындарынан тапсырма берілген. Дегенмен, Қожаназар ишанның өте беделді жақын туысы Рысалы мешіттің діни насихат таратпай, мұсылмандық рәсімдерді ғана орындауына Мәскеуден рұқсат алған деседі.

Мешіт құрылысы. Құрылыс тікбұрышты күйдірілген кірпіштерден қаланған, жоспарындағы аумақтық өлшемдер 22,0x13,0 м, шатырының биіктігі 9 м, минареттің биіктігі 19,0 м.

Қабат саны - 1.

Құрылыс алаңы -243,1

Ғимарат көлемі -972,0

Жалпы ауданы - 203,0

Жай бөлмелер саны - 7.

Ғимарат жоспарында тікбұрышты, бір қабатты, көлденең осі бойынша оңтүстік-батыстан-солтүстік шығысқа созылған, шатыры астында бөлмелері бар екі құламалы. Жоспарында тікбұрышты болып келген ғимарат екі көлденең қабырғамен үш бөлікке – кіреберіс және екі намаз оқитын залға бөлінген. Кейінгі жылдары қосалқы екі бөлме қосылып, 2008-2010 жылдары мешіт (реставрациялау) қайта жаңғыртудан өткізу барысында құрылысы дұрыс болмағандықтан бір бөлмесі алынып тасталынған.

Мешіттің қасбеттері кірпіштің айшықты қаландылармен әсемделген, шығынқы іргесі және күрделі-профилді ернеуі бар. Бұрыштары мен бүйірлік қабырғаларына рустовты жауырыншалар қолданылған. Кіреберіс бөлігі жарты шеңберлі пилястрлермен көмкерілсе, ал терезе ойықтарының жоғарғы бөліктері сандриктен ерекшеленген. Шатырының үшкіл маңдайшалары мол безендірілген (Байтенов, 2011, 310-311 б.).

Минарет үш бөлікті: негізгі діңінен кірпішті кронштейндермен бөлінген, діңнің жоғарғы бөлігінде намазға шақыратын тесіп өткен аркалы ойығы бар, төбесі күмбезшемен көмкерілген.

Қайта қалпына келтіру жұмыстары

Бірінен кейін бірі орналасқан намаз оқитын екі зал үш аркалы ойықтары бар қабырғамен бөлінген, екі залдың да бүйірлік қабырғаларында екі екіден терезелер бар. «Түпкі» залдың оңтүстік-батыс қабырғасының ортасына жоспарында жарты шеңберлі апсид түріндегі михраб орналастырылған.

Кіреберіс бөлік үш бөлмеден тұрады: орталық (дәліз) – үстіне ішінде баспалдағы бір минарет салынған және екі қосалқы бүйірлік бөлмесі бар. Орталық шаршы пішінді бөлме төрт жаққа шығатын есік ойықтары бар (далаға, намаз оқитын залға және бүйірлік бөлмелерге) «киоскі» түрінде шешімін тапқан.

Ескерткішті 1979 жылы «Қазжоба қалпына келтіру» институтының экспедициясы зерттеген.

2001 жылы Қожаназар ишан мешіті күрделі жөндеуден өтті. Бұл жұмысты атқаруға мұра жанашыры, марқұм Аманкелді Избасарұлы Алпысбаев өз қаржысынан 1,5 миллион теңге жұмсады. Мешітке керекті жасау- жиһаздар сатып әперді.

2008-2010 жылдары мешіт (реставрациялау) қайта жаңғыртудан өткізілді. Қазіргі имам Беринбаев Кенжебай Келінбайұлының айтуы бойынша қайта жаңғыртуда мешіттің едені, шатыры, суағары жөнделген. Сонымен қатар сыртқы кірпішін қалпына келтіру жұмыстары жасалған. Бірақ шатыры және суағары ұзаққа жетпей сыр беріп, төбесінен су аққан. Сол себептен 2016 жылы өз қаражаттары арқылы қайта жөндеу жасалынған.

Әдебиеттер

Байтенов Э.М., Абдибаев Ш. Мечеть Ходжа-назара // Курманкулов Ж., Байпаков К.М., Елеуов М., и др. Свод памятников истории культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. Алматы: Аруна, 2007. С. 269.

Байтенов Э.М., Абдибаев Ш., Қожаназар мешіті // Құрманқұлов Ж., Байпаков К.М., Елеуов М., және т.б. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы: Аруна, 2011. 310-311 бб.

Қазмағамбетова А. Қожаназар ишанның кереметтері // Қазалы газеті. 27 қаңтар, 2019 жыл. 3-4 бб.

KOZHANAZAR ISHAN MOSQUE LOCATED IN KAZALY DISTRICT

The article describes the history of the construction of the Kozhanazar mosque in Kazaly district of Kyzylorda region. This monument, attributed to the architecture of the XIX century, serves the good of the modern people. There are many mosques and madrasahs in the area, each with its own architectural history.

С.Г. Батырева

Калмыцкий научный центр РАН

г. Элиста, Россия

E-mail: sargerel@mail.ru

ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО КАЛМЫКОВ: ПО МАТЕРИАЛАМ МУЗЕЙНЫХ КОЛЛЕКЦИЙ РОССИИ*

Музейные коллекции содержат материальные свидетельства прошлого в предметах традиционной культуры номадов. Документальная достоверность фондового материала, представляющего кочевой уклад хозяйствования, позволяет в целом охарактеризовать бытование, содержание и значимость художественных ремесел монголоязычных народов. В настоящее время, когда многие традиционные ремесла калмыков утрачены в силу перехода от кочевого уклада хозяйствования к оседлому образу жизни, в их научной реконструкции актуально привлечение музейных экспонатов. Это позволяет восполнить исторические пробелы в создании картины ремесленного творчества народа.

Основным источником по материально-художественной культуре Калмыкии является фондовый материал музеев республики: Национального музея РК имени Н.Н.Пальмова, Музея традиционной культуры имени Зая-пандиты Калмыцкого научного центра РАН, Музея джангарчи Ээлян Овла, а также калмыцкие коллекции Российского этнографического музея и Кунсткамеры (Санкт-Петербург), Астраханского музея-заповедника. Отметим, Российский этнографический музей обладает богатейшими коллекциями изделий ремесленного производства многих народов России, в том числе и калмыков. Особый интерес из них представляет специализированный фонд Войлочной кладовой, Мягкий и другие фонды Отдела народов Сибири РЭМ, где хранится культурное наследие монголоязычных народов.

Пластический фольклор калмыков закономерно рассматривать материальным источником в изучении традиционного искусства номадов. Используемая база данных исследования должна основываться на систематизированном учете культурного наследия, собираемого, хранимого и умножаемого в процессе комплектования музеев и частных коллекций.

Отметим, решение данной проблемы отвечает государственной политике, обозначенной как «Сохранение объектов культурного наследия народов Российской Федерации». Программным условием ее реализации являются «Обеспечение сохранности музейного фонда и развитие музеев» и «Издание полных научных каталогов собраний музеев» (Документы Министерства культуры Российской Федерации. Постановление Правительства от 03 марта 2012 года N 186 «О федеральной целевой программе "Культура России» (2012 – 2018 годы). Создаваемая база данных включает совокупность параметров музейного описания, необходимых в исследовании культурного наследия, решении задачи государственной значимости (Батырева, 2004, с. 165–172).

Музей калмыцкой традиционной культуры имени Зая-пандиты КалмНЦ РАН хранит немногочисленный, но уникальный материал художественного наследия монголоязычных номадов. Собрание музея как источниковедческая база представляет научный интерес в изучении традиционной культуры. Таков материал народного декоративно-прикладного творчества, представляемый экспонатами художественных ремесел.

В музейной деятельности краеведа Н.Н.Пальмова особое место отведено изучению калмыцкого художественного ремесла. И в частности, в рукописном наследии историка, хранимом в ЦГА РК (Р–145, оп. 1, ед. хр. 375; Р–145, оп. 1, ед. хр. 218). Позднее материал был обобщен автором в последующих изданиях (Пальмов, 1928). Материальная основа бытия кочевников достаточно подробно рассмотрена

* Статья написана при поддержке гранта РФФИ № 19-512-44002 / 19 «Народное декоративноприкладное искусство ойратов Монголии и калмыков России: общее и особенное в сравнительно-сопоставительном анализе».

калмыцкими историками и этнологами (Дарбакова, 1968; Митиров, 1981; Пюрвеев, 1971; Эрдниев, 1970).

Қолдағы бар мәлімет бойынша, Қазақстаннан басқа өлкесіндегі, әсіресе Бесшатыр, Аралтөбе обалары айналасында дөңгелене келетін орларда ешқандай қосымша адамды жерлеу немесе ат сүйегін, әбзелін жерлеу жоқтың қасы. Ал Солтүстік Қаратеңіз жағалауында ерте қола дәуірінен бастап кезігетін және үйінді айналасындағы орларда жерлеу, құрбандық шалу іздері байқалуымен ерекшеленеді (Ольховский, 1996, с. 123). Соған қарағанда, Қазақстандағы «патшалық» обалар айналасындағы орлар қарапайым түрде болуы мүмкін.

Соңында айтарым, ерте көшпелілердің обалары маңының, қабір үсті, жалпы обалар жер беті құрылысы алдыңғы дәуірдегі обалық дәстүрдің басқа мәндегі жалғасы еді. Бұл дәстүр кейінгі түркі дәуірінде өзінің классикалық түріне енді.

Бүгінгі таңда археология ғылымында обалы зерттеп, алынған материалдарды өңдеуде басты бағдар етіп қабір іші құрылысын: қима-тағанды, қабір шұңқырын, адамды жерлеуді (оның жатысы, бағытталуы және жанындағы заттар) алған еді. Тек оба құрылысының бір бөлігін зерттеуге басты назар аударуы сыңаржақты пікірлерге әкелді. Дей тұрғанмен қабір іші құрылымындағы басты элементтерді ерте көшпелілер жерлеу ғұрпын жүйелеу мақсатында талдауға көшсек.

Осы сала бойынша жақсы зерттелген, бірақ әртүрлі жерлеу ғұрпы тән ескерткіштер Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақ. Қабірдің төртбұрышында ағаш тіреуіші бар жабындылы дөңгелек, не төртбұрышты формадағы Оңтүстік Түгіскен қабір шұңқырының ішінде өлікті жерлесе, ал көне горизонтта өлікті өртеу ғұрпы кездеседі. №8 обада кремация ағаш жабындылы қабір шұңқырында орындалыпты. Бұл шұңқырда өртеу Ұйғарақта жоқ.

Бұл екі түрлі жерлеу Оңтүстік Арал бойындағы Сакарчаға қорымына тән (Яблонский, 1997). Әлбетте Ұйғарақ пен Түгіскен қорымдары солтүстіктегі көшпелілермен жеке оңтүстіктегі отырықшы мәдениеттің түйісер жерінде орналасқан. Өлікті қабірде өртеу қола дәуірінен келе жатқандығы оны әкелген солтүстіктегі көшпелі тайпалар дегенге келеді (Маргулан, 1979, с. 64).

Оңтүстік Түгіскеннен жер бетіндегі ағаш конструкцияда өлікті өртеу ғұрпы белгілі. Ал Ұйғарақ обаларында жер бетінде орналасқан жерлеу орны көп болса да (отызға жуық) оның жетеуінде өлікті өртеген. Өртеу ағаш құрылыс ішіндегі қамыс төсенішті қабырғасын тоқыған қамыс немесе ағашпен жапқан қабір шұңқырында орындалды. Мүрдені жер бетінде жерлеу соңғы қола дәуірінен бастап шығыста Қарасук мәдениеті кешенінен (үшеу) батыста «қималықтарға» дейін тараған.

Л.Р. Кызласовтың пікірінше, өтпелі кезең (б.э.д VIII-VII ғғ.) мен ерте скифтер кезеңі (б.з.д VII-VI ғғ.) уақытына сай келеді (Кызласов, 1979, с. 27). Тіпті мұндай жерлеулер қыста салынған деген пікір де баршылық. Кремация ғұрпының пайда болуы мен таралуын Самар, Саратов және Еділ бойын зерттеген К.Ф. Смирнов (Смирнов, 1957) пен Төменгі Днепрді зерттеуші В.В. Отрошенко андронов мәдениетінің феодоров кезеңімен байланыстырады (Отрошенко, 1976).

Сақ дәуірінен кейін де кремация өз жалғасын Шірік-Рабатта (б.з.д. IV-III ғғ.) табады. Оңтүстік Түгіскенде қазылған отыз жеті обаның жиырма тоғызы қабір шұңқырында жерленген. Оның жиырма бірінде ағаш жабынды болған. Ағаш жабындысы өртенбеген обалар жерлеу камерасы бұрыштарында шұңқыр және қабырға бойы тереңдетіп қазылған орлары бар болып келеді. Арал бойынан басқа мұндай аналогиялы ғұрып Зарафшаннан төмендегі Қалқансай қорымында кездеседі. Мұны археолог О.В. Обельченко б.з.д. VII ғасырға жатқыза отырып, бұл жерлеу ғұрпы Арал бойы сақтарының миграциясы

әсерінен пайда болған дейді (Обельченко, 1982, с. 250-258). Чернолес уақытында қабір ішіндегі шүңқырлар шынымен де дiңгек орнату үшін қазылса, ал Белозер кезеңінде мәнінен айырылып тек ағаш қаңқалы құрылыс – жер төленің имитациясы болды.

Ұйғарақ пен Түгіскен обалары қабір шетінде-жер төленің имитациясы болды, Ұйғарақ пен Түгіскен обалары қабір шетінде «бұрыштық» дiңгек тек практикалық мәнде қолданылған. Оған дәлел Синташтадағы обала жерлеу камерасы қабырғасын тақтаймен жабуда пайдаланылған. Бұл қабір шүңқыры элементінің Солтүстік Түгіскеннің №7 мавзолейінде де кездесу тегін андронов мәдениетімен байланыстырады. Ұйғарақта жер қабірлерінің Түгіскенде жоқ түрі бар. Бұл негізінен бұрыштары дөңгеленіп келетін тікбұрышты тар молалар.

Құрылымы жағынан Ұйғарақ пен Оңтүстік Түгіскенді жақындастыратын белгілерге жерлеу камерасы түбіндегі қамыс төсеніш, ағаш сырғауыл және қамыс немесе бұтадан тұратын жабынды жатады. Жерлеу камерасының бетін тіреуіш төрт дiңгегі бар қабатпен жабу қима мәдениеті обаларынан кездеседі және үйіндіні тұрғызбастан бұрын от жаққан. Кейінгі қима мәдениетінің тұрғындарының Солтүстік Кавказға қоныс аударуы бұл ғұрыптың таралуына ықпал жасады.

Сонымен осы ғұрыпты Шығыс Еуропаның кейінгі қима және ерте скифтер кезеңіне тән деп пайымдау әлі ерте. Қабірдегі ағаш конструкцияны өртеу Жоғарғы Обьтағы болынеречен мәдениетінде, ал қоладан ертетемір дәуіріне өтер тұста Есіл бойында таралды. Л.В. Зданович айтқандай, неғұрлым шығысқа қарай жүрген сайын өлікті өртеу ғұрпы азаяды.

Шығыс Қазақстан мен Жетісу «патшалық» обаларының қабір құрылымындағы ортақ қасиет-қабірлерді салуда бөренелердің қолдануы. Қима-таған көлемінен үлкенірек етіп шүңқыр қазады және оған қима-тағанды (Берел) немесе қиылыспайтын бөренелерден тұратын (Шілікті) дүниенің төртбұрышына бағытталған камера орнатқан. Пазырық мәдениетіне тән белгілердің бірі ретіндегі қима-таған ертетемір дәуірінің ерте кезеңінен бастап кең таралған құрылымға жатады. Тағанның оңтүстік және солтүстік қабырғалары ұзын. Қима-таған – тұрғын үйдің имитациясы. Оған дәлел аналогиялы Пазырық обаларында терезе ойығының болуы, жерлеу камерасының шаруашылық және тұрмыстық, болып бөлінуі, қабырғаларында кілемнің ілініп қойылуы (Граков, Мелюкова, 1954, с. 110-117).

Қима-таған ішінде барлық Пазырық обаларына тән екі құлақты және Башадар обасына тән төрт құлақты балқарағай немесе самырсыннан жасалған саркофаг болды, онда еркек пен әйел жерленді. Башадар I обасы материалдары жерлеу камерасы қабір шүңқырындай емес, басқа жерде алдымен салынғандығын көрсетеді. Пазырық мәдениеті ескерткіштеріне тағы бір ортақ қасиеті – жерлеу камерасы үстін киізбен, оны-қырық қабат қайын қабығы және бір метрдей қалыңдықтағы куриль шайымен жабуы.

Ал енді жерлеу камерасының бір тобы ұзын кірер жер – дромосты қарастырайық. Ерте көшпелілер обаларының жер асты және жер үсті де құрылысына тән.

Кірер шүңқыр ретіндегі Оңтүстік Арал бойындағы Сарықамыс пен Шығыс Арал бойындағы Ұйғарақ материалдарынан белгілі. Шілікті және Бесшатыр обаларында дромос жерлеу камерасы астынан мөлшермен 2 метр тереңдікте жартылай топырақ немесе таспен толтырылған ені 0,75-1,10 метр дромос табылды. Шіліктідегі дромос шығысқа қарай 8,40 метрге дейін ені 1-1,90 метр болып 1,2 метр тереңдікте жатыр. Бесшатырда қосымша жеті жолы бары камераның солтүстік-батысынан оңтүстік-шығысқа дейін созылған дромос бар. Бірақ та бұрыштарында шүңқырлар кездесетін төртбұрыш формадағы, ағаш жабындылы Оңтүстік Түгіскен дәліз тәрізді дромостың аналогиясы жоқтың қасы. Сонымен бірге Таулы Алтайдағы Құтырғантас обасының шығыс жағынан дромос ашылды. Жалпылай айтқанда, ерте көшпелілердің дромосты жерлеу тәсілі Еуразия даласының батысынан көрі шығыс аймағына тән ерекшелік.

Әдебиеттер

- Акишев А.К. Курган Иссык. М., 1978. 132 с.
Граков Б.Н., Мелюкова А.И. Об этнических и культурных различиях в лесных и лесостепных областях Европейской части СССР в скифское время // Вопросы скифо-сарматской археологии. М., 1954. С. 110–117.
Кызласов Л.Р. Древняя Тува (от палеолита до IX в). М., 1979. 208 с.
Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979. 360 с.
Обельченко О.В. Курганы ранних кочевников в низовьях Зерафшана // Скифо-сибирское культурно-историческое единство. Кемерово, 1980. С. 250–258.
Ольховский В.Г. Погребально-поминальная обрядность населения степной Скифии (VII-III вв. до. н.э.). М, 1991. 256 с.

Ольховский В.С., Галкин Л.Л. Культурный комплекс на Устюрте (предварительное сообщение) // СА. 1990. №4. С. 199–200.

Отрощенко В.В. Погребения с трупосожжением у племен срубной культуры Нижнего Поволжья // Энеолит и бронзовый век Украины. Киев, 1976. С. 172–190.

Руденко С.И. Культура населения Алтая в скифское время. М.;Л.: АН СССР, 1953. 402 с. +120 табл.

Смирнов К.Ф. Проблема происхождения древних сарматов // СА. 1957. №3. С. 3–19.

Сорокин С.С. К вопросу о толковании внекурганных памятников // АСГЭ. 1981. №22. С. 23–39.

Яблонский А.Т. Саки Южного Приаралья: (археология и антропология могильников). М.: ТИМП, 1996. 185 с.

Яблонский А.Т. Население Южного Приаралья в раннем железном веке (археология и антропология памятников): автореф. дис. доктор. ист. наук. М., 1997. 40 с.

M.K. Kyzyrkhanov

FEATURES OF MOUND CONSTRUCTIONS IN ANCIENT SAKA DURATION

This article is about features of mound constructions in ancient saks. So, mound construction had feature by their burial customs and aims. Early Iron Age's mound constructions are pit, insepion, sometimes vertical objects-menhirs, stone sculpture. By these criteria compared regarded standart monuments, like Uigarak, Tagisken, Shilikty, Bashadar etc.

А. Оразай

*Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан
E-mail: orazay.a@inbox.ru*

А.Н. БЕРНШТАМНЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Жетісу өңірі көне заманнан бастап халықтардың халықаралық сауда жолдарының күре тамырларының бірі екендігі белгілі. Жібек жолының бірнеше тармақтары осы аймақта түйісіп, Қазақстанның түкпір-түкпіріне жайылған. Халықаралық сауда-экономикалық құрылымының даму ерекшеліктері ұзақ сонар керуен жолдарының бойында елді мекендер мен керуен сарайлар, үлкен қалалар шоғырланатыны анық. Жетісуда осы сауда жолдарының бойында орналасқан ескерткіштер саны бүгінде бірнеше жүздеп саналады десек қателеспейміз. Шу-Талас өңірінен бастап Жоңғар қақпасына дейінгі таулы-далалы аймақта ортағасырлық ескерткіштер тізбектеліп орналасқан. Міне осы ескерткіштердің зерттелу мәселесі археология ғылымында маңызды болып табылады. Жетісу өңіріндегі археологиялық ескерткіштерді зерттеген ғалымдардың қатарынан К.А. Акишев., А.Н. Бернштам., Г.И. Пацевич., Е.И. Агеева., Т.Н. Сенигова., К.М. Байпаков., Т.В. Савельева және т.б. ғалымдарды айта аламыз. Мақаланың негізгі мақсаты А.Н. Бернштамның Жетісу өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштерді зерттеуге қосқан үлесін талдау.

Александр Натанович Бернштам шығыстанушы, Орталық Азияны мекендеген түркі тілдес халықтардың тарихын зерттеушілердің бірі. А.Н. Бернштамның Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлеріндегі зерттеулері 1933 жылдан басталады. Ғалым сол кезеңде Жетісу археологиялық экспедициясын құрып, өзі Шу және Талас аңғарларына алғаш барлау жұмыстарын жүргізген. 1936-1940 жылдар аралығында А.Н. Бернштам Жетісу археологиялық экспедициясы Жетісу өңірінен 100-ден астам археологиялық ескерткіштерді ашып, нәтижелерін ғылыми айналымға енгізді. Стационарлы қазба жұмыстары жүргізілген ескерткіштер қатарында Тараз, Текабкет, Сусы, Куль, Сарыг секілді және т.б. ескерткіштерді айтуға болады.

1936 жылдан бастап жыл сайын ұйымдастырылып, А.Н. Бернштам басқарған археологиялық экспедициялар солтүстікте Қаратау жоталарынан, оңтүстікте Памир тауларына дейінгі, шығыста Іледен, батыста Зеравшан үстіртіне дейінгі жерлерді зерттеп, Қазақстан мен Орта Азия халықтарының көне тарихына қатысты маңызды мәліметтер жинады. Ол 1930–40 жылдары қазақ-қырғыз тарихына қатысты тың мәселелер көтеріп, сақ-үйсін және түркі дәуірін зерттеуге елеулі үлес қосты. 1942 жылы «Қырғызстан мен қырғыздардың көне дәуірден моңғол-татар шапқыншылығына дейінгі тарихы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды (Байғунаков, 2015, 122-132 бб.).

А.Н. Бернштам Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі ортағасырлық тарихын зерттеуде, қазіргі Қырғыз территориясында археологиялық ескерткіштерге де көп назар аударған. Ғалымның бұл

зерттеулерін 1997-1998 жылдары Қырғызстанда арнайы екі томдық еңбек болып жарияланды (Бернштам, 1941).

А.Н. Бернштам Талас аймағындағы ескерткіштерді тоғыз топқа топтаған: қалалар, ауылдық қоныстар, қамалдар, бекіністер, керуен сарайлар, қорғаныс құрылыстары, жеке соғылған мазарлар, обалар, тұрақтар. Тараз қаласын сәйкестендіру мәселесінде, бірнеше ортағасырлық ескерткіштерге ғылыми сипаттама беріп, ол ескерткіштерді жергілікті халық «турткуль» деп атайтынына тоқталған (Бернштам, 1941, с. 38).

Ғалым Талас алқабының батысында, Молотов колхозының аймағында бір-біріне жақын тұрған екі қоныс орнын анықтап, оларды жергілікті халықтың төрткүл атайтынын, әрі картада бұл нысандар Көктөбе (Кок тубе) деп аталатынын және ескерткіштердің пішіні төртбұрышты немесе төртбұрышқа жақын екендігін айтады (Бернштам, 1941, с. 37–38).

А.Н. Бернштам Талас аймағында ортағасырлық ескерткіштердің бірнеше типі кездесетінін айтып, негізгі белгілеріне тоқталған: «Защитой города и скорей всего оазиса являются крепости с гарнизонами, поставляемыми населенными местностями. ... Это четырехугольное в плане строение, ориентированное по странам света с длиной сторон до 300–350 м. Стены укреплены башнями, въезд в ворота также сильно укреплен башнями, фланкирующими подходы к ним. Резко бросаются в глаза фортификационная продуманность плана, топография развалин и укрепления стен. Культурный слой в таких развалин невелик, однообразен ...» (Бернштам, 1941, с. 39).

А.Н. Бернштамның 1950 ж. шыққан «Чуйская долина (Труды Семиреченской археологической экспедиции)» атты еңбегінде Жетісу өңіріндегі Ақбешім, Кіші Ақбешім, Қызылөзен және Бурана қалалары туралы мәліметтер береді. Зерттеуші Х.Ғ. аяғында Қарахандықтар династиясының құрылуымен Шу өңіріндегі қала құрылымында өзгерістер орын алғанын айтады. Оның ішінде Шу өңірімен қатар, Іле және Тянь-Шаньда қарахандық типтегі қалалармен қатар төртбұрышты пішіндегі қалалардың дамығандығын, әрі мұндай типтегі қалалардың қабырғалары емес, бұрыштары дүниенің төрт бұрышына қарайтыны және цитадельсіз болып келетініне назар аударады (Бернштам, 1950, с. 10–14, 147).

Шу өңіріндегі төрткүлдерді зерттеп жүрген белгілі археолог Е.Ш. Ақымбек өз зерттеулерінде А.Н. Бернштамның еңбектеріне талдау жасап, ғалымның Талас аймағындағы төрткүлдердің үш типі бар деп айтқанына назар аударған (Ақымбек, Шағирбаев, 2019, 43-61 бб.).

Бірінші типтегі кіші төрткүлдер, пішіні төртбұрышты, қабырғаларының ұзындықтары 100 м дейін, бұрыштары дүниенің төрт бұрышымен бағыттас. Мұндай төрткүлдер көбіне ескі керуен жолдарының бойында орналасқан, бұлар бекіністі керуен сарайларға жатады. Мысал ретінде, Тараздан батыста Бірінші Май колхозының жерінде осы типтегі төрткүлді айтуға болады. Аналогиялық қызмет атқарған мұндай төрткүлдердің параллеліне Малдыбай, Мөңке ауылдарының маңындағы төрткүлдерді жатқызуға болады.

Екінші типтегі өзінің пішіні бойынша ерекшеленетін биік төбелер. Бұл ескерткіштер биік төбенің үстіне салынады, мәдени қабаты өте бай келеді. Бұл типтегі зерттелген ескерткіштер қатарына Шөлтөбе (Чуль Тепе), Тастөбе (Тас Тепе), Әулиебастау және басқаларды жатқызады.

Үшінші типтегі цитадельсіз, қабырғалары аса биік емес, пішіндері төртбұрышты немесе дөңгелек келген ескерткіштер. Талас алқабында бұл типтегі ескерткіштер өте көп кездеседі. Бұларды көне ауылдық қоныстар деп атауға болады. Мәдени қабатынан табылған материалдар біркелкі келген, сырлы ыдыстар аз кездеседі (Бернштам, 1941, с. 39–40).

Жетісу өңіріне қатысты зерттеулерінде А.Н. Бернштам бірнеше елдің территориясын қамтитын үлкен тарихи аймақтағы тарихи үдерісті анықтауға тырысты. А.Н. Бернштам ашқан Жетісу өңіріндегі ең ежелгі ескерткіштердің қатарында қола дәуіріне тән Ұзынағаш, Алексеевское және т.б. ескерткіштерді атауға болады. Ғалым өзінің «Прошлое района Алма-Ата. Историко-археологический очерк» атты еңбегінде Жетісудағы ежелгі жерлеу орындарының құрылыстарына ерекше мән береді (Бернштам, 1948). Ондағы жерлеу шұңқырының құрылысы, құрылымы, тонаушылардан сақтау тәсілдеріне тоқталған.

А.Н. Бернштам отандық тарихнаманың дамуына да үлкен үлес қосқан деп айтуға негіз бар. Дегенмен ғалымның бірқатар ойлары әлі күнге дейін пікірталас шеңберінде қалып келеді. Мәселен, «Археологический очерк северной Киргизии» атты еңбегінде Жетісу өңіріндегі ежелгі этностарға қатысты мәселе қозғап, онда усунь-исседон атауын қолданады. Б.А.Бернштамның пікірінше исседон бұл усунь атауының әртүрлі деректерде түрліше аталған нұсқасы болуы мүмкін деген ой айтады (Бернштам, 1947).

А.Н. Бернштам Орта Азия археологиясының қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі (1917-1920 ж. басы) дамуын қорытындылай келіп былай деп жазды: «Это был в общем послереволюционный»

«бартольдковский период». Лишь в конце 20-х в начале 30-х годов начинаются с более совершенной методикой и не только в Мавераннахрие, но и за его пределами». Сонымен, Орта Азия мен Қазақстан, Талас, Шу өңірлеріндегі ортағасырлық қалалар мен елдімекендердің зерттелу тарихындағы айтылып жүрген «кеңестік кезеңнің бірінші сатысы» (1917-1935 жж.) шын мәнінде 1893-жылы басталған Орта Азия мен Қазақстан археологиясының «бартольддық кезеңінің » жалғасы болды (Бернштам, 1941; Толстов, 1957).

Ақбешім, Қысымшы, Қызыл қала қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары мен Үлкен Шу каналын қазу кезінде бұзылған ескерткіштерді зерттеудің барысында Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалардың шаруашылығын, құрылыс техникасын, сәулет өнерін, қолөнерін сәулелендіретін аздаған деректер алынды. А.Н. Бернштам осы деректердің негізінде Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалардың пайда болуы, дамуы туралы "Соғдылық" үлгіні ұсынды. Дегенмен, 1938-1941 жж. жұмыстар кезінде Шу өңіріндегі ортағасырлық қалалардың толық қамтылмағанын, зерттеулердің тек кейбір қалаларда ғана жүргізілгенін, оларда жүргізілген қазбалардың көлемі шағын, ал қазбадан табылған археологиялық заттардың аз екендігін ескеретін болсақ А.Н. Бернштам ұсынған "соғдылық" үлгінің негізсіз, біржақты екендігін көреміз. Экспедицияның 1938-1941 жж. Шу өңірінде жүргізген зерттеулерінің нәтижелері А.Н.Бернштамның еңбектері мен мақалаларында жазылды (Маханбаева, 2006; Бернштам, 1998).

А.Н. Бернштам өзінің бүкіл шығармашылық өмірін ежелгі дала тұрғындарының әлеуметтік құрылымы, басқа халықтармен өзара байланысы, қоныс аудару жүйесі мен саяси тарихына арнаған деп айтуға болады. Соның ішінде Жетісу өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштердің зерттелуіне де үлкен қосқан ғалымдардың бірі.

Әдебиеттер

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. Шу-Талас өңірлеріндегі ортағасырлық төрткүлдердің зерттелу тарихы // Қазақстан Археологиясы. 2019. №1 (3). 43–61 бб.

Байгунаков Д. Көне Қазақстанды зерттеген ғалымдар. Бірінші кітап. Алматы: «Credos LTD С» баспасы, 2015. 176 б.

Бернштам А.Н. Археологический очерк Северной Киргизии. Фрунзе: Издание Комитета Наук при СНК Киргизской ССР, 1941. 112 с.

Бернштам А.Н. Избранные труды по археологии и истории кыргызов и Кыргызстана. Т. II. / Сост.: К. Ташбаева, Л. Ведутова. Бишкек: «Айбек», 1998. 704 с.

Бернштам А.Н. К вопросу об усунь (кушан и тохарах) // Советское этнография. 1947. №3. С. 41–47.

Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. Историко-археологический очерк. Алма-Ата: КазОГИЗ, 1941. 87 с.

Бернштам А.Н. Прошлое района Алма-Ата. Историко-археологический очерк. Алматы, АН КазССР. 1948. 46 с.

Бернштам А.Н. Труды Семиреченской археологической экспедиции «Чуйская долина» // МИА. М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. №14. 249 с.

Маханбаева Н.Н. А.Н. Бернштам как исследователь археологических памятников Жетысу // Известия НАН РК. 2006. №1. С. 208–217.

Толстов С.П. А.Н. Бернштам // Советская этнография. 1957. №1. С. 178–180.

A. Orazai

CONTRIBUTION of A.N. BERNSTAM to the STUDY of MEDIEVAL MONUMENTS of SOUTH-EASTERN KAZAKHSTAN

The article analyzes the contribution of A.N. Bernshtam's study of medieval monuments from South-Eastern Kazakhstan. It is known that one of the ways of international trade of arteries from ancient times of the peoples of the Zhetysu region.. In the mountain-steppe zone from the Shu-Talas region to the Dzungarian gate, medieval monuments are consistently located. Here is the question of studying these monuments is important in archaeological science. Among the scientists who have studied the archaeological sites of the Zhetysu region, K.A. Akishev, S.N. Bernshtam, G.I. Patsevich, E.I. Ageeva, T.N. Senigova, K.M. Baypakov, T.V. Saveleva, etc. Main goal of this article is to analyze the contribution of A.N. Bernshtam in the study of medieval monuments of Zhetysu.

МУЗЕЙ – КИЕЛІ МЕКЕН

Қазақ халқының шежірелі тарихының сүбелі бөлігін құрайтын оңтүстік өлкесі табиғаты мен тарихы, ежелден желісі үзілмей жеткен салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, мәдениеті мен өнерін паш ететін киелі мекен. Тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық мәдениетімізді дамытуда мемлекет тарапынан қаншама маңызды қадамдар жасалуда. Бүгінгі күні ғылыми және мәдени ортада зор серпіліс туғызып, қоғамымызды рухани жаңғыртуда маңызды рөл атқарып келе жатқан Елбасының бастамасымен қабылданған «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында» бағдарламаларын айтуға болады. Осындай мемлекеттік маңызы зор игі шаралардың жалғасы ретінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын атап өтуге болады. Елбасымыз бұл мақаласында дәуіріндегі қазақстандық мәдениеттің бүгінгі мен болашағына үлкен мән береді: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек», - деген болатын (Akorda.kz). Халықтың рухани дамуының бірден-бір мүмкіндігі өмір болмысын халық тағдырын бейнелейтін мәдени ошақтардың басты саласының бірі – музей саласы екені белгілі. Халықтың рухани қоры негізінен музейлерде шоғырланған. Сол себепті рухани жаңғыру ісінің ең негізгі арсеналы – музейлер деп айтуға болады. Сондықтан рухани жаңғыру ісінде музейлердің алатын орны ерекше. Қазіргі таңда жәдігерлерді жинақтап, сақтап, бұқара халыққа таныстырып, кеңінен таратып, болашақ ұрпаққа насихаттап келе жатқан Түркістан облыстық тарихи-мәдени – этнографиялық орталық музейінің негізі 2011 жылы тұңғыш президентіміз, Елбасының «мәдени мұра» бағдарламасы аясында құрылған. 2011 жылы ашылған бұл орталық ғимараты заман талабына сай салынып, оны Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев салтанатты түрде ашқан болатын. Егемен еліміздің жетістіктерін, ұлттық мәдениетіміз бен құндылықтарымызды насихаттауда ұрпақ тәрбиесінде маңызды орынға ие облыстық музей бүгінде өлкемізге алыс-жақыннан келіп-кетіп жататын қонақтар мен жергілікті қауымның игілігіне айналып отыр. Республикамыздағы жаңадан құрылған музейлердің бірі саналатын Түркістан облыстық тарихи – мәдени – этнографиялық орталықтың музейінің бүгінгі таңда 6826 мыңнан астам жәдігерден тұратын қоры бар. Әрбір жәдігер өткен тарихымыздан сыр шертеді. Жәдігерлердің әрқайсын музей қызметкерлері бір даналап жинақтап, келешек ұрпаққа аманат етіп қалдыруды мақсат етіп келеді. Оңтүстік өңірде киелі жерлер көп. Қасиетті Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Ибраһим ата, Қарашаш ана кесенесі осы аймақта орналасқан. Мәселен, Арыстан баб кесенесі жанында емдік қасиеттері бар өте тұзды сулы құдық бар десе, түркі халықтары Түркістан қаласын екінші Мекке ретінде санайды. Ал, Сайрам ауылындағы ХІХ ғасыр сәулетінің тарихи ескерткіші Қарашаш ана кесенесі Қожа Ахмет Ясауидің анасына арнап салынған. Сондай-ақ, осы ауданда Ибраһим ата кесенесі бар. ХІ ғасырда Сайрам ислам дінін тарату ошағы болды. Мұнда көптеген діни ұстаздар мен ғалымдар тұрды (Сыздықов, 1992, 85-92). Ал Түркістан қаласындағы 1396-1399 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен салынған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ХІХ ғасырдың соңына қарай тарихи-мәдени мұра ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастағаны мәлім. Өңірдің әр ауданында аңыз болып тараған әулие-әмбиелер жатқан жерлер мен ескерткіш, кесенелер де жетерлік. Өңірде сонымен қатар табиғаты тамаша көрікті жерлер мен аңыз ретінде танылған киелі орындар да бар (Өметұлы, 2000, 7-16). Бүгінде «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасына күнгейден 100 орынның тізімі ұсынылып отыр. Солардың арасында көпшілік біле бермейтін жерлерді музей кеңістігінде арнайы тақырыпты экскурсиялар негізінде таныстыру жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі заманға сай музейлер әр түрлі көздер негізінде дамитын, аймақтың тарихы, мәдени мұрасы және қоршаған ортасы туралы мәліметтер базасын құратын, сол арқылы қоғам өміріне әсерін көрсететін ақпараттық және әлеуметтік-мәдени орталыққа айналуы керек. Осылайша, музейдің эволюциясы дереккөздерді музеефикациялау әдісіне де, музей байланысының сипатына да өзгеріс енгізеді (Әбжанов, 2018). Экспонат сақтау қызметінен басқа тарихи және мәдени ескерткіштермен тікелей байланыста болатын музей, тікелей коммуникация, ақпарат көрсету байланысына ауыстырылды (Бедельбаева, 2018, 243-244). Археологиялық тақырыптың ақпараттық әлеуеті ауызшағана емес, ол аналогия негізінде зерттеуші анықтаған және тақырыпты түсіндіруге көптеген ақпарат тартады. Музей іс-әрекетінің түпкілікті өнімі

музейдің ресурстық базасы, қызықты тұтынушылық шындықтың ақпараттық бейнесі болады, материалдық-кеңістіктік ортаның тарихи-мәдени мәні. Мәліметтерді кең аудиторияға жеткізуге мүмкіндік беретін туристік компания музейдің ұзақ мерзімді серіктесі болуы, туристік компаниялар адамдарды өздеріне ыңғайлы белгіленген бағыттар бойынша музей қызметін әрі қарай жалғастыруымен сипатталады. Бірақ қол жетімді турлар экскурсия әдістемесіне сәйкес келмейді және көруге қызықты объектілердің кішкене бөлігін ғана қамтиды. Осы бағыттағы басқару музей қауымдастығына тиесілі болуы және музей мен туристік кешендер құру бастамасын қолға алу керек. Музей коллекциялары мен мәдени мұра объектілерін үйлестіру, тексеруге қол жетімділік, экскурсия нысандары орналасқан аудандардың инфрақұрылымын жақсарту қажеттілігі аймақтағы рекреациялық мүмкіндіктерді дамытуға ғана емес, сонымен қатар қасиетті жер ескерткіштерін сақтау мәселесін шешуге де көмектеседі. Музей объектісінің аймақтың экскурсиялық әлеуетімен үйлесуі мәселелерін кеңейтуге және қасиетті мәдени мұрасы бар аймақтар арасындағы байланыстарды күшейтуге, музей аудиториясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Кез келген елді мекен мәдени-ағартушылық туризм үшін ресурстардың минималды жиынтығын ұсына алады, бірақ оның жаппай дамуы қасиетті мұра нысандарының белгілі бір шоғырлануын талап етеді (Бедельбаева, 2018, 244-247). Қасиетті жерлер ескерткіштері мен мәдени-ағартушылық туризм саласы - бұл мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарлама мен ұлттық стратегиялық жобасы барысында ғылыми зерттеулердің арқасында қол жеткізілген ғылыми зерттеулердің жоғары деңгейі. Түркістан облысының аумағы тартымды табиғи және рекреациялық ресурстармен шоғырланған ерекше қасиетті ескерткіштердің үлкен жиынтығы болып табылады, олар көшпенділердің жерлеу орындары, тас және жер қорғандары, петроглифтердің орналасқан орны, ескі қоныстардың қирандылары, ғибадат орындары және көптеген архитектуралық ескерткіштер (Қабылбекова, 2013, 13-18). Олардың ақпараттық және интеллектуалдық әлеуеті экскурсиялық бағыттарды дамытудың маңызды көзі болып табылады және аймақтағы тарихи-мәдени туризмнің дамуының берік негізін құрайды. Экскурсия жасау кезінде танымдық құндылығы, эксклюзивтілігі мен қауіпсіздігі тұрғысынан көптеген ескерткіштер ішінен ең қызықтысын таңдау қажет. Экскурсияның ерекше объектілері экскурсия материалын қабылдауға толық визуалды негіз беру үшін және тақырыптың толық қамтылуы, экскурсиялық дисплей тұрғысынан ең оңтайлы көлік - панорамалық маршрут болып табылады. Технологиялық картаға бірнеше кезеңдерді қосуға болады. Экскурсияның бастапқы кезеңі қатысушыларды мұражай экспозициясымен танысу, мұнда қазақ халқының материалдық мәдениеті нысандарының ежелгі артефактілерінің сәтті үйлесімі ұсынылады. Түркі тас мүсіндері, киіз үйді безендіру, содан кейін қасиетті жерлерді аралау келушілерге ұсыныла алады. Қазақстанның барлық аймақтарында «Киелі жерлер географиясы» жобасының іске асуынан бастап, республиканың қасиетті жерлерінің картасына еңгізілуі тиіс бірегей ескерткіштерді іздестіру күшейе түскен. Өз тарихымызды біле отырып, біз болашаққа сеніммен қараймыз. Осыған байланысты археология саласы айтарлықтай үлес қосады. Көшпенділердің мәдениетінде жазбаша тіл болмағандығын, толассыз жоңғар соғыстары және қазақтар үнемі көшіп-қоныстанғанын ескерсек, бұл олқылықты не толтыра алады? Тек археология мен эксперттер еңбегі негізінде ғасырлар қойнауынан табылған артефактілер яғни, құралдарды, ыдыстарды, қару-жарақтарды, зергерлік бұйымдарды музейлер кеңістігінде көре отырып біз ата-бабаларымыздың қалай өмір сүргенін, қалай жұмыс істегенін, шеберлердің қандай болғанын түсінеміз. Қазіргі заманғы қалпына келтірушілер (реставраторлар) алыс ғасырларда жасалған көптеген өнімдердің бүгінде жасалыну әдістерінің қайталануы мүмкін еместігін мойындайды. Мәселен, ежелгі шеберлер алтыннан, қымбат металдан жасалған фольганы күн сәулесі көрінетіндей етіп өңдей алған. Оны өңдеудің қазіргі кезде салыстырмалы әдісін табу мүмкін емес. Бұл біздің ата-бабаларымыз елестете алмайтын заманауи технологиялар мен тәсілдердің қолданғандарының айқын дәлелі. Басты сұрақ, көшпелі халық бола отырып, өткен жылдардың шеберлері қалай осындай нәтижеге қол жеткізді? Сондықтан ұлы дала халқының ата-бабалары не істей алатынын білу өте маңызды. Тарихты зерделеу, музейлер мен қасиетті нысандарды аралау арқылы біз ғасырлар бойы жасырынған күшке ие бола аламыз (Байпаков, 1971, 29-34). Негізгі мақсат - сананы жаңғырту, таныс заттарға деген көзқарасты өзгерту. Бізге қазіргі кезде мүлдем жаңа шындықты өмір сүріп жатқанымызды түсіну қажет. Кеше кетті, бірақ бүгін ше? Ең бастысы - ертең не болады? Қоғамдық сана мұндай өзгеріске дайын ба? Кез-келген жолмен, жалғыз дұрыс жол - идеология қалыптастыру. Жаңасын ойлап табудың қажеті жоқ. Дұрыс және іргелі идеология тек өткенге, ата-бабаларымыздың даналығына ғана негізделуі мүмкін. Осыған орай, археология, өткен ғасырлардан сыр шертер архитектура ескерткіштері, музей экспозициясы өте керемет мәнге ие болады, оны асыра бағаламау мүмкін емес. Рухани орындалудан бас тартпай, зайырлы өмір салтының ережелерін қабылдау қажет. Бұған дейін кесенелерде тәу етуге тыйым салынған, өйткені діни көзқарас абсурдтық деңгейге жеткізілген. Біздің міндетіміз - қасиетті және

рухани маңызы бар жерлерді қажылық емес, туристік нысандарға айналдыру. Қазақстанның киелі жерлерін елмен байланыстыру керек - мысалы, Риммен Колизей, Парижмен Нотр-Дам соборы, Ежелгі Египетпен бірге Египет пирамидалары, біздің кесенелер, қасиетті нысандар мен музейлер Қазақстанмен байланыстырылып, біздің елге келуге себеп болуы керек. Қасиетті жерлер Қазақстанның туристік брендіне айналуы керек, бұл іс – әрекетті жүзеге асыруда музей кеңістігінің алар орны ерекше екенін ұмытпау қажет. Қасиетті жерлер географиясы – жалпы адамзаттық құндылықтармен біте қайнасқан әрі оны әрлендірген ұлттық құбылыс. Демек, Елбасымыздың мақаласындағы: «тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді» деген қағиданы басшылыққа алумен коммунистік елестен бір жолата қол үзгеніміз жөн. Тәуелсіздігімізді әлем мойындаған шақта рухани жаңғырудағы, қоғамдық санадағы, ономастикадағы ұлттық, мемлекеттік мүддемізді басымдықпен алға шығарып, қасиетті жерлерімізді әліппеде ұлықтаудан заң күшімен қорғауға дейін қисынды жүйелей алсақ, ешкім қазақты ұлтшылдықпен айыптай алмайды. Қасиетті нысандарды қоршаған елді мекендер атауы, жер-су ономастикасы – бәрі ұлттық-тарихи реңкпен ерекшеленгені абзал. Қасиетті жерлер географиясы атауларын қоғамдық санада төл тарихымызбен ажырағысыз байланыста орнықтыру арқылы қазақстандық патриотизмнің іргетасы – жерге, тілге, мемлекетке құрметімізді нығайтамыз. Бұл қазақ жеріне көзін тігіп жүрген басқаларға да сабақ болғанына қоса, ұлттық тіліміздің мәртебесін, мемлекетшіл санамыздың деңгейін арттырады сөзсіз. Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыру мақсатында кең көлемді кешенді зерттеу жүргізу, материал жинақтау үшін Қазақстанды түгел қамтитын ғылыми-зерттеу және дала экспедицияларын өткізу жоспарланғаны белгілі. Бұл жұмыстарға танымал ғалымдар, тарихшылар, археологтар, этнограф, жергілікті өлкетанушылар тартылды. Өңірлік қоғамдық ұйымдар, жергілікті өлкетанушылар, Қазақстанның архивтері мен музейлері бірлесе отырып еліміздегі қасиетті жерлердің тізімін жасау, солардың негізінде «Қазақстанның киелі жерлерінің картасы» атласын жасау, оған жалпыұлттық құндылығы бар нысандарды қосу негізгі мақсатқа айналып отыр. Қазақстан дейтін Ұлы Дала киелі де қасиетті жерлерге толы. Ол жерлерді қадірлеп-қастерлеу – бүгінгі ұрпақтың парызы. Тасын түртсең тарих сөйлейтін, кие тұнған Қазақстан – рухани дәстүрдің бастауы. Олар – ғасырлар бойы ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміз. Осы дәстүрдің жібі үзілмей жалғасуында музей, музей қызметкерлерінің орны да ерекше.

Әдебиеттер

- Әбжанов Х. «Сакральды география. Ол не?» // Егемен Қазақстан газеті. 28.02.2018.
- Әметұлы Ө. «Көнеден жеткен жәдігер қала» // «Түркістан Салтанаты». Анкара: «Nurol A.S», 2002. 7-16 бб.
- Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древние города Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1971. 211 с.
- Бедельбаева М.В. «Место и роль музея археологии и этнографии в концепции устойчивого развития историко – культурного туризма» // Сборник материалов международного научно-практического семинара «Историко – культурное наследие и современная культура». Алматы, 2018. С. 243-244.
- Қабылбекова Г. Шежірелі Түркістан // Ордабасы газеті, 2013. 13-18 бб.
- Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы Akorda.kz, www.akorda.kz/kz/events/akorda_news Қазақстан Республикасы президентінің ресми сайты, 12.04. 2017.
- Сыздықов К., Жолдасов С. «Облыс мәдениеті қазіргі кезде» // «Ата қоныс» газеті, 1992. 85-92 бб.

D.R. Tauasarova

THE MUSEUM IS A SACRED PLACE

The spiritual foundations of the people are mainly concentrated in museums. That is why museums are the main arsenal of spiritual revival. That is why museums play an important role in spiritual modernization. Modern museums should be transformed into information and sociocultural centers that rely on various sources, create databases on the history of the region, cultural heritage and the environment and, thus, affect the life of society. Thus, the development of the museum will change both the method of musicification of sources and the nature of museum communications. In addition to exhibiting services, the museum has been transformed into a direct museum, direct communication and information communication with historical and cultural monuments.

К ВОПРОСУ О ПОЯВЛЕНИИ ПЕРВЫХ ГОРОДОВ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА: ПРОБЛЕМА КРИТЕРИЕВ ВЫДЕЛЕНИЯ

Формирование первых городов на территории Казахстана сложный и многоуровневый процесс. Формирование городской среды на территории Казахстана является важным моментом в истории любого народа. Важным вопросом является само понятие «город», что можно считать городом. На территории Казахстана этот вопрос очень актуален в деле исследования древних городов.

Традиционные вопросы к возникновению «города» объединяют это понятие во многих параметрах: функциональное назначение, хозяйственный профиль, административное значение и др (Бабюх, Кайсарова, 2014, с. 417).

Возникновение городов на территории Средней Азии и Казахстана связано, прежде всего, с социально-политическим уровнем развития общества. Доказательством тому служит тот факт, что образование и развитие городов происходило как в земледельческих, так и в кочевых культурах (Данилов, 2004, с. 7).

Вопрос о самом определении города, а именно какие из населенных пунктов считать городами, относится к одному из двух главных общих вопросов, которые возникают при изучении городов (Хорев, 1975, с. 39).

И. М. Дьяконов отмечает, что до середины I тыс. до н.э. в Передней Азии не было терминологического разграничения «города» и «деревни» (Дьяконов, 1973, с. 31).

Неустойчивость терминологии, связанной с выделением городов, отмечал В.Д. Блаватский для античного времени (Блаватский, 1963, с. 9). Его утверждение актуально так же и для городских центров Центральной Азии и Казахстана.

Проблема взаимодействий кочевых и оседлых культур, цивилизаций, является фундаментальной проблемой в деле изучения истории Казахстана и Средней Азии.

Эта проблема предусматривает исследование различных аспектов ее направления. В первую очередь это связано с археологическим изучением развития и сосуществования в Казахстане кочевого скотоводства и земледелия, а также изучение генезиса города на стыке двух цивилизаций – кочевой и оседлой.

Эти процессы рассматриваются на протяжении хронологического диапазона от эпохи раннего железа до средневековья (от V в. до н.э. до XIV в. н.э.) с выходом на позднесредневековый период (XV-XIX вв.).

Стоит отметить, что вопросы появления древнего города касаются так же и эпохи бронзы. В связи с тем, что некоторые крупные поселенческие комплексы эпохи бронзы не соответствуют понятию «город», лишь из-за количественных критериев.

Изучаются вопросы, связанные также с взаимодействием оседлости и кочевничества в конкретных регионах; исследуется, какое из этих направлений экономики преобладало в те либо иные периоды истории, каковы были общие тенденции развития общества и насколько справедлив тезис, который констатирует линию его развития «от кочевий к городам». Он подразумевает подавляющее доминирование кочевого скотоводства с постепенным оседанием части населения, переходом его к занятию земледелием, ремеслами, торговлей и в целом к урбанизации общества (Плетнева, 1967, с. 180-189).

Определенные сложности при выделении древних городов на территории Казахстана представляют основные общепринятые критерии, которыми руководствуются исследователи. По этим критериям древние населенные пункты, в особенности в эпоху бронзы, располагавшиеся на территории Казахстана можно отнести лишь к поселениям, реже к протогородам.

Основными критериями, часто применяемыми исследователями в выделении, как древних, так и средневековых городов являются:

1. Площадь более 15 га;
2. Производственные и ремесленные кварталы;
3. Наличие торговли на малые и дальние расстояния;
4. Численность населения от 5-10 тыс. человек;
5. Наличие монументальных общественных и религиозных построек;

6. Наличие фортификационных укреплений.

Критерий наличия, каких-либо фортификационных укреплений довольно часто подвергается критике, т.к. многие города Месопотамии, Мезоамерики, Центральной Азии, Казахстана (Кент) как в древности, так и в средневековье (золотоордынские города), фортификационных сооружений не имели, сохраняя при этом все типичные черты, присущие городу. Таким образом, данный критерий никак не может быть использован как универсальный, а лишь вспомогательный.

Как мы уже ранее говорили, многие древние города Казахстана по общепризнанным критериям выделения города, не являются таковыми, т.к. не соответствуют количественным показателям города (население, площадь).

Так, городище Кент, находящееся в 220 км к ВЮВ от г. Караганды, соответствует 5/6 критериев, представленных выше, что еще раз доказывает второстепенность критерия о наличии фортификационных сооружений. Данный памятник датируется временем существования бегазы-дандыбаевской культуры на основании анализа валиковой керамики XII – X вв. до н. э. (Варфоломеев, Ломан, Евдокимов, 2017, с. 73; Евдокимов, Варфоломеев, 2002, с. 13-14), в то же время раскоп б данного поселения датируется второй половиной XIV-XI вв. до н.э (Бейсенов, Варфоломеев, Касеналин, 2014, с. 141).

Городская культура, развивавшаяся преимущественно на юге Казахстана и в Жетысу, являлась северным «форпостом» городских цивилизаций, т.к. севернее, большие пространства населяли кочевые племена. Именно соседство и взаимодействие оседлой и кочевой культур являются одной из особенностей процесса урбанизации на территории Казахстана.

Схожего мнения придерживалась Э.В. Сайко (Сайко, 1973, с. 77), отодвигая, однако, границы городской цивилизации южнее и «прочерчивая» ее по южнотуркменистанским памятникам Алтын-депе и Намазга-депе.

Недостатком количественных критериев в выделении древних городов, располагавшихся на территории Казахстана, является их слишком условный характер. Из-за достаточно позднего начала урбанизационных процессов на территории Казахстана многие города «стали соответствовать» этим критериям лишь в раннем средневековье.

Неравномерность урбанизационного процесса хорошо просматривается в особенностях его развития и в Средней Азии.

К.М. Байпаков выделял следующие этапы в историческом развитии Семиречья (Жетысу):

1. Палеолит и неолит – время бродячих охотников и собирателей; неолит и энеолит – переход к производящему хозяйству – земледелию и скотоводству.

2. Ранняя и средняя бронза – период оседлости и занятия земледелием, а также пастушеским скотоводством, развитие яйлажного скотоводства. Эпоха поздней бронзы – время появления кочевого скотоводства и, как следствие этого, – переход населения к кочевничеству.

3. Начиная с VIII-VII вв. до н.э. и вплоть до V в. н.э. следует эпоха ранних кочевников (саки, усунь, хунны), сочетание скотоводства и земледелия.

4. В эпоху раннего средневековья VI-VIII вв. под влиянием ряда внутренних и внешних факторов происходит оседание кочевников, появление земледельческих поселений, затем перерастание их в города, а также развитие урбанизации.

5. В IX – начале XIII в. идут интенсивные процессы седентаризации, рост урбанизации в Жетысу, появляются районы городской жизни.

6. В результате монгольского нашествия оседлая и городская культура претерпевает коллапс. Урбанизация гибнет во второй половине XIII – начале XV в.

7. Наступает период, когда население Жетысу переходит к скотоводству и кочевничеству. Однако традиции оседлости и земледелия сохраняются у казахов в позднее средневековье в XV-XIX вв.

Следуя этой схеме развития, следует отметить, что скотоводство, в том числе и кочевое, в VIII в. до н.э. – VIII в. н.э., а затем в XV-XVIII вв. на отрезке времени в 1400 лет доминировало и составляло основу социально-хозяйственной и культурной жизни населения (Байпаков, 2012, с. 140).

Данная схема применима так же к обширным территориям Казахстана, варьироваться могут лишь датировки на местах.

Отбросив количественные критерии выделения города, стоит отметить, что многие казахстанские памятники, именуемые «поселениями», в полной мере могут именоваться городами.

Абсолютно верным является то, что количественные критерии необходимы в выделении древних городов, дабы отсеять большую часть «деревень». Однако, по нашему мнению, в связи с запоздалыми урбанизационными процессами на территории Казахстана, связанными, в том числе и с медленной седентаризацией кочевого населения, количественные критерии стоит изменить на следующие:

1. Площадь городов не менее 4 га, при плотной городской застройке;
2. Население от 3 тыс. человек.

Можно согласиться с выводами В.В. Варфоломеева (Варфоломеев, 2011, с. 86-89) о наличии древних городов (на примере Кента) на территории Казахстана, появившихся в период поздней бронзы, тем самым сдвинув хронологические рамки зарождения городской культуры и начала процесса урбанизации с раннежелезного века на эпоху поздней бронзы.

Таким образом, при изучении древнего поселенческого комплекса стоит уделять особое внимание, применению некоторых существующих универсальных критериев, опираясь в первую очередь на специфику урбанизационных процессов на территории Казахстана в древности. Эти выводы применимы так же и к средневековым городам южной зоны Казахстана и Жетысу.

Литература

Бабюх В.А., Кайсарова Ж.Е. Понятие «Город» и типологизация городов: проблемы соотношения при определении даты возникновения городских поселений // Вестник Казанского технологического университета. 2014. №17(20). С. 417-422.

Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга I. Урбанизация Казахстана в эпоху бронзы - раннем средневековье. Алматы, 2012. 390 с.

Бейсенов А.З., Варфоломеев В.В., Касеналин А.Е. Памятники бегазы-дандыбаевской культуры Центрального Казахстана. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2014. 192 с. +20 с. цв. илл.

Блаватский В.Д. Античный город // Античный город. М.: Изд. АН СССР, 1963. С. 7-31.

Варфоломеев В.В. Кент – город бронзового века // Свидетели тысячелетий: археологическая наука Казахстана за 20 лет (1991-2011). Алматы, 2011. С. 85-96.

Варфоломеев В.В., Ломан В.Г., Евдокимов В.В. Кент – город бронзового века в центре казахских степей. Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2017. 338 с.

Данилов С.В. Города в кочевых обществах Центральной Азии. М.: БНЦ СО РАН, 2004. 202 с.

Дьяконов И.М. Проблемы вавилонского города II тыс. до н.э.: (По материалам Ура) // Города и торговля: III тыс. до н.э. Ереван, 1973. С. 30-64.

Евдокимов В.В., Варфоломеев В.В. Эпоха бронзы Центрального и Северного Казахстана: Учебное пособие. Караганда: КарГУ, 2002. 138 с.

Плетнёва С. А. От кочевий к городам. Салтово-маяцкая культура. М.: Наука, 1967. 200 с.

Сайко Э.В. Становление города как производственного центра (Формирование экономической основа - ремесла. Средняя Азия). Душанбе: Дониш, 1973. 112 с.

Хорев Б.С. Проблемы городов. М.: Мысль, 1975. 428 с.

A.N. Fedorchuk

TO THE FIRST CITIES QUESTION ON THE TERRITORY OF KAZAKHSTAN: ALLOCATION OF SIGNS

An important issue in the study of the ancient cities of Kazakhstan is the definition of the city and its differences from the settlement. For this, criteria for the allocation of the city were created. However, some criteria may not be suitable for ancient Kazakhstani cities. This article will help to consider the problem of quantitative criteria for identifying ancient cities located on the territory of Kazakhstan.

Д.Ә. Талеев

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: doc19_59@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗАҢҒАРЫ

Қазақстан археологиясының қалыптасуына, Халықаралық Ұлы Жібек сауда жолының тарихын зерттеуге, Қазақстанда қала мәдениетінің пайда болып, дамуын зерттеуге, Тәуелсіз Қазақстанның археологиялық ғылыми орталығын құрып, дамытуға, кәсіби мамандарды дайындауға, археологиядан халықаралық ғылыми-тәжірибелік байланысты қалыптастыруға үлкен үлес қосып жүрген, қазақтың айтулы азаматы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Карл Молдақыметұлы Байпақов тірі болғанда биыл 80 жасқа (17.11.2020 ж.) келер еді.

Карл Молдақыметұлы Байпақов Қазақстанда археология ғылымын қалыптастырып, ғылыми жолға қоюшы, ұлттық археологияның іргетасын қалаушылар Ә.Х. Марғұлан мен К.А. Ақышевтің әрі шәкірті, әрі үзеңгілес әріптесі еді деуге болады.

1940 жылдың суық күзінде (17.11.40), қарапайым тарихшылар Молдақымет пен Лидияның отбасында дүниеге келген Карлдың тарихшы-археолог болуы заңды құбылыс деуге келеді. Өйткені оның бүкіл балалық шағы Талғар қаласының маңындағы ортағасырлық қаланың қираған орнында пайда болған төбенің маңында өткен. Бала күннен қыш ыдыстардың сынықтарын жинап өскен жасөспірім Карл археологияның тарихтың құпия беттерін ашуға қосар үлесінің мол екендігін жазбай таныған болса керек. Дүниеге келгеннен кейін көп ұзамай басталған сұрапыл соғыс (1941 ж.) оны әкесінен мәңгі айырды. Танк әскерлерінің гвардия аға лейтенанты Байпақов Молдақымет 1944 жылы наурыз айының 3 күні Украина жерінде, Корсунь-Шевченко операциясы кезіндегі ұрыста ерлікпен қаза тапты. Мектепті алтын медальмен бітіргеннен кейін Карл Молдақыметұлы Ленинградтағы А.А. Жданов атындағы мемлекеттік университетінің археология кафедрасына түсті. Туғанан зерек жас ізденуші университет қабырғасынан бастап ортағасыр қалаларын зерттеуге көңіл қояды. Университетте ол Ресей археологиясының атақты майталмандары М.А.Артамонов, М.П.Грязнов, В.Ф.Гайдукевич, П.И.Борисковский, Б.Б.Пиотровский, В.М.Массн секілді профессорлардан дәріс алған.

По замыслу С.В. Данилова результаты многолетней работы должны были воплотиться в иллюстрированном Атласе древних и средневековых городов и поселений Центральной Азии. В 2014 г. было решено провести заключительные полевые экспедиционные работы на территории Монголии, которую ежегодно посещал археологический отряд под руководством Сергея Владимировича. К сожалению, Сергей Владимирович не успел завершить данный проект. Работы над Атласом продолжаются в настоящее время совместно с монгольскими коллегами, которые высоко оценивают уровень и значение научных исследований С.В. Данилова.

Результаты многолетней археологической деятельности позволили С.В. Данилову достигнуть высокого уровня теоретических обобщений, обозначив перспективу исследования специфики урбанистических процессов у кочевников, экономических основ кочевого скотоводства, социо- и политогенеза номадов Центральной Азии.

Детально рассмотрев историографию изучения вопросов появления оседлости и городов в кочевых обществах, ученый пришел к выводу, что к этой проблеме исследователи обращались эпизодически, в зависимости от разрабатываемых ими научных проблем. Именно методам археологии С.В. Данилов придавал ключевое инструментальное значение в решении проблемы построения социально-экономических моделей древних обществ. «Археологи, изучая поселенческие и могильные комплексы, оставленные кочевниками разных времен и различной этнической принадлежности, в большей степени обращают свое внимание на систематизацию полученных археологических материалов и построение социально-экономических моделей древних обществ» (Данилов, 2004, с. 8).

С.В. Данилов выявил общие закономерности характерные для появления городов в кочевых обществах Центральной Азии. Они были обусловлены возрастанием расходов на содержание государственных структур, увеличением потребности населения в ремесленной и земледельческой продукции, а также усилением роли торговли. «Сравнительно сложная военно-административная система, отмечаемая в целом ряде кочевых обществ, наличие многоотраслевой экономики вызвали потребность в сосредоточении этих структур не в кочевых ставках, а в стационарных оседлых пунктах, часть из которых переросла в города» (Данилов, 2004, с.191). Все известные материалы по поселениям городского типа в регионе были собраны и тщательно проанализированы автором в обобщающей монографии «Города в кочевых обществах Центральной Азии» (Данилов, 2004), как представляется, одной из лучших работ по заявленной тематике.

В ходе исследования городов в кочевых обществах, Сергей Владимирович не раз обращался к узловым вопросам кочевниковедения о становлении кочевого скотоводства в Центральной Азии, на решении которых и было сконцентрировано его внимание в последнее время (Данилов, 2013, с. 7-17).

Большой вклад С.В. Данилов внес в дело укрепления международных научных связей России и Монголии, занимая высокие административные должности в Институте монголоведения, буддологии СО РАН. В период с 2001 по 2005 гг. он был заместителем директора по научной работе, в 2007-2009

гг. - заместителем директора по международным связям, с 2009 г. до 2014 г. - возглавлял отдел истории и культуры Центральной Азии.

С.В. Данилов – участник и организатор многих международных и всероссийских научных конференций. Под его руководством и редакцией изданы многочисленные сборники статей и монографии, посвященные древней и средневековой истории монгольского мира. Он был руководителем ряда международных проектов, получивших поддержку Российского гуманитарного научного фонда и Министерства образования культуры и науки Монголии: «Генезис традиционного образа жизни автохтонных народов Байкальской Сибири с древнейших времен по эпоху средневековья»; «Археологическая экспедиция по исследованию киданьского городища Чин Толгой»; «Археологическая экспедиция по изучению хуннских городов Монголии»; «Археологическая экспедиция по изучению хуннского городища Тэрэлжин Дэрэвэлжин»; «Селенга - река без границ»; «Раскопки кургана киданьской знати Шоорондов в Центральном аймаке Монголии»; «Раскопки кургана ТуулынШорондов в Булганском аймаке Монголии»; «Создание электронной карты древних и средневековых городов Центральной Азии». Проекты Сергея Владимировича «Номадизм и оседлость: адаптация древнего и средневекового населения севера Центральной Азии», «Хунну: происхождение культуры, этническая история, политогенез» были включены в Программу Президиума РАН.

7-8 апреля 2015 г. в Институте монголоведения, буддологии и тибетологии СО РАН была организована конференция «Актуальные вопросы археологии и этнологии Центральной Азии», посвященная памяти С.В. Данилова. Масштабное научное мероприятие получило широкий отклик как среди российских ученых, так и среди зарубежных коллег. География участников конференции отличалась поистине евразийской масштабностью: от Республики Корея до Германии. В рамках конференции был рассмотрен широкий круг актуальных вопросов археологии Центральной Азии, включая исследования культур эпохи камня (палеолит, мезолит, неолит); энеолита, бронзового и раннего железного веков; эпохи кочевых империй. Широкое освещение получили проблемы социальной и политической истории, духовной культуры и мировоззрения номадов, а также этнической истории Центральной Азии. Поскольку С.В. Данилов являлся одним из основателей приоритетного научного направления «Социально-политические и экономические предпосылки формирования городов и городской культуры в кочевых обществах Центральной Азии», отдельное направление было посвящено истории городских и поселенческих комплексов кочевников. Также на конференции было уделено пристальное внимание вопросам сохранения памятников историко-культурного наследия. Доклады, представленные участниками, были опубликованы в сборнике материалов конференции (Актуальные вопросы археологии, 2015).

Сергей Владимирович Данилов внес огромный вклад в исследование и сохранение историко-культурного наследия Монгольского мира. Его труды носят фундаментальный характер и занимают достойное место в отечественной и мировой историографии. Научные идеи Сергея Владимировича, открывают широкие перспективы для последующих поколений исследователей, а колоссальные результаты экспедиций, проведенных под его руководством, до сих пор изучаются, систематизируются и вводятся в научный оборот (Данилов, Именохоев, Симухин, 2017. с. 105-110; Данилов, Именохоев, Нанзатов, 2018, с. 74-92). В результате исследований, проведенных под руководством С.В. Данилова, накоплен и систематизирован значительный археологический материал, проведены географические и хронологические аналогии, сделаны существенные аналитические и обобщающие заключения. Полученные результаты позволяют пересмотреть и откорректировать некоторые устоявшиеся положения в древней и средневековой истории Центральной Азии. Работы одного из выдающихся исследователей археологии Центральной Азии несут глубокую просветительскую миссию, открывая для мирового научного сообщества новые грани истории Евразии.

Литература

Актуальные вопросы археологии и этнологии Центральной Азии. Материалы международной научной конференции (Улан-Удэ, 7-8 апреля 2015 г.). Иркутск: «Оттиск», 2015. 504 с.

Базаров Б.В., Коновалов П.Б., Крадин Н.Н. Сергей Владимирович Данилов – исследователь кочевых культур Внутренней Азии // Актуальные вопросы археологии и этнологии Центральной Азии. Материалы международной научной конференции (Улан-Удэ 7-8 апреля 2015 г.). Иркутск: «Оттиск», 2015. С. 7-14.

Данилов С.В. Жертвоприношения животных в погребальных обрядах ранних кочевников Забайкалья // По следам древних культур Забайкалья. Новосибирск: Наука, 1983. С. 107-112

Данилов С.В. Жертвоприношения животных в погребальных обрядах монгольских племен Забайкалья // Древнее Забайкалье и его культурные связи. Новосибирск: Наука, 1985. С. 86-91.

- Данилов С.В. К вопросу о жертвоприношениях животных в погребениях монгольского времени // Археологические и этнографические исследования Восточной Сибири. Иркутск, 1986.
- Данилов С.В., Коновалов П.Б. Новые материалы о курганах-керексурах Забайкалья и Монголии // Памятники эпохи палеометалла в Забайкалье. Улан-Удэ: БФ СО АН СССР, 1988. С. 61-79.
- Данилов С.В. Жертвенный комплекс у с. Нижний Бургултай и некоторые вопросы древних обрядов и верований // Памятники и культуры бронзового и раннего железного веков Забайкалья и Монголии. Улан-Удэ, 1996а. С. 92-102.
- Данилов С.В. Баян-Ундэр – новый памятник хунну в Забайкалье // Памятники и культуры бронзового и раннего железного веков Забайкалья и Монголии. Улан-Удэ, 1996б. С. 26-38.
- Данилов С.В., Амоголонов А.А., Филиппова И.В., Коновалов П.Б. К вопросу о происхождении памятников хуннской знати // Археология и этнография Сибири и Дальнего Востока. Улан-Удэ, 1998. С. 39-42.
- Данилов С.В. Ильмовая падь – некрополь хунну // Палеоэкология человека Байкальской Азии. Улан-Удэ, 1999а. С. 82-86
- Данилов С.В. Средневековое здание в Нарсатуе и некоторые проблемы монгольского государства XIII-XIV вв. // Традиционная культура народов Байкальского региона: возрождение и развитие. Улан-Удэ, 1999б. С. 33-34.
- Данилов С.В. Города в кочевых обществах Центральной Азии. Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН, 2004. 202 с.
- Данилов С.В., Крадин Н.Н., Ивлиев А.Л., Очир А., Никитин Ю.Г., Эрдэнэболд Л., Энхтур А. Предварительные результаты исследования киданьского городища Чинтолгой Балгас в 2004 г. // Социогенез в Северной Азии. Ч.1. Иркутск: изд-во ИГТУ, 2005. С. 264-273.
- Данилов С.В. Коновалов П.Б., Л. Эрдэнэболд, Анхбаяр, Именохоев Н.В., Бураев А.И., Симухин А.И., Цыденова Н.В., Базаров Б.В. Предварительные результаты раскопок на хуннском городище Тэрэлжин Дэрэвэлжин в Центральном аймаке Монголии // Археология степной Евразии. Кемерово – Алматы, 2008. С. 104-110.
- Данилов С.В. Шороондов – «земляной бугор» // Наука из первых рук. 2010. №6. С. 88-99.
- Данилов С.В. Именохоев Н.В., Нанзатов Б.З., Симухин А.И., Очир А., Эрдэнэболд Л. Средневековые города Тувы и Западной Монголии (предварительные результаты работы экспедиции «Создание электронной карты городов древних кочевников Центральной Азии» в 2011 г.) // Культурное наследие народов Центральной Азии. Улан-Удэ, 2012. Вып. 3. С. 97-118.
- Данилов С.В. Очир А., Именохоев Н.В., Эрдэнэболд Л., Назатов Б.З., Симухин А.И., Уртнасан Н. Древние и средневековые города Центральной Азии. Предварительные результаты экспедиционного исследования // TartariaMagna. № 1. 2013а. С. 70-85.
- Данилов С.В. Очир А., Эрдэнэболд Л., Цэрэндорж Ц. Эртний нуудэлчдийн бунхант булшны. Улаанбаатар, 2013б. 164 с.
- Данилов С.В. О ранних этапах появления и становления кочевого скотоводства в Центральной Азии // Вестник Бурятского научного центра Сибирского отделения Российской академии наук. 2013. № 1 (9). С. 7-17.
- Данилов С.В., Именохоев Н.В., Симухин А.И., Нанзатов Б.З., Очир А. Гобийские городища монгольского времени (на примере комплекса Хатанбулаг) // «Между Востоком и Западом: движение культур, технологий, империй». Владивосток: Дальнаука, 2017. С. 105-110.
- Данилов С.В., Именохоев Н.В., Нанзатов Б.З., Симухин А.И., Тулуш Д.К., Эрдэнэболд Л. Города эпохи Хунну на территории Тувы // Известия Иркутского государственного университета. Серия: Геоархеология. Этнология. Антропология. 2018. Т. 24. С. 74-92.
- Крадин Н.Н., Ивлиев А.Л., Очир А., Васютин С.А., Данилов С.В., Никитин Ю.Г., Эрдэнэболд Л.С. Киданьский город Чинтолгойбалгас. М.: Восточная литература, 2011. 173 с.
- Очир А., Эрдэнэболд Л., Харжаубай С., Жантегин Х. Эртний нүүдэлчдийн бунхант булшны: малтлага, судалгаа. (Булган аймгийн сумын Уланхэрмийн Шороонбумбагарын малтлагын тайлан). Улаанбаатар, 2013. 290 с.

A.I. Buraev, E.V. Nolev

**IN MEMORY OF THE OUTSTANDING RESEARCHER OF CENTRAL ASIA'S ARCHEOLOGY
SERGEY VLADIMIROVICH DANILOV
(ON THE 70th BIRTHDAY)**

The article is dedicated to the memory of the outstanding researcher of the archeology of Central Asia, doctor of historical sciences Sergey Vladimirovich Danilov. A brief biography of the scientist and the main stages of his path in science are described. The broad scientific interests of the researcher are noted, the main directions of his activity are analyzed. The results of the archaeological work of S.V. Danilov in the Republic of Buryatia are reviewed. The scientist made a significant contribution to the study of monuments of the Bronze Age, Hunnu Epoch and Middle Ages. He distinguishes his study of urban complexes - the Sutay and Narsatuy feudal estates of the Mongolian time and the Hunnu settlement Bayan-Undyr. It is noted that the latest work of the researcher is associated with the territory of Mongolia. Among them, a special place is occupied by the cenotaph mound Shoroonbumbagar in the Central aimak. However, the

main research topic was the study of urban nomad culture. He studied the Chintolgalbagas, Terelzhin Daravalzhin. Huge work has been done to compile the Atlas of the ancient and medieval cities of the nomads of Central Asia. Significant contribution by S.V. Danilov in the archeology of the region was noted.

Ғ.Қ. Омаров

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: gani_omarov@mail.ru

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР БИБИЗИЯ КЕНЖЕБЕКҚЫЗЫ ҚАЛШАБАЕВА – 60 ЖАСТА!



Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаева 1960 жылы 4 маусым күні Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Полторацкое селосында (құжат бойынша) көпбалалы отбасында дүниеге келген. Ол 1977 жылы Сарыағаш ауданы Ақжар селосындағы (бұрынғы Степное) Тельман атындағы орта мектепті үздік бітіре салысымен өндірісте, халыққа қызмет көрсету салаларында жұмыс істейді.

1982 жылы өзінің армандаған С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Тарих факультетіне түседі. Университет қабырғасының өзінде жүргенде-ақ шежіреші, ел тарихы мен дәстүрін тамаша білетін әкесінің бала кезден бойына сіңірген әсерінен болар этнография ғылымына бейімделе бастайды. Сол кезде оның қалыптасуына этнография және археология саласының жетекші мамандары У.Х. Шәлекенов, Ә.М. Оразбаев, Ә.Т.

Төлеубаев, М.Е. Елеуов, Н.О. Алдабергеновтер көп ықпал етті. Аудиторияда алған теориялық білімін тәжірибелік жағынан шыңдау үшін ұстазы Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен Ресей жеріндегі қазақтарды зерттеу бағытында түрен салып 1983 жылы Орынбор, ал келесі жылы Астрахань облыстарына этнографиялық экспедицияға шығады. Бұл экспедиция Кеңес өкіметі кезіндегі алыста жүрген қандастарымызды зерттеген алғашқы экспедиция еді. Сол бір студенттік күндерінен басталған бұл тақырып Бибизия Кенжебекқызының ғылымдағы өмірлік зерттеу нысанының өзегіне айналды.

Университетті бітірген 1987 жылы Б.К. Қалшабаева Білім және Ғылым Министрлігі жолдамасымен Орал қаласындағы А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институтында оқытушылық қызметке орналасады. Бұл педагогикалық қызметінің бастамасы болды.

Ғылым жолына біржола бет бұрған Бибизия Кенжебекқызы 1990 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті археология және этнология кафедрасына аспирантураға түседі. Аспирантура кезеңінде де тақырыпты зерттеуге қатысты елімізден басқа КСРО-ның мұрағаттары мен кітапханаларынан деректер жинаумен қатар далалық материалдармен толықтыру мақсатымен Өзбекстандағы қазақтар арасында этнографиялық зерттеулер жүргізді.

Аспирантураны 1993 жылы бітіргеннен бастап қазірге дейін өзі бітірген археология, этнология және музеология кафедрасында алдымен аға оқытушы, доцент, қазіргі кезде профессор болып қызмет атқаруда.

Б.К. Қалшабаева т.ғ.д., профессор У.Х. Шәлекеновтың жетекшілігімен 1994 жылы этнография, этнология және антропология мамандығы бойынша «Өзбекстандағы қазақтар (Солтүстік шығыс аймағы деректері бойынша)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын, ал 2010 жылы 07.00.07 – этнография, этнология және антропология мамандығы бойынша «Орта Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» атты тақырыпта т.ғ.д., профессор Ә.Т. Төлеубаевтың кеңесшілігімен докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Б.К. Қалшабаева қазақ этнографиясы, қазақ диаспорасы мен репатрианттары, тарихи Отанға бейімделуіндегі мәселелер, Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі этникалық және этномәдени үдерістер, ҚР этносаралық қатынастар және т.б. тақырыптарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Көпұлтты аймақтарда авторлық этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, зерттеу нәтижелерін интерпретациялап, ғылыми айналымға ендіруде.

Түркістан қаласының 1500 жылдық тойына орай 1995-1997 жылдары «Түркістан қаласының этномәдени үдерістері» тақырыбында этнографиялық экспедициясын басқарса, 1998 жылы Ұлттық тарих жылы деп жариялануына орай Қазақстанның 14 облысына ұйымдастырылған зерттеу экспедициясында Алматы облысы экспедициясын басқарды.

2007-2009 жылдары ҚР БЖҒМ қолданбалы зерттеулер бағдарламасы бойынша «Қазақ халқының мәдени мұраларын жинау, сақтау және насихаттау мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жобаның жауапты орындаушысы, 2012-2014 жылдары ҚР БЖҒМ іргелі зерттеулер бағдарламасы бойынша «Қазақ диаспорасы мен репатрианттардың этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу мәселелері» тақырыбындағы ғылыми жобаның жетекшісі, ҚР БЖҒМ «Ғылыми қазына» мемлекеттік бағдарламасы негізінде жүзеге асып жатқан Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының 20 томдық «Отан тарихы» атты ғылыми жобаның «Қазақ диаспорасы» тақырыбы бойынша орындаушысы, 2018-2020 жылдары ҚР БЖҒМ Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жетекшілігіндегі «Қазақстандағы субэтностар» ғылыми жобасына қатысуда.

Ғылыми жобалардың нәтижесінде 6D020800-Археология және этнология мамандығының оқу үдерісіне «Қазақстандағы репатрианттар», «Қазақ диаспорасының мәдени мұралары» атты пәндер енгізілген. Алынған нәтижелер мамандықтарда оқылатын пәндерге ғылыми материал ретінде және білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолданылуда.

Ғылыми еңбектері 200-ден аса, соның ішінде 5 (жеке және 2 авторлық бірлестікте) монография, (2-уі ағылшын тілінде, оның екінші басылымы Германияда шыққан), 5 оқу құралы, 3 оқу әдістемелік құрал, 30 жуық шет елдік (Америка, Франция, Румыния, Индия, Түркия, Эстония, Болгария Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және т.б.) басылымдарда мақалалары жарияланған.

Бибизия Кенжебекқызы ғылыми жұмыстарымен қатар педагогикалық қызметін қатар алып келе жатыр. Елімізде этнолог мамандарды дайындауда сүбелі үлес қосып келе жатқан ұлағатты ұстаз. Ғалымның жетекшілігімен бакалавр және магистранттардан басқа бір шәкірті PhD докторлық диссертациясын қорғаса, биылғы жылы екі докторанты қорғағалы отыр.

Ол 5B020800-Археология және этнология, 6M020800-Археология және этнология мамандығы бойынша Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім стандартының авторларының бірі, қазіргі кезеңде аталған мамандықтармен қоса 8D020800-Археология және этнология мамандығы бойынша дайындалатын докторантураның Білім бағдарламасының авторы. Білікті ұстаз, ғалым.

Бірнеше рет университеттің алғыс хаттарымен, 2009 жылы «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 75 жылдығы», 2014 жылы «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 80 жылдығы» медальдарымен марапатталса, 2013 жылы ҚР БЖҒМ жарлығымен «2013 жылдың үздік оқытушысы» грантының иегері атанды. 2017 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігі тарапынан «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» Құрмет грамотасымен марапатталған. 2018 жылы Атырау облысының әкімі Н. Ноғаев «Ұлы даланың ұлттық дәстүрлері» Халықаралық форумының жоғары деңгейде өтуіне белсенділік танытып қолдау көрсеткені үшін Алғыс хат жолдаған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих, археология және этнология факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы мен докторанттар, магистрант және бакалавр қауымы белгілі ғалым-этнолог, білікті ұстаз Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаеваны мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып бағамды ғұмыр, берік денсаулық, шаттық пен қуаныш, бақ пен береке тілейді!!!

Д.С. Байгунаков¹, Б.С. Заурбекова²

¹ *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

² *Шымкент қаласының Политехникалық колледжі
Шымкент қ., Қазақстан
E-mail: dosbol_bs@mail.ru*

ЕЖЕЛГІ ДӘУІРЛЕР ЗЕРТТЕУШІСІ – ҒАЛЫМЖАН БЕКСЕИТОВ (50 жылдығына орай)

Ежелгі дәуірлер Қазақстан тарихында маңызды орын алады. Өйткені ол тарихымыздың қайнар-бастауларынан сыр шертетін, тамыры тереңге жайылған отандық тарих беттерін сипаттайтын кезең болып табылады. Осыған орай бұл дәуірді зерттеп жүрген мамандардың еңбегін жоғары бағалауға

болады. Әсіресе археолог-мамандардың еңбегі зор. Сол мамандардың арасында еңбек етіп жүрген зерттеушілердің бірі – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының доценті Ғалымжан Тұқымбайұлы Бексеитов.

Ол 1970 жылы шілде айының 26 жұлдызында Жамбыл облысы Шу ауданы Шоқпар кеңшарында дүниеге келген. Есімін әжесі «Ғалымжан» деп қойған. Әжесі жас нәрестенің оқу жолына түсуін, келешекте мұғалім болуын армандаған-ды. Сол себепті туылғандығының 40 күндігін өткізгенде қиылған шаштары мен тырнақтарын ырымдап мектептің ауласына апарып көміп тастаған екен.

Ата-анасының қызмет ауыстыруына байланысты Алматы қаласына көшіп келгеннен кейін Ғалымжан Тұқымбайұлы Бексеитов мектепке барады. Қаладағы қазақ мектептерінің бірі Ғ. Мүсрепов атындағы №86 орта мектебін 1987 жылы тәмәмдайды.

Мектепті тәмәмдаған соң әртүрлі қызметтер атқарады. 1988-1990 жылдары КСРО армиясы қатарында әскери борышын өтейді. Әскери борышын Сахалин өңірінде өткізген Ғалымжан Тұқымбайұлы Бексеитов бұл жерден шыңдалып оралады.

Ғалымжан Тұқымбайұлы Бексеитов 1991 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ тарих факультетінің күндізгі бөліміне «Археология және этнология» мамандығына оқуға түсіп, оны 1996 жылы үздік бітіріп шығады. Осы жерде жүріп келешектегі ғылыми жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор Жәкен Қожахметұлы Таймағамбетовпен танысып, ғылыми байланыстар орната бастайды.

1996 жылы тарих ғылымдарының докторы, профессор Жәкен Қожахметұлы Таймағамбетовтың шақыртуымен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының аспирантурасына түседі. Оны 1999 жылы ойдағыдай аяқтап шығады. Осы жылдары ол бірнеше рет Новосібір қаласындағы РҒА Сібір бөлімшесі Археология және этнография институтында қатарынан бірнеше жыл ғылыми тағылымдамадан өтеді. Кейіннен осы аталған институт жасақтаған Қазақстан-Ресей бірлескен археологиялық экспедиция құрамында жұмыс жасап, республиканың барлық аумақтырында қазба жұмыстарына қатысады. Бұл археологиялық экспедиция Түркістан маңындағы Қошқорған, Шоқтас кешендері, Қаратау өңіріндегі Соркөл, Шахантай, Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ, Мұғалжар тауларындағы ашельдік ескерткіштер, т.б. тас дәуірінің нысандарын зерттеген болатын. Ғалымжан Тұқымбайұлы Бексеитов мұндағы жұмыстардың барлығына қатысып, ғылыми зерттеулерге өз үлесін қосты.

Ғалымжан Тұқымбайұлы Бексеитов 1999 жылдан 2003 жылға дейін Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс тәжірибиесін бастап, 2003-2004 жылдар аралығында Абылай хан атындағы ХҚ және ӨТ университетінде аға оқытушы, аударма факультетінде деканның оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін қоса атқарды. Осы кездері де жаз айларында археологиялық жұмыстарға белсене араласып, ғылымға еңбек сіңіре білді.

Әсіресе 2000 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Жолдасбек Құрманқұлов) құрамында да жұмыс жасап, О.А. Артюхова, Д.С. Байгунаковпен бірге Жезді, Жезқазған-Ұлытау өңірлеріндегі Талдысай алқабында болған далалық зерттеулерге қатысты. Мұндағы Талдысай, Аяқбұлақ, Тоқтауыл, Сарыбұлақ, т.б. тас дәуірінің ескерткіштерін зерттеуге ат салысты.

Ал 2001-2003 жылдары Батыс Қазақстан облысында ұйымдастырылған археологиялық ғылыми-зерттеу экспедициясының жұмыстарына басшылық етті. Мұнда археолог О.А. Артюховамен бірлесіп, Ешкітау, т.б. көптеген ескерткіштерді ашты.

Ғалымжан Тұқымбайұлы Бексеитов 2003 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанындағы диссертациялық кеңесте «Раннеголоценовые комплексы северо-восточной части хребта Каратау (Южный Казахстан)» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын тарих ғылымдарының докторы, профессор Жәкен Қожахметұлы Таймағамбетовтың жетекшілігімен жоғары деңгейде қорғап шықты. Оның диссертациялық ізденісіне 1998-2003 жылдары Қазақстан-Ресей кешенді археологиялық экспедициясының құрамында жүрген кезде зерттеген Соркөл, Шахантай тұрақтарының материалдары арқау болған еді. Материалдары кейіннен новосібірлік ғалымдармен бірге «Индустриальные комплексы северо-восточной части хребта Каратау (Южный Казахстан)» атты ұжымдық монографияда жарияланды (Деревянко, Таймағамбетов, Нохрина и др., 2007).

Ол 2004 жылдан бері әл-Фараби атындағы тарих, археология және этнология факультетінің археология, этнология және музеология кафедрасында аға оқытушы, доцент міндетін қоса атқарып келеді. Осы аралықта оқу үдерісін жетілдіруге, оңтайландыруға арналған бірнеше типтік бағдарламалар, т.б. даярлады.

Ғалымжан Тұқымбайұлы Бексеитов 2005-2009 жылдары Қазақстан тас ғасырын зерттеумен шұғылданатын археологиялық экспедициясы құрамында жемісті еңбек етті.

2013 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Қазақ мәдениет ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған археологиялық-этнографиялық экспедициясының тобын басқарды. Оның

ұйымдастыруымен Орал (Батыс Қазақстан облысы) аймағында орналасқан археологиялық, архитектуралық және тарихи кешендерде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

2014-2016 жылдары «Халық тарих толқынында» атты мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізілген экспедицияларға басшылық етті. Негізгі зерттеу тақырыбы – Қазақстанның голоцен кезеңі мен ерте көшпелілер мәдениеті болып табылады. Осы аралықта Жетісу аймағындағы бірқатар ескерткіштер ашылды, кейбір ескерткіштерде стационарлы қазба жұмыстары атқарылды.

2018-2020 жылдарға арналған «Ұлы дала тарихы мен мәдениеті» атты ғылыми жобаның жеңімпазы болып, ұйымдастырылған археологиялық экспедицияларға басшылық жасап келеді. Бұл бағдарлама аясында Ғ.Т. Бексеитов жетекшілігімен Жетісу жеріндегі тас дәуірінің Рахат тұрағы, Қызылауыз кешендері, ерте темір дәуіріне жататын Сұнқар, Қара-Арша, Рахат, Өрікті қорымдары зерттелді. Ежелгі дәуірлерге қатысты тың мағлұматтар алынды.

Өзге әріптестерімен қоян-қолтық бірлесіп жұмыс істеген Ғ.Т. Бексеитов елеулі ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Ғалымның тарапынан алынған алынған тың мәліметтер бірнеше халықаралық және республикалық деңгейдегі конференцияларда баяндалды. Скопус базасына енетін халықаралық ғылыми журналдарда бірнеше мақалалары жарық көрді.

Ол бірнеше монографиялардың, оқу құралдарының, анықтамалық басылымдардың телавторы.

2017 жылы Д.С. Байгунаковпен бірлесіп «Қазақстанның тас дәуірі археологиясы: теориясы, зерттеу әдістері мен нәтижелері» атты монография шығарды (Байгунаков, Бексеитов, 2017). Монографияға өзінің ұзақ жылдар үзеңгілес досы, құрдасы Ғани Тынысбекұлы Искаков (1970-2019) рецензент болған еді.

2018 жылдан бері Ғ.Т. Бексеитов Солтүстік Қазақстан облысындағы Ботай қонысында болып жатқан зерттеулерге де өз үлесін қосып келеді. Нәтижесінде ол басқа зерттеушілермен (А.К. Оутрам, В.Ф. Зайберт, А. Хазбулатов, Д.С. Байгунаков, Ренато Сала, Жан-Марк Деом, т.б.) бірлесіп «Сакральные контексты Ботайской культуры» деген монография шығаруға қатысты (Зайберт, Хазбулатов, Оутрам Алан др., 2018). Бұл еңбекте ботай мәдениетін соңғы жылдардағы зерттеудің тарихы, ежелгі ботайлықтардың шаруашылығы мен мәдениеті, қасиетті танымдары жайлы сөз қозғалады.

«Қасиетті Қазақстан», «Сакральный Казахстан» (1-том) секілді анықтамалық басылымдарды (2017) түзуге ат салысты.

Ежелгі дәуірлерден бері «су» мәселесі адамзат тарихындағы күрделі тақырыптардың біріне жатады. Ол Т.Е. Картаева, Е.Б. Оспанов сынды зерттеушілермен бірлесіп «Су культі» анықтамалығын шығарды (Картаева, Бексеитов, Оспанов, 2018). Онда суға қатысты сауалдар, құдықтар, т.б. тереңінен әңгіме болды. Онда ата-бабамыздың өмірлік тәжірибесі, күнделікті қаракеті, су шығаруға қатысты іс-әрекеті баяндалынады. Жалпы алғанда, су бүкіл тарихта көптеген өркениеттердің пайда болуына ықпал етті. Жақында, БҰҰ статистикасы бойынша, шамамен 2,5 миллиард адам ауыз суға жарымайтын болады, ал бір миллиардқа жуық адам қауіпсіз су көзіне қол жеткізе алмайтын болады. Адам ағзасы 60-90% судан тұратындықтан, оны бастапқы шикізатпен, яғни сумен жеткілікті түрде қамтамасыз ету өте маңызды. Адамдар өмір сүру үшін үнемі су ішуі керек. Біздің ағзамыз 60%, миымыз 70%, өкпеміз 90% судан тұрады. Күн сайын біз ішкен сұйықтық пен тамақ арқылы 2,4 литр немесе 2,5 кварц суды ауыстыруымыз керек. Су – өмір нәрі. Осы тұрғыдан келер болсақ, аталған еңбектің жаһандық мәні бар деуге болады.

Сондай-ақ музей саласына қатысты тақырыптарға қалам тартып Т.Е.Картаевамен бірге «Музей ісі және ескерткіштану терминдер сөздігі» сынды анықтамалық еңбекті жарыққа шығарды (Картаева, Бексеитов, 2018). Бұл еңбекте музейлердің заманауи мәселелері көтерілген болатын. Мұражайда кім және қалай жұмыс істеуі керек, қандай кәсіпқойлар және мұражайды қалай басқаруы керек және кім үшін жұмыс істеуі керек деген пікірлер әр түрлі. «Музей ісі және ескерткіштану терминдер сөздігі» сынды анықтамалық тәжірибесі бізге осы дилеммалардың шешімін табуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта музеология дамуында белсенді үдерістер жүруде. Сол дамудың түсіндірмесін іздестіру мақсатында аталған кітапта көптеген мәселелер анықтамалық тұрғыдан талданады: жаңа тарихнамалық тенденциялар, қазіргі жаһандану процесіндегі музей ісі, тарихи жадыны қалпына келтіруге арналған қозғалыстар мен ескерткіштану мәселелері, музеологиядағы өзгерістер, т.б.

Сонымен қатар Т.Е. Картаевамен бірлесіп «Экспедиция күнделігі (Батыс Қазақстан өңірі материалдары негізінде)» әдістемелік нұсқаулығын басып шығарды (Картаева, Бексеитов, 2019). Онда оқу үдерсіне қажетті мәселелер көтерілген.

Ғ.Т. Бексеитов өлкетану саласына да өз үлесін қосқан зерттеуші. Ол А.Б.Калыш, А.И.Исаева сынды зерттеушілермен бірлесіп «Историческое краеведение Казахстана по археологическим и письменным источникам» деген оқу құралын жазып шықты (Калыш, Исаева, Бексеитов, 2019). Өлкетану іргелі ғылым салаларының бірі. Зерттелетін аймақ, әдетте, географиялық жағынан шағын қала, қала немесе ауыл болуы да мүмкін. Өлкетану жазбасы тарихи орындар мен қоғамдарға қатысты ақпарат беру арқылы

белгілі бір жердегі қоғамдастықтың өмірі мен уақытын байытады, кеңейте түседі. Өлкетану жинағы студенттерге, зерттеушілерге, тарихшыларға, жергілікті әкімшіліктерге, әлеуметтік қызметкерлер мен жазушыларға сол елді мекеннің өткен тарихы туралы мәліметтерді береді. Өлкетану тарихты дамыта отырып, оған көмектесе алады. Карта, картина сияқты көптеген құжаттарды өлкетануды жазудың ақпарат көзі ретінде қарастыру қажет. Бұл тарихшылар, зерттеушілер мен жазушылар үшін құнды ақпарат көзі. Осы тұрғыдан келгенде, аталған оқу құралының маңызы өте жоғары.

Қорыта айтқанда, Ғалымжан Тұқымбайұлы Бексеитов келе жатқан 50-жылдық мерейтойын жақсы ғылыми-педагогикалық жетістіктермен қарсы алуда. Осы уақыт аралығында әріптестері арасында Ғ.Т. Бексеитов өзінің білімділігі мен ұйымдастыру қабілеттілігімен көзге түсіп жүрген ғалым, ұстаз ретінде танылды. Жұмыста жүрген кезінде ол ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының директоры Қ. Әбдиевтің алғыс хатымен 2014-2015 жылдары марапатталды. 2015 жылы 18 желтоқсандағы №471 ректордың бұйрығымен «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталған болатын. «BILIM-ORKENIETI» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының «Үздік жас ғалым-2019» атты республикалық байқауының алғыс хатымен марапатталды. Бұл марапаттама докторанты И.С. Құрманязовтың жетістіктері үшін, оны ғылым саласына бейімдегені үшін берілген еді. Зерттеушінің өзі «BILIM-ORKENIETI» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының «Үздік педагог-2019» медалімен марапатталды. Әрине, бұл оған лайық марапат деуге болады. Оның алда алар асулары әлі көп болады деп сенеміз.

Кафедра, факультет ұжымы Ғалымжан Тұқымбайұлы Бексеитовті келе жатқан 50-жылдық мерейтойымен құттықтайды. Оған зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыстар тілейді!

Әдебиеттер

Деревянко А.П., Таймагамбетов Ж.К., Нохрина Т.И., Бексеитов Г.Т., Цыбанков А.А. Индустриальные комплексы северо-восточной части хребта Каратау (Южный Казахстан). Алматы: Қазақ университеті, 2007. 342 с.

Байгунаков Д.С., Бексеитов Ғ.Т. Қазақстанның тас дәуірі археологиясы: теориясы, зерттеу әдістері мен нәтижелері (монография). Алматы: Қазақ университеті, 2017. 146 б.

Зайберт В.Ф., Хазбулатов А.Р., Оутрам Алан, Байгунаков Д.С., Бексеитов Г.Т., Наурызбаева Э.К., Каражигитова А.Е., Ренато Сала, Жан-Марк Деом. Сакральные контексты ботайской культуры. Астана: Казахский научно-исследовательский институт культуры, 2018. 380 с.

Картаева Т.Е., Бексеитов Ғ.Т., Оспанов Е.Б. Су культі. Анықтамалық. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 158 б.

Картаева Т.Е., Бексеитов Ғ.Т. Музей ісі және ескерткіштану терминдер сөздігі. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 351 б.

Картаева Т.Е., Бексеитов Ғ.Т. Экспедиция күнделігі (Батыс Қазақстан өңірі материалдары негізінде). Әдістемелік нұсқаулық. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 68 б.

Калыш А.Б., Исаева А.И., Бексеитов Г.Т. Историческое краеведение Казахстана по археологическим и письменным источникам: учебное пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2019.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛАРЫ

Алимбай Нұрсан. К проблеме совпадения рода и общины у казахов-кочевников (семипоколенная экзогамная структура «ЖЕТИАТА» как община-социум)	3
Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б. Краткое сообщение о результатах раскопок в Курчумском районе ВКО в 2019 г.	20
Дашковский П.К. Исследование двух курганов скифской эпохи в центральной части могильника Чинета-II в Северо-Западном Алтае	24
Кепин Д.В. Развитие археологического музееведения и памятниковедения в Украине	29
Қалыш А.Б. Каракалпаки Казахстана по материалам Всесоюзной переписи населения 1926 года	38
Нуржанов А.А. Научно-исследовательская деятельность Туркестанской археологической экспедиции (ТАЭ)	41

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ ЖӘНЕ ЕУАЗИЯ АРХЕОЛОГИЯСЫ

Мерц И.В., Мерц В.К., Шакенов С.Т. Могильник Сапа – первый памятник афанасьевской культуры в Тарбагатае (первые результаты исследований)	47
Горячев А.А., Сараев В.В., Чернов М.А. Каменный инвентарь поселений эпохи бронзы Жетысу	52
Айтқұл Х.А., Ерсариев А.М., Стамкулова Г.А. Орталық Қазақстанның қола дәуірі тас еңбек құралдары (ҚР МОМ археология қоры негізінде)	63
Бедельбаева М.В. Изображения палиценосцев в наскальном искусстве Казахстана и археологические параллели	71
Каримова Д.О. Племена бронзового века Южного Таджикистана	78
Усманова Э.Р., Алтынбекова Э.К., Крупа Т.Н., Бубновене О.Д., Лукашов В.Н., Лукашова Е.С. Реконструкция костюма как способ представления культурного кода Великой степи в фестивале «Древних технологий и культурных коммуникаций «Desht-Thor» имени Тура Хейердала	83
Константинов Н.А. Перспективы повторного исследования объектов скифского времени Алтая (по материалам работ на Пазырыке)	92
Ямаева Е.Е. Наскальные рисунки в пазырыкской культуре Горного Алтая: к постановке проблемы формирования системы тамговых знаков тюрков	97
Tulegenov T.Zh., Kurbanali J. Funeral features of the saka of southeastern Zhetysu on the example of the Ornek burial ground	101
Сиздиқов Б.С., Жетібаев К.М., Гурсой М., Бахтыбаев М.М. Мыңтөбе қорымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі	105
Утубаев Ж.Р., Торезанова Н.Ж., Суюндикова М.К., Майданбекова М.М. Новые памятники Чирикватского оазиса	113
Утубаев Ж.Р., Шағирбаев М.С. Құланның рудимент сүйегінен істелген ілмек туралы	118
Бисембаев А.А., Хаванский А.И., Уразова А.Б., Жанұзақ Р.Ж. Елек өзенінің орта ағысында орналасқан ерте көшпенділер ескерткіштерінің зерттелуі (нәтижелері мен перспективалары)	123
Бисембаев А.А., Қуандық С.Р., Сарсенов Ш. Курган раннего железного века Бирлик I	129
Бисембаев А.А., Байымбетова Н., Болатова Г. Погребальный обряд сарматов Западного Казахстана (история исследований, некоторые аспекты, общая характеристика)	134
Мякишева О.А. Комплекс снаряжения средневекового кочевника из Восточного Казахстана (материалы археологического фонда ЦГМ РК)	140
Касенова А.Д. Первые источники об изваяниях Сарыарки в работах путешественников и ученых XIX – первой половины XX в.	147
Есбай С. Оғыз тайпаларының этникалық тарихы: тарихнамалық талдау	152
Тажекеев А.А., Алибай Б.Е. Керамический материал с городищ Сортобе 1 и 2 за полевой сезон 2019 г.	159
Бермаханова А.Б., Бегалиев О.Ж. Қошқар бейнесінің культтік мәні	164
	166

Жүнісханов А.С. Моңғол кезеңі бойынша Семейдің Ертіс өңірінен табылған жаңа археологиялық деректер	168
Арынов Қ.С., Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С., Жетібаев К.М. 2019 жылы Сығанақ қалашығында жүргізілген археологиялық зерттеулер	177
Айтқұл Х.А. Средневековые города Великой степи	
Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С. 2019 жылы Жетісу өлкесіндегі ортағасырлық ескерткіштерге (төрткүлдерге) жүргізілген зерттеу жұмыстары	181
Елеуов М., Талеев Д., Есенов С., Молдахмет А. Ежелгі Күлтөбе қаласы мен Мыңтөбе қорымында 2017-2018 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары	195
Талеев Д.Ә., Ержигитова А., Шағырбаев М.С. Ежелгі Сауран (Қаратөбе) қаласының остеологиялық материалдары	201 209
Ахмедов Ж.З. Ахсикент – уникальный памятник Ферганской долины	211
Бахтыбаев М.М. Қазалы уезінің археологиялық ескерткіштерінің зерттелуі	
Петров П.Н., Белтенев Ж.М. Важные особенности монетного дела и денежного обращения Параба в правление чагатаидского хана Тармаширина	217
Джафарова Э.Б. Истоки археологических исследований в Азербайджане (по данным «Общества обследования и изучения Азербайджана»)	221
Амиров Е.Ш., Ихсанова Ж.Ы., Сейткалиев М.К. Проблемы типологии и пространственного распределения историко-культурного наследия Казахстана (статистический обзор)	225

ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Mustafa Aksoy. Yesevi Türbesi'nin Yurt (Boz Üy, Keçe Çadır) Geleneğiyle İlişkisi	229
Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Ақтөбе облысы мешіттерінің ерекшеліктері: 2019 жылғы Батыс Қазақстан кешенді этноархеологиялық экспедициясының кейбір нәтижелерінен	233
Калыш А.Б., Тәлім А.Т. Қарақалпақтардың келін түсіру салты	241
Арынова Д.С. Құстың образы бейнеленген музей жәдірлері жайлы зерттеу	244
Атыгаев Н.А. О некоторых символах власти (трон и корона: от Монгольской империи к Казахскому ханству)	247
Ахметжан Қ.С. Қабанбай батырдың шарайнасы	261
Батырева К. Традиционный костюм как ресурс развития экологического дизайна	269
Воронин Д.В. Историко-культурные процессы в Казахстане в конце XIX-первой половине 1930-х гг.	272
Ерболатов Қ.С. Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақталған зергерлік бұйымдар топтамасы	282
Бергенова А.Ж. Казахская традиция почитания святых (аулие)	290
Бергенова А.Ж. Праздничная исламская обрядность	293
Ескекбаев Д. Қазақ және башқұрт халықтарының тарихи этнографиялық байланыстары	296
Зәкіржанқызы Г. Шыңжаң өлкесі Текес ауданындағы жер аттарының мәдени мәні туралы	301
Кадир Шахин. Исторические взгляды на название и значение «Сырдарьи»	303
Медведев В.В. Этнологический мониторинг студенчества: идентичности и практики современности	307
Муканова Г.К. История культуры и Великая степь: междисциплинарный принцип фарабиеведения	313
Нургожина Б.Е. Ювелирное искусство Казахстана. Полудрагоценный камень как апотропейный элемент	317
Тохтабаева Ш.Ж., Сагандыкова Н.Ж., Каримова Р.У. Интерпретация этиологии культурных параллелей	320
Тұрсынтайқызы А. Іле өңіріндегі жер аттары туралы	326
Тұяқбаев М.Қ. Қаратаудың күнгей бетінің топонимиясы	328
Шәйкен Ж.А. Қазақтың дәстүрлі тұрғын үй құрылысы хақында	334
Уәли Н. Дала малшылығының эко-биотехнологиялық кейбір қырлары	339
Уәли Н. «Аттың сыны» Абайды қайта оқығанда	345
Ахметжан Қ.С. Көшпелі қазақ қоғамындағы сауға институтының ерекшеліктері	349
Шойбеков Р.Н. Келін түсіруге байланысты салт-дәстүрлер	355

Шойбеков Р.Н. Көзге және көз тиюге байланысты байырғы ұғым-түсініктер 367

МУЗЕЙ ІСІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА

Агелеуова С.Е. Современные формы и направления рекламно-информационной работы (из опыта Центрального государственного музея Республики Казахстан)	367
Асылбеков К.М. Цифровая 3D модель экспонатов с разрешением текстуры 8K: Опыт Национального Музея РК	370
Ашимова Ү.Ә. Ғылыми-қор жұмысы: қор жинақтау және есепке алу (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейі тәжірибесінен)	375
Әлімбаев Нұрсан. «Отбасымен музейге» жалпы республикалық акциясының тұжырымдамасы (Алматы, 2019 ж.)	380
Әлімбаев Нұрсан. «Қазіргі отандық музей: жаңа тәсілдер мен өзекті іс-тәжірибелер» атты семинар-тренингтің тұжырымдамасы (ҚР МОМ тәжірибесінен) (Алматы, 2020 ж.)	397
Әлішев С.Ә. Қазалы ауданында орналасқан Қожаназар ишан мешіті	403
Батырева С.Г. Прикладное искусство калмыков: по материалам музейных коллекций России	405
Жанысбекова Э.Т., Оразбаева Х. Тюркская и славянская интерпретация образов-архетипов волка и собаки (на примере рассказа Б. Джилкибаева «Синий волк»)	410
Жунусова М.К. Практические методы оцифровки экспонатов в Центральном государственном музее республики Казахстан	419
Кистаубаева А.К. Изучение мемориальных комплексов Амре Кашаубаева и Дины Нурпейсовой (на основе фондов Центрального государственного музея РК)	422
Кущенко А.В. Культурно-образовательные программы Центрального государственного музея Республики Казахстан: формы, методы, приемы работы с посетителями	427
Мусаханова М.З. Новые подходы в обучении музейного дела (из опыта преподавания)	435
Расулов М.Ф. Отношение к памятникам истории и культуры Узбекистана в 80-годах XX века	441
Темиртон Г. Казахская музыкальная традиция в культурно-историческом измерении	448
Тілеуқабыл Ж.Ж. Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейінің құрылу тарихынан	457
Үркінбаева А.Ж. Археологиялық қазбадан табылған тас және қола моншақтар жайлы зерттеу	461
Юнусов М.А. Из истории комплектования фондов Самаркандского музея по культуре и искусству в 50–70 годах XX века	464

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ

Абилхамит Ж.А. Одонтологические исследования особенностей зубов у лиц различных национальностей и казахов	471
Алтаев М. Ортағасырлық Қастек қаласының керамикасы	474
Жумабаев Н.Ж. История антропологического изучения населения территории Казахстана до 1960 года	479
Калдыбаева Г.А. Знаковая функция средневекового орнамента	483
Каримолдақызы Г., Киембаева З. Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі тарихы	486
Қанибаев Н.Т. «Қорқыт ата» мемориалды музейі кешенінің құрылу тарихынан	489
Қызырханов М. Ерте сақ кезеңіндегі оба маңы құрылыстарының ерекшеліктері	493
Оразай А. А.Н. Бернштамның оңтүстік-шығыс Қазақстанның ортағасырлық ескерткіштерін зерттеуге қосқан үлесі	496
Тауасарова Д.Р. Музей – киелі мекен	499
Федорук А.Н. К вопросу о появлении первых городов на территории Казахстана: проблема критериев выделения	502

ХАБАРЛАР

Талеев Д.Ә. Қазақстан археологиясының заңғары	505
	512

Нуржанов А.А. К.М. Байпаков – исследователь степной цивилизации (к 80-летию со дня рождения)	516
Бураев А.И., Нолев Е.В. Памяти выдающегося исследователя археологии Центральной Азии Сергея Владимировича Данилова (к 70-летию со дня рождения)	521
Омаров Ғ.Қ. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Бибизия Кенжебекқызы Қалшабаева – 60 жаста!	
Байгунаков Д.С., Заурбекова Б.С. Ежелгі дәуірлер зерттеушісі – Ғалымжан Бексеитов (50 жылдығына орай)	522

Ғылыми басылым

**«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-
МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЗЕРТТЕУ, ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
«ХІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

17–18 сәуір, 2020 жыл

ИБ № 13777

Басуға 02.09.2020 жылы қол қойылды. Формат 60x84 1/8.

Көлемі 44,0 б. т. Тапсырыс №11239. Таралымы 30 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.